

Том 4

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

4 ТОМ

1898 — апрель 1901

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1974

3 К 2
Л 40

Л $\frac{0112-179}{\text{М } 401(07)-74}$ 6—73

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалар толық жинағының төртінші томына оның 1898 жылдың басынан 1901 жылдың апреліне дейін жазған шығармалары кірді. Бұлардың көпшілігі Сибирьде айдауда жүргенде, ал қалғаны Псковта және шетелде «Искра» газетін ұйымдастыру кезеңінде жазылған. Бұл жылдарда В. И. Ленин жаңа түрпатты пролетарлық партияны құру, партия программасының негіздерін жасау жолында қажымай-талмай жұмыс істеді, россиялық және халықаралық ревизионизмге қарсы күрес жүргізді.

Осы кезеңдегі басты еңбегін — «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын жаза жүріп, Ленин өзінің Россия экономикасының даму жолдары туралы еңбегінің тақырыбына байланысты мәселелер жөнінде «Научное Обозрение» және «Жизнь» прогрестік жария журналдарында жария марксистер П. Б. Струвеге, М. И. Туган-Барановскийге, С. Н. Булгаковқа, П. Нежданровқа қарсы жазған мақалаларын бастырды. Бұл айтыс саяси экономияның теориялық мәселелері жөнінде жүргізілді және Ленин өз қызметінің петербургтік кезеңінде ревизионизмге қарсы бастаған күрестің жалғасы болды.

«Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка», «Тағы да орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде» және «П. Нежданов мырзаға жауап» деген мақалаларында Ленин маркстік саяси экономияны П. Б. Струвенің, М. И. Туган-Барановскийдің және капитализмнің басқа да апологеттерінің бұрмалауынан

қорғайды, «капитализмнің тарихи прогресшілдігін... мойындауға жеткізбей қоймайды... бірақ бұл арқылы капитализмнің тарихи өткінші сипаты бүркемеленбейтіні былай тұрсып, қайта оны айқындай түседі» — дейтін орналастыру теориясының маркстік ұғымын қалпына келтіреді (осы том, 87-бет). Ленин революциялық марксизм капитализмнің апологеттеріне қарсы, солардың позициясында тұрған «жария марксистерге» қарсы күрестің ең күшті қаруы екенін көрсетеді.

«Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» деген тақырыппен жазылған екі мақала аграрлық мәселедегі «Маркстің сыншыларына» қарсы бағытталған Лениннің тұңғыш еңбегі болып табылады. Ленин осы мақалаларында Каутскийдің аграрлық еңбектерін сынағансыған және К. Маркстің аграрлық мәселелер жөніндегі негізгі қағидаларына ревизия жасаған «жария марксист» С. Н. Булгаковты әшкерелейді.

Ленин капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының «өміршеңдігі» туралы Булгаковтың пайымдаулары негізсіз екенін көрсетеді, егіншілікте ұсақ өндірістен ірі өндірістің артықшылығын, шаруалардың — ұсақ өндірушілердің — күйзеліске ұшырауы күшейе түсіп отырғанын, капитализм тұсында еңбекші шаруалар лажсыз жағдайда болатынын атап айтады.

Кейінірек, «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» (1901 және 1907) деген еңбегінде, Ленин капиталистік аграрлық тәртіптерді ашықтап-ашық қорғаған және мадақтаған С. Булгаковтың, В. Черновтың, Э. Давидтің және Ф. Герцтің ревизионистік көзқарастарын өлтіре сынайды.

«Жария марксистерге» қарсы күрес жүргізумен бірге, Ленин либерал халықшылдардың Россияның экономикасын дамытудың капиталистік емес жолы туралы концепцияны негіздеу мақсатымен, Россия өнеркәсібінің дамуы жөніндегі мәліметтерді тағы да бұрмалап отырғанын әшкерелейді. «Біздегі фабрика-завод статистикасы туралы мәселе жөнінде. Проф. Карышевтің статистика жөніндегі жаңа ерлігі» деген мақаласында, Россияның экономикасын зерттеуде маркстік әдісті шебер

қолдана отырып, Ленин фабрикалар мен заводтар санының кемуі туралы, олардағы жұмысшылар санының азаюы туралы халықшыл Н. А. Карышевтің қорытындылары методологиялық өрескел қателердің нәтижесі екенін дәлелдейді. Н. А. Карышев пайдаланған статистикалық материалды талдай келіп, Ленин өнеркәсіптің заңды өсуін, ал онымен бірге Россияда жұмысшы табының сан жағынан өсуін мейлінше нанымды түрде көрсетеді.

1899 жылдың екінші жартысынан былай ревизионизмге қарсы күрес кеңейе түсіп, айрықша қызу сипат алады. Э. Бернштейннің герман социал-демократиялық баспасөзінде шыққан, марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасаған мақалалары II Интернационалдың барлық партияларындағы ревизионистердің туына айналды.

Россия социал-демократиясы ыдырау, құлдырау және ауытқу дәуірін бастан кешіруде болды. РСДРП-ның бірінші съезі (март, 1898) партияның құрылғанын жариялады, алайда бірыңғай, орталықтанған біртұтас партия әлі құрылған жоқ еді.

Орыс социал-демократиясының ішінде пайда болған оппортунистік, ревизионистік «экономистер» тобы бернштейншілдік идеяларды жақтады, тек экономикалық күреспен ғана қанағаттануға шақырды, Россияда маркстік революциялық пролетарлық партия құру қажеттігін теріске шығарды. Осындай жағдайда Ленин орыс революцияшыл марксистерінің алдына жалпы алғанда жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге және, әсіресе, халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретіндегі «экономизмге» үзілді-кесілді тойтарыс беру міндетін қояды.

1899 жылы июньнің ортасында Шушенскоеде болған кезінде, Ленин «Питерде марксизмге қарсы реакция басталғанын» еситеді; бір айдан соң «экономистердің» «Манифесі» — «Credo»-ны, одан кейін Э. Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітабын алады; Бернштейн бұл кітабында Маркстің теориясына ревизия жасап, Россияда әрекет істейтін социал-демократтардың, көп-

шілігі болмаған күнде, едәуір бөлегі менің көзқарасыма батыл қосылып отыр-мыс деп мәлімдеген-ді; сентябрьде «Рабочая Мысльдің» 7-номеріне «Жеке қосымша» басылып шығады, онда орыс жұмысшы қозғалысының міндеттері стачкалармен және жария қоғамдармен ғана шектеледі; ақырында, Ленинге РСДРП Киев комитетінің 1899 жылы көктемде пайда болған «Profession de foi» дейтін, «экономизмді» ашықтан-ашық насихаттаған документін жібереді.

Ленин бұл ревизионистік, оппортунистік документтердің бәрін қатты сынға алды. Оппортунизмге қарсы күресте Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығы» — революцияшыл марксистердің ревизионизмге қарсы тұңғыш коллективтік документі зор роль атқарды, бұл документ россиялық «экономистерге» ғана емес, сонымен бірге батыс европалық бернштейншілдерге де соққы берді. «Наразылықта» Ленин орыс социал-демократтарын «Credo»-да айтылған идеялардың барлығына түгелдей батыл күрес жариялауға, сөйтіп революциялық марксизмді қорғауға шақырды.

Ленин бернштейншілдік дегеніміз «марксизм теориясын тарылту әрекеті, революциялық жұмысшы партиясын реформаторлық партияға айналдыру әрекеті болып табылатынын» (182-бет) көрсетіп берді және осы оппортунистік идеяларды Россияға әкелуге батыл қарсы шығуға шақырды. Ленин «экономистердің» «марксизмнің дағдарысы» туралы және Батыстағы жұмысшы партияларының практикалық қызметін түбегейлі өзгерту қажет екендігі туралы пайымдауларының жалғандық сипатын ашып берді. «Credo»-ның жұмысшы табы күресінің саяси және экономикалық формаларын бір-бірінен бөліп тастауға тырысуын Ленин марксизмнен көрінеу шегінушілік деп сипаттады; ол пролетариаттың бірыңғай таптық күресі саяси және экономикалық күресті біріктіруге тиіс деп көрсетті. Ленин барлық елдер пролетариатының алдында тұрған дербес саяси жұмысшы партияларын құру міндетінің маңыздылығын, олардың басты мақсаты пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алып, социалистік қоғам құру болып табылатынын баса айтты.

Ленин «Credo» авторларының «қорытындылары» Россия жағдайында ешбір сынды көтермейтінін, орыс жұмысшы табының саяси міндеттерін, дербес саяси жұмысшы партиясын құру қажеттігін жоққа шығаруы орыс жұмысшы табының тарихи ролі мен орыс социал-демократиясының көкейтесті міндеттерін олардың түсінбейтінінің айғағы екенін көрсетіп берді. Россияның жұмысшы табы экономикалық күреспен ғана шектелсін, ал «либералдық-оппозициялық элементтер» марксистердің «қатысуымен» «праволық формалар» үшін күресін дегенге барып саятын «Credo»-ның программасын жүзеге асыру орыс социал-демократиясының өзін өзі саяси мерт қылуымен тең болар еді, орыс жұмысшы қозғалысына аса үлкен кедергі жасап, оның маңызын төмендетумен тең болар еді деп жазды Ленин.

«Наразылықта» орыс социал-демократиясының міндеттері айқын тұжырымдалды. Россия жұмысшы табының ең таяудағы міндеті абсолютизмді құлату болып табылатынын көрсете келіп, Ленин социал-демократия демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болып шығуы керек, ортақ жауға қарсы күресте тегеурін көрсету үшін өз төңірегіне барлық демократиялық элементтерді топтастыруға тиіс деп жазды. Ленин «экономизмді» талқандау Россияда революциялық социал-демократиялық партияны құрудың және нығайтудың қажетті шарты деп есептеді.

«Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында Ленин «Рабочая Мысль» газетінің редакциясындағы «экономистер» орыс социал-демократиясының қазірдің өзінде қолы жеткен теориялық және саяси даму сатысынан бір адым кейін шегініп отырғанын көрсетіп берді. Россия жұмысшылары қазірдің өзінде саяси күрес жолына түскенін, социал-демократиялық партияның іргесін қалағанын, Россияда социализмнің жұмысшы қозғалысымен бірігуі қазірдің өзінде жүзеге аса бастағанын,— осы фактіні елеусіз қалдырып, «экономистер» жұмысшы қозғалысының тред-юнионизм позициясына шегінуін талап етті, революциялық жұмысшы табы партиясының басшылығымен пролетариаттың самодержавиені құлату жолында

күрес жүргізу жөніндегі бірінші кезектегі міндетін жоққа шығарды.

«Рабочая Мысльдің» редакциясы социализмге тек бейбіт жолмен жетуді жариялап, бұл арқылы социализмді буржуазиялық либерализмге апарып сая отырып, тап күресінің маркстік ұғымын бұрмалады, социализм үшін революциялық күрес жүргізуді бекерге шығарды. «Жұмысшы табы,— деп жазды Ленин,— әрине, өкіметті өз қолына *бейбіт* жолмен алуды қалар еді, ...бірақ өкіметті революциялық жолмен қолға алудан *бас тарту* пролетариат үшін теориялық жағынан да, практикалық-саяси жағынан да *ақылсыздық* болар еді және буржуазия... алдында масқаралықпен кейін шегінгендік болар еді» (286-бет). Ленин «Рабочая Мысльдің» алдыңғы қатарлы емес, артта қалған, санасыз жұмысшыларға теңелуін ашу-ызамен серпіп тастады. «Тек өз атыңыздан... ғана сөйлеңіз... алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары атынан сөйлеуші болмаңыз!»,— деп ол «экономистерді» өлтіре түйреді (270-бет).

Ленин бастаған Россияның революцияшыл марксистері, «экономистердің» үгіттегеніндей, буржуазиялық «қоғамға» (либералдарға) емес, алдыңғы қатарлы жұмысшыларға үміт артты. «Оқыған жұртшылық тарапынан әділ, астыртын әдебиетке деген ықылас азайып отырған сәтте, жұмысшылар арасында білімге және социализмге құштарлық барынша артып отыр, жұмысшылардың арасынан нағыз ерлер шығып жатыр, бұлар — өзінің күйкі тіршілігінің сүреңсіздік жағдайына қарамастан, фабрикалардағы адамды топас ететін каторгалық жұмысқа қарамастан,— оқыған үстіне оқи түсуге және өзінен саналы социал-демократтарды, «жұмысшы интеллигенциясын» тәрбиелеп шығаруға жетерліктей қажырлылық пен жігерді өз бойынан тауып отыр»,— деп жазды Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында (291—292-беттер). Ленин самодержавие мен капитализмге қарсы жойқын шабуылға халық бұқарасын бастайтын партияның болашақ басшыларын осы алдыңғы қатарлы жұмысшылардан тәрбиеледі.

Лениннің ««Profession de foi» жөнінде» деген мақа-

ласы да «экономизмге» қарсы нақ осындай ызалы наразылықпен жазылған. Ленин бұл мақаласында россиялық оппортунистердің орыс жұмысшысының қалың бұқарасы саяси күрес жүргізуге өсіп жетілген жоқ деген мәлімдемесін қатты сынады. Ленин революциялық социал-демократияның басшылық ролін, оның міндеті — жұмысшылардың саяси санасын дамыту, пролетариатты ұйымдастыру, оны саяси қимылдарға және саяси күреске шақыру болып табылатынын атап көрсетеді.

Лениннің 1899 жылдың екінші жартысында — 1900 жылдың басында жазылған еңбектері марксизмді орташа реформашылық дәрежеге дейін бұрмалау, оның өрісін тарылту әрекеттеріне қарсы бағытталды, олар Россия революцияшыл марксистерінің бернштейншілдікке және оның бір түрі «экономизмге» қарсы ымырасыз күрес жүргізетін теориялық қаруы болды.

Бұл күрес Ленин алға қойған тарихи міндетті — Россияда оппортунизмнің, ревизионизмнің, келісімпаздықтың қандай да болсын көрінісімен ымыраға келмейтін революцияшыл маркстік партияны құрудың — өз қатарындағы оппортунистер мен реформистерге төзімділік жасаған II Интернационалдың социал-демократиялық партияларынан өзгеше, жаңа тұрпатты пролетариат партиясын құрудың міндетін шешудің қажетті шарты болды. Революцияшыл марксистердің күшімен Ленин құрмақ болған партия бүкіл халықаралық социалистік жұмысшы қозғалысы үшін үлгі болуға тиісті еді және үлгі болды да.

Төртінші томға В. И. Лениннің партия программасын талдап жасау жұмысын одан әрі жалғастырған шығармалары кіреді. Бұл шығармаларға ең алдымен «Біздің программа» және «Біздің партия программасының жобасы» деген мақалалар жатады. Ленин бұл шығармаларында әрбір социал-демократтың өзінің қай лагерьге жататынын: К. Маркс ілімінің революцияшыл ізбасарларына немесе марксизмнің ең жаңа «сыншыларына» жататынын анықтап алуы қажет екенін көрсетеді. «Біз бүтіндей Маркс теориясының негізіне сүйенеміз»,— деп жазды ол «Біздің программа» деген мақаласында. «Бұл теория революцияшыл социалистік партияның нағыз

міндетін ашып берді: ол міндет... *пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру және пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуын және социалистік қоғам ұйымдастыруды өзінің түпкі мақсаты етіп алға қоятын бұл күреске басшылық ету»* (196, 197-беттер). Ленин маркстік теорияны оны бұрмалауға және нашарлатуға бағытталған әрекеттерден қорғау марксистердің қасиетті борышы екенін көрсетеді. «Барлық социалистерді біріктірерлік, социалистер өздерінің барлық сенімдерін содан аларлық, оны өздерінің күрес тәсілдері мен әрекет әдістеріне қолданарлық революциялық теория болмайынша, берік социалистік партияның болуы мүмкін емес» (198-бет). «Маркстің сыншылары» лагеріндегілердің революцияшыл марксистер догмашылдыққа ұрынып отыр деген демагогтік айыбына Ленин батыл тойтарыс береді, сөйтіп марксизмге творчестволықпен қарау қажеттігін баса айтады. «Біз,— деп жазды Ленин,— Маркстің теориясын тіпті де біржола тұжырылған және қол сұғуға болмайтын бір нәрсе деп тапымаймыз; қайта, біз бұл теорияны... социалистер барлық бағытта одан әрі алға бастыруға *тиісті* ғылымның іргетасын ғана қалады деп білеміз» (198-бет).

Партияның программасын талдап жасау орыс марксистерін орыс және батыс европалық социал-демократтардың бұдан бұрынғы программалық документтерін, ең алдымен «Еңбекті азат ету» тобының программасын және герман социал-демократтарының Эрфурт программасын сын көзімен қарай отырып меңгеруге міндеттеді.

«Еңбекті азат ету» тобының программасын жоғары бағалай келіп, Ленин әйтсе де бұл программа Россияда азды-көпті кең көлемде және дербес дамыған жұмысшы қозғалысын өз көзімен көрмеген шетелдегі бір топ революционерлердің программасы болып табылады деп көрсетті. Келесі адымды жасау қажет болды, Россияның революциялық күреске шығып келе жатқан жұмысшы табына сүйенген, бірқатар орыс ұйымдары негізін қалаған жұмысшы партиясының программасын жасау қажет болды.

Эрфурт программасын зерттеудің нәтижесінде Ленин мынадай қорытындыға келді: бұл программаны пайда-

лану әбден заңды, өйткені Россияда да капитализм дамуының нақ сондай негізгі процестері байқалады, социалистер мен жұмысшы табының негізгі міндеттері де нақ сондай екені байқалады, бірақ бұл пайдалану «ешбір жай көшіре салушылық болмауы тиіс» (238-бет). Программада толық бейнеленуге тиісті Россияның тарихи дамуының ерекшеліктерін елеусіз қалдырудан сақтандыра отырып, Ленин, біріншіден, самодержавиені құлатып, социализм жолында одан әрі күрес жүргізу үшін саяси өкіметті жеңіп алуға тиісті жұмысшы табының саяси міндеттерін программада міндетті түрде белгілеу керек екенін, екіншіден, шаруа мәселесін айрықша қою қажеттігін көрсетіп берді.

Айдауда жүрген кезінде жазған және бірқатар мақалаларында негіздеген программаның жобасын Ленин кейін программаны жасау жолында «Искра» редакциясы одан әрі жұмыс істегенде пайдаланды. 1899 жылғы программаға социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының түпкі мақсаттары жөнінде, бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін ол саяси өкіметті жеңіп алуға тырысатыны жөнінде, қозғалыстың халықаралық сипаты жөнінде аса маңызды нұсқаулар енгізілді.

Ленин социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы туралы мәселені ерекше егжей-тегжейлі зерттеп, шаруалардың революциялық элементтерінің крепостниктік қатынастардың қалдықтарын жою жолындағы күресін қолдау керек, сонымен бірге туып келе жатқан селолық пролетариаттың селолық буржуазияға қарсы күресін қолдау керек деген талап қойды. Лениннің бұл талаптары жұмысшы табы мен шаруалар одағы, революциядағы пролетариаттың гегемондығы идеяларын ілгері дамыту болды.

1899 жылдың аяғында Ленин жұмысшылардың қалың көпшілігіне арналған бірнеше мақала: фабрикалық инспекцияға полицияның міндеті жүктелуіне байланысты «Өнеркәсіп соттары туралы» және «Стачкалар туралы» деген мақалаларды жазумен шұғылданады.

Томға Лениннің бір орталыққа бағынатын, өзінің бірлігімен, тығыз топтасқандығымен және тәртібімен күшті маркстік партияны құру жөніндегі данышпандық

жоспары тұжырымдалған еңбектері енгізілді. Ленин орыс социал-демократтарының ең таяудағы және ең көкейтесті міндеті партия ұйымдарының жұмысындағы бытырандылықты, майдагерлікті жою деп есептеді. Партияның күштерін идеялық және ұйымдық жағынан тығыз топтастырудың аса маңызды құралы, Лениннің пікірінше, жалпы орыстық құпия маркстік газет болуға тиісті еді.

«Біздің таяудағы міндетіміз» және «Көкейтесті мәселе» деген мақалаларында Ленин революцияшыл марксистерді партия органының, демек, партияның өзінің де негізін қалау және оны нығайту ісін дереу қолға алуға шақырды. «Осындай негізде құрылған және қатаң ұйымдастырылған революциялық партия қазіргі Россияда аса ірі саяси күш болады!» — деп жазды Ленин (214-бет).

«Искра» мен «Заря» редакциялары мәлімдемесінің жобасы екі органды: ғылыми-саяси журнал мен жалпы орыстық саяси газетті шығару туралы мәселе шешіліп, орыс марксистері оны мақұлдағаннан кейін Псковта жазылған болатын. 1900 жылдың бірінші жартысында Ленин осы органдарды қаржымен, әдеби материалмен қамтамасыз ету жолында нақты шаралар қолданды, хат-хабарлар жіберу, байланыс орнату, жасырын кездесетін орындар тағайындау, транспортты жолға қою және т. б. туралы россиялық ұйымдардың өкілдерімен сөйлесті.

Құпия саяси газетті шығару жоспарын іске асыру үшін Ленин 1900 жылы июльде Швейцарияға жүріп кетті. Шетелде «Искраны» құру ісін ұйымдастыру кезеңінде Ленин орасан зор қиыншылықтарға кездесті.

««Искра» қалай өше жаздады?» деген жазба «Искра» мен «Заряда» бірлесіп қызмет істеу формалары туралы келіссөздердің барысында Г. В. Плехановпен қатты қақтығыс болғанын көрсетеді. Плеханов редакцияда үстемдік жүргізуге тырысты, ал мұндай жағдайда коллектив болып дұрыс жұмыс істеу мүмкін емес еді. Плеханов жасаған «ультиматумдар жағдайы» «Искраның» шықпай қалу қаупін, демек, газет төңірегіне партия күштерін шоғырландыра алмау қаупін туғызды. Лениннің

табандылығы мен принциптілігі арқасында ғана Плехановпен екі арадағы жанжал шешіліп, «Искраны» Ленин белгілеген жоспарға сәйкес шығару жүзеге асырылды. Оның жігерлілігі, конспираторлық тәжірибесі 1900 жылдың аяғында — 1901 жылдың басында «Искраның» алғашқы номерлерінің шығуын, олардың Россияда ойдағыдай тарауын, хат-хабарлардың көптеп түсуін қамтамасыз етті.

«Искраның» 1-номеріндегі «Біздің қозғалысымыздың көкейтесті міндеттері» деген бас мақалада Ленин партияның міндеттерін, оны құрудың ұйымдық жоспарын белгілеп берді. Осы номерде «Қытай соғысы» деген мақала да басылды, мұнда Ленин Россияның барлық саналы жұмысшыларын Европаның буржуазиялық үкіметтері мен Россияның самодержавиелік үкіметі жүргізіп жатқан Қытайдағы тонаушылық және зорлық-зомбылық жасаудың авантюристік саясатына қарсы шығуға шақырды. «Искраның» 3-номерінде басылған «Жұмысшы партиясы және шаруалар» деген мақала аса маңызды мәселеге — РСДРП-ның аграрлық программасын талдап жасауға арналған. Ленин мұнда қала жұмысшылары мен революцияшыл шаруалар күресі бір арнаға құйған күнде революцияның дамуы мықтап жеделдей түсетінін алдын ала болжап айтты.

Томға «1900 жылғы 29 декабрьдегі жазба» және «Струвемен келісімнің жобасы жөнінде» (бірінші рет басылып отыр) деген документтер енді, бұлар «Искра» редакциясының «демократиялық оппозиция» тобымен (П. Б. Струве және М. И. Туган-Барановский) жүргізген келіссөздеріне байланысты документтер болатын. Бұл келіссөздер 1900 жылғы декабрьде — 1901 жылғы январьда жүргізілген. П. Б. Струве өзінің қолындағы бірқатар әдеби материалдарды «Искра» мен «Заряда» басуды ұсынды, бірақ редакцияда толық тең правода болуды шарт етіп қойды. Ол сонымен бірге «Искрамен» және «Зарямен» қатар шығуға тиісті, бірақ социал-демократиямен ашық байланысы жоқ «Современное Обозрение» деген «Заряның» жалпы саяси қосымшасын шығаруды талап етті. Ленин бұл ұсыныстарды революциялық социал-демократияның органын либералдық

буржуазияның мүдделері үшін пайдалануға тырысқан әрекет ретінде үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Ортақ орган құру туралы бұдан кейінгі келіссөздер Г. В. Плехановтың талап етуімен жүргізілді, алайда «Современное Обозрениені» шығару жүзеге аспады.

Томға енгізілген бірқатар мақалалар Лениннің әшкерелегіш публицистикасының үлгісі болып табылады, ол халықтың қалың бұқарасының санасын ояту жолындағы күресте бұл публицистикаға аса зор маңыз берген болатын. Оның «Заряда» басылған «Кездейсоқ заметкалар» деген жалпы тақырыппен біріктірілген: «Ұрғаныңмен, өлтірмей ұр», «Заманның қияпатын тездетудің керегі не?» және «Объективті статистика» деген мақалалары, сондай-ақ, «Искрада» жариялаған «183 студенттің солдатқа берілуі» деген мақаласы және «Харьковтағы май күндері» деген кітапшаға алғы сөзі, міне, осындай мақалалар болатын.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1900

БІЗДЕГІ ФАБРИКА-ЗАВОД СТАТИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

ПРОФ. КАРЫШЕВТЫҢ СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ ЖАҢА ЕРЛІГІ

Орыстың оқырман жұртшылығы біздегі фабрика-завод статистикамыз туралы және онан туатын басты-басты қорытындылар туралы мәселелерге қатты көңіл бөледі. Бұл мәселе «Россиядағы капитализмнің тағдыры» туралы анағұрлым кең мәселеге байланысты болғандықтан мұндай көңіл қою әбден түсінікті де. Бірақ, амал не, біздің фабрика-завод статистикамыздың зерттелу дәрежесі оның мәліметтеріне деген жалпы мұқтаждыққа еш бір сай келмейді. Экономикалық статистиканың осы тарауының біздегі жайы шынында да тым аянышты, ал онан бетер тағы бір аянышты жері, сірә, осы туралы жазып жүрген адамдар өздерінің қорытып отырған цифрларының сипатын, олардың дұрыс-бұрыстығын және белгілі бір қорытынды жасауға қаншалық жарамды екенін екінің бірінде кісі таңқаларлықтай түсінбейді. Карышев мырзаның жуырда шыққан бір еңбегіне дәл осындай баға беруге тура келеді, оның бұл еңбегі әуелі «Известия Московского Сельскохозяйственного Института» (IV жыл шығуы, 1-кітап) деген кітапта басылып шықты, сонан кейін «Орыс халық шаруашылығы жайындағы материалдар. I. 90-жылдардың ортасындағы біздің фабрика-завод өнеркәсібіміз» (Москва, 1898) деген дардай атпен бөлек кітапша болып та басылып шықты. Карышев мырза бұл еңбегінде біздің фабрика-завод өнеркәсібіміз туралы сауда және мануфактура департаментінің таяуда шығарған басылымынан қоры-

тынды жасамақшы болады *. Біз Карышев мырзаның қорытындыларын да, сонымен қатар әсіресе оның қолданған тәсілдерін де толық талдап өтпекшіміз. Біздіңше, пәлендей профессор мырзаның материалды қалай өңдейтінін білу үшін ғана емес (бұл үшін рецензияда бірнеше жол айта кетсе де жетер еді), сонымен қатар біздің фабрика-завод статистикамыздың мәліметтері қаншалық дұрыс екенін, олар қандай қорытындылар шығаруға жарайтынын, қандай қорытындылар шығаруға жарамайтынын, біздің фабрика-завод статистикамыздың ең басты-басты мұқтажы қандай екенін және оны зерттеуші адамдардың міндеттері қандай екенін білу үшін де мұндай талдаудың маңызы бар сияқты.

Карышев мырза пайдаланған деректе 1894/95 жылы империяда болған фабрикалар мен заводтардың тізімі бар екені атынан да көрініп тұр. Барлық фабрикалар мен заводтардың (яғни *біршама* ірі-ірі деп есептелген өнеркәсіп орындарының,— бірақ қайсысын ірілерге жатқызуды әркім әрқилы түсінетін өнеркәсіп орындарының) толық тізімінің басылып шығуы біздің әдебиетімізде жаңалық емес. Орлов пен Будагов мырзалар «Фабрикалар мен заводтар көрсеткішін» 1881 жылдың өзінде-ақ құрастырған болатын, оның соңғы (3-ші) басылуы 1894 жылы шықты. Мұнан да ертерек, сонау 1869 жылы, «Финанс Министрлігі Әржылдығының» 1-кітабында өнеркәсіп жайындағы статистика ведомостарының ескертулерінде фабрикалар тізімі басылған болатын. Осы басылымдардың барлығына материал болған нәрсе фабриканттар мен заводшылардың, заң бойынша, жылма-жыл министрлікке беріп отыруға міндетті ведомостары еді. Сауда және мануфактура департаменті шығарған жаңа кітаптың бұл тәрізді бұрынғы басылымдардан мәліметтерінің бірсыпыра көптігі жағынан айырмасы болғанмен, сонымен қатар бұрынғы басылымдарда болмаған және осы жаңа кітапты фабрика-завод статистикасының материалы ретінде пайдалануды барынша қиындататын орасан зор кемшіліктері де бар.

* «Финанс министрлігі. Сауда және мануфактура департаменті. Россияның фабрика-завод өнеркәсібі. *Фабрикалар мен заводтар тізімі»*. СПБ. 1897. 63+VI+1047-беттер.

«Тізімге» арналған кіріспеде бұрын бұл статистиканың жайы қанағаттанғысыз болғаны атап айтылады, сөйтіп мұны басып шығаруда оның тек анықтама кітап қана емес, нақ статистика материалы болу мақсаты көзделгені атап көрсетіледі. Бірақ статистикалық басылым ретінде бұл «Тізімде» ешбір жиынтық, қорытынды цифрлардың мүлде болмауы кісіні таңқалдырады. Бұл сияқты кітап өз тұрғысында бірінші кітап болғанмен, қорытындылары жоқ статистикалық басылымдардың ең соңғысы болар деп үміт етеміз. Ал енді анықтама кітабы болу үшін ондағы қаптаған цифрлар түріндегі толып жатқан шикі материалдар мүлде қажеті жоқ артық жүк болып отыр. Фабриканттардың министрлікке тапсырып келген бұрынғы ведомостарын «Тізімдегі» кіріспе қатты сынайды, ол ведомостар «керек десе шығарылған товарлардың санын да дәл анықтауға жарамайтын, жылдан-жылға қайталап көрсетілетін, бәз-баяғы бір шатысқан мәліметтерді келтіреді. Ал оның бер жағында өндірістер туралы мүмкіндігінше толық, дұрыс мәліметтер өте-мөте қажет болып отыр» (1-бет) дейді. Біз, әрине, өзіміздің фабрика-завод статистикамыздың мүлде ескірген, құрылымы жағынан да, сапасы жағынан да реформаға дейінгі сипатта қалған ескі жүйесін ешбір қорғамаймыз. Бірақ, амал не, күні бүгінге дейін оның жайы жақсарғаны *байқалмайды десе де болады.* Жуырда ғана басылып шыққан көлемді «Тізім» сол ескірген, жұрттың бәрі жарамсыз деп тапқан жүйеде қандай да болсын елеулі бір өзгеріс бола қалды деуімізге әлі де болса право бермейді. Ведомостар «керек десе шығарылған товарлардың санын да дәл анықтауға жарамайды»... Ал, мына ең жаңа деген «Тізімде» товарлардың саны туралы ешқандай да мәлімет жоқ, қайта оның қасында, мысалы, Орлов мырзаның «Көрсеткіші» көптеген дерлік фабрикалар бойынша, кейбір өндірістер бойынша тіпті барлық фабрикалар жөнінде дерлік осындай мәліметтер келтірген болатын, айта берсеңіз, жиынтық кестесінің өзінде де өнімнің саны туралы мәлімет бар (былғары, арақ-шарап, кірпіш, жарма, ұн тарту, балауыз, тоңмай қайнату, зығыр түту, сыра ашыту өндірістері). Ал «Көрсеткіштің» материалы нақ осы

ескі ведомостардан құралған-ды. «Тізімде» іс атқарушы механизмдер жайында ешбір мәлімет жоқ, ал «Көрсеткіште» кейбір өндірістер жөнінде осындай мәліметтер келтірілген болатын. «Кіріспе» біздің фабрика-завод статистикамызда болған өзгерісті былай суреттейді: бұрын фабриканттар мәліметтерді «қысқа ғана, жете айқын емес программа» бойынша полиция арқылы беретін, сөйтіп ол мәліметтерді ешкім тексермейтін. «Бұл алынған материалға сүйеніп азды-көпті болса да ешқандай дәл қорытындылар шығаруға болмаушы еді» (1-бет). Енді жаңа, анағұрлым толық программа жасалып отыр, ал фабрикалар мен заводтар туралы статистика мәліметтерін жинау және оны тексеру ісі фабрика инспекторларына жүктелді. Ә дегенде енді шынында да біздің жарамды мәліметтер күтуге хақымыз бар деп ойлауымызға болатын сияқты, өйткені дұрыс программаның болуы және мәліметтердің тексерілуін қамтамасыз ету ойдағыдай жүргізілетін статистиканың ең маңызды екі шарты болып табылады. Ал шынына келетін болсақ, бұл екі шарттың екеуі де күні бүгінге дейін сол бұрынғы күйінде, бәз-баяғы тұрпайы былықпай күйінде қалып қойған. Статистика методологиясы мәліметтердің қалай жиналғаны туралы программаның жариялануын талап ететін болса да, толық программа өзінің түсіндірулерімен бірге «Тізімге» арналған «кіріспеде» басылмаған. «Тізімнің» материалдарын бұдан былай талдаған жерімізде біз фабрика-завод статистикасының *негізгі* программалық мәселелерінің мүлде ашылмай қалғанын көреміз. Мәліметтердің дұрыстығын тексеруге келетін болсақ, онда бұл тексеруді іс жүзінде қолданған адам, атап айтқанда Херсон губерниясында жаңа жүйе бойынша жиналған статистика мәліметтерін талдайтын кітап бастырып шығарған Херсон губерниясының фабрикалық аға инспекторы Микулин мырза бұл жөнінде мынадай пікір айтып отыр:

«Өнеркәсіп орындары иелерінің жіберткен ведомостарында келтірген цифр мәліметтерінің бәрін іс жүзінде тексеріп шығу мүмкін болмады, сондықтан басқа сондай кәсіпорындардың мәліметтеріне қарағанда немесе кәсіпорындарын қарап шыққан кезде алынған мәліметтерімен

терге қарағанда ведомостардың жауаптарында көріне өрескелдік болған реттерде ғана — түзету үшін ол ведомостар кері қайтарылып отырды. *Қалай дегенмен де, әрбір кәсіпорын жөніндегі тізімдерде келтірілген цифр мәліметтерінің дұрыстығына сол мәліметтерді берген адамдар жауапты»* («Херсон губерниясының фабрика-завод және қолөнер өнеркәсібі». Одесса, 1897, алғы сөз. Курсив біздікі). Сонымен, мәліметтердің дәлдігі үшін жауаптылық бұрынғысынша фабриканттардың өздеріне жүктеледі. Фабрика инспекциясы өкілдерінің барлық мәліметтерді тексеріп шыға алмағаны былай тұрсын, керек десе, тіпті оларды бірkелкі етіп, салыстыруға болатындай етіп те жасай алмады (мұны төменде көреміз).

«Тізімнің» және оның материалының барлық кемшіліктерін біз төменде түгендеп айтып береміз. Ал оның негізгі кемшілігі, жоғарыда айтқанымыз сияқты,— қорытындыларының мүлде болмауы («Көрсеткішті» құрастырған жеке адамдар қорытындыларды келтіріп, әрбір басылым сайын оларды кеңейтумен болған). Қолқабысшы тағы екі адамның көмегін пайдаланған Карышев мырза өзінің алдына бұл олқылықтың аздап болса да орнын толтырып, біздің фабрика-завод өнеркәсібіміздің қорытындысын «Тізім» бойынша есептеп шығармақшы болған игілікті ниет қойыпты. Мұнысы өте пайдалы жұмыс, сондықтан оны жүзеге асырғаны үшін барша жұрт оған алғыс айтқан болар еді, бірақ та, егер... егер Карышев мырза, біріншіден, өзінің шығарған қорытындыларының тым болмаса кейбіреулерін толығымен келтірген болса және, екіншіден, материалды пайдаланғанда сын көзімен қарау дегенді ұмытып, қалай болса солай дерлік талғаусыздық жасамаған болса. Материалға дұрыстап зер салмай және оны статистика әдісімен азды-көпті «мұқият» * өңдемей, Карышев мырза «қорытындылар» шығара қоюға асықты, сөйтіп ол, эри-

* «Русские Ведомости» [2] (1898 ж., № 144) рецензентінің пікіріне қарама-қарсы, сірә, Карышев мырза «Тізімнің» цифрларына сын көзімен қарауға қаншалық қабілетсіз болса, бұл рецензент те Карышев мырзаның қорытындыларына сын көзімен қарауға соншалық қабілетсіз болса керек.

не, бірсыпыра толып жатқан рабайсыз қателерге ұшырады, мұнысы әрине, табиғи нәрсе.

Бірінші мәселеден, өнеркәсіп статистикасының негізгі мәселесінен бастайық: «фабрикалар мен заводтарға» қандай кәсіпорындарды жатқызу керек? Карышев мырза бұл сұрақты керек десе қоймайды да; ол «фабрика және завод» дегеніміз әбден айқын нәрсе деп ойлайтын болса керек. «Тізім» жөнінде ол тіпті, әттең, орынды жерінде қолданар ма еді дейтіндей батылдықпен: бұрынғылардай емес, бұл басылым тек *ірі-ірі* фабрикаларды ғана тізбейді, фабрикалардың *бәрін* де қамтиды, дейді. Автордың екі рет қайталап айтқан (23 және 34-беттерде) бұл сөзі *мүлде дұрыс емес.* Шындығына келгенде, осыған дәл керісінше, «Тізім» фабрика-завод статистикасының бұрынғы басылымдарымен салыстырғанда *неғұрлым ірі* кәсіпорындарды ғана есепке алады. Карышев мырзаның мұндай «ұсақ-түйекті» қалайша «байқамай» қалғанын біз қазір түсіндіреміз, бірақ алдымен бір тарихи анықтама келтірейік. 80-жылдардың орта шеніне дейін біздің фабрика-завод статистикамызда фабрика деген ұғымға неғұрлым ірі кәсіпорындарды жатқызатын *ешқандай* анықтамалар және ережелер болған емес. «Фабрикалар мен заводтардың» статистикасына өнеркәсіп (және қолөнер) орындарының бәрі, олардың сан алуан түрлері қосылып кетіп жүрді, мұның өзі, әлбетте, мәліметтерді әбден былықтыратын, өйткені қолда бар күш, құралдармен (яғни дұрыс өнеркәсіп санағы болмаған жағдайда) мұндай кәсіпорындардың бәрін түгел тіркеу мүлде мүмкін емес еді, сондықтан губерниялардың немесе өндірістердің біреулерінде жүздеген, мыңдаған ең ұсақ кәсіпорындар, ал екіншілерінде — неғұрлым ірілеу «фабрикалар» ғана есепке алынды. Солай болғандықтан біздің фабрика-завод статистикамыздың мәліметтерін тұңғыш рет ғылыми жағынан талдап шықпақ болған адамдардың (60-жылдарда) бар назарын осы мәселеге аударуы, сөйтіп аздыкөпті дұрыс мәліметтері бар өндірістерді дұрыс мәліметтері мүлде жоқ өндірістерден ажыратып алуға, ірі болғандықтан қанағаттанарлық мәліметтер алуға болатын кәсіпорындарды ұсақ болғандықтан қанағаттанар-

лық мәліметтер алуға болмайтын кәсіпорындардан айырып алуға бар күштерін жұмсауы табиғи нәрсе. Барлық осы мәселелер жөнінде Бушен *, Бок ** және Тимирязев *** берген нұсқаулардың бағалы екені сонша, егер біздің фабрика-завод статистикамызды құрастырушылар бұл нұсқауларды мұқият қолданып, одан әрі дамытқан болса, онда қазір біздің тәп-тәуір мәліметіміз болуы ықтимал еді. Ал іс жүзінде бұл нұсқаулардың бәрі, әдеттегіше, айдалада босқа қалды, сонымен фабрика-завод статистикасы бұрынғы былықпай күйінде қала берді. 1889 жылдан бастап сауда және мануфактура департаменті «Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі жөніндегі мәліметтер жиынтығын» (1885 жылғы және сонан кейінгі жылдардағы) басып шығара бастады. Бұл кітапта біраз ілгері басқандық бар еді: ұсақ кәсіпорындар, яғни өнімдерінің сомасы 1000 сомға жетпейтін кәсіпорындар шығарылып тасталды. Әлбетте, бұл норма тым төмен және оте дөрекі болды: мәліметтерді полиция арқылы жинаған күнде осындай сомадан жоғары өнімі бар өнеркәсіп орындарының *барлығы түгел* есепке алынады деп ойлаудың өзі де өрескел нәрсе ғой. Бұрынғыша губерниялар мен өндірістердің кейбіреулері 2—5 мың сомдық өнім беретін толып жатқан кәсіпорындарды есепке кіргізе берді, ал екінші бір губерниялар мен өндірістер оларды кіргізбей тастады. Бұлардың мысалдарын төменде көреміз. Ақырында, біздің фабрика-завод статистикамыздың ең жаңа жүйесі «фабрика және завод» деген ұғымды анықтау үшін мүлде басқаша белгі қолданды. Есепке алуға «кем дегенде 15 жұмысшысы бар, сондай-ақ жұмысшысы 15-тен аз болғанымен бу қазаны бар, бу машинасы бар *немесе басқа да механикалық двигательдері мен машиналары бар немесе завод және фабрика жабдықтары бар* барлық өнеркәсіп орындары» (*фабрика инспекциясы-*

* «Финанс министрлігінің Әржылдығы». I кітап. СПБ. 1869.

** «Россия империясының статистикалық уақытнамасы». II серия, 6-кітап. СПБ. 1872. *И. Боктың* редакциясымен өңделген Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібі статистикасына арналған материалдар.

*** «Фабрикалар мен заводтардың аттары көрсетілген тізімі бар Европалық Россиядағы фабрика-завод өнеркәсібінің ең басты тарауларының статистикалық атласы». 3-кітап. СПБ. 1869, 1870 және 1873.

ның «меңгеруінде болғандарының» ішінен) жатады деп танылды *. Біз бұл анықтамаға толық тоқталып өтуге тиіспіз (оның өте-мөте күңгірт жерлерін біз баса көрсеттік), бірақ ең алдымен біз бұл арада белгіленіп отырған «фабрика және завод» деген ұғымның біздегі фабрика-завод статистикасы үшін мүлде жаңалық екенін айта кетеміз: осы күнге дейін «фабрика» деген ұғымды саны пәленбдей жұмысшылары бар немесе бу двигателі және т. б. бар кәсіпорын ретінде шектеу жөнінде ешқандай әрекет істеліп көрген емес. Жалпы айтқанда, «фабрика және завод» деген ұғымға қатаң шек қою сөзсіз қажет нәрсе, бірақ, амал не, жоғарыда келтірілген анықтама тіпті де дәл, айқын емес, тым бұлдыр. Мұнда «фабрика-завод» статистикасында есепке алынуға жататын кәсіпорындардың мынадай белгілері көрсетілген: 1) Кәсіпорынның фабрика инспекциясы меңгеруінде болуы. Бұлай болғанда, сірә, қазынаға, т. б. қарасты кәсіпорындар, тау-кен заводтары және т. т. кірмей қалатын болуы керек. Алайда «Тізімге» көптеген қазына және үкімет фабрикалары кіріп кеткен (Алфавитпен жасалған тізімді қараңыз, 1—2-беттер) және бұлардың барлық губернияларда да есепке алынған-алынбағанын, олар жайындағы мәліметтердің фабрика инспекциясының тексеруіне жатқан-жатпағанын, т. т. біз білмейміз. Тегінде, мынаны айта кетуіміз керек, түрлі өнеркәсіп орындарына иелік ететін түрлі «ведомстволардың» шырмауынан құтылмай тұрғанда, біздегі фабрика-завод статистикасы қанағаттанарлық *бола алмайды:* ведомстволардың шекаралары екінің бірінде қосылып, өзгеріп кетіп отырады; түрлі ведомстволардың тіпті бірыңғай программаны қолдануының өзі еш уақытта бірдей болып шықпайды. Істі дұрыс жолға қою мақсаты барлық өнеркәсіп орындары туралы мәліметтердің бәрінің де бір ғана таза статистика мекемесінде, мәліметтерді жинау және өңдеу тәсілдерінің біркелкі болуын мұқият қадағалап отыратын мекемеде шоғыр-

* Кобеляцкийдегі 1895 ж. 7 июньдегі нұсқау хат («Фабрика инспекциясының әкімдеріне және т. т. арналған анықтама кітабы». 4-басылуы. СПБ. 1897, 35-бет. Курсив біздікі). «Тізімге» арналған «кіріспеде» бұл нұсқау хат көшіріп басылмаған, ал Карышев мырза, «Тізімнің» материалдарын өңдеген кезде, «Тізімнің «фабрикалар мен заводтар» деп нені айтып отырғанын біліп алуға тырыспаған!!

ландыруды талап етеді. Ал әзірге ондай мекеме жоқ болғандықтан, «бөтен ведомстволарға» қараған кәсіпорындарды (әр кезде және түрлі губернияларда) біресе есепке қосып, біресе есептен шығарып тастап жүрген фабрика-завод статистикасының мәліметтерін пайдаланғанда өте сақ болу керек. Мысалы, тау-кен заводтары біздің фабрика-завод статистикамыздан көптен-ақ шығарылып тасталып жүр, бірақ сөйтсе де Орловтың «Көрсеткіші» соңғы басылуының өзінде де бірқатар тау-кен заводтарын (Вятка губерниясындағы рельс өндірісінің, Ижевск және Воткинск заводтарының бәрін дерлік және т. т.) есепке алды, ал бұларды «Тізім» есептемейді, сөйте тұра, ол кейбір басқа губернияларда бұрын «фабрика-завод» статистикасында есепке алынбаған тау-кен заводтарын (мысалы, Елисаветполь губерниясындағы Сименстің мыс қорытатын заводын, 330-бет) есепке алып отыр. «Тізімге» арналған «кіріспенің» VIII бөлімінде: темір жасайтын, шойын қорытатын, шойын және мыс құятын және т. т. (III бет) өндірістер көрсетілген, бірақ тау-кен заводтарының сауда және мануфактура департаменті «ведомствосына қарайтын» заводтардан қалай бөлініп алынғаны мүлде көрсетілмеген. 2) *Өнеркәсіп* орындары ғана есепке алынуға жатады. Бұл белгі алғаш көзге жатық көрінгенмен, онша айқын белгі емес: қолөнер және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын бөлек көрсету әрбір өндіріске қолдануға болатындай толық, мұқият жасалған ережелерді керек етеді. Осылардың жоқтығынан туатын шатыстырулардың көптеген мысалдарын біз төменде көреміз. 3) Кәсіпорындағы жұмысшылар саны 15-тен кем болмауы керек. Бұл есепке кәсіпорында істейтін жұмысшылар ғана кіре ме немесе шетте істейтін жұмысшылар да кіре ме, мұнысы анық емес; бұлардың әрқайсысын бір-бірінен қалай айыру керек (бұл да оңай мәселе емес) екені, көмекші жұмысшыларды есепке алу керек пе, жоқ па және т. т. түсіндірілмеген. Жоғарыда біз цитат келтірген кітабында Микулин мырза осы көмескіліктен туған шатыстырудың мысалдарын келтіреді. «Тізім» жұмысшылары өзінде емес, *тек* шетте *ғана* болатын бірталай кәсіпорындарды көрсетіп отыр. Мәлімет

жинаудың осы күнгі жүйесі тұсында бұл тәрізді кәсіпорындардың *бәрін де* (яғни жұмыс таратып беруші барлық магазиндерді, майдагерлік кәсіпшіліктер деп аталатындарда жұмыс берушілердің бәрін және т. т.) қамтымақ болған әрекеттің тек күлкі келтіретін жағдай екені өзінен-өзі түсінікті, ал кейбір губерниялар мен кейбір өндірістер бойынша алынған там-тұмдаған мәліметтердің ешбір мәні жоқ және олар тек шатыстыра түседі. 4) «Фабрикалар мен заводтарға» бу қазандары мен бу машиналары бар кәсіпорындардың бәрі жатады. Бұл белгі неғұрлым дәл, неғұрлым орынды алынған белгі, өйткені бу күшінің қолданылуы шынында да машиналы ірі индустрияның дамуына тән нәрсе. 5) «Фабрикалар мен заводтардың» қатарына «басқа да» (бу күшін қолданбайтын) «механикалық двигательдері» бар кәсіпорындар жатады. Бұл белгі тіпті де дәл емес және мағынасы тым кең: бұл белгіге сүйеніп, фабрикалардың қатарына сумен, атпен, желмен жүргізілетін, тіпті топчакты [3] двигательдері бар кәсіпорындарды да қосуға болады. Бұл тәрізді кәсіпорындардың бәрін толық есепке алу туралы соз болуы да мүмкін емес, осыдан барып шатыстыру тумай қоймайды, мұның мысалын біз қазір көреміз. 6) «Фабрикалар мен заводтар» қатарына «завод және фабрика жабдықтары» бар кәсіпорындар жатады. Осы соңғы, мүлдем көмескі және әрі-сәрі белгі бұрынғыларының бәрінің мәнін жойып жібереді және мәліметтердің шатысып, салыстыруға келмейтін жағдайға созсіз әкеліп соғады. Түрлі губернияларда бұл анықтаманы жұрт сөзсіз түрліше түсінетін болады, ал оның бер жағында осындай да анықтама бола ма екен? Фабрика немесе завод дегеніміз — фабрика не завод жабдықтары бар кәсіпорындар... Біздің фабрика-завод статистикамыздың ең жаңа жүйесінің соңғы жаңалығы осындай. Бұл статистиканың сондай қанағаттанғысыз болуы да таңырқарлық емес. Кейбір жеке губерниялар мен жеке өндірістерде өте ұсақ кәсіпорындардың қалай есепке алынып жүргенін, бұл кәсіпорындардың фабрика-завод статистикасын шатыстырып жүргенін, өйткені мұндай кәсіпорындардың барлығын бірдей тізіп шығу мүмкін емес екенін көрсету үшін «Тізімнің» *барлық*

бөлімдерінен мысалдар келтірейік. Міне, І бөлімі: «мақта өңдеу». 10—11-беттерден Владимир губерниясының селоларындағы, жұрттың жібі мен кенебін ақы алып бояп беретін (sic! *) бес «фабриканы» кездестіреміз. Өндірілген өнімнің сомасын көрсетудің орнына 10 сомнан (?) 600 сомға дейін деп зат бояп беру ақысы көрсетілген, жұмысшы саны 0-ден (бұлай болуы жұмысшы саны туралы мәліметтердің болмауынан ба әлде *жалдама* жұмысшылардың жоқтығынан ба, мұнысы белгісіз) 3-ке дейін деп көрсетілген. Ешқандай двигательдері жоқ. Мұның өзі — шаруалардың бояуханалары, яғни бір губернияда әлдеқалай есепке алына салған, ал басқа губернияларда, әрине, есепке кіргізілмей тасталған, ең жабайы қолөнер кәсіпорындары. II бөлімнен (жүн өңдеу) тағы сол Владимир губерниясындағы жылына 12—48 сом ақы алып, біреудің жүнін сабап беретін, 0—1 жұмысшысы бар қол «фабрикаларын» табамыз. Міне, бір деревнядағы жібек фабрикасын қараңыз (III бөлім, № 2517), оның 3 жұмысшысы бар, 660 сомдық өнімі бар, жұмысы қолмен істеледі. Міне, тағы да сол Владимир губерниясындағы деревня бояуханалары, олардың 0—3 жұмысшысы бар, жұмысы қолмен істеледі, кенеп өңдеп бергені үшін 150—550 сом ақы алады (IV бөлім, кендір өңдеу, 141-бет). Міне, Пермь губерниясындағы жөке «фабрикасы» (V бөлім), 6 жұмысшысы бар, 921 сомдық өнімі бар, жұмысы қолмен істеледі (№ 3936). Әлбетте, басқа губернияларда да (мысалы, Кострома губерниясында) бұл тәрізді кәсіпорындар аз емес, бірақ олар фабрика есебіне қосылмаған. Баспахана (VI бөлім), 1 жұмысшысы бар, өнімі 300 сом (№ 4167): басқа губернияларда тек ірі баспаханаларды ғана есептеген, ал енді біреулерінде баспаханаларды тіпті есепке алмаған. Ағаш тілетін «завод», 3 жұмысшысы бар, кеспектердің қалақ тақтайларын жасау ақысы 100 сом (VII бөлім, № 6274). Міне металл өңдеу заводы (VIII бөлім), 3 жұмысшысы бар, жұмысы қолмен істеледі, 575 сомдық өнімі бар (№ 8962). IX бөлімінде (минерал өнімдер өңдеу) мүлдем ұсақ кәсіпорын-

* — солай! *Ред.*

дар, әсіресе кірпіш заводтары көп, мысалы, 1 жұмысшысы бар, 48—50 сомдық өнімі бар кірпіш заводы және т. с. бар. Х бөлімде (мал өнімдерін ұқсату) — майшам жасайтын, тері өңдейтін, былғары илейтін және т. т. ұсақ кәсіпорындары бар, жұмыстары қолмен істеледі, 0—1—2 жұмысшысы бар, бірнеше жүз сомдық өнім өндіреді (489, 507 және т. б. беттері). Алайда қолөнершілік сипаттағы ұсақ кәсіпорындар XI бөлімде (тамақ заттарын ұқсату), май шайқайтын, әсіресе ұн тартатын өндірісте бәрінен де көп. Нақты айтқанда, осы соңғы аталған өндірісте «заводтарды» ұсақ кәріпорындардан мұқият ажыратып алу өте-мөте қажет, бірақ күні бүгінге дейін бұлай істелмей келді, сондықтан біздің фабрика-завод статистикамыз бойынша басылымдардың бәрінде де шым-шытырық былықты көресің. Губерниялық статистика комитеттері секретарьлары бірінші съезінің (1870 жылдың май айындағы) * фабрика-завод типтес ұн тарту өнеркәсібінің статистикасын жөнге салмақ болған әрекеті сол күйінде іске аспай қалды, ал содан бері біздегі фабрика-завод статистикасын құрастырушылар өздері басып шығарып отырған мәліметтерінің бүтіндей жарамсыз екені жөнінде тіпті ойлауды қойып кеткен тәрізді. «Тізім» «фабрикалар мен заводтардың» санына, мысалы, 1 жұмысшысы бар, ақысына 0 сомнан 52 сомға дейін төленетін және т. т. бар жел диірмендерін (587, 589 және басқа да көптеген беттер), 1 жұмысшы бар, ақысына 34—80 сом төленетін және т. т. бар бір доңғалақты су диірмендерін (589-бет және басқа да көптеген беттер) қосқан. Әлбетте, мұндай «статистика» тек күлкіңді келтіреді, өйткені мұндай диірмендерді тізумен тағы да бір томды, тіпті әлденеше томдарды толтыруға болар еді, бірақ соның өзінде де оның толық тізімін беру мүмкін болмас еді. Тіпті химия өндірістері бөліміне де (XII) ұсақ кәсіпорындар кіріп кеткен, мысалы, 1—3 жұмысшысы бар, 15—300 сомдық өнім өндіретін деревнядағы смола

* Өнеркәсіп туралы мәліметтерді жинау ережелері жөнінде съездің жасаған жобасы бойынша 10-нан кем диірмен тасы [4] бар диірмендердің бәрі фабрикалар есебінен шығарылып тасталған, бірақ майда ақ ұн тартатын диірмендер шығарылмаған. «Стат. уақытнама». II серия, 6 кітап, кіріспе, XIII бет.

қайнататын кәсіпорындар кірген (995 және т. б. беттер). Мұндай тәсілдерді қолданғанда белгілі «Әскери-статистикалық жинақтың» 1860 жылы берген «статистикасының» жолына түсіп кетуге де болады, бұл статистика Европалық Россияда 3086 смола және қарамай «заводтарының» бар екенін, соның ішінде Архангельск губерниясында 1450 «завод» бар екенін (олардың жұмысшылары 4202, өндіретіні 156 274 сомдық өнім, яғни «завод» басына орта есеппен 3 жұмысшыдан кемірек және 100 сомнан шамалы артығырақ келеді екен) есептеп шыққан еді. Әдейі істегендей, «Тізімнің» осы бөлімінде дәл Архангельск губерниясы болмай қалып отыр: сірә, енді онда шаруалар смола қайнатпайтын, қарамай жасамайтын болса керек! Біздің келтірген мысалдарымыздың бәрінде де 1895 жылғы 7 июньдегі нұсқау хаттың белгілеуіне жатпайтын кәсіпорындардың есепке алынғанын ескерте кетелік. Сондықтан олардың есепке алынуы *кездейсоқ:* кейбір губернияларда (мүмкін кейбір уездерде де) олар есепке кіргізіліп, ал көпшілігінде кіргізілмеген. Бұрынғы статистика бойынша (1885 жылдан бастап) мұндай кәсіпорындар, өнімдерінің сомасы 1000 сомнан төмен болуы себепті есепке алынбай қалған еді.

Фабрика-завод статистикасының осы негізгі мәселесін мүлдем түсініп алмай жатып, Карышев мырза өзінің есептеп шығарған цифрларынан «қорытынды» жасауға ұялмаған. Бұл қорытындыларының біріншісі — Россияда фабрикалардың саны азайып барады (4 және басқа беттер) дейді. Бұл қорытындыны шығару үшін Карышев мырза тым оңай амал тапқан: сауда және мануфактура департаментінің мәліметтері бойынша 1885 жылғы фабрикалардың санын (17 014) алған да, онан Европалық Россияның «Тізімде» көрсетілген фабрикаларының санын (14 578) шығарып тастаған. Бұлардың саны 14,3 процент кеміп кетіп отыр — 1885 жылдың мәліметтерінде акцизге жататын заводтар жоқ екенін елең қылмастан, профессор мырза тіпті процентін де есептеп шығарады; ол акцизге жататын кәсіпорындардың қосылуы фабрикалар санының «азаюын» күшейте түскен болар еді деген ескертумен шектеледі.

Сонымен, автор бұл «кәсіпорындардың азаю процесі» (5-бет) Россияның қай бөлегінде «жеделдеп» отырғанын алып қарауға кіріседі. Шынына келгенде, *ешқандай азаю процесі болып отырған жоқ, Россияда фабрикалардың саны азайып отырған жоқ, қайта көбейіп отыр,* ал Карышев мырзаның ойлап тапқан қорытындысы ғалым профессорымыздың салыстыруға мүлде келмейтін мәліметтерді салыстырғандығынан туып отыр *. Ал бұларды салыстыруға болмайтындығы акцизге жататын заводтар жөнінде 1885 жылы мәлімет әсте болмағандығынан емес. Карышев мырзаның акцизге жататын заводтарды қоса есептейтін цифрларды алуына да болатын еді (тағы да сол сауда және мануфактура департаментінің ведомостары бойынша жасалған Орловтың жоғарыда цитат келтірілген «Көрсеткішінен» алуына да болатын еді), сөйтіп Европалық Россиядағы «фабрикалардың» санын 1879 жыл үшін *27 986,* 1884 жыл үшін *27 235,* 1890 жыл үшін *21 124* деп шығаруына болатын еді, сонда олардың 1894/95 жылға қарай (14 578) «азаюы» анағұрлым күшейе түсер еді. Бірақ мұндағы бар пәле осы сандардың бәрінің де салыстыруға келмейтіндігі, өйткені, 1-ден, фабрика санағы жөніндегі бұрынғы және қазіргі басылымдарда «фабрика» деген ұғым бірдей емес, 2-ден, «фабрикалардың» санына (кейбір губернияларда, кейбір жылдарда) кездейсоқ, қалай болса солай ең ұсақ кәсіпорындар қосылып жүреді, ал біздің статистикамыздың қазіргі мүмкіншіліктері жағдайында оларды толық есепке алам деп ойлаудың өзі де сөлекеттік болар еді. Егерде Карышев мырза, мысалы, «фабрика» жөнінде «Тізімнің» берген анықтамасын түсініп алуға тырысқан болса, онда осы басылымдағы фабрикалардың санын басқа басылымдарда көрсетілген фабрикалардың санымен салыстыру үшін, *15 және онан*

---

* 1889 жылы Карышев мырза 1885 жылғы губернатор мырзалардың ұлыққа бас иіп тапсырған есептерінен алынған мәліметтерді, мындаған ең ұсақ диірмендерді, май шайқайтын кәсіпорындарды, кірпіш, қыш-құмыра, былғары, тері өңдеу кәсіпорындарын және басқа майдагерлік кәсіпорындарды қамтыған мәліметтерді ала салып («Юридический Вестник» [5], № 9), Европалық Россиядағы «фабрикалардың» санын *62 801* деп қорытты! Осы санға қарағанда қазіргі уақытта фабрикалар санының қанша процент «кемігенін» оның неліктен есептеп шығармағанына таңымыз бар.

артық жұмысшысы бар кәсіпорындарды ғана алу керек екендігіне көзі жеткен болар еді, неге десеңіз «Тізім» барлық губерниялар мен барлық өндірістер бойынша *тек осы тәріздес* кәсіпорындарды *ғана* толығынан және ешбір шектеусіз есепке алған. Ал мұндай кәсіпорындар біршама ірі кәсіпорындардың қатарына қосылатын болғандықтан, оларды есепке алу ісі бұрынғы басылымдарда анағұрлым қанағаттанарлық болды. Сөйтіп, салыстырылатын мәліметтерді осылай бірыңғайлап алып, «Көрсеткіш» бойынша 1879 жылы, ал «Тізім» бойынша 1894/95 жылы Европалық Россияда болған 16 * және онан артық жұмысшысы бар фабрикалардың санын есептеп шығарайық. Сонда мынадай сабақ боларлық цифрлар шығады:

Европалық Россиядағы фабрикалар мен заводтардың саны

Деректер	Жылдар	Барлығы	16 және онан артық жұмысшысы барлары	16-дан кем жұмысшысы барлары
„Көрсеткіш" 1-басылуы	1879	27 986**	4 551	23 435
» 3-ші »	1890	21 124	6 013	15 111
«Тізім»	1894/95	14 578	6 659, ал баспаханаларды қоспаганда 6 372	7 919

Сонымен, біршама біртектес, салыстыруға келетін және толық деп тануға болатын сандарды салыстырып шығу *Россияда фабрикалар санының артып отырғанын* және кәдімгідей жедел артып отырғанын көрсетеді: 15—16 жылдың ішінде (1879—1894/95) 4,5 мыңнан 6,4 мыңға дейін, яғни 40 процент артқан (баспаханалар 1879 және 1890 жылдары фабрикалар санына қосылмаған болатын). Ал енді жұмысшылары 16-дан кем кәсіпорындардың санына келетін болсақ, жоғарыда көрсетілген жылдар бойынша оларды салыстыру *өрескел* болар еді, өйткені бұл басылымдардың бәрінде де «фабрика» де-

* Біздің 15 жұмысшысы бар фабрикаларды алмай, 16 жұмысшысы бар фабрикаларды алып отырған себебіміз ішінара мынадан: 16 және онан артық жұмысшысы бар фабрикалардың есебі 1890 ж. «Көрсеткіштің» өзінде-ақ шығарылып қойылған (3-басылуы, X бет) және ішінара мынадан: финанс министрлігінің түсіндірулерінде кейде осы норма алынады (қараңыз: Кобеляцкий, l. с. (loco citato — цитат алынған жерде. *Ред.*). 14-бет).

** Кейбір жетіспейтін мәліметтер шамамен толықтырылған: «Көрсеткіштің» 695-бетін қараңыз.

генге түрліше анықтама берілген, ұсақ кәсіпорындарды есепке алмай тастаудың түрліше жүйесі қолданылған. 1879 жылы ұсақ кәсіпорындардың *ешқайсысы* есептен шығарылып тасталған жоқ; *осыдан барып* ауыл шаруашылығы мен шаруалар кәсіптеріне жанасатын өндірістерде (ұн тартатын, май шайқайтын, кірпіш күйдіретін, былғары илейтін, қыш-құмыра жасайтын және т. т.) соңғы кездердегі басылымдарда шығарылып тасталған толып жатқан ең ұсақ кәсіпорындар есепке кірді. Ал 1890 жылы кейбір ұсақ кәсіпорындар (өнімдері 1000 сомнан кем) есептен шығарылып тасталды; осының себебінен ұсақ «фабрикалар» да кеміп қалды. Ақырында, 1894/95 жылы жұмысшылары 15-ке толмайтын көптеген кәсіпорындар есептен шығарылып тасталды, осының салдарынан ұсақ «фабрикалардың» саны 1890 жылға қарағанда бірден-ақ екі есе дерлік кеміп кетті. 1879 және 1890 жылдардағы фабрикалардың санын тағы бір жолмен салыстыруға болады, ол үшін өнімдері 2 мың сомнан кем емес кәсіпорындарды бөліп алу керек. Әңгіме мынада: «Көрсеткіштің» жоғарыда өзіміз келтірген жиынтықтары барлық есепке алынған кәсіпорындарды қамтиды, ал фабрикалардың *аттары көрсетілген тізімге* «Көрсеткіш» тек 2 мың сомнан кем өнім өндірмейтін кәсіпорындарды ғана енгізді. Ұн тарту өндірісін былай қойғанда, бұл тәрізді кәсіпорындардың санын шамалап болса да салыстыруға болады деп тани аламыз (біздің статистикамыздың қазіргі жағдайында мұндай кәсіпорындардың тізімі еш уақытта толық бола алмайтын болса да). Ал ұн тарту өндірісі бойынша есепке алу «Көрсеткіште» де, сауда және мануфактура департаментінің «Жиынтығында» да түрлі губернияларда, түрлі жылда да мүлде тиіп-қашып жүргізілген. Бір губернияларда «фабрикалар» санына тек бумен жүретін диірмендерді ғана қосады, екіншілерінде — ең ірі су диірмендерін қосады, үшіншілерінде — жүздеген жел диірмендерді есептейді, төртіншілерінде — тіпті ат диірмендері мен топчакты диірмендер де есептеледі және т. с. Өндірілетін өнім сомасына белгілі шек қоюшылық завод типтес диірмендер статистикасындағы былықты жоя алмайды, себебі мұнда өндірілетін өнім сомасының орнына тарты-

латын ұнның мөлшерін есепке алады, ал оның мөлшері екінің бірінде ең ұсақ диірмендердің өзінде де жылына 2 мың пұттан асады. Сондықтан, есепке алу тәсілдерінің біркелкі болмауы салдарынан, фабрика-завод статистикасына ілінетін диірмендердің саны жыл сайын адам айтқысыз құбылып отырады. Мысалы, «Жиынтық» 1889, 1890 және 1891 жылдары Европалық Россияда 5073, 5605 және 5201 диірмен болғанын есептеп шыққан. Воронеж губерниясында жел диірмендерді кездейсоқ есепке кіргізудің салдарынан диірмендер саны 1889 жылы 87 болса, 1890 жылы бірден 285-ке, ал 1892 жылы 483-ке жеткен. Дон облысында диірмендер саны 1887 жылы 59 болса, 1888 жылы 545-ке, 1890 жылы 976-ға тарта көбейді де, ал 1892 жылы 685-ке түсіп қалды (мұның себебі, жел диірмендер біресе есептеліп, біресе есептелмей келді) және т. т. Мұндай мәліметтерді пайдалануға болмайтыны түсінікті. Сондықтан, біз тек бу диірмендерін ғана есепке аламыз да, бұларға басқа өндірістердің 2 мың сомнан кем өнім өндірмейтін кәсіпорындарын қосамыз, сонда Европалық Россиядағы фабрикалардың саны 1879 жылы $11^1/_2$ мыңға жуық, 1890 жылы $15^1/_2$ мыңға * жуық болып шығады. Демек, тағы да Карышев мырзаның айтқаны сияқты *фабрикалар санының* кемімей, қайта *артып* отырғанын көреміз. Россияның фабрика-завод өнеркәсібінде «кәсіпорындардың азаю процесі» туралы Карышев мырзаның теориясы шылғи ертегі болады да шығады, ертегі болғанда, өзі өңдеп шықпақшы болған материалымен оның жете таныс еместігінен туған ертегіден басқа дәнеңе де емес. Карышев мырза Россиядағы фабрикалардың саны туралы тіпті 1889 жылы-ақ айтқан болатын («Юридический Вестник», № 9), айтқанда, губернатор мырзалардың ұлыққа бас иіп тапсырған есептерінен алынған және «Россия бойынша 1884—1885 жылдардағы мәліметтер жинағында» (СПБ. 1887, XXXIX кесте) басылып шық-

* «Тізімнің» мәліметтерінен қажет цифрды шығару мүмкін емес, 1-ден, оның себебі, жұмысшыларының саны 15-тен кем болғандықтан 2 мың сомдық және онан артық өнім өндіретін көптеген кәсіпорындар «Тізімнен» шығарылып тасталған. 2-ден, оның себебі, «Тізім» өнімнің сомасын есептегенде оған акцизді қоспаған (бұрынғы санақтан өзгеше). 3-ден, оның себебі, «Тізім» кей кездерде өнімнің сомасын есептеудің орнына шикі материалдарды өңдеу ақысын есептеген.

қан мүлде жарамсыз цифрларды «Әскери-статистикалық жинақтың» (IV кітабы. СПБ. 1871) өрескел цифрларымен салыстырып айтады, бұл «Әскери-статистикалық жинақ» мыңдаған ең ұсақ қолөнер кәсіпорындар мен майдагерлік кәсіпорындарды, мыңдаған темекі плантацияларын (sic! Бессараб губерниясындағы темекі «фабрикалары» туралы «Әскери-статистикалық жинақтың» 345 және 414-беттерін қараңыз), ауыл шаруашылығындағы мыңдаған диірмендерді, май шайқайтын кәсіпорындарды және т. т. және т. т. «фабрикалардың» санына қосқан. Сөйтіп, «Әскери-статистикалық жинақтың» 1866 жылы Европалық Россияда 70 мыңнан астам «фабрика» болды деп есептеуі ғажап та емес. Ғажап нәрсе кез келген басылып шыққан цифрды ешбір талғамсыз, сын көзімен қарамай, өзінің есебіне негіз етіп ала беретін адамның табыла кетуі ғой *.

Бұл арада сәл кейін оралу қажет болады. Карышев мырза фабрикалар санының азаюы жөніндегі өзінің теориясынан өнеркәсіптің шоғырлану процесі бар деген қорытынды шығарады. Әлбетте, біз оның теориясын қабылдамай тастағанда, оның бұл қорытындысын бекер демейміз. Бірақ Карышев мырза қорытындысын дұрыс дәлелдемеген. Бұл процестің бар екенін дәлелдеу үшін аса ірі кәсіпорындарды бөліп шығару керек. Мысалы, 100 және онан көп жұмысшысы бар кәсіпорындарды алайық. Осындай кәсіпорындардың, ондағы жұмысшылардың санын және өндіретін өнімдерінің сомасын барлық кәсіпорындар жайындағы мәліметтермен салыстырып қарағанда, мынадай кесте шығады: [19-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]

Бұл кестеге қарағанда, өте ірі кәсіпорындардың саны, сондай-ақ ондағы жұмысшылар саны мен өндірілетін өнімнің сомасы көбейе беруде екені байқалады, сөйтіп ресми түрде есепке алынған «фабрикалар мен заводтардағы» барлық жұмысшылар саны мен барлық өндіріле-

* Туган-Барановский мырза фабрика-завод жұмысшыларының саны туралы мәселеге байланысты, «Әскери-статистикалық жинақ» мәліметтерінің мүлдем жарамсыз екенін көрсетіп берді (қараңыз· оның «*Фабрика* және т. т.» деген кітабы. СПБ. 1898, 336 және келесі беттері және «*Мир Божий*» [6] 1898, № 4), ал Н.— он мен Карышев мырзалар оның осындай тура пікіріне жұмған ауыздарын ашпай отыр. Бұларға шынында да үндемей құтылудан басқа түк қалмаған.

Ескертуді қараңыз*	1879 жыл			1890 жыл			1894/95 жыл		
	Саны		Өндіретін өнімдерінің сомасы, мың сом есебімен	Саны		Өндіретін өнімдерінің сомасы, мың сом есебімен	Саны		Өндіретін өнімдерінің сомасы, мың сом есебімен
	Фабрикалар	Жұмысшылар		Фабрикалар	Жұмысшылар		Фабрикалар	Жұмысшылар	
Барлық «фабрикалар мен заводтар»	27 986	763 152	1 148 134	21 124	875 764	1 500 871	14 578	885 555	1 345 346
100 және одан көп жұмысшысы бар кәсіпорындар	1 238	509 643	629 926	1 431	623 146	858 588	1 468	655 670	955 233
Жиынының неше проценті	—	66,8 %	54,8 %	—	71,1 %	57,2%	—	74 %	70,8%

тіп өнімдер сомасында олардың үлес салмағы барған сайын көбейе беріп отырғаны көрінеді. Бізге, бәлки, біреулер былай деуі мүмкін: егер өнеркәсіп шоғырланып келе жатқан болса, онда ірі кәсіпорындар ұсақ кәсіпорындарды ығыстырып, соңғылардың саны азая бермек, демек, барлық кәсіпорындардың да саны азая бермек. Бірақ, 1-ден, осы соңғы қорытынды «фабрикалар мен заводтарға» қатысты емес, *өнеркәсіп орындарының бәріне де қатысты,* ал бұларды сөз қылуға біздің хақымыз жоқ, өйткені бізде өнеркәсіп орындарының аз да болса нанымды және толық статистикасы жоқ. 2-ден, таза теориялық тұрғыдан қарағанда да, дамып келе жатқан капиталистік қоғамда қалайда және әрдайым өнеркәсіп орындарының саны азая беруі тиіс деп a priori ** кесіп айтуға болмайды, өйткені өнеркәсіптің шоғырлану процесімен қатар халықтың егіншіліктен бөліну процесі, шаруалардың жартылай натуралды шаруашылығының

* Сол деректердің өзі. 1879 жылдың кейбір мәліметтері шамамен толықтырылды, мұны жоғарыда айтқанбыз. «Көрсеткіштер» мен «Тізімнің» жалпы мәліметтері салыстыруға келмейді, бірақ біз бұл арада тек жұмысшылардың жалпы саны мен өндірілетін өнімнің жалпы сомасына шаққандағы *проценттерін ғана* салыстырамыз, ал бұл мәліметтер жинақтарда, фабрикалардың жалпы саны туралы мәліметтерге қарағанда, анағұрлым дұрысырақ (мұны төменіректе айтамыз). Ірі кәсіпорындардың есебі осыны жазушы адамның баспаға әзірлеп жатқан «Россиядағы капитализм» туралы деген кітабынан алынды.[7]

** — алдын ала. *Ред.*

ыдырауы салдарынан елдің артта қалған аймақтарында ұсақ өнеркәсіп орындарының өсу процесі және т. т. жүріп жатады *.

Карышев мырзаға қайта оралайық. Нанымдылығы кемірек мәліметтерге (атап айтқанда, «фабрикалар мен заводтардың» саны туралы мәліметтерге) ол бәрінен де артығырақ көңіл бөлетін сияқты. Ол губернияларды «фабрикаларының» санына қарай топқа бөледі, бұл топтарды белгілейтін картограмма жасайды, өндірістердің әрбір бөлімі бойынша «фабрикалары» ең көп губерниялардың айрықша кестесін жасайды (16—17-беттер); фабрикалардың жалпы санымен салыстыра отырып, әрбір губерниядағы фабрикалар санының толып жатқан проценттерін есептеп шығарады (12—15-беттер). Мұның өзінде Карышев мырза сәл ғана бір нәрсені ұмытады: ол түрлі *губерниялардағы фабрикалардың саны салыстыруға келе ме, жоқ па?* деп сұрау қоюды ұмытады. Бұл сұрауға теріс жауап берілуге тиіс, ендеше, демек, Карышев мырзаның есептерінің, салыстыруларының және пайымдауларының көпшілігі жай ғана статистикалық жаттығу деп саналуы тиіс. Егерде профессор мырза 1895 жылғы 7 июньдегі нұсқау хаттың «фабрика мен завод» деген ұғымға қандай анықтама бергенімен танысқан болса, онда ол осындай көмескі анықтаманың түрлі губернияларда біркелкі қолданыла *алмайтынын* оп-оңай аңғарған болар еді, «Тізімнің» өзімен өте құнттап танысудың өзі де оны нақ осы қорытындыға келтірген болар еді. Мысалдар келтірейік. XI бөлімде (тамақ өнімдерін ұқсату; фабрикалардың көбі осы топта) Карышев мырза кәсіпорындардың саны жағынан Воронеж, Вятка, Владимир губернияларын бөліп көрсетеді (12-бет). Бірақ бұл губернияларда «фабрикалар мен заводтардың» көбейіп кетіп отырғаны, ең алдымен, басқа губернияларда есептелмей келген ұсақ кәсіпорындардың нақ осы губернияларда *мүлдем кездейсоқ* есеп-

* Мысалы, Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы» мынаны көрсетеді: реформадан кейінгі заманда деревняларда ұсақ өнеркәсіп орындары әрбір он жыл сайын көбейе береді. Қараңыз: «Пермь өлкесі жөніндегі шолу. Пермь губерниясындағы майдагерлік өнеркәсіп жайының очеркі». Пермь, 1896. [8]

ке алынуынан болып отыр. Мысалы, Воронеж губерниясында «заводтардың» көбейіп кетіп отырғаны басқа губернияларда есепке алынбаған ұсақ диірмендердің (124 диірменнің 27-сі ғана бу диірмендері; көбісі 1—2—3 доңғалақты су диірмендері. Басқа губернияларда мұндай диірмендер есептелмеген, дұрысында олардың толық есебін алу да мүмкін емес), май шайқайтын ұсақ кәсіпорындардың (көбі ат двигательдері арқылы жүреді) мұнда есепке алынғандығынан ғана болып отыр. Вятка губерниясында 116 диірменнің тек 3-і ғана бу диірмені, Владимир губерниясында ондаған жел диірмендер мен 168 май шайқайтын кәсіпорындар есептелген, бұлардың көбісі жел немесе ат двигателімен, тіпті қолмен жүргізіледі. Басқа губернияларда кәсіпорындар аз болса, мұның себебі жел диірмендер, ұсақ су диірмендері және т. с. болмағандықтан емес. Онда бұларды тек есепке алмаған. Бірқатар губерниялар бойынша тек бу диірмендері ғана есепке алынған деуге болады (Бессарабия, Екатеринослав, Таврия, Херсон және т. б.), ал XI бөлімде Европалық Россиядағы 6233 «фабриканың» 2308-і ұн тарту өндірісі деп көрсетілген. Мәліметтердің *біркелкі еместігін* ашып алмайынша, фабрикаларды губерния басына бөлу туралы сөз қозғау оғаш болар еді. IX бөлімді, минералдар өңдеуді алайық. Міне, мысалы, Владимир губерниясында 96 кірпіш заводы бар, ал Дон облысында — 31, яғни үш еседен аса кем. «Көрсеткіш» бойынша (1890 жылғы) керісінше: Владимир губерниясында — 16, Дон облысында—61 завод болыпты. «Тізім» бойынша Владимир губерниясында 96 заводтың тек 5-нің ғана 16 және одан көп жұмысшысы бар екен, ал Дон облысында 26 заводтың (31 заводтан) осындай жұмысшысы болған. Істің мәні мынада ғана екені анық: Дон облысында Владимир губерниясындағы сияқты кірпіш күйдіретін ұсақ кәсіпорындарды «заводтардың» қатарына оп-оңай қоса бермеген, бар болғаны осы (Владимир губерниясындағы ұсақ кірпіш заводтарының бәрі де қолмен жүргізіледі). Карышев мырза осының ешбіреуін көрмейді (14-бет). X бөлім туралы (мал өнімдерін өңдеу), «252 фабрикасы бар Нижегород губерниясының ерекше тұрғаны болмаса», кәсіпорындар саны

барлық губернияларда дерлік көп емес, дейді Карышев мырза (14-бет). Мұның себебі, ең алдымен, аталған губернияда жұмысты қолмен істейтін өте көп ұсақ кәсіпорындар (кейде ат және жел двигательдері бар) есептелген, ал бұлар басқа губернияларда есепке алынбаған. Мысалы, «Тізім» Могилев губерниясы бойынша бұл бөлімде тек 2 фабрика бар деп есептейді; бұлардың әрқайсысында 15-тен көп жұмысшы істейді. Ал енді мал өнімдерін өңдейтін ұсақ заводтарды Могилев губерниясында ондап санауға болар еді, шынында да «Көрсеткіш» 1890 жылы осылай есептеп, мұнда мал өнімдерін өңдейтін 99 завод бар деп көрсетті. Осыдан кейін, әркім соншалықты әрқилы түсініп жүрген «фабрикалардың» бөліну проценті жайындағы Карышев мырза есебінің қандай мәні бар?— деген сұрақ туады.

«Фабрика» деген терминді түрлі губернияда түрліше түсінетінін айқын көрсету үшін іргелес екі губернияны: Владимир және Кострома губернияларын алайық. «Тізім» бойынша біріншісінде 993, екіншісінде 165 «фабрика» бар. Біріншісінің барлық өндірістерінде (бөлімдерінде) сан жағынан ірі кәсіпорындардан басым тым ұсақ өндірістер бар (тек 324 кәсіпорынның ғана 16 және онан көп жұмысшысы бар). Екіншісінде — ұсақ кәсіпорындар өте аз (165 фабрикадан 112-нің 16-дан және онан көп жұмысшысы бар), бірақ әйткенмен, мұнда да жел диірмендерін, май шайқайтын кәсіпорындарды, крахмал, кірпіш, смола жасайтын және т. т. және т. т. ұсақ заводтарды көптеп есептеуге болатыны кімге де болсын түсінікті *.

1894/95 жылғы («Тізім» бойынша) және 1885 жылғы («Жиынтық» бойынша) «фабрикалардың» губерниялар бойынша берілген сандарын салыстырған кезде Карышев мырзаның өзі қолданып отырған цифрларының

* Фабрика-завод статистикасының біздегі «ең жаңа» жүйесінің «фабрикалар» санын беталды шығара салуының тағы бір мысалы мынау. «Тізім» 1894/95 жылы Херсон губерниясында 471 фабрика болды деп есептейді (Карышев мырза, цитат келтірілген шығарма, 5-бет), ал Микулин мырза кенеттен келіп 1896 жылы 1249 «фабрика-завод кәсіпорны» болды деп есептейді (цитат келтірілген шығарма, XIII бет), соның ішінде 15-тен артық жұмысшысы барларын алсақ, 773-де механикалық двигатель бар, 109 кәсіпорынның механикалық двигателі жоқ. «Фабрика» деген ұғым анық болмай тұрғанда мұндай бірде тасып, бірде құлдырап кету әрдайым бола беретіндігі лажсыз нәрсе.

нанымдылығы жөніндегі бейқамдығында мүлдем шек жоқ. Мұнда ол Вятка губерниясында фабрикалар саны көбейді, Пермь губерниясында «едәуір кеміп кетті», Владимир губерниясында айта қаларлықтай артты және т. т. (6—7-беттер) деп шын пейілімен сөз етеді. Біздің автор: «Бұдан фабрикалар санының азаю процесі индустрияның жетілмеген жерлерінен гөрі, неғұрлым дамыған, неғұрлым ескі индустриясы бар жерлерге кемірек қатысты екепін көруге болады» (7-бет) деп өзінше терең қорытынды жасайды. Бұл сияқты қорытынды өте «білімпаздық» тәрізденіп көрінеді; бірақ, амал не, тым өрескел. Карышев мырзаның қолданып отырған цифрлары мүлде кездейсоқ цифрлар. Мысалы, Пермь губерниясында «Жиынтық» бойынша 1885—1890 жылдары «фабрикалардың» саны 1001, 895, 951, 846, 917 және 1002 болған, ал осыдан кейін 1891 жылға қарай бұл сан кенет 585-ке түсіп кеміп қалған. Бұлайша құбылу себептерінің бірі — «фабрикалардың» санына бірде 469 (1890 ж.), бірде 229(1891) диірменнің қосылуы. Егер «Тізім» бойынша бұл губернияда 362 ғана фабрика бар деп есептелген болса, онда оның «фабрикалар» есебіне не бары 66 диірменді ғана қосып отырғанын назарға алу керек. Егер Владимир губерниясында «фабрикалардың» саны көбейген болса, онда «Тізімнің» бұл губернияда ұсақ кәсіпорындарды да тіркегенін еске түсіру керек. Вятка губерниясында 1887 жылдан 1892 жылға дейін «Жиынтықта» 1—2—2—30—28—25 диірмен бар деп, ал «Тізімде» 116 диірмен бар деп есептелді. Қысқасы, Карышев мырзаның жүргізген салыстыруы түрліше деректердің цифрларын оның тағы да мүлдем түсіне алмағанын ғана көрсетеді.

Түрлі-түрлі бөлімдер (өндіріс топтары) бойынша фабрикалардың санын келтіріп және бұл сандарды фабрикалардың жалпы санына проценттеп шаққанда, Карышев мырза түрлі бөлімдерге енген ұсақ кәсіпорындардың саны бірдей емес екенін тағы да байқамайды (мысалы, тоқыма және металлургия өнеркәсібінде олардың саны мүлде аз, Европалық Россиядағы жалпы санының $^1/_3$-не жуығы болды, ал мал және тамақ өнімдерін өңдеу өнеркәсібінде олар кәсіпорындардың жалпы

санының $^2/_3$-не дейін болды). Сөйтіп, оның біркелкі емес сандарды салыстырғаны түсінікті болып отыр, сондықтан оның шығарған проценттерінде де (8-бет) ешбір мағына жоқ. Қысқасы, бүкіл «фабрикалардың» саны мен олардың бөлінуі жөніндегі барлық мәселеде Карышев мырза өзінің қолданып отырған мәліметтерінің сипатын және олардың қаншама напымды екенін мүлдем түсінбегенін көрсетті.

Фабрикалардың санынан жұмысшылар санына көшкенде, біз ең алдымен, біздің фабрика-завод статистикамызда фабрикалар санынан гөрі, жұмысшылардың жалпы саны анағұрлым нанымдырақ екенін айтуымыз керек. Шатыстыру, сондай-ақ, есептемей қалдыру және нақтылы санды азайтып жіберу, әрине, мұнда да аз емес. Бірақ мұнда мәліметтердің өрескел алшақтығы жоқ, ал фабрикалардың санына біресе қосылып, біресе шығарылып тасталатын ұсақ кәсіпорындар санының шамадан тыс құбылуы жұмысшылардың санына өте аз әсер етеді, оның себебі мынада ғана: өте ұсақ кәсіпорындардың проценті тым жоғары болған күнде де, ол жұмысшылардың жалпы санының шамалы процентін береді. 1894/95 жылы 1468 фабрикада (жалпы санының 10 %) жұмысшылардың 74 % шоғырланғанын біз жоғарыда көрдік. Барлық 14 578 фабриканың ішінен ұсақ фабрикалардың (16-дан кем жұмысшысы бар) саны 7919, яғни тең жартысынан асады, ал олардағы жұмысшылардың саны шамамен алғанда (тіпті орта есеппен бір кәсіпорынға 8 жұмысшыдан есептегенде) не бары 7% болады. 1890 жыл («Көрсеткіш» бойынша) мен 1894/95 жылдағы фабрикалардың санында айырма зор болып отырғанда, жұмысшылар санының айырмасы сәл ғана болуы осыдан келіп туады: 1890 жылы Европалық Россияның 50 губерниясында жұмысшылар саны 875 764 болса, ал 1894/95 жылы 885 555 болды (біз тек кәсіпорындағы жұмысшыларды есептейміз). Бірінші саннан «Тізімде» есептелмеген рельс өндірісіндегі (24 445) және тұз өндірісіндегі (3704) жұмысшыларды алып тастасақ, ал екінші саннан «Көрсеткіште» есептелмеген баспахана жұмысшыларын (16 521) алып тастасақ, жұмысшылардың саны 1890 жылы 847 615,

1894/95 жылы 869 034 болғанын, яғни 2,5% артқанын көреміз. Әлбетте, бұл процент жұмысшылар санының өскендігін нақты бейнелей алмайды, өйткені 1894/95 жылы көптеген ұсақ кәсіпорындар есепке алынбады, бірақ бұл цифрлардың жалпы бір-біріне жуықтығы жұмысшылардың барлық саны жайындағы жалпы мәліметтердің біршама жарамдылығын және біршама дұрыс екенін көрсетеді. Біз алған жұмысшылардың жалпы цифрларын шығарушы Карышев мырза бұрынғы басылымдарға қарағанда 1894/95 жылы, атап айтқанда, қандай өндірістердің есептелгенін анықтап талдамайды және бұрын фабрикалар қатарында саналған көптеген кәсіпорындардың «Тізімде» есептелмей қалғанын атап көрсетпейді. Бұрынғымен салыстыру үшін ол «Әскери-статистикалық жинақтың» бәз-баяғы рабайсыз мәліметтерін алады да, халық санына қарағанда жұмысшылар саны азайып барады деген өрескел пікірін тағы қайталайды, ал оның бұл пікірін Туган-Барановский мырза теріске шығарған болатын (жоғарыдан қараңыз). Жұмысшылардың саны туралы мәліметтер анағұрлым нанымды болғандықтан, фабрикалар саны туралы мәліметтерге қарағанда, бұл мәліметтерді неғұрлым құнттап талдаудың жөні бар еді, бірақ Карышев мырза керісінше істеді. Ол керек десе фабрикаларды жұмысшылардың санына қарай топқа да бөлмейді, ал «Тізімде» жұмысшылар саны фабриканың ең басты белгісі болып есептелгендіктен, осылай ету әбден қажет еді. Жоғарыда біз келтірген мәліметтерден жұмысшылардың шоғырлануы өте күшті екені байқалады.

Фабрикаларды жұмысшылардың санына қарай топтаудың орнына Карышев мырза жеңіл-желпі есептермен айналысқан: 1 фабрикаға келетін жұмысшылардың орташа санын анықтаумен шұғылданған. Жоғарыда өзіміз көргендей, әсіресе, фабрикалардың саны туралы мәліметтер нанымсыз, біркелкі емес және кездейсоқ мәліметтер болғандықтан, бұл есептердің бәрі де қатеге толы. Карышев мырза 1886 және 1894/95 жылы орта есеппен 1 фабрикаға келетін жұмысшылар санын салыстырып қарайды да, «фабриканың орташа типі іріленіп барады» деген қорытындыға келеді (23 және 32—

33-беттер), бірақ ол 1894/95 жылы анағұрлым ірі кәсіпорындар ғана есепке алынғанын аңғармайды, демек, мұндай салыстыру дұрыс емес. Түрлі губернияларда орта есеппен бір фабрикаға келетін жұмысшылар санын салыстыруы (26-бет) тіпті өрескел; Карышев мырза, мысалы: Кострома губерниясында «өнеркәсіптің орташа типі басқа губерниялардың бәрінен де гөрі анағұрлым ірі екен»,— мәселен, 1 фабрикаға келетін жұмысшы саны Владимир губерниясында 125 болса, мұнда 242 екен, деген қорытындыға келеді. Ал мұның өзі, жоғарыда түсіндіргеніміздей, есепке алудың түрлі тәсілдерінен ғана туып отырғаны ғалым профессордың ойына да кіріп шықпайды. Түрлі губерниялардағы ірі кәсіпорындар мен ұсақ кәсіпорындар санының арасындағы айырмашылықты есінен шығарып, Карышев мырза бұл мәселенің қиыншылықтарына *соқпай* өтудің оп-оңай тәсілін табады. Атап айтқанда, ол *бүкіл Европалық Россияда* (ал сонан кейін Польшада да, Кавказда да) *1 фабрикаға келетін* жұмысшылардың орташа санын әрбір губерниядағы фабрикалар санына көбейтеді де, осыдан шыққан топтарды айрықша картограммаға (№ 3) түсіреді. Расында да, мұның өзі оп-оңай тәсіл-ау! Осындай оп-оңай әдіс арқылы түрлі губерниялардағы фабрикалардың «орташа» мөлшерін ортақ бір нормаға *қолдан теңестіруімізге* жол табылып отырғанда, фабрикаларды жұмысшылардың санына қарай топқа бөлудің, түрлі губерниялардағы ірі және ұсақ кәсіпорындардың санын салыстырып жатудың не қажеті бар? *Бүкіл* Европалық Россия бойынша 1 фабрикаға келетін жұмысшылардың орташа санын «оп-оңай» ала салып, *әрбір* губерниядағы фабрикалар санына көбейте салуымыз мүмкін болып отырғанда, Владимир немесе Кострома губерниясындағы фабрикалардың санына ұсақ және тым ұсақ кәсіпорындардың қосылып кетуі көп пе, әлде аз ба деген мәселені қарастырып жатудың не қажеті бар? Егер осындай тәсіл арқылы кездейсоқ есепке алынған жүздеген жел диірмендер мен май шайқайтын кәсіпорындар ірі фабрикаларға теңеліп кеткен болса, онда не тұр? — оқушы оны байқамай да қалар және кім білсін, профессор

мырзаның ойдан шығарған «статистикасына» сеніп те қалар!

«Тізімде» кәсіпорынның өзінде істейтін жұмысшылардан басқа, «кәсіпорыннан тыс жерде, шетте» істейтін жұмысшылар үшін өз алдына тағы бір ерекше графа бар. Бұған фабриканың заказы бойынша өз үйінде істейтіндер (Карышев, 20-бет) ғана емес, сонымен қатар көмекші жұмысшылар және т. с. кірген. «Тізімдегі» мұндай жұмысшылардың санына (империяда 66 460) «фабриканың сыртқы бөлімі деп аталатынның дамуы бізде қаншалық ілгері басқанының көрсеткіші» (Карышев, 20-бет) деп қараудың ешбір реті жоқ, өйткені фабрика-завод статистикасының қазіргі жүйесі жағдайында мұндай жұмысшылардың біршама толық есепке алынуы жөнінде сөз болуы да мүмкін емес. Карышев мырза тым жеңілтектікке салынып: «Өзінің миллиондаған майдагерлері мен қолөнершілері бар бүкіл Россияға $66^1/_2$ мың көп емес» дейді (ibid. *). Бұлай деп жазу үшін, барлық деректердің көрсетіп отырғанындай, бұл «миллиондаған майдагерлердің» басым көбі болмағанмен, едәуір бөлегінің алыпсатарларға жұмыс істейтінін, яғни бәз-баяғыдай «шетте істейтін жұмысшылар» екенін ұмыту керек еді. «Шетте істейтін жұмысшыларды» есепке алу ісінің мүлде кездейсоқ және дәйексіз екеніне көз жеткізу үшін «Тізімнің» белгілі «майдагерлік» кәсіптері бар аудандарға қатысты беттеріне қараудың өзі жеткілікті. Мысалы, II бөлімде (жүн өңдеу) «Тізім» Нижегород губерниясы бойынша Арзамас қаласы мен қала маңындағы Выездная слободасында шетте істейтін не бары 28 жұмысшы ғана бар деп есептеген (89-бет), ал «Россиядағы майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияның еңбектерінен» (V және VI кітаптар) мұнда әлденеше жүздеген (мыңға тарта) «майдагерлердің» қожайындарға жұмыс істейтіні бізге белгілі. Семенов уезінде «Тізім» шетте істейтін жұмысшыларды тіпті де көрсетпейді, ал мұнда киіз басу кәсібі мен ұлтарақ жасау кәсібінде 3 мыңнан астам «майдагерлердің» қожайындарға жұмыс істейтіні земство

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

статистикасынан белгілі. «Тізім» Тула губерниясының сырнай кәсібінде шетте 17 жұмысшы істейтін бір ғана «фабрика» бар деп есептеген (395-бет), ал әлгі «комиссияның еңбектері» 1882 жылдың өзінде-ақ сырнай фабриканттарына жұмыс істейтін 2—3 мың майдагердің есебін алғап болатын (IX кітап). Сондықтан шетте істейтін $66^1/_2$ мың жұмысшы бар деген цифрды шамалап болса да нанымды цифр деп есептеудің және Карышев мырзаша оны губернияларға, өндірістерге бөлу туралы сөз қылудың, тіпті оған картограмма жасаудың кісі күлерлік іс екені айқын. Бұл цифрлардың шын мағынасы — үйде істелетін капиталистік жұмыстың әсте де көлемін белгілеу емес (оны белгілеу тек үйге жұмыс беретін барлық магазиндерді және басқа да сондай кәсіпорындар мен жеке кісілерді есепке алатын толық өнеркәсіп статистикасы жүргізілгенде ғана мүмкін нәрсе), кәсіпорында істейтіп жұмысшыларды, ягни шын мағынасындағы фабрика жұмысшыларын шетте істейтін жұмысшылардан айырып алу болып табылады. Осы күнге дейін жұмысшылардың бұл түрлері екінің бірінде араласып кетіп жүрді: тіпті 1890 жылғы «Көрсеткіштің» өзінде де осылай араластырудың талай мысалдары кездеседі. Ендігі жерде «Тізімде» осындай араластыруға тыйым салудың тұңғыш әрекеті істеліп отыр.

«Тізімдегі» фабрикалардың жылдық өнімділігін көрсететіп цифрларды Карышев мырза бәрінен гөрі қанағаттанарлық етіп өңдеген, оның басты себебі, автор бұл жерде, сайып келгенде әшейіндегі «орташа» шамалардың орнына, фабрикаларды өндірстіп өнімдерінің көлеміне қарай жіктеп шыққан. Рас, автор соның өзінде де мұндай «орташа» шамаларды (1 фабрикаға келетін өнім мөлшерін) қолданудап арыла алмайды, тіпті 1894/95 жылдың орташа шамаларын 1885 жылдыкімен салыстырып қарайды — ал бұл тәсілдің мүлдем дұрыс емес екенін біз жоғарыда бірнеше рет атап айттық. Ескерте кетелік, фабрикалардың жылдық өнімділігі жайындағы жалпы цифрлар, фабрикалар санын көрсететін жалпы цифрлармен салыстырғанда, апағұрлым нанымды, бұған, жоғарыда айтылғанындай, ұсақ кәсіпорындар ролінің шамалы болуы себеп болып отыр. Мысалы, «Тізім»

бойынша Европалық Россияда 1 миллион сомнан аса өнім өндіретін фабрикалар не бары 245, яғни 1,9%, бірақ олар Европалық Россиядағы барлық фабрикалардың бүкіл жылдық өнімінің 45,6 процентін шоғырландырады (Карышев, 38-бет), ал өндіретін өнімі 5 мың сомға жетпейтін фабрикалар барлық фабрикалардың 30,8 проценті болады, бірақ олардың беретіні барлық өнімнің тек 0,6 проценті ғана, яғни үлесі тіпті болмашы ғана. Алайда, Карышев мырза осы есептерді шығарғанда өнімнің сомасы (=өнімнің құны) мен шикізатты өңдеу ақысының арасындағы айырманы естен шығаратынын айта кетуіміз керек. Бұл сияқты өте маңызды айырма біздің фабрика-завод статистикамызда тұңғыш рет «Тізімде» * келтіріліп отыр. Бұл екі шаманың мүлде салыстыруға келмейтіні, сондықтан оларды бір-бірінен айыру керек екені түсінікті нәрсе. Карышев мырза мұны істемейді, сондықтан ұсақ кәсіпорындардың жылдық өнімділігі процентінің осынша төмен болуына ішінара себеп — бұл процентке өңдейтін өнімнің құны емес, оны өңдеу ақысын ғана көрсеткен кәсіпорындардың кіріп кеткендігінен деп ойлауға болады. Біз төменіректе осы жағдайды елемеу салдарынан Карышев мырзаның жасаған қатесіне мысал келтіреміз. «Тізімде» өңдеу ақысы мен өнім құнының осылай ажыратылып көрсетілуі, сондай-ақ «Тізімнің» өндіріс бағасына акциз сомасын қоспауы оның цифрларын бұрынғы басылымдардың цифрларымен салыстыруға келмейтін етеді. «Тізім» бойынша Европалық Россиядағы барлық фабрикалардың өндірген өнімі 1345 миллион сом, ал «Корсеткіш» бойынша 1890 жылы 1501 миллион сом болып отыр, ал егер біз екінші цифрдан акциз сомасын (бір ғана арақ-шарап өндірісі бойынша 250 миллион сомға жуық) алып тастасақ, онда бірінші цифр едәуір артып шығар еді.

---

* Бірақ, амал не, «Тізімнің» бұл айырманы қатаң және дәйекті қолданғанына, яғни өнімнің құны өз өнімдерін шынында да сататын фабрикалар жөнінде *ғана*, ал шикізат өңдеу ақысы — басқаның материалын өңдейтін фабрикалар жөнінде ғана көрсетіліп отырғанына ешқандай кепілдік бере алмаймыз. Мысалы, ұн тарту өндірісінде (мұнда екі айырма бәрінен де көбірек кездеседі) өндіріс иелері, мүмкін, біресе ол цифрды, біресе бұл цифрды тіпті кездейсоқ көрсете салуы мүмкін. Бұл мәселе әдейілеп қарастыруды керек етеді.

«Көрсеткіште» (2 және 3-басылуы) өндіретін жылдық өнімінің мөлшеріне қарай фабрикалар мен заводтардың топқа бөлінуі (әрбір топтың жалпы өнімдегі үлесі көрсетілмейінше) келтірілген, бірақ есепке алу тәсілі мен өндірілетін жылдық өнімнің мөлшерін белгілеу тәсіліндегі жоғарыда айтылған айырмашылықтар болғандықтан бұл топқа бөлу «Тізімнің» мәліметтерімен салыстыруға келмейді.

Біз енді Карышев мырзаның тағы бір қате пайымдауын қарап шығуымыз керек. Фабрикалар мен заводтардың жылдық өнімдерінің сомалары туралы губерниялар бойынша мәліметтер келтіре отырып, ол бұл жерде де осы мәліметтерді 1885—1891 жылдардың мәліметтерімен, яғни «Жиынтықтың» мәліметтерімен салыстырып қараудан тартына алмаған. Осы соңғы мәліметтерде акцизге жататып өндірістер туралы мәлімет жоқ, сондықтан да Карышев мырза 1894/95 жылғы өндіру сомасы ілгергі жылдардағыдан *кемірек* түсетін губерниялар жоқ па екен дегенді ғана іздейді. Осындай 8 губерния табылады да (39—40-беттер), Карышев мырза бұл жөнінде: «кемірек индустрияланған» губернияларда «өнеркәсіптің шегіншектеуі» бар, мұның өзі «ұсақ кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен бәсекелесуде қиын халге түсетінін көрсете алады» және т. т. деп пайымдайды. Егер... егер де осы пайымдауларының бәрі мүлде қате болмаған болса, бәлки, олардың бәрі өте терең мағыналы болып шығуы да мүмкін еді. Карышев мырза бұл жерде де мүлде салыстыруға келмейтін жәпе әркелкі мәліметтерді салыстырып отырғанын сезбеген. Бұл мәліметтердің салыстырылуға келмейтіндігін біз Карышев мырзаның өзі көрсетіп отырған губерниялардың әрқайсысы жайындағы мәліметтермен көрсетейік *. Пермь губерниясында өндірілген өнімнің сомасы 1890 жылы 20,3 миллион сом («Көрсеткіш»), ал 1894/95 жылы —

* Бұл ретте біз «Жиынтықтың» мәліметтерін алмай, 1890 жылғы «Көрсеткіштің» мәліметтерін аламыз да, онан *акцизге жататын өндірістерді шегеріп тастаймыз.* Осы өндірістерді былай қойғанда, «Көрсеткіш» мәліметтерінің «Жиынтықтың» мәліметтерінен айырмасы жоқ деуге болады, өйткені ол мәліметтер баяғы сол сауда және мануфактура департаментінің ведомостарына негізделген. Ал Карышев мырзаның қателерін ашу үшін, бізге тек жеке өндірістер жайында ғана емес, тіпті жеке фабрикалар жайында да толық мәліметтер керек.

13,1 миллион сом, соның ішінде ұн тарту өндірісінің 1890 жылғы өнімі 12,7 миллион сом (469 диірменде!), ал 1894/95 жылы 4,9 миллион сом (66 диірменде) болды. Демек, бұл сомалардың «кеміген» тәрізденіп көрінуі диірмендердің әр түрлі санының кездейсоқ есепке алынып кетуіне ғана байланысты. Ал бу диірмендердің саны, мысалы, 1890 және 1891 жылдардағы 4-тен 1894/95 жылы 6-ға жетті. Симбирск губерниясы бойынша да өндірілген өнімнің «азаюы» осылай түсіндіріледі (1890: 230 диірмен — 4,8 миллион сом; 1894/95: 27 диірмен — 1,7 миллион сом. Бу диірмендері — 10 және 13). Вятка губерниясында өндірілген өнімнің сомасы 1890 жылы — 8,4 миллион сом, 1894/95 — 6,7 миллион сом болған, 1,7 миллион сом кем. Бірақ 1890 жылы мұнда екі тау-кен заводы — Воткинск және Ижевск заводтары есептелген еді, бұлардың өндірген өнімі (екеуін қосып есептегенде) дәл 1,7 миллион сом болатын; 1894/95 жылы тау-кен департаментіне «қарасты» болғандықтан, бұл заводтар есептелмеген болатын. Астрахань губерниясы — 1890 ж. 2,5 миллион сом, 1894/95 ж. — 2,1 миллион сом өнім берген. Бірақ 1890 жылы тұз өндірісі (346 мың сом) есептелген еді, ал 1894/95 жылы ол «тау-кен» өндірісіне жатқызылуына байланысты есепке алынбады. Псков губерниясы — 1890 ж.— 2,7 миллион сом, ал 1894/95 ж.— 2,3 миллион сом өнім берген; бірақ 1890 жылы 1,2 миллион сомдық өнім өндірген 45 зығыр түтетін кәсіпорындар есептелген еді, ал 1894/95 жылы 248 мың сомдық өнімі бар тек қана 4 *зығыр иіру* кәсіпорны есепке алынды. Псков губерниясындағы зығыр түтетін кәсіпорындардың ешқайда жоғалып кетпегені, олардың тек тізімге кірмей қалғаны (бәлки, олардың көпшілігінде жұмысшылар саны 15-тен кем, жұмысты қолмен істейтін кәсіпорындар болғандығынан шығар) өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Бессарабия губерниясында ұн тартатын диірмендер саны 1890 жылы да, 1894/95 жылы да бірдей (97-ден) бола тұрса да, олардың өндірген өнімдері түрліше есептелген; 1890 жылы тартылған ұнның есебі — 4,3 миллион пұт=4,3 миллион сом болды, ал 1894/95 жылы диірмендердің көпшілігі *ұн тарту ақысын ғана* көрсеткен, сондықтан олардың өндірген өнімдерінің

жалпы сомасын (1,8 миллион сом) 1890 жылдың цифрымен салыстыруға келмейді. Міне осы айырманы көрсететін бір-екі мысал. 1890 жылы Левензонның 2 диірмені өндірген өнімдерін 335 мың сом деп есептесе («Корсеткіш», 424-бет), ал 1894/95 жылы олар тек 69 мың сом *ұн тарту ақысын ғана* есептеді («Тізім», № 14231 — 2). Бұған керісінше, Шварцбергтің диірмені 1890 жылы өнімдерінің бағасын 125 мың сом деп есептесе («Көрсеткіш», 425-бет), 1894/95 жылы 175 мың сом деп есептеді («Тізім», № 14214); ұн тарту өнеркәсібінің 1894/95 жылғы өнімдерінің барлық сомасынан 1,4 миллион сомы өнімнің бағасына, ал 0,4 миллион сомы ұн тарту ақысына жатады. Витебск губерниясында да тап осындай: 1890 жылы 241 диірменнің өндірген өнімінің сомасы 3,6 миллион сом, 1894/95 жылы 82 диірменнің өндірген өнімінің сомасы 120 мың сом болған, соның өзінде диірмендердің көпшілігі ұн тарту ақысын ғана көрсеткен (бу диірмендердің саны 1890 жылы 37, 1891 жылы 51 және 1894/95 жылы 64 болды), сол себепті 120 мың сомның *жартысынан астамы* өнімнің бағасы емес, ұн тарту ақысы болып шығады. Ақырында, ең соңғы Архангельск губерниясында «өнеркәсіптің кері кетуі» деп Карышев мырзаның ашқан жаңалығы тек оның есебіндегі кісі таңырқарлық қатеден болған нәрсе: шынына келгенде «Тізім» бойынша Архангельск фабрикаларының өндірген өнімдерінің сомасы, Карышев мырзаның екі қайтара көрсеткені сияқты, 1,3 миллион сом емес (40 және 39-беттер; 1885—1891 жылдардағы 3,2 миллион сомның орнына), *6,9 миллион сом,* соның ішінде ағаш тілетін 18 заводта $6^{1}/_{2}$ миллион сом болды («Тізім», 247-бет).

Жоғарыда айтылғандарды қорыта отырып, біз мынадай пікірге келеміз: Карышев мырза өзінің зерттеген материалына адам айтқысыз үстірт қараған және оған сын көзімен қарамаған, сондықтан да бірталай нағыз өрескел қателер жасаған. Ал енді оның «Тізім» цифрларын өз қызметтестерімен бірлесіп есептеуіне келетін болсақ, бұл жөнінде мынаны айтуымыз керек: Карышев мырзаның толық жиындарды, яғни барлық губерниялар мен өндіріс бөлімдері бойынша фабрикалар, жұ-

жұмысшылар санын, өндірілген өнім сомасын бастырып шығармауынан, бұл есептерінің статистикалық құны едәуір төмендейді (бұл есептерді олар, сірә, жасаған да болар, ал оларды толық бастырып шығару, бір жағынан, тексеруге мүмкіндік берген болар еді, екінші жағынан, «Тізімді» пайдаланатын адамдардың бәріне де зор пайда келтірген болар еді). Сонымен, материалдың нағыз статистикалық жағынан өңделуі тым үзік-үзік, толық емес, жүйесіз болып шықты, ал Карышев мырзаның асығыс жасаған қорытындылары көбінесе цифрларды дұрыс қолданбаудың үлгісі болып шықты.

Біздегі фабрика-завод статистикасының осы күнгі жағдайы туралы жоғарыда қойылған мәселеге келетін болсақ, ең алдымен біздің айтарымыз: егер «өндірістер туралы толық және нанымды санақ мәліметтері» «тым қажет» болса («Тізімге» арналған «кіріспеде» осылай делінген, мұнымен келіспеуге болмайды да), онда мұндай мәліметтерді алу үшін қандай да болмасын барлық өнеркәсіп орындарын, кәсіпорындар мен жұмыстарды есепке алып отыратын және белгілі бір мерзімнен кейін қайта жүргізілетін, дұрыс жолға қойылған өнеркәсіп санағы керек. Егер халықтың істейтін кәсіптері туралы 1897 жылы 28 январьда жүргізілген бірінші халық санағының [9] мәліметтері қанағаттанарлық болып шыға қалса және жақсылап талдау жасалса, онда олар өнеркәсіп санағын жүргізуге көп жеңілдік келтіреді. Ал мұндай санақтар жүргізілмей тұрғанда, тек кейбір ірі өнеркәсіп орындарының есебін алу туралы ғана сөз болуы мүмкін. Осындай ірі кәсіпорындар (осы күнгі қолданылып жүрген терминология бойынша «фабрикалар мен заводтар») жайындағы статистикалық мәліметтерді жинап, қорытудың осы күнгі жүйесі мүлдем қанағаттанғысыз деп танылуға тиіс. Оның бірінші кемшілігі,— фабрика-завод статистикасы түрлі «ведомстволарға» бөлініп бытырап кеткен және барлық фабрикалар мен заводтар жайындағы мәліметтердің түгел жиналуын, тексерілуі мен өңделуін орталықтандыратын арнаулы, таза статистикалық мекеменің жоқтығы. Россиядағы осы күнгі фабрика-завод статистикасының мәліметтерін зерттегенде, түрлі «ведомстволардың» (есепке алу жөнінде оз-

дерінің ерекше тәсілдері мен ерекше әдістері бар және т. т.) шекаралары барлық бағытта қиылысып жатқан жерде тұрғандай боласың. Тіпті, бұл шекараның белгілі бір фабриканы немесе заводты кесіп өтетін кездері де болады, осыдан барып заводтың бір бөлімшесі (мысалы, шойын құятып бөлімшесі) тау-кен департаментіне қарайды да, ал екіншісі (мысалы, темір бұйымдар бөлімшесі) сауда және мануфактура департаментіне қарайды. Мұның өзі мәліметтерді пайдалануды қаншама қиындатпатыны және бұл сияқты күрделі мәселеге жеткілікті көңіл бөлмейтін зерттеушілердің қандай қателерге ұшырауы мүмкін екені (ұшырап та жүр ғой) түсінікті емес пе. Ал мәліметтерді тексеру жөнінде айтарымыз, барлық фабриканттардың көрсеткен деректерінің бәрінің де шындыққа сәйкестігін тексеруге фабрика инспекциясының, әлбетте, ешқашан да шамасы келмейді. Осы күнгі жүйе тұсында (яғни мәліметтер агенттердің айрықша штабы жүргізетін санақ арқылы жиналмай, фабриканттарға сұрақ қағаздарын жіберу арқылы жиналып жүрген кезде) қатты көңіл бөлетін нәрсе: орталық статистика мекемесінің барлық фабрика және завод иелерімен *тікелей* қатынасып отыруы,— сөйтіп оның мәліметтердің *біркелкі болуын* ұдайы бақылап, мәліметтердің толықтығы жөнінде, азды-көпті маңызды деген өнеркәсіп орталықтарының *бәріне де* сұрақ қағаздарын жіберіп отыру жөнінде қамқорлық жасауы,— сөйтіп әр тектi мәліметтердің кездейсоқ қосылып кетуіне, программаның түрліше қолданылып, түрліше ұғынылуына жол бермеу. Осы күнгі жүйенің екінші бір негізгі кемшілігі — мәлімет жинау программасының толық бір ізге салынбағандығы. Егер мұндай программа, мамандардың сынына түспей және (ең керегі) барлық жағынан баспасөздің талқысына салынбай, кеңсе ішінде жасалып шығатын болса, онда мәліметтер ешқашан да азды-көпті толық және біркелкі *бола алмайды*. Мысалы, «фабрика мен завод» дегеніміз не? деген программаның негізгі мәселесінің де қазір қаншалық қанағаттанғысыз шешіліп отырғанын жоғарыда көрдік. Өнеркәсіп санағы болмай отырған кезде, мәліметтерді өнеркәсіпшілердің өздерінен (полиция, фабрика инспек-

циясы және т. с. арқылы) жинау жүйесі кезінде «фабрика мен завод» деген ұғымға қажетті түрде сөзсіз дәл сипаттама берілуі керек және *қайда болса да түгелдей және қалдырмай* тіркеуге болатындай бірыңғай ірі кәсіпорындармен шектелуі тиіс. «Фабрика-завод кәсіпорындарының» осы күнгі алынып жүрген анықтамасының негізгі элементтері, сірә, өте дұрыс табылған: 1) *кәсіпорындағы* жұмысшылардың саны 15-тен кем болмауы тиіс (мұның өзінде көмекші жұмысшыларды тура мағынасындағы фабрика-завод жұмысшыларынан ажырату туралы, жыл бойындағы жұмысшылардың орташа санын белгілеу туралы мәселе және т. т. талданып көрсетілуі тиіс) және 2) бу двигателі болуы керек (тіпті жұмысшы саны азырақ болғанда да). Амал не, бұл белгілерге басқа да мүлдем көмескі белгілер қосылған, ал бұл анықтаманы кеңіте түскенде өте сақ болу қажет еді. Егер, мысалы, су двигателі бар ірі кәсіпорындарды да есепке алу керек болса, онда бұл сықылды кәсіпорындардың дәл қандайының есепке алынуға жататынын (кемінде күші пәлендей двигателі бар немесе кемінде пәлендей жұмысшысы бар және т. с. деп) барынша дәл көрсету керек. Егер кейбір өндірістер бойынша неғұрлым ұсақ кәсіпорындарды есепке қосу қажет болса, онда бұл өндірістерді барынша дәл атап көрсету керек және «фабрика-завод кәсіпорны» деген ұғымның басқа да айқын белгілерін көрсету керек. «Фабрика-завод» кәсіпорындары «майдагерлік» немесе «ауыл шаруашылық» кәсіпорындарымен (киіз басу, кірпіш құю, былғары илеу, ұн тарту, май шайқау және көптеген т. б.) қосылып кетіп жүрген өндірістерге ерекше көңіл бөлінуі керек. Біздің ойымызша, «фабрика мен завод» деген ұғымның әлгіде көрсетілген екі белгісінің ешбір кеңейтілмеуі керек, неге десеңіз мәлімет жинаудың осы күнгі жүйесі тұсында тіпті осындай біршама ірі кәсіпорындардың да ешбір қалып қоймай есепке алынып отыруы екіталай нәрсе. Ал бұл жүйенің жаңадан қайта құрылуы не ішінара, жеңіл-желпі өзгертулер енгізу түрінде, не толық өнеркәсіп санақтарын енгізу түрінде болуы мүмкін. Мәліметтердің кеңдігі туралы, яғни өнеркәсіпшілерге ұсынылатын сұрақтардың саны туралы мәселеге келетін

болсақ, онда бұл арада да өнеркәсіп санағы мен осы күнгі статистиканың арасын толық ажыратып алуға тура келеді. Тек алғашқыдай жағдайда ғана мәліметтің толық болуы мүмкін және соны көздеу керек те (кәсіпорынның тарихы, оның сол төңіректегі кәсіпорындар мен халыққа қатынасы, істің саудаға қатысты жағы, шикі және қосалқы материалдар, өнімнің мөлшері мен түрі, жалақы, жұмыс күні, сменалар, түнгі және мерзімнен тыс жұмыс жөніндегі сұрақтар және т. т., және т. т.). Ал енді екінші жағдайда өте сақ болуға тура келеді: үзік-үзік, күмәнды, салыстыруға келмейтін көп мәліметтен гөрі, аз да болса біршама нанымды, толық және біркелкі мәліметтерді алған жақсы. Бұған, сөз жоқ, тек орындаушы механизмдер туралы және бұйымдардың саны туралы сұрақтарды қосу керек.

Біздегі фабрика-завод статистикасы мүлдем қанағаттанғысыз дегенде, біз оның мәліметтері тіптен назар аударуға және өңдеуге тұрғысыз дегіміз келмейді. Мүлдем керісінше. Біз мәліметтерді өте-мөте құнттап зерттеудің қажеттігін баса көрсету үшін осы күнгі жүйенің кемшіліктерін толық талдап шықтық. Бұл зерттеудің басты және негізгі мақсаты бидайды арамшөптен айыру, біршама жарамды материалды жарамсыздарынан айыру болуы тиіс. Карышев мырзаның (және көптеген басқалардың) басты қатесі дәл осылай айырмағанында екенін біз жоғарыда көрдік. «Фабрикалар мен заводтардың» цифрлары оншама нанымды емес, сондықтан күнілгері әбден құнттап өңдемейінше (неғұрлым ірі кәсіпорындарды бөліп шығару және т. т.) ешбір қолдануға болмайды. Жалпы жинақ қорытындыларда жұмысшылардың саны мен өндірілген өнім сомалары анағұрлым дұрысырақ (бірақ, мұның өзінде қандай өндірістер екенін, олардың қалай есептелгенін, өнім сомаларының қалай анықталғанын және т. т. қатаң талдау қажет). Егер неғұрлым көп талданған қорытындыларды алатын болсақ, онда мәліметтердің салыстыруға келмейтін болып шығуы, оларды қолданудың түбі қатеге соқтыруы мүмкін. Россияда фабрикалардың саны азайып барады және фабрика-завод жұмысшыларының саны (халық санына қарағанда) азайып барады деген ертегілердің,

әсіресе, халықшылдар бар ынтасымен таратып жүрген ертегілердің, шығуы барлық осы жағдайларды елемегендіктен деуге болады.

Материалды зерттеу жұмысының өзіне келетін болсақ, сөз жоқ, оның негізіне әрбір жеке фабрика жөніндегі мәліметтер, яғни карточка мәліметтері алынуы керек. Бұл карточкалар ең алдымен территориялық аймақтар бойынша топ-топқа бөлінуге тиіс. Губерния — өте ірі территориялық аймақ. Өнеркәсіптің орналасуы туралы мәселенің маңыздылығы өнеркәсіп орталықтарын немесе аудандарын құрайтын қалалар, қала маңдары, селолар мен село топтары бойынша жіктеуді талап етеді. Онан соң өндіріс бойынша топтастыру қажет болады. Бұл жағынан, біздің ойымызша, біздің фабрика-завод статистикасының ең жаңа жүйесі, өндірістердің тіпті 60-жылдардан бері (және онан бұрын) қолданылып келген бұрынғы түрлі бөлімдерге жіктелуін мүлде жойып жіберіп, қолайсыз өзгеріс енгізді. «Тізім» өндірістерді 12 бөлімге ажыратып жаңаша топтастырды: егер мұның өзінде тек бөлімдер бойынша келтірілген мәліметтер ғана алынатын болса, онда өндірістерді қамту шегі шамадан тыс ұлғайып кетеді де, оның өзі тіпті алуан түрлі өндірістерді (шұға және киіз басу, ағаш тілу және мебель, қағаз және баспахана, шойын және зергерлік, кірпіш және фарфор, былғары және балауыз, май шайқау және шақпақ қант және сыра және темекі өндірістері және т. т.) қамтып, бәрін араластырып жіберетін болады. Егерде осы бөлімдердің бәрін жеке өндірістерге саралап бөлсек, онда саны *үш жүзден асып кететін* тым ұсақ топтар келіп шығады! (Микулиннің цитат келтірілген шығармасын қараңыз) 10 бөлімі және 100-ге жуық (1890 жылғы «Көрсеткіш» бойынша 91) өндірісі болған ескі жүйе бізге анағұрлым дұрысырақ көрінеді. Мұнан соң, фабрикаларды *жұмысшыларының санына қарай, двигательдерінің түріне қарай және өндірістерінің көлеміне қарай* топтастыру қажет болады. Бұлайша топтастыру бірыңғай теориялық көзқарас тұрғысынан да, өнеркәсіптің жағдайы мен дамуын зерттеу үшін және қолда бар материалдың ішінен біршама жарамды және жарамсыз деген материалдарды іріктеу

үшін де айрықша қажет. Мұндай жіктеудің (территориялық топтар мен өндірістерге қарай бөлінген топтардың ішінде қажет болатын жіктеудің) жоқтығы — фабрика-завод статистикасы жөніндегі біздің қазіргі басылымдарымыздың ең елеулі кемшілігі болып табылады, бұлар екінің бірінде мүлдем жалған және өрескел қателерге соқтыратын «орташа сандарды» ғана анықтауға мүмкіндік береді. Ақырында, барлық осындай белгілеріне қарай жіктеу ісі әрбір топтағы (және оның кіші топтарындағы) кәсіпорындардың санын анықтаумен ғана шектелмеуі керек, сонымен қабат бумен, сондай-ақ қолмен жүргізілетін барлық кәсіпорындарды қамти отырып, жұмысшылардың санын да, өндірілетін өнімдердің сомаларын да және т. т. әрбір топ жөнінде есептеп шығарып отыру керек. Басқаша айтқанда, *топтар бойынша* жасалған кестелерден басқа *құрама кестелер* де болу қажет.

Бұл сияқты зерттеу жұмысы қисапсыз көп еңбекті керек етеді деп ойлау қате болар еді. Бюджеті шағын, адамы аз земстволық-статистикалық бюролар әрбір уезд бойынша бұдан әлдеқайда күрделірек жұмыстарды атқарады; олар 20, 30 және 40 мыңдай жеке карточкаларды өңдейді (ал бүкіл Россияда біршама ірі деген «фабрика-завод» кәсіпорындарының саны, сірә, 15—16 мыңнан аспауы да мүмкін); оның үстіне әрбір карточкадағы мәліметтердің саны да өте көп: земстволық-статистика жинақтарындағы тік графалардың саны әлденеше жүзден келеді, ал «Тізімде», мысалы, олардың саны жиырмаға да жетпейді. Осылай бола тұрса да, тәуір деген земстволық-статистика жинақтары алуан түрлі белгілеріне қарай топ-тобы бойынша жасалған кестелерді ғана емес, сонымен қабат құрама кестелерді де, яғни түрлі белгілердің қосындысын көрсететін кестелерді де келтіреді.

Мәліметтердің осылай өңделуі, біріншіден, экономика ғылымына қажетті материал берген болар еді. Ал, екіншіден, ол, біршама жарамды және жарамсыз деген мәліметтерді іріктеу мәселесін біржола шешкен болар еді. Мәліметтерді бұлайша зерттеген кезде, кейбір өндірістер, губерниялар бойынша, программаның кейбір

пункттері бойынша және т. т. жөнінде алынған мәліметтердің кездейсоқ сипаты бірден ашылған болар еді. Сонымен, біршама толық, дұрыс және біркелкі материалды іріктеп шығаруға мүмкіндік туар еді. Келешекте осындай жетістіктерге қалай жетуге болатыны жөнінде бағалы нұсқаулар келіп шығар еді.

1898 ж. 26 августан
(7 сентябрьден) ертерек
жазылған
1898 ж. мына
жинақта басылған:
Владимир Ильин.
«Экономикалық этюдтер мен
мақалалар». СПБ.

Жинақтың тексті бойынша
басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

А. Богданов. **Экономикалық ғылымның қысқаша курсы.** *Москва. 1897. А. Муринованың кітап қоймасы бастырған, 290 бет. Бағасы 2 сом.*

Богданов мырзаның кітабы біздің экономикалық әдебиетіміздегі тамаша көрініс; ол басқа басылымдар қатарындағы «артықтығы жоқ» оқу құралы ғана емес (автордың алғы сөзде «сенгеніндей»), тіпті солардың ішіндегі ең тәуірі. Сондықтан біз бұл мақалада осы шығарманың аса көрнекті жақтарына оқушылардың назарын аударып, ендігі басылымдарында, біздің ойымызша, жақсартуға боларлық кейбір болмашы жерлерін атап өтпекпіз; оқырман жұртшылықтың экономика мәселелеріне әбден ықыласы түсіп отырғанда, осы пайдалы кітаптың бұдан былайғы басылымдары көп күттірмес деп ойлау керек.

Богданов мырза «курсының» басты артықшылығы — өте көп және аса кең мәселелер туралы баяндайтын кітаптың бірінші бетінен соңғы бетіне дейін алған бағытынан ауытқымайтындығы. Автор басынан бастап-ақ саяси экономияның «өндіріс пен болудің қоғамдық қатынастарын олардың даму барысында зерттейтін ғылым» (3) ретіндегі анық және дәл анықтамасын береді, сойтіп осы көзқарастан еш жерде шегінбейді; ал «өндірістің қоғамдық қатынастарынан» адасып, жалпы өндіріске қарай ауысып кететін, өздерінің қалың курстарын мазмұнсыз және қоғамдық ғылымға түк қатынасы жоқ мағынасыздықпен, мысалдармен лық толтыратын саяси экономияның ғалым профессорлары осыны екінің бірінде нашар түсініп жүргені белгілі. Оқу кітаптарын құрастырушыларды көбінесе «сөздің анықтамасына»,

осындай әрбір ұғымның жеке белгілерін талдаумен әуестенуге итермелейтін схоластикадан автор аулақ, сонын өзінде оның баяндауы, анықтығы бұдан ақсамайтыны былай тұрсын, қайта ұтып шығады, ал оқушы, мысалы, *капитал* сияқты категория туралы, оның әрі қоғамдық, әрі тарихи мәні жөнінен айқын түсінік алады. Саяси экономияны қоғамдық өндірістің тарихи дамып келе жатқан укладтары туралы ғылым деп білетін көзқарас Богданов мырзаның «курсында» осы ғылымды баяндау тәртібінің негізіне алынған. Басында ғылым туралы қысқаша «жалпы ұғымдарды», (1—19-беттер), ал аяғында «экономикалық көзқарастар тарихын» (235—290-беттер) қысқаша баяндай келіп, автор ғылымның мазмұнын «В. Экономикалық даму процесі» деген бөлімде баяндайды, баяндағанда догматикалық әдіспен емес (оқу құралдарының көбіндегі сияқты), экономикалық дамудың кезекті дәуірлерін, атап айтқанда: алғашқы рулық коммунизм дәуірін, құлдық дәуірін, феодализм мен цехтар және, ақырында, капитализм дәуірін сипаттау түрінде баяндайды. Саяси экономияны дәл осылай баяндау керек те. Бұлай болғанда теориялық бір бөлімнің өзін (мысалы, ақша туралы бөлімді) әр дәуірге еріксіз бөлшектеп, автордың қайталауға ұрынбасқа лажы қалмайды деп қарсы шығатындар да болар. Бірақ бұл шын мәнінде формальді кемшіліктің орнын тарихи баяндаудың негізгі артықшылықтары толықтырып жібереді. Және бұл өзі кемшілік пе екен? Қайталау өте аз болып отырады, жаңа бастаған адамға мұның өзі пайдалы да, өйткені ол ерекше маңызы бар қағидаларды берігірек ұғынып алады. Мысалы, ақшаның атқаратын түрліше қызметтерін экономикалық дамудың түрліше дәуірлеріне жатқызу, ақшаның ол қызметтерінің теория жөнінен талданылуы абстракт жалдаптыққа негізделмей, адамзаттың тарихи дамуында не болып, не қойғанын дәл зерттеуге негізделгенін оқушыларға айқын көрсетеді. Қоғамдық шаруашылықтың жеке, белгілі бір тарихи укладтары туралы ұғым неғұрлым біртұтас болып шығады. Ал саяси экономия жөніндегі оқу құралының барлық міндеті — бұл ғылымды үйренушіге қоғамдық шаруашылықтың түрліше жүйе-

лері туралы, әрбір жүйенің түбегейлі белгілері туралы негізгі түсініктер беру ғой; барлық міндет — алғашқы жетекші құралды түсініп алған адамның бұл пәнді әрі қарай үйрене беруіне тиянақты жетекші бағыт аларлықтай болуында, оның осылай үйренуге зауқы болуында, мұның өзінде экономикалық ғылымның мәселелері мен осы заманғы қоғамдық өмірдің аса маңызды мәселелері шын мәнінде тікелей байланысты екенін түсіне отырып, зауқы болуында. Саяси экономия жөніндегі оқу құралдарының жүзден тоқсан тоғызындағы кемшілік нақ осы жағында. Бұлардың тағы бір кемшілігі, әдетте, олардың қоғамдық шаруашылықтың бір жүйесімен (атап айтқанда капитализммен) шектелетіндігінде ғана емес, осы жүйенің түбегейлі белгілеріне оқушылардың назарын аудара білмейтіндігінде; оның тарихи маңызын айқын анықтай білмейді, оның, бір жағынан, пайда болу процесін (және жағдайларын), екінші жағынан, оның одан әрі даму тенденциясын көрсете білмейді; осы заманғы шаруашылық өмірдің жеке жақтары мен жеке құбылыстарын қоғамдық шаруашылықтың белгілі бір жүйесінің құрамды бөлігі ретінде, сол жүйенің түбегейлі белгілерінің көрінісі ретінде көрсете білмейді; оқушыға сенімді жетекші құрал бере білмейді, өйткені, әдетте, бір бағытты мейлінше дәйекті түрде ұстай алмайды; ең ақыры, оқушыларды қызықтыра білмейді, өйткені, экономикалық, саясаттық, моральдық және т. т. «факторларды» «ақындық қиялменен» орналастырып, экономикалық мәселелердің маңызын тым тар шеңберде және байланыссыз түсінеді. Тек *тарихты материалистік тұрғыдан түсіну* ғана бұл былыққа сәуле түсіріп, адамның бүкіл қоғамдық өмірінің айрықша укладының іргетасы ретінде қоғамдық шаруашылықтың айрықша укладына кең, бірімен-бірі байланысты, ойланып-толғанылған көзқараспен қарауға мүмкіншілік туғызады.

Богданов мырза «курсының» үздік артықшылығы — автор тарихи материализм бағытын дәйекті ұстайды. Экономикалық дамудың белгілі бір дәуірін сипаттай отырып, ол әдетте саяси тәртіптердің, семья қатынастарының, қоғамдық ойдың негізгі ағымдарының очеркін

сол экономикалық құрылыстың түбегейлі белгілерімен *байланыстырып,* «баяндау» түрінде береді. Сол экономикалық құрылыс қоғамның белгілі бір таптарға бөлінуін қалай туғызғанын айқындағаннан кейін, автор *осы таптардың* сол тарихи дәуірдің саяси, семьялық, интеллектуалдық өмірінде өздерін қалай көрсеткенін, бұл таптардың мүдделері белгілі бір экономикалық мектептерде қалай бейнеленгенін, мысалы, өрлей дамыған капитализм мүдделерін еркін бәсеке мектебі, ал тағы сол таптың мүддесін соңғы дәуірде тұрпайы экономистер мектебі (284), апология мектебі қалай білдіргенін көрсетеді. Автор тарихи мектеп (284) пен катедер-реформерлер мектебінің («реалистік» немесе «тарихи-этикалық») белгілі бір таптардың жағдайымен байланысын әділ көрсетеді, соңғыны «компромисс мектебі» (287) деп таныған жоп, бұл мектеп заң-саясат мекемелерін (288) және т. т. «таптан тыс» пайда болған және «таптан тыс» маңызы бар деп мазмұнсыз жәнө жалған түсінеді. Автор Сисмонди мен Прудонның ілімдерін де капитализмнің дамуымен байланыстырады, оларды біржола ұсақ буржуазиялық экономистерге жатқызады, идеяларының түпкі тамырлары капиталистік қоғамда «орташа, өткінші орын» (279) алатын айрықша таптың мүдделерін көздейтінін көрсетеді, мұндай идеялардың реакциялық мәні барын тура айтады (280—281). Автор оз көзқарастарының дәйектілігі, шаруашылық өмірдің жеке жақтарын сол экономикалық құрылыстың негізгі белгілерімен байланыстыра отырып қарай білетіндігі арқасында, жұмысшылардың кәсіпорын пайдасына ортақ болуы («жалақы түрлерінің» бірі, «кәсіпорын иесіне тиімді болып шығуы өте сирек» түрі (132—133-беттер)) сияқты, немесе «капиталистік қатынастар ішінде ұйымдасып», «шынында тек ұсақ буржуазияны көбейтетін» (187) өндіруші ассоциациялар сияқты құбылыстардың маңызын дұрыс бағалайды.

Богданов мырза «курсының» нақ осы белгілеріне айтылатын наразылық аз болмайтынын біз білеміз. Россиядағы «этика-социология» мектебінің өкілдері мен жақтаушылары [10] риза болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. «Тарихты экономикалық жағынан түсіну туралы мә-

селе — бірыңғай академиялық мәселе» * деп ойлайтындар да, көптеген басқалар да... риза болмайды. Бірақ осындай, былайынша айтқанда, партиялық наразылықтан басқа, мәселелер кең көлемде қойылып, 290-беттің ішінде ру қауымы мен тағы адамдардан бастап капиталистік картельдер мен трестерге дейін экономикалық дамудың барлық дәуірлері туралы да, ежелгі заман мен орта ғасырлардағы саяси және семьялық өмір туралы да, экономикалық көзқарастар тарихы туралы да айтылатын «қысқаша курс» өте-мөте конспект түрінде баяндалған деушілердің болуы да ықтимал. Богданов мырзаның баяндауы шынында да өте-мөте қысқаша, өзінің кітабын «конспект» деп тура атап, мұны алғы сөзде автордың өзі де көрсетеді. Автордың көбінесе тарихи сипаттағы фактілерге, ал кейде теориялық экономияның жеке мәселелеріне қатынасы бар конспект түріндегі ескертулерінің кейбірі саяси экономиямен танысқысы келетін, жас талап оқушыға түсініксіз болатыны күмәнсыз. Біздіңше, бұл үшін авторды айыптауға болмайтын тәрізді. Тіпті қисынсыз деген сөзге қалармыз деп именбестен айтайық,— мұндай ескертулердің болуын талқылапып отырған кітаптың кемшілігі емес, қайта артықшылығы деп санағымыз келеді. Шындығында, автор әрбір осындай ескертулерді бастан-аяқ баяндап, түсіндіріп, дәлелдей беретін болса, онда оның еңбегі қысқаша оқу құралының міндетіне мүлде сай болмай, шамадан тыс қалыңдап кетер еді. Қандай курста болмасын, тіпті ең көлемді курстың өзінде, экономикалық дамудың барлық дәуірлері туралы және экономикалық көзқарастың Аристотельден бастап Вагнерге дейінгі тарихы туралы осы заманғы ғылымның барша мәліметтерін баяндап өту мүмкін де емес. Ал егер ол осындай ескертулердің бәрін алып тастаса, онда саяси экономияның шеңбері мен маңызы тарылып, оның кітабы мүлде ұтылар еді. Біздің ойымызша, осы конспект бойынша оқытатындарға да, оқитындарға да бұл конспект түріндегі ескертулер нақ осы күйінде көп пайда

---

* «Русская Мысль» [11] журналының шолушысы осылай деп ойлайды (1897 ж., ноябрь, библиография бөлімі, 517-бет). Осындай да күлдіргіштер бола береді екен-ау!

береді. Оқытатындар жөнінде сөз етудің қажеті жоқ. Ал оқитындар бұл ескертулердің бәрінен, білім жағынан тиісті әзірлік болмайынша, тарихтың, статистиканың және т. т. өте көп, өте маңызды мәселелерімен таныс болмайынша, саяси экономияны оп-оңай үйренуге, mir nichts dir nichts *, болмайтынын көреді. Оқушылар даму үстіндегі қоғамдық шаруашылықтың мәселелерімен, оның қоғам өміріне ықпалы туралы мәселелермен бір немесе тіпті бірнеше оқу құралы мен курстар бойынша, көбінесе таңқаларлықтай «жеңіл жазылған», тағы оның үстіне таңқаларлықтай мазмұнсыз, құрғақ сөздерді асты-үстіне сапырылыстырған оқу құралдары мен курстар бойынша танысуға болмайтынын көреді; экономикалық мәселелермен тарихтың және осы заманғы өмірдің ең толғағы жеткен мәселелері берік байланысты екенін, соңғы мәселелердің түп тамыры өндірістің қоғамдық қатынастарында жатқанын көреді. Оқу құралының қандайының болса да басты міндеті: баяндалатын пән жөнінде негізгі түсініктер беру және оны қай бағытта түбегейлі үйрену керек екенін және бұлай үйренудің неліктен маңызды екенін көрсету.

Енді ескертулеріміздің екінші бөлегіне, Богданов мырзаның кітабындағы, біздіңше, түзетуді немесе толықтыруды тілейтін жерлерді көрсетуге көшейік. Құрметті автор бұл ескертулердің ұсақтығы және тіпті қазымырлығы үшін бізді жазғыра қоймас деп ойлаймыз: егжей-тегжейлі, толық баяндалған кітаптан гөрі, конспектіде жеке сөйлемнің және тіпті жеке сөздердің маңызы анағұрлым зор болады.

Богданов мырза жалпы алғанда өзі жақтайтын экономикалық мектептің терминологиясын қолданады. Бірақ құн формасы туралы айтқанда, ол бұл терминді «айырбас формуласы» деген сөзбен алмастырады (39 және онан арғы беттер). Бұл сөз біздіңше сәтсіз алынған тәрізді; «құн формасы» деген термин қысқаша оқу құралында шынында да қолайсыз, сондықтан: айырбас формасы немесе айырбас дамуының сатысы деген ду-

* Каутскийдің «Marx's Oekonomische Lehren» («К. Маркстің экономикалық ілімі». *Ред.)* деген өзінің белгілі кітабына жазған алғы сөзінде дәл тауып айтқанындай.

рысырақ сияқты, әйтпесе тіпті «айырбастың 2-формуласының үстемдігі» (43) (?) деген сияқты сөздер де келіп шығады. Капитал туралы айтқанда автор капиталдың жалпы формуласын көрсетуді бекер тастап кеткен, бұл формула оқушылардың сауда және өнеркәсіп капиталының біртекті екендігін ұғынуына көмектесер еді.— Капитализмді сипаттағанда автор сауда-өнеркәсіп халқының егінші халық есебінен өсуі туралы, халықтың ірі қалаларға шоғырлануы туралы мәселені қалдырып кеткен; бұл кемшіліктің онан бетер сезілетіні — орта ғасырлар туралы айтқанда автор деревня мен қаланың қарым-қатынасына толық тоқтайды (63—66), ал осы замандағы қала туралы айтқанда оның деревняны бағындырғаны жайында не бары бірауыз сөзбен тынады (174).— Өнеркәсіп тарихы туралы айтқанда автор «капиталистік өндірістің үйдегі жүйесін» * «қолөнерінен мануфактураға баратын орта жолға» (156-бет, 6-*тезис)* өте батыл апарып қояды. Бұл мәселе жөнінде істі бұлайша тым оңайлатып жіберу біздіңше онша ыңғайлы емес. «Капиталдың» авторы үйдегі капиталистік жұмысты машиналы индустрия туралы бөлімде суреттеп, оны еңбектің ескі формаларын өзгертуші машиналы индустрияның тікелей ықпалына жатқызған. Шынында, мысалы, Европада да, Россияда да дайын киім индустриясында басым болып отырған үйдегі жұмыстың формаларын «қолөнерінен мануфактураға баратын орта жолға» қоюға тіпті болмайды. Капитализмнің тарихи дамуында олар мануфактурадан *әріде* жатыр, сондықтан, біздің ойымызша, бұл туралы бірер сөз айта кеткен жөн болар еді.— Капитализмнің машиналы дәуірі ** туралы тарауда көзге түсетін кемшілік резервтегі армия мен капиталистік артық халық туралы, оны өнеркәсіп индустриясы туғызатыны туралы, өнеркәсіптің циклді қозғалысында оның маңызы туралы, оның басты формалары туралы параграфтың жоқтығы болып табыла-

---

* 93, 95, 147, 156-беттер. Автор, біздіңше, әдебиетімізге Корсак енгізген «ірі өндірістің үйдегі системасы» деген сөздің орнына осы терминді сәтті қолданған сияқты.

** Капитализмді мануфактуралық және машиналық дәуірге айқын бөлуі Богданов мырза «курсының» ерекше үлкен артықшылығы болып табылады.

ды. Осы құбылыстар туралы 205 және 270-беттерде жасалған үстірт ескертулердің жеткіліксіз екені сөзсіз.— Автордың «соңғы жарты ғасыр ішінде» «пайда рентадан анағұрлым тез өсіп барады» (179) деуі тым батылдық. Тек Рикардо (Богданов мырза бұл ескертуін соған қарсы айтқан) ғана емес, Маркс те рентаның барлық және қандай жағдайда болса да ерекше өсуге жалпы бейімділігін атап көрсеткен (тіпті астықтың бағасы төмендегенде де рентаның өсуі ықтимал) болатын. Соңғы кезде Американың, Австралияның және т. с. тың егістіктерінің бәсекесінен туған астық бағасының төмендеуі (белгілі жағдайларда рентаның да) тек 70-жылдардан бері ғана кенет басталды және Энгельстің рента туралы бөлімдегі («Das Kapital», III, 2, 259—260 *) егін шаруашылығының қазіргі дағдарысына арналған ескертуі анағұрлым абайлап айтылған. Энгельс мұнда цивилизацияланған елдердегі рентаның өсу «заңын», оның «ірі жер иеленушілер табының таңқаларлықтай сірі жандылығын» түсіндіретініп атап көрсетеді, ал одан әрі осы сірі жандылықтың «бірте-бірте сарқылып» келе жатқанын (allmählich sich erschöpft) ескертеді.— Егіншілікке арналған параграфтардың да өзгешелігі — тым қысқалығында. Рента (капиталистік) туралы параграфта бұл рентаның шарты — капиталистік егін шаруашылығы екені атүсті ғана айтылады. («Капитализм дәуірінде жер жеке меншік күйінде қала береді де капитал ролін атқаратын болады», 127,— бар болғаны осы-ақ!). Село буржуазиясының тууы туралы, егіншіліктегі жұмысшылардың жағдайы туралы және бұл жағдайдың фабрика жұмысшыларының жағдайынан өзгешелігі (қажетсіну және тұрмыс дәрежесінің анағұрлым төмендігі; жерге матаушылықтың немесе неше түрлі Gesindeordnungen **-дердің сарқыншақтары және т. т.) туралы жете түсінбеушілік болмау үшін бұл жайында бірнеше ауыз сөзді толығырақ айта кеткен жөн болатын еді. Капиталистік рентаның генезисі туралы мәселеге автордың соқпағаны да өкінішті. Ол колондар [13] мен

* — «Капитал», III том, 2-бөлім, 259—260-беттер. [12] *Ред.*

** — жер иеленушілер мен крепостной шаруалардың қарым-қатынасын белгілеген заң ережелері. *Ред.*

тәуелді шаруалар туралы, онан әрі біздің шаруалардың арендасы туралы жасаған ескертулерінен кейін,— рентаның жұмыспен өтеу рентасынан (Arbeitsrente) натуралдық рентаға (Produktenrente), онан соң ақшалай рентаға (Geldrente) және сонан барып капиталистік рентаға (салыстырыңыз: «Das Kapital», III, 2, Кар. 47 *) қарай дамуының жалпы барысын қысқаша сипаттауы тиіс еді.— Капитализмнің қосалқы кәсіптерді ығыстырып шығаратыны және осының салдарынан шаруалар шаруашылығының орнықтылықтан айрылатыны туралы айта келіп, автор: «шаруалар шаруашылығы жалпы алғанда кедейлене беруде,— оның өндіретін құндарының жалпы сомасы кемуде» (148) дейді. Бұл тіпті дәл емес. Шаруалардың капитализмнен күйзелу процесі сол шаруалардың өзінен шыққан село буржуазиясының оларды ығыстыруынан болады. Богданов мырзаның, мысалы, Германияда шаруалар шаруашылығының құлдырауын Vollbauer'**-лерге соқпайынша суреттей алармасы екіталай. Әлгі келтірілген жерінде автор шаруалар туралы жалпылама айтады, бірақ соның артынша орыс өмірінен мысал келтіреді,— ал, орыс шаруасы туралы «жалпы» айту тым қатерлі дер едік. Автор сол беттің өзінде: «Шаруа не бірыңғай егіншілікпен айналысады, не мануфактураға барады» — дейді, яғни,— өз тарапымыздан қоса айтайық,— не село буржуазиясына, не пролетарийге (ұлтарақтай жері бар) айналады. Осы екі жақты процесті айта кетуі керек еді.— Ақырында, кітаптың жалпы кемшілігі ретінде, орыс өмірінен алынған мысалдардың жоқтығын атап өтуге тиістіміз. Өте көп мәселелер жөнінде (тым болмағанда, мысалы, орта ғасырларда өндірістің ұйымдастырылуы туралы, машиналы өндіріс пен рельсті жолдардың өркендеуі туралы, қала халқының өсуі туралы, дағдарыстар және синдикаттар туралы, мануфактураның фабрикадан айырмашылығы туралы және т. т.) біздің экономикалық әдебиетімізден осындай мысалдар келтірілгені аса маңызды болар еді, әйтпесе, жас талап оқушылардың пәнді ұғынуын оларға таныс мысалдар-

* — «Капитал», III том, 2-бөлім, 47-тарау.[14] *Ред.*
** — толық (бөлінбеген) жер учаскелері бар шаруалар. *Ред.*

дың жоқтығы өте қиындатады. Біздіңше, көрсетілген кемшіліктердің орнын толықтыру кітаптың көлемін онша ұлғайта қоймас еді де, оның кеңінен тарауын қиындатпас еді, ал кітаптың көбірек тарауы қай жағынан болса да өте қажет.

1898 ж. 7 және 14 (19 және 26) февральдың аралығында жазылған

1898 ж. апрельде «Мир Божий» журналының 4-номерінде басылған

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РЫНОКТАР ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЗАМЕТКА

(ТУГАН-БАРАНОВСКИЙ МЕН БУЛГАКОВ МЫРЗАЛАРДЫҢ АЙТЫСЫ ЖӨНІНДЕ)[15]

Капиталистік қоғамдағы рыноктар туралы мәселе В. В. мен Н.— он мырзалар бастаған экономист-халықшылдардың ілімінде өте-мөте маңызды орын алып келгені мәлім. Сондықтан, халықшылдардың теорияларын мақұлдамайтын экономистердің бұл мәселеге назар аударып, ең алдымен «рыноктар теориясының» негізгі, абстракт-теориялық пункттерін анықтауды қажет деп тапқаны әбден табиғи нәрсе. Осы анықтау әрекетін 1894 жылы Туган-Барановский мырза өзінің «Қазіргі Англиядағы өнеркәсіп дағдарыстары» деген кітабының екінші бөлімінің «Рыноктар теориясы» деген 1 тарауында жасады, ал онан кейін өткен жылы нақ осы мәселеге Булгаков мырза: «Капиталистік өндіріс тұсындағы рыноктар туралы» (Москва, 1897 ж.) деген кітабын арнады. Авторлардың екеуі де негізгі көзқарастары жағынан бір жерден шықты; екеуінің де баса көңіл аударған жағы «бүкіл қоғамдық капиталдың айналуына және ұдайы өндірілуіне» жасалған тамаша талдауды, «Капиталдың» екінші томының III бөлімінде Маркс жасаған талдауды баяндап беру болды. Екі автордың екеуі де В. В. мен Н.— он мырзалардың капиталистік қоғамдағы рынок (әсіресе, ішкі рынок) туралы теориялары сөзсіз қате және Маркстің талдауын не елемегендікке, не түсінбегендікке негізделгені жөнінде бір пікірге келді. Авторлардың екеуі де дамып келе жатқан капиталистік өндіріс рынокты өзіне өзі жасайды, жасағанда *тұтыну заттарының есебінен емес*, көбінесе *өндіріс құ-*

рал-жабдықтарының есебінен жасайды; — жалпы алғанда өнімді, соның ішінде үстеме құнды [16] орналастыру ісі сыртқы рынокты тартпай-ақ та әбден түсінікті; — капиталистік елге сыртқы рыноктың қажеттігі орналастырудың жағдайларынан емес (В. В. мен Н.— он мырзалар ойлағандай), тарихи және т. с. жағдайлардан туады деп білді. Осындай толық бір пікірде бола тұрып Булгаков пен Туган-Барановский мырзалардың дауласарлық ештеңесі жоқ, ол екеуі тізе қосып, бар күшін халықшылдық экономияны егжей-тегжейлі және одан әрі сынай беруге жұмсауға тиісті сияқты еді. Бірақ іс жүзінде бұл аталған жазушылардың арасында айтыс басталды (Булгаков, аталған шығармасы, 246—257-беттер және passim *; Туган-Барановский 1898 ж., № 6, «Мир Божийде»: «Капитализм және рынок», С. Булгаковтың кітабы жөнінде). Біздің ойымызша, Булгаков мырза да, Туган-Барановский мырза да өздерінің ескертулеріне әрқайсысы өз тарапынан тым асыра мән беріп, айтыс үстінде біраз тереңірек кеткен сияқты. Бұлардың арасында шын пікір алалығы бар ма, бар болса, қайсысынікі жөнірек екенін айырып көрелік.

Ең алдымен Туган-Барановский мырза Булгаков мырзаны «өзінен айтары аз» және jurare in verba magistri **-ге үйір, деп айыптайды («М. Б.», 123). «Капиталистік ел үшін сыртқы рыноктың ролі туралы мәселенің мен баяндаған және Булгаков мырза да түгелдей қабылдаған шешімі тіпті де Маркстен алынған емес» — деп мәлімдейді Туган-Барановский мырза. Біздің ойымызша, оның бұлай деуі дұрыс емес, өйткені мәселенің шешімін Туган-Барановский мырза *нақ Маркстен* алған; мұны Булгаков мырзаның да сонан алғаны күмәнсыз, олай болса дау «өз жанынан айтқан-айтпағаны» туралы емес, Маркстің белгілі бір қағидасын қалай түсіну туралы, Маркстің айтқанын қалай дегенмен де баяндап беру қажеттігі туралы болуы тиіс. Туган-Барановский мырза: Маркс «II томда сыртқы рынок туралы мәселені тіпті қозғамайды» (l. c. ***) дейді. Бұл дұрыс

* — басқалар. *Ред.*
** — ұстаздың айтқанымен ант ішу. *Ред.*
*** — loco citato — цитат алынған жерде. *Ред.*

емес. Өнімді өткізудің талдануы баяндалған екінші томның сол (III) бөлімінің өзінде Маркс бұл мәселеге сыртқы сауданың, демек, сыртқы рыноктың да қатынасын әбден анық айқындайды. Бұл туралы ол міне былай дейді:

«Капиталистік өндіріс тегінде сыртқы саудасыз күн көре алмайды. Ал енді белгілі бір мөлшерде қалыпты жылдық ұдайы өндіріс бар деп ұйғаратын болсақ, онда бұдан мынадай жорамал келіп шығады: сыртқы сауда *тек жергілікті бұйымдарды* (Artikel — товарларды) *басқа тұтыну немесе заттық формадағы бұйымдармен ауыстырады,* бірақ құн қатынастарын да, демек, екі категория: өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары айырбасталатын құн қатынастарын да, осы категориялардың әрқайсысы жіктелетін тұрақты капитал, өзгермелі капитал және үстеме құн арасындағы қатынастарды да қозғамайды. Демек, жыл сайын қайта өндірілетін өнім құнын талдауға сыртқы сауданы әкеліп енгізу міндеттің өзіне де, оны шешуге де жаңа серпін туғызбай, тек істі шатастырып жіберуі мүмкін. Демек, оны мүлде есепке алмау керек...» («Das Kapital», II [1], 469 *. Курсив біздікі) [17]. Туган-Барановский мырзаның: — «...шетелден товар әкеліп тұратын әрбір елде капитал артық болуы мүмкін; мұндай елге сыртқы рынок сөзсіз қажет» («Өнеркәсіп дағдарыстары», 429-бет. «М. Б.»-дан алынған цитат, l. c., 121) — деп «мәселені шешуі» — Маркстің қағидасын тек басқа сөзбен айтқандық қана. Маркс орналастыруды талдағанда сыртқы сауданы есепке алуға болмайды, өйткені ол тек бір товарлардың орнын басқа бір товарлармен ауыстырады, дейді. Туган-Барановский мырза да сол орналастыру туралы мәселені қарастыра келіп («Өнеркәсіп дағдарыстарының» екінші бөлімінің I тарауы) сырттан товар әкеліп тұратын ел сыртқа товар шығаруға да тиіс, яғни оның сыртқы рыногы болуға тиіс, дейді. Осыдан кейінгі жерде Туган-Барановский мырза «мәселенің шешімін» «әсте де Маркстен алған жоқ» деп айтуға бола ма? Туган-Барановский мырза сонан кейін: ««Капиталдың»

* — «Капитал», II том, 1-басылуы, 469-бет. *Ред.*

II және III томдары тіпті де аяқталмаған, бастапқы нұсқа ғана», «сол себептен біз II томда жасалған тамаша талдаудың қорытындыларын III томнан таппаймыз» — дейді (цитат келтірілген мақала, 123). Бұл сөз де дәл емес. Қоғамдық ұдайы өндірісті жекелеген талдаудан («Das Kapital», III, 1, 289)[18] басқа: тұрақты капиталды орналастыру жеке тұтынудан қай мағынада және қаншалықты «тәуелсіз» екенін түсіндіруден басқа, II томда жасалған тамаша талдаудан шығатын қорытындыларға арналған арнаулы тарауды «біз III томнан табамыз» (49-тарау. «Өндіріс процесін талдау жайында»),— бұл тарауда жаңағы талдаудың нәтижелері капиталистік қоғамдағы қоғамдық табыстың түрлері туралы аса маңызды мәселені шешуге қолданылған. Ақырында, дәл осы сияқты, Туган-Барановский мырзаның «Маркс «Капиталдың» III томында бұл мәселе жөнінде тіпті басқаша айтады», III томда біз «тіпті бұл талдау үзілді-кесілді теріске шығаратын пікірлерді кездестіреміз» (цитат келтірілген мақала, 123) деуін де дұрыс емес деп білу керек. Туган-Барановский мырза өз мақаласының 122-бетінде бейне бір негізгі доктринаға қайшы келеді-міс деп, Маркстің екі пікірін келтіреді. Осыларды жақынырақ қарастырып көрелік. Маркс III томда былай дейді: «Тікелей қанау жағдайлары мен мұны (бұл қанауды) жүзеге асыру жағдайлары бір емес, уақыты мен орны жағынан бұлардың үйлеспейтіні былай тұрсын, бұлар мәні жағынан да әр түрлі. Алғашқы жағдайлар қоғамның өндіргіш күшімен ғана шектеледі, екінші жағдайлар әр түрлі өндіріс тарауларының пропорциялылығымен және қоғамның тұтыну күшімен шектеледі... Өндіргіш күш (қоғамның) өркендеген сайын тұтыну қатынастарына тірек болған тар негізге ол соғұрлым қарама-қайшы келіп отырады» (III, 1, 226. Орысша аудармасы, 189-бет)[19]. Туган-Барановский мырза бұл сөздерге былайша мағына береді: «Ұлттық өндірісті бөлудің пропорциялылығының бір өзі өнімдерді өткізу мүмкіндігіне кепіл болмайды. Өндірістің бөлінуі пропорциялы болған күнде де өнімдерге рынок табылмай қалуы мүмкін,— міне, цитатқа алынған Маркс сөздерінің мағынасы осылай сияқты». Жоқ, бұл сөздер-

дің мағынасы бұлай емес. Бұл сөздерде II томда баяндалған орналастыру теориясына қайсыбыр *түзету* бар деп санауға ешбір негіз жоқ. Маркс бұл ретте «Капиталдың» басқа жерлерінде де көрсетілген капитализм қайшылығын, атап айтқанда өндірісті *шексіз* ұлғайта беруге ұмтылушылық пен *тежеулі* тұтынудың қажеттігі (халық бұқарасының пролетарлық жағдайы салдарынан) арасындағы қайшылықты ғана айтып отыр. Туган-Барановский мырза, әрине, бұл қайшылықтың капитализмге *тән* екендігіне таласпайды; ал Маркс сол үзіндінің өзінде осыны көрсетіп отырғандықтан, оның сөздерінен тағы да басқа бір мағына іздеуге ешбір хақымыз жоқ. «Қоғамның тұтыну күші» және «өндірістің түрлі салаларының пропорциялылығы»—бұл тіпті де әлдененде жеке, дербес тұрған, бір-біріне байланысы жоқ шарттар емес. Қайта, тұтынудың белгілі бір жағдайы — пропорциялылық элементтерінің бірі. Шынында да, капитализм үшін ішкі рынок тұтыну заттарының есебінен гөрі өндіріс құрал-жабдықтары есебінен құрылатынын орналастыруға жасалған талдау көрсетіп берді. Бұдан қоғамдық өнімнің бірінші бөлімі (өндіріс құрал-жабдықтарын шығару) екінші бөлімінен (тұтыну заттарын шығарудан) тезірек дами алады, солай дамуға тиісті де деген қорытынды шығады. Бірақ бұдан, әрине, өндіріс құрал-жабдықтарын шығару тұтыну заттарын шығаруға *мүлде тәуелсіз* және *онымен ешбір байланыссыз* дами алады деген мағына тіпті де шықпайды. Маркс бұл жөнінде былай дейді: «...біздің бұдан бұрын көргеніміздей (II кітап, III бөлім), тұрақты капитал мен тұрақты капитал арасында тұрақты айналыс болып тұрады, бұл айналыс, бір жағынан, еш уақытта жеке тұтынысқа кірмейтіндігі мағынасында оған тәуелсіз, ал бірақ солай бола тұра, ақыр-аяғында (definitiv) жеке тұтынумен шектеулі де, өйткені тұрақты капитал өндірісі еш уақытта оның өзіне бола жасалмайды, оның жасалатын себебі, бұл тұрақты капитал өнімдері жеке тұтынуға кіретін өндіріс салаларында көбірек тұтынылады» (III, 1, 289. Орысша аудармасы, 242) [20]. Сонымен, сайып келгенде, өндіргіш тұтыну (өндіріс құрал-жабдықтарын тұтыну) әрқашан жеке тұтынумен бай-

ланысты, әрқашан соған тәуелді. Оның бер жағында, капитализмге бір жағынан, өндіргіш тұтынуды шексіз ұлғайта беруге, қорлану мен өндірісті шексіз ұлғайта беруге ұмтылу, ал екінші жағынан,— жеке тұтынуды ұлғайтудың өрісін соншама тарылтатын халық бұқарасының пролетарлануы тән нәрсе. Бұл жерде біз капиталистік өндірістегі қайшылықты көріп отырмыз және цитатқа алынған үзіндіде де Маркстің осы қайшылықты айтып отырғаны айқын нәрсе *. II томда орналастыруға жасалған талдау бұл қайшылықты (Туган-Барановский мырзаның пікіріне қарама-қарсы) титтей де теріске шығармайды, қайта өндіргіш тұтыну мен жеке тұтынудың арасындағы байланысты көрсетеді. Капитализмнің бұл қайшылығынан (немесе оның басқа қайшылықтарынан) капитализмнің болуы мүмкін емес немесе ол бұрынғы шаруашылық тәріптерімен салыстырғанда прогресшіл емес деген қорытынды шығару (біздің халықшылдар осыған әуес) сорақы қате болатыны өзінен-өзі түсінікті. Капитализм бірқатар қайшылықтарсыз дами алмайды, сондықтан бұл қайшылықтарды көрсету бізге капитализмнің тарихи өткінші сипатын ғана айқындап береді, оның жоғарғы формаға өтуге ұмтылуының шарттары мен себептерін айқындап береді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін бір жерге жинақтап, біз мынадай қорытындыға келеміз: сыртқы рыноктың ролі туралы мәселенің Туган-Барановский мырза баяндап берген шешімі нақ Маркстен алынған; орналас-

* Туған-Барановский мырза цитатқа келтірген екінші үзіндінің де (III, 1, 231, S. 232. параграфтың аяғына дейін салыстырыңыз) [21] және дағдарыстар туралы айтылған: «Нағыз дағдарыстардың бәрінің түпкі себебі қашан да бұқараның жарлылығы және тұтынуының шектелуі болып қала бермек, бұл шектелу капиталистік өндірістің өндіргіш күштерді соншалық дамытып, ол дамудың шек-шетін қоғамның абсолют тұтыну қабілетіне дейін жеткізуге тырысуына қарсы тұрады» («Das Kapital», III, 2, 21. Орысша аудармасы, 395-бет) [22] деген жерінің де мағынасы осы. Маркстің: «Капиталистік қоғамдағы қайшылық: товар сатып алушы ретінде жұмысшылар рынок үшін маңызды-ақ. Бірақ капиталистік қоғамда өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде жұмысшыларды бағаның минимумымен шектеуге тырысады» («Das Kapital», II, 303) [23] деген ескертуінің де мағынасы дәл солай. Бұл сөзге Н.— он мырзаның теріс мағына бергені туралы біз «Новое Слово-да» [24] айтқанбыз, 1897, май. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 174—175-беттер. *Ред.).* Барлық осы жерлердің және II томның III бөліміндегі орналастыруға жасалған талдаудың арасында ешбір қайшылық жоқ.

тыру туралы (және рыноктар теориясы туралы) мәселе жөнінде «Капиталдың» II томы мен III томының арасында ешқандай қайшылық жоқ.

Әрі барайық. Булгаков мырза Маркстен бұрынғы экономистердің рыноктар туралы ілімдерін дұрыс бағаламайды деп, Туган-Барановский мырзаны айыптайды. Туган-Барановский мырза Булгаков мырзаны айыптағанда, Маркстің көзқарастарын сол көзқарастар қалыптасып жетілген ғылыми негізінен айырады, істі бейнелегенде «Маркстің көзқарастары оның ізашарларының пікірлерімен ешбір байланыспайтындай» етіп көрсетеді деп айыптайды. Соңғы қойып отырған кінәсы мүлдем негізсіз, өйткені Булгаков мырза мұндай қисынсыз пікірлерді айтпағаны былай тұрсын, қайта Маркстен бұрынғы түрліше мектептерге жататын өкілдердің пікірлерін келтіріп отырды. Біздің ойымызша, Булгаков мырза да, Туган-Барановский мырза да мәселенің тарихын баяндағанда Адам Смитке соншалық аз көңіл аударған, «рыноктар теориясын» *арнайы* баяндағанда оған міндетті түрде барынша толық тоқталу керек еді; «міндетті» болатын себебі: қоғамдық өнім өзгермелі капитал мен үстеме құнға (Ад. Смиттің терминологиясы бойынша жалақыға, пайдаға, рентаға) бөлінеді дейтін қате доктринаның негізін салушы нақ Ад. Смит болатын-ды, бұл доктрина Маркске дейін берік орнығып алды да, орналастыру туралы мәселені шешу былай тұрсын, оны дұрыс қоюға да мүмкіндік бермеді. Булгаков мырзаның: «көзқарастардың шыққан жері дұрыс болмай, проблеманың өзі дұрыс тұжырымдалмаған жағдайда бұл таластар» (рыноктар теориясы жөнінде экономикалық әдебиетте туған таластар) «бос, схоластикалық сөз жарыстыруға ғана апарып соғуы мүмкін» (жоғарыда аталған шығарма, 21-бет, ескертулер), дегені әбден әділ сөз. Солай дей тұрып, автор Ад. Смитке не бары бір бет орын бөлген, Ад. Смиттің теориясына «Капиталдың» екінші томының 19-тарауында (§ II, S. 353—383) [25] Маркс жасаған толық және тамаша талдауды ескерусіз қалдырған, оның орнына екінші қатардағы, дербес ойы жоқ теоретиктер — Д.-С. Милль мен фон-Кирхманның ілімдеріне тоқтаған. Туган-Баранов-

ский мырзаға келетін болсақ, ол *Ад. Смитке мүлде соқпаған,* сондықтан онан соңғы экономистердің көзқарастарын баяндағанда *олардың негізгі қатесін қалдырып кеткен* (Смиттің жоғарыда көрсетілген қатесін қайталаған). Мұндай жағдайда баяндаудың қанағаттанарлық бола алмайтыны өзінен өзі айқын. Екі мысал келтірумен шектелейік. Туган-Барановский мырза, жай ұдайы өндірісті түсіндіретін № 1 схемасын баяндай келіп, былай дейді: «Бірақ жай ұдайы өндірістің біз жорамалдап отырған реті ешқандай күдік туғызбайды ғой; біздің жорамалымыз бойынша, капиталистер өздерінің барлық пайдасын тұтынады,— сондықтан товарлардың ұсынымынан сұранымның асып түспейтіні айқын нәрсе» («Өнеркәсіп дағдарыстары», 409-бет). Бұл дұрыс емес. Бұл бұрынғы экономистерге тіпті де «айқын нәрсе» емес, өйткені олар қоғамдық капиталдың тіпті жай ұдайы өндірісін де түсіндіре алмайтын және қоғамдық өнім өзінің құны бойынша *тұрақты капиталға*+өзгермелі капиталға+үстеме құнға, ал материалдық формасы бойынша ірі екі бөлімге: өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарына бөлінетінін ұғынбай тұрып, оны түсіндіруге де болмайтын еді. Сондықтан бұл жағдай да А. Смиттің «күдігін» туғызған, Маркс айтқандайын, оның шатасқан жері де осы болған. Ал кейінгі экономистер Смиттің *күдіктеріне* қосылмағанымен, Смиттің *қатесін* қайталай берген болса, онда бұл олардың осы мәселеде теория жөнінен бір адым кейін шегінгенін ғана көрсетеді. Туган-Барановский мырзаның: «Сэй — Рикардоның ілімі теория жүзінде әбден дұрыс; егер оның қарсыластары капиталистік шаруашылықта товарлар қалай бөлінетіндігін цифрмен есептеп көрсе, онда бұл ілімді теріске шығарудың өзінде логикалық қайшылық жатқанын оңай түсінер еді» (l. c., 427) дегені де дұрыс емес. Жоқ, Сэй — Рикардоның ілімі теориялық жағынан мүлдем теріс: Рикардо Смиттің қатесін қайталаған (оның «Шығармаларын» қараңыз, Зибердің аудармасы, СПБ. 1882, 221-бет), ал Сэй қатені одан бетер асқындырып, қоғамның жалпы өнімі мен таза өнімінің арасындағы айырма әбден субъективті, деп соқты. Сэй — Рикардо мен олардың қарсыластары «цифрларды» қанша «есеп-

тесе де», еш уақытта есептің санына жете алмас еді, өйткені Туган-Барановский мырза кітабының басқа бір жері туралы Булгаковтың әбден орынды айтқаны сияқты, бұл арада әңгіме тіпті цифрда емес (Булгаков, l. c., 21-бет, ескертулер).

Біз енді Туган-Барановский мен Булгаков мырзалардың арасындағы даулы екінші бір мәселеге — атап айтқанда цифрлы схемалар мен олардың мәні туралы мәселеге келдік. Булгаков мырза: Туган-Барановский мырзаның схемалары «үлгіден» (яғни Маркстің схемасынан) «айнып кеткендіктен», «өзінің нанымдылық күшін едәуір дәрежеде жоғалтқан және қоғамдық ұдайы өндірістің процесін түсіндірмейді» (l. c., 248) дейді, ал Туган-Барановский мырза: «Булгаков мырза мұндай схемалардың не үшін керек екенін де айқын түсінбейді» («Мир Божий», № 6, 1898 ж., 125-бет), дейді. Біздіңше, бұл жерде шындық түгелімен Булгаков мырзаның жағында. Схемалар «қорытындыны дәлелдейді» (ibid.*) деп санайтын Туган-Барановский мырзаның өзі «схемалардың мәнін айқын түсінбейді». Схемалар өз-өзінен еш нәрсені де дәлелдей алмайды; олар *жеке элементтері теория жағынан айқындалған* процесс болса, соны ғана *көрсете* алады. Туган-Барановский мырза Маркстің схемаларынан басқа (және Маркстің схемаларынан анағұрлым көмескі) өз схемаларын жасаған, жасағанда процестің схемалармен көрсетілуге тиісті элементтерін теория жүзінде айқындауды тастап кеткен. Қоғамдық өнім өзгермелі капиталға+үстеме құнға ғана (А. Смит, Рикардо, Прудон, Родбертус және т. б. ойлағандай) емес, тұрақты капиталға+аталған бөлімдерге бөлінетінін көрсеткен Маркс теориясының негізгі қағидасын Туган-Барановский мырза өз схемаларында қолданса да, оны мүлдем түсіндірмеген. Туган-Барановский мырзаның кітабын оқушы адам жаңа теорияның осы негізгі қағидасын *түсіне алмайды.* Қоғамдық өндірістің екі бөлімін (I: өндіріс құрал-жабдықтары және II: тұтыну заттары) ажырата білу қажеттігін Туган-Барановский мырза мүлде дәлелдеп айтпаған, ал

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

Булгаков мырзаның дұрыс ескерткеніндей, «рыноктар теориясы жөніндегі бұрынғы сөз жарыстырулардың бәріне қарағанда бір ғана осы ажыратудың өзінде теориялық мағына көбірек» (l. с., 27-бет). Міне сондықтан Маркстің теориясын Туган-Барановский мырзаның баяндауынан гөрі Булгаков мырзаның баяндауы анағұрлым айқынырақ та дұрысырақ.

Қорыта келгенде, Булгаков мырзаның кітабына біраз толығырақ тоқтап, мынаны ескерте кетуге тиіспіз. Оның кітабының үштен бір бөлігіне жуығы «капитал айналымдарының өзгешелігі» туралы және «жалақы қоры» туралы мәселелерге арналған. Осылай аталған параграфтары бізге өте-мөте сәтсіз болып шыққан сияқты көрінеді. Автор бұл аталған параграфтардың алғашқысында Маркстің талдауын толықтырмақшы (63-бет, ескертулерді қараңыз) болады да капитал айналымы түрліше болған жағдайда орналастыру процесі қалай жүретінін көрсету үшін тым күрделі есептер мен схемаларға беріліп кетеді. Біздің ойымызша, Булгаков мырза тоқтаған ең соңғы қорытынды (капитал айналымы түрліше болған жағдайда орналастыруды түсіндіру үшін екі бөлімнің екеуінде де капиталистердің қорлары бар деп жорамалдау қажет деген қорытынды, 85-бетін салыстырыңыз) капиталдың өндірілуі мен айналысының жалпы заңдарынан өзінен-өзі келіп шығады, сондықтан II және I бөлімдерде капитал айналымы қатынастарының түрліше жағдайлары болады деп жорамалдаудың және толып жатқан графиктер жасаудың ешбір қажеті жоқ еді. Аталған параграфтардың екіншісі туралы да осыны айтуға тура келеді. Маркстің бұл мәселе туралы ілімінде қайшылық бар деп тапқан Герценштейн мырзаның пікірі қате екенін Булгаков мырза әбден дұрыс көрсеткен. Автор: «егер барлық капиталдардың айналымын жылға теңесек, осы жылдың басында капиталистер өткен жылғы өндірістің барлық өнімін де, осы құнға бара-бар болатын ақша сомасын да меншіктенуші болып табылады» (142—143-беттер) деп әбден дұрыс айтады. Бірақ Булгаков мырза бұрынғы экономистердің осы мәселені бірыңғай схоластикалық тұрғыдан (жалақы қазіргі өндірістен алына ма немесе

мұның алдындағы жұмыс дәуірі өндірісінен алына ма? деп) қоюын тіпті бекер қабылдаған (92 және онан арғы беттер) және Маркстi «өзінің негізгі көзқарасына қарсы шығатын сияқты» деп, «жалақы капиталдан емес, күнделікті өндірістен алынатын» «сияқты дегендей пікір айтады» (135-бет), деп, оның пікірін «ысырып қойып», босқа арамтер болған. Маркс мәселені мұндай түрде тіпті қойған да емес. Маркстің пікірін «ысырып қоюдың» Булгаков мырзаға қажет болған себебі: мәселе қоюдың Маркске мүлдем жат түрін ол Маркстің теориясына жатқызбақшы болады. Өнімді қоғамның әр түрлі таптары тұтынуына байланысты бүкіл қоғамдық өндіріс процесінің қалай жүретіні, өнімнің айналысы үшін қажетті ақшаны капиталистердің қалайша жұмсайтыны анықталғаннан кейін,— осының бәрі анықталғаннан кейін, жалақы қазіргі өндірістен алына ма, әлде онан бұрынғы өндірістен алына ма деген мәселе өзінің елеулі мәнін жояды. Сондықтан «Капиталдың» соңғы томдарын бастырып шығарушы Энгельс екінші томға жазған алғы сөзінде былай дейді: мәселен, Родбертустың «жалақы капиталдан алына ма, әлде табыстан алына ма деген пайымдаулары схоластика саласына жатады және «Капиталдың» осы екінші кітабының үшінші бөлімінің мазмұны оларды мүлде жойып жібереді» («Das Kapital, II, Vorwort, S. XXI *) [26].

1898 ж. алғында жазылған

1899 ж. январьда «Научное Обозрение» журналының 1-номерінде басылған. Қол қойған: Владимир Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

---

* — «Капитал», II том, Алғы сөз, XXI бет. *Ред.*

РЕЦЕНЗИЯ [27]

Р. Гвоздев.* Кулактық-өсімқорлық, оның қоғамдық-экономикалық маңызы. *СПБ. 1899. Н. Гарин бастырған

Гвоздев мырзаның кітабы кулактық-өсімқорлық деген қызғылықты мәселе туралы біздің экономикалық әдебиетте жиналған мәліметтерді қорытады. Автор реформаға дейінгі дәуірде сауда капиталы мен өсімқорлық капиталды туғызуға себепші болған товар айналысы мен өндірістің дамуын көрсететін бірқатар пікірлер айтады. Содан кейін астық өндірісіндегі өсімқорлық туралы, қоныс аударуға, майдагер кәсіпшіліктерге, шет кәсіпшіліктеріне және алым-салыққа, кредитке байланысты кулактық туралы материалға шолу жасайды. Гвоздев мырзаның халықшылдық экономия өкілдері кулактарға дұрыс тұрғыдан қарамады, оларды орыстың қоғамдық шаруашылығының бүкіл құрылысымен тығыз, ажырамас байланысы бар капитализм формаларының бірі деп білмей, «халықтық өндірістің» тәніне шыққан бір «өлі ет» деп санады деуі әбден әділ. Халықшылдар кулактар шаруалардың жіктелуіне байланысты шыққанын, селодағы өсімқор алпауыттардың, тағы сондайлардың Россиядағы ұсақ село буржуазиясының өкілдері болып табылатын «әлді мужиктерге» жақындығын елемеді. Біздің деревняны етегінен тартып отырған орта ғасырлық тәртіптердің сарқыншақтары (шаруалар қауымының сословиелік томаға-тұйықтығы, шаруалардың үлесті жерге байлануы, жаппай кепілдік, алым-салықтың сословиелік теңсіздігі) ұсақ капиталдарды өндіріске орналастыруға, оларды ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке жұмсауға аса үлкен бөгет жа-

сайды. *Капиталдың төмен және нашар формаларының*, сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың тым көп тарауы — осының табиғи нәтижесі. Ауқатты азын-аулақ шаруалар ұлтарақтай үлесті жерінде қалт-құлт күнелтіп отырған «әлсіз» шаруалар бұқарасының ортасында отырып, қарызға ақша үлестіру, қысқа жалға беру және т. т. және т. т. арқылы кедейлерді өзіне кіріптар ететін қанаушылардың ең сұмпайы түріне айналмай қоймайды. Ескірген тәртіптер егін шаруашылығында да, өнеркәсіпте де капитализмнің өсуіне бөгет жасайды, сөйтіп жұмыс күшін керексінуді кемітеді, сонымен қабат шаруаларды ең арсыз және шексіз қаналудан, тіпті аштан өлуден сақтап қалуға еш бір кепіл бола алмайды. Гвоздев мырзаның кітабында келтірілетін дәулетсіз шаруалардың кулактар мен өсімқорларға төлейтін сомаларының шамамен келтірген есептері үлесті жер берілген орыс шаруаларын Батыс Европа пролетариатына әдетте қарсы қоюшылықтың қисынсыздығын айқын көрсетеді. Анығында бұл шаруалардың көпшілігінің жағдайы Батыстағы село пролетариатының жағдайынан әлдеқайда нашар; анығында біздің дәулетсіз шаруаларымыз пауперлердің қатарына жатады, сөйтіп ашыққан сан миллион шаруаларға жәрдем берудің төтенше шаралары керек болатын жылдар үсті-үстіне жиілеп барады. Егерде қазыналық мекемелер ауқатты шаруалар мен кедейлерді жасанды жолмен бір топқа жатқызып есептемеген болса, онда кедейлерді ресми түрде дәл осы пауперлерге қоспай болмас еді, мұның өзі халықтың бұл топтарына қазіргі қоғамның көзқарасын дәлірек, шындыққа жақынырақ бейнелеген болар еді. Гвоздев мырзаның кітабының пайдалы жері: ол «пролетариаттық емес қайыршылану» * процесі туралы мәліметтерді жинақтап, бұл процесті шаруалардың жіктелуінің төмен және нашар түрі деп әділ сипаттайды. Гвоздев мырза орыстың экономикалық әдебиетімен, сірә, жақсы таныс болса керек, бірақ автор әр түрлі журнал мақалаларынан алынған цитаттарға орынды азырақ беріп, материалды өзінше қорытуға көбірек көңіл бөл-

* *Парвус*. Дүние жүзілік рынок және ауыл шаруашылық дағдарысы. СПБ. 1898, 8-бет, ескерту.

НАЧАЛО

ЖУРНАЛЪ ЛИТЕРАТУРЫ, НАУКИ И ПОЛИТИКИ.

1899 г.

МАРТЪ.

С.-ПЕТЕРБУРГЪ.
Типографія И. Н. Скороходова (Надеждинская, 43).
1899.

В. И. Лениннің рецензиялары басылған «Начало» журналының мұқабасы.— 1899 ж.

Кішірейтілген

ген болса, оның кітабы ұта түсер еді. Бар материалды халықшылдық көзқарас бойынша қорытқанда бұл мәселенің теориялық тұрғыдан неғұрлым маңызды жақтары әдетте қағаберіс қала береді. Сонан соң, Гвоздев мырзаның өзі қорытқан пікірлері көбінесе тым ұшқары әрі жалпылама болып келеді. Мұны әсіресе майдагерлік кәсіпшіліктерге арналған тарау жайында айтуға болады. Кітаптың тілі кей жерлерінде тым әсіреленіп не көмескіленіп кетеді.

1899 ж. 30 январь мен 3 февральдың (11 және 15 февральдың) аралығында жазылған

1899 ж. мартта «Начало» журналының 3-номерінде басылған
Қол қойған: Вл. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

***Парвус.* Дүние жүзілік рынок және ауыл шаруашылық дағдарысы.** *Экономикалық очерктер. Неміс тілінен орысшаға аударған Л. Я. СПБ. 1898. О. Н. Попова бастырған (Білім беруші кітапхана, 2-серия, № 2). 142-бет. Бағасы 40 тиын*

Парвус деген бүркеншік атпен жазатын талантты герман публицисінің кітапшасы қазіргі дүние жүзілік шаруашылықтың кейбір құбылыстарын сипаттайтын бірқатар очерктерден құралған, онда әсіресе Германияға көбірек назар аударылған. Парвус түпкі негізге дүние жүзілік рыноктың дамуын алады да, ең алдымен Англияның өнеркәсіп жөніндегі гегемониясының құлдырауына қарай бұл дамудың қандай сатылардан өтіп келе жатқанын суреттейді. Өнеркәсібі өркендеген байырғы елдердің неғұрлым жас капиталистік елдерге рынок ролін атқарып отырғаны туралы автордың ескертулері өте-мөте қызғылықты: мәселен, Англия герман фабрикаттарын барған сайын көп жалмап, қазіргі уақытта Германияның сыртқа шығаратын барлық бұйымдарының $^1/_5$ бөлігінен $^1/_4$ бөлігіне дейінін өзіне қаратып алған. Сауда және өнеркәсіп статистикасының мәліметтеріне сүйене отырып, Парвус түрлі капиталистік елдердің арасындағы өзгеше бір еңбек бөлінісін суреттейді; бұл елдердің бірі, негізінен, отарларға өткізу үшін, екіншілері Европаға өткізу үшін өндіретінін айтады. Автор «Қалалар және темір жолдар» деген тарауда «капиталистік қалалардың» ең басты «формаларын» және капиталистік шаруашылықтың жалпы құрылысында-

ғы олардың маңызын сипаттауға ерекше көңіл аударарлықтай әрекет жасаған. Кітаптың қалған, басым бөлегі (33—142-беттер) қазіргі капиталистік ауыл шаруашылығындағы қайшылықтар туралы және аграрлық дағдарыс туралы мәселелерге арналған. Парвус әуелі өнеркәсіп дамуының астық бағасына, жер рентасына және т. т. әсерін айқындайды. Осыдан кейін ол «Капиталдың» III томында Маркс дамытқан жер рентасы теориясын баяндайды да, осы теория тұрғысынан капиталистік аграрлық дағдарыстардың негізгі себебін түсіндіреді. Бұл мәселені таза теориялық жағынан талдауды Германияға қатысы бар мәліметтермен толықтыра отырып, Парвус «аграрлық дағдарыстың соңғы және негізгі себебі — тек капиталистік даму салдарынан көтерілген жер ренталары және сол ренталарға сәйкес келетін жер бағасы» деген қорытындыға келеді. «Осы бағаларды жойып қараңызшы, сонда Европа ауыл шаруашылығы тағы да орыс және американ ауыл шаруашылығымен бәсекелесе алатын болады»,— дейді Парвус. «Оның (жеке меншіктің), дүние жүзілік рыноктың кездейсоқ қолайлы құрылымын айтпаған күнде, аграрлық дағдарысқа қарсы жалғыз-ақ құралы бар, ол — бүкіл капиталистік жер меншігін көтере сату» (141). Сөйтіп, Парвустың шығарған қорытындысы жалпы және тұтас алғанда «Капиталдың» III томында Энгельстің келген пікірімен — қазіргі ауыл шаруашылық дағдарысы Европа жер иеленушілерінің жер үшін бұрынғыдай рента алуына мүмкіндік бермейді деген пікірімен дәл үйлеседі [28]. Аталған мәселелерді білгісі келетін оқушылардың бәріне біз Парвустың осы кітабымен танысуды барынша ұсынамыз. Бұл кітап қазір ауыл шаруашылық дағдарысы туралы кең тарап жүрген халықшылдық пікірлерге аса тамаша қарсы дәлел: ондай пікірлер халықшылдық баспасөзде үнемі кездесіп жүр және оның өтемөте елеулі бір кемшілігі бар, ол — дағдарыс фактісі дүние жүзілік капитализмнің жалпы дамуымен байланыссыз қаралады, белгілі бір қоғамдық таптардың көзқарасы тұрғысынан емес, ұсақ шаруа шаруашылығы өміршең келеді дейтін мещандық моральды ақтау үшін ғана қаралады.

Парвус кітабының аудармасын жалпы алғанда қанағаттанарлық деуге болады, бірақ кей жерлерінде сәтсіз және ауыр құрылған сөйлемдер кездеседі.

1899 ж. 3 және 7 (15 және 19) февраль аралығында жазылған

1899 ж. мартта «Начало» журналының 3-номерінде басылған
Қол қойған: Вл. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

***Сауда-өнеркәсіпті Россия.** Көпестер мен фабриканттарға арналған анықтама кітап. Сауда және мануфактура департаментінің статистика бөлімшесінің бастығы А. А. Блаудың редакциялауымен құрастырылған. СПБ. 1899. Бағасы 10 сом.*

Осы аса үлкен томды бастырып шығарушылар «біздің экономикалық әдебиетіміздің олқысын толықтыруды» (I бет) мақсат еткен, атап айтқанда әрі бүкіл Россияның сауда, өнеркәсіп орындарының адрестерін, әрі «өнеркәсіптің белгілі бір саласының жағдайы туралы» мәліметтерді қатарынан беруді көздеген. Осы екі материалдың екеуі де толық жеткілікті түрде келтірілген болса, онда анықтама және ғылыми-статистика материалдарын осылай қосып беруге ешқандай қарсылық жасауға болмас еді. Бірақ, амал не, аталған басылымда адрестік материал статистика материалынан мүлде басым болып кеткен, ал статистика материалы әрі толық емес, әрі тым шала өңделген күйінде берілген. Бәрінен бұрын бұл кітаптың бұрын шыққан осы тәрізді кітаптардан қолайсыз бір өзгешелігі бар, онысы — тізімге енген *әрбір* өндіріс орны мен кәсіпорын туралы статистикалық мәліметтер келтірмейтіндігінде. Осы олқылықтың салдарынан өндіріс орны мен кәсіпорындардың тізімі өзінің ғылыми маңызын жоғалтады, ал ол тізім 2703 үлкен, мейлінше майда терілген бағананы алып жатыр. Ал біздің сауда және өнеркәсіп статистикасының былыққан жағдайында атап айтқанда әрбір жеке өндіріс орны мен кәсіпорын туралы мәліметтердің айрықша маңызы бар, өйткені біздің ресми статистика мекемелері бұл мәліметтерді аз-кем болса да жарамды етіп еш уақытта өңдемейді, тек қорытындыны хабарлаумен тынады, онда да азды-көпті анық материалдар

мен мүлдем анықталмаған материалдар араласып жүреді. Соңғы ескертудің осы сөз болып отырған басылымға да қатысы бар екенін қазір көрсетеміз, бірақ алдымен құрастырушылардың мына бір тосын тәсілін атап өтейік. Құрастырушылар әрбір өндіріс бойынша өндіріс орны мен кәсіпорындардың адрестерін басқанда, бұлардың саны мен айналымдарының сомасын тек бүкіл Россия бойынша келтіреді; әрбір өндірістегі бір өндіріс орнының орташа айналымын есептейді де, осы орташа айналымнан жоғары және төмен айналымы бар өндіріс орындарын айрықша белгімен бөледі. Сауда мен өнеркәсіптің барлық салалары үшін (әрбір өндіріс орны туралы мәліметтерді жеке бастыруға болмай жатқан күнде) неғұрлым біркелкі болып келетін өндіріс орындары мен кәсіпорындардың разрядтарын (айналымның мөлшеріне, жұмысшылардың санына, двигательдердің түріне және т. т. қарай) белгілеп, барлық өндіріс орындарын осы разрядтар бойынша жіктеу анағұрлым қолайлы болар еді. Сонда, тым құрығанда, түрлі губерниялар және өндірістің түрліше салалары бойынша материалдың қаншалықты толық және салыстыруға келетіні жөнінде сөз етуге болар еді. Ал енді фабрикалар мен заводтардың статистикасына келетін болсақ, кітапта келтірілген статистикалық материалдың әртектес екеніне көз жеткізу үшін осы басылымның 1-бетінен (ескертуден) фабрика-завод ұғымына берілген керемет бұлдыр анықтаманы оқып шықса да, кейбір өндірістер бойынша берілген фабриканттардың тізімін жүгірте қарап өтсе де жетіп жатыр. «Сауда-өнеркәсіпті Россияның» («Россия өнеркәсібі мен саудасының тарихи-статистикалық шолуы») I бөлімінің I тарауында келтіріліп отырған фабрика-завод статистикасының қорытынды мәліметтеріне осы себептен өте сақ болу қажет. Онда бүкіл Россия империясында акцизсізін де, акциздісін де, кен өндірісін де есептегенде 1896 жылы (ішінара 1895 жылы) 2745 млн. сомның өнімін өндіретін, 1 742 181 жұмысшысы бар 38 401 фабрика болған деп жазылған. Біздіңше, бұл цифрды әбден тексермейінше, біздің фабрика-завод статистикамыздың өткен жылдардағы цифрларымен салыстыруға болмайды. 1896 жылы бұрын

(1894/95 ж. дейін) «фабрика-завод өндірісі қатарына енбеген бірқатар өндірістер: наубайханалар, тонялар[29] қасапханалар, баспаханалар мен литографиялар және т. т. тіркелді. Империяның барлық кен және металлургия заводтары өнімінің сомасы өзгеше бір тәсілдер арқылы 614 млн. сом болып белгіленіпті, осылай белгіленгені мынадан-ақ біліпіп тұр: шойынның құны темір мен болаттың құнында қайталап көрсетілген сияқты. Ал, керісінше, барлық кен және металлургия өнеркәсібіндегі жұмысшылардың саны азайтылып жіберілген сияқты: оларды 1895/96 ж. 505 мың болды деп көрсеткен. Бұл — не жаңсақтық, не көптеген кен өндірістерін қалдырып кеткен. Кітаптың әр жерінде шашырап жүрген цифрлардан жұмысшылар саны бұл бөлімнің кейбір өндірістерінде ғана 474 мыңға жететіні көрінеді, бұл есепке тас көмір шығаратын өндірістегі (53 мыңдай), тұз өндірісіндегі (20 мыңдай), тас ұсататын өндірістегі (10 мыңдай) және басқа бірнеше кен өндірісіндегі (20 мыңдай) жұмысшылар енбеген. 1890 ж. империяның барлық кен және металлургия өнеркәсібінде 505 мыңнан аса жұмысшы болған, ал сол кезден бері қарай дәл осы салалар өте-мөте тез өркендеді. Мысалы, кітаптың текстінде тарихи-статистикалық мәліметтер берілген осы бөлімнің бес өндірісінде (шойын құю, сым жасау, машина жасау, алтын, мыс бұйымдарын шығару) 1890 ж. 77 млн. сомның өнімін шығаратын, 69 мың жұмысшысы бар 908 өндіріс орны, ал 1896 ж. $221^1/_2$ млн. сомның өнімін шығаратын, 147 мың жұмысшысы бар 1444 өндіріс орны бар деп есептелетін. Кітапта шашырап жатқан, өкінішке қарай, өндірістердің бәріне емес, тек кейбіреулеріне ғана (мақта өңдеу, химия өндірістері және 45-тен аса басқа өндірістер) қатысы бар тарихи-статистикалық мәліметтердің бәрін жинақтай келіп, бүкіл империя бойынша мынадай мәліметтер аламыз. 1890 ж. 929 млн. сомның өнімін өндіретін, 721 мың жұмысшысы бар 19 639 фабрика мен завод, ал 1896 ж. 1708 млн. сомның өнімін өндіретін, 985 мың жұмысшысы бар 19 162 фабрика мен завод болған; бұған акцизді екі өндірісті, қызылша-қант, арақ-шарап өндірістерін (1890/91 ж.: 116 мың жұмыс-

шысы болған; 1895/96 ж.: 123 мың) қосқанда жұмысшылардың жалпы саны 837 мың және 1108 мың болып шығады, бұл *алты жылдың ішінде үштен бір еседей* өскенін көрсетеді. Ескерте кетейік, фабрикалар санының кемігені диірмендерді әр түрлі тіркеуге байланысты: 1890 ж. фабрикалардың санына 7003 диірмен (156 млн. сомның өнімін өндіреді, 29 638 жұмысшысы бар) қосылып кеткен болса, 1896 ж.— не бары 4379 диірмен (272 млн. сомның өнімін өндіреді, 37 954 жұмысшысы бар) қосылған.

Қаралып отырған кітаптан алуға болатын және 90 жылдарда Россия өнеркәсібінің өрлегені туралы аздыкөпті түсінік алуға мүмкіндік беретін мәліметтер осындай. Бұл мәселеге 1896 жылдың толық статистикалық мәліметтері жарияланғанда неғұрлым кеңірек тоқталуға болады.

1899 ж. 21 февральдан (5 марттан) ертерек жазылған

1899 ж. мартта «Начало» журналының 3-номерінде басылған
Қол қойған: Вл. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА ОРНАЛАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

«Научное Обозрениенің» осы (1899) жылғы январьдағы кітапшасында менің «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметкам (Туган-Барановский мен Булгаков мырзалардың айтысы жөнінде)», ал соның ізінше П. Б. Струвенің «Капиталистік өндіріс тұсындағы рыноктар туралы мәселе жөнінде (Булгаковтың кітабы мен Ильиннің мақаласы жөнінде)» деген мақаласы басылды. Струве «Туган-Барановскийдің, Булгаковтың және Ильиннің теориясын едәуір дәрежеде теріске шығарып» (мақаласының 63-беті), Маркстің орналастыру теориясына өзінің көзқарасын баяндайды.

Меніңше, Струвенің жоғарыда аталған жазушылармен айтысы бұлардың қорғаған теориясының мәні жөнінде өз пікірінің басқаша екендігінен емес, әлгі теорияның мазмұнын Струвенің қате түсінгендігінен туып отыр. Біріншіден, Струве өнімдер өнімдерге айырбасталады, сондықтан өндіру мен тұтынудың арасында сәйкестік болуға тиіс дейтін буржуазиялық экономистердің рыноктар теориясы мен бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысының, яғни капиталистік қоғамда өнімдерді орналастырудың *қалай* жүзеге асатынын * өз талдауы арқылы көрсетіп берген Маркстің орналастыру теориясын шатастырады. Маркс те, оның айтқанын баяндаушы жазушылар да,— Струве қарсы шығып отырған жазушылар да,— бұл талдаудан өндіру мен тұтыну үйлесімді болады деген қорытынды шығар-

* Қараңыз: менің «Этюдтерімнің» 17 және басқа беттері. (Шығармалар толық жинағы. 2-том, 156 және басқа беттер. *Ред.*)

мағаны былай тұрсын, қайта капиталистік орналастыру жағдайында болмай қоймайтын капитализмге тән қайшылықтарды * мейлінше баса көрсеткен. Екіншіден, Струве орналастырудың абстракт теориясын (оның оппоненттері тек осы теория туралы ғана айтқан) капиталистік өнімді белгілі бір елде, белгілі бір дәуірде орналастырудың нақты тарихи жағдайларымен шатастырады. Мұның өзі жер рентасының абстракт теориясын белгілі бір елдегі егіншілік капитализмі дамуының нақты жағдайларымен шатастырумен бірдей. Струвенің осы негізгі екі жаңылысуынан барып толып жатқан түсініспеушіліктер туды, мұны айқындау үшін оның мақаласының жекелеген қағидаларын талдау қажет.

1. Струве орналастыру теориясын баяндаған кезде Адам Смитке айрықша тоқтау қажет деген менің пікіріме қосылмайды. Адамға жүгінетін болсақ,— деп жазады ол,— онда Смитке емес, физиократтарға [30] тоқтау жөн болар еді. Жоқ, бұл олай емес. Өнімдер өнімдерге айырбасталады деген (физиократтарға да мәлім) ақиқатты мойындаумен шектелмей, қоғамдық *капитал* мен өнімнің әр түрлі құрамды бөлімдерінің орны олардың құны ** бойынша қалай өтелетіні (орналастырылатыны) туралы да мәселе қойған нақ Ад. Смит болды. Сондықтан да физиократтардың ілімінде, мысалы, Кенэнің «Tableau économique» ***-сінде «өз заманы үшін данышпандық» **** қағидалар болғанын толық мойындаған, ұдайы өндіріс процесін талдағанда Ад. Смиттің кей реттерде физиократтарға қарағанда тіпті бір адым кейін шегінгенін («Das Kapital» I [2], 612, Anm. 32 *****) [32] мойындаған Маркс, дегенмен, орналастыру

* Ibid. (ibidem — бұл да сонда. *Ред.)* 20, 27, 24 және т. б. беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 160, 169—170, 165—166 және басқа беттер. *Ред.)*

** Айтпақшы, «Научное Обозрениедегі» менің мақаламда «құн» деген термин барлық жерде «бағалы зат» деген терминмен ауыстырылған. Мұны істеген мен емес, редакция. Белгілі бір терминнің қолданылуы туралы мәселеге мен оншалықты мән бере коймаймын, бірақ мен «құн» деген терминді қолданғанымды және қолданатынымды айта кетуді қажет деп есептеймін.

*** — «Экономикалық кесте». *Ред.*

**** *Fr. Engels:* «Herrn E. Dühring's Umwälzung der Wissenschaft», Dritte Aufl. *(Фр. Энгельс:* «Е. Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» («Анти-Дюринг»). Үшінші басылуы. *Ред.)*, Маркс жазған тараудан, 270-бет. [31]

***** — «Капитал» I том, 2-басылуы, 612-бет, 32-ескерту. *Ред.*

туралы мәселенің тарихына шолу жасаған кезде («Das Kapital», II [1], S. 350—351)[33] физиократтарға не бары бір жарым бет арнаған, ал Ад. Смитке отыз беттен артығырақ орын берген (ib., 351—383) [34], сөйтіп Ад. Смиттің кейінгі бүкіл саяси экономияға мұра болған негізгі қатесін бастан-аяқ талдап өткен. Сөйтіп, Смиттің қатесін қайталай берген буржуазиялық экономистердің орналастыру теориясын анықтау үшін нақ Ад. Смитке тоқтау қажет.

2. Булгаков мырза өзінің кітабында буржуазиялық экономистер жай товар айналысы мен капиталистік товар айналысын шатастырды, ал Маркс бұл екеуінің арасында айырмашылық бар екенін анықтады деп әбден орынды айтады. Струве Булгаков мырзаның пікірі түсінбеушіліктен туған деп санайды. Меніңше, керісінше, бұл жерде түсінбеушілік Булгаков мырзаның емес, Струвенің тарапынан болып отыр. Шынында, Булгаков мырзаның пікірін Струве қалайша теріске шығарып отыр? Тіптен ғажап нәрсе: ол Булгаковтың пікірін оның айтқанын қайталап айту арқылы теріске шығарады. Струве: Марксті өнім сол қоғамның өз ішінде орналастырылуы мүмкін дейтін орналастыру теориясын жақтаушы деп тануға болмайды, өйткені Маркс «жай товар айналысы мен капиталистік товар айналысының арасында үлкен айырмашылық барын ашты» (!! 48-бет), дейді. Мұнысы Булгаков мырзаның айтқан пікірінің дәл өзі ғой! Дәл сондықтан да Маркстің теориясы өнімдер өнімдерге айырбасталады деген шындықты қайталауға барып тірелмейді. Сондықтан да Булгаков мырзаның буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық экономистердің артық өндіру мүмкіндігі туралы таласын «бос, схоластикалық сөз жарыстыру» деп санауы әбден орынды: таласушы жақтың екеуі де товар айналысы мен капиталистік товар айналысын шатастырған, екеуі де Ад. Смиттің қатесін қайталаған.

3. Струве орналастыру теориясын пропорциялы бөлу теориясы деп бекерге атайды. Бұл дәл емес, сондықтан түсінбеушілікке апарып соқтырмай қоймайды. Орналастыру теориясы бүкіл қоғамдық капиталдың

ұдайы өндірісі мен айналысы қалай болатынын көрсететін абстракт * теория. Бұл абстракт теорияның қажетті алғы шарты, біріншіден, сыртқы сауданы, сыртқы рыноктарды абстракциялау болып табылады. Бірақ орналастыру теориясы сыртқы сауданы абстракциялай отырып, капиталистік қоғам қашан да болса сыртқы саудасыз өмір сүрген немесе өмір сүре алады, деп тіпті де кесіп айтпайды **. Екіншіден, орналастырудың абстракт теориясы капиталистік өндірістің түрлі салалары арасында өнімді пропорциялы бөлуді көздейді, көздеуге тиісті де. Бірақ осылай деп ұйғара отырып, орналастыру теориясы капиталистік қоғамда өнімдер әрқашан пропорциялы бөлінеді немесе бөлінуі мүмкін деп тіпті де кесіп айтпайды ***. Булгаков мырза орналастыру теориясын құн теориясымен әбден орынды салыстырады. Құн теориясы сұраным мен ұсынымның тең болуын көздейді және көздеуге тиіс те, бірақ ол капиталистік қоғамда мұндай теңдік әрқашан болған, бола алады деп тіпті де кесіп айтпайды. Капитализмнің кез келген басқа заңдары сияқты, орналастыру заңы «іске асырылмау жолымен ғана іске асырылады» (Булгаков, Струвенің мақаласында келтірілген цитат, 56-бет). Пайданың орта және тең нормасы туралы теория да, асылында, өндірістің түрлі салалары арасында өнімді пропорциялы бөлуді көздейді. Бірақ Струве осындай негізге

---

* «Научное Обозрениедегі» менің мақаламды қараңыз, 37-бет. (Осы том, 50—51-беттер. *Ред.)*

** Ibid., 38-бет. (Қараңыз: осы том, 51—52-беттер. *Ред.)* Салыстырыңыз: «Этюдтер», 25-бет: «Біз капитализм үшін сыртқы рыноктың қажеттігін жоққа шығармаймыз ба? Әрине, жоққа шығармаймыз. Бірақ тек сыртқы рынок жөніндегі мәселенің өнім өткізу жөніндегі мәселемен тіпті ешбір қатысы жоқ». (Шығармалар толық жинағы, 2-том, 167—168-беттер. *Ред.)*

*** «Үстеме құнның орнын толтыратын өнімдер ғана емес, сонымен қатар өзгермелі капитал... мен тұрақты капиталдың орнын толтыратын өнімдер де... бұлардың бәрі капитализм өскен сайын күшейе беретін «қиыншылықтардың» ішінде ғана, ұдайы болып тұратын ауытқулардың ішінде... ...өткізіле береді...» («Этюдтер», 27-бет). Бәлкім, Струве бұл жерге басқа жерлері, мысалы, 31-беттегі: «... капиталистердің үстеме құнды өткізе *алатыны»?..* деген жері қайшы келеді дер... Бұл тек қайшылық сияқты болып қана көрінетін нәрсе. Біз орналастырудың абстракт теориясын алатын болған соң (ал халықшылдар, атап айтқанда, үстеме құнды орналастыру мүмкін еместігі туралы абстракт теорияны шығарған) орналастырудың мүмкіндігі туралы қорытындының шығуы сөзсіз. Бірақ абстракт теорияны баяндай отырып, орналастырудың нағыз процесіне тән қайшылықтарды көрсету керек. Менің мақаламда бұл жағы көрсетілді де. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 169—170, 175-беттер. *Ред.)*

сүйеніп бұл теорияны пропорциялы бөлу теориясы деп атай алмайды ғой!

4. Струве Ад. Смиттің қатесін қайталағаны үшін Рикардоны Маркс орынды кінәлаған деген менің пікіріме қарсы дауласады. «Маркстікі теріс еді»,— деп жазады Струве. Бірақ Маркс Рикардо шығармасының бір жерін тура цитатқа алады (II [1], 383) [35]. Струве бұл жерін елеусіз қалдырады. Маркс келесі бетте Рикардоның дәл осы қатесін көрсеткен Рамсэйдің (Ramsay) пікірін келтіреді. Мен Рикардо шығармасының басқа бір жерін де келтіргенмін, әлгі жерінде ол тура былай дейді: «Әрбір елдің жері мен еңбегінің барлық өнімі үш бөлімге: кесімді ақыға, пайдаға және рентаға бөлінеді» (бұл жерде тұрақты капитал қатеден қалып қойған. Қараңыз: «Рикардоның шығармалары», Зибердің аудармасы, 221-бет). Струве бұл жерге де соқпай, үндемей өтеді. Ол Рикардоның бір ескертуін ғана цитатқа келтіреді, бұл ескертуде жалпы табыс пен таза табыстың айырмашылығы туралы Сэйдің пікірінің қисынсыздығы көрсетілген. Маркс орналастыру теориясынан шығатын қорытындыларды баяндайтын «Капиталдың» III томының 49-тарауында Рикардоның дәл осы ескертуін келтіреді де, ол туралы былай дейді: «Айта кетейік, Рикардоның өзі де Смиттің товарлар бағасын теріс талдағанын, атап айтқанда, бұл бағаның табыстар құнының сомасына (Revenuen) бөлінетінін еш жерде сынамағанын алда анық көреміз,— «Капиталдың» әлі басылып шықпаған IV томын [36] айтып отырған болуы керек.— Рикардо бұл талдаудың қателігіне назар аудармайды және өзі жасаған талдауда оны дұрыс көріп, товарлар құнының тұрақты бөлігінен «абстракция» жасағанда бара-бара өзі де дәл осы көзқарасқа байланып қалады» (басқаша айтқанда, Смиттің түсіну әдісіне. «Das Kapital», III, 2, 377. Орысша аудармасы, 696) [37]. Кімдікі дұрыс екенін оқушылар айтсын: Рикардо Смиттің қатесін қайталап отыр * деген Маркстікі дұрыс па, әлде Рикардо «бүкіл

* Маркстің берген бағасының әділдігі мынадан да ерекше айқын көрінеді: Рикардо жеке капиталдың қорлануы жөніндегі Смиттің қате көзқарасын жақтаған. Атап айтқанда, үстеме құнның қорланатын бөлегі: 1) тұрақты капиталға және 2) жалақыға жұмсалатын болса да, Рикардо оның бәрін жалақыға түгел жұмсалады деп ойлады. Қараңыз:

қоғамдық өнімнің жалақымен, пайдамен және рентамен шектелмейтінін тамаша (?) түсінді» дейтін және Рикардо «өндіріс шығынын құрайтын қоғамдық өнімнің бөлшектеріне білместіктен (!) назар аудармады» дейтін Струвенікі дұрыс па. *Тамаша* түсіне тұрып, *білместіктен* назар аудармау деген бола ма екен?

5. Рикардо Смиттің қатесін қайталады деген Маркстің пікірін Струвенің теріске шығармағаны былай тұрсын, өзінің мақаласында сол қатені өзі де қайталады. «Қоғамдық өнімді белгілі бір категорияларға бөлудің орналастыруды жалпы түсіну үшін елеулі маңызы бар деп ойлаудың өзі... ғажап нәрсе,— деп жазады Струве,— оның үстіне орналастырылатын өнімнің барлық бөліктері орналастыру процесінде шынында табыс (жалпы табыс) түріне айналады және классиктер осыларды табыс деп қараған» (48-бет). Бірақ әңгіме мынада: орналастырылатын өнімнің барлық бөліктері *бірдей* табыс (жалпы табыс) түріне айналмайды; Маркс Смиттің нақ осы қатесін түсіндірді, орналастырылатын өнімнің бір бөлегі табыс түріне еш уақытта айналмайды және айнала алмайды да деп көрсетті. Бұл — өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығаруға арналған тұрақты капиталдың (Маркстің терминологиясы бойынша I бөлімдегі тұрақты капитал) орнын толтыратын қоғамдық өнімнің бір бөлегі. Мысалы, ауыл шаруашылығында егіске арналған астық еш уақытта табыс түріне айналмайды; тас көмір қазып шығаруға қайта жұмсалатын тас көмір еш уақытта табыс түріне айналмайды және т. т және т. т. Жалпы өнімнің тек капитал ғана бола алатын, еш уақытта табыс * түріне айнала алмайтын бөлегі ажыратылып көрсетілмеген жағдайда бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы процесін түсіну мүмкін емес. Дамып келе жатқан капиталистік қоғамда қоғамдық өнімнің бұл бөлегі қажетті түрде бұл өнімнің қалған басқа бөлегінің бәрінен де тез өсуге тиіс. Капитализмнің ең терең қайшылықтарының

«Das Kapital», I², 611—613, 22-тарау, § 2. [38] — Салыстырыңыз: «Этюдтер», 29-бет, ескертулер. (Шығармалар толық жинағы, 2-том, 173-бет. *Ред.*)

* Салыстырыңыз: «Das Kapital», III, 2, 375—376 (орысша аудармасы, 696) жалпы өнім мен жалпы табыстың айырмашылығы туралы [39].

бірін тек осы заң арқылы ғана түсіндіруге болады: халықтың тұтынуы өте баяу өсіп отырған жағдайда (өсіп отырды деуге болса) ұлттық байлық өте шапшаң өседі.

6. Маркстің тұрақты және өзгермелі капиталды айыра қарауының «орналастыру теориясына қажеттігін» және менің мұны «өте-мөте қуаттайтынымның» неліктен екенін Струве «мүлдем түсінбейді».

Струвенің бұл түсінбеуі, бір жағынан, тек қана жаңсақтықтың салдары. Біріншіден, осы айыра қараудың бір жақсы жағын, атап айтқанда, бұған тек табыстар ғана емес, бүкіл өнім кіретінін Струвенің өзі мойындап отыр. Мұның тағы бір жақсы жағы — ол орналастыру процесін талдауды жеке капитал өндіру процесін талдаумен сабақтастыра байланыстырады. Орналастыру теориясының міндеті қандай? — бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы *қалай* болатынын көрсету. Бұл арада өзгермелі капиталдың ролі тұрақты капиталдың ролінен түбегейлі өзгеше болуға тиісті екені алғаш қарағанда-ақ айқын емес пе? Өзгермелі капиталдың орнын толтыратын өнімдер сайып келгенде жұмысшылардың *тұтыну заттарына* айырбасталып, жұмысшылардың әдеттегі тұтынуын өтеуге тиіс. Тұрақты капиталдың орнын толтыратын өнімдер сайып келгенде өндіріс *құрал-жабдықтарына* айырбасталып, жаңа өндіріске арналған капитал ретінде жұмсалуға тиіс. Сондықтан тұрақты және өзгермелі капиталдарды айыра қарау орналастыру теориясы үшін сөзсіз қажет. Екіншіден, Струвенің түсінбеушілігі оның бұл жерде де орналастыру теориясын өнімдердің пропорциялы бөлінетінін көрсететін теория (әсіресе 50—51-беттерді қараңыз) ретінде беталды және қате ұғынуынан туған. Орналастыру теориясының мәнін бұлай түсінудің дұрыс еместігін біз жоғарыда айтқанбыз және тағы да қайталап айтамыз.

Екінші жағынан, Струвенің түсінбеушілігі мынадан туған: ол Маркс теориясындағы «социологиялық» және «экономикалық» категориялардың арасын ажыратып қарау қажет деп санайды да, осы теорияға қарсы бірнеше жалпы ескерту жасайды. Мен бұған, біріншіден, орналастыру теориясы туралы мәселеге мұның бәрінің

мүлде қатысы жоқ деуге тиіспін; екіншіден, Струвенің айыра қарауы айқын емес деп санаймын және онан келер ешқандай нақтылы пайда жоқ деп білемін. Үшіншіден, өз теориясының «социологиялық негіздерінің» рынок құбылыстарын талдауға қатынасы «Маркстің өзіне де айқын еместігі даусыз еді», «құн туралы ілімде «Капиталдың» I және III томдарында баяндалған қалпында сөзсіз қайшылық бар» * деп отырған Струвенің пікірлері даулы ғана емес, тіпті мүлдем теріс деп санаймын. Струвенің бұл айтқандарының бәрі бекер сөз. Бұлары дәлелдер емес, декреттер. Мұның өзі Маркс теориясына жасалған сынның — неокантшылдар ** айна-

* Пайданың орта нормасының заңы «құн заңын жоймайды, тек оның түрін ғана өзгертеді» дейтін және соны көрсетіп беретін К. Каутскийдің құн теориясын ең жаңаша баяндауын мен Струвенің осы соңғы мәлімдемесіне қарсы қоямын («Die Agrarfrage», S. 67—68) («Аграрлық мәселе», 67—68-беттер. *Ред.).* Орайы келгенде Каутскийдің тамаша кітабының алғы сөзіндегі мынадай қызғылықты мәлімдемесін атап өтелік: «Ұсынылып отырған шығармамда тың және жемісті пікірлер тудырып, дамыта алған болсам, ол үшін ең алдымен екі ұлы ұстазыма борыштымын; мен мұны онан сайын баса айтуға әзірмін, өйткені біраздан бері тіпті өз арамызда Маркс пен Энгельстің көзқарасын ескірді деп жариялаушы дауыстар естіледі... Меніңше, бұл скептицизм дау болып отырған ілімнің қасиеттерінен гөрі скептиктердің жеке басының өзгешеліктеріне байланысты. Мен бұл қорытындыны скептиктердің қарсы пікірлеріне талдау жасаудың нәтижелері негізінде ғана емес, сонымен бірге өз тәжірибемнің негізінде де жасап отырмын. Өз қызметімнің... бастапқы кезінде мен марксизмге әсте де іш тартқан емеспін. Қазір менің догматтық фанатизміме мен-менсіп, кекірейе қарайтын адамдардың біріндей мен де марксизмге сондайлық сын көзімен және сондайлық сенбестікпен қарайтынмын. Біраз қарсылық жасағаннан кейін ғана мен марксист болдым. Ал сол кезде де, онан кейін де,— қайсыбір принциптік мәселе жөнінде көңілімде күдік туған сайын,— сайып келгенде, менің ұстаздарымдікі дұрыс, өзімдікі теріс екеніне көзім жете берді. Мәселені негұрлым тереңірек зерттеу олардың көзқарасының дұрыстығына мені мойындата берді. Сөйтіп, мәселені қайта зерттеген сайын, өз көзқарасымды қайта қарауға талпынған сайын, менің сенімім күшейе берді, бұл ілімге берік мойындай бердім, сөйтіп оны тарату және қолдану өз өмірімнің міндетіне айналды».

** Айтпақшы, Струве соншама құмартып жүрген осы (болашақ) «сын» туралы бірер сөз. Есі дұрыс адамның бірде-бірі, әрине, сынға тегі қарсы болмайды. Бірақ Струве марксизмді «сыншыл философиямен» жандандыра түсу керек дейтін өзінің соншалықты ұнататын пікірін қайталап отырған сияқты. Әлбетте, мен бұл жерде марксизмнің философиялық мазмұны туралы мәселеге, әрине, тоқтағым да келмейді, мүмкіндігім де жоқ, сондықтан мен мынадай ескертпемен ғана шектелемін. Маркстің «кейін Кантқа қарай» шақыратын шәкірттері бұл сияқты кілт бұрылудың қажеттігін дәлелдерлік, Маркс теориясының неокантшылдықпен [40] жандандырудан көріне ұтатындығын көрсетерлік еш нәрсе де берген жоқ. Олар ең алдымен өздерінің мойнына жүктелетін міндетін де — Энгельстің неокантшылдықты теріс деп берген бағасын әбден талдап, бекерге шығару міндетін де орындаған жоқ. Керісінше, Кантқа қарай кейін шегіну емес, бір жағынан, Маркске дейінгі философиялық материализмге, екінші жағынан, диалектикалық идеализмге қол созған шәкірттер диалектикалық материализмді өте тыңғылықты және байыпты етіп баяндады, диалектикалық материа-

лыспақ болып жүрген сынның күні бұрын жасалып қойған нәтижесі. Бұл сыннан не шығарын тірі болсақ көрерміз. Ал әзірше бұл сын орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде ештеңе бермейді дей аламыз.

7. «Капиталдың» II томының III бөліміндегі Маркс схемаларының маңызы туралы мәселе жөнінде Струве орналастырудың абстракт теориясын қоғамдық өнімді бөлудің мейлінше әр түрлі тәсілдері арқылы жақсылап баяндауға болады дейді. Бұл таңырқарлық пікір орналастыру теориясы өнімдер өнімдерге айырбасталады деген тозығы жеткен ұғыммен бейне «түгел сарқылады» (??!) деп білетін Струвенің негізгі түсінбеушілігінен туып отыр. Струве тек осы түсінбеушіліктің салдарынан ғана былай деп жазып отыр: «Өндіруде, бөлуде және т. т. осы» (орналастырылатын) «товарлар көлемінің ролі қандай, олар капитал болып санала ма (sic!! *), саналса қандай капитал, тұрақты капитал ма, әлде озгермелі капитал ма, бұл теорияның мәні үшін оның мүлдем бәрібір» (51). Бүкіл қоғамдық *капиталдың* ұдайы өндірісі мен айналысын талдауды көздейтін Маркстің орналастыру теориясы үшін товарлардың капитал болып саналу-саналмауы бәрібір болыпты-мыс!! Мұның өзі егер біреу жер рентасының мәні үшін село халқы егіншілерге, капиталистерге және жұмысшыларға бөліне ме, жоқ па, бәрібір, өйткені бұл теория айналып келгенде жердің әр түрлі учаскесінің құнарлылығы түрліше екендігін көрсетеді десе, бұл да соның кебін кигендік болады.

Струве тағы да сол түсінбеушіліктің салдарынан ғана былай деп айта алады: «қоғамдық тұтыну элементтерінің арасындағы заттық қарым-қатынас — *заттардың* қоғамдық айырбасы — бәрінен де» өнімдерді Марксше болу арқылы емес, мынадай болу арқылы: өндіріс құрал-жабдықтары+тұтыну заттары+қосымша бағалы зат (құн, 50-бет) дегендерге болу арқылы «жақсы көр-

лизм философия мен қоғамдық ғылымның ең соңғы бүкіл дамуының заңды және сөзсіз нәтижесі екенін көрсетті. Мен орыс әдебиетінде Бельтов мырзаның белгілі еңбегін және неміс әдебиетін де «Beiträge zur Geschichte des Materialismus»-ті (Stuttgart. 1896) [41] («Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (Штутгарт, 1896). *Ред.)* айтсам да жеткілікті.

* — солай!! *Ред.*

сетіле алады».— Заттардың қоғамдық айырбасы дегеніміз не? Бәрінен бұрын өндіріс құрал-жабдықтарының тұтыну заттарына айырбасталуы. Қосымша құнды өндіріс *құрал-жабдықтарынан* және тұтыну *заттарынан* бөліп тастап, бұл айырбасты қалайша көрсетуге болады? Қосымша құн не өндіріс құрал-жабдықтарына, не тұтыну заттарына сіңеді ғой! Мұндай бөлу — логикалық жағынан қисынсыз бөлу (өйткені бұл өнімді заттай түрінде бөлу мен құн элементтері түрінде бөлуді шатастырады) — заттардың қоғамдық айырбас процесін *көлегейлейтіні* айқын емес пе? *

8. Струве мені Сэй — Рикардоның апологетикалық-буржуазиялық теориясын (52),— өндіру мен тұтынудың арасындағы үйлесімділік теориясын (51),— Маркстің эволюция және капитализмнің түбінде құритыны туралы іліміне көпе-көрнеу қарама-қарсы тұрған теорияны (51—52) Маркске таңып отыр дейді; сондықтан Маркстің II томда да, III томда да капитализмге тән өндірісті шексіз ұлғайту мен халық бұқарасы тұтынуының шектеулілігі арасындағы қайшылықты баса айтқаны туралы менің «барынша әділ пікірім» «басқа жағдайларда» мен қорғап отырған «орналастыру теориясын... мүлде сыртқа шығарып тастайды» дейді.

Струвенің бұл сөзі де тағы дәл сондай теріс және тағы дәл сондай жоғарыда айтылған оның түсінбеушілігінен туып отыр.

Орналастыру теориясы деп менің бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы процесін талдауды түсінбей, өнімдер өнімдерге айырбасталады дейтін теория деп, өндіру мен тұтынудың үйлесімділігін айтатын теория ғана деп түсінетінімді Струве қайдан шығарып алып отыр? Струве менің мақаламды талдаған кезде орналастыру теориясын менің екінші мағынада түсінгенімді көрсете алмас еді, өйткені мен орналастыру теориясын бірінші мағынасында түсінетінімді тура және анықтап айтқанмын. «Экономикалық романтизмнің

* Оқушының есіне сала кетейік, Маркс бүкіл қоғамдық өнімді өнімнің заттай түріне қарай екіге бөледі: I) өндіріс құрал-жабдықтары; II) тұтыну заттары. Бұдан соң осы бөлімдердің әрқайсысында өнім құн элементтеріне қарай үш бөлшекке бөлінеді: 1) тұрақты капитал; 2) өзгермелі капитал; 3) үстеме құн.

сипаттамасы жөнінде» деген мақаланың Смит пен Сисмондидің қателерін айқындауға арналған параграфында: «Бұл жерде әңгіменің түйіні қоғамдық өнімнің барлық бөлімдері *қалай* өткізіледі, *яғни* қалай орналастырылады деген мәселеде болып отыр. Сондықтан қоғамдық капитал мен табыс туралы — немесе, бәрібір, капиталистік қоғамда өнімнің өткізілуі туралы — сөз қылғанда, бастама пункт болатын нәрсе... өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын айыра білу болуға тиіс» («Этюдтер», 17) * делінген. «Өнім өткізу жөніндегі мәселенің түйіні — құны жағынан да, заттық түрі жағынан да қоғамдық өнімнің барлық бөлімдерінің *орнын толтыруды* талдап шығуда» (ib., 26). * Струве біздің көңіл бөліп отырған теориямыз «мұндай орналастыру жүзеге асырылып жатқандықтан... орналастырудың механизмін көрсетеді...» («Н. Об.», 62)? дегенде маған қарсы шыққан болып,— *соның* өзін қайталап отырған жоқ па екен? Мен өнімдер «капитализм өскен сайын күшейе беретін «қиыншылықтардың» ішінде ғана, үнемі болып тұратын ауытқулардың ішінде... аласұрған бәсекенің ішінде бір қалыппен өткізіле береді» («Этюдтер», 27)? ** дегенде — халықшылдар теориясы «өнімнің орналастырылуын түсінбегендікті ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар *осы өнім орналастыру ісіне тән қайшылықтарды да өте үстірт түсінетіндікті* көрсетеді» (26—27)? ** дегенде — өнімнің тұтыну заттары есебінен гөрі өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен орналастырылып жататыны, әрине, «қайшылық... бірақ бұл — іс жүзінде бар, капитализмнің табиғатының өзінен келіп шығатын... қайшылық» (24) **, «бұл жағдай капитализмнің тарихи «міндеті» мен оның әлеуметтік айрықша құрылымына толық сай келеді: біріншісі» (яғни миссия) «қоғамның өндіргіш күштерін дамытады (өндіріс үшін өндіру); екіншісі» (яғни, капитализмнің әлеуметтік құрылымы) «оларды халық бұқарасының пайдалануын болдырмайды» (20) *** дегенде сол өзім

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 156—157, 168-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 169—170, 169, 165-беттер. *Ред.*
*** Бұл да сонда, 160—161-беттер. *Ред.*

қорғап жүрген орналастыру теориясына өзім қайшы келем бе екен?

9. Капиталистік қоғамдағы өндіру мен тұтынудың арақатынасы туралы мәселе жөнінде Струвемен арамызда пікір алалығы жоқ тәрізді. Бірақ Струве Маркстің қағидасында (тұтыну капиталистік өндірістің мақсаты емес дейтін қағидасында) «жалпы алғанда Маркстің бүкіл системасының даулы сипаты бар екендігінің айқын таңбасы көрінеді. Онысы бір жақты айтылған қағида...» (53) дейтін болса, онда мен бұл сияқты сөздердің орындылығы және әділдігі жөнінде мықтап дауласамын. Тұтыну капиталистік өндірістің мақсаты емес екендігі факт. Бұл факті мен өндірудің сайып келгенде капиталистік қоғамда да тұтынумен байланыстылығы, тұтынуға тәуелділігі жөніндегі фактінің арасындағы қайшылық,— доктрина қайшылығы емес, нағыз өмір қайшылығы. Маркстің орналастыру теориясының, сайып келгенде, үлкен ғылыми құндылығы да сонда, ол осы қайшылықтың қалай жүзеге асатынын көрсетеді, ол осы қайшылықты бірінші орынға қойып көрсетеді. «Маркс системасының» «даулы сипаты» болса, ол оның «бір жақты» * болғандығынан емес, оның өмірдегі қайшылықтардың бәрін теорияда дәл бейнелеп бергендігінен. Сондықтан да, былайша айтқанда, «Маркс системасының» «даулы сипатын» ұғынбайынша, оны ұғынуға талпыну әрекетінің бәрі сәтсіздікке ұшырап жүр және солай бола бермекші де: системаның «даулы сипаты» капитализмнің өзінің «даулы сипатының» дәл бейнеленуі ғана.

10. Струве «орналастыру теориясының нақты маңызы қандай?» — деп сұрайды да, капиталистік өндірісті ұлғайту мүмкіндігі бірқатар дағдарыстар арқылы болса да, жүзеге асырылып отыр деген Булгаков мырзаның пікірін келтіреді. «Капиталистік өндіріс бүкіл дүние жүзінде өсіп келеді»,— дейді Булгаков мырза. «Бұл мүлдем қисынсыз дәлел,— деп Струве қарсы шығады.—

* Пайданың орта нормасы туралы Маркс теориясын бір жақты деп білген á la А. Скворцов мырзалардың елден ерек қылығы бұл сияқты сөздерді қолданудан сақтандырар еді.

«Капиталистік өндірістің» нақты «ұлғаюы» тіпті де Булгаков пайымдағандай мінсіз немесе оқшауланған капиталистік мемлекетте болып жатқан жоқ және сол пайымдау бойынша өзімен өзі болып отырған жоқ, экономикалық дамудың барынша әр алуан сатылары мен шаруашылық тұрмыстың түрліше формалары соқтығысып жататын дүние жүзілік шаруашылық майданында жүріп жатыр, мәселе, міне, осында» (57).

Сонымен, Струвенің қарсылығы шындығына келгенде орналастыру оқшауланған, өзімен өзі болған капиталистік мемлекетте емес, «дүние жүзілік шаруашылық майданында», яғни басқа елдерге өнім өткізу арқылы болып жатады дегенге барып саяды. Бұл қарсылықтың қатеге негізделгенін көру оп-оңай. Егер біз ішкі рынокпен («өзімен өзі болған» капитализм) шектелмей, сыртқы рынокты мезгесек, осыдан орналастыру туралы мәселе азды-көпті өзгере ме? егер біз бір елдің орнына бірнеше елді алсақ, осыдан мәселе озгере ме? Егер біз капиталистер өздерінің товарын теңізге тастайды немесе шетелдіктерге тегін береді деп ойламайтын болсақ,— егер біз бірлі-жарым, ерекше жағдайлар мен дәуірлерді алмасақ, онда шетке зат шығару мен шеттен зат әкелудің белгілі дәрежеде бірқалыптылығын қабылдауға тиісті екеніміз анық. Егер бір ел белгілі бір өнімдерді шетелге шығарып, «дүние жүзілік шаруашылық майданында» орналастыратын болса, онда ол соның есесіне басқа өнімдер әкеледі. Орналастыру теориясы тұрғысынан қарағанда, «сыртқы сауда тек жергілікті бұйымдарды (Artikel — товарларды) басқа тұтыну немесе заттық формадағы бұйымдармен ауыстырады» («Das Kapital», II, 469.[42] Цитатты «Н. Об.» 38-бетінде мен келтіргенмін *) деуіміз қажет. Біз бір елді аламыз ба немесе бірнеше елді аламыз ба, орналастыру процесінің мәні онан ешбір өзгермейді. Демек, Булгаков мырзаға қарсы шыққанда Струве орналастыру туралы мәселені сыртқы рынок туралы мәселемен байланыстыратын халықшылдардың ескі қатесін қайталап отыр **.

* Қараңыз: осы том, 52-бет. *Ред.*

** Халықшылдардың бұл қатесін мен «Этюдтерде» талдағанмын, 25—29-беттер. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 166—172-беттер. *Ред.*)

Анығында бұл мәселелердің арасында ешбір ұқсастық жоқ. Орналастыру туралы мәселе тегі капитализм теориясына қатысы бар абстракт мәселе. Біз бір елді, немесе бүкіл дүние жүзін аламыз ба, орналастырудың Маркс ашқан негізгі заңдары сол күйінде қала береді.

Сыртқы сауда немесе сыртқы рынок туралы мәселе — тарихи мәселе, капитализмнің белгілі бір елде, белгілі бір дәуірде дамуының нақты жағдайлары туралы мәселе *.

11. Енді Струвені «көптен толғантып жүрген»: орналастыру теориясының нақтылы-ғылыми құндылығы қандай? — деген мәселеге біраз тоқталайық.

Маркстің абстракт теориясының барлық басқа қағидаларының құндылығы қандай болса, бұл да дәл сондай. Егер Струве «мүлтіксіз орналастыру капиталистік өндірістің шын жағдайы емес, оның мұраты» деген жайға тосырқай қарайтын болса, онда біз капитализмнің Маркс ашқан басқа заңдарының бәрі де капитализмнің тіпті де шын жағдайын емес, тек мұратын ғана көрсететінін оның есіне саламыз. «Біздің мақсатымыз,— деп жазды Маркс,— капиталистік өндіріс әдісінің ішкі ұйымдастырылуын оның мұраты дерлік орташа кейпінде көрсету» («in ihrem idealen Durchschnitt». «Das Kapital», III, 2. 367; орысша аудармасы, 688-бет) [43]. Капитал теориясы жұмысшы өзінің жұмыс күшінің толық құнын алады деп ұйғарады. Бұл — капитализмнің тіпті де шын жағдайы емес, оның мұраты. Рента теориясы егінші халықтың бәрі жер иеленушілер, капиталистер және жалдама жұмысшылар болып әбден бөлінді деп ұйғарады. Бұл — капитализмнің тіпті де шын жағдайы емес, оның мұраты. Орналастыру теориясы өндіріс пропорциялы түрде бөлінеді деп ұйғарады. Бұл капитализмнің тіпті де шын жағдайы емес, оның мұраты.

Маркс теориясының ғылыми құндылығы оның бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы процесін түсіндіріп бергендігінде. Сонан соң, Маркс теориясы капитализмге тән қайшылықтың қалай жүзеге асатынын, өндірістің орасан өсуіне қарай халық тұ-

* Ibid. Салыстырыңыз: «Научное Обозрение», № 1, 37-бет. (Осы том, 50—51-беттер. *Ред.*)

тынуының соған сәйкес қатар өсіп отырмайтынын көрсетті. Сондықтан Маркстің теориясы буржуазиялық-апологеттік теорияны қалпына келтірмейтіні былай тұрсын, (Струвеге осылай елестеген ғой), қайта *апологетикаға қарсы аса мықты қару болады.* Бұл теориядан шығатын қорытынды: бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы *тіпті* ойдағыдай және пропорциялы болғанның өзінде де өндірістің өсуі мен тұтынудың тежеулі шеңбері арасында қайшылық болмай қоймайды. Ал *оның үстіне* іс жүзінде орналастыру процесі ойдағыдай мінсіз пропорциялы түрде жүріп отырмайды, «қиыншылықтар», «ауытқулар», «дағдарыстар» және т. т. ішінде ғана жүріп жатады.

Сонан соң, Маркстің орналастыру теориясы тек апологеттікке ғана қарсы емес, капитализмді мещандық реакцияшыл сынауға да қарсы аса мықты қару болады. Біздің халықшылдар капитализмді дәл осылай сынауды өздерінің орналастыру туралы қате теориясымен сүйемелдеуге тырысты. Ал орналастыруды Маркстің түсінуі капитализмнің тарихи прогресшілдігін (өндіріс құрал-жабдықтарының дамуы, демек, қоғамның өндіргіш күштерінің де дамуы) мойындауға жеткізбей қоймайды, бірақ бұл арқылы капитализмнің тарихи өткінші сипаты бүркемеленбейтіні былай тұрсын, қайта оны айқындай түседі.

12. «Мінсіз немесе оқшауланған өзімен өзі болатын капиталистік қоғам жөнінде» Струве ондай қоғамда ұлғаймалы ұдайы өндіріс мүмкін емес, «өйткені сөзсіз қажет болатын қосымша жұмысшыларды алар жері жоқ» дейді.

Мен Струвенің бұл пікірімен ешбір келісе алмаймын. Қосымша жұмысшыларды резерв армиясынан алуға болмайтынын Струве дәлелдеген жоқ, оны дәлелдеуге де болмайды. Қосымша жұмысшыларды халықтың табиғи өсімінен алуға болады дегенге Струве мүлдем дәлелсіз: «табиғи өсімге негізделген ұлғаймалы ұдайы өндіріс арифметикалық тұрғыдан жай өндіріспен бірдей болмауы мүмкін, бірақ практикалық-капиталистік тұрғыдан, яғни экономикалық тұрғыдан онымен әбден сәйкес келеді» дейді. Қосымша жұмысшыларды табуға болмай-

ды дегенді теориялық жағынан дәлелдей алмайтынын сезіп, Струве тарихи және практикалық жағдайларды сылтауратып, мәселеден жалтарып шыға келеді. «Маркс тарихи (?!) мәселені осындай, мүлдем абстракт конструкция негізінде шеше алды деп ойламаймын»... «Өзімен-өзі болатын капитализм тарихи тұрғыдан алғанда(!) ақылға сыйымсыз шек»... «Жұмысшыны еріксіз көндіруге болатын еңбекті интенсивтендіру нақтылы ғана емес, сонымен бірге логикалық жағынан да өте тар шеңберге қойылған»... «Еңбек өнімділігін тоқтаусыз арттыра беру еңбекке зорлаудың өзін де әлсіретпей қоймайды»...

Бұл сөздердің логикаға сыйымсыздығы анадайдан көрінеді! Тарихи мәселені абстракт конструкция арқылы шешуге болады деген өрескел пікірді Струвенің оппоненттерінің бірде-бірі еш жерде, еш уақытта айтқан емес. Ал қазіргі уақытта Струве мүлдем тарихи емес, қайта «мінсіз капиталистік қоғам жөнінде» (57) барып тұрған абстракт мәселені, таза теориялық мәселені қойып отыр. Оның мәселеден көріне жалтарып отырғаны осыдан айқын емес пе? Қазіргі капитализмді мінсіз капитализмге айналдырудан гөрі капитализмнің құруына қарай бастайтын және соған анағұрлым тез жеткізетін толып жатқан тарихи және практикалық жағдайлар (капитализмнің өзіне тән ішкі қайшылықтары туралы айтпағанның өзінде) бар,— мұны мен, әрине, теріске шығаратын ойым жоқ. Бірақ «мінсіз капиталистік қоғам жөніндегі» таза теориялық мәселе жөнінде мен мұндай қоғамда ұлғаймалы ұдайы өндірістің мүмкіндігін теріске шығарарлық ешбір теориялық негіз жоқ деген өзімнің бұрынғы пікірімдемін.

13. «В. В. мен Н.— он мырзалар Россияның капиталистік дамуындағы қайшылықтар мен сүрінер жерін көрсеткен, ал оларға Маркстің схемаларын көрсетіп: капиталдар әрқашан капиталдарға айырбасталып отырады... дейді» (Струве мақаласынан цитат, 62).

Мұнысы барынша уытты айтылған. Бір өкінішті жері, бұл арада істің жайы мүлдем теріс көрсетілген. В. В. мырзаның *«Теориялық* экономия очерктері» мен Н.— он мырзаның «Очерктерінің» екінші бөлімінің XV па-

раграфын оқып шыққан адамның қайсысы болсын бұл жазушылардың екеуі де дәл орналастыру туралы абстракт-теориялық мәселе, жалпы капиталистік қоғамда өнімді орналастыру туралы мәселе қойғанын көреді. Бұл факт. Сондай-ақ, басқа жазушылардың бұларға қарсы «рыноктар теориясының *ең алдымен* негізгі, *абстракт-теориялық* пункттерін айқындап алуды қажет деп санағаны» да («Н. Об.»-дегі менің мақаламның алғашқы жолдарында-ақ көрсетілгендей) факт. Туган-Барановский өзінің дағдарыстар туралы кітабының «рыноктар теориясы» деген тақырыпшасында орналастыру теориясы туралы жазды. Булгаков өз кітабының тақырыпшасын «теориялық этюд» деп атады. Сонда абстракт-теориялық және нақтылы-тарихи мәселелерді шатастырып жүрген кім екен, Струвенің оппоненттері ме әлде Струвенің өзі ме?

Өз мақаласының дәл сол бетінде Струве сыртқы рыноктың қажеттігі орналастыру жағдайларынан емес, тарихи жағдайлардан туады деген менің сөзімді келтіреді. «Бірақ (осы «біраққа» ерекше мағына берілген!),— деп қарсылық білдіреді Струве,— Туган-Барановский, Булгаков және Ильин орналастырудың тек абстракт жағдайларын ғана анықтады, тарихи жағдайларын анықтамады» (62-бет). Міне, сондықтан да бұл аталған жазушылардың бәрі де тарихи жағдайларды анықтамады, олар нақтылы-тарихи мәселелер туралы емес, абстракт-теориялық мәселелер туралы әңгіме қозғады. «Россияда капитализмнің дамуы туралы мәселе жөнінде» («Ірі өнеркәсіп үшін ішкі рынок туралы және Россияда оның құрылу процесі туралы») деген қазір (III. 1899) * басылып болған кітабымда мен мәселені рыноктар теориясы туралы емес, орыс капитализміне арналған ішкі рынок туралы қоямын. Сондықтан теорияның абстракт ақиқаттары онда тек жетекші қағидалар, тек нақты мәліметтерді талдау құралы ролін ғана атқарды.

14. Струве «Сын заметкаларда» айтқан «үшінші адамдардың» теориясына өзінің «көзқарасын» «бүтіндей қолдайды». Мен, өз тарапымнан, бұл жөнінде «Сын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том. *Ред.*

заметкалар»[44] шыққанда айтқан пікірлерімді бүтіндей қолдаймын.

Струве «Сын заметкалардың» 251-бетінде В. В. мырзаның дәлелдері «қалыптасқан капиталистік қоғамдағы рыноктардың тұтас өзінше бір теориясына сүйенеді» дейді. «Бұл теория дұрыс,— дейді Струве,— өйткені ол қосымша бағалы заттың (құнның) капиталистің де, жұмысшының да тұтынуына орналастырыла алмайтындығы фактісін анықтайды да, үшінші адамдардың тұтынуын көздейді». Струвенің осы үшінші адамдар деп «санайтыны Россиядағы орыстың егінші шаруалары» («Н. Об.»-дегі мақаланың 61-беті).

Сөйтіп, В. В. мырза қалыптасқан капиталистік қоғамдағы рыноктардың тұтас өзінше бір теориясын ұсынып отырса, оған орыстың егінші шаруаларын нұсқап көрсетеді! Орналастыру туралы абстракт-теориялық мәселені Россиядағы капитализм туралы нақтылы-тарихи мәселемен шатастыру деген осы емес пе екен? Сонан кейін, В. В. мырзаның теориясын Струве ең болмағанда, ішінара дұрыс деп мойындаған күнде,— онда, демек, В. В. мырзаның орналастыру мәселесіндегі негізгі теориялық қателеріне, оның капиталистік орналастырудың «қиыншылықтары» қосымша құнмен шектеледі немесе өнімдер құнының осы бөлегімен әдейі байланыстырылады дейтін қате көзқарасына; — сыртқы рынок туралы мәселені орналастыру туралы мәселемен байланыстыратын қате көзқарасына соқпай өткені ғой.

Орыстың егінші шаруалары жіктелуі арқылы біздің капитализмге рынок жасайды деген Струвенің пікірі әбден орынды (жоғарыда аталған кітапта мен земство статистикасының мәліметтеріне талдау жасау арқылы осы қағиданы толық дәлелдеймін). Бірақ бұл қағиданы теориялық жағынан негіздеу әсте капиталистік қоғамда өнімді орналастыру теориясына емес, капиталистік қоғамның қалыптасу теориясына жатады. Шаруаларды «үшінші адамдар» деп атаудың сәтсіз атау екенін, мұның өзі түсінбеушілік туғызуы мүмкін екенін айтпауға тағы да болмайды. Шаруалар капиталистік өнеркәсіп үшін «үшінші адамдар» болса, онда өнеркәсіпшілер, ұсақ және ірі фабриканттар мен жұмысшылар капита-

листік егіншілік үшін «үшінші адамдар» болмай ма. Екінші жағынан, егінші шаруалар («үшінші адамдар») ыдырап, капиталистік қоғам таптарына (село буржуазиясына және село пролетариатына) жіктелетін болған соң ғана, яғни олар *«үшінші»* адамдар болудан қалып, капитализм системасында *әрекет етуші* тұлғалар болған соң ғана капитализмге рынок туғызады.

15. «Булгаков: капиталистік өндіріс үшін ішкі рынок пен сыртқы рыноктың арасында ешбір принциптік айырма белгілеуге болмайды деп, сыпайы ескерту жасайды» — дейді Струве. Бұл ескертуге мен әбден қосыламын: шынында, «ішкі» және «сыртқы» рынокты бөлуге баж шекарасын немесе саяси шекара қою көбінесе мүлдем жарамсыз. Бірақ, осы айтылған себептер бойынша, мен Струвенің айтқанына қосыла алмаймын, «бұдан... үшінші адамдарды қажет деп танитын теория туады» дей алмаймын. Бұдан тікелей мына талап қана туады: капитализм туралы мәселеге талдау жасаған кезде ішкі және сыртқы рыноктарды дәстүрлі бөлумен тоқтап қалмау керек. Шын теориялық тұрғыдан алғанда қисынсыз болып шығатын бұл бөлудің Россия сияқты елдер үшін жарамдылығы өте-мөте шамалы. Мұны басқа бөлумен, мысалы, капитализмнің даму процесінің мына жақтарын: 1) толық қоныстанған және орын тепкен белгілі бір территорияда капиталистік қатынастардың қалыптасуы мен дамуын; 2) капитализмнің басқа территорияларға (ішінара бос жатқан және байырғы елден келгендер қоныстанған, ішінара дүние жүзілік рыноктан және дүние жүзілік капитализмнен қағаберісте тұрған тайпалар қоныстанған) қанат жаюын ажыратып қарайтын бөлумен ауыстыруға болар еді. Процестің бірінші жағын капитализмнің кеулей дамуы, екіншісін — капитализмнің кеңейе * дамуы деп атауға болар еді. Мұндай бөлу капитализмнің тарихи дамуының бүкіл процесін қамтыр еді: бір жағынан, оның ғасырлар бойы капиталистік қатынастардың машиналы ірі индустрияға

* Шынында, процестің екі жағы да біртұтас нәрсе, ал оларды бөлу тек абстракция, тек күрделі процесті зерттеу тәсілі ғана екені өзіненөзі түсінікті. Жоғарыда аталған кітапты мен процестің тек бірінші жағына ғана арнағанмын; онда VIII тараудың V параграфын салыстырыңыз.

дейінгі формаларын шығарып отырған байырғы елдерде дамуын, екінші жағынан, дамыған капитализмнің басқа территорияларға қанат жаюға, дүниенің жаңа бөлектеріне қоныстанып, жерін жыртып, отарлар жасауға, тағы тайпаларды дүние жүзілік капитализмнің иірміне тартуға жойқын күшпен талпынуын көрсетер еді. Россияда капитализмнің осы соңғы талпынуы біздің шет аймақтарда өте-мөте айқын көрінді, көрініп те отыр, ол аймақтарды отарлау орыс тарихының реформадан соңғы, капиталистік дәуірінде соншама күшейе түсті. Европалық Россияның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы, Кавказ, Орта Азия, Сибирь орыс капитализмінің бейне отарлары тәрізді және оның орасан зор дәрежеде кеулей ғана емес, әрі кеңейе дамуын қамтамасыз етеді.

Ақырында, ұсынылып отырған бөлудің бір ыңғайлы жері: ол орналастыру теориясы қамтитын мәселелер саласын ғана айқын анықтайды. Бұл теорияның процестің бірінші жағына ғана, капитализмнің кеулей дамуына ғана қатысы бар екені айқын. Орналастыру теориясы (яғни бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі мен айналысы процесін анықтайтын теория) өзінің жүйесі үшін тұйықталған капиталистік қоғамды ғана алуға тиіс, яғни капитализмнің басқа елдерге қанат жаю процесін, бір елдің екінші елмен товар айырбасы процесін абстракциялауға тиіс, өйткені бұл процесс орналастыру туралы мәселені шешу үшін түк бермейді, тек мәселені бір елден бірнеше елге сырғыта береді. Орналастырудың абстракт теориясы мінсіз дамыған капиталистік қоғамды негізге алуға тиіс екендігі де айқын.

Марксизм әдебиеті туралы айта келіп, Струве мынадай жалпы ескерту жасайды: «Ортодоксиялық әуендер әлі де басым болып жүр, бірақ олар сынның жаңа ағынын тұншықтыра алмайды, өйткені ғылыми мәселелерде шын күш — қашан да сенім жағында емес, сын жағында болады». «Сынның жаңа ағыны» ескі қателерді қайталамауға кепіл болмайтынына көзіміз жетті, бұл жоғарыда айтылғандардан көрініп отыр. Жоқ, енді «ортодоксия тұрғысында» қала берейік! Ортодоксия неге болса да сынуға жол береді, ортодоксия сын көзбен қарап жүзеге асыруды және ілгері дамыта беруді жақта-

майды, тарихи мәселелерді абстракт схемалармен бүркемелеуге жол береді дегендерге сенбейік. Егер осындай нағыз ауыр күнәсы бар ортодокс шәкірттер табылса, онда бұған бүтіндей кінәлы осындай шәкірттердің өздері, ал сапа жағынан мүлдем қарама-қарсы айырмашылығы бар ортодоксия бұған әсте кінәлы емес.

1899 ж. марттың бірінші жартысында жазылған

1899 ж. августа «Научное Обозрение» журналының 8-номерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ

***Karl Kautsky*. Die Agrarfrage,** *Eine Uebersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik u. s. w. Stuttgart, Dietz, 1899* *

Каутскийдің кітабы ең жаңа экономикалық әдебиеттің — «Капиталдың» 3-томынан кейінгі — ең тамаша үлгісі. Егіншіліктегі капитализмді жүйелі түрде қарастыратын еңбек марксизмде әлі күнге дейін жетпей жүруші еді. Енді Каутский өзінің көлемді (450 бет) кітабының «Капиталистік қоғамда ауыл шаруашылығының дамуы» деп тақырып қойылған бірінші бөлімімен (1—300-беттер) осы олқылықтың орнын толтырып отыр. Каутский алғы сөзде егіншіліктегі капитализм туралы мәселе жөнінде статистикалық және баяндаушы-экономикалық материал «молынан» жиналып қалды; егіншіліктегі капитализмнің сан алуан құбылыстарын «жалпы (тұтас) бір процестің ішінара көріністері» (eines Gesamtprozesses) ретінде ұғыну үшін халық шаруашылығының осы саласындағы экономикалық эволюцияның «негізгі тенденцияларын» ашу шұғыл қажеттілік болып отыр деп әбден дұрыс айтады. Шынында да, осы замандағы қоғамда ауыл шаруашылығы формалары мен село халқының қарым-қатынастарының сан алуандығы сондай, тіпті қайсыбір жазушының көзқарасын «растайтын» пікірлер мен фактілерді кез келген зерттеуден тауып ала қоюдан оңай нәрсе жоқ. Атап айтқанда біздің халықшылдардың баспасөзіндегі ұсақ шаруа шаруашылығын өмірге қабілетті деп немесе тіпті оны егіншілік-

---

* — *Карл Каутский. Аграрлық мәселе.* Қазіргі ауыл шаруашылығының тенденцияларын шолу, аграрлық саясат және т. т. Штутгарт, Дитцтің бастыруы, 1899. *Ред.*

тегі ірі өндірістен артық деп дәлелдеуге тырысатын бірқатар пікірлер нақ осындай тәсілмен құралған. Бұл пікірлердің бәрінің ерекше белгісі — жекелеген құбылыстарды жырымдап ала қояды, жекелеген көріністерді цитатқа келтіре салады, ал оларды тіпті жалпы капиталистік елдердің бүкіл аграрлық құрылысының жалпы бейнесімен және капиталистік егіншіліктің бүкіл ең соңғы кездегі эволюциясының негізгі тенденцияларымен байланыстыруға әрекет те жасалмайды. Каутский осы дағдылы қатеге ұрынбайды. Егіншіліктегі капитализм туралы мәселемен 20 жылдан астам уақыт шұғылдана жүріп, ол орасан мол материал жинаған; атап айтқанда, Каутский өзінің зерттеуін Англиядағы, Америкадағы, Франциядағы (1892) және Германиядағы (1895) соңғы ауыл шаруашылық санақтарының және анкеталардың мәліметтеріне негіздейді. Алайда ол қыруар фактілердің арасында бірде бір рет жаңылмайды, ең ұсақ деген құбылыстың капиталистік егіншіліктің жалпы құрылысымен және капитализмнің жалпы эволюциясымен байланысын бірде бір рет көзінен таса жібермейді.

Каутский өзінің алдына, мысалы, егіншіліктегі ірі және ұсақ өндірістің қарым-қатынасы туралы деген сияқты қайсыбір жеке мәселені емес, капитал ауыл шаруашылығын игеріп келе ме, онда өндіріс формасы мен меншік формасын қайта құрып жатыр ма, бұл процесс қалай жүріп жатыр деген жалпы мәселені қояды. Осы заманғы қоғамда ауыл шаруашылығының капитализмнен бұрынғы және капиталистік емес формаларының зор ролін және бұл формалардың таза капиталистік формамен арақатынасын анықтау қажет екендігін мойындай отырып, Каутский өз зерттеуін патриархтық шаруа шаруашылығын және феодализм заманындағы егіншілікті ерекше айқын және дәл сипаттаудан бастайды. Капитализмнің егіншіліктегі дамуының басталар жерін осылайша анықтап алып, ол «осы заманғы егіншілікті» сипаттауға көшеді. Алдымен осы соңғы жағдай техникалық жағынан (өнімі ауыспалы жүйе, еңбек бөлінісі, машиналар, тыңайтқыштар, бактериология) сипатталады, сөйтіп ауыл шаруашылығын тозығы жеткен

кәсіптен *ғылымға* айналдырып, бірнеше он жылдар ішінде капитализмнің жасаған аса зор төңкерісінің айқын суреті оқушының көз алдына келтіріледі. Одан әрі «осы заманғы ауыл шаруашылығының капиталистік сипаты» зерттеледі,— мұнда Маркстің пайда мен рента туралы теориясы қысқаша және қонымды түрде, бірақ мейлінше дәл және дарындылықпен баяндалған. Каутский фермерлік жүйе мен ипотекалар жүйесі Маркс атап өткен ауыл шаруашылық кәсіпкерлерінің жер иеленушілерден бөлінуінің бәз-баяғы бір процесінің екі формасы ғана екенін көрсетеді. Онан соң ірі және ұсақ өндірістің қатынастары қаралады, мұнда алғашқының соңғыдан техника жөнінен күмәнсыз артықшылығы айқындалады. Каутский бұл қағиданы тәптіштеп дәлелдейді де, егіншілікте ұсақ өндірістің орнықтылығы тіпті де оның техника жағынан тиімді болғандығында емес, оның орнықтылығы жұмыста ұсақ шаруалардың жалдама жұмысшыларға қарағанда артық бейнеттенетіндігінде, өздерінің керексіну дәрежесін жалдама жұмысшылардың керексіну және тұрмыс дәрежесінен төмен ұстайтынында екендігін апықтауға толық тоқтайды. Мұны дәлелдеу үшін Каутскийдің келтіретін мәліметтері өте-мөте қызғылықты және айқын. Ауыл шаруашылығындағы серіктіктер мәселесін талдай келіп, Каутский бұлар күмәнсыз прогресті көрсетеді деген қорытынды жасайды, алайда бұл қауымдық өндіріске өту емес, капитализмге өту болып табылады деп тұжырым жасайды; серіктіктер егіншілікте ірі өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығын кемітпейді, қайта күшейте түседі. Осы заманғы қоғамда шаруалар қауымдық өндіріске көше алады деп күту ақылға сыйымсыз. Мұндайда әдетте статистика мәліметтерін тілге тиек етеді, ал статистика ірі егіншіліктің ұсақ егіншілікті ысырып шығармайтынын көрсетеді, бірақ бұл мәліметтер капитализмнің егіншіліктегі даму процесі өнеркәсіптегіден гөрі әлдеқайда күрделі екенін ғана көрсетеді. Осы соңғыда дамудың негізгі тенденциясы үйдегі капиталистік жұмыстың және т. т. таралуы тәрізді құбылыстармен көбінесе қабаттасып жатады. Ал егіншілікте ұсақ өндірістің ығыстырылып шығарылуына, бәрінен бұрын, жер көлемінің тапшылығы бөгет

болады; ірі жер учаскелерін құрау үшін ұсақ жер учаскелерін сатып алу — тіпті де оңай іс емес; егіншілікті интенсивтендіргенде шаруашылықтың жер көлемінің азаюы алатын өнімдер молшерінің өсуімен кейде сыйыса береді (сондықтан шаруашылықтың тек жер көлемі туралы ғана мәліметтеріне сүйенетін статистиканың дәлелдік маңызы аз). Өндірістің шоғырлануы бір жер иесінің көп имениелерді сатып алуы арқылы жүреді; осылайша құрылған латифундиялар капиталистік егіншіліктің жоғарғы түрлерінің біріне негіз болады. Ақырында, ірі жер иелігінің ұсақ жер иелігін мүлдем ығыстырып шығаруы оның өзі үшін тиімсіз де болып шығар еді: ұсақ жер иелігі ірі жер иелігіне жұмыс қолын жетістіріп тұрады ғой! Сондықтан жер иеленушілер мен капиталистер көбінесе ұсақ шаруаларды қолдайтын заңдар шығарып тұрады. Ұсақ егіншілік ірі егіншілікпен бәсекелесе алмайтын болғанда ғана, оған жұмыс күшін жеткізіп тұрушыға айналғанда ғана орнықты бола алады. Ірі және ұсақ жер иелерінің арасындағы қатынастар барған сайын капиталистер мен пролетарлардың арасындағы қатынастарға жақындай береді. «Шаруалардың пролетарлану» процесіне Каутский жеке тарау арнайды,— бұл тарау мәліметке бай, әсіресе шаруалардың «қосалқы кәсіптері» туралы, яғни олардың жалданып істейтін жұмысының түрлері туралы мәселе бойынша мәліметтерге бай.

Егіншілікте капитализмнің дамуының негізгі белгілерін анықтағаннан кейін Каутский қоғамдық шаруашылықтың осы жүйесінің тарихи өткінші сипатын дәлелдеуге көшеді. Капитализм неғұрлым дамыған сайын саудалы (товарлы) егіншілікті жүргізу соғұрлым үлкен қиыншылықтарға кездесе береді. Жер меншігінің монополиясы (жер рентасы), мұраға қалдыру правосы, майораттар [45] егіншілікті тиімді жүргізуге бөгет болады. Село қожайындарының жұмыс күшінің бетке шығарын өзіне қаратып алып, село халқы өндірген дәулеттің көп үлесін барған сайын сорып, қалалар деревняларды қанауды барған сайын күшейте береді, осының салдарынан село халқының жер құнарынан алғанын жерге қайтарып отыруға мүмкіндігі қалмайды. Деревняларда

халықтың тым азайып кетуіне толық тоқтай отырып, Каутский жұмысшылардың тапшылығынан орта шаруа шаруашылықтарының бәрінен де аз зардап шегетінін әбден мойындайды, бірақ осы арада-ақ «мейірімді азаматтар» (сондай-ақ біз орыс халықшылдары да деуімізге болады) бұл фактіге бекер мәз болады, мұны шаруалардың қайта көркейе бастауы деп, мұның өзі Маркс теориясының егіншілікте қолданылуын теріске шығарады деп ойлауы бекер екенін ескертеді. Егер шаруалар жалдама жұмысшылар тапшылығының зардабын басқа егінші таптардан аз тартатын болса, оның есесіне олар өсімқорлардан, алым-салық азабынан, өз шаруашылығының тиімді жүргізілмейтінінен, жердің тозуынан, шектен тыс ауыр жұмыстан және тұтыну тапшылығынан әлдеқайда көбірек зардап шегеді. Оптимистік сыңайдағы ұсақ буржуазия экономистерінің пікірін теріске шығаратын айқын факт — тек село жұмысшылары ғана емес, тіпті шаруа балалары да... қалаға қарай қашады! Ал бірақ Европа егіншілігінің жағдайларына Америкадан, Аргентинадан, Индиядан, Россиядан және т. т. елдерден әкелінетін арзан астықтың бәсекесі өте-мөте көп өзгеріс енгізді. Өзіне рынок іздейтін индустрияның дамуынан туған бұл фактінің маңызын Каутский егжей-тегжейлі қарастырады. Ол осы бәсекенің салдарынан Европада дәнді дақылдар өндірудің құлдырауын, рентаның төмендеуін баяндайды, әсіресе «егіншіліктің индустрияландырылуына» толық тоқтайды, бұл, бір жағынан, ұсақ шаруалардың жалдама өнеркәсіптік жұмысынан, екінші жағынан, ауыл шаруашылық техникалық өндірістерінің (шарап жасау, қант қайнату және т. т.) дамуынан және тіпті ауыл шаруашылығының кейбір салаларын өңдеуші өнеркәсіптің ығыстырып шығаруынан көрінеді. Оптимист экономистер,— дейді Каутский,— Европа егіншілігінің бұл сияқты түрін өзгертуі оны дағдарыстан құтқара алады деп бекер ойлайды: дағдарыс барған сайын ұлғайып келеді, ол бүкіл капитализмнің жалпы дағдарысымен ғана аяқталуы мүмкін. Бұл, әрине, ауыл шаруашылығының құруы туралы сөз қылуға ешқандай право бермейді, бірақ оның консервативтік сипаты мәңгілікке кетті; ол үздік-

сіз өзгере беретін жағдайға ұшырады, бұл тегінде капиталистік өндіріс әдісін сипаттайтын жағдай. «Капиталистік сипаты барған сайын дами түскен ірі ауыл шаруашылық өндірісі едәуір жерді қамтуы; аренда мен ипотекалардың өсуі, егіншіліктің индустриялануы — міне, ауыл шаруашылық өндірісін қоғамдастыру үшін негіз әзірлейтін элементтер осындай...» Қоғамның,— дейді Каутский қорыта келіп,— бір бөлегі бір бағытпен, екіншісі басқа бағытпен дамиды деп ойлау өрескел болар еді. Іс жүзінде «қоғамдық даму индустрияда қандай болса, ауыл шаруашылығында да сондай бағытпен жүреді».

Өзінің теориялық талдауының нәтижелерін аграрлық саясаттың мәселелеріне қолдана отырып, Каутский, әрине, шаруа шаруашылығын қолдау және «құтқару» әрекеттерінің қандайына болса да қарсы пікір білдіреді. Деревня қауымы,— дейді Каутский,— қауымдық ірі егіншілікке көше алады екен деп ойлаудың жөні жоқ (338-бет, параграф: «Der Dorfkommunismus» *; 339-бетті салыстырыңыз). «Шаруаларды қорғау (Der Bauernschutz) шаруаның *жеке басын* қорғау деген сөз емес (мұндай қорғауға, әрине, ешкім де қарсы болмайды), шаруаның *меншігін* қорғау деген сөз. Ал, атап айтқанда, шаруа меншігі — оның қайыршылыққа ұшырауының және кемсітілуінің басты себебі. Егіншіліктегі жалдама жұмысшылар қазірдің өзінде көбінесе ұсақ шаруалардан жақсы жағдайда. Шаруаларды қорғау дегеніміз шаруаларды қайыршылықтан қорғау емес, оларды қайыршылықта ұстайтын бұғауларды қорғау» (320-бет). Капитализмнің бүкіл ауыл шаруашылығын негізінен қайта құру процесі енді ғана басталды, бірақ бұл процесс тез ілгері басып, шаруаны жалдама жұмысшыға айналдырып, халықтың деревнялардан босуын күшейтіп келеді. Бұл процесті бөгеу әрекеті реакциялық және зиянды болар еді: қазіргі қоғамда бұл процестің зардабы қанша ауыр болғанымен, процесті бөгеудің зардабы онан да жаман болар еді, еңбекші халықты анағұрлым дәрменсіз, өте ауыр жағдайға ұшыратар

* — «Деревнялық коммунизм». *Ред.*

еді. Қазіргі қоғамдағы прогрестік іс тек капиталистік прогрестің халыққа тигізетін зиянды әсерін әлсіретуге, халықтың саналылығын және оның коллектив болып өзін өзі қорғау қабілетін күшейтуге ұмтылу болмақ. Каутский сондықтан да жүріп-тұру еркіндігінің және т. т. қамтамасыз етілуін, феодализмнің ауыл шаруашылығындағы барлық сарқыншақтарының жойылуын (мысалы, село жұмысшыларын жеке тәуелділік, жартылай-крепостниктік халге ұшырататын Gesindeordnungen *-нің), 14 жасқа дейінгі балалардың жұмыс істеуіне тыйым салынуын, 8 сағаттық жұмыс күні белгіленуін, жұмысшылардың жатағын бақылайтын қатаң санитария полициясы және т. т. және т. т. болуын талап етеді.

Каутскийдің кітабы орысшаға аударылып шығар деп үміт етуіміз керек [46].

1899 ж. 21 марттан (2 апрельден) ертерек жазылған

1899 ж. апрельде «Начало» журналының 4-номерінде басылған Қол қойған: Вл. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

---

* — жер иеленушілер мен крепостной шаруалардың қарым-қатынастарын белгілеген заң ережелері. *Ред.*

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КАПИТАЛИЗМ

(КАУТСКИЙДІҢ КІТАБЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БУЛГАКОВ МЫРЗАНЫҢ МАҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ)[47]

1899 ж. 4(16) апрель мен 9(21) май аралығында жазылған

1900 ж. январь-февральда «Жизнь» журналында басылған
Қол қойған: Вл. Ильин және Влад. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

«Жизнь» журналының мұқабасы, мұнда В. И. Лениннің «Ауыл шаруашылығындағы капитализм» деген мақаласы басылған.— 1900 ж.

Кішірейтілген

БІРІНШІ МАҚАЛА

«Началоның» 1—2 номерінде (II бөлім, 1—21-беттер) С. Булгаков мырзаның «Егіншіліктің капиталистік эволюциясы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы басылды; мақала Каутскийдің аграрлық мәселе туралы шығармасын сынауға арналған. Булгаков мырзаның «Каутскийдің кітабы тұтас бір дүние тану», оның теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызы зор деуі әбден дұрыс. Бұл — барлық елдерде, тіпті жалпы көзқарастары бір-біріне үйлесетін және өздерін марксиспіз деп есептейтін жазушылардың арасында да қызу таластар туғызған және әлі де болса туғызып отырған мәселені тұңғыш рет жүйелі түрде және ғылыми тұрғыдан зерттеу болса керек. Булгаков мырза «солақай сынмен шектеліп», «Каутский кітабының тек кейбір қағидаларын» ғана сынап отыр (бұл кітапты ол «Началоның» оқушыларына «қысқаша» — алда көреміз, тым қысқа және өте көмескі түрде баяндап отыр). «Кезі келгенде» Булгаков мырза «ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясы туралы мәселені жүйелі түрде баяндап бермек» болады, сөйтіп «өзі де тұтас бір дүние тануды» Каутскийге қарсы қоймақ болады.

Каутскийдің кітабы Россияда да марксистер арасында толып жатқан таластар туғызатындығына, Россияда да олардың кейбіреулері Каутскийге қарсы болып, кейбіреулері оны жақтайтындығына біз күмәнданбаймыз. Осы сөздерді жазып отырған адам, қалай дегенмен, Булгаков мырзаның пікіріне, оның Каутскийдің кітабына

берген бағасына мүлде қосылмайды. Бұл бағаның,— Булгаков мырзаның «Die Agrarfrage *»-ні «тамаша шығарма» деп мойындайтындығына қарамастан,— ащы тілділігіне және ұстаған бағыттары жөнінен өзара жақын жазушылардың арасындағы айтыста кездеспейтін сарыпына қайран қаласың. Булгаков мырзаның сөздерінің түрлері мынадай: «тым үстірт»... «нағыз агрономия да, нағыз экономия да бірдей кем» ...«маңызды ғылыми проблемаларды Каутский *желсөзбен* аттап өтеді» (курсив Булгаков мырзанікі!!) және т. т. және т. т. Қатал сыншының сөздеріне жақсылап зер салып, сонымен бірге оқушыны Каутскийдің кітабымен таныстырып көрейік.

I

Булгаков мырза Каутскийге жетпей тұрып, одан бұрын жол-жөнекей Маркстің сыбағасын бере кетеді. Әрине, Булгаков мырза бұл ұлы экономистің аса зор еңбек сіңіргендігін баса көрсетіп өтеді, бірақ ол: Марксте «қазір тарих жеткілікті түрде теріске шығарған...» тіпті «қате түсініктер де...» «ішінара» кездесіп отырады деп ескертеді. «Мысалы, өңдеуші өнеркәсіптегідей, егіншілікте де өзгермелі капитал тұрақты капиталға қарағанда кеми береді, сөйтіп егіншілік капиталының органикалық құрамы үнемі арта береді деген түсінік осындай қате түсініктердің қатарына қосылады». Бұл жерде қателесіп отырған кім, Маркс пе, әлде Булгаков мырза ма? Булгаков мырзаның айтып отырғаны мына факт: егіншілікте техниканың прогресі мен шаруашылықтың интенсивтігінің артуы көп реттерде белгілі бір көлемді жерді өңдеуге қажетті еңбек мөлшерінің *артуына* бастайды. Бұл даусыз, бірақ мұның өзі тұрақты капиталға *қарағанда,* тұрақты капиталмен *салыстырғанда* өзгермелі капитал кеми береді деген теорияны бекерге шығарудан әлі аулақ жатыр. Маркс теориясының айтатыны тек мынау ғана: $\frac{v}{c}$ арақатынасы (v = өзгермелі капитал, c = тұрақты капитал) жалпы алғанда кемуге бейім

* — «Аграрлық мәселе». *Ред.*

тұрады, тіпті *v* жер көлемінің бір өлшеміне өскенінің өзінде де осылай болады,— ал егер бұл арада *c* мұнан да тез өсіп отыратын болса, мұның өзі Маркстің теориясын бекерге шығара ма? Капиталистік елдердің ауыл шаруашылығын жалпы және тұтас алғанда онда *v* кеміп, *c* артып отыратындығын көреміз. Село халқы мен селолық жұмысшылар саны Германияда да, Францияда да, Англияда да кеміп отыр, ал ауыл шаруашылығында қолданылатын машиналар саны өсіп отыр. Германияда, мысалы, село халқы 1882 жылдан 1895 жылға дейін 19,2 миллионнан 18,5 миллионға түсіп (селолық жалдама жұмысшылар саны 5,9 миллионнан 5,6 миллионға түсіп) кеміген, ал ауыл шаруашылығында қолданылатын машиналар саны 458 369-дан 913 391 * болып өскен; ауыл шаруашылығында қолданылатын бу машиналарының саны 2731-ден (1879) 12 856-ға (1897) жеткен; ал ат күшіне шаққандағы бу күшінің саны мұнан да өскен. Ірі қараның саны 15,8 миллионнан 17,5 миллионға дейін, шошқаның саны 9,2 миллионнан 12,2 миллионға дейін өскен (1883 және 1892 жылдар). Францияда село халқы 1882 жылы 6,9 миллион («дербес») адам болса, ол 1892 жылы 6,6 миллионға түсіп кеміген, ал ауыл шаруашылық машиналарының саны былайша өскен: 1862 ж.— 132 784; 1882 ж.— 278 896; 1892 ж. — 355 795; ірі қараның саны: 12,0 — 13,0 — 13,7 миллион, жылқы саны — 2,91 — 2,84 — 2,79 миллион (1882—1892 жылдар арасында село халқының кемуіне қарағанда жылқы саны азырақ кеміген). Сөйтіп, жалпы және тұтас алғанда осы кездегі капиталистік елдер жөнінде Маркс заңын егіншілікке қолдануға болатындығын тарих *растады*, оны тіпті де бекерге шығарған жоқ. Булгаков мырзаның қатесі мынада: ол кейбір агрономиялық фактілерді, олардың маңызын әбден түсініп алмай тұрып, тым асығыс түрде *жалпы* экономикалық заңдардың дәрежесіне көтеріп жіберді. Біз «жалпы» дегенді баса көрсетіп отырмыз, өйткені Маркс те, оның шәкірттері де әрқашан да бұл заңды жеке-жеке жағдайлардың бәрінде бір-

* Түрлі машиналар қосып есептелген. Басқа жерден алынғандығы айрықша көрсетілмеген цифрлардың бәрі де Каутскийдің кітабынан алынған.

дей бола беретін заң деп қараған жоқ, капитализмнің жалпы тенденцияларының заңы деп қана қарады. Тіпті өнеркәсіп жөнінде де Маркстің өзі: техникалық қайта құрылыс кезеңдерінің орнына ($\frac{v}{c}$-ның арақатынасы кемитін кезде) осы техникалық негіздегі прогресс кезеңдері ($\frac{v}{c}$-ның арақатынасы өзгермейтін, ал жеке реттерде өсуі де мүмкін кездерінде) келетінін көрсетті. Біз капиталистік елдердің өнеркәсіптік тарихынан өнеркәсіптің тұтас салалары жөнінде бұл заңның бұзылатын реттері де болатындығын білеміз. Мысалы, капиталистік ірі шеберханалар (бұлар фабрика деп жаңсақ аталып жүр) ыдырап, үйде істелетін капиталистік жұмысқа орнын беретін кезде осылай болды. Ал егіншілікті алсақ, онда капитализмнің даму процесі әлдеқайда күрделі екендігі және оның тіпті әр алуан формада болатындығы ешбір күмәнсыз.

Каутскийге келейік. Каутскийдің сөзін бастап отырған: феодалдық замандағы ауыл шаруашылығының очеркі «өте үстірт жазылған және керексіз» болып шығады-мыс. Мұндай үкімнің дәлелдерін түсіну қиын. Егер Булгаков мырза өзінің жоспарын іске асырып, егіншіліктің капиталистік эволюциясы туралы мәселені жүйелі түрде жазып шыға алатын болса, онда оған ауыл шаруашылығы экономиясының *капитализмнен бұрынғы* негізгі белгілерін қалай да сипаттап өтуге тура келеді, біз бұған кәміл сенеміз. Олай болмаған күнде *капиталистік* экономияның сипатын да, оны феодалдық экономиямен жалғастыратын өткінші формаларды да түсінуге болмайды. «Егіншіліктің өзінің капиталистік желістің *бастапқы кезінде* (курсив Булгаков мырзанікі) болған формасының» маңызы өте зор болғандығын Булгаков мырзаның өзі де мойындап отыр ғой. Ал Каутский европалық егіншіліктің нақ сол «капиталистік желісінің бастапқы кезінен» бастап отыр. Каутскийдің феодалдық егіншілік очеркі, біздің ойымызша, өте жақсы жазылған: бұл жазушының тегі өзіне тән дағдысы бойынша, маңызы кем егжей-тегжеймен шырмалмай, тамаша айқындықпен, ең басты және маңызды нәрсені іріктеп ала

білетін шеберлікпен жазылған. Каутский ең алдымен өзінің кіріспесінде мәселені мейлінше дәл және дұрыс қояды. Ол үзілді-кесілді былай дейді: «Ауыл шаруашылығының индустрия дамыған шаблонмен дамымайтынына — оның ерекше заңдарға бағынатынына еш бір күмән жоқ; біз мұны a priori (von vornherein) * дәлелденген деп білуге даярмыз (S. ** 5—6). Міндет мынау: «капитал ауыл шаруашылығын игеріп келе ме, игергенде нақ қалайша игеріп келеді, қалайша оны қайта құрып отыр, өндірістің ескі формаларын және меншіктің формаларын нақ қалайша жарамсыз етіп, жаңа формалар қажеттігін қалайша туғызып отыр — міне осыны зерттеу керек» (S. 6). Мәселені осылай, тек осылай қойғанда ғана «капиталистік қоғамда ауыл шаруашылығының дамуын» (Каутский кітабының бірінші, теориялық бөлімінің тақырыбы) қанағаттанарлық түрде анықтауға болады.

«Капиталистік желістің» бастапқы кезінде егіншілік *шаруаның* қолында болды, ол, жалпы ереже бойынша, қоғамдық шаруашылықтың феодалдық тәртібіне бағынды. Сондықтан Каутский ең алдымен шаруа шаруашылығының *құрылысын*, егіншіліктің үй өнеркәсібімен қосылуын сипаттайды, онан кейін ұсақ буржуазиялық және кертартпа жазушылардың (á la Сисмонди) осы парадизінің *** іру элементтерін, өсімқорлықтың маңызын, бірте-бірте «деревняға, шаруа шаруашылығының ден ортасына, баяғыдан келе жатқан үйлесімділікті және мүдде ортақтығын бұзатын таптық антагонизм еніп отырғандығын» (S. 13) сипаттайды. Бұл процесс орта ғасырлардың өзінде басталды, бірақ осы уақытқа дейін әлі біржолата аяқталған жоқ. Біз бұл сөзді баса айтамыз, өйткені мұның өзі Булгаков мырзаның: Каутский егіншіліктегі техникалық прогресті жасаушы кім болғаны туралы мәселені тіпті қойған да жоқ деуінің бүтіндей теріс екендігін бірден көрсетеді. Каутский бұл мәселені мүлде айқын қойды және оны анықтап шықты, оның кітабын зер салып оқып шыққан адамның бәрі де

* — алдын ала (әуел бастан). *Ред.*
** — Seiten — беттері. *Ред.*
*** — жұмағының. *Ред.*

қазіргі кездегі егіншілікте техникалық прогресті жасап отырған *селолық буржуазия*, ұсағы да, ірісі де және де бұл арада ұсақ буржуазиядан гөрі ірі буржуазияның (Каутскийдің көрсеткеніндей) ролі неғұрлым маңыздырақ дейтін шындықты (халықшылдар, агрономдар және басқа да толып жатқан адамдар көбінесе ұмытып кете беретін шындықты) ұғынады.

II

Сонан кейін (III тарауда) феодалдық егіншіліктің негізгі белгілерін,— үш танапты егістің, егіншіліктің ең кертартпа жүйесінің үстем болуын; ірі поместьелі дворяндардың шаруаларды езуін және экспроприациялауын; бұл дворяндардың феодалдық-капиталистік шаруашылықты ұйымдастыруын; XVII және XVIII ғасырлар бойына шаруалардың аш қайыршыға (Hungerleider) айналуын; буржуазиялық шаруалардың (жалшылар, күндікшілер жалдамай тұра алмайтын Grossbauern) көбеюін, олар үшін селодағы қарым-қатынастар мен жер меншігінің ескі формалары жарамсыз болуын; индустрияның және қалалардың қойнауында дамыған буржуазия табының күшімен бұл формалардың жойылуын, «капиталистік, интенсивті ауыл шаруашылығына» (S. 26) жол ашылуын — осының бәрін суреттеп шығып, Каутский «қазіргі кездегі (moderne) ауыл шаруашылығын» (IV тарау) сипаттауға көшеді.

Бұл тарау жоқшылықтан езілген, қараңғылықтан жанышталған шаруалардың енжарлық ұсақ кәсібін агрономияны ғылыми түрде қолданатын кәсіпке айналдырып, ауыл шаруашылығының ғасырлар бойы тоқырауын бұзып, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің тез дамуына түрткі болып (және әлі де түрткі бола отырып), капитализмнің егіншілікте жасаған орасан зор революциясының тамаша дәл, жинақы және айқын очеркін береді. Үш танапты егіс жүйесінің орнына дақылдар ауысып отыратын жүйе қолданылды, мал күтімі мен жер өңдеу ісі жақсартылды, егіннің шығымы арттырылды, егіншіліктің мамандануы, жеке шаруашылықтардың арасындағы еңбек бөлінісі мықтап дамыды. Ка-

питализмнен бұрынғы біркелкіліктің орнына үнемі күшейіп келе жатқан әркелкілік пайда болды, мұнымен қатар ауыл шаруашылығының барлық салаларында техникалық прогресс өріс алды. Ауыл шаруашылығында машиналарды қолдану, бу күшін қолдану ісі пайда болып, тез өсе бастады; электр қолданыла бастады, бұл электр,— мамандардың айтуы бойынша,— өндірістің осы саласында буға қарағанда анағұрлым зор роль атқаруға тиіс. Егіске кірме жолдар келтіру, мелиорация жүргізу, өсімдіктің физиологиялық жағдайларына қарай жасанды тыңайтқыштарды қолдану істері ілгері басты; ауыл шаруашылығына бактериология қолданыла бастады. Булгаков мырзаның Каутский «бұл мәліметтерді * *экономикалық* талдаумен ұштастырып отырмайды» деген пікірі мүлдем дәлелсіз. Каутский бұл төңкеріс *рыноктың* өсуімен (соның ішінде қалалардың өсуімен) байланысты екендігін және егіншілікті қайта құруға, оны мамандандыруға *мәжбүр еткен бәсекеге* ауыл шаруашылығын бағындырумен байланысты екендігін анық көрсеткен. «Қалалық капиталдан туған бұл төңкеріс селолық қожайынның рынокқа тәуелділігін күшейтеді және, оның үстіне, рыноктың сол қожайын үшін елеулі мәні бар жағдайларын үнемі өзгертіп отырады. Ең жақын жердегі рынок дүние жүзілік рынокпен тек тас жол арқылы ғана жалғасып тұрған кезге дейін табысты болып келген өндіріс саласы осы жерден темір жол өткен кезде табыссыз бола бастайды, сөйтіп ол өндірістің басқа бір саласына қалай да орын беруге тиіс болады. Егер, мысалы, темір жолмен арзанырақ дәнді астық әкеліп тұратын болса, астық өндіру пайдасыз болып қалады, бірақ онымен қатар сүт өткізуге жағдай туады. Товар айналысының өсуі елге өсімдіктің жаңа,

* «Бұл мәліметтердің бәрін ауыл шаруашылық экономиясы жөніндегі нұсқаулардың кез келгенінен (sic!) (солай! *Ред.)* алуға болады» деп ойлайды Булгаков мырза. Булгаков мырзаның «нұсқаулар» жөніндегі бұл дәйексіз пікіріне біз қосылмаймыз. «Кез келгенінің» ішінен Скворцов мырзаның («Бу транспорты» деген) және Н. Каблуков мырзаның («Лекциялар» деген, жартысы «Россиядағы шаруа шаруашылығының даму жағдайлары туралы» деген «жаңа» кітапқа көшіріп бастырылған) орысша кітаптарын алайық. Бұлардың екеуінен де оқушы *капитализмнің* егіншілікте жасаған төңкерісінің бейнесін таба алмас еді, өйткені олардың ешқайсысы да феодалдық шаруашылықтан капиталистік шаруашылыққа көшудің жалпы бейнесін беруді тіпті мақсат етіп қоймайды.

жақсартылған сорттарын әкеліп егуге мүмкіндік береді», т. т. (S. 37—38). «Феодализм заманында,— дейді Каутский,— ұсақ егіншіліктен басқа егіншілік болған жоқ, өйткені помещик өзінің жерін баяғы сол шаруалардың сайманымен өңдеп отырды. Капитализм егіншілікте ұсақ өндіріске қарағанда техникалық жағынан неғұрлым тиімді ірі өндірістің тууына тұңғыш рет мүмкіндік жасады». Ауыл шаруашылық машиналары туралы айта келіп, Каутский (айта кетелік: ол егіншіліктің бұл жөніндегі өзгешеліктерін дәлме-дәл көрсеткен) оларды қолданудың *капиталистік* сипатын, олардың жұмысшыларға тигізетін әсерін, машиналардың прогресс факторы ретіндегі маңызын, ауыл шаруашылық машиналарын қолдануға шек қою туралы жобалардың «реакциялық утопиялылығын» ашып көрсетеді. «Ауыл шаруашылық машиналары өздерінің қайта құру ісін жүргізе береді: олар ауыл шаруашылығындағы жұмысшыларды қалаларға қуады, сөйтіп, бір жағынан, деревняда жалақының өсуіне, екінші жағынан, ауыл шаруашылығына машина қолданудың ілгері дами беруіне өте күшті құрал болады» (S. 41). Бұған мынаны қосайық: жеке-жеке тарауларда Каутский қазіргі кездегі егіншіліктің капиталистік сипатын да, ірі өндірістің ұсақ өндіріске қатынасын да, шаруалардың пролетарлануын да әбден анықтап көрсетеді. Булгаков мырзаның Каутский «бұл кереметті өзгерістердің бәрі не үшін қажетті болғапы жөнінде мәселе қоймайды» деуі тіпті де дұрыс емес, мұны біз көріп отырмыз.

V тарауда («Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығының капиталистік сипаты») Каутский Маркстің құн, пайда және рента жөніндегі теориясын баяндайды. Каутский былай дейді: «Ақшасыз қазіргі кездегі ауыл шаруашылық өндірісінің болуы мүмкін емес, немесе, басқаша айтқанда, оның *капиталсыз* болуы мүмкін емес. Шынында да, қазіргі өндіріс әдісі тұсында адамның жеке басына тұтыну мақсатына жұмсалмайтын ақшаның қандайы болса да капиталға айнала алады, яғни қосымша құн туғызатын құнға айнала алады, сөйтіп ол жалпы ереже бойынша шынында капиталға айналады. Демек, қазіргі ауыл шаруашылық өндірісі капиталистік өнді-

ріс болып табылады» (S. 56). Бұл жері, айта кетелік, бізге Булгаков мырзаның мына сөзін бағалауға мүмкіндік береді: «Мен бұл терминді (капиталистік егіншілік) дағдылы мағынасында қолданып отырмын (оны Каутский де нақ сол мағынада қолданады), яғни егіншіліктегі ірі шаруашылық мағынасында қолданып отырмын. Шындығында (sic!) *бүкіл* халық шаруашылығы капиталистік жолмен ұйымдастырылып отырғанда тегінде капиталистік *емес* егіншілік болмайды, ол *бүтіндей* өндірісті ұйымдастырудың жалпы жағдайларына байланысты, сондықтан тек соның шеңберінде ғана ірі, кәсіпкерлік егіншілік және ұсақ егіншілік деп айыру керек. Айқын болу үшін бұл жөнінде де жаңа термин керек». Булгаков мырза Каутскийдің қатесін *түзеген* сияқты болып отыр ғой... «Шындығында», оқушы өзі көріп отыр, «капиталистік егіншілік» деген терминді Каутский Булгаков мырзаның қолданып отырған «дағдылы» және көмескі мағынасында *әсте қолданбайды.* Капиталистік өндіріс әдісі қолданылып отырғанда егіншілік өндірісінің қандайы болса да «жалпы ереже бойынша» капиталистік өндіріс болатындығын Каутский тамаша жақсы түсініп, өте анық және айқын түрде айтып отыр. Бұл пікірдің дәлелі ретінде мынадай жай ғана факт келтіріліп отыр: қазіргі кездегі егіншілік үшін ақша керек, ал адамның жеке басына тұтынуға жұмсалмайтын ақша қазіргі қоғамда капитал болып шығады. Біздің ойымызша, мұның өзі Булгаков мырзаның «түзетуінен» гөрі біраз анығырақ және Каутский «жаңа терминсіз» де лаждауға мүмкіндік бар екендігін толық көрсетіп берген сияқты.

Кітабының V тарауында Каутский сонымен бірге былай дейді: Англияда соншалықты дамыған арендалық жүйе де, континенттік Европада ғажап жеделдікпен дамып отырған ипотекалық жүйе де, асылында, бір процесті, атап айтқанда: *селолық қожайынның жерден бөлектену процесін* * көрсетеді. Капиталистік фермерлер

* «Капиталдың» үшінші томында Маркс бұл процесті көрсетіп (оның түрлі елдердегі түрліше *формаларын* қарастырмай-ақ), осылайша «жердің жер иеленушіліктен және жер иесінен, өндірістің шарты ретінде, бөлектенуі» — «капиталистік өндіріс әдісінің ұлы нәтижелерінің бірі» деді (III, 2, 156—157. Орысша аудармасы 509—510) [48].

жүйесінде бұл бөлектену айдан анық. Ал ипотекалық жүйеде ол «оншалық анық емес, және істің жайы оншалықты оп-оңай да емес, бірақ, сайып келгенде, соған соғады» (S. 86). Шынында да, жерді кепілге беру — жер рентасын кепілге беру немесе оны сату болып табылмай ма. Демек, арендалық жүйе тұсындағыдай, ипотекалық жүйе тұсында да рента алушылар (=жер иелері) кәсіпкерлік пайда алушылардан (=селолық қожайындардан, селолық кәсіпкерлерден) бөлектенеді. Булгаков мырзаға «Каутскийдің бұл сөзінің мәнісі тегі түсініксіз». «Ипотека жердің селолық қожайыннан бөлектенуін көрсетеді дегенді дәлелденген деп есептеуге бола қояр ма екен». «1-ден, *бүкіл* рента борышты өтеуге кетеді деп дәлелдеуге болмайды, бұл ерекше жағдайда ғана болуы мүмкін...» Бұған біз былай деп жауап береміз: *нағыз* аренда ақысы рентаға дәлме-дәл келеді деп дәлелдеп жатудың керегі болмайтыны сияқты, ипотекалық борыштардың процентteріне *бүкіл* рента кетеді деп дәлелдеп жатудың да ешқандай қажеттігі жоқ. Ипотекалық борыш орасан тез өсетіндігін, жер иелері өзінің жерінің бәрін кепілге беруге тырысатындығын, бүкіл рентасын сатуға ұмтылатындығын дәлелдеудің өзі жеткілікті. Бұл тенденцияның барлығына күмән келтіруге болмайды, ал теориялық экономикалық талдау тегінде тенденциялармен ғана шұғылдана алады. Демек, жердің селолық қожайыннан бөлектену процесі болатыны да күмәнсыз. Рента алушы мен кәсіпкерлік пайда алушының бір адам болуы — «тарихи тұрғыдан қарағанда сирек кездесетін нәрсе» (ist historisch eine Ausnahme, S. 91)... «2-ден, борыштың мақызын түсіну үшін оның себептерін және неден болғандығын әрбір ретте талдап тексеру керек». Бұл, сірә, не қате басылған, не жаңылыс айтылған соз болар. Экономистен (және де *жалпы* «капиталистік қоғамда ауыл шаруашылығының дамуы» туралы сөз қозғап отырған экономистен) борыштың себептерін *«әрбір ретте»* зерттеуге тиіс еді немесе соны зерттей алар еді деп Булгаков мырза талап ете алмайды. Егер Булгаков мырза түрлі елдерде әр түрлі кездегі борыштың себептерін талдаудың қажеттігі туралы айтпақшы болған болса, онда біз оның бұл пікіріне қосыла

алмаймыз. Каутскийдің айтқаны өте дұрыс, аграрлық мәселе жөнінде монографиялар тіпті көп, ал қазіргі кездегі теорияның шұғыл міндеті — әсте жаңа монографиялар қосу емес, «ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясының негізгі тенденцияларын түгелінен зерттеу (Vorrede, S. VI *). Ипотекалық борыштың өсу формасында жердің селолық қожайыннан бөлектенуі де осы негізгі тенденциялардың қатарына қосылатындығы күмәнсыз. Ипотекалардың шын маңызын, олардың тарихи прогрестік сипатын (жердің селолық қожайыннан бөлектенуі — ауыл шаруашылығының қоғамдастырылуына қажетті жағдайлардың бірі, S. 88), егіншіліктің капиталистік эволюциясында ** олардың қажетті ролі барлығын Каутский дәлме-дәл және айқын ашқан. Каутскийдің бұл мәселе жөніндегі пікірлерінің бәрі де теориялық жағынан аса бағалы және борыштың «сұмдықтары» туралы, «жәрдем беру шаралары» туралы... соншама көп жайылған (әсіресе «ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі кез келген нұсқауларда» көп жайылған) буржуазиялық даурықпаға қарсы қолданылатын күшті құрал болады. «3-ден,— деп қорытады Булгаков мырза,— арендаға берілетін жердің өзі де кепілге берілуі мүмкін және бұл жағынан алып қарағанда оның арендаланбайтын жер қалпына түсуі мүмкін». Ғажап дәлел! Булгаков мырза басқаларымен сабақтаспп жатпайтын тым болмаса бір экономикалық құбылысты, бір экономикалық категорияны тауып көрсетсінші. Аренда ипотекамен қосарланып келген күнде де оның өзі теорияның мынадай қағидасын: жердің селолық қожайыннан бөлектену процесі екі түрлі формада — арендалық система формасында және ипотекалық борыш формасында — болады деген қағидасын бекерге шығармайды, тіпті оны әлсіретпейді де.

---

* — Алғы сөз, VI бет. *Ред.*

** Ипотекалық борыштың көбеюі ауыл шаруашылығының жаншталған халде екендігін әсте ылғи көрсете бермейді... Ауыл шаруашылығының прогресі және оның гүлденуі (оның кері кетуі сияқты) «ипотекалық борыштың өсуінен көрінуге тиіс, ол өсу — 1-ден, өрлеп келе жатқан ауыл шаруашылығының капиталды керек етуінің өскендігінен болады; 2-ден, ауыл шаруашылық кредитін өсіруге мүмкіндік беретін жер рентасының өсуінен болады» (S. 87).

Булгаков мырза сондай-ақ Каутскийдің «арендалық жүйесі дамыған елдер сонымен қатар ірі жер иеленушілік жағы басым елдер болып табылады» (S. 88) деген қағидасын да «бұрынғыдан да тосын» және «мүлдем теріс» деп жариялайды. Мұнда Каутский жер иеленудің шоғырлануын (арендалық жүйе тұсында) және ипотеканың шоғырлануын (жер иеленушілердің жеке меншікті шаруашылығы жүйесінде) сөз қылғанда бұларды жеке жер меншігін жоюды жеңілдететін жағдай ретінде сөз қылып отыр. Жер иеленушіліктің шоғырлануы туралы мәселеге келгенде,— дейді Каутский тағы да,— «бірнеше жер иелігінің бір адамның қолына жиналуын қадағалап отыруға мүмкіндік беретін» статистика жоқ, бірақ «жалпы алғанда» аренда мөлшерінің өсуі мен арендаға алынған жер көлемінің өсуі жер иеленушіліктің шоғырлануымен қатар жүріп келеді деп «есептеуге болады». «Арендалық жүйесі дамыған елдер сонымен қатар ірі жер иеленушілік жағы басым елдер болып табылады». Каутскийдің бұл пікірі бүтіндей арендалық жүйесі дамыған елдер жөнінде ғана айтылғандығы айқын, ал Булгаков мырза Шығыс Пруссияны дәлел етіп, онда ірі жер иеленушіліктің ұсақталуымен қатар арендаң өскендігін «көрсететініне сенеді», сөйтіп осы жеке мысал арқылы Каутскийдің пікірлерін теріске шығармақ болады! Бірақ Булгаков мырза оқушыға мынаны айтуды бекер ұмытады: Ост-Эльбияда ірі имениелердің ұсақталып, шаруалық аренданың өскендігін Каутскийдің өзі көрсеткен, сонымен қатар бұл процестердің шын маңызын анықтап шыққан, мұны біз төменде көреміз.

Ипотекалық борыш елдерінде жер иеленушіліктің шоғырланғанын Каутский ипотекалық мекемелердің шоғырлануымен дәлелдейді. Булгаков мырза мұны дәлел бола алмайды деп есептейді. Оның ойынша, «кредит мекемелерінің шоғырлануымен қатар капиталдың ыдырауы (акциялар арқылы) оп-оңай бола беретін нәрсе». Ал бұл мәселе жөнінде біз тіпті Булгаков мырзамен таласып жатпаймыз.

III

Феодалдық және капиталистік егіншіліктің негізгі белгілерін қарастырып шығып, Каутский ауыл шаруашылығындағы «ірі және ұсақ өндірістер» (VI тарау) туралы мәселеге көшеді. Бұл тарау — Каутский кітабының ең жақсы тарауларының бірі. Каутский бұл тарауда алдымен «ірі өндірістің техникалық жағынан артықшылығын» сөз етеді. Мәселені ірі өндірістің пайдасына шешкен Каутский тіпті де ауыл шаруашылық қатынастарының арасап әр түрлілігін елемейтін абстракт формула беріп отырған жоқ (Булгаков мырзаның түк дәлелсіз осылай деп ойлағанындай), қайта теория заңын практикаға қолдану үшін осы әр түрлілікті ескеру қажет екендігін айқын және дәл көрсетеді. Егіншілікте ірі өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығы болмай қоймайды — *«басқа барабар жағдайларда»* ғана солай болатындығы *«өзінен-өзі түсінікті»* (S. 100. Курсив менікі). Бұл бір. Ірі өндірістің артықшылығы жөніндегі заң өнеркәсіпте де, кейде бағзы біреулердің ойлайтынындай, абсолюттік түрде, оп-оңай бола бермейді ғой; онда да *«басқа жағдайлардың»* бірдей болуы ғана (бұл шын өмірде өте сирек кездеседі) бұл заңның толық қолданылуын қамтамасыз етеді. Ал енді қатынастарының күрделілігі және әр түрлілігі әлдеқайда басым егіншілікті алсақ, мұнда ірі өндірістің артықшылығы туралы заңды толық қолдануға анағұрлым қатал шарттар қойылған. Мысалы, шаруа имениесі мен ұсақ помещик имениесінің арасындағы шекарада «санның сапаға айналу» процесі болады: ірі шаруа шаруашылығы ұсақ помещик шаруашылығынан «техникалық жағынан болмаса да, экономикалық жағынан жоғары» болуы мүмкін деп Каутский өте дәл көрсетіп отыр. Ғылыми-жетік басқарушы ұстау (ірі өндірістің маңызды артықшылықтарының бірі осы) ұсақ поместье үшін өте ауырға соғады, ал қожайынның өзінің басқаруы көбінесе тек «юнкерлік» басқару ғана болады, бірақ ғылыми басқару болмайды. Екіншіден, ірі шаруашылықтың артықшылығы егіншілікте белгілі бір шекке дейін ғана болады. Каутский кейінгі баяндауында бұл шектерді толық зерттеген. Бұл

шектердің ауыл шаруашылығының түрлі салаларында және түрліше қоғамдық-экономикалық жағдайлардың тұсында бірдей болмайтындығы да өзінен-өзі түсінікті. Үшіншіден, ауыл шаруашылығының мынадай салалары да — мамандардың айтуынша бәсекеге түсе алатын ұсақ өндірістер, мысалы, огород шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, саудалық өсімдіктер шаруашылығы және тағы сондайлар да *«әзірше»* бар екендігін Каутский ешбір елеусіз қалдырып отырған жоқ (S. 115). Бірақ ондай егістердің ауыл шаруашылығының басты (entscheidenden) салаларына: дәнді астық өндірісіне, мал шаруашылығына тек бағыныштты ғана маңызы болады. Оның үстіне, «огород шаруашылығы мен жүзім шаруашылығында да қазірдің өзінде ойдағыдай өсіп отырған ірі өндірістер бар» (S. 115). Сондықтан «егер ауыл шаруашылығын жалпы және тұтас (im allgemeinen) алатын болсақ, онда оның ұсақ өндірісінің ірі өндірісінен артықшылығы бар салаларын есепке алу керек болмайды, сөйтіп ірі өндірістің ұсақ өндірістен әлдеқайда артықшылығы бар деуге әбден болады» (S. 116).

Егіншілікте ірі өндірістің техникалық артықшылығы бар екендігін дәлелдегеннен кейін (Каутскийдің дәлелдерін біз төменде, Булгаков мырзаның қарсы дәлелдерін талдағанда, толығырақ баяндаймыз) Каутский: «ірі өндірістің артықшылықтарына ұсақ өндіріс нені қарсы қоя алады?» деп сұрақ береді де, өзі былайша жауап қайырады: «ұсақ өндірісте қызметкер өз басының қамы үшін істейді, ол жұмысты жалдама жұмысшыша істемей, артықша ыждағат салып, артықша мұқият істейді, ал онан соң осы дербес ұсақ егіншінің тұтыну дәрежесінің төмендігі сонша, тіпті село жұмысшысының тұтыну дәрежесінен де төмен болады» (S. 106),— және Франциядағы, Англия мен Германиядағы шаруалардың тұрмысынан бірсыпыра көрнекті мәліметтер келтіріп, Каутский «ұсақ өндірісте еңбектің өлшеусіз көп жұмсалатындығын, ал тұтынудың кем болатындығын» ешбір күмәнсіз етіп шығарады. Ақыр соңында, Каутский ірі шаруашылықтың артықшылығы селолық қожайындардың *серіктіктер* құруға талпынатындығынан да көрінетінін айтады: «серіктік өндіріс — ірі өндіріс». Жалпы

алғанда мещандар идеологтарының, оның бер жағында, Россия халықшылдарының ұсақ егіншілердің серіктіктерін көтере дәріптеп жүргендігі жұртқа мәлім (Каблуков мырзаның жоғарыда цитат алынған кітабын атасақ та болады). Сондықтан Каутскийдің серіктіктердің ролі жөнінде жасаған тамаша талдауының маңызы онан сайын артады. Селолық ұсақ қожайындардың серіктіктері, әрине, экономикалық прогрестің бір буыны, бірақ олар, кейбіреулердің көп уақытта осылай деп ойлайтынындай және айтатынындай, *эсте коллективизмге көшкендікті* көрсетпейді, *қайта капитализмге көшкендікті* (Fortschritt zum Kapitalismus) көрсетеді. (S. 118). Серіктіктер ауыл шаруашылығында ірі өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығын (Vorsprung) әлсіретпейді, қайта күшейте түседі, өйткені ірі қожайындардың серіктіктер құру мүмкіншілігі көбірек және осы мүмкіншілікті олар көбірек пайдаланады да. Қауымдық, коллективтік ірі өндірістің капиталистік ірі өндірістен жоғары екендігін Каутский — әлбетте — толық батыл мойындайды. Ол Англияда Оуэннің ізбасарларының егіншілікті коллективтік жолмен жүргізудегі тәжірибелеріне *, Солтүстік-Америка Құрама Штаттарындағы осы сияқты қауымдарға тоқталып өтеді. Каутский былай дейді: бұл эксперименттердің барлығы да қазіргі ірі егіншілікті қызметкерлердің коллективтік жолмен жүргізуі әбден мүмкін екендігін *даусыз дәлелдейді,* бірақ бұл мүмкіншіліктің жүзеге асуы үшін «бірсыпыра белгілі бір экономикалық, саяси және интеллектуалдық жағдайлар» қажет. Ұсақ өндірушінің (қолөнершінің де, шаруаның да) коллективтік өндіріске көшуіне оларда ортақтасудың, тәртіптің өте нашарлығы, олардың оқшаулығы, олардың «меншікшілдік фанатизмі» бөгет болады, бұл фанатизм батыс европалық шаруалар арасында ғана емес,— өз жанымыздан қосайық,— орыстың «қауымдық» шаруаларының арасында да бар (А. Н. Энгельгардт пен Гл. Успенскийді еске түсіріңіз). Каутский үзілді-кесілді былай дейді: *«Қазіргі қоғамда* шаруа қа-

* 124—126-беттерде Каутский Рэлэгайнедегі (Ralahine) егіншілік коммунаны суреттейді, айта кетейік, ол коммунаның жайын «Русское Богатствоның»[49] осы жылғы 2-номерінде орыс оқушыларына Дионео мырза да баяндаған.

уымдық өндіріске көшеді деп үміттену қисынсыз» (S. 129).

Каутскийдің кітабының VI тарауының аса бай мазмұны осындай. Булгаков мырза әсіресе осы тарауды ұнатпайды. Бізге ол: Каутскийдің «негізгі күнәсы» оның әр түрлі ұғымдарды бірімен бірін шатастырып жіберуінде, онда «техникалық артықшылықтар экономикалық артықшылықтармен шатасып жатады» дейді. Каутский «*техникалық жағынан* неғұрлым жетілген өндіріс әдісі — *экономикалық жағынан да* неғұрлым жетілген әдіс, яғни неғұрлым өміршең әдіс болады деген теріс жорамалға сүйенеді» дейді. Булгаков мырзаның бұл батыл айтып отырған пікірі мүлде дәлелсіз,— мұның дәлелсіз екендігіне Каутскийдің пікірлерінің желісін біздің баяндауымызға қарап, оқушының енді көзі жетті ғой деп сенеміз. Техника мен экономиканы ешбір шатастырмастан *, Каутский мүлдем дұрыс істеп отыр: ол егіншіліктегі ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің капиталистік шаруашылық тұсында *басқа барабар жағдайларда* арасалмағы қандай болатындығы туралы мәселені зерттеп отыр. *VI тараудың бірінші параграфының алғашқы сөйлемінде-ақ Каутский капитализмнің даму сатысы мен ірі егіншіліктің артықшылығы туралы заңның жалпылама қолданылу дәрежесінің арасындағы бұл байланысты дәлме-дәл көрсетеді:* «Ауыл шаруашылығы неғұрлым

---

* Булгаков мырзаның сүйенуіне болатын бір-ақ нәрсе — Каутскийдің VI тараудың бірінші параграфына қойған *аты:* оны «а) ірі өндірістің *техникалық жағынан* артықшылығы» деп атаған, ал бұл параграфта ірі өндірістің техникалық жағынан да, экономикалық жағынан да артықшылығы айтылады. Бірақ мұның өзі Каутскийдің техника мен экономиканы *шатастырғанын* дәлелдей қоя ма? Және тіпті, шынын айтқанда, Каутскийдің солай деп атап отырғанының өзін дәл емес дей қою да екіталай. Әңгіме мынада: Каутский VI тараудың 1 параграфы мен 2-параграфының мазмұнын біріне-бірін қарсы қоюды мақсат еткен: 1-парагтафта (а) капиталистік ауыл шаруашылығындағы ірі өндірістің техникалық жағынан артықшылығы бар екендігі айтылған, мұнда машиналармен және басқаларымен қатар, мысалы, кредит те көрсетілген. Булгаков мырза мұны: «өзгеше бір техникалық артықшылық» деп мысқылдайды. Бірақ rira bien qui rira dernier! (соң күлген — жақсы күледі! *Ред.)* Каутскийдің кітабына көз салыңызшы, сонда сіз оның айтып отырғаны әсіресе кредит ісінің *техникасындағы* (онан кейін сауда техникасындағы) прогресс, *тек* ірі қожайынның қолы жететін прогресс екенін көресіз. Мұның керісінше, 2-параграфта (в) ірі өндіріс пен ұсақ өндірістегі қызметкердің еңбек мөлшері мен тұтыну нормасын салыстыру туралы сөз болып отыр, демек, мұнда ұсақ өндіріс пен ірі өндірістің арасындағы *кілең экономикалық айырмашылықтар* қарастырылып отыр. Кредит пен сауданың *экономикасы* — екеуіне бірдей, бірақ *техникасы* — әр түрлі.

капиталистік шаруашылыққа айналса, ол ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің техникасы арасындағы сапа айырмашылығын да соғұрлым зор мөлшерде дамыта береді» (S. 92). Капитализмге дейінгі егіншілікте бұл сапа айырмашылығы болған жоқ. «Шынында, мәселе былайша қойылуға тиіс: ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің бәсекесінде *қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда*, өндірістің осы формаларының әрқайсысына тән белгілі бір өзгешеліктердің қандай маңызы болмақ?» — деп Булгаков мырзаның Каутскийді қатал жазғырғандығы туралы не деуге болады? Мұның өзі — дәл біз жоғарыда қарастырып өткен «түзету» сияқты.

Енді Каутскийдің егіншіліктегі ірі өндірістің техникалық артықшылығы пайдасына келтірген дәлелдерін Булгаков мырзаның қалай теріске шығарғанын қарап көрейік. Каутский былай дейді: «Ауыл шаруашылығының индустриядан ең маңызды өзгешеліктерінің бірі — ауыл шаруашылығында сөздің шын мағынасындағы өндіріс (Wirtschaftsbetrieb, шаруашылық кәсіпорын) әдетте үй шаруашылығымен (Haushalt) байланысты, ал индустрияда олай емес». Еңбек пен материалды үнемдеу жөнінде ірілеу үй шаруашылығының ұсақ шаруашылықтан артықшылығы бар екендігін дәлелдеудің керегі бола қояр ма екен... Алғашқысы (бұл есіңізде болсын! *В. И.*) «керосинді, цикорийді, маргаринді — көтере сатып алады, ал екіншісі — бөлшектеп сатып алады, т. б.» (S. 93). Булгаков мырза мұны былайша «түзетеді»: «Каутский мұны техникалық жағынан пайдалырақ дегісі келіп отырған жоқ, бұл арзанырақ *түседі* дегісі келіп отыр»!.. Булгаков мырзаның Каутскийді «түзетпекші» болған әрекеті бұл ретте де (басқа реттердің барлығындағы сияқты) тіпті сәтсіз екені айқын емес пе? Қатал сыншы онан кейін былай дейді: «Бұл дәлелдің өзі де өте күмәнды, өйткені өнімнің құнына, белгілі бір жағдайларда, бытыраңқы үйлердің құны әсте кірмей қалуы мүмкін, ал ортақ үйдің құны бұған кіреді, тіпті процентімен кіреді. Мұның өзі де әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты, сондықтан ірі өндірістің ұсақ өндірістен жалған техникалық артықшылығын зерттегенше, сол әлеуметтік-экономикалық жағдайлар-

ды зерттеу керек еді...» 1-ден, Булгаков мырза мына бір болмашы нәрсені ұмытып отыр: Каутский әуелі ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің *басқа барабар жағдайлардағы* салыстырмалы маңызы қандай екендігін зерттей келіп, онан кейінгі баяндауында бұл жағдайларды да толық талдайды. Демек, Булгаков мырза әр түрлі мәселелерді бір жерге үйіп-төгіп шатастырып отыр. 2-ден, шаруа үйлерінің құны өнімнің құнына қалай кірмей қалуы мүмкін? Шаруа үй салуға және оны жөндеуге жұмсаған өз ағаштарының құнын немесе өз еңбегін «есепке алмайтындықтан» ғана кірмеуі мүмкін. Шаруаның шаруашылығы натуралды шаруашылық болып отырғанда, ол еңбегін, әрине, «есепке алмауы» мүмкін,— *Каутский өз кітабының 165—167-беттерінде* (VIII тарау, «Шаруаның пролетарлануы») мұны *өте айқын және дәл көрсеткен,* ал Булгаков мырзаның оқушыларға осыны айтуды ұмытып кетуі орынсыз. Бірақ қазіргі әңгіме натуралды шаруашылықтың немесе жай товар шаруашылығының емес, капитализмнің «әлеуметтік-экономикалық жағдайлары» туралы болып отыр ғой. Ал капиталистік қоғам жағдайында өз еңбегін «есепке алмау» — өзінің еңбегін (көпеске немесе басқа бір капиталиске) текке бергендік болады, жұмыс күшінің ақысын толық алмай жұмыс істегендік болады, тұтыну дәрежесін нормадан кеміте төмендеткендік болады. Ұсақ өндірістің *бұл* өзгешелігін Каутский толық мойындап, дұрыс бағалады, оны біз көріп отырмыз. Булгаков мырза Каутскийге қарсы келтірген дәлелдерінде буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық экономистердің дағдылы әдістері мен дағдылы қателерін қайталап отыр. Бұл экономистер: ұсақ шаруа «өміршең келеді», ол өз еңбегін есепке алмай-ақ, пайда мен рентаға, тағы басқаларына қызықпай-ақ күн көре алады деп ызыңдап, құлақ тұндырып болды. Бұл қайырымды адамдар мұндай пайымдау натуралды шаруашылықтың, жай товар өндірісінің және капитализмнің «әлеуметтік-экономикалық жағдайларын» бірімен бірін шатастырып жіберетіндігін тек ұмытып кетіп отырды. Қоғамдық-экономикалық қатынастардың белгілі бір құрылымын *жете айыра көрсетіп,* Каутский бұл қателердің бәрін де тама-

ша жақсы түсіндіреді. «Егер ұсақ шаруаның ауыл шаруашылық өндірісі,— дейді ол,—товар өндірісінің саласына тартылмаған болса, егер ол үй шаруашылығының бір бөлегі ғана болса, онда ол да қазіргі өндіріс әдісінің бір орталыққа бағындыратын тенденцияларынан тыс қалады. Оның парцеллалық шаруашылығы қаншама тиімсіз болғанымен, ол қаншама күш ысырап етуді керек еткенімен, ұсақ шаруа өз шаруашылығынан жабысып айрылмайды,— мұның өзі оның әйелінің өзінің ұсқынсыз үй шаруасынан айрылмауға тырысып бағатыны сияқты, ал әйелінің үй шаруасы да нақ әлгі сияқты жұмыс күшін орасан көп жұмсағанның өзінде тіпті жартымсыз нәтижелер береді, бірақ бұл шаруашылық сол әйел бөтен кісінің еркіне бағынбайтын және қаналмайтын бірден-бір шаруашылық саласы болып табылады» (S. 165). Натуралды шаруашылықты товар шаруашылығы ығыстырып шығарған кезден бастап істің жайы өзгереді. Шаруаның өз өнімін сатуына, құрал-сайман сатып алуына, *жер сатып алуына* тура келеді. Шаруа *жай товар өндіруші* болып қана отырғанда, ол жалдама жұмысшының тұрмысындай тұрмысқа қанағат ете алады; оған пайданың, рентаның керегі жоқ, оның өзі жерге кәсіпкер капиталистің бере алатынынан анағұрлым көп ақы төлей алады (S. 166). Бірақ жай товар өндірісін *капиталистік өндіріс* ығыстырып шығарады. Егер, мысалы, шаруа жерін кепілге берсе, ол енді кредиторға сатылып кеткен рентаны да табуға тиіс. Дамудың осы сатысында тұрғанда шаруаны тек формальды түрде ғана жай товар өндіруші деп санауға болады. De facto * ол енді дағдылы түрде *капиталиспен* — кредитормен, көпеспен, өнеркәсіп иесімен істес болады, сонан «қосымша кәсіп» табуға, яғни соған өзінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады. Бұл сатыда,— ал тағы да айтайық, Каутский капиталистік қоғамдағы ірі егіншілік пен ұсақ егіншілікті салыстырады,— «өз еңбегін есепке алмау» мүмкіншілігі шаруа үшін тек бір ғана нәтиже тудырады: діңкесі құрып жұмыс істей отырып, ол өзінің тұтыну дәрежесін шексіз кеміте береді.

* — Факт бойынша, іс жүзінде. *Ред*

Булгаков мырзаның бұдан басқа қарсы пікірлері де қисынсыз. Ұсақ өндіріс машинаны кем дәрежеде ғана қолдана алады; ұсақ қожайынның кредит алуы қиынырақ және қымбатқа түседі,— дейді Каутский. Булгаков мырза бұл дәлелдерді дұрыс емес деп табады да, оған... шаруа серіктіктерін дәлел етеді! Соның өзінде бұл серіктіктерге және олардың маңызына жоғарыда біз келтіргендей баға берген Каутскийдің дәлелдері мүлде ауызға алынбайды. Машиналар туралы мәселе жөнінде Булгаков мырза тағы да Каутскийді сөгеді: ол «неғұрлым жалпы экономикалық мәселені: ауыл шаруашылығында машинаның жалпы экономикалық ролі қандай» (Булгаков мырза Каутскийдің кітабының IV тарауын ұмытып та қалыпты!) «және машина ауыл шаруашылығында өңдеуші өнеркәсіптегідей сөзсіз қажет құрал ма?» деген мәселені қозғамады дейді. Каутский қазіргі ауыл шаруашылығында машиналарды қолданудың капиталистік сипатын айқын көрсетті (S. 39, 40 және келесі беттер), егіншілікте машиналарды қолдануға «техникалық және экономикалық қиыншылықтар» туғызатын егіншіліктің өзгешеліктерін атап көрсетті (S. 38 және келесі беттер), машиналардың барған сайын көп қолданылып отырғандығы туралы (40), олардың техникалық маңызы туралы (42 және келесі беттер), бумен электрдің ролі туралы мәліметтер келтірді. Каутский түрлі машиналарды толық пайдалану үшін агрономияның деректері бойынша шаруашылықтар көлемі қандай болуы қажет екендігін көрсетті (94), Германияда 1895 жылы жүргізілген санақ мәліметтері бойынша машина қолданатын шаруашылықтардың проценті ұсақ шаруашылықтардан ірі шаруашылықтарға қарай дұрыс және тез өсетіндігін көрсетті (2 гектарға дейін жері бар шаруашылықтарда 2%; 2—5 гектарлы шаруашылықтарда 13,8%; 5—20 гектарлы шаруашылықтарда 45,8%; 20—100 гектарлы шаруашылықтарда 78,8%; 100 және онан артық гектарлы шаруашылықтарда 94,2%). Булгаков мырза бұл мәліметтердің орнына машиналардың «жеңілмейтіні» не жеңілетіні туралы «жалпылама» пайымдаулар болуын тілер еді!..

«Ұсақ өндірісте гектар басына жұмыс көлігінің саны көбірек келетінін көрсету... дәлелді емес... өйткені бұл арада шаруашылықтың мал ұстау дәрежесі қаншалық екендігі зерттелмеген»,— дейді Булгаков мырза. Каутскийдің кітабының осыны көрсеткен бетін ашып қарасақ, біз мынаны оқимыз: «...Ұсақ шаруашылықта сиырдың саны» (1000 гектарға шағып есептегенде) «көп болуы мына жағдайға да аздап байланысты: шаруа ірі қожайынға қарағанда мал шаруашылығымен көбірек шұғылданады да, астық өндірумен азырақ шұғылданады; бірақ жылқы асырау жөніндегі айырмашылықты бұл себептен деуге болмайды» (96-бет, осы бетте 1860 жылғы Саксония туралы, 1883 жылғы бүкіл Германия туралы және 1880 жылғы Англия туралы мәліметтер келтірілген). Ескерте кетейік, Россияда да земство статистикасы ірі егіншіліктің ұсақ егіншіліктен артықшылығын көрсететін нақ осы заңды ашты: ірі шаруа шаруашылықтары жер көлемінің бір өлшеміне шаққанда аз малмен және аз сайманмен қанағаттанады *.

Капиталистік ауыл шаруашылығында ірі өндірістің ұсақ өндірістен артықшылығы туралы Каутскийдің келтірген дәлелдерін Булгаков мырза мүлде жеткіліксіз баяндаған. Ірі егіншіліктің артықшылығы мәдени егістікті кем шығын етуінде, көлік пен құрал-сайман арқылы қаржы үнемдеуінде, құрал-саймандь неғұрлым толық пайдалануында, машинаны қолдануға мүмкіншілігі көбірек болуында, кредит алу мүмкіншілігінің молырақ болуында ғана емес, сонымен қатар ірі шаруашылықтың коммерциялық артықшылығында, онда ғылыми жетік басқарушылар ұстауға болатындығында (Kautsky, S. 104). Ірі егіншілік жұмысшыларды кооперациялау және еңбек бөлінісі мүмкіндігін көбірек пайдаланады. Селолық қожайынның ғылыми агрономиялық білім алуына Каутский ерекше зор маңыз береді. «Әбден ғылыми жетік селолық қожайынды тек шаруашылыққа басшылық ету және оны бақылау еңбегі адамның жұмыс күшін толық сіңіре алатындай жеткілікті ірі өнді-

* Қараңыз: *В. Е. Постников.* «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы». Салыстырыңыз. *В. Ильин,* «Капитализмнің дамуы», II тарау, § 1 (Шығармалар толық жинағы, 3-том, *Ред.)*

ріс қана ұстап тұра алады» (S. 98: «шаруашылықтың бұл көлемі өндірістің түріне қарай өзгеріп отырады» — жүзім өсіргенде 3 гектар болса, экстенсивті шаруашылықта 500 гектарға дейін жетеді). Каутский мұнымен бірге мынадай қызық және аса ерекше фактіні: төмен және орта дәрежелі ауыл шаруашылық мектептерінің көп таралуы жай шаруаға емес, ірі қожайынға пайдалы болатындығын, оған қызметшілер жетістіріп беретіндігін атап көрсетеді (Россияда да осы жағдай байқалады). «Толық тиімді өндіріс үшін қажетті жоғары білімнің шаруалар тіршілігінің қазіргі жағдайларына үйлесуі қиын. Бұл, әлбетте, жоғары білімді айыптағандық емес, шаруалардың өмір сүру жағдайларын айыптағандық. Бұл тек мынаны ғана көрсетеді: ірі өндіріспен қатар шаруа өндірісінің өмір сүріп отырған себебі оның өнімділігі неғұрлым жоғары болғандықтан емес, тұтыну дәрежесінің неғұрлым кем болғандығынан» (99). Ірі өндірісте жалғыз шаруалардың жұмыс күштері ғана емес, мұнымен қатар тұтыну дәрежесі олардан әлдеқайда жоғары қалалық жұмыс күштері де болуға тиіс.

Каутскийдің «ұсақ өндірісте еңбектің аса көп жұмсалатындығын және тұтынудың жеткіліксіз болатындығын» дәлелдеу үшін келтірген аса қызықты және маңызды мәліметтеріп Булгаков мырза «бірнеше (!) кездейсоқ (??) цитаттар» деп атайды. Булгаков мырза нақ сондай мөлшерде оған «қарама-қарсы мағыналы цитаттар» келтіруді «қолға алады». Ол тек осы «қарама-қарсы мағыналы цитаттарымен» дәлелдеп бағатын бір *қарама-қарсы пікір* ұсынуды да қолға алар-алмасын айтуды ғана ұмытып кетіпті. Істің бар мәні, міне, осында ғой! Булгаков мырза: капиталистік қоғамда ірі шаруашылықтың шаруа шаруашылығынан өзгешелігі — ірі шаруашылықта қызметкердің жұмысы шамадан тыс ауыр және тұтынуы кем болуында деп дәлелдегісі келмек пе екен? Булгаков мырзаның мұндай кісі күлерлік пікірді айтпастай жеткілікті сақтығы бар. Ол шаруалардың жұмысты өте көп істейтіндігі және тұтыну дәрежесінің кемдігі фактісін «шаруалар кейбір жерлерде ауқатты тұрады, кейбір жерлерде кедейшілікте тұра-

ды!!» деген ескертумен орағытып өте шығуды мақұл көреді. Ірі өндіріс пен ұсақ өндіріс жайындағы мәліметтерді қорытудың орнына әр түрлі «жерлердегі» халықтың «ауқаттылығындағы» айырманы зерттеумен шұғылданып кеткен экономист туралы сіз не айтар едіңіз? Фабрика жұмысшыларымен салыстырғанда майдагерлердің жұмысты өте көп істейтіндігі және кем тұтынатындығы фактісіне соқпай, «майдагерлер кейбір жерлерде ауқатты тұрады, кейбір жерлерде кедейшілікте тұрады» деген ескертумен өте шыққан экономист туралы сіз не айтар едіңіз? Айтпақшы, майдагерлер туралы. «Сірә,— деп жазады Булгаков мырза,— қалыптан тыс жұмыс істелуінің техникалық шегі жоқ (егіншіліктегі сияқты) Hausindustrie *-мен салыстыру Каутскийдің ойына келген нәрсе болса керек», «бірақ бұл салыстыру осы жерге жарамайды». Сірә,— дейміз біз бұған,— Булгаков мырза өзі сынап отырған кітапқа таңқаларлық ұқыпсыз қараған болса керек, өйткені Hausindustrie-мен салыстыру «Каутскийдің ойына келген нәрсе» емес, қайта қалыптан тыс жұмыс істеу мәселесіне арналған *параграфтың бірінші бетінде-ақ ол мұны тікелей және дәл көрсеткен* (VI тарау, b, S. 106): «Ұсақ шаруа шаруашылығында балалардың өз үйінде істейтін жұмысы майдагерлік өнеркәсіптегі (Hausindustrie) сияқты олардың басқаға жалданып істейтін жұмысынан анағұрлым ауыр тиеді». Бұл салыстыру осы жерге жарамайды деп Булгаков мырза қаншама кесіп айтса да, оның пікірі мүлде қате. Өнеркәсіпте қалыптан тыс жұмыс істеудің техникалық шегі жоқ, ал шаруаға «егіншіліктің техникалық жағдайлары шек қояды»,— деп пайымдайды Булгаков мырза. Айтыңызшы, шындығында техника мен экономиканы шатастырып отырған кім: Каутский ме әлде Булгаков мырза ма? Ұсақ өндіруші егіншілікте де, өнеркәсіпте де балаларын тым жастайынан жұмысқа айдайтынын, күніне көптеген сағат жұмыс істейтінін, «үнемшілдікпен» күнелтетінін, өзінің тұтынуын тежейтіндігі сонша, цивилизациялы елде нағыз «варвар» (бұл Маркстің сөзі)

* — майдагерлік өнеркәсіппен. *Ред.*

болып көзге түсетінін фактілердің өзі көрсетіп отырғанда, бұған егіншілік немесе майдагерлік өнеркәсіп техникасының қандай қатысы бар? Егіншіліктің толып жатқан өзгешеліктері бар (бұларды Каутский ешбір ұмытып отырған жоқ) дегенді желеу етіп, мұндай құбылыстардың егіншілік пен өнеркәсіпте экономикалық жағынан біртектес екендігін бекер деуге бола қояр ма екен. «Ұсақ шаруа, өзі қалаған күнде де, егістігіне қажет мөлшерден артық жұмыс істей алмайды»,— дейді Булгаков мырза. Бірақ ұсақ шаруа күніне 12 сағаттан емес, 14 сағаттан жұмыс істей алады және істеп те жүр; өзінің жүйкесі мен бойындағы қайратын қалыпты еңбектен гөрі анағұрлым тез титықтатарлық дәрежеде шамадан тыс күш жұмсап істей алады және істеп те жүр. Ал сонан кейін шаруаның бар жұмысын жалғыз егістікке ғана телу — нағыз теріс және әсірелі абстракция емес пе! Каутскийден бұл сияқты еш нәрсе де таба алмайсыз. Шаруаның үй шаруашылығында да жұмыс істейтіндігін, үй салу, қора салу, құрал-сайман жасау және осыларды жөндеу жұмыстарын, тағы басқа жұмыстарды істейтіндігін, ірі шаруашылықтағы жалдама жұмысшы белгілі ақы төлеуді талап ететін осы қосымша еңбектің бәрін оның *«есепке алмайтынын»* Каутский әбден жақсы біледі. Шаруаның — ұсақ егіншінің ұсақ өнеркәсіпшіге қарағанда,— егер ол *тек* өнеркәсіпші болса,— жұмысты қалыптан тыс істеуіне *әлдеқайда кең өріс* бар екендігі әрбір турашыл адамға анық емес пе? Ұсақ егіншінің жұмысты қалыптан тыс істейтіні жалпыға мәлім факт екенін мына жағдай айқын дәлелдейді: буржуазиялық жазушылардың барлығы бір ауыздан шаруаны «ыждағатшыл», «үнемшіл» деп мақтаса, жұмысшыларды «еріншек», «ысырапқор» деп айыптайды.

Вестфалиядағы село халқының тұрмысын зерттеген, Каутский цитат келтіріп отырған зерттеуші былай дейді: ұсақ шаруалар өздерінің балаларына орасан көп жұмыс жүктейді, солай болған соң балалары дене бітімі жағынан жетілмей қалады; жалданып істейтін жұмыстың ондай жаман жақтары жоқ. Англияның аграрлық тұрмысын зерттеген (1897) парламенттік комиссияға

Линкольнның бір ұсақ шаруасы былай депті: «Мен бүкіл бір семьяны тәрбиеледім және жұмысқа салумен оны өлімші халге жеткіздім». Екінші біреуі: «Біз балаларымызбен күніне 18 сағаттан, орта есеппен 10—12 сағаттан жұмыс істейміз» деген. Үшінші біреуі: «Біздің жұмысымыз күндікшінің жұмысынан да ауыр, біз құлдарша жұмыс істейміз» деген. Рид (Read) мырза тар мағынада егіншілігі басым жерлердегі ұсақ шаруалардың жағдайын әлгі комиссияға былайша сипаттайды: «Ұсақ шаруаның күн көріп тұруына істейтің жалғыз амалы: екі күндікшінің жұмысындай жұмыс істеп, бір күндікшінің жұмсағанындай шығын жұмсау. Оның балалары күндікшінің балаларына қарағанда жұмыс азабын көп тартады және нашар тәрбиеленеді» («Royal Commission on Agriculture final report», p. 34, 358 *. Цитат Каутскийден алынды, S. 109). Булгаков мырза күндікшілердің екі шаруаның істегенін істейтін реттері онан сирек кездеспейді деп дәлелдемес пе екен. Каутский келтіріп отырған, «шаруаның ашығу өнері (Hungerkunst) ұсақ өндірісті экономикалық артықшылыққа жетуге бастай алатынын» көрсететін мына фактінің ерекше маңызы бар: Бадендегі екі шаруа шаруашылығының табысын салыстырғанда, олардың біреуінде, *ірісінде,* 933 марка жетіспей қалғандығы, ал екіншісінде, *екі есе ұсағырағында,* 191 марка артылып қалғандығы көрінді. Бірақ өз жұмысын тек қана жалдама жұмысшылар еңбегімен жүргізетін алғашқы шаруашылық жұмысшыларды жақсылап тамақтандырып, адам басына күніне 1 маркадай (45 тиын шамасы) шығын шығаруға тиіс болған, ал ұсақ шаруашылықта кілең семья мүшелері (әйелі және 6 ересек баласы) жұмыс істеген, бұларды асырауға шыққан шығын *екі есе кем* болған: адам басына күніне 48 пфенниг болған. Егерде ұсақ шаруаның семьясы ірі қожайынның жалдама жұмысшылары сияқты жақсы тамақтанып отырса, ұсақ шаруаның жетпейтіні 1250 марка болар еді! «Оның артық табысы қамбасының толы болуынан емес, аш құрсақтың

* — «Ауыл шаруашылығын зерттейтін корольдік комиссияның қорытынды есебі». 34, 358-беттер. *Ред.*

есебінен алынған». Егер егіншіліктегі ірі шаруашылық пен ұсақ шаруашылықтың «табыстарын» салыстыра отырып, сонымен қатар шаруалар мен жалдама жұмысшылардың тұтыну мөлшерін және істейтін жұмысын есепке алса, әлгі секілді толып жатқан мысалдар табылар еді *. Ұсақ шаруашылықтың (4,6 гектарлы) ірі шаруашылықтан (26,5 гектарлы) неғұрлым көп табыстылығын көрсететін екінші бір есеп, арнаулы журналдардың бірінде жасалған есеп те бар. Бірақ жоғары табыс қалай алынады? — деп сұрақ қояды Каутский. Бақсақ, ұсақ егіншіге балалары көмектеседі екен, аяқтанған кезінен бастап-ақ көмектеседі екен, ал ірі егіншінің өз балаларына шығын шығарып отыруына (мектеп, гимназия) тура келеді екен. Ұсақ шаруашылықта 70 жастан асып кеткен шалдар да «толық бір жұмысшының ісін атқарып отырады». «Қарапайым, әсіресе ірі өндірістегі күндікші жұмыс істеп жүріп: кешкі демалыс қашан болар екен деп ойлайды; ал ұсақ шаруа, қайткенде де, барлық өте тығыз жұмыстар кезінде: қап, тым болмаса, күн екі сағатқа ұзарар ма еді деп ойлайды». Ұсақ өндірушілер,— деп бізге ақыл айтады әлгі агрономиялық журналдағы мақаланың авторы,— тығыз жұмыстардың кезінде уақытты жақсы пайдаланады: «ерте тұрады, кеш жатады, жұмысты тезірек істейді, ал ірі қожайынның жұмысшылары басқа күндердегісінен ерте тұрғысы, кеш жатқысы, жұмысты қиналып істегісі келмейді». Шаруа өзінің «қарапайым» тұрмысы арқасында таза табыс түсіре біледі: көбінесе семьяның өз күшімен салынған балшық үйде тұрады; әйелі отасқанына 17 жыл болса да, тек бір пар ботинка тоздырған, көбінесе ол жалаңаяқ немесе ағаш кебіс киіп жүреді, үй ішіндегілердің киім-кешегін тігетін де өзі. Тамақтары — картоп, сүт, анда-санда — майшабақ. Күйеуі тек жексенбі күндері ғана бір трубка темекі тартады. «Бұл адамдар өздерінің өте жұпыны тұратындығын ойламайды, сондықтан өздерінің тұрмысына наразы да болмай-

* Салыстырыңыз. *В. Ильин,* «Россияда капитализмнің дамуы», 112, 175, 201-беттер. (Шығармалар толық жинағы, 3-том, 174, 261—262, 293—294-беттер. *Ред.)*

ды... Осындай жұпыны тұрмыстың арқасында олар өз шаруашылығынан жыл сайын дерлік азын-аулақ табыс алып отырады».

IV

Капиталистік ауыл шаруашылығындағы ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің арақатынастарына жасаған талдауын аяқтай келіп, Каутский «капиталистік ауыл шаруашылығының шегін» (VII тарау) әдейі анықтауға кіріседі. Ірі егіншіліктің артықшылығы жөніндегі теорияға,— дейді Каутский,— қарсы шығатындар көбінесе буржуазия қатарындағы «адамзат достары» (біз—халық достары... дей жаздадық), нағыз фритредерлер [50], аграрийлер. Соңғы кезде көптеген экономистер ұсақ егіншілікті жақтап жүр. Әдетте олар ірі шаруашылықтардың ұсақ шаруашылықтарды ығыстырып жатпағанын көрсететін статистиканы дәлел етеді. Каутский де мынадай статистикалық мәліметтер келтіреді: Германияда 1882 жылдан 1895 жылға дейін бәрінен де орташа шаруашылықтардың жер көлемі көбірек өскен; ал Францияда 1882 жылдан 1892 жылға дейін — ең ұсақ шаруашылықтар мен ең ірі шаруашылықтардың жер көлемі өскен де, орташа шаруашылықтардың жер көлемі кеміген. Англияда 1885 жылдан 1895 жылға дейін ең ұсақ шаруашылықтар мен ең ірі шаруашылықтардың жер көлемі кеміген; 40—120 ha * (100—300 акр) жері бар шаруашылықтардың, яғни ұсақ шаруашылықтарға жатқызуға болмайтын шаруашылықтардың жер көлемі бәрінен де көп өскен. Америкада ферманың орташа мөлшері былайша кеміп отырған: 1850 жылы — 203 акр; 1860 жылы — 199 акр; 1870 жылы — 153; 1880 жылы — 134; 1890 жылы — 137 акр болған. Каутский американ статистикасының мәліметтерін зер сала қараған және оның осы талдауының, Булгаков мырзаның пікіріне қарама-қайшы, елеулі *принциптік* маңызы бар. Фермалардың орташа мөлшері кемуінің басты себебі — негрлерді азат еткеннен кейін оңтүстіктегі ірі плантациялардың ұсақталғандығында болды; оңтүстік штаттарда

* — га (гектар). *Ред.*

фермалардың орташа мөлшері екі еседен көбірек кеміді. «Істің жайын түсінетін адамдардың бірде-бірі бұл цифрлар *қазіргі кездегі»* (=капиталистік) «ірі өндірісті ұсақ өндірістің жеңіп отырғанын көрсетеді деп есептей қоймайды». Жалпы алғанда американ статистикасының мәліметтерін *жеке аудандар* бойынша талдаудың өзі түрлі-түрлі қатынастардың көп екендігін көрсетеді. Солтүстік-орталық өңірде, «бидай егетін» негізгі «штаттарда», ферманың орташа көлемі 122 акрдан 133 акрге дейін *көтерілді.* «Ауыл шаруашылығы құлдырап бара жатқан жерлерде ғана немесе капитализмге дейінгі ірі өндіріс шаруа өндірісімен бәсекеге түскен жерлерде ғана ұсақ өндіріс басым болады» (135). Каутскийдің бұл қорытындысының маңызы өте зор, өйткені ол қажет шарттарды көрсетеді — бұлардан тыс статистиканы қолдану тек қана *қиянат* болуы мүмкін: капиталистік ірі өндірісті капитализмге дейінгі ірі өндірістен айыра білу қажет. Егіншіліктің формалары және оның дамуының тарихи жағдайлары жағынан елеулі өзгешеліктері бар жеке аудандар бойынша *егжей-тегжейлі* толық зерттеу жүргізу қажет. «Цифрлар дәлелдеп отыр» деседі! Бірақ цифрлардың нақ нені дәлелдеп отырғандығын айыра білу керек қой. Цифрлар *өздерінің тікелей көрсетіп отырғанын* ғана дәлелдейді. Цифрлардың тікелей көрсетіп отырғаны өндірістің мөлшері емес, шаруашылықтың *жер көлемі.* Оның бер жағында «шаруашылығы экстенсивті үлкен имениеден шаруашылығы интенсивті шағын имение неғұрлым ірі өндіріс болуы» мүмкін және іс жүзінде солай болады да. «Шаруашылықтың тек жер көлемі туралы ғана мәлімет беретін статистика: шаруашылықтың жер көлемінің кемуі шаруашылықтың мөлшерінің кемігендігінен болып отыр ма, немесе шаруашылықтың интенсивтендірілуінен болып отыр ма деген мәселе жөнінде тіпті еш нәрсе айта алмайды» (146). Орман шаруашылығы мен жайылым шаруашылығы, капиталистік ірі шаруашылықтың осы алғашқы формалары, имениелердің жер көлемінің неғұрлым үлкен болуына мүмкіншілік береді. Егіншілік шаруашылықта жер көлемінің мұнан кем болуын керек етеді. Егіншіліктің түрлі жүйелері бұл жөнінде тағы да

әр түрлі: шаруашылықтың бейберекет, экстенсивті жүйесі (бұл жүйе Америкада осы кезге дейін басым болып келді) өте зор фермалардың болуына мүмкіншілік береді (10 000 гектарға дейін, Дальримпльдің, Гленнің және басқалардың bonanza farms * сияқты шаруашылықтары. Біздің далаларымызда да шаруалардың, әсіресе көпестердің егісі осындай мөлшерге жетіп отыр). Жерді тыңайтуға және басқа шараларға көшудің өзі қажетті түрде шаруашылықтың жер көлемінің кемуіне бастайды; ондай шаруашылықтар, мысалы, Европада Америкадағыдан ұсағырақ. Шаруашылықтың егіншілік жүйесінен мал шаруашылық жүйесіне көшу де шаруашылықтың жер көлемінің кемуін керек қылады: Англияда 1880 жылы мал өсіруші шаруашылықтардың орташа көлемі 52,3 акр болды, ал егіншілік, астық шаруашылықтарының орташа көлемі 74,2 акр болды. Сондықтан Англияда болып отырған егіншіліктен мал шаруашылығына көшушілік шаруашылықтың жер көлемін кеміту тенденциясын туғызуға *тиіс.* «Бірақ егер мұнан өндірістің төмендеуі туралы қорытынды шығарсақ, мұның өзі өте үстірт пікірге келгендік болар еді» (149). Ост-Эльбияда (Булгаков мырза осыны зерттеу арқылы бір кездері Каутскийдің пікірін теріске шығарамын деп сенеді) нақ осы интенсивті шаруашылыққа көшу жүріп жатыр: ірі егіншілер,— дейді Каутский цитат алып отырған Зеринг,— өз имениелерінің шалғай жерлерін шаруаларға сатып немесе арендаға беріп, өз жерінің өнімділігін күшейтіп отыр, өйткені шаруашылықты интенсивті түрде жүргізгенде бұл шалғай жатқан жерлерді пайдалапу қиын. «Сонымен, Ост-Эльбиядағы ірі имениелер кішірейіп келеді де, олармен қатар ұсақ шаруа шаруашылықтары құрылып келеді, ал мұның себебі ұсақ өндірістің ірі өндірістен артық болғандығы емес, имениелердің бұрынғы көлемінің экстенсивті шаруашылықтың қажетіне бейімделуі болып отыр» (150). Шаруашылықтың жер көлемінің кемуі осы реттердің бәрінде де әдетте өнімнің (жердің бір өлшеминен

---

* — Солтүстік Американың ірі капиталистік шаруашылықтары (негізінен бидай өндіретін), бұлар шаруашылықты экстенсивті түрде жүргізумен қатар ең жаңа машиналы техниканы қолданады. *Ред.*

түсетін) мөлшерінің артуына, көп уақытта жұмыс істейтін жұмысшылар санының көбеюіне, яғни іс жүзінде өндіріс мөлшерінің *артуына* бастайды.

Ауыл шаруашылық статистикасының шаруашылықтардың *жер көлемі* туралы жалпылама мәліметтерінің дәлелділігі қандай кем екендігі және оларды қандай сақтықпен пайдалану қажет екендігі осы айтылғандардан түсінікті. Өнеркәсіп статистикасынан біз өндіріс мөлшерінің *тікелей* көрсеткіштерін (товар мөлшері, өндіріс сомасы, жұмысшылар саны) пайдаланамыз, оның үстіне әр түрлі өндірістерді оп-оңай бөліп көрсете аламыз ғой. Дәлелділіктің осындай қажетті шарттарын ауыл шаруашылық статистикасы өте сирек қанағаттандырады.

Онан соң жер меншігінің монополиясы егіншілік капитализміне шек қоюды керек етеді: өнеркәсіпте капитал *қорлану* арқылы, үстеме құнның капиталға айналуы арқылы өседі; *орталықтандырудың*, яғни бірнеше ұсақ капиталды ірі капитал етіп біріктірудің ролі шамалы. Егіншілікте бұдан басқаша. Жердің бәрі (цивилизациялы елдерде) иеленіліп қалған, ал шаруашылықтың жер көлемін тек бірнеше учаскені *орталықтандыру арқылы* кеңейтуге болады, бұлай еткенде де олардың *біртұтас жер* болуын көздеу керек. Имениені оның төңірегіндегі ұсақ учаскелерді сатып алу арқылы кеңейту — өте қиын екені түсінікті, әсіресе қиын болатын себебі — ұсақ учаскелердің бір бөлегін село жұмысшылары (ірі қожайынға керекті жұмысшылар), енді бір бөлегін өздерінің тұтынуын шексіз, адам айтқысыз кеміту арқылы күнелту өнеріне жетілген ұсақ шаруалар алып қалған. Ауыл шаруашылық капитализмінің шегін көрсететін жай ғана, айдан-анық фактінің осы сипаттамасы әлденеліктен Булгаков мырзаға «желсөз» (??!!) болып көрініпті және оның былай деп мүлдем орынсыз масайрауына сылтау болыпты: «Сөйтіп (!), ірі шаруашылықтың артықшылығы алғашқы кедергіге кездескенде-ақ быт-шыт болады (!)». Булгаков мырза ірі өндірістің артықшылығы заңын әуелі теріс түсініп, оған шексіз абстракциялылықты таңды, ал Каутский бұдан тіпті аулақ, енді Булгаков мырза өзінің түсінбестігін

Каутскийге қарсы дәлел етіп отыр! Булгаков мырзаның Ирландияны (ірі өндірісі жоқ ірі жер иелігі) дәлел етіп Каутскийдің пікірін теріске шығармақ болған ойы тым оғаш-ақ. Ірі жер иелігі ірі өндіріске керек шарттардың бірі деген қағидадан ірі жер иелігі бұған жеткілікті шарт болады деген ұғым әсте тумайды. Ал жалпы ауыл шаруашылығындағы капитализм туралы шығармасында Каутский Ирландияның немесе өзге бір елдің ерекшеліктерінің тарихи және басқа себептерін, әрине, талдап жата алмады. Өнеркәсіптегі капитализмнің жалпы заңдарын талдағанда Францияда ұсақ өнеркәсіптің неліктен ұзақ өмір сүріп келе жатқандығын, Италияда өнеркәсіптің неліктен нашар дамып отырғандығын және т. б. жағдайларды түсіндіре кетуді Маркстен талап ету ешкімнің ойына келмес еді ғой. Нақ сол сияқты, Булгаков мырзаның шоғырлану бірте-бірте «болар еді» дегені де қисынсыз: имениені көршілерінің учаскелерін сатып алу арқылы кеңейту қосымша станоктар және тағы сондайлар үшін фабрикаға қосымша үй салып алу сияқты, онша оңай емес.

Ірі шаруашылықтардың құрылуы үшін бірте-бірте шоғырланса немесе жерді арендаға алса болғаны дейтін осы тиянақсыз мүмкіншілікті дәлелге келтіргенде Булгаков мырза егіншіліктің шоғырлану процесіндегі шын өзгешелігіне,— Каутский көрсеткен өзгешелігіне аз көңіл бөлді. Бұл өзгешелік — латифундиялар, бірнеше имениенің бір адамның қолына жинақталуы. Статистика әдетте тек жеке имениелерді есепке алады, әр түрлі имениелердің ірі жер иелерінің қолында шоғырлану процесі туралы ешқандай ақпар бермейді. Каутский Германия мен Австрия жөнінде осындай шоғырланудың өте бір айқын мысалдарын — бірнеше ірі имение бір орталық орган басқаратын тұтас бір шаруашылық болып бірігіп алып, капиталистік ірі егіншіліктің ерекше, жоғары формасы болатынын дәлелге келтіреді. Мұндай орасан зор ауыл шаруашылық кәсіпорны ауыл шаруашылығының мүлдем әр түрлі салаларын біріктіруге және ірі өндірістің тиімділігін барынша пайдалануға мүмкіндік береді.

«Маркстің теориясын» түсінуде Каутскийдің абстракция мен шаблоннан аулақ екендігін, оның бұл теориядан айнымайтындығын оқушы көріп отыр. Сол шаблондық түсіністен алдын ала сақтандырып, Каутский осы қаралып отырған тарауға өнеркәсіпте ұсақ өндірістің құрып бітетіні туралы тіпті айрықша параграф енгізген. Ірі өндірістің жеңуі өнеркәсіпте де, Маркстің теориясы егіншілікке қолдануға келмейді деуші адамдардың ойлап дағдыланғанындай, оншама оңай емес және біркелкі формаларда болып отырмайтынын Каутский өте дұрыс көрсетеді. Үйде істелетін капиталистік жұмысты көрсетудің өзі, фабрикалық жүйенің жеңісін көлеңкеде қалдыратын өткінші және аралас формалардың өте ала-құла екендігі туралы Маркстің айтқанын еске салудың өзі бұған жеткілікті дәлел. Ауыл шаруашылығында істің жайы неше есе қиын десеңізші! Байлықтың және сән-салтанаттың өсуі, мысалы, мынаған әкеліп соқтырады: миллионерлер өте зор поместьелерді сатып алып, оларды өзінің ермегі үшін орманды алқапқа айналдырады. Австрияда, Зальцбургте, ірі қараның саны 1869 жылдан бастап кемуде. Оның себебі— Альпы тауларының аңшылыққа әуес байларға сатылуы. Егер ауыл шаруашылық статистикасының мәліметтерін сұрыптамай, беталды ала салса, онда капиталистік өндіріс әдісінің қазіргі халықтарды аңшы тайпаларға айналдырып жіберерлік тенденциясын ашудың ешбір қиындығы болмас еді деп Каутский дәл тауып айтады!

Ең соңында, капиталистік егіншілікке шек қоятын шарттардың бірі деп Каутский мынадай жағдайды да көрсетеді: халықтың деревнялардан кетуінің салдарынан жұмысшылардың жеткіліксіздігі ірі қожайындарды жұмысшыларға жер бөліп беруге, сөйтіп помещиктерді жұмыс күшімен қамтамасыз етіп отыратын ұсақ шаруаларды тудыруға ұмтылдырады. Мүлдем мал-мүлкі жоқ селолық жұмысшы сирек кездеседі, өйткені егіншілікте ауыл шаруашылығы, шын мәнінде, үй шаруашылығымен тығыз байланысты. Ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылардың бірсыпыра категорияларының меншікті жері болады немесе олар жермен пайдаланады. Ұсақ өндіріс тым қатты ығыстырылып шығарыла-

тындай болғанда,— *ірі қожайындар* өз жерін сатып немесе арендаға беріп, *оны ығайтуға немесе қайтадан туғызуға тырысады.* «Европалық елдердің бәрінде де,— дейді Каутский цитат келтіріп отырған Зеринг,— соңғы кезде село жұмысшыларына жер бөліп беру арқылы оларды отырықшыландыруға әрекеттенушілік байқалады». Сонымен, капиталистік өндіріс әдісінің шеңберінде тұрғанда егіншіліктегі ұсақ өндірістің бүтіндей ығыстырып шығарылуына сенуге болмайды, өйткені капиталистер мен аграрийлердің өздері-ақ шаруалардың күйзеліске ұшырауы тым асқынып кеткен кезде, сол ұсақ өндірісті қайта туғызуға тырысады. Капиталистік қоғамда жердің шоғырлануының және бөлшектенуінің осы алма-кезек айналымын Маркс «Neue Rheinische Zeitung» *-те 1850 жылы-ақ көрсеткен болатын [51].

Булгаков мырза: Каутскийдің бұл пікірлерінде «шамалы шындық бар, ал адасушылық онан да көп» деп біледі. Булгаков мырзаның барлық басқа үкімдері сияқты, бұл үкімі де аса нашар және аса бұлдыр дәлелденген. Булгаков мырза: Каутский «пролетарлық ұсақ өндіріс теориясын жасап шығарды», бұл теория өте ықшам аудан көлемінде ғана дұрыс болады деп біледі. Біз бұдан басқа пікірдеміз. Ұсақ егіншілердің (немесе солардан ешбір өзгешелігі жоқ, үлесті жері бар батрактар мен күндікшілердің) ауыл шаруашылығында жалданып жұмыс істеуі *белгілі бір дәрежеде барлық капиталистік елдерге тән құбылыс.* Егіншіліктегі капитализмді суреттегісі келетін жазушылардың бірде-бірі ақиқатқа қиянат істейін демесе, бұл құбылысты бүркеп қала алмайды **. Жеке алғанда Германияда пролетарлық ұсақ өндірістің болуы жалпыға белгілі факт,— мұны Каутский өз кітабының «Шаруаның пролетарлануы» деген VIII тарауында әбден толық дәлелдеген. Булгаков мырзаның «жұмысшылардың жеткіліксіздігі» туралы басқа жазушылар да, солардың ішінде Каблуков мырза да айтқан деп көрсетуі *ең басты нәрсені*

* — «Жаңа Рейн Газеті». *Ред.*

** Салыстырыңыз: «Россияда капитализмнің дамуы», II тарау, § XII, 120-бет. (Шығармалар толық жинағы, 3-том, 185-бет. *Ред.*) Францияда село жұмысшыларының 75 процентке жуығының меншікті жері бар деп саналады. Сонда басқа мысалдар да бар.

қағаберісте қалдырады,— Каблуков мырзаның теориясы мен Каутскийдің теориясының арасындағы өте зор принциптік айырманы көмескілейді. Өзіне тән Kleinbürger-лік * көзқарасының салдарынан Каблуков мырза жұмысшылардың жеткіліксіздігінен шығарып ірі өндіріс дәрменсіз келеді, ал ұсақ өндіріс өміршең келеді деген пікірді «құрайды». Каутский фактілерді дәл сипаттап, олардың қазіргі таптық қоғамдағы шын маңызын көрсетеді: жер иелерінің таптық мүдделері оларды жұмысшыларға жер бөліп беруге еріксіз ұмтылдырады. Үлесті жері бар ауыл шаруашылық жалдама жұмысшыларының таптық жағдайы оларды ұсақ буржуазия мен пролетариат арасына қояды, бірақ пролетариатқа жақындау етеді. Басқаша айтқанда: Каблуков мырза процестің бір жағын алып, оны ірі өндірістің дәрменсіздігі теориясына айналдырады, ал Каутский ірі өндіріс дамуының белгілі бір кезеңінде және белгілі бір тарихи жағдайда сол ірі өндірістің мүдделері туғызатын қоғамдық-экономикалық қатынастардың ерекше формаларын талдап көрсетеді.

V

Каутский кітабының біз әлгіде атын атап өткен келесі тарауына көшейік. Каутский бұл тарауда, біріншіден, «жердің бөлшектелу тенденциясын», екіншіден, «шаруалардың қосымша кәсіптерінің формаларын» зерттейді. Сонымен, бұл тарауда ауыл шаруашылық капитализмінің аса маңызды тенденциялары, капиталистік елдердің орасан көпшілігіне тән тенденциялары суреттеледі. Жердің бөлшектенуі,— дейді Каутский,— ұсақ шаруалардың ұсақ учаскелерді керексінуін күшейтеді, бұлар жерге ірі қожайындардан гөрі көп төлейді. Кейбір жазушылар ұсақ егіншілік ірі егіншіліктен артық деп дәлелдемек болғанда осы соңғы фактіні келтіреді. Каутский бұған жер бағасын пәтер бағасымен салыстыру арқылы өте дәл жауап береді: үй көлемінің бір өлшеміне (1 текше сажын, т. с.) шағып есептегенде үлкен

* — ұсақ буржуазиялық. *Ред.*

және қымбат пәтерлерден гөрі кішкентай және арзан пәтерлердің *қымбатқа* түсетіні мәлім. Ұсақ учаскелер бағасының жоғарылығы ұсақ егіншіліктің артықшылығынан емес, шаруаның айрықша езілген халде болуынан. Капитализмнің өте ұсақ шаруашылықтарды қаншама көп туғызғандығы мына цифрлардан көрінеді: Германияда (1895) $5^1/_2$ миллион ауыл шаруашылық кәсіпорнының $4^1/_4$ миллионының, яғни $^3/_4$ бөлегінен көбірегінің жері 5 гектардан кем (58 процентінің жері 2 гектардан кем). Бельгияда 78 процентінің (909 мыңнан $709^1/_2$ мыңының) жері 2 гектардан кем. Англияда (1895) 520 мыңнан 118 мыңының жері 2 гектардан кем. Францияда (1892) 2,2 миллионының (5,7 миллионнан) жері 1 гектардан кем; 4 миллионында 5 гектардан кем. Булгаков мырза Каутскийдің осы өте ұсақ шаруашылықтардың аса тиімсіздігі (малдың, құрал-сайманның, ақшаның, табыс табу үшін шет кәсібіне кететіндіктен жұмыс күшінің жеткіліксіздігі) туралы пікірін «жұмыс күші аса тиімсіз жұмсалатын» болса да... жер «көп ретте» (??) «аса интенсивті түрде» күрекпен өңделеді деген дәлелмен теріске шығармақ болады. Бұл қарсы пікірдің мүлдем қисынсыздығы өзінен-өзі белгілі, ұсақ шаруашылықтың табысты артық беретіндігі жөнінде жоғарыда келтірілген мысал ірі шаруашылықтың артықшылығы туралы қағиданы бекерге шығармайтындығы сияқты, ұсақ шаруаның жерді тамаша жақсы өңдейтіндігі жөніндегі жеке мысалдар да шаруашылықтың осы типіне Каутский беріп отырған жалпы сипаттаманы теріске шығара алмайды. Каутскийдің бұл шаруашылықтарды *жалпы және тұтас алғанда* * пролетарлық шаруашылықтарға жатқызуы әбден дұрыс, осылай екені Германияның 1895 жылғы санағы ашқан фактіден, толып жатқан ұсақ шаруашылықтар сырт табыссыз тұра алмайтынынан айқын көрінеді. Ауыл шаруашылығымен

* «Жалпы және тұтас алғанда» дегенді біз баса көрсетеміз, өйткені жеке реттерде осы болмашы жері бар шаруашылықтар да өнім мен табысты көп бере алатынын, әрине, бекер деуге болмайды (жүзім бақтары, огородтар, т. с.). Бірақ орыс шаруаларының атсыздануын дәлелге келтіргендікті мынадай мысалмен — Москва төңірегіндегі кей кезде атсыз да тиімді және пайдалы егіншілік шаруашылығын жүргізе алатын огородшыларды көрсету арқылы бекерге шығармақ болатын экономист туралы сіз не айтар едіңіз?

шұғылданып, өз алдына дербес тұратын барлығы 4,7 миллион адамның 2,7 миллионы немесе *57 проценті* әлі де шет кәсіптен табыс тауып отырады. 2 гектардан кемірек жері бар 3,2 миллион шаруашылықтың тек 0,4 миллионы немесе *13 проценті* ғана шет кәсібінен табыс таппайды! Бүкіл Германиядағы 5½ миллион селолық шаруашылықтардың 1½ *миллионы* ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік жалдама жұмысшылардың үлесіне келеді (+704 мың қолөнерші). Осыдан кейін де пролетарлық ұсақ жер иелігі жөніндегі теорияны Каутский «құрастырған» деуге Булгаков мырзаның батылы барып отыр! * Шаруалардың пролетарлану формаларын (шаруалардың қосымша кәсіптерінің формаларын) Каутский мейлінше құнттап зерттеген (S. 174—193). Амал не, бұл формаларды (жалданып істейтін ауыл шаруашылық жұмысы, майдагерлік өнеркәсіп — Hausindustrie — «капиталистік қанаудың ең сұрқия системасы»; фабрикалар мен рудниктердегі жұмыс және т. с.) сипаттауға толық тоқталып өтуге орын тар. Тек қана

* 15-беттегі ескертуде Булгаков мырза: село халқының көпшілігі астыққа баж салығына мүдделі емес деп, Каутский астық бағасы туралы кітаптың авторларының [52] қатесін қайталап отыр дейді. Бұл пікірге де біз қосыла алмаймыз. Астық бағасы туралы кітаптың авторлары өте көп қателер жіберді (ол қателерді мен жоғарыда аталған кітабымда бірнеше рет көрсеткенмін), бірақ халық бұқарасы астық бағасының қымбат болуына мүдделі емес екендігі туралы фактіні мойындауда ешқандай қате жоқ. Тек бұқараның бұл мүддесінен жалпы қоғамдық даму мүддесі туралы *тікелей* қорытынды жасау ғана қате. Туған-Барановский мен Струве мырзалар: астық бағасы жұмыспен өтеуді капитализм арқылы азды-көпті тез ығыстырып шығара ма, қоғамдық дамуды ілгері бастыра ма,— астық бағасын бағалаудың *өлшемі*, міне, осы болуға тиіс деп дұрыс көрсеткен. Бұл факт мәселесі, сондықтан мен бұл мәселені Струведен басқаша шешемін. Менің ойымша, бағаның төмендігінен ауыл шаруашылығындағы капитализм дамуының бәсеңдеу фактісі ешбір дәлелденген жоқ. Қайта, ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың өте тез өсуі және астық бағасы төмендеуінің егіншіліктің мамандануына түрткі болуы бағаның орыс ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуын *ілгері бастырып отырғандығын* көрсетеді (салыстырыңыз: «Россияда капитализмнің дамуы», 147-бет, 2-ескерту, III тарау, § V). (Шығармалар толық жинағы, 3-том, 223—224-беттер. *Ред.*) Астық бағасының төмендеуі ауыл шаруашылығындағы басқа қатынастардың бәріне де үлкен өзгеріс енгізеді.

Булгаков мырза: «Егісті интенсивтендірудің маңызды шарттарының бірі астық бағасын көтеру» дейді («Внутреннее обозрениеде» П. С. мырза да осыны айтады, «Началоның» сол кітапшасының 299-беті). Бұл дәл айтылмаған. Маркс «Капиталдың» III томының VI бөлімінде былай деп көрсеткен: жерге қосымша капитал жұмсаудың өнімділігі кемуі мүмкін, *бірақ оның артуы да мүмкін;* астық бағасы төмендегенде рентаның кемуі мүмкін, *бірақ оның өсуі де мүмкін* [53]. Ендеше, интенсивтендіру әр түрлі тарихи дәуірлерде және әр түрлі елдерде астық бағасының жоғары-төмендігіне қарамастан, мүлдем әр түрлі жағдайлардан туы мүмкін.

айта кететініміз: *шет кәсіптерге* орыс ғалымдары қандай баға берсе, Каутский де нақ сондай баға береді. Қала жұмысшыларына қарағанда сана-сезімі анағұрлым кем және тұтыну дәрежесі анағұрлым төмен шет кәсібіндегі жұмысшылар жаңағы қала жұмысшыларының тұрмыс жағдайына көп реттерде зиянды әсерін тигізіп отырады. «Бірақ өздері туып өскен және қайтып оралатын жерлері үшін олар прогрестің пионерлері... Олар жаңа тұтыну талаптарын, жаңа идеялар үйреніп қайтады» (S. 192), олар қараңғы түкпірде жатқан шаруалардың арасында адамдық қасиет сана-сезімін оятады, өздерінің күшіне сену сезімін оятады.

Қорытындымызда Булгаков мырзаның Каутскийге таққан ең соңғы, тым қатаң кінәсына тоқталып өтейік. Каутский Германияда 1882 жылдан 1895 жылға дейін ең ұсақ (жер көлемі жағынан) шаруашылықтар мен ең ірі шаруашылықтардың саны бәрінен де мықтап өсті (сөйтіп жердің парцеллалануы орташа шаруашылықтардың есебінен болып отыр) дейді. Шынында да, 1 һаға дейін жері бар шаруашылықтардың саны — 8,8% өскен, 5 һадан 20 һаға дейінгі шаруашылықтар — 7,8% өскен, ал 1000 һадан жоғары шаруашылықтар — 11% өскен (бұлардың аралығындағы разрядтар өзгермеген десе де болғандай, ал село шаруашылықтарының бүкіл саны 5,3% өскен). Саны тіпті аз (көрсетілген жылдарда 515 және 572) ең ірі шаруашылықтардың проценттік арасалмағын алғанға Булгаков мырза қатты күйінеді. Булгаков мырзаның күйініші мүлдем қисынсыз. Сан жағынан өте аз осы кәсіпорындар ең ірі кәсіпорындар екенін, 2,3—2,5 миллион өте ұсақ шаруашылықтардың (1 һаға дейін жері барлардың) қолында қанша жер болса, осы ірілерінің *қолында да сонша дерлік жер бар екенін* ол ұмытып отыр. Егер мен бүкіл елдегі фабрикалардың барлық саны 5,3% өскенде 1000 және онан да көп жұмысшылары бар өте ірі фабрикалардың саны, айталық, 51-ден 57-ге жетіп, 11,0% өсті десем — бұл өте ірі фабрикалардың *саны* фабрикалардың барлық санымен салыстырғанда болмашы аз болса да, сол ірі өндірістің өскендігін көрсетпей ме? Үлесті жері жөнінен 5 һадан 20 һаға дейін жері бар (Булгаков

мырза, 18-бет) шаруа шаруашылықтары өте-мөте көп өскендігі фактісін Каутский әбден жақсы біледі, сөйтіп оны келесі тарауда қарастырады.

Каутский мұнан кейін 1882 және 1895 жылдардағы түрлі разрядтардың жер көлемі санының өзгеруін алып қарайды. Бақсақ, 5—20 hалы шаруашылықтардың жер көлемі неғұрлым көп өскен (+563 477 ha), онан соң ең ірілерінің, 1000 hадан астам жері барлардың жер колемі өскен (+94 014),— ал 20—1000 hалы шаруашылықтардың жер көлемі 86 809 ha *кеміген.* 1 haға дейінгі шаруашылықтар өзінің жер көлемін 32 683 ha, ал 1—5 hалы шаруашылықтар — 45 604 ha арттырған.

Сөйтіп Каутский: 20 гектардан 1000 гектарға дейінгі шаруашылықтардың жер көлемінің кемуі (1000 және онан да көп гектарлы шаруашылықтардың жер көлемінің артуы арқылы бұл кемудің есесі артығымен толтырылып отыр) ірі өндірістің кері кеткендігінен емес, оның интенсивтенуінен деп қорытады. Бұл интенсивтенудің Германияда алға басып бара жатқандығын және оның өзі көп ретте шаруашылықтың жер көлемін кемітуді керек ететіндігін біз жоғарыда көрдік. Ірі шаруашылықтың интенсивтендіріліп жатқандығы бу машиналарының барған сайын көп қолданылып отырғандығынан және Германияда тек ірі өндірісте ғана пайдаланылатын ауыл шаруашылық қызметшілері санының өте көп өсіп отырғандығынан көрінеді. Имениелерді басқарушылардың (инспекторлардың), бақылаушылардың, бухгалтерлердің және басқаларының саны 1882 жылдан 1895 жылға дейін 47 465-тен 76 978-ге жетіп, 62% өсті; осы қызметшілердің ішінде әйелдер саны 12 проценттен 23,4 процентке дейін өсті.

«Ірі ауыл шаруашылық өндірісі 80-жылдардың бас кезінен бастап неғұрлым интенсивті және неғұрлым капиталистік өндіріс болғанын осының бәрі айқын көрсетеді. Осымен қатар нақ орта шаруа шаруашылығының жер көлемінің неліктен соншалықты мықтап өскендігін біз келесі тарауда көреміз» (S. 174).

Осы суреттемені Булгаков мырза «шындыққа өрескел қайшы келеді» деп біледі, бірақ оның дәлелдері бұл жолы да мұндай үзілді-кесілді және батыл айыптаған

үкімді ешбір ақтамайды және Каутскийдің қорытындысын титтей де бұлжытпайды. «Ең алдымен, шаруашылықтың интенсивтенуі, солай бола қойғанда да, мұның өзі егістік жердің относительді де, абсолютті де кемігендігін, 20—1000 һалы шаруашылықтар тобының бүкіл үлес салмағының кемігендігін көрсетпейді. Егістік жер көлемі шаруашылықтар санының артуымен қатар да өсе алар еді; шаруашылықтар саны тек (sic!) біраз тезірек өсуге тиіс болар еді, сөйтіп ондай шаруашылықтың жер көлемі кемірек болар еді» *.

«Интенсивтіліктің өсуінің әсерімен кәсіпорынның мөлшері кемиді деу нағыз қиял болады» (sic!) деп қорытынды жасағанда Булгаков мырзаның сүйенген жоғарыдағы пікірін біз әдейі толық келтіріп отырмыз, өйткені бұл пікір «статистика мәліметтерін» жөн-жосықсыз пайдалану жөнінде Каутский алдып ала соншалықты мықтап сақтандырған қатені айқын көрсетеді. Булгаков мырза шаруашылықтардың *жер көлемі* жөніндегі статистикаға адам күлерліктей қатаң талап қояды, бұл статистикаға ол ешқашан да болуы тиіс емес маңыз береді. Шынында да, егістік жер көлемі неліктен «біраз» артуға тиіс болды? Шаруашылықтың интенсивтенуі (жоғарыда көргеніміздей, кейде имениенің орталықтан шалғай бөліктерін шаруаларға сатуға және арендаға беруге апарып соқтыратын) неліктен бірқатар шаруашылықтарды жоғарғы разрядтан төменгі разрядқа түсірмеуге «тиіс» болды? неліктен ол 20—1000 гектарлы шаруашылықтардың егістік жер көлемін кемітпеуге «тиіс» болды? ** Өнеркәсіптік статистикада өте ірі фабрикалардың *өндіріс сомасының* кемуі ірі өндірістің кері кеткендігін көрсетер еді. Ал ірі имениелердің *жер көлемінің* 1,2% кемуі өндірістің мөлшері туралы еш нәрсе де көрсетпейді және *көрсете де алмайды*, өйткені шаруашылықтың жер көлемі кемуімен бірге мұндай өндіріс мөлшерінің артуы жиі кездеседі. Біздің білетініміз: Ев-

---

* Булгаков мырза мұнан да толық мәліметтер келтіреді, бірақ бұл мәліметтер Каутскийдің мәліметтеріне ешбір жаңалық қоспайды, тек ірі жер иелерінің бір тобында шаруашылықтар санының сондай артуын және жер көлемінің кемуін көрсетеді.

** Бұл разрядта 16 986 101 гектардан 16 802 115 гектарға дейін кеміген, яғни тұтас... 1,2% кеміген! Мұның өзі ірі өндірістің «жанталасы» деп Булгаков мырзаның айтқанын дәлелдеп-ақ тұрғаны рас емес пе?

ропада жалпы алғанда, әсіресе Англияда етек алып отырғанындай, дәнді дақылдар егетін шаруашылықтарды мал өсіретін шаруашылықтар ығыстыруда. Біздің білетініміз: осы ауысушылық кей кезде шаруашылықтардың жер көлемін кемітуді керек етеді, бірақ шаруашылықтардың жер көлемінің кемуінен ірі өндіріс кері кетеді деген қорытынды шығару тым оғаштық емес пе? Сондықтан, сөз арасында айта кетелік, Булгаков мырза 20-бетте келтіріп отырған, ірі және ұсақ шаруашылықтар санының кемігендігін, егіс жұмыстары үшін мал ұстайтын орташа (5—20 гектарлы) шаруашылықтар санының артқандығын көрсететін «айқын кесте» тіпті еш нәрсені де дәлелдемейді. Мұның өзі шаруашылық жүйесіндегі өзгерістен де болуы мүмкін.

Германияда ірі ауыл шаруашылық өндірісінің неғұрлым интенсивті және неғұрлым капиталистік өндіріс болып отырғандығы, біріншіден, ауыл шаруашылығындағы *бумен* жұмыс істейтін машиналар санының өскендігінен көрінеді: 1879 жылдан 1897 жылға дейін бұл машиналар бес есе көбейген. Булгаков мырзаның бұған қарсы дәлел етіп, *жалпы* машина *атаулы* (бу машиналары емес) ірі шаруашылықтарға қарағанда ұсақ шаруашылықтарда (20 гектарға дейінгі) анағұрлым көп екендігін және де Америкада машиналар экстенсивті шаруашылықта қолданылатындығын мысалға келтіруі бекер-ақ. Әңгіме қазір Америка туралы емес, Германия туралы болып отыр, Германияда bonanza farms жоқ. Германиядағы бу күшімен жұмыс істейтін плугтары мен молотилкалары бар шаруашылықтардың проценті туралы мәліметтер (1895) мынадай:

Шаруашылықтар	Шаруашылықтар проценті	
	бу плугы барлары	бу молотилкасы барлары
2 гектарға дейін	0,00	1,08
2—5 гектар	0,00	5,20
5—20 »	0,01	10,95
20—100 »	0,10	16,60
100 және онан артық гектар	5,29	61,22

Ал қазіргі кезде, Германияның ауыл шаруашылығындағы бу машиналарының жалпы саны бес есе артып отырған болса,— мұның өзі ірі өндірістің интенсивтілігі өскендігін дәлелдемей ме? Тек қана Булгаков мырзаның 21-бетте тағы да ұмытып отырғаны сияқты, ауыл шаруашылығында кәсіпорын мөлшерінің өсуі шаруашылықтың жер көлемінің өсуімен әрдайым тең түсе бермейтіндігін ұмытпау керек.

Екіншіден, ірі өндірістің неғұрлым капиталистік өндіріс болып отырған фактісі ауыл шаруашылық қызметшілері санының өскендігінен көрінеді. Каутскийдің бұл дәлелін Булгаковтың «оспадарлық» деп атауы: «армия кеміп отырғанда»,— ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылар саны кеміп отырғанда — «офицерлер саны өсуде» дегені бекер-ақ. Біз тағы да айтамыз: rira bien qui rira le dernier! * Ауыл шаруашылық жұмысшылары санының кемігендігін Каутский ұмытпағаны былай тұрсын, қайта ол мұны бірсыпыра елдер жөнінде толық көрсетіп өтеді; бірақ бұл фактінің бұл жерде түк маңызы жоқ, неге десеңіз, бүкіл село халқы да кемуде ғой, ал пролетарлық ұсақ егіншілер саны өсіп келеді. Айталық, ірі помещик астық өндіруден қызылша өндіруге, онан қант жасауға көшкен екен дейік (Германияда 1871/72 ж. 2,2 миллион, 1881/82 ж. 6,3 миллион, 1891/92 ж. 9,5 миллион, 1896/97 ж. 13,7 миллион тонна қызылшадан қант жасалған). Әсіресе шаруалардың әйелдері мен балалары помещиктің қызылша плантацияларында күндіктеп жұмыс істеуі керек болса, онда помещик өз имениесінің шалғай жерлерін шаруаларға тіпті сатуына, немесе арендаға беруіне болар еді. Айталық, ол бұрынғы плугшыларды енді ығыстырып шығаратын бу плугтарын қолданады екен дейік (Саксония қызылша шаруашылықтарында — «интенсивті егістің үлгілі шаруашылықтарында» ** — бу плугтары қазіргі кезде

* Булгаков мырзаның: қызметшілер санының өсуі, бәлкім, ауыл шаруашылығындағы өнеркәсіптің өскендігін дәлелдер, *бірақ ол әсте* (!) ірі өндірістің интенсивтілігі өскендігін дәлелдемейді деген ескертуі шынында да оспадарлық. Біз осы кезге дейін: интенсивтіліктің өсуінің ең маңызды формаларының бірі ауыл шаруашылық техникалық өндірістердің өсуі деп ойлаушы едік (*мұны Каутский X тарауда толық сипаттап, оған баға берген*).

** Kärger, цитат Каутскийден алынған, S. 45 (Кергер, цитат Каутскийден алынған, 45-бет. *Ред.*)

жаппай қолданылатын болып кетті). Жалдама жұмысшылар саны кемиді. Жоғарғы қызметшілер (бухгалтерлер, басқарушылар, техниктер және басқалар) саны қажетінше өседі. Бұл жерде біз ірі өндірісте интенсивтіліктің және капитализмнің өсуін көріп отырғанымызды Булгаков мырза бекер дей алар ма екен? Ол Германияда мұндай еш нәрсе болып отырған жоқ дей алар ма екен?

Каутский кітабының шаруалардың пролетарлануы туралы VIII тарауын баяндауды аяқтау үшін оның мына бір жерін келтіру қажет: жоғарыда біз цитат етіп алған және Булгаков мырза келтірген жерден әрі қарай Каутский былай дейді: «Мұнда біздің назарымызды аударып отырғаны — Германияда орташа имениелердің бөлшектеліп, тілкемделу тенденциясы тоқталғанына қарамастан, онда село халқының пролетарлануы басқа жерлердегі сияқты ілгерілеп отырғандығы. 1882 жылдан 1895 жылға дейін барлық селолық шаруашылықтар саны 281 000-ға өсіп отыр. Бұл санның орасан көпшілігі 1 гектарға дейін жері бар пролетарлық шаруашылықтардың өсуіне жатады. Бұл шаруашылықтар 206 000-ға артып өскен.

«Өзіміздің көріп отырғанымыздай, ауыл шаруашылығының қозғалысы — өнеркәсіп және сауда капиталының қозғалысынан тіпті мүлде өзгеше. Өткен тарауда біз ауыл шаруашылығында шаруашылықтардың орталықтану тенденциясы ұсақ өндірістің түгел жойылып кетуіне бастамайтынын көрсеткенбіз. Бұл тенденция тым тереңдесе, ол өзіне қарама-қарсы тенденция туғызады, сөйтіп орталықтану тенденциясы мен бөлшектеліп тілкемделу тенденциясы өзара бірін-бірі ауыстырып отырады. Қазір біз бұл екі тенденцияның да қатар өмір сүре алатынын көріп отырмыз. Иелері товар рыногына пролетарлар ретінде, жұмыс күшін сатушылар ретінде шығатын село шаруашылықтары көбеюде... Бұл селолық ұсақ қожайындар — өздерінің жұмыс күшін товар ретінде сатушылар, бұлардың барлық маңызды мүдделері өнеркәсіп пролетариатының мүдделерімен бір, ал бұлардың жер иеленуі оларда өнеркәсіп пролетариатына антагонизм туғызбайды. Өз жерінің болуы азды-көпті

ұсақ шаруаны ішіп-жемдік тамақ сататын саудагерден азат етеді, бірақ ол жер шаруаны капиталистік кәсіпкердің — өнеркәсіптегі немесе ауыл шаруашылығындағы болсын бәрібір — қанауынан азат етпейді» (S. 174).

Келесі мақаламызда біз Каутский кітабының қалған бөлімін баяндап, оған жалпы баға береміз, сонымен қатар Булгаков мырзаның бұдан былайғы мақаласындағы қарсы пікірлерін де қарастырып өтеміз.

ЕКІНШІ МАҚАЛА

I

Кітабының тоғызыншы тарауында («Сауда егіншілігінің өсіп келе жатқан қиыншылықтары») Каутский капиталистік егіншілікке тән *қайшылықтарды* талдауға көшеді. Булгаков мырзаның бұл тарауға қарсы айтып отырған, біз төменде қарастыратын пікірлерінен сыншының бұл «қиыншылықтардың» жалпы маңызын оншалықты дұрыс түсінбегендігі көрінеді. Тиімді ауыл шаруашылығының толық дамуына «кедергі» бола отырып, сонымен бірге капиталистік егіншіліктің *дамуына түрткі болатын* «қиыншылықтар» да бар. Мысалы, «қиыншылықтардың» бірі ретінде Каутский деревняда халықтың азаюын көрсетеді. Деревнядан ең жақсы және нағыз интеллигент қызметкерлерді көшіріп әкету тиімді егіншіліктің толық дамуына «кедергі» болатыны күмәнсыз, бірақ сонымен қатар селолық қожайындар бұл кедергіге қарсы *техниканы дамыту*, атап айтқанда машинаны қолдану жолымен күресетіндігі де күмәнсыз.

Каутский мынадай «қиыншылықтарды» зерттейді: a) жер рентасы, b) мұрагерлік право, c) мұрагерлік правоға шек қою, майораттар, (фидеикомистер, Anerbenrecht) [54], d) қаланың деревняны қанауы, e) деревняда халықтың азаюы.

Жер рентасы дегеніміз қосымша құнның шаруашылыққа жұмсалған капиталға келетін орташа пайданы шығарып тастағаннан кейінгі қалатын бөлігі. Жер меншігінің монополиясы жер иесінің осы артық өнімді иемденуіне мүмкіншілік береді, мұның өзінде жердің

бағасы келіп (=капиталға айналған рента) рентаны оның бір көтеріліп қалған дәрежесінде *бекіндіреді*. Рентаның егіншілікті толық тиімді етуді «қиындататындығы» түсінікті: арендалық жүйе тұсында жетілуге және басқаларына талпынушылық бәсеңдейді, ипотекалық жүйе тұсында капиталдың көпшілігін өндіріске емес, жер сатып алуға жұмсауға тура келеді. Булгаков мырза өзінің қарсы дәлелінде, біріншіден, ипотекалық борыштың өсуінде «қорқатын дәнеңе» жоқ деп көрсетеді. Ол тек Каутскийдің ауыл шаруашылығы гүлденген кезде де ипотекалардың өсуі қажет екендігін «басқа мағынада» емес, нақ осы мағынада көрсетіп өткенін (жоғарыдан қараңыз: бірінші мақала, II) ұмытады. Ал қазіргі кезде Каутский: ипотекалардың өсуі «қорқынышты» ма, жоқ па, əсте ол туралы емес, капитализмнің өз міндетін толық орындауына қандай қиыншылықтар кедергі болатындығы туралы мəселе қойып отыр. Екіншіден,— Булгаков мырзаның пікірінше,— «рентаның өсуін тек қана кедергі деп қарау дұрыс бола қояр ма екен... Рентаның өсуі, оның көтерілу мүмкіншілігі ауыл шаруашылығы үшін техникалық прогреске жəне қандай да болса басқа прогреске» (процеске дегені — сірə — қате басылған болса керек) «ұмтылдыратын дербес стимул». Капиталистік егіншілік прогресіне стимул болатын зат — халықтың өсуі, бəсекенің өсуі, индустрияның өсуі, ал рента дегеніміз жер иелігінің қоғам дамуынан, техниканың өсуінен алатын алымы ғой. Сондықтан рентаның өсуін прогрестің *«дербес* стимулы» деп жариялау дұрыс емес. Теория жүзінде капиталистік өндіріс жерге жеке меншік жоқ болған, жер национализацияланған жағдайда да (Kautsky, S. 207), абсолюттік рента мүлде болмайтын, ал дифференциялды рента мемлекетке түсетін кезде де бола беруі əбден мүмкін. Мұндайда агрономиялық прогреске стимул болушылық əлсіремес еді, қайта орасан күшейер еді.

«Имениелердің бағасын ұлғайтып жіберу (in die Höhe treiben) немесе ол бағаны ретсіз жоғары ұстау,— дейді Каутский,— ауыл шаруашылығының мүддесіне сəйкес келеді деп ойлаудан қате еш нəрсе жоқ. Бұл — қазіргі (augenblicklichen) жер иелерінің мүддесіне, ипотекалық

банктердің және имениелермен сауда жасаушылардың мүддесіне сай келеді, бірақ ауыл шаруашылығының мүддесіне тіпті де сай келмейді және бәрінен де оның келешегінің мүддесіне, селолық қожайындардың болашақ ұрпағының мүддесіне сай келмейді» (199). Ал жердің бағасы — капиталға айналған рента.

Сауда егіншілігінің екінші қиыншылығы оның жерге жеке меншіктің болуын сөзсіз керек ететіндігінде, ал мұның өзі мынаған әкеліп соқтырады: мұрагердің меншігіне көшкен кезде жер не бөлшектенеді (ал жердің бұлайша бөлшектенуі *кей жерлерде* тіпті техникалық регреске ұшыратады), не жерге ипотеканың ауыртпалығы түседі (жерді алған мұрагер басқа мұрагерлестерге ақшалай капитал төлейді, ол бұл капиталды жерді аманатқа беріп қарызға алады). Булгаков мырза Каутскийді кінәлағанда, жерді мобилизациялаудың «жақсы жағын өзінің баяндауында елемей кетіп отыр» деп кінәлайды. Бұл кінәның дәлелсіз екендігінде сөз жоқ, өйткені Каутский өз кітабының тарихи бөлімінде де (оның ішінде феодалдық егіншілікті және оның орнын капиталистік егіншіліктің басатын себептерін баяндайтын I бөлімінің III тарауында), оның тәжірибеге негізделген бөлімінде де* жерді жеке меншіктенушіліктің, егіншілікті бәсекеге бағындырудың, демек, жерді мобилизациялаудың да жақсы жағын және тарихи қажетті екендігін оқушыға айқын көрсетті. Булгаков мырзаның Каутскийге тағып отырған екінші бір кінәсына, атап айтқанда, Каутский «түрлі жерлердегі халықтың өсу дәрежесі түрліше екендігі» жөніндегі проблеманы зерттемеген деген кінәсына келсек, бұл кінәсы бізге тіпті түсініксіз. Булгаков мырза шынымен-ақ Каутскийдің кітабынан әбден егжей-тегжейлі этюдтерді кездестіремін деп ойлады ма екен?

Ешбір жаңалығы жоқ (жоғарыда айтылғаннан кейінгі жерде) майораттар туралы мәселеге тоқтамастан, қаланың деревняны қанауы туралы мәселеге көшейік.

---

*Каутский жерді мобилизациялауды орта ғасырлық қысымға алушылықтың қандайына болса да батыл қарсы шықты, майораттарға (фидеикомистерге және Anerbenrecht) қарсы шықты, шаруалардың орта ғасырлық қауымын қолдаушылыққа (S. 332) және басқаларға қарсы шықты.

Булгаков мырзаның: Каутский қаланың «жаман жақтарына оның жақсы жақтарын, ең алдымен қаланың ауыл шаруашылығының рыногы ретіндегі маңызын қарсы қоймаған» деуі шындыққа мүлде үйлеспейді. Қаланың ауыл шаруашылығының рыногы ретіндегі маңызын Каутский «қазіргі ауыл шаруашылығын» зерттеген тараудың *бірінші бетінде-ақ* ап-анық көрсеткен (S. 30 u. ff. *). Егіншілікті қайта құрудағы, оны рационалдандырудағы және т. б. негізгі рольді Каутский нақ сол «қалалық индустрияға» (S. 292) беріп отыр **.

Сондықтан Булгаков мырзаның мақаласында («Началоның» 3-номері, 32-бет) бәз-баяғы пікірді *Каутскийге қарсы пікір сияқты етіп* қалайша қайталап отырғандығын ұғынудан біз мүлдем бас тартамыз! Мұның өзі сыналып отырған кітапты қатал сыншының қаншалық теріс баяндағандығын көрсететін ерекше айқын мысал. Булгаков мырза: «бағалы заттардың» (қалаларға ауысып отыратын) «бір бөлегі деревняға қайта оралатынын ұмытпау керек» деп Каутскийге ақыл айтады. Бұдан кім де болса Каутский осы бір оп-оңай ақиқатты ұмытып отыр екен деп ойлап қалуы мүмкін. Ал шындығында Каутский бағалы заттардың (деревнялардан қалаларға) эквивалентсіз және эквивалентке ауысып отыратынын айырып көрсетеді, айырғанда да Булгаков мырзаның көрсетпек болғанынан анағұрлым айқын көрсетеді. Әуелі Каутский «товарлы бағалы заттардың деревнялардан қалаларға эквивалентсіз (Gegenleistung) ауысуын» (S. 210) қарастырады (қалаларда ұсталатын рента, салықтар, қалалық банктердегі заемдардың проценттері) және мұны қаланың деревняны экономикалық жағынан қанауы деп өте дұрыс көрсетеді. Опан кейін Каутский бағалы заттардың эквивалентке ауысуы туралы, яғни ауыл шаруашылық өнімдерінің индустрия өнімдеріне айырбасталуы туралы мәселе қояды. «Құн заңы тұрғысынан қарағанда,— дейді Каутский,— бұл ауысу ауыл шаруашылығын қанаушылықты көрсетпейді ***, бірақ іс жүзінде мұның өзі, жоғарыда көрсетілген

---

* — Seite 30 und folgende — 30 және келесі беттер. *Ред.*

** Сонымен қатар салыстырыңыз: S. 214, мұнда Каутский қалалық капиталдардың егіншілікті рационалдандырудағы ролі туралы айтқан.

*** Оқушы Каутскийдің текст ішінде келтіріліп отырған ап-анық сөз-

фактілермен қатар, ауыл шаруашылығын агрономиялық (stofflichen) қанауға, жердің коректік заттарының азаюына апарып соғады» (S. 211).

Қаланың деревняны бұлайша агрономиялық қанауына келсек, Каутский бұл жөнінде де Маркс пен Энгельс теориясының негізгі қағидаларының біріне қосылады, атап айтқанда қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы қажетті сәйкестікті және олардың біріне-бірі озара тәуелді болуын бұзады, сондықтан капитализм жоғарғы формаға айналғаннан кейін бұл қарама-қарсылық жойылуға тиіс деген қағидасына қосылады *. Каутскийдің қаланың деревняны агрономиялық қанауы туралы пікірін Булгаков мырза «ғажап» деп біледі, «қалай болғанда да бұл жерде Каутский нағыз фантазияның ырқына түсіп отыр» (sic!!!) дейді. Бізді таңдандыратын бір жағдай: бұл арада Булгаков мырза өзі сынап отырған Каутскийдің пікірлері Маркс пен Энгельстің негізгі идеяларының бірімен үйлесіп жатқандығын елемей отыр. Оқушы: Булгаков мырза қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою туралы идеяны «нағыз фантазия» деп есептеп отыр деп ойлауға праволы. Егер сыншының пікірі шындығында осындай болса, онда біз оған мүлдем қосылмай, «фантазияның» (яғни іс жүзінде фантазияның емес, капитализмді неғұрлым терең сынаушылықтың) жағына шығамыз. Қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықты жою идеясы — фантазия деген көзқарас тіпті де жаңалық емес. Бұл — буржуазиялық экономистердің дағдылы көзқарасы. Бұл көзқарас кейбір ой-өрісі анағұрлым кең жазушыларға да жұққан. Мысалы, Дюринг қала мен деревня арасын-

---

дері мен Булгаков мырзаның: «Егер Каутский астықты тікелей өндірушілердің оны егіншілікпен айналыспайтын халыққа беруін жалпы қанаушылық деп есептейтін болса» және т. т. деген «сыншылдық» ескертуін салыстырып көрсін. Каутскийдің кітабымен азды-көпті мұқият таныскан сыншы осы «егерді» жазды дегенге сенбейсің!

* Ұйымдасқан өндірушілер қоғамында қала мен деревняның арасындағы қайшылықты жою қажеттігін қостайтын бұл пікір халықтың егіншіліктен индустрияға ауысуының *тарихи* прогрестік ролі бар екендігін мойындаушылыққа ешбір қайшы келмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Менің бұл туралы басқа бір жерде айтқаным бар («Этюдтер», 81-бет, 69-ескерту). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 243-бет, ескерту. *Ред.)*

дағы антагонизм «табиғи сөзсіз болып отыратын құбылыс» деп тапқан.

Сонан соң, Булгаков мырза Каутскийдің сауда егіншілігі мен капитализм қиыншылықтарының бірі деп өсімдік пен хайуандар індетінің көбейіп келе жатқандығын көрсеткеніне де «таңқалады» (!). «Бұл жерде капитализмнің не қатысы бар..?— деп сұрайды Булгаков мырза.— Малдың тұқымын асылдандыру қажеттігін әйтеуір бір жоғарғы әлеуметтік ұйым жойып жібере алар ма еді?» Каутскийдің мүлде айқын пікірін Булгаков мырзаның қалайша түсіне алмағандығына біз де таңқалып отырмыз. Өсімдіктер мен хайуандардың табиғи түрде сұрыпталып шыққан байырғы тұқымдарының орнына қолдан сұрыпталып шыққан «асыл» тұқымдар пайда болып келеді. Өсімдіктер мен хайуандар неғұрлым нәзік, талғамшыл болып барады; қатынас жолдарының қазіргі жағдайында індеттер таңқаларлық тездікпен таралады, ал оның қасында шаруашылық басқару ісі жеке меншіктік, бытыраңқы, көбінесе ұсақ (шаруалық) және білім мен құрал-жабдықтан құралақап күйінде қалып отыр... Егіншіліктің техникасын дамыту үшін қалалық капитализм қазіргі ғылымның барлық құралдарын беруге тырысады, бірақ өндірушілердің әлеуметтік жағдайын ол бұрынғы аянышты күйінде қалдырады; ол қалалық мәдениетті деревняға үнемі және жоспарлы түрде жеткізіп отырмайды. Малдың тұқымын асылдандыру қажеттігін ешқандай жоғарғы әлеуметтік ұйым жоймайды (мұндай сорақылықты айтуды Каутский, әлбетте, ойына да алған емес), бірақ техника неғұрлым дамыған сайын, мал мен өсімдіктің тұқымдары неғұрлым нәзік бола берген сайын қазіргі капиталистік әлеуметтік ұйым қоғамдық бақылаудың жоқтығынан, шаруалар мен жұмысшылардың жаншылған халде болуынан соғұрлым зардап шегіп отыр *.

Каутский сауда егіншілігінің соңғы «қиыншылығы» «деревняда халықтың азаюында», таңдаулы жұмыс күшін, неғұрлым жігерлі және неғұрлым интеллигент жұмыс күшін қалалардың алып қоюында деп біледі. Бул-

* Сондықтан кітабының тәжірибеге негізделген бөлімінде Каутский малды және оны күту жағдайларын қарауға санитарлық инспекция қоюды ұсынады (S. 397).

гаков мырзаның айтуынша, жалпы формада бұл қағида «қалай болғанда да дұрыс емес», «қазіргі қала халқының село халқы есебінен өсіп отырғаны капиталистік егіншіліктің даму заңын тіпті де көрсетпейді», тек өнеркәсіпті елдердің, экспорт шығаратып елдердің егінші халқының мұхит ар жағына, отарларға әкетіліп отырғанып көрсетеді. Менің ойымша, Булгаков мырза қателесіп отыр. Қала халқының (жалпы алғанда: индустрия халқының) село халқы *есебінен* өсуі қазіргі құбылыс қана емес, бұл капитализм *заңының нақ өзін* көрсететін жалпы құбылыс. Бұл заңның теориялық дәлелі, менің басқа бір жерде көрсетіп өткенім сияқты *, біріншіден, қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуі барған сайын көп өнеркәсіп салаларын алғашқы егіншіліктен қол үздіре беруінде **, екіншіден, белгілі жер учаскесін өңдеуге керекті өзгермелі капиталдың жалпы және тұтас алғанда кеми беруінде (салыстырыңыз: «Das Kapital», III, 2, S. 177. Орысша аудармасы, 526-бет.[55] «Капитализмнің дамуында», 4 және 444-беттерінде мен цитат етіп келтіргенмін ***). Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, кейбір реттерде және кей кездерде белгілі жер учаскесін өңдеуге керекті өзгермелі капиталдың өскендігі байқалады, бірақ бұл жалпы заңның дұрыстығын кемітпейді. Егінші халықтың біршама кемуі жеке реттердің бәрінде бірдей абсолютті кемуге айнала бермейтіндігін, бұл абсолютті кемудің мөлшері капиталистік отарлардың өсуіне де байланысты болатындығын бекер деу, әрине, Каутскийдің ойына да келмес еді. Европаны арзан астыққа лықа толтыратын капиталистік отарлардың осы өсуін

---

* «Россияда капитализмнің дамуы», I тарау, § 2 және VIII тарау, § 2. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том. *Ред.)*

** Осы жағдайды көрсете келіп, Булгаков мырза: «егіншіліктің гүлденіп тұрған кезінде де егінші халықтың *біршама* (курсив өзінікі) кемуі мүмкін» дейді. «Мүмкін» ғана емес, капиталистік қоғамда *сөзсіз солай болуға тиіс*... «Біршама кему (егінші халықтың кемуі) бұл жерде тек қана (sic!) халық еңбегінің жаңа салалары өсіп отырғандығын көрсетеді»,— деп қорытады Булгаков мырза. Бұл «тек қана» өте ғажап нәрсе. Егіншіліктен «нағыз жігерлі және нағыз интеллигент жұмыс күшін» алып қойып отыратын тек сол өнеркәсіптің жаңа салалары. Сонымен, Каутскийдің жалпы қағидасын *толық дұрыс* деп тану үшін осы жай ғана пікірдің өзі жеткілікті: осы жалпы қағиданың (капитализм егіншіліктен нағыз жігерлі және нағыз интеллигент жұмыс күшін алып қойып отырады деген қағиданың) дұрыс болуы үшін село халқының *біршама* кемуінің өзі толық жеткілікті.

*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 24 және 615-беттер. *Ред.*

Каутский кітабының тиісті жерлерінде өте айқын көрсеткен. («Европа деревняларының елсізденуіне бастайтын село халқының (Landflucht) босуының өзі қалаларға ғана емес, сонымен қатар отарларға да селоның мықты адамдарын үнемі ағылтып отырады...» S. 242). Өнеркәсіптің егіншіліктен ең мықты, ең жігерлі және интеллигент жұмысшыларды алып қоюы тек өнеркәсіпті елдерде ғана емес, егінші елдерде де, тек Батыс Европада ғана емес, Америкада да, Россияда да болып отыратын жалпы құбылыс. Қаланың мәдениеттілігі мен деревняның капитализм туғызған тағылығы арасындағы қайшылық сөзсіз осыған әкеліп соқтырады. Булгаков мырза: «халықтың жалпы саны өсіп отырғанда егінші халықтың кемуі астық импорты күшті болмайынша ақылға сыймайды» деген «пікірді» «айқын» деп табады. Менің ойымша, бұл пікірдің айқын еместігі былай тұрсын, ол тіпті теріс. Халықтың жалпы саны өсіп отырғанда (қалалар өсіп отыр) шеттен астық әкеліпбеген күнде де егінші халықтың кемуі әбден ақылға сыяды (егіншілік еңбегінің өнімділігі артуда, мұның өзі сан жағынан аз жұмысшылардың өнімді бұрынғысындай беруіне немесе тіпті онан да көп беруіне мүмкіншілік туғызады). Сондай-ақ егінші халық кеміп отырған және егіншілік өнімдерінің молшері кеміп (немесе тепе-теңсіз түрде артып) отырған жағдайда халықтың жалпы санының өсуі де ақылға сыйымды нәрсе,— халықтың ішіпжемін капитализмнің пашарлатуы салдарынан «ақылға» сыяды.

Булгаков мырзаның айтуынша, Германияда 1882 жылдан 1895 жылға дейін орташа шаруа шаруашылықтарының өсу фактісі,— Каутскийдің өзі ашқан және бұл шаруашылықтар жұмысшылардың жеткіліксіздігінен негұрлым кем зиян шегетіндігіне байланыстырып оның өзі келтірген факті,— «Каутскийдің бүкіл пікір жүйесін шайқалта алады». Ендеше осыған орай Каутскийдің пікірлерін анықтап көрейік.

Ауыл шаруашылық статистикасының мәліметтері бойынша 1882 жылдан 1895 жылға дейін бәрінен де 5—20 гектарлы шаруашылықтардың жер көлемі көп өскен. 1882 жылы бұлардың жер көлемі бүкіл жер көле-

мінің — 28,8% 1895 жылы — 29,9% болды. Бұл орташа шаруа шаруашылықтарының өсуімен қатар ірі шаруа шаруашылықтарының жер көлемі кеміп отырды (20—100 гектарлылар; 1882: 31,1%, 1895: 30,3%). «Бұл цифрлар,— дейді Каутский,— қазіргі құрылыстың ең берік тірегі шаруалар деп білетін ақ көңіл азаматтардың бәрінің де жүрегін қуантады. Сөйтіп олар: бұл ауыл шаруашылығы өзгермейді, оған Маркстің догмасын қолдану мүмкін емес,— деп масаттанады». Орта шаруалар шаруашылығының өскендігін шаруалардың жаңадан гүлдене бастағандығы деп ұғынады.

«Бірақ бұл гүлденудің тамыры батпақта жатыр»,— деп жауап береді Каутский осы ақ көңіл азаматтарға. «Бұл гүлденушілік шаруалар *тұрмысының жақсылығынан* болып отырған жоқ, бүкіл ауыл шаруашылығының *езілуінен* болып отыр» (230). Каутский осының алдында ғана былай деген: «Бүкіл техникалық прогреске қарамастан, *кей жерлерде* (курсив Каутскийдікі) ауыл шаруашылығы кері кете бастады,— бұған күмәндануға болмайды» (228). Бұл кері кетушілік, мысалы, феодализмнің қайта туына,— жұмысшыларды жерге шырмап қою және оларға белгілі бір салғырт жүктеу әрекеттеріне бастайды. Егер осы «езілудің» салдарынан шаруашылықтың мешеу формалары жанданып отырса, мұның таңданарлық несі бар? Егер өзінің тұтыну дәрежесінің төмендігі, аштыққа және өкпесі өшін жұмыс істеуге конбістігі жағынан ірі өндіріс қызметкерлерінен ерекше тұратын шаруалар дағдарысқа ұзағырақ төтеп беретін болса, мұның таңданарлық несі бар? *

* «Ұсақ егіншілер,— дейді Каутский екінші бір жерде,— үмітсіз позицияда ұзағырақ төзеді. Мұның өзі ұсақ өндірістің артықшылығынан еді дегенге күмән келтіруге толық правомыз бар» (S. 134).

Реті келген соң Каутскийдің көзқарасын әбден растайтын Кенигтің мәліметтерін көрсете кетейік. Ол өзінің кітабында («Die Lage der englischen Landwirtschaft etc.», Jena, 1896, von Dr. F. Koenig) (*Д-р Ф. Кениг.* «Англия ауыл шаруашылығының жайы және т. т.» Иена. 1896. *Ред.*) Англияның неғұрлым бір типтес бірнеше графствосындағы ауыл шаруашылығының жайын толық суреттеген. Жалдама жұмысшылармен салыстырғанда ұсақ егіншілердің жұмысты шамадан тыс көп істейтіндігін және кем тұтынатындығын көрсететін мысалдарды біз мұнда *өте көп* кездестіреміз, ал бұларға қайшы келетін мысалдар кездеспейді. Мысалы, біз ұсақ шаруашылықтардың кірісі «орасан (ungeheuer) ыждағаттылық пен үнемшілдік арқылы» жасалатынын оқимыз (88); ұсақ егіншілердің қора-қопсылары нашар (107); ұсақ жер иелері (yeoman farmer) арендаторларға қарағанда нашар жағдайларда тұрады (149); «ұсақ жер иелерінің халі өте аянышты (Лин-

«Аграрлық дағдарыс ауыл шаруашылығының товар өндіретін таптарының бәрін қамтиды; ол орта шаруаларға да соқпай кетпейді» (S. 231).

Каутскийдің бұл қағидаларының бәрі де соншалықты айқын, оларды түсінбеуге болмайтын-ақ сияқты. Алайда, сыншы, сірә, оларды түсінбесе керек. Булгаков мырза өз пікірін айтпайды: ол айналсоқтап келіп орта шаруа шаруашылықтарының бұлайша өсуін түсіндіре береді, бірақ Каутскийге ол: «капиталистік өндіріс әдісінің дамуы егіншілікті құртуға бастайды»-мыс деген пікірді таңады. Сөйтіп Булгаков мырза өршелене түседі: «Каутскийдің ауыл шаруашылығының бүлінетіні туралы айтқаны теріс, ойдан шығарылған, дәлелсіз, шын өмірдегі нағыз негізгі фактілерге қайшы келеді» және т. т. және т. т.

Бұған біздің айтатынымыз: Булгаков мырза *Каутскийдің пікірлерін мүлде теріс көрсетіп отыр.* Капитализмнің дамуы ауыл шаруашылығын күйретеді дегенді Каутский ешбір айтып отырған жоқ, қайта оның керісінше айтып отыр. Каутскийдің ауыл шаруашылығының езілуі (=дағдарысы) туралы, *кей жерлерде* (nota bene *) техникалық регрестің басталуы туралы айтқан сөздерінен Каутский ауыл шаруашылығының «бүлінуі»

кольнширде); олардың тұрғын үйлері ірі фермалардағы жұмысшылардың тұрғын үйлерінен нашар, ал кейбіреулері тіпті жаман. Олардың жұмыстары кәдімгі жұмысшылардың жұмысынан ауыр және ұзақ, ал табыстары кем. Олардың тұрмысы нашар және етті аз жейді... олардың ұлдары мен қыздары жұмысты ақысыз істейді және нашар киінеді» (157). «Ұсақ фермерлер жұмысты құлдарша істейді, жаздыгүні көбінесе ертеңгі сағат 3-тен кешкі сағат 9-ға дейін істейді» (Бостондағы Chamber of Agriculture) ауыл шаруашылық палатасының. Ред.) хабары, S. 158). Бір ірі фермер былай дейді: «Күмән жоқ, капиталы аз және барлық жұмысты өз семьясының мүшелеріне істететін кішкентай адамның (der kleine Mann) үй шығындарын кемітуі бәрінен де оңай, ал ірі фермер өзінің жалшыларын жақсы жылдарда да, нашар жылдарда да жақсылап тамақтандырып тұруға тиіс» (218). Ұсақ фермерлер (Айрширде) «аса (ungeheuer) ыждағатшыл келеді; олардың әйелдері мен балалары жұмысты күндікшілерден кем істемейді, қайта көбінесе артық істейді; олардың екеуі бір күнде жалдама қызметкердің үшеуінің істегенін істейді деушілер бар» (231). «Өз семьясымен бірге жұмыс істеуші ұсақ арендатордың тұрмысы — нағыз құлдың тұрмысы» (253). «Жалпы және тұтас алғанда... ұсақ фермерлер, ірі фермерлерге қарағанда, дағдарысқа жақсы шыдаса керек, бірақ мұның өзі ұсақ фермалардың табысы көп екендігін көрсетпейді. Біздің ойымызша, мұның себебі — ұсақ қожайынға (der kleine Mann) өз семьясының тегін көмегі тиетіндігінде... Әдетте... ұсақ фермердің бүкіл семьясы оның өз шаруашылығында жұмыс істейді... Балалары тамағын асырайды және анда-санда ғана белгілі бір күндік ақы алады» (277—278) және т. т. және т. т.

* — есіңізде болсын. *Ред.*

туралы, «күйреуі» туралы айтып отыр деп қорытынды шығару Каутскийдің шығармасына мүлде ұқыпсыз қараған күнде ғана мүмкін болатын тұжырым. Әдейі шетелдік бәсеке туралы (яғни аграрлық дағдарыстың негізгі шарты туралы) мәселеге арналған X тарауда Каутский былай дейді: «Төніп келе жатқан дағдарыстың оның өзі шарпыған индустрияны қиратуы, әлбетте (natürlich), ешбір міндетті емес (braucht nicht). Оның бұлай етуі өте сирек кездеседі. Жалпы алғанда дағдарыс меншіктің қазіргі қатынастарын капитализм мағынасында қайта құруға ғана бастайды» (273—274). Ауыл шаруашылық техникалық өндірістер дағдарысы жөнінде айтылған бұл ескерту Каутскийдің дағдарыстың маңызына жалпы көзқарасын айқын көрсетеді. Сол тарауда Каутский бүкіл ауыл шаруашылығы жөнінде де осы көзқарасын қайталап айтады: «Жоғарыда айтылғандар ауыл шаруашылығының күйреуі туралы сөз қылуға әлі ешбір право бермейді. (Man braucht deswegen noch lange nicht von einem Untergang der Landwirtschaft zu sprechen). Бірақ қазіргі өндіріс әдісі мықтап орныққан жерде ауыл шаруашылығының кертартпалық сипаты біржолата жойылды. Ескі енжарлықты сақтап қалу (Das Verharren beim Alten) селолық қожайынның сөзсіз күйреу қаупін туғызады; сондықтан ол техниканың дамуын үнемі қадағалап отыруға тиіс, өзінің өндірісін жаңа жағдайларға үнемі икемдеп отыруға тиіс... Бұл кезге дейін мәңгі-бақи өзгермес соқпақ жолдан аумай біркелкі жүріп келген экономикалық тұрмыс деревняда да үнемі революцияшылдандырып отыратын қалыпқа, капиталистік өндіріс әдісіне тән қалыпқа түсті» (289).

Егіншіліктің өндіргіш күштерін дамытатын тенденциялар мен сауда егіншілігінің қиыншылықтарын күшейтетін тенденциялардың қалайша қабысатынын Булгаков мырза «түсінбейді». Бұл жерде түсінбейтін не бар?? Капитализм егіншілікте де, өнеркәсіпте де өндіргіш күштердің дамуына орасан күшті серпін береді, бірақ нақ осы даму неғұрлым ілгерілеген сайын капитализмнің қайшылықтарын соғұрлым мықтап шиеленістіре береді, оны жаңа «қиыншылықтарға» ұшыратады.

Каутский Маркстің негізгі идеяларының бірін дамытып отыр, ал Маркс егіншіліктегі капитализмнің прогрестік тарихи ролін (егіншілікті рационалдандыру, жерді селолық қожайыннан ажырату, село халқын үстемдік пен құлдық қатынастарынан азат ету және т. т.) үзілді-кесілді баса көрсеткен болатын, сонымен қатар тікелей өндірушілердің қайыршылыққа түсіп, езіліп отырғандығын да, капитализмнің егіншілікті тиімді түрде жүргізу талаптарымен сыйыса алмайтындығын да сондай кесіп айтқан болатын. Өзінің «жалпы әлеуметтік-философиялық дүние танымы Каутскийдің дүние танымына сәйкес келетінін» * мойындайтын Булгаков мырзаның Каутский бұл жерде Маркстің негізгі пікірін дамытып отырғандығын байқамайтыны тіпті таңқаларлық. Булгаков мырзаның осы негізгі идеяларға қалай қарайтындығын, жалпы дүние тану жағынан бір пікірде бола тұрып, оның: «De principiis non est disputandum» **!!? деп қалайша айта алатындығын біле алмай, «Началоның» оқушылары қалай да аңырып қалуға тиіс. Біз Булгаков мырзаның бұл сөзіне нана алмаймыз; біз оны мен басқа марксистердің арасындағы талас нақ осы «principia» бірлігінен болуы мүмкін деп есептейміз. Булгаков мырза капитализмнің егіншілікті тиімді түрде жүргізетінін, егіншілікке техниканы индустрия беретінін, тағы басқаларын айтқанда тек осындай «principia»-ның бірін қайталап отыр. Оның бұл арада тек «мүлдем қарама-қарсы» деуі тіпті бекер-ақ. Оқушылар Каутский басқа пікірде екен деп ойлап қалуы мүмкін, ал шындығында Каутский өзінің кітабында Маркстің нақ осы негізгі идеяларын барынша батыл және анық дамытады. «Нақ индустрияның өзі,— дейді Каутский,— жаңа, тиімді егіншілікке техникалық және ғылыми жағдайлар жасады, нақ соның өзі машиналар арқылы, жерді қолдан тыңайту арқылы, микроскоп пен химиялық лабораториялар арқылы егіншілікті революцияшылдандырды, сөйтіп капиталистік ірі өндірісті ұсақ шаруа ӧн-

---

* Философиялық дүние тану жөнінде Булгаков мырзаның бұл сөздері дұрыс па, жоқ па, оны біз білмейміз. Каутский, байқауымызша, Булгаков мырза сияқты, сын философиясын жақтамайтын тәрізді.

** — «Принциптер туралы таласпас болар». *Ред.*

дірісінен техникалық жағынан басым етіп шығарды» (S. 292). Сөйтіп Каутскийде біздің Булгаков мырзадан кездестіріп отырғанымыз сияқты қайшылық жоқ: Булгаков мырза, бір жағынан, «капитализм» (яғни жалдама еңбек арқылы жүргізілетін өндіріс, яғни шаруа өндірісі емес, ірі өндіріс қой?) «егіншілікті тиімді етеді» деп мойындайды, ал, екінші жағынан, «мұнда осы техникалық прогресті туғызып отырған әсте ірі өндіріс емес»! — дейді.

II

Каутский кітабының оныншы тарауы шетелдік бәсеке туралы және ауыл шаруашылығын индустрияландыру туралы мәселеге арналған. Булгаков мырза бұл тарауды мүлде кемсінгендікпен бағалайды: «Айта қаларлықтай ешбір жаңалық немесе тың пікір жоқ, бәрі де азды-көпті мәлім негізгі фактілер», пәлен-түген дейді, сөйтіп аграрлық дағдарысты, оның мәні мен маңызын ұғыну туралы негізгі мәселені қалтарыста қалдырады. Ал шындығында бұл мәселенің орасан зор теориялық маңызы бар.

Егіншілік эволюциясының Маркс көрсетіп өткен және Каутский толық дамытқан жалпы ұғымынан аграрлық дағдарыс ұғымы да сөзсіз туады. Каутскийдің білуінше, аграрлық дағдарыстың мәні мынада: астықты тым арзан өндіретін елдердің бәсекесі салдарынан Европаның ауыл шаруашылығы жерге жеке меншіктілік пен капиталистік товар өндірісі ауыл шаруашылығына жүктейтін ауыртпалықты тұтынушылар бұқарасына арту мүмкіншілігінен айрылды. Ендігі жерде Европаның ауыл шаруашылығы *«мұны* (бұл ауыртпалықты) *өзі көтеруге тиіс, қазіргі кездегі аграрлық дағдарыстың мәні, міне, осында»* (S. 239, курсив Каутскийдікі). Осы ауыртпалықтардың ең бастысы — жер рентасы. Европада бұл рента өткен тарихи дамудың нәтижесінде орасан зор мөлшерге жеткізе арттырылған (дифференциялық рента да, *абсолюттік* рента да) және осыған сәйкес жер бағасы арқылы тұрақты етілді *. Отарларда (Америка-

---

* Рентаны асыра өсіру және оны тұрақты ету процесі туралы *Парвустың* өте дәл пікірлерін қараңыз: «Дүние жүзілік рынок және

да, Аргентинада, т. б.), олар отар болып қалып отырғандықтан, біз, қайта, *бос* жерлердің бар екенін, жаңадан келіп қопыстанғандар бұл жерлерді не мүлдем тегін алатынын, не болмашы бағаға сатып алатынын көреміз, ал оның үстіне бұлар пайдаланылмаған шұрайлы жер болғандықтан өндіріс шығындарын minimum-ға * дейін азайтады. Европаның капиталистік егіншілігінің бұл кезге дейін тұтынушыларға шектен тыс өсірілген рентаны (өте жоғары астық бағасы түрінде) жүктеп келгендігі әбден түсінікті, ал қазір бұл рентаның ауыртпалығы селолық қожайындар мен жер иелерінің өздеріне түсіп, оларды күйзелтіп отыр **. Сонымен, аграрлық дағдарыс капиталистік жер иелігі мен капиталистік ауыл шаруашылығының бұрынғы жайлы жағдайын бұзды және әлі де бұзуда. Капиталистік жер иелігі осы кезге дейін қоғам дамуынан барған сайын көп алым алып, бұл алымның ең жоғары мөлшерін жер бағасы арқылы тұрақтандырып еді. Енді бұл алымнан оның айрылуына тура келіп отыр ***. Енді капиталистік ауыл шаруашылығы капиталистік өнеркәсіпке тән тұрақсыз күйге түсіріліп, амалсыздан рыноктың жаңа жағдайларына бейімделуге тиісті болып отыр. Дағдарыс атаулы сияқты, аграрлық дағдарыс та көптеген қожайындарды күйзелтеді, меншіктің қалыптасқан қатынастарын мықтап бұзады, *кей жерлерде* техникалық регреске, шаруашылықтың орта ғасырлық қатынастары мен формаларының жандануына бастайды, бірақ жалпы және тұтас алғанда ол қоғамдық эволюцияны *тездетеді,* патриархтық

ауыл шаруашылық дағдарысы». Дағдарысқа және жалпы аграрлық мәселеге негізгі көзқарастарында Парвус Каутскийге қосылады.

* — минимумға. *Ред.*

** *Парвус,* әлгі шығармасы, 141-бет. «Началоның» 3-номерінің 117-бетінде цитат алынған, Парвустың кітабына рецензия. (Қараңыз: осы том, 67-бет. *Ред.*) Бұған қоса айта кетейік: сауда егіншілігінің Европаға ауыртпалық болып отырған басқа «қиыншылықтарының» да отарларға түсетін салмағы әлдеқайда кем.

*** Абсолюттік рента — монополияның нәтижесі. «Бір жақсысы, абсолюттік рентаның өсуінде өз шегі бар... Соңғы кезге дейін Европада дифференциялық рента қалай өссе, ол да нақ солай үздіксіз өсіп отырды. Бірақ теңіздің арғы бетіндегі елдердің бәсекесі бұл монополияны мейлінше нашарлатты. Теңіздің арғы бетіндегі елдердің бәсекесінен Европада Англияның кейбір округтерінен басқа жерде дифференциялық рента зиян көрді деп ойлауға біздің ешбір дәлеліміз жоқ... Бірақ абсолюттік рента төмендеді және бұл ең алдымен жұмысшы таптарға пайда келтірді (zu gute gekommen)» (S. 80. Және де салыстырыңыз: S. 328).

тоқырауды оның ең соңғы баспанасынан ысырып шығарады, егіншілікті мұнан былай да мамандандыра беруге (бұл капиталистік қоғамдағы ауыл шаруашылық прогресінің негізгі факторларының бірі), машиналарды қолдана беруге, т. т. сөзсіз итермелейді. Жалпы және тұтас алғанда,— мұны өз кітабының IV тарауында Каутский бірнеше ел туралы мәліметтер бойынша анық көрсеткен,— *тіпті* Батыс Европада да біз 1880—1890 жылдарда егіншіліктің тоқырағандығын көрмейміз, қайта техникалық прогресс болғандығын көреміз. Біз — *тіпті* Батыс Европада да — деп отырмыз, өйткені, мысалы, Америкада бұл прогресс мұнан да айқын.

Бір сөзбен айтқанда, аграрлық дағдарыста капитализмге және капиталистік дамуға кедергі болатын құбылыс бар деуге дәлел жоқ.

РЕЦЕНЗИЯ

Гобсон. **Қазіргі заманғы капитализмнің эволюциясы.** *Ағылшын тілінен аударылған. СПБ. 1898. О. Н. Попова бастырған. Бағасы 1 с. 50 т.*

Гобсонның кітабы анығында осы заманғы капитализмнің эволюциясын зерттеу емес, ол — өнеркәсіптің ең жаңа дамуының көбінесе Англия мәліметтеріне сүйенген очерктері. Сондықтан кітаптың аты біраз кеңірек алынған: автор егін шаруашылығына мүлде соқпайды, ал өнеркәсіп экономиясын да толық қамти талдаудан қашық. Гобсон өзінің ұстаған бағыты жағынан белгілі жазушылар ерлі-зайыпты Веббтермен бірге Англияның қоғамдық ой-пікіріндегі озат ағымдардың бірінің өкілдері қатарына жатады. Ол «осы заманғы капитализмге» сын көзімен қарайды, оны қоғамдық шаруашылықтың жоғары формасымен ауыстыру қажеттігін әбден мойындайды және бұл ауыстыру туралы мәселеге ағылшындарға тән реформаторлық іскерлікпен қарайды. Реформаның қажеттігіне оның көбінесе эмпиризм жолымен, ағылшынның фабрика заңдарының ең жаңа тарихының, ағылшын жұмысшы қозғалысының, ағылшын муниципалитеттері қызметінің, тағы басқаларының ықпалымен көзі жетеді. Оның реформаторлық программасына негіз боларлық, реформаның жеке мәселелерін айқындарлық сындарлы және тұтас теориялық көзқарастар Гобсонда жоқ. Сондықтан Гобсон ең жаңа статистикалық және экономикалық мәліметтерді топтайтын, оны сипаттайтын реттер келгенде неғұрлым жетік. Ал саяси экономияның жалпы теориялық мәселелеріне келгенде Гобсон өте дәрменсіз болып шықты. Сонша көп білімі, әбден қолдауға тұрарлық практикалық талабы

бар жазушының «капитал» деген не, «үнемдеудің» ролі қандай деген, тағы сол сияқты мәселелермен босқа әуреленуі орыс оқушыларына тіпті таңырқарлық болып көрінеді. Гобсонның бұл әлсіз жағын әбден түсіндіретін себеп — ол саяси экономияда Дж.-Ст. Милльді Маркстен гөрі беделді көреді, ол Маркстен бір ме, екі ме цитат келтірсе де, оны мүлде түсінбейтін, не білмейтін көрінеді. Буржуазиялық және профессорлық саяси экономияның қайшылықтарын айырып алуға Гобсонның өнімсіз көп еңбек жұмсайтынына өкінбей болмайды. Гобсон мықтағанда Маркс әлдеқашан шығарған шешімдерге жақындайды; теріс дегенде Маркстің «осы заманғы капитализмге» көзқарасына мүлде қайшы келетін қате көзқарастарды үлгіге алады. Кітаптың өте-мөте сәтсіз тарауы: «Машиналар және өнеркәсіптің тоқырауы» деген жетінші тарауы. Гобсон бұл арада дағдарыстар туралы, капиталистік қоғамдағы қоғамдық капитал және кіріс туралы, капиталистік қорлану туралы теориялық мәселелерді анықтауға талпынады. Капиталистік қоғамдағы өндіру мен тұтынудың үйлесімсіздігі туралы, капиталистік шаруашылықтың анархиялық сипаты туралы дұрыс ойлар «үнемдеу» (Гобсон қорлануды «үнемдеумен» шатастырады) туралы схоластикалық пайымдаулардың қоқысы астында қалып қояды, неше алуан робинзондық әрекеттердің («айталық, адам тұрпайы құралдармен жұмыс істей жүріп, жаңа сайман ойлап табады... өз тамағын үнемдеп сақтайды» және т. т.) және сол сияқтылардың арасында жоғалып кетеді. Гобсон диаграммаларды тым жақсы көреді — өз баяндауларын көрнекі бейнелегенде оларды, көбінесе, орынды пайдалана біледі. Бірақ «өндіріс механизмін» Гобсонның 207-беттегі (VII тарау) суретте көрсетілгендей деп түсінуі *капиталистік* «өндірістің» шын «механизмімен» аздыкөпті таныс оқушылардың күлкісін ғана келтіреді. Гобсон бұл жерде өндірістің өзін өндірістің қоғамдық құрылысымен шатастырады, капитал деген не, оның құрамды бөлімдері қандай, капиталистік қоғам қандай таптарға қажеттілікпен бөлінеді — мұны өте көмескі түсіністікпен көрсетеді. Гобсон VIII тарауда халықтың кәсібіне қарай белгіленетін құрамы туралы жә-

не бұл құрамның уақытқа қарай өзгеруі туралы қызықты мәліметтер келтіреді, бірақ оның «машиналар және еңбекті керексіну» туралы теориялық пікірлерінде үлкен кемшілік бар, ол — «капиталистік артық халық» немесе резерв армиясы теориясын елемейтіндігі. Гобсонның кітабындағы неғұрлым сәтті тараулар — оның қазіргі индустриядағы әйелдердің жағдайын және қазіргі қалаларды сөз ететін тараулары. Әйелдер еңбегінің өсуі туралы статистикалық мәліметтер келтіріп, бұл еңбектің өте нашар жағдайларын сипаттап, Гобсон «неғұрлым тығыз әлеуметтік қатынастарға» және «ұйымға» бастайтын фабрикадағы жұмыс үйдегі жұмысты ығыстырып шығарғанда ғана бұл жағдайлардың жақсаруынан үміттенуге болатынын дұрыс көрсетеді. Сондай-ақ, қалалардың маңызы туралы мәселеде де Гобсон Маркстің жалпы көзқарастарына жуықтап, қала мен деревняның қарама-қарсылығы коллектившілдік қоғам құрылысына қайшы келетіндігін мойындайды. Бұл мәселеде де Маркстің ілімін елемеуден аулақ болғанда, Гобсонның қорытындылары көп ұтымды болатын еді. Сонда Гобсон ірі қалалардың тарихи прогрестік ролін және шаруашылықты коллективтік жолмен ұйымдастырғанда егін шаруашылығы мен өнеркәсіпті біріктірудің қажеттігін анығырақ атап айтар еді. Гобсон кітабының «Цивилизация және өнеркәсіптік даму» деген соңғы тарауы ең жақсы тарауы деуге болады; автор мұнда бірқатар сәтті дәлелдер келтіру арқылы қазіргі өнеркәсіп құрылысын «қоғамдық бақылауды» күшейтуге және «индустрияны социализациялауға» қарай бейімдеп өзгертудің қажеттігін айтады. Бұл «реформаларды» іске асыру әдісіне Гобсонның біраз оптимистік көзқарасын бағаларда ағылшын тарихы мен ағылшын өмірінің өзгешеліктерін: демократияның жоғары дамығанын, милитаризмнің жоқтығын, ұйымдасқан тред-юниондардың орасан зор күшін, ағылшын капиталының Англиядан тысқары елдерге орналастырылуының күшеюін, мұның өзі Англия кәсіпкерлері мен жұмысшыларының антагонизмін бәсеңдететінін, тағы басқаларын ескеру қажет.

Айтпақшы, XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс туралы белгілі кітабында проф. В. Зомбарт «бірігу тенден-

циясын» (VI тараудың аты), яғни түрлі елдердің әлеуметтік қозғалысының тенденциясын, оның әр түрлі формалары мен біртектілік белгілерін, сонымен бірге марксизм идеяларының таралуына бейім тенденциясын да атап көрсетеді. Англия жөнінде Зомбарт бұл тенденцияны ағылшын тред-юниондарының «таза манчестерлік көзқарасты» барған сайын қойып бара жатқанынан көреді. Гобсонның кітабы жөнінде біз мынаны айта аламыз: ағылшынның алдыңғы қатарлы жазушылары Маркстің «болжауын» барған сайын растап келе жатқан өмір талабының ықпалымен дәстүрлі буржуазиялық саяси экономияның қисынсыздығын сезе бастады және оның соқыр сенімдерінен арылып, марксизмге еріксіз жақындай түсуде.

Гобсон кітабының аудармасында елеулі кемшіліктер бар.

1899 ж. апрельде жазылған

1899 ж. майда «Начало» журналының 5-номерінде басылған
Қол қойған: Вл. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

П. НЕЖДАНОВ МЫРЗАҒА ЖАУАП

«Жизньнің» 4-номерінде П. Нежданов мырза рыноктар теориясы туралы жазылған менің мақалам мен басқа авторлардың мақалаларын талдаған [56]. Мен П. Нежданов мырзаның бір ғана пікіріне, атап айтқанда оның: «Научное Обозрениенің» осы жылғы 1-номерінде басылған өз мақаласы арқылы «үшінші адамдардың теориясына қарсы жүргізген өз күресін бұрмалады» деп мен туралы айтқанына ғана жауап бергім келеді. П. Нежданов мырзаның рыноктар теориясы, соның ішінде П. Б. Струвенің көзқарастары жөніндегі басқа да мәселелерін алсақ, оған мен Струвеге жауап ретінде жазған мақалама («Тағы да орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде»; оның «Научное Обозрениеде» кешігіп басылуы авторға байланысы жоқ себептерден болды) сілтеумен шектелмекпін.

П. Нежданов мырза «капиталистік өндіріс өндіру мен тұтыну арасындағы ешқандай қайшылыққа ұшырап отырған жоқ» дейді. Осыдан келіп ол: осы қайшылықты мойындай отырып, «Маркс елеулі ішкі қайшылыққа ұшырады» деп және де мені Маркстің қатесін қайталап отыр деп қорытынды жасайды.

Мен П. Нежданов мырзаның пікірін мүлдем қате (немесе түсінбестіктен туған) деп есептеймін және Маркстің көзқарастарынан ешқандай қайшылық көре алмаймын.

П. Нежданов мырзаның капитализмде өндіру мен тұтыну арасында ешқандай қайшылық жоқ деуінің орес-

келдігі соншалық, мұның себебі «қайшылық» ұғымына оның мүлде *айрықша мағына* беріп отырғандығынан ғана деп түсіндіруге болады. Нақ П. Нежданов мырзаның өзі «өндіру мен тұтыну арасында қайшылық шын бар болса,— бұл қайшылық үнемі артық өнім беруге тиіс» деп ойлайды (301-бет; қорытынды тезистерінде де солай, 316-бет). Мұның өзі мәселені мүлде беталды және, менімше, мүлде теріс түсінгендік. Капиталистік қоғамдағы өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылық туралы менің пікірлерімді сынағанда П. Нежданов мырза бұл қайшылықтың мәні мен маңызы жөніндегі өз көзқарасын баяндаумен қанағаттанып қоймай, бұл қайшылықты менің қалай түсінетіндігімді оқушыға (менің ойымша) баяндап беруге тиіс еді. Мәселенің (П. Нежданов мырзаның маған қарсы айтысын туғызып отырған) бар түйіні менің сөз болып отырған қайшылықты П. Нежданов мырзаның оны қалай түсінгісі келгеніндей емес, мүлде басқаша түсінуімде болып отыр. Бұл қайшылық *үнемі* * артық өнім беруге тиіс деп мен еш жерде айтқан жоқпын; мен олай ойламаймын және Маркстің сөздерінен мұндай көзқарасты туғызуға да болмайды. Капитализмге тән өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылықтың мәнісі сол: өндіріс өте тез өседі, бәсеке өндірісте шексіз кеңейе беру тенденциясын туғызады, ал тұтыну (жеке тұтыну) өскен күнде де тым баяу өседі; халық бұқарасының пролетарлық жай-күйі жеке тұтынудың тез өсуіне мүмкіндік бермейді. Менімше, менің «Этюдтерімнің» (П. Нежданов мырза цитат келтірген сисмондишілдер туралы мақаланың) 20, 30-беттерін және «Научное Обозрениенің» 40-бетін (1899 ж., № 1) ** мұқият оқыған әрбір адам капитализмдегі өндіру мен тұтынудың арасындағы қайшылыққа менің әуел бастан-ақ *тек осындай мағына* бергендігімді айқын көріп, көзі жетеді. Егер Маркстің теориясын қатаң ұстайтын болсақ, бұл қайшылыққа басқа мағына беруге болмайды

* *Үнемі* дегенді баса айтамын, өйткені өнеркәсіптің түрлі салаларының арасындағы үйлесімділіктің бұзылуы нәтижесінде капиталистік қоғамда артық өнімнің әрдайым өндіріліп отырмауы (дағдарыста) сөзсіз. Ал тұтынудың белгілі қалыпта болуы — үйлесімділік элементтерінің бірі.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 2-том, 159—160-беттер және осы том, 53—54-беттер. *Ред.*

да. Капитализмге тән өндіру мен тұтынудың арасындағы қайшылық тек мынада: ұлт байлығы халық жоқшылығының күшеюімен қатар өседі, қоғамның өндіргіш күштері халық тұтынуы тиісті дәрежеде өспейтін, осы өндіргіш күштер еңбекшілер бұқарасының пайдасына жұмсалмайтын жағдайда өседі. Осы мағынада сөз болып отырған қайшылық — миллиондаған адамдардың күнделікті тәжірибесінде расталып отырған, ешқандай күмән келтіруге жатпайтын факт, сондықтан осы фактіге көз жіберудің өзі қызметкерлерді Маркс теориясында толық және ғылыми түрде бейнеленген көзқарастарға жеткізеді. Бұл қайшылық артық өнімнің үнемі өндірілуіне (Нежданов мырзаның ойлағысы келгеніндей) тіпті де қажетті түрде бастамайды. Біз (мінсіз капиталистік қоғам туралы жалаң теория жүзінде сөз қылсақ) ешбір артық өнімсіз-ақ капиталистік қоғамдағы бүкіл өнімді орналастыруға болады деп әбден ойлай аламыз, *бірақ* өндіру мен тұтыну арасында үйлеспеушілік тудырмайтын *капитализм болады деп біле алмаймыз.* Бұл үйлеспеушілік (Маркстің өз схемаларында айқын көрсеткеніндей) өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің тұтыну заттарын өндіруден оза алатындығынан және озық отыруға тиіс екендігінен көрінеді.

Сонымен, Нежданов мырза өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылық үнемі артық өнім беруге тиіс деп мүлде қате қорытынды жасады, сөйтіп оның Марксті дәйексіз деп орынсыз кінәлауы да осы қатеден туды. Қайта, Маркстің мынадай қағидаларынан оның нағыз айнымас дәйектілігі көрінеді:

1) капиталистік қоғамда өнімді өткізуге *болады* (әрине, өнеркәсіптің түрлі салаларының арасында үйлесімділік болады деп санағанда); осылайша өнімді өткізудің мәнісін түсіндіру үшін оған сыртқы сауданы немесе «үшінші адамдарды» тарту қате болар еді;

2) ұсақ буржуазиялық экономистердің (á la Прудонның) *үстеме құнды* орналастырудың мүмкін еместігі жөніндегі теориялары жалпы орналастыру процесінің өзін мүлдем түсінбеуден туған;

3) өнімді өткізу үйлесімді, мінсіз оңай болған күнде де біз өндіру мен тұтыну арасында қайшылық туғызбайтын, өндірістің аса күшті қарқынмен өсуімен қатар халық тұтынуының өте-мәте нашар өсуіне (немесе тіпті тоқырап қалуына және кері кетуіне) себепкер болмайтын капитализм болады деп ойлай алмаймыз. Өнім тұтыну заттарының есебінен гөрі өндіріс құрал-жабдықтарының есебінен көп орналастырылады — бұл Маркс схемаларынан айқын көрінеді; ал мұның өзінен сөзсіз туатын тағы бір қорытынды мынау: «өндіргіш күш өркендеген сайын тұтыну қатынастарына тірек болған тар негізге ол соғұрлым қайшылыққа келіп отырады» (Маркс) [57]. Өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылықты Маркстің *тек осындай мағынада* түсінгендігі «Капиталдың» өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылық туралы мәселеге арналған барлық жерлерінен * айқын көрінеді.

Айта кетелік, П. Нежданов мырза капиталистік қоғамдағы өндіру мен тұтынудың арасындағы қайшылықты Туган-Барановский мырза да мойындамайды деп ойлайды. Мұның рас-өтірігін мен білмеймін. Туган-Барановский мырза өзінің кітабында тұтыну қысқарған жағдайда өндірістің өсу мүмкіншілігін көрсететін схеманы өзі келтірді (ал бұл, шынында, капитализм тұсында мүмкін және болады да). Мұнда артық өнім жоқ болса да, біздің бұл арада өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылықты көріп отырғандығымызды қалай мойындамауға болады?

Маркстi (және мені) дәйексіз деп айыптағанда П. Нежданов мырзаның сонымен қатар естен шығарғаны: өзінің көзқарасын дәлелдеу үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің тұтыну заттарын өндіруге «тәуелсіздігін» қалай түсіну керектігін ол анықтауға тиісті еді. Марксше, бұл «тәуелсіздікке» мынадай шек қойылады: өндіріс құрал-жабдықтарында болатын өнімнің белгілі (және үнемі өсіп отыратын) бір бөлегі осы бөлім-

---

* Бұл жерлері менің «Научное Обозрениенің» 1899 жылғы 1-номеріндегі мақаламда келтірілген және «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 1-тарауында қайталанған, 18—19-беттері. (Қараңыз: осы том, 53 және келесі беттер; Шығармалар толық жинағы, 3-том, 47—49-беттер. *Ред.*)

нің ішінде жүргізілетін айырбас арқылы, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын өндіріс құрал-жабдықтарына айырбастау арқылы (немесе алынған in natura * өнімді жаңа өндіріске айналдыру арқылы) орналастырылады; бірақ *сайып келгенде* өндіріс құрал-жабдықтарын жасап шығару тұтыну заттарын жасап шығарумен қажетті түрде байланысты, өйткені, өндіріс құрал-жабдықтары өндіріс құрал-жабдықтарының өздері үшін жасалмайды, тұтыну заттарын жасайтын өнеркәсіп салаларында өндіріс құрал-жабдықтары барған сайын көп керек болатындығы үшін ғана жасалады **. Сонымен, ұсақ буржуазиялық экономистердің көзқарастарының Маркстің көзқарастарынан айырмашылығы біріншілерінің капиталистік қоғамдағы өндіру мен тұтыну арасындағы байланысты жалпы мойындағандығында, ал екіншісінің осы байланысты жалпы мойындамағандығында емес (бұлай ойлау қисынсыз болар еді). Айырмашылық сол: ұсақ буржуазиялық экономистер бұл байланысты өндіру мен тұтынудың арасындағы *тікелей* байланыс деп есептеді, *өндіру тұтынудың артынан жүреді* деп ойлады. Ал Маркс: бұл байланыс *тек жанама* байланыс, бұл байланыс *тек ақыр соңында* барып көрінеді, өйткені капиталистік қоғамда *тұтыну өндірудің артынан жүреді* деп көрсетті. Бірақ жанама болса да, әйтеуір байланыс бар; тұтыну сайып келгенде өндірудің артынан жүруге тиіс, сондықтан, егер өндіргіш күштер өндірістің шексіз өсуіне ұмтылатын болса, ал тұтынудың өрісін халық бұқарасының пролетарлық жай-күйі тарылтатын болса, онда бұл арада қайшылық күмәнсыз бар. Бұл қайшылық капитализмнің мүмкін еместігін көрсетпейді ***, бірақ бұл жоғары формаға айналудың қажеттігін көрсетеді: бұл қайшылық неғұрлым күшті болса, мұндай фор-

* — заттай. *Ред.*

** «Das Kapital», III, 1, 289 («Капитал», III том, 1-бөлім, 289-бет. *Ред.*) [58]. Мен «Научное Обозрениенің» 40-бетінде және «Капитализмнің дамуының» 17-бетінде цитат етіп алғанмын. (Қараңыз: осы том, 54-бет және Шығармалар толық жинағы, 2-том, 45—46-беттер. *Ред.*)

*** «Этюдтер», 20-бет. «Научное Обозрение», № 1, 41-бет, «Капитализмнің дамуы», 19-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 160-бет; осы том, 55-бет; 3-том, 48—49-беттер. *Ред.*) Егер бұл қайшылық «үнемі артық өнім» шығаруға бастаса, онда мұның өзі капитализмнің нақ мүмкін еместігін көрсетер еді.

маға айналудың объективтік жағдайлары да, субъективтік жағдайлары да, яғни қызметкерлердің қайшылықты ұғынуы да соғұрлым дами береді.

Енді өндіріс құрал-жабдықтарының тұтыну заттарына «тәуелсіздігі» туралы мәселе жөнінде Нежданов мырза қандай пікірде бола алар еді? — деген сұрақ туады. Екінің бірі: не ол бұлардың арасындағы қандай да болсын тәуелділікті жоққа шығарып, тұтыну заттарымен *мүлде байланыспайтын,* тіпті «сайып келгенде» де байланыспайтын өндіріс құрал-жабдықтарын орналастыру мүмкіндігін қуаттайды,— онда ол сөзсіз қисынсыздыққа ұшырайды, немесе ол, Маркстің ізімен, сайып келгенде, өндіріс құрал-жабдықтарының тұтыну заттарымен байланысты екендігін мойындайды,— онда ол Маркстің теориясын менің түсінуімнің дұрыстығын мойындауға тиісті болады.

Қорытындыда абстракт пікірлерді нақтылы мәліметтермен дәлелдеп түсіндіру үшін бір мысал келтірейін. Әрбір капиталистік қоғамда машиналарды қолдануға жалақының шамадан тыс төмендігі (= халық бұқарасының тұтыну дәрежесінің төмендігі) әрдайым кедергі болатындығы мәлім. Ол ол ма: кәсіпкерлер сатып алған машиналардың тіпті жұмыссыз, бос тұратындығы да болады, өйткені жұмыс қолы бағасының төмендейтіндігі соншалық, қожайынға жұмыстың қолмен істелгені тиімдірек болады! * Тұтыну мен өндіру арасында, капитализмнің өндіргіш күштерді шексіз дамыта беруге ұмтылған талабы мен халықтың пролетарлық жай-күйінің, қайыршылығының, жұмыссыздығының бұл талапқа шек қоюы арасында қайшылық бар екендігі бұл ретте айдан анық. Ал, тағы бір осындай айқын шындық сол — бұл қайшылықтан тек мынадай бір ғана қорытынды жасаған дұрыс болады: өндіргіш күштердің дамуының өзі-ақ капитализмнің орнына ұйымдасқан өндірушілер шаруашылығының келуін барынша тездету-

---

* Орыстың капиталистік егіншілігі саласындағы соңғы құбылыстың мысалын мен «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітаптың 165-бетінде келтіргенмін. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 247—249-беттер. *Ред.*) Ал мұндай құбылыстар — бірлі-жарымды өрескелдік емес, қайта капитализмнің негізгі белгілерінің дағдылы және *сөзсіз* нәтижесі.

ге тиіс. Оның керісінше, бұл қайшылықтан: капитализм *үнемі* артық өнім беруге тиіс, яғни капитализм өнімді тегі орналастыра алмайды, сондықтан ол ешқандай прогрестік тарихи роль атқара алмайды деп және сол сияқты қорытындылар жасау мүлдем қате болар еді.

1899 ж. майда, 29 майдан (10 июньнен) ертерек жазылған

1899 ж. декабрьде «Жизнь» журналының 12-номерінде басылған
Қол қойған:
Владимир Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ [59]

1899 ж. августа, 22 августан (3 сентябрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1899 ж. декабрьде шетелде «Рабочее Дело» [60] журналының 4 — 5-номерінен алынған оттиск бойынша жеке басылған

Ішінара сақталған қолжазба тексті бойынша, документтің аяғы — Г. В. Плехановтың ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum» деген кітабында басылған текстімен салыстырылып, «Рабочее Дело» журналының 4 — 5-номерінен алынған оттиск бойынша басылып отыр

БІР ЖЕРДЕГІ * СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ЖИНАЛЫСЫ ОН ЖЕТІ АДАМ БОЛЫП БІР АУЫЗДАН МЫНАДАЙ ҚАРАР АЛДЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАРИЯЛАП, БАРЛЫҚ ЖОЛДАСТАРДЫҢ ТАЛҚЫЛАУЫНА БЕРУГЕ ҚАУЛЫ ЕТТІ

Соңғы кезде орыс социал-демократтары арасында орыс социал-демократиясының негізгі принциптерінен, оның негізін қалаушылары мен алдыңғы қатарлы күрескерлері — «Еңбекті азат ету» [61] тобының мүшелері жариялаған, сондай-ақ 90-жылдардағы орыс жұмысшы ұйымдарының социал-демократиялық басылымдарында да жарияланған принциптерден шегінушілік байқалады. Төменде келтіріліп отырған, кейбір («жас» деп аталатын) орыс социал-демократтарының негізгі көзқарастарын көрсетуге тиісті «credo» ** «жаңа көзқарастарды» жүйелі түрде, айқын баяндауға талпыну болып табылады.— Ол «credo» өзінің толық түрінде мынадай:

Батыста цехтық және мануфактуралық дәуірдің болуы одан кейінгі бүкіл тарихта, әсіресе социал-демократияның тарихында айқын із қалдырды. Буржуазия үшін бостандық формаларын жеңіп алудың қажеттілігі, өндірісті шырмап отырған цехтық тәртіптерден құтылуға ұмтылу оны, буржуазияны, революцияшыл элементке айналдырды; буржуазия Батыстың барлық жерінде liberté, fraternité, égalité (бостандық, туысқандық және теңдік) деп котеріліп, ерікті саяси формаларды жеңіп алудан бастап отыр. Бірақ бұл жеңіп алу арқылы ол, Бисмарктің айтқанындай, өзінің антиподы — жұмысшы табына келешекке вексель берді. Батыстың барлық жерлерінде дерлік жұмысшы табы, тап ретінде, демократиялық мекемелерді жеңіп алған жоқ — ол бұларды тек пайдаланды. Жұмысшы табы революцияларға қатысты деп бізге қарсы дауласушылар болуы мүмкін. Тарихи анықтамалар бұл пікірді бекерге шығарады, өйткені

* «Рабочее Дело» журналынан алынған жеке оттискінің текстінде: «(Россияда)» деген сөз қосылған. *Ред.*

** — наным белгісі, программа, дүниеге көзқарасты білдіру. *Ред.*

нақ 1848 жылы, Батыста конституция орныққан кезде, жұмысшы табы қолөнерші-қалалық элементтер, мещандық демократия ғана болатын; фабрикалық пролетариат тіпті жоқтың қасы еді, ал ірі өндіріс пролетариаты (Германияның тоқымашылары — Гауптман және Лионның тоқымашылары) тек бүлік жасау ғана қолынан келетін, бірақ қандай да болсын саяси талаптар қоя алмайтын, жабайы тобыр еді. 1848 жылғы конституцияларды жеңіп алғандар — буржуазия мен ұсақ мещандар, артизандар деп кесіп айтуға болады. Екінші жағынан, жұмысшы табы (артизандар және мануфактура жұмысшылары, баспаханашылар, тоқымашылар, сағатшы шеберлер және тағы басқалар) тіпті орта ғасырлардан бастап ұйымдарға, өзара жәрдем кассаларына, діни қоғамдарға және басқаларға қатысуға әдеттенген болатын. Осындай ұйымдасу рухы Батыстың маманданған жұмысшыларының зердесінде әлі күнге сақталып келеді және мұның өзі олардың ұйымдасуға икемсіз әрі оған баяу көнетін, уставы және тәртібі бар мықты ұйымдарға жуымай, lose Organisation (уақытша ұйымдар) дейтіндерге ғана бой ұратын фабрикалық пролетариаттан зор айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Нақ осы мануфактуралық-маман жұмысшылар социал-демократиялық партиялардың ұйтқысы болды. Сөйтіп, жағдай мынадай болып шықты: бір жағынан, саяси күрес бұрынғыдан жеңілденіп, оған толық мүмкіндік туды, екінші жағынан, мануфактуралық дәуір тәрбиелеген жұмысшылардың жәрдемімен бұл күресті жоспарлы ұйымдастыруға мүмкіндік туды. Осы негізде Батыста теориялық және практикалық марксизм туып өсті. Оның бастапқы тиянағы перспективасы бар,— бір жағынан өкіметті жеңіп алу, екінші жағынан Zusammenbruch (күйрету) перспективасы бар парламенттік саяси күрес (сырт көрінісі ғана бланкизмге ұқсас, ал түп негізі тіпті басқаша) болды. Марксизм үстем практиканың: экономикалық күрестен басым саяси күрестің теориялық бейнесі болды. Бельгияда да, Францияда да, әсіресе Германияда жұмысшылар саяси күресті тіпті оп-оңай ұйымдастырды, ал экономикалық күресті адам айтқысыз бейнетпен, зор қиындықпен ғана ұйымдастыра алды. Осы күнге дейін экономикалық ұйымдар саяси ұйымдарға қарағанда (Англияны алмаймын) өте әлсіз және тұрақсыз болып келеді, сондықтан барлық жерлерде laissent à désirer quelque chose (бірсыпыра жақсартуды керек қылып отыр). Саяси күрестегі бүкіл күш-қуат түгесілмей тұрғанда — Zusammenbruch қажетті ұйымдастырғыш Schlagwort (үйреншікті сөз) болды, оның орасан зор тарихи роль атқаруына тура келді. Жұмысшы қозғалысын зерттегенде шығарарлық негізгі заң — ең оңайына ұмтылу жолы. Батыста саяси жұмыс осындай жол болды, сондықтан марксизм «Коммунистік манифесте» көрсетілген түрінде өте сәтті форма болды, қозғалыстың өзі осы формаға түсуге тиіс еді. Ал саяси жұмыстағы бар күшқуат түгесілген мезгілде, саяси қозғалыс шиеленіскен шегіне жетіп, оны бұдан әрі жүргізу қиын және тіпті мүмкін емес дерлік болған уақытта (кейінгі уақытта дауыс берудің баяу өсуі,

жиналыстардағы жұрттың селқостығы, әдебиеттің жабыңқы үені), екінші жағынан, парламенттік жұмыстың әлсіздігі және қара бұқараның, ұйымдаспаған, ұйымдасуға тіпті көнбейтін дөрлік фабрикалық пролетариаттың майданға шығуы Батыста қазіргі бернштейншілдік дейтінді, марксизмнің дағдарысын туғызды. Жұмысшы қозғалысының «Коммунистік манифестен» бернштейншілдікке дейінгі даму дәуірінен артық істің логикалық барысын табу қиын және осы процесті түгелдей көңіл бөліп зерттесек, бұл «дағдарыстың» нәтижесін астрономның дәлдігімен белгілеуге болады. Бұл жерде әңгіме, әрине, бернштейншілдіктің жеңілуі яки жеңуі туралы емес — оның қызығы шамалы; әңгіме партия ішінде көптен бері аз-аздап жасалып келе жатқан практикалық жұмыстың түбірінен өзгертілуі туралы болып отыр.

Бұл өзгеріс экономикалық күресті неғұрлым жігерлі түрде жүргізу, экономикалық ұйымдарды нығайту жағына ғана емес, сонымен бірге, және бұл ең мәндісі, партияның басқа оппозициялық партияларға көзқарасының өзгеруі жағына қарай жасалады. Төзбеуші марксизм, мойындамаушы марксизм, қарадүрсін марксизм (қоғамды тап-тапқа бөлуде өте схемалық көзқарасты пайдаланатын) өзінің орнын демократиялық марксизмге береді, сөйтіп партияның қазіргі қоғам ішіндегі қоғамдық орны шұғыл өзгеруге тиісті. Партия қоғамды *танитын* болады; партияның тар корпоративтік, көбінесе сектанттық міндеттері қоғамдық міндеттерге ұласып кеңейеді және оның өкіметті басып алу талабы еңбекші таптардың праволарын (қандай праволарын болса да) неғұрлым сәтті, неғұрлым толық қорғау мақсатымен қазіргі жағдайға бейімделе отырып, қазіргі заманғы қоғамды демократиялық бағытта өзгерту, реформалау талабына айналады. «Саясат» деген ұғымның мазмұны нағыз қоғамдық маңыз алып кеңейеді, сөйтіп бүгінгі практикалық талап бұрынғыдан зор маңыз алып, көбірек назар аудара алатын болады.

Батыстағы жұмысшы қозғалысының даму жолын осы қысқаша суреттеуден Россия үшін қорытынды шығару қиын емес. Ең оңайына ұмтылу жолы бізде еш уақытта саяси жұмысқа қарай бағытталмайды. Адам айтқысыз саяси езгі өзі туралы көп айттырады және нақ осы мәселеге көбірек назар аудартады, бірақ ол еш уақытта практикалық қимыл жасауға мәжбүр етпейді. Егер Батыста жұмысшылардың әлсіз күштері саяси жұмысқа тартылып, сонда бұғанасы қатып, сонда қалыптасқан болса, бізде бұл әлсіз күштер, керісінше, саяси езгі қамалының қақ алдында тұр және олардың бұл езгіге қарсы күресу үшін, демек, өздерінің өсуі үшін де практикалық жолдарының жоқтығы былай тұрсын, сонымен қатар олар саяси езгіден үнемі тұншығып, әлсіз өркендерін де жая алмай отыр. Батыстағы күрескерлерге тән болған ұйымдастыру рухын біздің жұмысшы табы мұра етіп алмағанып жаңағыға қоссақ, онда мұның өзі әрбір фабрика мұржасының болу фактісінің өзі үлкен игілік келтіреді деп сенетін ең оптимист марксисті де қайғыға батыратын үмітсіздік көрініс туғызады. Экономикалық

күрес те қиын, шексіз қиын, бірақ оны жүргізуге болады, оны, ақырында, бұқараның өзі де практика жүзінде қолданып отыр. Орыс жұмысшысы осы күресте ұйымдасуға үйреніп, минут сайын саяси тәртіпке кездесе отырып, ақырында, жұмысшы қозғалысының формасы деп атауға болатын форманы құрады, орыстың өмір шындығының жағдайына барынша қолайлы келетін қандай да болса ұйымдар құрады. Қазіргі уақытта орыс жұмысшы қозғалысы әлі шалажансар халінде тұр, әлі ешқандай форма құрған жоқ, деп сеніммен айтуға болады. Ұйымның қандай формасы тұсында да болып тұратын стачка қозғалысып орыс қозғалысының таза формасы деп атауға бола қоймайды, ал құпия ұйымдар таза сан жағынан алғанда да назар салуға татымайды (қазіргі жағдайдағы олардың пайдалы жағын айтып отырған жоқпын).

Жағдай осындай. Егер де бұған тағы да, Streikbrecher-лікке * дем беретін ашаршылықты, деревняның күйзелу процесін, демек, жұмысшылар бұқарасының тәуірлеу мәдениет дәрежесіне жетуінің үлкен қиыншылығын қоссақ, онда... бұл арада орыс марксисі қайтпекші? Жұмысшылардың дербес саяси партиясы туралы сөздер жат міндеттерді, жат нәтижелерді біздегі жағдайға көшірудің жемісі болып шығады. Орыс марксисі — әзірше күйінішті көрініс. Оның практикалық міндеттері қазірде өте жартымсыз, оның теориялық білімдерінің, ол мұны *зерттеу құралы* етіп пайдаланбай, жұмыстың схемалары етіп пайдаланып отырғандықтан, осы өте жартымсыз практикалық міндеттерді орындарлық та бағасы жоқ. Оның үстіне, бұл схемалар, басқалардан алынғандықтан, практика жағынан зиянды болып шығады. Біздің марксистеріміз Батыстағы жұмысшы табының қазірдің өзінде құлан-таза саяси жұмыс майданына шығып отырғанын ұмытып, қоғамның жұмысшылардан басқа барлық жіктерінің радикалдық немесе либералдық-оппозициялық істеріне тым тыжырына қарайды. Либералдық-саяси қасиеттің қоғамдық көрінісіне назар аудару үшін істелген болмашы әрекеттер де ортодокс марксистер тарапынан қарсылық тудырады; олар әр түрлі тарихи жағдайлардың біздің Батыс марксистеріндей болуымызға кедергі келтіретінін және біздің орыстың жағдайына керекті, қолайлы келетін, өзгеше түрдегі марксизмді талап ететінін ұмытып кетеді. Орыстың әрбір азаматының бойында саяси сезімталдықтың және сергектіктің жоқтығын, сірә, саясат туралы сөздермен немесе жоқ күшті шақырумен өтеуге болмайды. Бұл саяси сергектік тәрбиемен ғана берілуге тиісті, яғни орыстың өмір шындығы алға тартып отырған өмірге (бұл өмір қаншама маркстік болмаса да) қатынасып отыру арқылы ғана берілуге тиісті. «Теріске шығару» Батыста (уақытша) қанша орынды болса, бізде сонша зиянды, өйткені ұйымдасқан және іс жүзінде күші бар нәрседен туған теріске шығару — бір басқа да, бытыранды адамдардың тұрлаусыз бұқарасынан шыққан теріске шығару — бір басқа.

* — штрейкбрехерлікке. *Ред.*

Орыс марксисі үшін бір ғана жол бар, ол: пролетариаттың экономикалық күресіне қатынасу, яғни жәрдем көрсету және либералдық-оппозициялық істерге қатынасу. Орыс марксисі «теріске шығарушы» болып өте ерте шықты, ал бұл теріске шығару оның жігерінің саяси радикализмге жұмсалуға тиісті бөлегін әлсіретті. Әзірге мұның бәрі де қорқынышты емес, бірақ егер таптық схема орыс интеллигентінің өмірге белсене қатысуына бөгет жасап, оны оппозициялық топтардан өте алыстатып жіберсе,— мұның өзі әлі саяси міндеттер қоймаған жұмысшы табымен қол ұстасып емес, өз беттерімен праволық формалар үшін күресуге амалсыз кіріскендердің бәріне елеулі зиян келтіреді. Орыс марксист-интеллигентінің саяси тақырыптардағы зор пайымдауларды бетке ұстаған саяси бейкүнәлығы оны жарға апарып соғуы мүмкін.

Бұл көзқарастарға қосылатын орыс социал-демократтары көп табыла қояр ма екен, оны біз білмейміз. Бірақ осыған ұқсас идеяларды жақтаушылардың жалпы бар екені шүбәсыз, сондықтан біз өзімізді мұндай көзқарастарға үзілді-кесілді қарсылық білдіріп, орыс социал-демократиясын өздерінің белгілеп қойған жолынан, атап айтқанда: пролетариаттың тап күресімен біте қайнасқан, саяси бостандықты жеңіп алуды озінің таяудағы мақсаты етіп қоятын жұмысшылардың дербес саяси партиясын құру жолынан тайдыру қаупінен барлық жолдастарды сақтандыруды міндетіміз деп есептейміз.

Жоғарыда келтірілген «credo», біріншіден, «Батыстағы жұмысшы қозғалысының даму жолын қысқаша суреттеу», екіншіден, «Россия үшін қорытынды шығару».

Бәрінен бұрын батыс европалық жұмысшы қозғалысының өткендегісі туралы «credo» авторларының түсінігі тіпті дұрыс емес. Батыстағы жұмысшы табы саяси бостандық жолындағы күреске және саяси революцияларға қатынаспады деушілік дұрыс емес. Чартизмнің тарихы, 48-жылғы Франциядағы, Германиядағы, Австриядағы революция мұның керісінше дәлелдейді. «Марксизм үстем практиканың: экономикалық күрестен басым саяси күрестің теориялық бейнесі болды» деп айту тіпті дұрыс емес. Керісінше, «марксизм» саясаттан тыс социализмнің (оуэнизм, «фурьеризм», «ақиқат социализм» және т. т.) үстем кезінде келіп шықты және «Коммунистік манифест» саясаттан тыс социализмге бірден қарсы шықты. Марксизм теориямен барынша қа-

руланып («Капитал»), атақты Жұмысшылардың халықаралық қоғамын [62] ұйымдастырған кезде де саяси күрес тіпті үстем практика болған емес (Англиядағы өрісі тар тред-юнионизм, роман елдеріндегі анархизм мен прудонизм). Германияда Лассальдың сіңірген ұлы тарихи еңбегі: ол жұмысшы табын либералдық буржуазияның құйыршығы болудан дербес саяси партияға айналдырды. Марксизм жұмысшы табының экономикалық және саяси күресін ажырамастай тұтастырып, біріктірді, сондықтан «credo» авторларының күрестің бұл формаларын бөлшектеуге тырысуы олардың марксизмнен барып тұрған сәтсіз, бишаралық түрде шегінгендігі болды.

Сонан соң, «credo» авторларының батыс европалық жұмысшы қозғалысының қазіргі жағдайы туралы және осы қозғалыстың туы болған марксизм теориясы туралы ұғымдары да мүлдем теріс. «Марксизм дағдарысы» туралы сөз қылу социалистердің арасындағы әр түрлі таластарды қоздыруға және ол таластарды социалистік партиялардың жікке бөлінуіне айналдыруға тырысатын буржуазиялық жазушысымақтардың мағынасыз сөздерін қайталағандық болады. Атышулы «бернштейншілдік» [63] — жалпы алғанда қалың жұрт, оның ішінде «credo» авторлары түсінетін мағынада,— марксизм теориясын тарылту әрекеті, революциялық жұмысшы партиясын реформаторлық партияға айналдыру әрекеті болып табылады, ал бұл әрекетті герман социал-демократтарының көпшілігі батыл түрде теріске шығарды және солай болуға тиісті де еді. Герман социал-демократиясында оппортунистік ағымдар талай көрінді, бірақ оларға халықаралық революциялық социал-демократияның өсиетін айнымай сақтаушы партия әрдайым тойтарыс беріп отырды. Россияға оппортунистік пікірлерді әкелуге тырысушылықтың қандайына болса да орыс социал-демократтарының басым көпшілігі нақ сондай батыл тойтарыс беретініне біз сенеміз.

Дәл сол сияқты, «credo» авторларының пікіріне қарсы, батыс европалық жұмысшы партияларының «практикалық жұмысының түбірінен өзгеруі» туралы да ешбір сөз болмасқа тиіс: пролетариаттың экономикалық күресінің орасан зор маңызын және осындай күрестің

қажеттілігін марксизм әуел бастан-ақ таныған болатын; Маркс пен Энгельс қырқыншы жылдарда-ақ осындай күрестің маңызын мойындамаған утопияшыл социалистерге қарсы айтысқан болатын [64].

Содан 20 шақты жыл өткеннен кейін, Жұмысшылардың халықаралық қоғамы құрылған кезде, жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарының және экономикалық күрестің маңызы туралы мәселе 1866 жылы Женевада болған бірінші конгресте-ақ көтерілді. Бұл конгрестің қарары социалистер мен жұмысшыларды, бір жағынан, экономикалық күрестің маңызын асыра бағалаушылықтан (бұл сол уақытта ағылшын жұмысшылары арасында байқалған еді), екінші жағынан, оның маңызын жете бағаламаудан (бұл француздар мен немістер, әсіресе лассальшылдар арасында байқалған еді) сақтандырып, экономикалық күрестің маңызын дәл көрсетті. Қарар жұмысшылардың кәсіпшілік одақтарын заңды деп қана танып қойған жоқ, сонымен қатар капитализм өмір сүріп тұрғанда әрі қажетті деп тапты; жұмысшы табын оның капиталға қарсы күнбе-күнгі күресі үстінде ұйымдастыру үшін, жалдама еңбекті жою үшін олардың аса зор маңызы бар деп таныды. Қарар жұмысшылардың кәсіпшілік одақтары тек қана «капиталға қарсы тікелей күреске» бар назарын аудармауы, жұмысшы табының жалпы саяси және әлеуметтік қозғалысынан шеткері қалмауы керек, олардың мақсаттары «тар өрісті» болмай, миллиондаған езілген жұмысшы адамдарды жаппай азаттыққа жеткізуге бағытталуы керек деп таныды. Сол уақыттан бері қарай түрлі елдердің жұмысшы партияларының арасында қазіргі кезеңде пролетариаттың экономикалық күресі мен саяси күресінің біріне азырақ, біріне көбірек көңіл бөлу керек болмас па екен деген мәселе талай рет көтерілді, әлі де, әрине, талай рет көтерілмекші; бірақ жалпы немесе принциптік мәселені марксизм бұрын қалай қойған болса, ол қазір де солай қойылып отыр. Пролетариаттың бірыңғай тап күресі саяси күрес пен экономикалық күресті сөзсіз біріктіруі керек деген сенім халықаралық социал-демократияның сүйегіне сіңген. Саяси бостандықтың болмауы немесе пролетариаттың саяси праволарына қы-

сым жасалуы әр уақытта саяси күресті бірінші кезекке қоюдың керектігіне бастайтынын тарихи тәжірибе онан әрі күмәнсыз дәлелдеп отыр.

Жұмысшы партиясының басқа оппозициялық партияларға көзқарасының қайсыбір елеулі өзгеруі туралы тіпті де әңгіме болмауы керек. Бұл жөнінен де марксизм саясаттың маңызын асыра бағалаудан да, заговоршылдықтан да (бланкизм және басқалар), саясатпен есептеспеушіліктен немесе саясатты оппортунистік, реформаторлық, әлеуметтік жамап-жасқаушылыққа жеткізе тарылтудан да (анархизм, утопиялық және ұсақ буржуазиялық социализм, мемлекеттік социализм, профессорлық социализм және т. т.) бірдей алыс жатқан дұрыс позицияны көрсетті. Пролетариат социалистік қоғамды ұйымдастыру үшін саяси өкіметті пролетариаттың жеңіп алуын басты мақсат етіп алға қоятын дербес саяси жұмысшы партияларын құруға ұмтылуы керек. Басқа таптар мен партияларға пролетариат еш уақытта «түгелімен реакцияшыл бұқара»[65] деп қарамауы керек: қайта, ол бүкіл саяси және қоғамдық өмірге қатынасып, реакцияшыл таптар мен партияларға қарсы прогресшіл таптар мен партияларды қолдауы керек, қазіргі қоғам құрылысына қарсы революциялық қозғалыс атаулының бәрін қуаттауы керек, қандай да болса езілген халықтың немесе нәсілдің, қандай да болса қудаланған діни нанымның, правосыз жыныстың және т. т. қорғаушысы болуы керек. «Credo» авторларының бұл тақырыптағы пікірлері пролетариат күресінің таптық сипатын бүркемелеуге, бұл күресті қайдағы бір мағынасыз «қоғам танушылық» арқылы әлсіретуге, революциялық марксизмнің өрісін тарылтып, оны қарапайым реформаторлық ағымға айналдыруға тырысушылықты ғана көрсетеді. Социал-демократияның негізгі принциптерін бұл сықылды бұрмалаушылықты орыс социал-демократтарының басым көпшілігі сөзсіз теріс деп табатынына біз сенеміз. Батыс европалық жұмысшы қозғалысы жөніндегі теріс тұжырымдар «credo» авторларын «Россия үшін қорытындыны» одан да гөрі теріс жасауға ұшыратып отыр.

Орыс жұмысшы табы «әлі саяси міндеттерді алға қойған жоқ» деу орыс революциялық қозғалысымен тапыс еместікті ғана көрсетеді. 1878 ж. құрылған «Солтүстік-орыс жұмысшы одағы»[66] және 1875 ж. құрылған «Оңтүстік-орыс жұмысшы одағы»[67] өздерінің программаларында саяси бостандықты талап етті. 80-жылдардағы реакциядан кейін жұмысшы табы талай рет сол талапты 90-жылдарда да алға қойды. «Жұмысшылардың дербес саяси партиясы туралы сөздер жат міндеттерді, жат нәтижелерді біздің жағдайға көшірудің жемісі болып шығады» деу орыс жұмысшы табының тарихи ролін және орыс социал-демократиясының ең шұғыл міндеттерін мүлде түсінбегендікті ғана көрсетеді. «Credo» авторларының өз программасы, тегінде, жұмысшы табы «ең оңайына ұмтылу жолымен» жүре отырып, экономикалық күреспен ғана шектелсін, ал «либералдық-оппозициялық элементтер» марксистердің «қатысуымен» «праволық формалар» үшін күрессін деген пікірге бейім. Мұндай программаны жүзеге асыру орыс социал-демократиясының өзін-өзі саяси мерт қылуымен тең болар еді, орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс революциялық қозғалысына (кейінгі екі ұғымның біз үшін мағынасы бір) аса үлкен кедергі жасап, оның маңызын төмендетумен тең болар еді. Осындай программаның шығу мүмкіндігінің өзі-ақ орыс социал-демократиясының алдыңғы қатарлы күрескерлерінің бірі П. Б. Аксельродтың қауіптенуінің қаншалықты дәлелді болғандығын көрсетеді; ол 1897 жылдың аяғында мұндай перспективаның болу мүмкіндігі туралы былай деп жазды:

«Жұмысшы қозғалысы жұмысшылар мен кәсіпкерлердің арасындағы таза экономикалық қақтығысулардың тар шеңберінен шыға алмайды және оның өзінің, тұтасынан алғанда, саяси сипаты болмайды, ал саяси бостандық жолындағы күресте пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтары интеллигенция дейтіндерден шыққан революциялық үйірмелер мен фракциялардың соңынан ереді» (Аксельрод. «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде». Женева. 1898 ж., 19-бет).

Орыс социал-демократтары «credo»-да бейнеленген идеялардың бәріне қарсы батыл айқасқа шығуға тиіс,

өйткені бұл идеялар мұндай перспективаны жүзеге асыруға тікелей әкеп соғады. Орыс социал-демократтары барлық күшін басқа перспективаны жүзеге асыруға жұмсауға тиіс; ол перспективаны П. Б. Аксельрод мынадай сөздермен баяндады:

«Екінші перспектива: социал-демократия орыс пролетариатын бостандық үшін *ішінара* буржуазияшыл революциялық фракциялармен (өйткені * мұндайлар болады) *қатар және одақтаса отырып,* ал ішінара интеллигенциядан шыққан неғұрлым халықты сүйетін және революцияшыл элементтерді тура өз қатарына тартып немесе соцына ерте отырып күресетін дербес саяси партияға біріктіріп, ұйымдастырады» (бұл да сонда, 20-бет).

П. Б. Аксельрод бұл сөздерді жазған мезгілде Россиядағы социал-демократтардың мәлімдемелері олардың басым көпшілігінің осы көзқарасты жақтайтынын көрсетті. Рас, Петербург жұмысшыларының бір газеті, «Рабочая Мысль» [68], «credo» авторларының идеяларына ауғандай болды; ол, амал не, өзінің программалық бас мақаласында (№ 1, октябрь, 1897 ж.) мүлде қате және социал-демократизмге қайшы келетін «қозғалыстың экономикалық негізі» «саяси мұраттарды үнемі естен шығармауға тырысудан күңгірттенуі» мүмкін деген пікірді айтты. Бірақ сонымен қабат Петербург жұмысшыларының екінші бір газеті, «С.-Петербургский Рабочий Листок» [69], (№ 2, сентябрь, 1897 ж.) «берік ұйымдасқан, саны көп жұмысшы партиясы ғана... самодержавиені құлата алады», жұмысшылар «күшті партияға ұйымдасып қана» «өздерін және бүкіл Россияны саяси және экономикалық езушілік атаулыдан құтқарады» деген пікірді батыл айтты. Үшінші газет, «Рабочая Газета» [70], 2-номерінің бас мақаласында (ноябрь, 1897 ж.) былай деп жазды: «Саяси бостандық үшін самодержавиелік үкіметке қарсы күрес жүргізу — орыс жұмысшы қозғалысының таяудағы міндеті».— «Егерде ортақ аты бар, қалыптасқан біртұтас ұйым болып күреске шықса, орыс жұмысшы қозғалысы өзінің күшін он есе арттырады...» «Жеке-жеке жұмысшы үйірмелері ортақ бір партияға айналуы керек». «Орыс жұмысшы партиясы социал-демократиялық партия болады».— Орыс социал-демократтарының басым көпшілігі «Рабочая Газетаның» нақ осы

* Бұдан әргі қолжазбаның тексті жоқ. *Ред.*

пікірлеріне толығынан қосылды, бұл мынадан да көрінеді: 1898 ж. көктемде болған орыс социал-демократтарының съезі [71] «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» құрды, оның манифесін жариялады және «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. Сөйтіп, орыс социал-демократиясының қазірде қолы жеткен және «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесінде» бейнеленген даму сатысына қарсы шығып, «credo» авторлары көп кейін шегініп отыр. Егер орыс үкіметінің сұрапыл қудалауы салдарынан қазіргі уақытта партияның жұмысы уақытша әлсіресе және оның ресми органы шығуын тоқтатса, онда барлық орыс социал-демократтарының міндеті — партияны түпкілікті нығайтуға, партияның программасын жасауға, оның ресми органын қайтадан шығаруға барынша күш салу. Жоғарыда талданған «credo» сықылды программалардың шығу мүмкіндігі көрсетіп отырған пікір ауытқушылығына байланысты біз «Манифесте» баяндалған және орыс социал-демократиясы үшін орасан зор маңызы бар төмендегі негізгі принциптерді атап көрсетуді аса қажетті деп табамыз. Біріншіден, орыс социал-демократиясы «ұйымдасқан жұмысшылар бұқарасының таптық қозғалысы болғысы және солай болып қала бергісі келеді». Сондықтан социал-демократияның ұраны — жұмысшылардың экономикалық күресіне ғана емес, саяси күресіне де көмек көрсету, үгітті таяудағы экономикалық қажеттер негізінде ғана емес, саяси езушіліктің барлық көріністері негізінде де жүргізу, ғылыми социализм идеяларын ғана емес, демократиялық идеяларды да насихаттау болуға тиіс. Революцияшыл марксизмнің теориясы ғана жұмысшылардың таптық қозғалысының туы бола алады, сондықтан орыс социал-демократиясы бұл теорияны одан әрі дамытып, жүзеге асырудың қамын істеуге тиіс, сонымен қатар оны бұрмалаушылықтан, дөрекілендіруден сақтауға тиіс, мұндайға «сәнге айналған теориялар» көп ұшырап жүр (ал революциялық социал-демократияның Россиядағы табыстары марксизмді қазірдің өзінде-ақ «сәнге айналған» теория етіп отыр). Социал-демократия қазіргі уақытта өзінің барлық күшін фабрика-завод

жұмысшылары мен кенші жұмысшылар арасындағы жұмысқа бағыттай отырып, мынаны ұмытпауы керек: қозғалыс кеңейген сайын социал-демократия ұйымдастырған жұмысшы бұқарасының қатарына үйде істейтін жұмысшылар да, майдагерлер де, село жұмысшылары да, күйзелген, аштан өлуге жақындаған миллиондаған шаруалар да қосылуға тиіс.

Екіншіден, «Орыс жұмысшылары саяси бостандықты жеңіп алу ісін өз мойнымен көтеруге тиіс және көтере алады да». Социал-демократия абсолютизмді құлатуды өзінің таяудағы міндеті етіп алға қоя отырып, демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болып шығуы керек, сол себептен де орыс халқының барлық демократиялық элементтерін барынша қолдап, оларды өзіне одақтастыққа тартуы керек. Дербес жұмысшы партиясы ғана самодержавиеге қарсы күресте берік қамал бола алады, саяси бостандық жолындағы басқа күрескерлердің бәрі тек сондай партиямен одақтасқанда, соның қолдауына сүйенгенде ғана өздерін белсене көрсете алады.

Ақырында, үшіншіден: «Россия социал-демократиялық партиясы социалистік қозғалыс және бағыт ретінде Россияда бұған дейін болған бүкіл революциялық қозғалыстың ісі мен дәстүрін ілгері апаруда; саяси бостандықты жеңіп алуды бүкіл партияның таяудағы міндеттерінің ең бастысы етіп алға қоя отырып, социал-демократия бұрынғы «Халық еркінің» [72] даңқты қайраткерлері айқын көрсеткен мақсатқа ұмтылуда». Россиядағы бұған дейінгі бүкіл революциялық қозғалыстың дәстүрлері социал-демократиядан қазіргі уақытта барлық күшін партияны ұйымдастыруға, оның ішіндегі тәртіпті нығайтуға және астыртын жұмыс жүргізу тетігін дамытуға жұмсауды талап етеді. Бір шоғыр ерлерді қолдаған қоғамдық топтар орісінің тарлығына қарамастан, қозғалыс туы революциялық теория болмағанына қарамастан бұрынғы «Халық еркінің» қайраткерлері орыс тарихында аса зор роль атқара білген болса, социал-демократия пролетариаттың таптық күресіне сүйене отырып, жеңімпаз күш бола алады. «Орыс пролетариаты капитал мен буржуазияға қарсы күресті

социализм толық жеңіске жеткенге дейін жүргізе беру үшін өз мойнынан самодержавиенің бұғауын жұлып тастайды».

Пікір алалығы атаулыны жою үшін және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын ұйымдастыру, нығайту ісін тездету үшін біз Россиядағы социал-демократтардың барлық топтарын және барлық жұмысшы үйірмелерін жоғарыдағы көрсетілген «credo»-ны және біздің қарарымызды талқылап, көтерілген мәселе жөніндегі өздерінің көзқарастарын анық айтуға шақырамыз.

Топтар мен үйірмелердің қарарларын шетелдегі «Орыс социал-демократтарының одағына»[73] білдіруге болар еді, ол орыс социал-демократтарының 1898 жылы болып өткен съезі шешімінің 10-пункті бойынша Россия социал-демократиялық партиясының бір бөлегі және оның шетелдегі өкілі болып табылады *.

---

* Соңғы абзац «Vademecum»-ның текстінде жоқ. *Ред.*

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТАҒА» АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАР [74]

Ерте дегенде 1899 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің III жинағында басылған

Н. К. Крупскаяның қолымен көшірілген қолжазба бойынша басылып отыр

РЕДАКТОРЛАР ТОБЫНА ХАТ

Қымбатты жолдастар!

Сіздердің өтініштеріңіз бойынша, газетке арнап үш мақала жіберіп отырмын және менің тегі сіздермен істес болуым, сонымен бірге біздің арамыздағы қарым-қатынастар жөнінде бірер сөз айтуды қажет деп санаймын.

Сіздердің бұдан бұрынғы хабарыңыз бойынша мен істің жайын сіздер баспа фирмасын құрып, маған социал-демократиялық кітапшалар сериясын редакциялауды тапсырғыларыңыз келеді екен деп түсінген едім.

Енді мен істің басқаша қойылатынын көріп отырмын: сіздерде өз редакцияларыңыз құрылып, ол газет шығара бастаған және мені бірлесіп жұмыс істеуге шақырып отырған көрінесіздер.

Мен, әрине, бұл ұсыныстарыңызды да ынтамен қабыл аламын, бірақ мұнымен бірге ойдағыдай бірлесіп іс істеу *мынадай шарттарды орындағанда ғана* мүмкін деп санайтындығымды айтуға тиістімін: 1) редакция өзінің қызметкерімен *үзбей* байланыс жасап тұратын, барлық қолжазбалардың тағдыры не болғандығын (қабылданғандығын, кәдеге асырылмағанын, өзгертілгендігін) *хабарлап тұратын* және *фирмаңыз бастырып шығаратын барлық кітаптарды білдіріп тұратын* болсын; 2) менің мақалаларым айрықша бүркеншік атпен шығатын болсын (егер менің жіберген бүркеншік атым жоғалып қалса, онда өздеріңіз кез келген бір атты қоя салыңыздар); 3) редакция теориялық мәселелер, таяудағы практика-

лық міндеттер және газет (немесе кітапшалар сериясын) шығаруды тілекке сай жолға қоюдың сипаты жөніндегі негізгі көзқарастар бойынша қызметкермен келісіп отыратын болсын.

Мен редакция бұл шарттарға келісер деп сенем және арамыздағы келісімді тезірек жасау үшін мен 3-шартқа байланысты мәселелерге осы жерде біраз тоқтап өтем.

Маған жазылған хаттарға қарағанда, сіздер «ескі ағымды берік», сондықтан бернштейншілдікке және оның орыс өміріндегі көріністеріне қарсы айтысудың оншама қажеті жоқ деп санайтын көрінесіздер. Мен бұл көзқарасты тым оптимистік көзқарас деп санаймын. Бернштейннің орыс социал-демократтарының көпшілігі [75] онымен келісетіндігі туралы жұрт алдында мәлімдеме жасауы; шетелдегі «жас» орыс социал-демократтары мен «ескі ағымның» әрі негізін салушысы, әрі өкілі, әрі ең сенімді сақтаушысы болып отырған «Еңбекті азат ету» тобы [76] арасындағы жікке бөлінушілік; «Рабочая Мысльдің» бір жаңа сөз айтуға, «өрісі кең» саяси міндеттерге қарсы шығуға, ұсақ істер мен майдагерлікті дәріптеуге, «революциялық теорияларды» әдепсіздікпен кекетуге босқа тырысып бағуы (№ 7, «Мимоходом»); ақырында жария маркстік әдебиеттің мейлінше шатасуы және оның толып жатқан өкілдерінің сәнге айналған бернштейншілдікті «сынауға» жармасуға қызу ұмтылуы,— осының бәрі, меніңше, «ескі ағымды» қалпына келтіру және оны бар жігермен қорғап қалу нақ бүгін таңдағы келелі мәселе екендігін көрсетеді ғой деп ойлаймын.

Газеттің міндетіне және оны шығарып тұру жоспарына менің қалай қарайтынымды сіздер мақалалардан көресіздер, ал мен біздің бұл мәселе жөнінде қаншалықты ынтымақтас екенімізді білуге өте құштармын (амал не, мақалалар біраз асығыстау жазылды: тегі мақалаларды тапсырудың ақтық мерзімін білу маған өте қажет сияқты).

Менің ойымша, «Рабочая Мысльге» қарсы *турадан-тура* айтыс ашу қажет, бірақ бұл үшін маған *1—2, 6-номерлерді және 7-номерден кейінгілерін; «Пролетарлық күресті»* [77] тауып берулеріңізді өтінер едім. Соңғы кі-

тапша ол жөнінде газетке рецензия жазу үшін де керек.

Көлемі жөнінде қысылмаңыз деп жазасыздар сіздер. Мен газет бар болып отырғанда газет мақалаларын көбірек қолданған артық және оларда тіпті кітапшаға арналған тақырыптарды да жазуым керек,— соңынан бұл мақалалардың өзін кітапша етіп шығару жағын қарастырармын деп ойлаймын. Менің таяудағы уақытта шұғылданғалы отырған тақырыптарым мыналар: 1) программаның жобасы — тез арада жіберем[78]; 2) Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының болашақтағы съезінің талқылауына жататын тактика және ұйым мәселелері[79]; 3) жұмысшылар мен социалистердің бостандықта, түрмеде және айдауда оздерін қалай ұстауы керектігі туралы кітапша. Поляк кітапшасының үлгісі бойынша («мінез-құлық ережесі» — егер мүмкін болса, осыны маған тауып жіберуді сұрар едім); 4) стачкалар туралы (I — олардың маңызы, II — стачкалар туралы заңдар, III — соңғы жылдардағы кейбір стачкаларға шолу жасау); 5) «Әйел және жұмысшы ісі» деген кітапша және басқалар.

Қайталамау және әлдеқашан «шешіліп болған» мәселелерді қолға алмау үшін редакцияның қолында қандай материал бар екенін шамалап білген жақсы болар еді.

Сол бұрынғы тапсыру инстанциясы[80] арқылы редакциядан жауап күтемін. *(Сіздердің тобыңызға апаратын осы жолдан басқа жол менде болмады және жоқ та.)*

Ф. П.

БІЗДІҢ ПРОГРАММА

Халықаралық социал-демократия қазіргі уақытта ой тұрлаусыздығын бастан кешіріп отыр. Бұл уақытқа дейін Маркс пен Энгельстің ілімдері революциялық теорияның берік негізі саналып келген еді,— қазір жан-жақтан бұл ілімдердің жеткіліксіздігі және олардың ескіргендігі туралы дауыстар естіледі. Кімде-кім өзін социал-демократ деп жариялап, социал-демократиялық органмен бірге майданға шыққысы келсе, ол жалғыз герман социал-демократтарын ғана емес, басқаларды да толғандырып отырған мәселеге өзінің көзқарасын дәл белгілеуі керек.

Біз бүтіндей Маркс теориясының негізіне сүйенеміз: бұл теория тұңғыш рет социализмді утопиядан ғылымға айналдырды, бұл ғылымның берік негіздерін жасады және бұл ғылымды ілгері дамыта отырып, оның жеке салаларының бәрін талдай отырып алға басуымызға тиісті жолды белгілеп берді. Бұл теория қазіргі капиталистік шаруашылықтың мәнін ашып, жұмысшыны жалдау, жұмыс күшін сатып алу миллиондаған дәулетсіз халықтың аттобеліндей капиталистерге, жер, фабрика, рудник иелеріне және басқаларға құлдыққа түсірілуін қалай бүркемелейтінін түсіндірді. Бұл теория осы заманғы капитализмнің бүкіл дамуы ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстырып шығаруына қарай бейімделіп отырғанын, қоғамды социалистік негізде құруды мүмкін және қажетті ететін жағдайларды туғызатынын көрсетті. Бұл теория бекіп қалған әдет-ғұрыптардың, саяси айлашарғылардың, бас қатырғыш заңдардың, шытырман

ілімдердің тасасынан *тап күресін,* дәулетті таптардың түрлі топтары мен дәулетсіз бұқараның арасындағы, барлық дәулетсіздерге басшы болып отырған *пролетариаттың* арасындағы күресті көре білуге үйретті. Бұл теория революцияшыл социалистік партияның нағыз міндетін ашып берді: ол міндет — қоғамды қайта құру жоспарларын ойлап шығару емес, капиталистер мен олардың құйыршықтарына жұмысшылардың хал-жайын жақсарту жөнінде уағыз айту емес, заговорлар жасау емес, *пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру және пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуын және социалистік қоғам ұйымдастыруды өзінің түпкі мақсаты етіп алға қоятын бұл күреске басшылық ету.*

Ал енді біз: неміс социалисі Бернштейннің маңына топтасып, қазіргі уақытта соншама шу көтеріп жүрген осы теорияның даурықпа «жаңартушылары» бұл теорияға қандай жаңалық енгізді? — деп сұрақ қоямыз. *Еш нәрсе енгізген жоқ:* олар Маркс пен Энгельс бізге дамытуға өсиет еткен ғылымды бір адым да ілгері бастырған жоқ; олар пролетариатқа күрестің ешқандай жаңа тәсілін үйреткен жоқ; олар артта қалған теориялардың жұрнақтарын теріп алып және пролетариатқа күрес теориясын емес, жаудың дегеніне көну теориясын — пролетариаттың ең қас дұшпандарының, социалистерді қудалау үшін арымай-талмай жаңа құралдар іздеп жүрген үкіметтер мен буржуазиялық партиялардың дегеніне көнуді уағыздап, тек кейіп шегінуді білді. Орыс социал-демократиясының негізін қалаушылардың және оның көсемдерінің бірі — Плеханов Бернштейннің ең жаңа «сынын» [81] аяусыз сынап, әбден дұрыс істеді, Бернштейннің көзқарастарынан қазір герман жұмысшыларының өкілдері де (Ганновердегі съезде) [82] бас тартып отыр.

Бұл сөздеріміз үшін бізге толып жатқан айыптаулар жаудырылатынын біз білеміз: социалистік партияны, «догмадан» шегінгендігі, қандай да болса дербес пікірі және т. т. үшін «еретиктерді» қудалайтын «хақ дінділердің» орденіне айналдырғысы келеді деп айқайлайтынын білеміз. Біз бұл сәнге айналған зәрлі сөздердің бәрін білеміз. Бірақ бұл сөздерде бір тамшы шындық,

бір тамшы мағына жоқ. Барлық социалистерді біріктірерлік, социалистер өздерінің барлық сенімдерін содан аларлық, оны өздерінің күрес тәсілдері мен әрекет әдістеріне қолданарлық революциялық теория болмайынша, берік социалистік партияның болуы мүмкін емес; өзіңнің түпкі ұғымың бойынша өзің ақиқат деп танитын осындай теорияны дәлелсіз қаралаушылықтан және оны нашарлату әрекетінен қорғау — тіпті де сын *атаулының* бәріне қас болғандық емес. Біз Маркстің теориясын тіпті де біржола тұжырылған және қол сұғуға болмайтын бір нәрсе деп танымаймыз; қайта біз бұл теорияны, егер өмірден кейін қалғысы келмесе, социалистер барлық бағытта одан әрі алға бастыруға *тиісті* ғылымның ірге тасын ғана қалады деп білеміз. Біздің ойымызша, Маркстің теориясын *дербес түрде* талдау әсіресе орыс социалистеріне қажет, өйткені бұл теория тек жалпы *басшылық* қағидаларды береді; бұл қағидалар *жеке алғанда* Англияда Франциядағыдан, Францияда Германиядағыдан, Германияда Россиядағыдан басқаша қолданылады. Сондықтан біз газетімізде теориялық мәселелер жөніндегі мақалаларға ынтамызбен орын бөлмекшіміз және барлық жолдастарды талас пункттерді ашық талқылауға шақырамыз.

Барлық социал-демократтарға ортақ программаны Россияға қолданғанда туатын басты-басты мәселелер қандай? Бұл программаның мәнісі — пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру және пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуын және социалистік қоғамды ұйымдастыруды өзінің түпкі мақсаты етіп алға қоятын бұл күреске басшылық ету екенін біз жоғарыда айтқанбыз. Пролетариаттың тап күресі экономикалық күрес (жеке капиталистерге немесе капиталистердің жеке топтарына қарсы, жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін жүргізілетін күрес) және саяси күрес (үкіметке қарсы, халықтың праволарын кеңейту үшін, яғни демократия үшін және пролетариаттың саяси билігін кеңейту үшін жүргізілетін күрес) болып екіге бөлінеді. Кейбір орыс социал-демократтары (олардың қатарына «Рабочая Мысль» газетін шығаратындар да қосылатын болу керек) экономикалық күресті әлдеқайда маңызды деп

санайды, ал саяси күресті азды-көпті алыстағы болашақ уақытқа қалдыра тұрғысы келеді. Мұндай пікір мүлдем теріс. Жұмысшы табының экономикалық күресін ұйымдастыру керектігіне, жұмысшылар арасында осы негізде үгіт жүргізу, яғни жұмысшыларға олардың қожайындарға қарсы күнбе-күнгі күресінде жәрдемдесу, қысымшылықтың барлық түрлері мен қысым жасалған реттерге олардың назарын аударып отыру және сөйтіп оларға бірігу қажеттігін түсіндіру керектігіне барлық социал-демократтар қол қояды. Бірақ экономикалық күреске бола саяси күресті ұмыту — бүкіл дүние жүзілік социал-демократияның негізгі қағидасынан шегінгендік болар еді, жұмысшы қозғалысының бүкіл тарихы үйретіп отырған сабақты ұмытқандық болар еді. Буржуазияның нағыз жақтастары және оған қызмет ететін үкіметтер тіпті жұмысшылардың таза экономикалық одақтарын құруға, сөйтіп оларды «саясаттан», социализмнен аулақтатуға әлденеше рет тырысып көрген. Орыс үкіметі де осы тәрізді бірдеңе қолданып көруі әбден мүмкін, өйткені ол халықтың көңілін оның правосыздығы және оның езілушілігі туралы ойдан аулақтату үшін халыққа құны бақыр тиын садақа, дұрысы, алдамшы садақа тастауға әрқашан да тырысатын. Егер Германия мен барлық өзге европалық елдер (Түркия мен Россиядан басқа) жұмысшыларының істеп отырғаны сияқты, жұмысшылардың еркін жиналыстар жасауға, одақтар құруға, өз газеттерін шығаруға, өз өкілдерін халық жиналыстарына жіберуге правосы болмаса, онда ешқандай экономикалық күрес жұмысшылардың жағдайын баянды түрде жақсарта алмайды, мұндай күрес тіпті кең көлемде жүргізіле алмайды. Ал осы праволарға ие болу үшін *саяси күрес* жүргізу керек. Россияда жалғыз жұмысшылар ғана емес, олармен бірге барлық азаматтар да саяси праволардан мақұрым қалып отыр. Россия — самодержавиелік, тежеусіз монархия. Патшаның жалғыз өзі заң шығарып, чиновниктер тағайындап, оларды бақылап отырады. Осыдан Россиядағы патша мен патша үкіметі ешқандай таптарға тәуелді емес, барлық жұрттың бірдей қамын ойлайтын сияқты болып *көрінеді*. Ал *іс жүзінде* чиновниктердің бәрі тек меншікшілер табы-

нан алынады, олардың барлығы ірі капиталистердің ықпалына бағындырылған; ірі капиталистер министрлерден арқан есем десе де қолынан келеді, дегенінің бәрін істетеді. Орыс жұмысшы табы екі жақтан қабат езілуде: оны капиталистер мен помещиктер талап, тонайды, ал жұмысшы табы оларға қарсы күресе алмайтын болуы үшін полиция оның аузын аштырмай, халықтың правосын қорғауға ұмтылған әрекетінің қандайын болса да қудалап, аяқ-қолын матап ұстайды. Капиталиске қарсы жасалған әрбір стачка жұмысшыларға әскер мен полицияны айдап салуға әкеліп соқтырады. Экономикалық күрестің қандайы болсын қажетті түрде саяси күреске айналады, сондықтан социал-демократия мұның екеуін де *пролетариаттың бірыңғай тап күресіне* біріктіріп, тығыз байланыстыруы керек. Мұндай күрестің бірінші және басты мақсаты — саяси праволарды жеңіп алу, *саяси бостандықты жеңіп алу* болу керек. Егер Петербург жұмысшыларының тек өздері, социалистердің азын-аулақ көмегімен, тез арада үкіметке өздерінің талабын орындаттырған болса — жұмыс күнін қысқарту туралы заңды шығартып отырса [83], онда жалғыз «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» басшылық ететін орыстың бүкіл жұмысшы табы табанды күрес арқылы әлдеқайда маңызды талаптарын да орындата алады.

Орыс жұмысшы табы тіпті ешбір таптан көмек алмаған күнде де өзінің экономикалық және саяси күресін жалғыз өзі-ақ жүргізе алады. Бірақ саяси күресте жұмысшылар жалғыз қалып отырған жоқ. Халықтың мүлдем правосыздығы және басбұзар чиновниктердің жүгенсіз озбырлығы, қандай да болсын еркін сөз бен еркін ойды қудалауға көне алмайтын, азды-көпті адал ниетті білімді адамдардың бәрін ызаландырады, қудалаушы поляктарды, финдерді, еврейлерді, орыс сектанттарын ызаландырады, чиновниктер мен полицияның қысымынан қорғарлық ешкімді таба алмайтын ұсақ көпестерді, ұсақ өндірісшілерді, шаруаларды ызаландырады. Халықтың бұл топтарының бәрі, жекелеп алғанда, табанды саяси күрес жүргізе алмайды, ал жұмысшы табы осындай күрес туын көтерген кезде,— оған әр тараптан

қол ұшын береді. Орыс социал-демократиясы халық правосы үшін күрескерлердің бәріне, демократия үшін күрескерлердің бәріне бас болып шығады, сонда ол жеңімпаз күшке айналады!

Біздің негізгі көзқарастарымыз осындай, бұл көзқарастарды біз өз газетімізде үнемі әрі жан-жақты дамытпақшымыз. Осылай істесек, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» өзі бастырып шығарған «Манифесінде» белгілеп берген жолмен алға басатындығымызға біз кәміл сенеміз.

БІЗДІҢ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ

Орыс жұмысшы қозғалысы қазіргі уақытта өтпелі дәуірде тұр. Батыс өлкесінің, Петербургтің, Москваның, Киевтің және басқа қалалардың жұмысшыларының социал-демократиялық ұйымдарының өздерінің атағын шығарған тамаша бастамасы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» құрумен (1898 жылы көктемде) аяқталды. Алға қарай осындай зор қадам жасағаннан кейін орыс социал-демократиясы әзірше өзінің барлық күшін сарыққандай және жеке жергілікті ұйымдардың бұрынғыдай бытыранды жұмыс істеуіне қайтып оралғандай болды. Партия өмір сүруден қалған жоқ, ол күшін жинап, барлық орыс социал-демократтарын берік негізде біріктіру ісін жолға қою үшін тек бойын жасырды. Осы бірігуді жүзеге асыру, оған лайықты форма жасап шығару, өрісі тар жергілікті бытырандылықтан түпкілікті құтылу — міне, орыс социал-демократтарының ең таяудағы және ең көкейтесті міндеті осы.

Біздің міндетіміз — пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру екеніне біздің бәріміз қосыламыз. Бірақ тап күресі дегеніміз не? Жеке фабриканың, жеке кәсіптің жұмысшылары өздерінің қожайынымен немесе өздерінің қожайындарымен күреске шықса, бұл тап күресі бола ма? Жоқ, бұл тап күресінің әлсіз өркені ғана. Бүкіл елдің бүкіл жұмысшы табының барлық алдыңғы қатарлы өкілдері өздерін біртұтас жұмысшы табымыз деп танығанда және күресті жеке қожайындарға қарсы

емес, капиталистердің *бүкіл табына* қарсы және сол тапты қолдаушы үкіметке қарсы жүргізе бастағанда ғана жұмысшылардың күресі тап күресі болады. Жеке жұмысшы өзін бүкіл жұмысшы табының мүшесімін деп таныған да, өзінің жеке қожайындармен және жеке чиновниктермен күнбе-күнгі, ұсақ күресін бүкіл буржуазияға қарсы және бүкіл үкіметке қарсы күрес деп білгенде, тек сонда ғана оның күресі тап күресі болады. Маркстің «Қандай да болса тап күресі — саяси күрес» [84] — деген даңқты сөздерін жұмысшылардың қожайындарға қарсы қандай да болса күресі *әрқашан да* саяси күрес *болады* деген мағынада түсіну теріс болар еді. Бұл сөздерді былай түсіну керек: жұмысшылардың капиталистерге қарсы күресі *тап* күресіне *айналуына қарай* қажетті түрде саяси күреске *айналады.* Социал-демократияның міндеті де — жұмысшыларды ұйымдастыру, олардың арасында насихат, үгіт жүргізу арқылы олардың езушілерге қарсы стихиялық күресін бүкіл таптың күресіне, белгілі саяси *партияның* белгілі саяси және әлеуметтік мұраттар жолындағы күресіне *айналдыруда.* Бір ғана жергілікті жұмыспен мұндай міндет атқарыла алмайды.

Жергілікті социал-демократиялық жұмыс бізде қазірдің өзінде едәуір жоғары дәрежеде дамыды. Россияда барлық жерде социал-демократиялық идеялардың ұрығы шашылған; социал-демократиялық әдебиеттің тұңғыш формасы — жұмысшы листоктары Петербургтен Красноярскіге дейін, Кавказдан Уралға дейін барлық орыс жұмысшыларына таныс. Бізге қазір жетіспей отырғаны — нақ осы жергілікті жұмыстың бәрін бір *партияның* жұмысы етіп біріктіру. Біздің басты кемшілігіміз — жергілікті жұмыстың тар шеңберлі, «майдагерлік» сипатта болуы, міне осы кемшілікті жоюға біз өзіміздің барлық күшімізді жұмсауға тиістіміз. Осы майдагерліктің салдарынан Россияда жұмысшы қозғалысының көп көріністері таза жергілікті оқиға болып қалып жүр және өзінің бүкіл орыс социал-демократиясы үшін үлгі ретіндегі, бүкіл орыс жұмысшы қозғалысының сатысы ретіндегі маңызын мықтап жоғалтып жүр. Осы майдагерліктің салдарынан жұмысшылар бү-

кіл Россия көлемінде өз мүдделерінің ортақ екендігін жеткілікті дәрежеде ұға алмай жүр, орыс социализмі және орыс демократиясы туралы ойды өз күресімен жеткілікті байланыстырмай жүр. Осы майдагерліктің салдарынан жолдастардың теориялық және практикалық мәселелерге әр түрлі көзқарастары орталық органда ашық талқыланбай, партияның ортақ программасы мен ортақ тактикасын белгілеуге пайдаланылмай, тар шеңберлі үйірмешіліктің ішінде жоғалады немесе жергілікті және кездейсоқ өзгешеліктердің шамадан тыс әсіреленуіне бастайды. Осы майдагерліктен безетін уақыт жетті! Біз қазірдің өзінде *ортақ жұмысқа,* партияның ортақ программасын белгілеуге, партиямыздың тактикасы мен ұйымын бірігіп талқылауға кемерліктей дәрежеге жеттік.

Орыс социл-демократиясы ескі революциялық және социалистік теорияларды сынау жолында көп жұмыс істеді; ол бір ғана сынмен және теорияшылдықпен тынған жоқ; ол өзінің программасының негізсіз емес екендігін, қайта халық ортасындағы, атап айтқанда фабрика-завод пролетариатының ішіндегі стихиялық кең қозғалысты қарсы алуға бара жатқандығын дәлелдеді; енді оның келесі бір қадам басуы, қадам болғанда, ерекше қиын, бірақ оның есесіне өте маңызды қадам басуы: осы қозғалыстың біздің жағдайларымызға бейімделіп ұйымдастырылуын белгілеуі керек болып отыр. Социал-демократия жұмысшы қозғалысына жай қызмет етумен ғана шектелмейді: ол — «*социализмнің жұмысшы қозғалысымен қосылуы*» болып табылады («Коммунистік манифестің» негізгі идеяларын баяндайтын К. Каутскийдің анықтамасын қолданғанда); оның міндеті — стихиялық жұмысшы қозғалысына белгілі социалистік мұраттар енгізу, ол қозғалысты қазіргі замангы ғылымның дәрежесінде болуға тиісті социалистік сенімдермен ұштастыру, ол қозғалысты социализмді жүзеге асырудың құралы ретіндегі демократия жолындағы жүйелі саяси күреспен ұштастыру, қысқасы, бұл стихиялық қозғалысты *революциялық партияның* қызметімен біртұтас етіп біріктіру. Батыс Европадағы социализм мен демократияның тарихы, орыс революция-

лық қозғалысының тарихы, біздің жұмысшы қозғалысының тәжірибесі,— партиямыздың қолайлы ұйымын және тактикасын белгілеу үшін біздер меңгеруге тиісті *материал* осы. Бірақ бұл материалды «өңдеуді» өзіміз дербес жүргізуге тиістіміз, өйткені бізге даяр үлгі іздейтін жер жоқ: бір жағынан, орыс жұмысшы қозғалысы батыс европалық жұмысшы қозғалысынан мүлдем басқаша жағдайда. Бұл жөнінде бұлдыр қиялға берілу өте қауіпті болар еді. Ал екінші жағынан, орыс социал-демократиясы Россиядағы бұрынғы революциялық партиялардан мүлдем өзгеше, сондықтан орыстың бұрынғы революциялық және астыртын жұмыс жүргізу кемеңгерлерінен үйрену керектігі (мұның керектігін біз титтей де қобалжымай мойындаймыз) бізді оларға сын көзбен қарау және өз ұйымымызды өзіміз құру міндетінен әсте құтқармайды.

Мұндай міндетті қойғанда басты екі мәселе айрықша алға ұсынылады. 1) Жергілікті социал-демократиялық жұмыстың толық бостандығы керектігін бірыңғай,— демек, бір орталыққа бағынатын,— партия құру керектігімен қалай ұштастыру керек? Социал-демократия өзінің барлық күшін әркелкі өнеркәсіп орталықтарында әр түрлі және әр уақтылы болатын стихиялық жұмысшы қозғалысынан алады; жергілікті социал-демократиялық ұйымдардың жұмысы партияның барлық жұмысының *негізі* болып табылады. Ал егер бұл оқшауланған «майдагерлердің» жұмысы болса, онда, дәл айтқанда, мұны социал-демократиялық жұмыс деп атауға да болмайды, өйткені бұл пролетариаттың *тап* күресін ұйымдастырғандық және оған басшылық еткендік болмайды. 2) Социал-демократияның саяси бостандық жолында күресуді өзіне басты міндет ететін революциялық партия болуға ұмтылуын,— социал-демократияның саяси заговорлар ұйымдастырудан үзілді-кесілді бас тартуымен, «жұмысшыларды баррикадаларға шақырудан» (П. Б. Аксельродтың дұрыс айтуынша) немесе революционерлердің жеке тобы ойдан шығарған, үкіметке шабуыл жасауды көздейтін қандай да болса «жоспарды» жұмысшыларға тегі еріксіз таңудан үзілді-кесілді бас тартуымен қалай ұштастыру керек?

Орыс социал-демократиясының бұл мәселелердің *теориялық* шешімін бердім деп санауына толық правосы бар; бұған тоқталу «Біздің программа» деген мақалада айтылғанды қайталағандық болар еді. Әңгіме енді бұл мәселелерді *практика* жүзінде шешу туралы болып отыр. Мұны жеке адам немесе жеке топ шеше алмайды, оны бүкіл социал-демократияның ұйымдасқан жұмысы ғана шеше алады. Біз қазіргі уақыттағы көкейтесті міндет — осы мәселелерді шешуді қолға алу, бұл үшін біз *дұрыс шығып тұратын және барлық жергілікті топтармен тығыз байланысты болатын партия органын ұйымдастыруды* өзіміздің ең таяудағы мақсатымыз етіп алға қоюға тиістіміз деп ойлаймыз. Біз бүкіл таяудағы болашақтың өн бойында социал-демократтардың *бүкіл* қызметі осы істі ұйымдастыруға бағытталуы тиіс деп ойлаймыз. Мұндай органсыз жергілікті жұмыс тар шеңберлі «майдагерлік» болып қала береді. Партияны құру,— егер ол партияның белгілі газетте дұрыс өкілдігі ұйымдастырылмаған болса,— едәуір дәрежеде құр сөз болып қала береді. Орталық орган біріктірмеген экономикалық күрес бүкіл орыс пролетариатының *тап* күресі бола алмайды. Саясаттың барлық мәселелері жөнінде бүкіл партия өз пікірін айтпайынша және күрестің жеке көріністеріне бағыт сілтеп отырмайынша саяси күрес жүргізу мүмкін емес. Осы мәселелердің бәрін орталық органда талқыламайынша, *істі жүргізудің белгілі формалары мен ережелерін* коллектив болып белгілемейінше, орталық орган арқылы партияның әрбір мүшесінің бүкіл партия алдындағы *жауапкершілігін* белгілемейінше, революциялық күштерді ұйымдастыру, оларды тәртіпке келтіру және революциялық техниканы дамыту мүмкін емес.

Партияның *барлық* күштерін — барлық әдебиет күштерін, барлық ұйымдастыру қабілетін, барлық материалдық құралдарды және т. т.— бүкіл партияның органын жасауға және дұрыс жүргізуге жұмылдыру керектігін айта отырып, біз қызметтің барлық басқа түрлерін, мысалы, жергілікті үгітті, манифестацияны, бойкотты, шпиондарды қудалауды, буржуазияның және үкіметтің жеке өкілдерін қудалауды, қыр көрсету стач-

каларын және тағы басқаларын екінші кезекке ығыстыруды ойға да алмаймыз. Қайта, қызметтің осы түрлерінің бәрі партия қызметінің *негізі* болатындығына көзіміз жетеді, бірақ ол қызмет түрлерінің бәрін бүкіл партия органында *біріктірмейінше* революциялық күрестің бұл барлық формалары *өз маңызының оннан тоғызын жоғалтады,* партияның ортақ тәжірибесін жасауға, партиялық дәстүр жасап, оны сабақтас етіп жалғастыруға бастамайды. Партия органы мұндай қызметпен бәсекелеспейтіні былай тұрсын, қайта оның тарауына, нығаюына, жүйеге түсуіне күшті әсерін тигізеді.

Барлық күшті дұрыс шығып тұратын және дұрыс жеткізілетін партия органын ұйымдастыруға жұмылдыру қажеттігі басқа европалық елдердің социал-демократиясынан және бұрынғы орыс революциялық партияларынан өзгеше орыс социал-демократиясының ерекше жағдайынан туып отыр. Германияның, Францияның және басқа елдердің жұмысшыларының өз қызметін жұрт алдында көрсетуінің газеттен басқа көп амалдары бар, қозғалысты ұйымдастыруының басқа амалдары бар: парламент қызметі де, сайлаудағы үгіт те, халық жиналыстары да, жергілікті (земстволық және қалалық) қоғамдық мекемелерге қатынасуы да, қолөнершілік (кәсіптік, цехтық) одақтардың жұмысын ашық жүргізуі де және тағы басқалары да бар. Бізде *осының бәрінің,* нақ осының *бәрінің орнына* — саяси бостандықты жеңіп алғанға дейін — революциялық газет қызмет атқаруға тиіс, ол революциялық газетсіз бізде бүкіл жұмысшы қозғалысын *ешбір* кең түрде ұйымдастыру мүмкін емес. Заговорға біз сенбейміз, үкіметті құлатпақшы болатын жекелеген революциялық әрекеттерден біз бас тартамыз; герман социал-демократиясының ардагері Либкнехттің: «Studieren, propagandieren, organisieren» — үйрену, насихаттау, ұйымдастыру керек деген сөздері біздің жұмысымыздың практикалық ұраны болады, ал бұл қызметтің ұйтқысы тек *партия органы* бола алады және сол болуға тиіс.

Ал ондай органды дұрыс және қаншалықты болса да тұрақты жолға қою мүмкін бе және қандай жағдайларда мүмкін? Бұл жайында біз келесі жолы сөйлесеміз.

КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕ

Бұдан бұрынғы мақалада біз көкейтесті міндетіміз — партияның дұрыс шығып және дұрыс жеткізіліп тұратын органын шығару болып табылатынын айттық та, бұл мақсатқа жету мүмкін бе және қандай жағдайларда мүмкін деп сұрақ қойдық. Осы мәселенің аса маңызды жақтарын қарап өтейік.

Бізге, бәрінен бұрын, бұл мақсатқа жету үшін *алдымен* жергілікті топтардың қызметін дамыту керек деген қарсы пікір айтылуы мүмкін. Біз осы, көп тараған пікірді қате деп есептейміз. Партияның органын,— олай болса, партияның өзін де — құру және оны мықтап жолға қою ісін біз дереу қолға аламыз және алуымыз да керек. Мұның үшін керекті жағдайлар бар: жергілікті жұмыс жүргізіліп жатыр және оның өзі терең тамыр жайған болса керек, өйткені үнемі жиіленіп отырған талқандаулар істе шамалы ғана үзіліс жасап жүр; ұрыста құрбан болғандар орнына іле-шала тың күштер келіп қосылып жатыр. Партияда басиа құралдары мен әдеби күштер шетелде ғана емес, Россияда да бар. Олай болса, мәселе мынада болып отыр: *қазірдің өзінде жүргізіліп отырған* жұмысты «майдагерлік» жолмен жүргізе беру керек пе, әлде оны бір партияның жұмысы етіп ұйымдастырып, оның жалпы бір органда түгелімен көрінетіндей болуын қамдастыруымыз керек пе.

Бұл арада біз қозғалысымыздың көкейтесті мәселесіне, оның аса осал пункті — ұйымдастыру ісіне келеміз. Революциялық ұйым мен тәртіпті жақсарту, астыртын

жұмыстың техникасын жетілдіру аса қажет. Бұл жөнінде біз орыстың бұрынғы революциялық партияларынан артта қалып қойғанымызды және оларды қуып жетіп, басып озу үшін бұған барлық күшті жұмсауымыз керек екенін ашық мойындауға тиістіміз. Ұйымдастыру ісін жақсартпайынша, жалпы айтқанда біздің жұмысшы қозғалысының алға басуы, оның ішінде дұрыс жұмыс істейтін органы бар белсенді партияның құрылуы да мүмкін емес. Бұл — бір жағынан. Ал екінші жағынан, партияның осы күнгі органдары (мекемелер мен топтар мағынасындағы органдары да, газет мағынасындағы органдары да) ұйымдастыру мәселелеріне көбірек көңіл бөліп, осы бағытта жергілікті топтарға әсер етуі керек.

Жергілікті, майдагерлік жұмыс әрдайым жеке адамдардың шектен тыс көп байланысты болуына, үйірмешілдікке бастайды, ал біз осы күнгі жұмыс үшін тым тар болып, күштердің шамадан тыс көп жұмсалуына бастайтын үйірмешілдіктен қазірдің өзінде есейіп шықтық. Тек бір партия болып бірігу ғана еңбекті бөлу және күштерді үнемдеу принципін әрдайым қолданып отыруға мүмкіндік береді,— ал құрбандықтың санын азайту үшін және самодержавиелік үкіметтің езушілігіне және оның жанталаса қудалауына қарсы азды-көпті берік қамал жасау үшін осыған жетуіміз керек. Бізге, кең орыс «подпольесін» паналаған социалистердің кішкентай топтарына, социализм мен демократияны басып-жаныштау үшін барлық күшін аянбай жұмсап отырған, қазіргі заманғы аса күшті мемлекеттің орасан зор механизмі бетпе-бет қарсы тұр. Сайып келгенде, осы полициялық мемлекетті қиратуымызға біздің көзіміз жетеді, өйткені бүкіл халықтың мығым және өскелең топтарының бәрі демократия мен социализм жағында болып отыр, бірақ үкіметке қарсы үздіксіз күрес жүргізу үшін біз революциялық ұйымды, тәртіпті және астыртын жұмыстың техникасын мейлінше жетілдіруіміз керек. Партияның жеке мүшелері немесе партия мүшелерінің жеке топтары партия жұмысының жеке салаларына маманданатын болуы керек, біреулері — әдебиет шығаруға, екіншілері — әдебиетті шетелден әкелуге, үшіншілері — әдебиетті Россияда тасымалдау-

ға, төртіншілері — әдебиетті қалаларда таратуға, бесіншілері — астыртын жұмыстың пәтер-үйлерін әзірлеуге, алтыншылары — ақша жинауға, жетіншілері — қозғалыс туралы корреспонденциялар мен барлық мәліметтерді жеткізуді ұйымдастыруға, сегізіншілері — қатынас жасауға мамандануы тиіс және т. т., т. б. Мұндай мамандану анағұрлым берік төзімділікті, жай, көрнексіз, қарапайым жұмысқа анағұрлым зор зейін сала білушілікті, кәдімгі үйірмелік жұмыстан гөрі анағұрлым күшті нағыз ерлікті талап ететінін біз білеміз.

Ал орыс социалистері мен орыс жұмысшы табы өздерінің ерлік іске қабілеттілігін осы күннің өзінде дәлелдеді, сондықтан адамдар жетіспейді деп қынжылу бізге тегі күнә болар еді. Жұмысшы жастар арасында демократия мен социализм идеяларына құмартып, қызу ұмтылушылық байқалады, ал абақтылар мен жер аудару орындарының лық толғанына қарамастан, интеллигенция ішінен жұмысшыларға жәрдемшілер ағылып келуде. Егер революциялық іске тартылған осы адамдардың бәрінің арасында неғұрлым қатаң ұйымның қажеттігі туралы пікір кеңінен насихатталса, онда партияның дұрыс шығып және жеткізіліп тұратын газетін ұйымдастыру жоспары қиял болудан қалады. Мұндай жоспардың жүзеге асырылу шарттарының бірін — газетке жан-жақтан хабарлар мен материалдардың дұрыс келіп жатуын қамтамасыз етуді алайық. Біздің революциялық қозғалыстың жанданған уақыттарының бәрінде де мұндай мақсат тіпті шетелдегі органдар үшін де толық жүзеге асарлық мақсат болғанын тарих көрсетіп отырған жоқ па? Егер әр жерде жұмыс істеп жүрген социал-демократтар партияның газетіне *өз* газетіміз деп қарайтын болса және онымен үнемі байланыс жасап тұруды, ол газетте өз мәселелерін талқылауды, ол газетте өздерінің бүкіл қозғалысын көрсетуді өздерінің басты міндеті деп танитын болса,— онда газетті қозғалыс жөніндегі толық мәліметтермен қамтамасыз ету әбден жүзеге асарлық іс болады, мұның үшін тек оншама күрделі емес астыртын жұмыс әдістерін қолдану керек. Істің екінші жағы — газетті Россияның барлық жерлеріне дұрыс жеткізіп тұру — анағұрлым қиын,

Россиядағы революциялық қозғалыстың бұрынғы формалары тұсындағы осындай міндеттен гөрі қиын, өйткені ол кезде газеттер мұндай дәрежеде халық бұқарасына арналмаушы еді. Бірақ социал-демократиялық газеттерге жүктелетін міндеттер оларды таратуды жеңілдетеді. Газет дұрыс және көптеп жеткізіліп тұруға тиісті басты-басты орындар — өнеркәсіп орталықтары, фабрикалы селолар мен қалалар, үлкен қалалардың фабрикалы кварталдары және т. с. Мұндай орталықтарда халықтың бәрі дерлік жұмысшылар; мұндағы жұмысшының полицияның қырағылығын алдауға жүздеген тәсілдері бар, ол мұнда шынында өзі қожайын; көршілес фабрикалы орталықтармен барынша қызу қатынас жасалып тұрады. Социалистерге қарсы ерекше қатал заң қолданылып тұрған дәуірде (1878 жылдан 1890 жылға дейін) [85] Германияның саяси полициясы өз қызметін орыс полициясынан жаман емес, қайта жақсы атқарған болу керек, алайда неміс жұмысшылары өздерінің ұйымшылдығы және тәртіптілігі арқасында өз міндетін жақсы атқарды: апта сайын шығып тұрған құпия газет шетелден дұрыс әкелініп, жаздырып алушылардың бәрінің үйлеріне жеткізіліп тұрды, сөйтіп социал-демократиялық почтаның («қызыл почтаның») жұмысына тіпті министрлердің де таңданбасқа лажы болмады. Мұндай табысқа жетеміз деп біз, әрине, қиялдай алмаймыз, бірақ біз барлық күшімізді жұмсасақ, біздің партияның газетін кем дегенде жылына 12 рет шығатын және қозғалыстың барлық басты-басты орталықтарына, социализмге бейім жұмысшылардың бәріне жеткізіліп тұратын ете аламыз, бұл біздің қолымыздан әбден келеді.

Мамандану туралы мәселеге қайта оралып, біз мынаны да айтып өтуіміз керек: мамандану жұмысының кемшілігі ішінара «майдагерлік» жұмыстың басымдығынан, ішінара біздің социал-демократиялық газеттердің ұйымдастыру мәселелеріне әдетте тым аз орын беруінен болып отыр.

Тек партияның жалпыға ортақ органын құру ғана революциялық іс үшін «жеке қызмет ететіндердің» әрқайсысына оның «сапта және қатарда» жүргендігін, оның

жұмысы партияға тікелей керек екендігін, ол орыс пролетариатының және бүкіл орыс халқының ең қас дұшпаны — орыстың самодержавиелік үкіметін буындырып өлтіретін бұғау шынжырдың бір буыны екенін сездіріп, санасына қондырады. Тек осындай мамандануды бұлжытпай жүргізу ғана күштерді үнемдеуге мүмкіншілік береді: революциялық жұмыстың әрбір жеке саласын азғантай адамдар атқарып қана қоймайды, сонымен бірге осы кездегі жұмыстың бірсыпыра жақтарын *жария* (=заңмен рұқсат етілген) істердің қатарына шығаруға мүмкіншілік туады. Өз жұмысын осылайша *жария ету*, оны заң шеңберіне сыйғызу жөнінде неміс социал-демократиясының басты органы «Vorwärts» («Алға») [86] орыс социалистеріне көптен кеңес берген болатын. Ә дегенде мұндай кеңес таңқалдырады,— ал іс жүзінде ол мықтап көңіл бөлуге тұрарлық кеңес. Қандай да болса бір қаладағы жергілікті үйірмеде жұмыс істегендердің әрқайсысы дерлік — өзі атқарған алуан түрлі істерінің ішінде өзінен-өзі жария жүргізіліп отыратын бірнеше істер де болғанын оңай есіне түсіре алады (мәселен, жұмысшылардың тұрмыс-күйі туралы мәліметтерді жинау, көптеген мәселелерге байланысты жария әдебиетті зерттеу, шетелдердің белгілі бір әдебиетімен танысу және оны талқылау, белгілі байланыстар жасау, жалпы білім алу, фабрикалық заңдарды үйрену ісінде жұмысшыларға көмектесу және т. т.). Осындай істерді айрықша разрядтағы адамдардың ерекше жұмысы етіп саралап шығару революциялық армияның «от ішінде» жүрген белсенді армиясының санын азайтып (оның «жауынгерлік қабілетін» ешбір кемітпестен), «қаза тапқандар мен жараланғандардың» орнын толтыратын резервтің санын көбейтер еді. Бұған тек белсенді мүшелер мен резерв өз жұмыстарының партияның ортақ органында бейнеленуін көріп, өздерінің онымен байланысты екендігін сезіп отырғанда ғана жетуге болады. Маманлануды біз қаншама кеңінен жүргізсек те, жұмысшылар мен жергілікті топтардың жиналыстары, әрине, әр уақытта керек болады, бірақ, бір жағынан, адамдар көп қатысатын революциялық жиналыстардың (бұлар полицияның қолына түсу жа-

ғынан аса қауіпті болады және бұлардың пайдалылығы көбіне олардың қауіптілігіне сәйкеспейді) саны едәуір азаяды, ал, екінші жағынан, революциялық жұмыстың түрлі салаларын арнаулы қызмет етіп саралап алу мұндай жиналыстарды олардың жария формаларымен: ойын-сауық жиналыстарымен, заң рұқсат еткен қоғамдардың жиналыстарымен және т. с. бүркеуге көбірек мүмкіншілік береді. Франция жұмысшылары III Наполеонның тұсында және неміс жұмысшылары социалистерге қарсы ерекше қатал заңның тұсында өздерінің саяси және социалистік жиналыстары үшін түрлі бүркеулерді ойлап шығара білді ғой. Мұны орыс жұмысшылары да істей алады.

Онан соң, ұйымды жақсарту және партияның ортақ органын құру ғана социал-демократиялық насихат пен үгіттің мазмұнының өзін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді. Ал бізге осы өте қажет. Жергілікті жұмыс жергілікті ерекшеліктерді асыра бағалауға сөзсіз дерлік бастамай қоймайды, ... * бұл орталық органсыз мүмкін емес, бұл орган сонымен бірге алдыңғы қатарлы демократиялық орган да болар еді. Тек сонда ғана біздің социал-демократияны демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескерге айналдыруға ұмтылған *талабымыз шындап* іске асады. Тек сонда ғана біз белгілі саяси тактиканы да жасап шығара аламыз. Социал-демократия «бірыңғай реакцияшыл бұқара» туралы теріс ілімнен бас тартты. Ол саясаттың аса маңызды міндеттерінің бірі — прогресшіл таптардың реакцияшыл таптарға қарсы көмегін пайдалану деп біледі. Ұйымдар мен органдар жергілікті сипатта қалып отырған жағдайда бұл міндет орындалмайды деуге болады: іс «либералдар» ішінен жеке адамдармен қатынас жасаудан және олардың түрлі «қолғабысын» пайдаланудан әрі аспайды. Саяси күрестің принциптерін дәйектілікпен қолданатын және демократизмнің туын жоғары ұстайтын партияның ортақ органы ғана барлық айбынды демократиялық элементтерді өз жағына тартып, Россияның барлық прогресшіл күштерін саяси бостандық

* Қолжазбаның бір бөлегі сақталмаған. *Ред.*

үшін күресте пайдалана алады. Тек сонда ғана жұмысшылардың полиция мен өкімет орындарына қарсы іштей өшпенділігін самодержавиелік үкіметке қарсы саналы өшпенділікке және жұмысшы табы мен бүкіл орыс халқының праволары үшін жанқиярлық күрес жүргізуге бел байлаған шайқасқа айналдыруға болады! Ал осындай негізде құрылған және қатаң ұйымдастырылған революциялық партия қазіргі Россияда аса ірі саяси күш болады!

Келесі номерлерде біз Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының жобасын басамыз және ұйымның жеке мәселелерін неғұрлым егжей-тегжейлі талқылай бастаймыз.

РЕЦЕНЗИЯ

Karl Kautsky. **Bernstein und das sozialdemokratische Programm.** *Eine Antikritik* *

...Егер сынды бастаушылар мейірімсіз педантизм мен гелертерліктің тар шеңберінде шырмалып қалғысы келмесе, егер олар «теориялық парасаттың» «практикалық парасаттан», онда да жеке адамдардың емес, ерекше жағдайларға қойылған бұқара халықтың практикалық парасатынан айырғысыз, тығыз байланысын естен шығарғысы келмесе, байсалды және адал сын қандай шарттарға сай келуге тиіс деген тақырыпқа байланысты Каутский кіріспеде бірнеше аса бағалы, өткір пікірлер айтады. Әрине, ақиқат бәрінен де жоғары — дейді Каутский, ал егер Бернштейн өзінің бұрынғы көзқарастарының терістігіне шын ниетімен кәміл сенген болса, оның тікелей борышы — өз сенімін толық ашып айту. Бірақ бір жаман жері, Бернштейнде дәл осындай турашылдық пен айқындылық жетіспейді: оның кітапшасы таңқаларлықтай «энциклопедиялық» кітапша (осылай екенін бір француз журналында Антонио Лабриола мұнан бұрын көрсеткен-ді), ол кітапша толып жатқан проблемаларды, ұшан-теңіз мәселелерді қозғайды, бірақ бұл мәселелердің *бір де біреуінде* сыншының жаңа көзқарастарының тұтас және айқын баяндауын бермейді. Сыншы өзі сәл ғана қозғаған қиын және күрделі мәселелерге ешбір өз алдына талдау жасамастан, тек өзінің күдіктерін баяндайды. Осыдан — деп мысқылдайды Каутский — мынадай ғажап нәрсе келіп шығады: Берн-

* — *Карл Каутский. Бернштейн және социал-демократиялық программа.* Сынға сын. *Ред.*

штейнді жақтаушылар оның кітабын тіпті түрліше түсінеді, ал Бернштейнге қарсылар түгелінен оны біркелкі түсінеді. Бернштейннің өзіне қарсы адамдарға айтатын негізгі дауы: олар мені түсінбейді, түсінгілері де келмейді дейді. Өзіне қарсы адамдарға қарсы жауап ретінде Бернштейннің журналдарға, газеттерге жазған толып жатқан мақалалары оның көзқарастарының дұрыстығын ешбір анықтаған жоқ.

Каутский өзінің сынға сынын метод туралы мәселеден бастайды. Ол Бернштейннің тарихты материалистік тұрғыдан ұғынуға қарсы дауын қарастыра келіп, Бернштейннің «детерминистік» деген ұғымды «механикалық» деген ұғыммен шатыстырғанын, ерік бостандығын қимыл бостандығымен шатыстырғанын, тарихи қажеттілікті ешқандай дәлелсіз адамдардың еріксіздік, амалсыздық жағдайымен бірдей деп санағанын көрсетеді. Бернштейн де қайталап отырған фатализмді тағатын тозығы жеткен айыптауды Маркстің тарихи теориясының негізгі қағидаларының өзі-ақ теріске шығарады. Бәрін де өндіргіш күштердің дамуына әкеліп саюға болмайды дейді Бернштейн. Басқа да факторларды «есепке алу» керек.— Өте жақсы, бірақ әрбір зерттеуші тарихты ұғынуда қандай бағыт ұстаса да осылай етуге тиісті ғой,— деп жауап береді Каутский. Кімде-кім Маркстің методынан, өзін іс жүзінде тамаша ақтаған және қазірде де ақтап отырған методтан бас тартуға бізді еріксіз көндіргісі келсе, ол екі жолдың бірімен жүруге тиіс: не ол тегінде тарихи процестің заңдылық, қажеттілік идеясынан бас тартады, онда ол социологияны ғылыми жолмен негіздеу әрекеттерінің бәрін лақтырып тастаған болады. Не ол тарихи процестің қажеттілігін басқа факторлармен (мысалы, этикалық көзқарастар) қалайша дәлелдеуге болатындығын көрсетуге тиіс,— Маркстің «Капиталдағы» талдауымен тіпті аздап болса да салыстыруға келетін талдаумен көрсетуге тиіс. Бернштейн бұлай етуге титтей де ұмтылмайтындығы былай тұрсын, ол басқа факторларды «есепке алу» туралы жалпылама мән-мағынасыз сөздермен қанағаттанып, өз кітабында ескі материалистік методты пайдалана *береді,* бұл методты оның өзі жеткіліксіз деп жарияламаған

сияқтанады! Каутскийдің көрсеткеніндей, Бернштейн тіпті кей жерлерде бұл методты аса лайықсыз тұрпайылықпен, сыңаржақтықпен қолданады! Онан соң, Бернштейннің айыптауы диалектикаға қарсы бағытталады, оның айтуынша, диалектика қисынсыз конструкцияларға, тағы басқа сондайларға бастайды-мыс. Бернштейн бұл сөздерді (орыс оқушыларын да әбден ығыр етіп болған сөздерді) қайталайды, диалектиканың терістігі неде екенін,— методологиялық қателер жасауда (атап айтқанда қандай қателер) Гегель кінәлы ма немесе Маркс пен Энгельс кінәлы ма — оны көрсетуге титтей де әрекет жасамайды. Бернштейннің өзін ақтауға және өз пікірін қуаттауға тырысқанда келтіретін бірден-бір желеуі — ол «Капиталдың» қорытынды параграфтарының біріндегі (капиталистік қорланудың тарихи тенденциясы туралы параграфының) «сыңаржақтығын» көрсетеді. Бұл мейлінше тозығы жеткен айыптау: бұл айыптауды Евгений Дюринг те, Юлиус Вольф те, Германиядағы бірталай басқа адамдар да таңған, мұны (өзімізден қоссақ) 70-жылдары Ю. Жуковский мырза да, 90-жылдары Н. Михайловский мырза да — бір кезде осы айыптау үшін Ю. Жуковский мырзаны акробаттық істеді деп жазғырған Михайловский мырза да таңған болатын. Ал осы тозығы жеткен бос сөзді қуаттауға Бернштейн қандай *дәлел* келтіреді деңіз? Тек төмендегі ғана: Маркс «зерттеуге» алдын ала дайындалған қорытындылармен кірісті, өйткені Маркс 40-жылдардың өзінде-ақ қандай қорытынды жасаған болса, «Капитал» 1867 жылы нақ сондай қорытындыға келді дейді ол. Мұндай «дәлел» асыра сілтегендікпен барабар,— деп жауап береді Каутский,— өйткені Маркс өзінің қорытындыларын бір зерттеуге емес, екі зерттеуге негіздеген, осылай екенін ол «Zur Kritik» *-ке арналған алғы сөзінде дәл көрсеткен болатын (орысша аудармасын қараңыз: «Саяси экономияның кейбір қағидаларына сын»)[87]. Бірінші зерттеу 40-жылдары, Маркс «Рейн Газетінің»[88] редакциясынан шыққаннан кейін жүргізілді. Маркстің редакциядан шыққан себебі — оған материалдық мүдде-

* — Zur Kritik der politischen Oekonomie» — «Саяси экономияның сынына». *Ред.*

лер туралы айтуына тура келді, бірақ ол бұған өзінің даяр емес екенін сезді. Қоғамдық майданнан мен оқу бөлмесіне кеттім — деп жазды Маркс өзі туралы. Сонымен (деп көрсетеді Каутский Бернштейннің адресіне тұспалдап), материалдық мүдделер туралы өз пікірлерінің дұрыстығына, бұл мәселе жөнінде сол кезде үстем болып жүрген көзқарастардың дұрыстығына күмәндана отырып, Маркс бұл күмәндарды толық бір кітап етіп жазуға, барша жұрт пен жеке адамдарды хабарландыруға тұрарлықтай онша маңызды деп есептемеді. Жоқ, қайта Маркс ескі көзқарастарға күмәнданудан белгілі бір дұрыс жаңа көзқарастарға көшу үшін үйренуге кірісті. Ол француздың қоғамдық теориялары мен ағылшынның саяси экономиясын зерттей бастады. Ол сол кезде Англиядағы халық шаруашылығының нақты жай-күйін егжей-тегжейлі зерттеп жүрген Энгельспен жақындасты. Осылай бірігіп істеген жұмыстың, осы *бірінші* зерттеудің нәтижесінде екі жазушы белгілі қорытындылар жасап, бұл қорытындыларды 40-жылдардың аяғында толық айқын баяндады [89]. 1850 жылдан бастап Маркс Лондонда тұрды, ғылыми жұмыс жүргізу үшін Лондонда қолайлы тұрмыс жағдайларының болуы оны «тақырыпты зерттеуді *басынан* бастап қолға алып, жаңа материалды сын көзімен қарап өңдеуге кірісуге» ұмтылдырды («Кейбір қағидаларға сын», 1-басылуы, XI бет. Курсив біздікі) [90]. Бірқатар ұзақ жылдар бойы жүргізілген осы *екінші* зерттеудің жемісі: «Zur Kritik» (1859) және «Das Kapital» (1867) деген шығармалар болды. «Капитал» жасаған қорытынды 40-жылдардағы бұрынғы қорытындымен үйлеседі, өйткені екінші зерттеу бірінші зерттеудің нәтижесін растады. «Менің көзқарастарым, жұрт олар туралы не десе де, ұзақ жылдар бойы, адалдықпен жүргізген зерттеулердің нәтижесі» деп жазды Маркс 1859 жылы (бұл да сонда, XII бет) [91]. Зерттеуден көп бұрын дайын болған қорытындыларға мұның ұқсас екендігі рас емес пе? — деп сұрақ қояды Каутский.

Каутский диалектика туралы мәселеден құн туралы мәселеге көшеді. Маркс теориясы аяқталмай қалған, бұл теория «әлі тіпті жете түсіндірілмеген» көп проблема-

ларды қалдырып кетеді, дейді Бернштейн. Каутский мұны бекер деуді ойламайды да: Маркстің теориясы ғылымның ақырғы сөзі емес дейді ол. Тарих теорияны онан әрі дамытуды талап ететін жаңа фактілерді де, зерттеудің жаңа әдістерін де өзімен бірге әкеледі. Егерде Бернштейн теорияны одан әрі дамыту үшін жаңа фактілерді және зерттеудің жаңа әдістерін пайдалануға әрекет еткен болса, жұрттың бәрі оған алғыс айтқан болар еді. Бірақ Бернштейн бұл туралы ойламайды да, тек Маркстің шәкірттерін оп-оңай кінәлаумен және Госсен-Джевонс-Бём мектебінің пайдалылық шегі теориясы өзінің дұрыстығы жағынан Маркстің еңбек құны теориясынан кем соқпайды деген сияқты мүлде түсініксіз, кілең эклектикалық пікірлер айтумен ғана шектеледі. Бұл теориялардың екеуі де түрлі мақсаттар үшін өзінің маңызын жоғалтпайды,— дейді Бернштейн,— өйткені товарлардың пайдалылық мәні болатын қасиетінен абстракция жасауға Маркстің қандай правосы болса, товарлардың еңбекпен шығарылғандық қасиетінен абстракция жасауға Бём-Баверктің де нақ сондай á priori правосы бар. Каутский біріп-бірі жоққа шығаратын, қарама-қарсы екі теорияны түрлі мақсаттар үшін жарамды деп есептеу — мүлде қисынсыз деп көрсетеді (және де Бернштейн екі теорияның қайсысы қандай мақсаттарға жарамды екенін айтпайды). Мәселе тіпті де товарлардың қандай қасиетінен *á priori* (von Hause aus) * абстракция жасауға біздің праволы екендігіміз жөнінде болып отырған жоқ, мәселе өнімдерді *айырбастауға* негізделген қазіргі қоғамның негізгі құбылыстарын қалай түсіндіруде, товарлардың құнын, ақшаның қызметін және басқаларын қалай түсіндіруде болып отыр. Мейлі, Маркстің теориясы бірсыпыра проблемаларды әлі түсіндірмей отырған-ақ болсын, ал Бернштейннің құн теориясы — мүлде түсіндірілмеген проблема. Бернштейн еңбектің «ең жоғары тығыздылығы» деген ұғымды жасаған Бухтан да цитат келтіреді, бірақ Бернштейн Бухтың көзқарастарының толық сипаттамасын да, бұл мәселе жөнінде өз пікірінің белгілі бір түйі-

* — алдын ала (әуел бастан). *Ред.*

шін де бермейді. Бух болса, құнды жалақыға тәуелді, ал жалақыны — құнға тәуелді етіп, қайшылықтардан шатасып отырған тәрізді. Құн туралы пікірлерінің эклектикалық сипатын сезіп, Бернштейн, тегі, эклектиканы қорғауға әрекеттенеді. Ол эклектиканы — «ой-пікірді тар қыспаққа салып қысқысы келетін догма атаулыға тән әрекетке қарсы парасатты ақыл-ойдың көтерілісі» деп атайды. Егер Бернштейн ой-пікірдің тарихын еске түсірсе,— деп жауап береді Каутский,— онда ол ой-пікірді тар қыспаққа салып қысуға қарсы ұлы көтерілісшілердің ешқашан да эклектик болмағандығын, көзқарастардың бірыңғай, тұтас болуына ұмтылу қашанда оларға тән қасиет болғанын көреді. Ал эклектик дегеніңіз көтеріліс жасауға бара қоярлықтай емес, тым жасқаншақ келеді. Егер мен Маркстің алдында әдеппен тағзым етсем, сонымен қатар Бём-Баверктің алдында да әдеппен тағзым етем, мұның өзі көтерілістен әлдеқайда аулақ жатыр ғой! Ой-пікір республикасында, дейді Каутский, көтерілісші деген атаққа лайық келетін ең болмағанда бір ғана эклектикті маған атап көрсетсінші!

Методтан методты қолдану нәтижелеріне көшіп, Каутский Zusammenbruchstheorie деп аталатын теорияға, батыс европалық капитализмнің қирауының, кенет күйреуінің, Маркс сөзсіз болады деп есептеді және оны орасан зор шаруашылық дағдарысымен байланыстырды-мыс деп жүрген күйреудің теориясына тоқталады. Каутский: Маркс пен Энгельс ешқашан да айрықша Zusammenbruchstheorie шығарған емес, Zusammenbruch-ты шаруашылық дағдарысымен ешбір байланыстырған емес деп көрсетеді. Бұл — кейіннен теорияның «сыңаржақтығы» мен «тұрпайылығын» жеңімпаздықпен теріске шығару үшін жеке шығармалардан жеке үзінділерді мағынасыз суырып алып, Маркстің теориясын сыңаржақ баяндайтын дұшпандардың бұрмалауы. Шындығында, Маркс пен Энгельс Батыс Европадағы экономикалық қатынастардың қайта құрылуы Европаның ең жаңа тарихы жарыққа шығарған таптардың есеюіне және күшіне байланысты деп көрсетеді. Бернштейн мұны Маркстің теориясы емес, Каутскийдің өзінше мән беріп, толықтырғаны демекші болды, бірақ Каутский

Маркстің 40 және 60-жылдардағы шығармаларынан дәлме-дәл цитаттар келтіріп, сонымен қатар марксизмнің негізгі идеяларын талдай отырып, Маркстің шәкірттерін «апологет және ілікшіл» деп сондай арсыздықпен айыптаған Бернштейннің нақ осы, барып тұрған, ілікшілдік айласын толығынан теріске шығарды. Каутский кітабының бұл жері ерекше қызықты, әсіресе қызықты болатын себебі — кейбір орыс жазушылары (мысалы, Булгаков мырза «Начало» журналында) Бернштейннің «сын» деген сылтаумен Маркстің теориясын бұрмалауын қайталауға асықты (осы бұрмалауды өзінің мына кітабында Прокопович мырза да қайталап отыр: «Батыстағы жұмысшы қозғалысы». СПБ. 1899).

Қазіргі экономикалық даму Маркс сипаттаған бағытта жүріп отырған жоқ деген Бернштейннің пікірін теріске шығару үшін Каутский осы дамудың негізгі тенденцияларын айрықша талдайды. Каутский кітабының «Ірі өндіріс пен ұсақ өндіріс» деген тарауын, сонымен қатар саяси-экономикалық талдауға арналған және соншама мол цифр материалы бар басқа да тарауларын бұл арада баяндап жату мүмкін емес, сондықтан олардың мазмұнын қысқаша баяндап өтуімізге ғана тура келетіні өзінен өзі түсінікті. Әңгіме жалпы және тұтас алғандағы дамудың нақты бағыты туралы болып отырғанын, ал *ешқандай* теория түр-түрімен түгеліноп есепке ала алмайтын жеке жағдайлар мен үстірт құбылыстар туралы әсте әңгіме жоқ екенін Каутский баса айтады. (Осы қарапайым, бірақ көп уақытта ұмытыла беретін ақиқатты оқушыға «Капиталдың» тиісті тарауларында Маркс те ескертеді.) 1882 және 1895 жылдардағы герман өнеркәсіп санақтарының деректерін толық талдау арқылы Каутский бұл деректердің Маркстің теориясын тамаша растағандығын және капиталдың шоғырлану процесі мен ұсақ өндірістің ығыстырылу процесі жөнінде ешқандай күмән қалдырмағандығын көрсетеді. Бернштейннің өзі 1896 жылдың өзінде-ақ (оның өзі апологеттер мен ілікшілдердің тобына қосылатын кезде,— деп мысқылдайды Каутский) бұл фактіні барынша батыл мойындаған еді, ал қазір ұсақ өндірістің күші мен маңызын шексіз асыра дәріптеп отыр. Мысалы, 20-дан

кем жұмысшысы бар кәсіпорын саны Бернштейннің есебінше бірнеше жүз мың, «өзінің пессимистік ынтасында ол, сірә, артық ноль қосып жіберсе керек», өйткені Германияда мұндай кәсіпорындар тек 49 мың ғана. Оның үстіне статистика кім көрінгенді: арбакештерді де, шабармандарды да, қабіршілерді де, жеміс тасушыларды да, өз үйінде тіпті капиталиске жұмыс істейтін тігіншілерді де, тағы басқа осылар сияқтылардың бәрін де ұсақ кәсіпкерлердің қатарына қосып жүрген жоқ па! Ұсақ сауда және ұсақ өнеркәсіп орындары (жоғарыда аталған сияқтылар) капиталистік қоғамда көбінесе халықтың біршама артық өсуі фомаларының бірі ғана болып табылатынын: күйзелген ұсақ өндірушілер, жұмыс таппаған жұмысшылар (кейде уақытша) ұсақ саудагерлерге, қыдырма бақалшыларға, пәтерлері мен жатын орындарын жалға берушілерге (бұлар да басқа әр түрлі кәсіпорындармен пара-пар статистиканың тізіміне алынып жүрген «кәсіпорындар»!), тағы сол сияқтыларға айналатынын көрсеткен Каутскийдің пікірі теориялық жағынан аса маңызды екенін атап корсетеміз. Бұл кәсіптердің шамадан тыс көбеюі ұсақ өндірістің өміршеңдігін тіпті де көрсетпейді, қайта капиталистік қоғамда қайыршылықтың өскенін көрсетеді. Бірақ Бернштейн, өзінің ойынша, өз сөзін растайтын болса, ұсақ «өнеркәсіпшілердің» маңызын баса көрсетіп, асыра дәріптейді (ірі өндіріс пеп ұсақ өндіріс туралы мәселеде), ал озіне тиімсіз болған жағдайда олар туралы жұмған аузын ашпайды (қайыршылықтың өсуі туралы мәселеде).

Бернштейн акционерлік қоғамдар капиталдың бөлшектенуіне «мүмкіндік береді» және оның шоғырлануын «керексіз етеді» деп орыс жұртшылығына да қашаннан белгілі пікірлерді қайталайды, сөйтіп ұсақ акциялардың саны туралы бірнеше цифр келтіреді (салыстырыңыз: «Жизнь», № 3, 1899 ж.). Каутский бұл цифрлар түкті де дәлелдемейді деп жауап береді, өйткені түрлі қоғамдардың ұсақ акциялары ірі капиталистердің меншігі болуы мүмкін (мұны Бернштейн де мойындауға тиісті). Акционерлік қоғамдар дәулеттілердің санын *арттыратындығын* растауға Бернштейн тіпті ешқандай дәлел

келтірмейді, дәлел келтіре алмайды да, өйткені акционерлік қоғамдар шындығында ірі капиталистер мен саудагерлердің пайдасына аңқау және дәулеті кем жұртты тонауға қызмет етеді. Акциялар санының өсуі байлықтың акциялар формасымен бейнелену тенденциясы барлығын ғана көрсетеді, ал байлықтың бөлінуі туралы бұл өсу түк дәлелдемейді. Тегінде, дәулеттілер санының, меншік иелері санының артуы туралы мәселеге Бернштейн тіпті жеңіл-желпі қараған, бұл жағдай оның буржуазияшыл жақтастарының Бернштейн кітабының дәл осы бөлімін мадақтап, бұл бөлімі «толып жатқан цифрлы материалға» негізделген деп жариялауына бөгет болған жоқ. Бернштейннің шеберлігі соншалық, деп мысқылдайды Каутский, ол осы толып жатқан материалды екі-ақ бетке сыйғызған! Капиталистер санының артуын ешкім бекерге шығармаса да, ол дәулеттілер мен капиталистерді шатыстырып отыр. Ол табыс салығы туралы мәліметтерді алып, олардың байқаусыз сипатын және меншіктен түсетін табыстардың жалақыдан түсетін табыспен араласатынын, тағы басқаларын елеусіз қалдырады. Ол әр түрлі уақытта, түрлі жолдармен алынған (мысалы, Пруссия туралы), сондықтан да салыстыруға келмейтін мәліметтерді салыстырады. Ол тіпті Англиядағы дәулеттілер санының өсуі туралы цифрларды (ол тіпті бұл цифрларды өзінің басты дәлелі ретінде көрнекті әріптермен басып отыр!) королева Викторияның мерекесін дәріптейтін және статистикаға nec plus ultra *-ға дейін жеңіл-желпі қарайтын бір көше газетінің фельетонынан алудан да тайынбаған! Бұл мәліметтердің шыққан жері белгісіз, онан соң мұндай мәліметтерді Англиядағы табыс салығы туралы деректерге сүйеніп алуға болмайды да, өйткені бұл деректер салық төлеушілердің санын және әрбір салық төлеушінің бар табысын анықтауға мүмкіндік бермейді. Каутский Кольбаның кітабынан Англияның 1812 және 1847 жылдардағы табыс салығы туралы деректерді алады да, дәулеттілер санының өсуін Бернштейннің фельетондық деректері қалай көрсетсе, бұл деректер де (бейне бір)

* — ақырғы шегіне. *Ред.*

солай көрсететінін айтады — мұның өзі Англияда халықтың қайыршылануы сұмдық ұлғайған кезде осылай болады екен! Бернштейннің мәліметтерін толық талдау нәтижесінде Каутский: Бернштейн дәулеттілер санының өсуін шын дәлелдейтін бірде-бір цифр келтірген жоқ деген қорытындыға келеді.

Бернштейн бұл құбылысты теория жүзінде де көрсетуге тырысып бағады: соншалық орасан көп өсіп отырған бүкіл қосымша құнды капиталистердің өздері тұтына алмайды ғой; демек, оны тұтынатын дәулеттілердің саны өсіп отыр, дейді ол. Маркстің орналастыру теориясын (бұл теория орыс әдебиетінде әлденеше рет баяндалды да) мүлде елеусіз қалдыратын осы кісі күлерлік пайымдауды Каутский оп-оңай теріске шығарады. Әсіресе бір қызық жері, Каутский мұны жалғыз теориялық пікірлермен емес, Батыс Европа елдеріндегі сән-салтанат пен ысырапшылдықтың өсуін, осы процесті соншалық асқындыратын, тез өзгеріп отыратын моданың ықпалын, толып жатқан жұмыссыздардың болуын, қосымша құнды «өндіргіш тұтынудың» орасан өсуін — яғни капиталды жаңа кәсіпорындарға, әсіресе Европа капиталын Россияның, Азияның, Африканың темір жол және басқа кәсіпорындарына орналастырудың орасан өсуін дәлелдейтін нақты мәліметтермен де теріске шығарады.

Бернштейн Маркстің«қайыршылық теориясын» немесе «қайыршылану теориясын» жұрттың бәрі ұмытып кетті деп жариялайды. Мұның өзі, деп көрсетеді Каутский, мұндай теорияны ұсынбаған Маркстің дұшпандарының тағы да бір өрескел бұрмалауы. Маркс қайыршылықтың, қорлықтың және сол сияқтылардың өсуі туралы айтты, мұнымен қатар оған қарсы әрекет етуші тенденцияны да, осы тенденцияны тек өздері туғыза алатын нақтылы қоғамдық күштерді де көрсетті. Маркстің қайыршылықтың өсуі туралы сөздері шындық өмірде әбден расталып отыр: біріншіден, біз капитализмнің қайыршылықты туғызып, күшейтетін тенденциясы бар екенін анық көріп отырмыз, бұл қайыршылық жоғарыда көрсетілген қарсы әрекет етуші тенденция болмаған жағдайда тым ұлғаяды. Екіншіден,

қайыршылық кембағалдық мағынада емес, әлеуметтік мағынада өседі, яғни буржуазияның тұтыну қажетінің және бүкіл қоғамның тұтыну қажетінің өсіп отырған дәрежесі мен еңбекші бұқараның тұрмыс дәрежесінің арасындағы сәйкессіздік мағынасында өседі. Бернштейн «қайыршылықты» бұлай ұғыну жөнінде: бұл пиквик мағынасындағы ұғым ғой деп мысқылдады. Каутский бұған жауап ретінде Лассаль, Родбертус, Энгельс сияқты адамдар қайыршылықты тек кембағалдық мағынада ғана емес, әлеуметтік мағынада да ұғыну қажеттігін әбден анықтап айтқанын корсетеді. Көріп отырсыз ғой, «пиквик» клубына жаман адамдар жиналмайды екен! — деп ол Бернштейннің мысқылын тойтарып тастайды. Ақырында, үшіншіден, қайыршылықтың осуі туралы сөздер капитализмнің «шекаралық облыстары» жөнінде өзінің дұрыстығын түгел сақтайды, ал шекаралық деген сөзді географиялық мағынада да (көп реттерде кембағалдық қайыршылықты ғана емес, сонымен қатар бұқара халықтың тікелей ашығуын да туғыза отырып, капитализм жаңа-жаңа еніп келе жатқан елдер), саяси-экономикалық мағынада да (майдагерлік өнеркәсіп және тегі мешеу өндіріс әдістерін әлі де сақтап келе жатқан халық шаруашылығы салалары) түсіну керек.

Біздер, орыстар, үшін «жаңа орта сословие» туралы тарау да аса қызықты және ерекше ғибрат аларлық. Егерде Бернштейн ыдырап жатқан ұсақ өндірушілердің орнына жаңа орта сословие — интеллигенция пайда болып келеді дегенді ғана айтқысы келсе, онда оныкі дұрыс болған болар еді, дейді Каутский, сөйтіп бұл құбылыстың маңыздылығын тіпті бұдан бірнеше жыл бұрын айтқандығын көрсетеді. Капитализм халық еңбегінің барлық салаларында *қызметшілердің* санын айрықша тездікпен өсіреді, интеллигенцияны барған сайын көп керек етеді. Интеллигенция басқа таптардың ортасында ерекше жағдайда болады, ол өзінің байланысы, көзқарастары және басқалары жағынан ішінара буржуазияға қосылады, капитализм интеллигентті дербестік жағдайдан айыра түскен сайын, оны тәуелді жалдамаға айналдырған сайын, оның тұрмыс дәрежесін төмендету қаупін туғызған сайын интеллигенция ішінара

жалдама жұмысшыларға қосылады. Әңгіме болып отырған қоғамдық топтың толқымалы, тұрақсыз, қайшылықты жағдайы мынадай қырларынан көрінеді: бұл топтың арасында тұрлаусыз, эклектикалық пікірлер, қарама-қайшы принциптер мен козқарастар қойыртпағы өте-мөте көп таралады, ол сөз жүзінде адам айтқысыз жоғары дәрежеге көтерілуге талпынып, халықтың тарихи топтарының жанжалдарын желсозбен бүркеуге тырысады,— оның осы әдеттерін Маркс бұдан жарты ғасыр бұрын өзінің өткір кекесін сөздерімен аяусыз түйреген болатын.

Каутский дағдарыстар теориясы туралы тарауда өнеркәсіп дағдарыстарының он жылдық циклі туралы «теорияны» Маркстің тіпті де алға қоймағандығын, тек фактіні анықтағандығын көрсетеді. Бұл циклдің өзгеруін соңғы кезде Энгельстің өзі атап көрсетті. Кәсіпкерлер картельдері өндірісті тежеп, реттей отырып, дағдарыстарға қарсы тұра алады деседі. Бірақ Американы алыңыз, ол — картельдер елі, ал мұнда біз өндірістің тежелуі орнына орасан өсіп отырғанын көреміз. Одан кейін, ішкі рынок үшін өндірісті ықшамдаса да, картельдер сыртқы рынок үшін өндірісті ұлғайтады, онда товарларды зиянына сатып, отандас тұтынушылардан монополиялық баға алады. Протекционизм кезінде бұл жүйе сөзсіз болады, ал протекционизмнің орнына еркін сауда жүйесі келеді деп сенуге ешқандай дәлел жоқ. Ұсақ фабрикаларды жауып, өндірісті шоғырландыра, монополияландыра отырып, жетілдірулер енгізе отырып, картельдер осы арқылы өндірушілердің жағдайын едәуір нашарлатады. Бернштейннің ойынша, дағдарыстарды туғызатын саудагерлік дүние жүзілік рыноктардың жағдайлары белгілеуге келмейтін жағдайлардан белгілеуге келетін және белгілі жағдайларға айналған сайын нашарлай береді; бірақ ол жаңа елдердің нақ сол «белгілеуге келмейтін» жағдайлары байырғы елдердегі саудагерлікке зор түрткі болатынын ұмытып отыр. Каутский статистика мәліметтері арқылы саудагерліктің дәл соңғы жылдарда өсіп отырғанын, сонымен қатар онша қашық емес болашақта дағдарыс болатынды-

ғын білдіретін белгілер санының өсіп отырғанын көрсетеді.

Каутский кітабының қалған бөлімінен белгілі бір топтардың экономикалық күшін олардың экономикалық ұйымдарымен шатыстыратын (С. Прокопович мырза сияқты, аты аталған шығармасы) адамдардың ұрынып отырған қатесін талдаған жерін, Каутскийдің Бернштейн белгілі бір тарихи ситуацияның кілең уақытша жағдайларын жалпы заңға балайды дегенін,— Бернштейннің демократияның мәні жөніндегі теріс көзқарастарын бекерге шығарғанын,— ал Германияда дауыс беру правосымен жұмысшылардың бәрі бірдей пайдаланбайтыны (тек 25-ке жеткен еркектер ғана пайдаланады) және сайлауға бәрі бірдей қатынаспайтыны сияқты ұсақ-түйекті ұмытып, Германиядағы өнеркәсіп жұмысшыларының санын сайлаушылардың санымен салыстырған Бернштейннің статистикалық қателерін түсіндіргенін айта кетейік. Бернштейн кітабының маңызы туралы мәселені және ол кітап жөніндегі айтыс жайын білгісі келетін оқушыға неміс әдебиетін оқуды және орыс әдебиетінде басым болып отырған, эклектиканы жақтаушылардың сыңаржақ, әділетсіз бағаларына ешбір жағдайда сенбеуді біз тек бар ынтамызбен ұсына аламыз. Біз Каутскийдің әңгіме болып отырған кітабының бір бөлегі орыс тіліне аударылмақшы деп естіттік [92]. Бұл өте жақсы болар еді, бірақ мұның өзі кітаптың түпнұсқасымен танысқандағыдай болмайды.

1899 ж. алғында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ПАРТИЯ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ [93]

1899 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1924 ж
Н. Ленин (В. Ульянов)
Шығармаларының жинағында
басылған, I том

Қолжазба бойынша
басылып отыр

[1899]

Проект программы нашей партии.

Начнем опять-таки с вопроса о настоятельной необходимости в программе русских с.-д. Нам доводилось слышать от товарищей в России, работающих, то мнение, что в составлении программы нет особенной надобности, что насущнейший вопрос — развитие и укрепление местных организаций, более прочная постановка агитации и доставки литературы, что выработку программы удобнее отложить до того момента, когда движение встанет на более прочную почву, что теперь программа могла бы оказаться беспочвенной.

Мы не разделяем этого мнения. Разумеется, „каждый шаг действительного движения важнее дюжины программ", как сказал К. Маркс. Но ни Маркс, ни кто-либо другой из теоретиков или практических деятелей с.-д. не отрицал громадной важности программы для сплоченной и последовательной деятельности политической партии. Русск. с.-д. как раз только что пережила период наиболее горячечной полемики со сторонниками других направлений и с не-социалистами, не хотевшими понять русской с.-д.; она пережила также и начальные стадии движения, когда работа велась разрозненно мелкими местными организациями. Необходимость соединения, организация общей литературы, появление русских рабочих газет — все вызвано самим движением, и образование весною 1898-го года „Рос. С.Д. Раб. Партии", объявившей о своем намерении ~~выработать~~ в ближайшем будущем выработать программу партии, наглядно доказало, что именно из потребностей самого движения вытекает требование программы. В настоящее время насущнейший ~~вопрос~~ вопрос нашего движения состоит уже не в развитии прежней разрозненной „кустарной" работы, а в соединении, в организации. Программа необходима для этого шага; программа должна формулировать наши основные воззрения, точно установить наши ближайшие политические задачи, указать те ближай-

Сірә, орыс социал-демократтарының программасы шынында да өте қажет пе деген мәселеден бастау керек болар. Біз Россияда жұмыс жүргізуші жолдастардан программаны жасаудың нақ қазір айрықша қажеттігі жоқ, қазіргі шұғыл мәселе — жергілікті ұйымдарды дамытуда және нығайтуда, үгіт жүргізуді және әдебиет жеткізуді неғұрлым мықтап жолға қоюда болып отыр, программаны жасауды қозғалыс неғұрлым берік негізге сүйенетін уақытқа дейін кейінге қалдыра тұру қолайлырақ, қазір программа негізсіз болып шығуы мүмкін деген пікірді еситкен едік.

Біз бұл пікірге қосылмаймыз. Әрине, К. Маркс айтқандай: «нағыз қозғалыстың әрбір адымы толып жатқан программалардан маңыздырақ» [94]. Бірақ Маркс те, социал-демократияның теоретиктері мен практикалық қайраткерлерінің басқа ешқайсысы да саяси партияның тығыз топтасып, тиянақты жұмыс істеуі үшін программаның орасан зор маңызы бар екендігін бекерге шығарған жоқ. Орыс социал-демократтары өзге бағыттардағы социалистермен және орыс социал-демократиясын түсінгісі келмеген социалист еместермен неғұрлым қатты айтыс жүргізу дәуірін қазірдің өзінде-ақ басынан кешірді; олар жұмыс жергілікті ұсақ ұйымдарда бытыраңқы жүргізілген қозғалыстың алғашқы сатыларын да басынан кешірді. Бірігудің, ортақ әдебиетті ұйымдастырудың, орыс жұмысшы газеттері шығуының қажеттігі — өмірдің өзінен келіп туды, ал таяудағы уақытта партияның программасын жасап шығару ниетін жариялаған

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» 1898 жылы көктемде құрылуы — программаны жасау талабы қозғалыстың өзінің қажет етуінен туғандығын айқын дәлелдеді. Қазіргі уақытта қозғалысымыздың шұғыл мәселесі бұрынғы бытыраңқы «майдагерлік» жұмысты дамытуда емес, бірігуде, ұйымдасуда болып отыр. Программа осы адымды жасау үшін керек; программа біздің негізгі көзқарастарымызды тұжырымдауға, біздің ең таяудағы саяси міндеттерімізді дәл белгілеуге, үгіт жұмысының шеңберін белгілейтін, оны бір бағытқа салатын, ұлғайтатын, тереңдететін, үгітті ұсақ-түйек, бір-бірімен байланысы жоқ талаптар жолындағы өрісі тар үгіттен барлық социал-демократиялық талаптардың бәрін қамтитын үгітке айналдыратын таяудағы талаптарды көрсетуге тиіс. Қазір, социал-демократиялық жұмыс социалист-интеллигенттердің де, саналы жұмысшылардың да айтарлықтай қалың тобын толқытқан кезде, олардың арасындағы байланысты программен нығайту, сөйтіп бұлардың бәрінің мұнан былайғы анағұрлым кең жұмысына берік негіз салып беру өте-мөте қажет. Ақырында, программа мына себептен де өте керек болып отыр — орыстың жұртшылық пікірі орыс социал-демократтарының шын міндеттері мен жұмыс тәсілдері жөнінде екінің бірінде үлкен адасушылыққа ұшырап отырады: мұндай адасушылықтар ішінара біздің өміріміздің саяси сасық батпағынан табиғи туып отырады, ішінара бұл адасушылықты социал-демократияның жаулары әдейі туғызады. Қалайда бұл фактілермен санасуға тура келеді. Жұмысшы қозғалысы социализммен және саяси күреспен біріге отырып, ол орыс қоғамының барлық демократиялық элементтерін бастаушы болғысы келсе, бұл адасушылықтарды жоя алатын партияны құру керек. Социал-демократтардың өздерінің арасында да алауыздықтар туып, айтыс басталып отырғандықтан да программаны жасап шығу үшін қазіргі уақыт қолайсыз деп қарсы шығушылар болуы мүмкін. Мен керісінше деп ойлаймын: қайта осының өзі программаның қажеттігін *көрсететін* тағы бір дәлел. Бір жағынан, айтыс басталған екен, онда программаның жобасын талқылаған кезде барлық көзқарас-

тар айтылады және көзқарастардың барлық сыцайлары ашылады деп сенуге болады, программа жан-жақты талқыланады деп сенуге болады. Айтыс орыс социал-демократтары қатарында біздің қозғалысымыздың мақсаттары туралы, оның таяудағы міндеттері мен тактикасы туралы үлкен-үлкен мәселелердің жандапғандығын көрсетеді, ал мұндай жандапушылық программаның жобасын талқылау үшін қажет те. Екінші жағынан, айтыс жемісcіз болып қалмауы үшін, айтыс жеке адамдардың бәсекесіне айналмауы үшін, айтыс көзқарастардың былығына, дұшпан адамдар мен дос адамдарды шатастыруға бастамауы үшін, мұның үшін осы айтысқа программа туралы мәселенің енгізілуі сөзсіз қажет. Айтыс алауыздықтар неде, *олар қаншалықты терең,* бұлар істің мәні жөніндегі алауыздықтар ма, болмаса жеке мәселелер жөніндегі алауыздықтар ма, бұл алауыздықтар бір партияның қатарында бірлесіп істеуге кедергі жасай ма, жоқ па, міне осыларды анықтағанда ғана пайда келтіреді. *Тек* программа туралы мәселені айтысқа салу ғана жауап беруді қатты талап етіп отырған осы мәселелердің бәріне жауап бере алады; — айтысушы екі жақтың өздерінің *программалық* көзқарастарын анық айтуы ғана бұларға жауап бере алады. Партияның жалпы программасын жасап шығару, әрине, айтыс атаулының бәріне тыйым салуға тиіс емес,— бірақ бұл программа жеке мәселелер жөнінде мүшелерінің арасындағы жеке алауыздықтарға қарамастан, топтасқан және біртұтас болып қалатын күресуші партияның туы ретінде қызмет атқаруға тиісті қозғалысымыздың сипатына, мақсаттарына және міндеттеріне негізгі көзқарастарды мықтап белгілейді.

Сонымен, іске кірісейік.

Орыс социал-демократтарының программасы туралы сөз қозғағанда, жұрттың жалпы назары орыс социал-демократиясын негіздеген, оның теориялық және практикалық дамуына соншама көп еңбек сіңірген «Еңбекті азат ету» тобының мүшелеріне аударылатындығы әбден орынды. Біздің байырғы жолдастар орыс социал-демократиялық қозғалысының тілектеріне кідірмей үн қосты. Сол уақыттың өзінде дерлік — 1898 жылы көктем-

де — «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» негізін қалаған орыс социал-демократтарының съезі дайындалып жатқан кезде, П. Б. Аксельрод «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген кітапшасын бастырып шығарды (Женева, 1898; алғы сөзі 1898 жылдың мартында жазылды деп көрсетілген) және осы кітапшаға қосымша ретінде «Еңбекті азат ету» тобы 1885 жылдың өзінде бастырып шығарған «Орыс социал-демократтары программасының жобасын» қайта бастырды.

Осы жобаны талқылаудан бастайық. Мұнан 15 жыл дерлік бұрын басылуына қарамастан, жалпы және тұтасынан алғанда, біздің ойымызша, бұл жоба өзінің міндетін толығынан қанағаттанарлық түрде атқарады және қазіргі социал-демократиялық теорияның деңгейіне әбден сай келеді. Бұл жобада Россияда (басқа да елдердегі сияқты) социализм үшін тек бір өзі дербес күресе алатын тап — жұмысшы табы, «өнеркәсіп пролетариаты» дәл көрсетілген; — осы таптың өзінің алдына қоюға тиіс мақсаты — «өндіріс құрал-жабдықтары мен заттарының бәрінің қоғамдық меншікке көшуі», «товар өндірісін жою» және «оның орнына қоғамдық өндірістің жаңа системасын орнату» — «коммунистік революция» көрсетілген; — «қоғамдық қатынастарды қайта құрудың» «сөзсіз алдын ала қойылатын шарты»: «жұмысшы табының саяси билікті жеңіп алуы» көрсетілген;— пролетариаттың халықаралық ынтымақтастығы және «түрлі мемлекеттердегі социал-демократтардың программаларында ол мемлекеттердің жеке алғанда әрқайсысының қоғамдық жағдайларына сәйкес әр қилылық элементінің» болу қажеттігі көрсетілген;— «еңбекші бұқара дамып келе жатқан капитализмнің және заманы өтіп бара жатқан патриархтық шаруашылықтың екі бірдей тепкісін көріп отырған» Россияның өзгешелігі көрсетілген;— орыс революциялық қозғалысының «жаңа таптың — неғұрлым сезімтал, икемді және саналы өнеркәсіп пролетариатының» құрылу (дамып келе жатқан капитализм күштері арқылы) процесімен байланыстылығы көрсетілген;— «революцияшыл жұ-

мысшы партиясын» құру қажеттігі және оның «бірінші саяси міндеті» — «абсолютизмді құлату» көрсетілген;— «саяси күрестің құралдары» көрсетілген және оның негізгі талаптары айтылған.

Біздің ойымызша, программаның осы элементтерінің бәрі социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасында болуы өте қажет,— бұл элементтердің бәрі де социалистік теорияның дамуында болсын, барлық елдердегі жұмысшы қозғалысының дамуында болсын,— соның ішінде орыстың қоғамдық ой-пікірі мен орыс жұмысшы қозғалысының дамуында болсын сол уақыттан бері үсті-үстіне расталған тезистерді алға қояды. Сондықтан да орыс социал-демократтары, біздің ойымызша, орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының негізі етіп «Еңбекті азат ету» тобының нақ осы жобасын,— кейбір жеке редакциялық өзгертулерді, түзетулерді және толықтыруларды ғана керек ететін жобаны — ала алады, алуы да тиіс.

Осы жекелеген өзгертулерден біздің ұғуымызша мақсатқа үйлесетін кейбіреулерін белгілеп көрелік және олар жөнінде барлық орыс социал-демократтары мен саналы жұмысшылар арасында пікір алысу жөн болар еді.

Ең алдымен, әрине, программаның құрылыс сипаты біраз өзгеруге тиіс: 1885 жылы бұл шетелдегі бір топ революционерлердің программасы болды, бұлар қозғалыстың ойдағыдай табысқа жеткізетін бірден-бір даму жолын дұрыс белгілей алды, бірақ бұлар ол уақытта Россияда азды-көпті кең көлемде және дербес дамыған жұмысшы қозғалысын әлі де болса көрген жоқ еді. 1900 жылы әңгіме енді орыстың бірсыпыра социал-демократиялық ұйымдары негізін қалаған жұмысшы партиясының программасы туралы болып отыр. Осы себепті қажет болып отырған редакциялық өзгертулердің үстіне (бұған көп тоқталудың қажеті жоқ, өйткені бұл өзіненөзі түсінікті) бұл айырмашылықтан социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының материалдық және рухани жағдайларын туғызатын экономикалық даму процесі мен социал-демократиялық партия ұйымдастыруды өзіне міндет етіп қойған пролетариаттың тап күресін

бірінші орынға қоюдың және осыларды баса көрсетудің қажеттігі келіп шығады. Россияның қазіргі экономикалық құрылысының және оның дамуының негізгі белгілерінің сипаттамасын программаның негізгі өзегі етіп қою («Еңбекті азат ету» тобының программасындағымен салыстырып қараңыз: «Капитализм Россияда крепостниктік право жойылғаннан бері аса зор табыстарға жетті. Натуралды шаруашылықтың ескі системасы товар өндірісіне орнын беріп отыр...») және осыдан кейін капитализмнің негізгі тенденциясын: халықтың буржуазия мен пролетариатқа бөлінуін, «қайыршылықтың, езушіліктің, құлданушылықтың, қорлаушылықтың, канаудың осуін»[95] суреттеп өту керек болар еді. Маркстің осы соңғы даңқты сөздері Германия социал-демократиялық партиясының Эрфурт программасының[96] екінші абзацында қайталап айтылған; Бернштейннің маңына топтанып отырған сыншылар соңғы кезде буржуазияшыл либералдар мен социал-саясатшылардың «қайыршылану теориясына» қарсы бәз-баяғы қарсылықтарын қайталап, нақ осы пунктке ерекше қатты шүйлікті. Біздің ойымызша, осы жөнінде жүргізілген айтыс мұндай «сынның» *бүтіндей қисынсыздығын* әбден дәлелдеді. Капитализмнің *тенденциясын,* пролетариат осы тенденцияға қарсы тап күресін жүргізбесе, жұмысшы табы жеңіп алған жұмысшыларды қорғау туралы заңдар болмаса, шындыққа айналатын тенденцияны сипаттайтын Маркстің осы сөздерінің дұрыстығын Бернштейннің өзі мойындады. Жоғарыда көрсетілген тенденцияның шаруалар мен жұмысшылар арасында қандай аса күшті көрініс тауып отырғанын біз қазіргі кезде нақ Россияда көріп отырмыз. Ал онан соң Каутский «қайыршылықтың өсуі және басқалар» туралы сөздер тенденцияны сипаттау мағынасында ғана емес, сонымен бірге «әлеуметтік қайыршылықтың» өсуін, яғни пролетариаттың жағдайы мен буржуазияның тұрмыс дәрежесінің,— еңбек өнімділігінің орасан өсуімен қатар көтеріліп отыратын қоғамдық қажетсіну дәрежесінің арасындағы сәйкессіздіктің өсуін көрсету мағынасында да дұрыс екендігін көрсетті. Ақырында, бұл сөздер мына мағынада да дұрыс: капитализмнің «шекаралық облыстарын-

да» (яғни капитализмге дейінгі тәртіптермен ұшыраса отырып, капитализм жаңадан ғана туып отырған елдер мен халық шаруашылығы салаларында) қайыршылықтың өсуі — қайыршылық болғанда «әлеуметтік» қайыршылықтың ғана емес, сонымен бірге апаршылыққа, аштан өлушілікке дейін апарып соғатын ең ауыр кемтарлық қайыршылықтың өсуі — кеңінен таралып отыр. Мұның өзі қандай да болсын басқа европалық елден гөрі Россияға он есе тән екенін әркім біледі. Сонымен, «қайыршылықтың, езушіліктің, құлданушылықтың, қорлаушылықтың, қанаудың» өсуі туралы сөздер, біздің ойымызша, программаға қажетті түрде енгізілуі керек,— мұның себебі, 1-ден, бұл сөздер капитализмнің негізгі және мәнді белгілерін әбден дұрыс сипаттайды, біздің көз алдымызда болып отырған және Россияда жұмысшы қозғалысы мен социализмді туғызатын басты шарттардың бірі болып табылатын процестің нақ өзін сипаттайды; 2-ден, мұның себебі, бұл сөздер жұмысшы бұқарасын өте-мөте езетін, бірақ сонымен бірге оның наразылығын барынша күшейтетін бірталай құбылыстарды (жұмыссыздық, жалақының төмен болуы, тамаққа жарымау, аштық, капиталдың аса қатал тәртібі, жезөкшелік, қызметші адамдар санының өсуі, және т. т. және т. б.) атап көрсетіп, үгіт үшін аса мол материал береді; 3-ден, мұның себебі, капитализмнің апатты әрекетін және жұмысшылардың қажетті түрде және сөзсіз ашынуын осылай дәл сипаттау арқылы біз пролетариатқа «тілектес» болғансып және оның пайдасына «реформалар» жасауды талап еткенсіп, пролетариат пен буржуазияның арасында, самодержавиелік үкімет пен революционерлердің арасында «жайлы ортаңғы» орынға ие болуға тырысатын табансыз адамдардан өзімізді аулақ ұстаймыз. Ал саяси бостандық пен социализм үшін үзілді-кесілді және табанды күрес жүргізетін біртұтас және берік топтасқан жұмысшы партиясын құруға ұмтылсақ, онда мұндай адамдардан өзімізді аулақ ұстау нақ қазіргі уақытта айрықша қажет.

Бұл жерде Эрфурт программасына біздің қалай қарайтындығымыз туралы бірер сөз айтып өту керек. Жоғарыда айтылған сөздерден біздің «Еңбекті азат ету»

тобының жобасына орыс социал-демократтарының программасын Германия социал-демократтарының программасына жақындататын өзгертулер енгізуді қажетті деп табатындығымызды әркім-ақ қазірдің өзінде көріп отыр. Эрфурт программасына еліктегіміз келетінін айтуға біз тіпті қорықпаймыз: жақсыға еліктеудің ешқандай сөкеттігі жоқ, ал нақ қазір, осы программаны оппортунистік тұрғыдан, шалағай сынауды соншалық жиі есітіп отырғанда, біз сол программаны жақтайтындығымызды ашық айтуды өзіміздің борышымыз деп санаймыз. Бірақ еліктеу ешбір жай көшіре салушылық болмауы тиіс. Россияда да капитализмнің дамуының нақ сондай *негізгі* процестерін, социалистер мен жұмысшы табының нақ сондай *негізгі* міндеттерін көріп отырғанымызда, бұл жерде еліктеуіміз және керегімізді алып пайдалануымыз әбден орынды, бірақ ол тіпті де Россияның *өзгешеліктерін* ұмыттырмайтын болу керек, бұл өзгешеліктер біздің программамыздың ерекшеліктерінде *толық бейнеленуге* тиіс. Алдын орай сөйлеп, бұл ерекшеліктер, 1-ден, біздің саяси міндеттерімізге және күрес құралдарымызға, 2-ден, патриархтық, капитализмге дейінгі тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы күреске және осы күрестен туатын *шаруалар* мәселесінің айрықша қойылуына байланысты екепін қазір-ақ айта кетеміз.

Осы қажетті ескертуден кейін ілгері жылжиық. «Қайыршылықтың өсуін» көрсеткеннен кейін пролетариаттың *тап күресінің* сипаттамасы берілуі керек,— бұл күрестің мақсаттары көрсетілуге (барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдыру және капиталистік өндірісті социалистік өндіріспен ауыстыру),— жұмысшы қозғалысының халықаралық сипаты көрсетілуге, — тап күресінің *саяси* сипаты және оның *таяудағы* мақсаты (саяси бостандықты жеңіп алу) көрсетілуге тиіс. Самодержавиеге қарсы, саяси бостандықтар үшін күресті — жұмысшы партиясының бірінші саяси міндеті деп тану ерекше қажет, бірақ бұл міндетті түсіндіру үшін, біздің ойымызша, қазіргі орыс абсолютизмінің таптық сипатын көрсету керек және оны құлату тек жұмысшы табының мүдделері үшін ғана емес,

сонымен бірге бүкіл қоғамдық дамудың мүдделері үшін де қажет екенін сипаттау керек. Бұлай көрсету теориялық жағынан да керек, өйткені марксизмнің негізгі идеяларының тұрғысынан қарағанда, қоғамдық даму мүдделері пролетариаттың мүдделерінен жоғары,— бүкіл жұмысшы қозғалысының мүдделері, тұтас алғанда, жұмысшылардың жеке жіктерінің мүдделерінен немесе қозғалыстың жеке кезеңдерінің мүдделерінен жоғары;— және бұлай көрсету өзекті пунктті сипаттау үшін практикалық жағынан да керек, өйткені социал-демократияның насихаттан, үгіттен, ұйымдастырудан құралатын бүкіл әр алуан қызметі осы өзекті пунктте тоғысуға және соның маңына топталуға тиіс. Біз *мұның үстіне* программаның айрықша абзацын мынаны көрсетуге арнаған жөн болар еді деп ойлаймыз: социал-демократиялық жұмысшы партиясы абсолютизмге қарсы қандай да болсын революциялық қозғалысты және самодержавиелік үкіметтің чиновниктік қамқорлық пен жалған садақа арқылы, біздің неміс жолдастарымыз «Peitsche und Zuckerbrot» (қамшы мен тоқаш) деп атаған демагогтық саясат арқылы халықтың саяси санасын аздырып, көмескілендіру үшін жасаған әрекеттерінің бәріне қарсы күресті қолдауды өзінің *міндеті* етіп алға қояды. Тоқаш = садақа: материалдық жағдайын ішінара және кей жағынан жақсартуға бола өздерінің саяси талаптарынан бас тартатын, сөйтіп полициялық озбырлықтың көнбісті құлы болып қалатын адамдарға арналады (студенттерге — жатақханалар, т. б., жұмысшыларға — финанс министрі Виттенің 1896 және 1897 жылдардағы С.-Петербург стачкалары кезіндегі прокламацияларын [97] немесе ішкі істер министрлігі мүшелерінің 1897 жылғы 2 июньдегі заңды шығару жөніндегі комиссияда жұмысшыларды жақтап сөйлеген сөздерін еске түсірсек болғаны). Қамшы = қудалаудың күшейтілген құралы осы садақаларға қарамастан саяси бостандық үшін күрескер болып қалатындар үшін қолданылады (студенттерді солдатқа алу [98]; жұмысшыларды Сибирьге жер аудару туралы 1897 жылғы 12 августа берілген нұсқау хат; социал-демократияға қарсы қудалаушылықты күшейту және басқалар). Тоқаш — әлсіздерді алдарқату, оларды

сатып алу және аздыру үшін қолданылады; қамшы — жұмысшы және халық ісін жақтайтын адал және саналы күрескерлерді қорқыту және «зиянсыз» ету үшін қолданылады. Абсолютизм өмір сүріп тұрғанда (— ал біз қазір өзіміздің программамызды абсолютизм өмір сүріп тұрғандағы жағдайға үйлестіріп жасауымыз керек, өйткені оның құлауы саяси жағдайлардың айтарлықтай өзгеруіне сөзсіз себепші болады, ал бұл өзгеріс жұмысшы партиясын өзінің таяудағы саяси міндеттерінің тұжырымын едәуір өзгертуге мәжбүр ететін болады) — абсолютизм өмір сүріп тұрғанда, біз үкіметтің осы демагогтық шараларының үнемі жаңаланып, күшейтілуін күтуге тиістіміз, олай болса оларға қарсы үнемі күрес жүргізіп, халықтың полициялық қамқоршыларының алдамшылығын әшкерелеу керек, үкімет реформаларының жұмысшылардың күресімен байланыстылығын көрсетуіміз, пролетариатты әрбір реформаны өзінің жауынгерлік позициясын нығайту үшін, жұмысшы қозғалысын кеңейтіп, тереңдету үшін пайдалануға үйретуіміз керек. Ал абсолютизмге қарсы *барлық* күрескерлерді қолдайтындығымызды программада көрсетуіміздің керек болатын себебі: орыс жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерімен тығыз біріккен орыс социал-демократиясы саяси бостандық үшін күресе алатын немесе тым болмағанда осындай күресті немен болса да қолдай алатын барлық жіктер мен элементтерді өзінің төңірегіне біріктіру үшін *жалпы демократиялық* туды көтеруі керек.

Программамыздың *принциптік* бөлімі қанағаттандырарлық талаптарға және программада мүмкіншіне дәл және айқын көрсетілуге тиісті негізгі қағидаларға біздің көзқарасымыз, міне, осындай. «Еңбекті азат ету» тобының программа жобасынан (принциптік бөлімінен), біздің ойымызша, мыналар алынып тасталуға тиіс: 1) шаруалардың жер иемдену формасын көрсеткен сөздер (шаруалар мәселесі туралы біз төменде сөз қыламыз); 2) интеллигенцияның «тұрақсыздығының» және т. т. себептерін көрсеткен сөздер; 3) «саяси өкілдіктің қазіргі системасын жою және оның орнына халықтың тікелей заң шығаруын орнату» туралы пункт; 4) «саяси күн-

рестің құралдары» туралы пункт. Рас, біз осы соңғы пункттен ескірген немесе теріс деп тапқандай еш нәрсе көріп отырғанымыз жоқ: қайта, біздіңше, құралдар нақ «Еңбекті азат ету» тобы көрсеткен құралдар болуға тиіс (үгіт,— революциялық ұйым,— «қолайлы уақытта», *принципінде* террордан да бас тартпайтын батыл шабуылға көшу),— бірақ, біздің ойымызша, 1885 жылы революционерлердің шетелдегі тобының программасында керек болған қимыл құралдарын *жұмысшы партиясының* программасында көрсету орынсыз болар еді. Программа құралдарды таңдап алуды күресуші ұйымдарға және партияның *тактикасын* белгілейтін партия съездеріне беріп, құралдар туралы мәселені ашық қалдыруы керек. Бірақ *тактика* мәселелері (абсолютизмге қарсы шығушы өзге күрескерлерге көзқарас туралы мәселе сияқты неғұрлым маңызды және *принциптік* мәселелерден басқасы) программаға енгізіле қояр ма екен. Тактика мәселелері, олардың тууына қарай, партияның газетінде талқыланады және партияның съезінде түпкілікті шешілетін болады. Біздің ойымызша, террор туралы мәселе де осыған жатады: бұл мәселені талқылауды — және, әрине, принциптік жағынан емес, тактикалық жағынан талқылауды—социал-демократтар қайткенде де бастаулары керек, өйткені қозғалыстың өсуі шпиондардың өлтірілуінің жиіленуіне, өздерінің барған сайын көп жолдастарының жекелеп қамауға алынған түрмелерде және айдалып барған жерлерінде азаппен өлтірілуін көріп отырған жұмысшылар мен социалистердің арасында ашынудың күшеюіне өзінен-өзі, стихиялық түрде жеткізеді. Теріс түсінік болмауы үшін осы бастан мынаны ескерте кетелік: өзіміздің жеке пікіріміз бойынша, террор *қазіргі кезде* күрестің *жарамсыз* құралы, партия *(партия ретінде)* оны қабылдамауы керек (тактиканың да өзгеруін керек ететін жағдайлардың өзгеруіне дейін) және *өзінің барлық күштерін* ұйымды нығайтуға, әдебиетті дұрыс жеткізуге жұмсауы керек. Бұл жерде ол туралы толық айтып жату орынсыз.

Халықтың тікелей заң шығаруы туралы мәселеге келетін болсақ, біздің ойымызша, оны программаға енгі-

зудің қазіргі уақытта тіпті керегі жоқ. Социализмнің жеңуін парламентаризмнің орнына халықтың тікелей заң шығаруын *орнатумен* принципті байланыстыруға болмайды. Біздің ойымызша, мұны Эрфурт программасы жөніндегі айтыс және Каутскийдің халықтың заң шығаруы туралы кітабы дәлелдеді. Халықтың заң шығаруының белгілі пайдасын Каутский (тарихи және саяси талдау арқылы) мынадай жағдайларда мойындайды: 1) қала мен деревняның арасында қарама-қарсылықтың болмауы немесе қалалардың басым болуы; 2) жоғары дамыған саяси партиялардың болуы; 3) «халықтың өкілдігіне дербес қарсы тұратын, шамадан тыс орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің болмауы». Россияда біз бұған *мүлде қарама-қарсы* жағдайларды көріп отырмыз, сондықтан «халықтың заң шығаруының» империалистік «плебисцитке» айналу қаупі бізде айрықша күшті болар еді. Егер 1893 жылы Каутский Германия мен Австрия туралы: «біздер, шығыс европалықтар үшін, халықтың тікелей заң шығарушылығы «болашақтағы мемлекет» саласына жатады» деген болса, онда Россия туралы айтпай-ақ қойса да болады. Сондықтан қазір, Россияда самодержавие үстемдік жүргізіп отырған уақытта, бізге «демократиялық конституцияны» талап етумен шектелу керек және «Еңбекті азат ету» тобы программасының практикалық бөлімінің бастапқы екі пунктін «Эрфурт программасының» практикалық бөлімінің бастапқы екі пунктіне алмастыру қажет деп ойлаймыз.

Программаның практикалық бөліміне көшелік. Бұл бөлім, біздің ойымызша, баяндалуы жағынан болмаса да, істің мәні жағынан үш бөлімге бөлінеді: 1) жалпы демократиялық қайта құрылыстарды талап ету; 2) жұмысшыларды қорғау шараларын қолдануды талап ету және 3) шаруалардың мүдделерін көздейтін шаралар қолдануды талап ету. Бірінші бөлім бойынша «Еңбекті азат ету» тобының «программа жобасын» айтарлықтай өзгертудің қажеті бола қояр ма екен, бұл жоба 1) жалпыға бірдей сайлау правосын; 2) өкілдерге жалақы төленуін; 3) жалпыға бірдей, азаматтық, тегін және міндетті оқуды және т. т.; 4) азаматтардың жеке ба-

сына және тұратын үйлеріне тимеуді; 5) ожданға, сөзге, жиналыстарға және т. т. шексіз бостандық болуын (бұған әдейілеп: стачкаларға бостандық болуын қосқан жөн болар еді); 6) бір жерден бір жерге ауысуға және кәсіптерге бостандық болуын [бұған, бәлкім: «қоныс аударуға бостандық болуын» және «паспорттардың толық жойылуын» қосқан жөн болар еді]; 7) барлық азаматтардың толық тең праволы болуын және т. т.; 8) тұрақты әскерлерді жалпы халықтың қарулануымен ауыстыруды; 9) «біздің бүкіл азаматтық және қылмыс заңдарымызды қайта қарауды, сословиеге бөлушілікті және адамгершілікпен ешбір сыйыспайтын жазаларды жоюды» талап етеді. Бұған: «әйелдердің праволарының еркектердің праволарымен толық теңдігін орнатуды» дегенді қосу керек болар еді. Бұл бөлімге «Еңбекті азат ету» тобының программасында тұжырымдалған «жұмысшы партиясы осы негізгі саяси праволарға сүйене отырып алға қоятын» талаптардың ішіндегі финанс реформаларын талап ету — «осы күнгі алым-салық жүйесін жою және кіріске қарай табыс салығын енгізу» талабы қосылуы керек. Ақырында, бұл бөлімде тағы да «чиновниктерді халықтың сайлайтын болуы; әрбір азаматқа чиновниктің қайсысын болса да бастықтарға шағым берместен, сот арқылы қудалауға право беру» талабы болуы тиіс.

Практикалық талаптардың екінші бөлімі бойынша біз «Еңбекті азат ету» тобының программасынан «жұмысшылардың (қалалық және селолық) кәсіпкерлермен қатынастарын заң жүзінде тәртіптеудің және жұмысшылардан өкілдер кіретін тиісті инспекцияны ұйымдастырудың» жалпы талабын көреміз. Біздің ойымызша, *жұмысшы партиясы* бұл пункт бойынша қойылатын талаптарды неғұрлым нақты және толығырақ баяндап, мыналарды талап етуге тиіс: (1) 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу; (2) түнгі жұмысқа тыйым салу; 14 жасқа дейінгі балаларға жұмыс істетуге тыйым салу; (3) әр жұмысшыға аптасына кемінде 36 сағат үздіксіз демалыс беру; (4) фабрикалық заңдар мен фабрикалық инспекцияны өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларында, қазына фабрикаларында, қолөнер кәсіпорын-

дарында және үйлерінде істейтін майдагерлерге қолдану. Инспекторлармен бірдей праволары болатын инспектор жәрдемшілерін жұмысшылардың өздері сайлайтын болуы; (5) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларында қожайындар мен жұмысшылардан тең сайланатын судьялары бар өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық соттарын құру; (6) барлық жерде ақыны товарлай төлеуді сөзсіз тыю; (7) өнеркәсіп жұмысшыларының болсын, ауыл шаруашылық жұмысшыларының болсын бақытсыздық жағдайға ұшыраған және мүгедек болған реттерінің бәрінде де фабриканттардың жауапты болуын заң бойынша белгілеу; (8) қандай да болса жұмысшыларды жалдаған реттердің бәрінде оларға кем дегенде аптасына бір рет ақы төленуін заң жолымен белгілеу; (9) жалдаушылар мен жалданушылардың тең праволылығын бұзатын заңдардың бәрін (мәселен, фабрика және село жұмысшыларының жұмыстан кеткендігі үшін қылмысты деп танылып, жауапқа тартылуы туралы заңдарды; жалдану шартын бұзуға жалдаушыларға жалданушылардан гөрі неғұрлым көбірек еркіндік беретін заңдарды, тағы басқаларды) жою. (Біз жобаға керек болатын түпкілікті тұжырымды берместен, тек қажетті деген талаптарды ғана белгілеп отырғанымыз өзінен-өзі түсінікті.) Программаның бұл бөлімі (мұның алдыңғысымен байланысты) үгіт үшін негізгі, жетекші ережелерді беруі керек, кейбір жерлерде, кейбір өндіріс салаларында, фабрикаларда және басқа жерлерде біраз өзгеше, неғұрлым нақтылы, неғұрлым жеке талаптарды үгітшілердің ұсынуына, әрине, ешбір кедергі жасалмауы керек. Сондықтан программаның осы бөлімін жасағанда біз екі ұшқарылықтан сақтануға тырысуымыз керек: бір жағынан, *бүкіл* жұмысшы табы үшін айтарлықтай маңызы бар басты, негізгі талаптардың бірде-бірін елеусіз қалдырмауымыз керек; екінші жағынан,— тым ұсақ мәселелерге салынып кетпеуіміз керек, программаны ұсақ мәселелермен бұлай толтыру пайдасыз болар еді.

«Еңбекті азат ету» тобының программасында айтылған «өндіруші ассоциацияларға мемлекеттік жәрдем беру» талабы, біздің ойымызша, программадан мүлде шы-

ғарылып тасталуы керек. Басқа елдердің тәжірибесі де, теориялық пікірлер де, орыс өмірінің ерекшеліктері де (буржуазиялық либералдардың және полициялық үкіметтің жұртты «артельдермен» және «халықтық өнеркәсіпке» «қамқорлық жасаумен» алдарқатуға бейім болуы және т. т.) — осының бәрі бұл талапты қоюға қарсы дәлел болып отыр. (Әрине, мұнан 15 жыл бұрын істің жайы көп реттерде басқаша болды, сондықтан *ол кезде* социал-демократтардың осындай талапты өз программасына енгізуі табиғи орынды еді.)

Бізге енді программаның практикалық бөлімінің соңғы — үшінші — бөлімі: шаруалар мәселесі жөніндегі талаптар қалып отыр. «Еңбекті азат ету» тобының программасынан осындай бір талапты, атап айтқанда «біздің аграрлық қатынастарымызды, яғни жерді сатып алу және оны шаруалар қоғамдарына беру шарттарын негізінен қайта қарау. Өздері мұны қолайлы деп тапқан шаруаларға үлесті жерін тастап, қауымнан шығу правосын беру, және т. б.» талабын көреміз.

Менің ойымша, мұнда айтылған негізгі пікір әбден дұрыс, социал-демократиялық партия өзінің программасында тиісті (тиісті деп отырмын, өйткені кейбір өзгертулер, меніңше, керекті болады) талапты шынында да алға қоюы керек.

Мен бұл мәселені былай түсінемін. Россиядағы шаруалар мәселесінің Батыстағы шаруалар мәселесінен едәуір айырмашылығы бар, бірақ ол айырмашылығы *тек мынада* — Батыста әңгіме түгелімен дерлік капиталистік, буржуазиялық қоғамдағы шаруа туралы болып отыр, ал Россияда әңгіме көбінесе — *капитализмге дейінгі* тәртіптер мен қатынастардан, *крепостниктіктің қалдықтарынан* аз зардап шекпейтін (көбірек зардап шегеді демесек) шаруа туралы болып отыр. Абсолютизмге қарсы және крепостниктіктің қалдықтарына қарсы күрескерлерді шығаратын тап ретіндегі шаруалардың ролі Батыста қазірде атқарылып біткен іс, ал Россияда әлі атқарылған жоқ. Батыста өнеркәсіп пролетариаты деревнядан баяғыда-ақ және айқын жіктеліп бөлініп шықты, ал бұл бөлінушілік тиісті праволық мекемелер арқылы баянды етілді. Россияда «өнеркәсіп пролетариа-

ты өзінің құрамды элементтері және тіршілік ету жағдайлары жағынан деревнямен әлі күшті байланысты болып отыр» (П. Б. Аксельрод, цитат келтірілген кітапша, 11-бет). Рас, шаруалардың ұсақ буржуазияға және жалдама жұмысшыларға айналып, жіктелу процесі бізде орасан зор күшпен және таңқаларлықтай тездікпен жүріп жатыр, бірақ бұл процесс аяқталудан әлі көп қашық, және — ең бастысы — бұл процесс әлі де болса барлық шаруаларды жаппай кепілдіктің және томаға-тұйық қауымның ауыр бұғауымен матастырып байлайтын ескі, крепостниктік мекемелердің шеңберінде жүріп жатыр. Сонымен, орыс социал-демократы (осыны жазып отырған адам сияқты) капиталистік қоғамдағы ұсақ меншікті немесе ұсақ шаруашылықты қорғауға немесе қолдауға мейлінше қарсы шығушылардың қатарында болса да, яғни ол тіпті аграрлық мәселеде де кез келген буржуйлар мен оппортунистер қазір «догматик» және «хақ дінді» деп балағаттауды тәуір көретін марксистердің жағына (осыны жазып отырған адам сияқты) шықса да,— өзінің сенімдеріне ешбір нұқсан келтірместен, қайта керісінше, осы сенімдерінің арқасында,— жұмысшы партиясының өз туына шаруаларды (*тіпті де* ұсақ меншікшілердің немесе ұсақ қожайындардың табы ретінде емес) *қолдауды* жазуын жақтай алады және жақтауы тиіс, *себебі — бұл шаруалар крепостниктіктің жалпы қалдықтарына қарсы және соның ішінде абсолютизмге қарсы революциялық күрес жүргізе алады.* Социал-демократ болып отырған біздің барлығымыз, айтылған құбылыстарға қарсы *революциялық күрес жүргізе алатын болғандықтан,* ірі буржуазияны да қолдауға дайынбыз деп отырмыз ғой,— олай болса, біз бірте-бірте пролетариатқа қосылып отырған ұсақ буржуазияның сан миллиондаған табына мұндай көмек беруден қалайша бас тартамыз? Ірі буржуазияның либералдық талаптарын қолдаудан ірі буржуазияны қолдау деген мағына шықпайтын болса, онда ұсақ буржуазияның демократиялық талаптарын қолдау әсте де ұсақ буржуазияны қолдағандық болып шықпайды емес пе: қайта керісінше, Россияға саяси бостандық ашып беретін дамудың нақ өзі ұсақ шаруашылықты капиталдың соқ-

қысы астында күйреуге айрықша күшпен бастайды ғой. Менің ойымша, бұл пункт жөнінде социал-демократтардың арасында талас болмасқа тиіс. Олай болса, барлық мәселе мынада болып отыр: 1) капиталистік қоғамдағы ұсақ қожайындарды қолдауға *әкеліп соқпайтын* талаптарды нақты қалай белгілеуге болады? және 2) біздің шаруаларымыз крепостниктіктің қалдықтарына және абсолютизмге қарсы *революциялық* күресті аздап болса да жүргізе ала ма?

Екінші мәселеден басталық. Орыс шаруаларының ішінде революцияшыл элементтердің бар екендігін ешкім де бекер дей алмас. Реформадан кейінгі уақытта да шаруалардың помещиктерге, олардың басқарушыларына, оларды қорғаған чиновниктерге қарсы көтеріліс жасағандығы, аграрлық шиеленіске байланысты қантөгістер, бүліктер болғаны және т. т. фактілер жұртқа мәлім. Земство бастықтары деген атпен шаруаларға қарсы айдап салынған ақсүйек жалаң аяқтар тобының айуандық озбырлығына қарсы шаруалар арасында туған (олардың ішіне енген мардымсыз білім сәулесінің өзі де адамгершілік сезімін оята бастады) ашынудың өскендігін көрсететін фактілер жұртқа мәлім. Миллиондаған халықтың ашаршылыққа ұшырау фактісінің үнемі жиілей түсуі жұртқа мәлім, ал бұлар ондай «азық-түлік тапшылығына» бөгде адамша немқұрайды қарап тұра алмайды. Шаруалар арасында сектанттық пен рационализмнің өсу фактісі жұртқа мәлім,— ал саяси наразылықтың діни бүркеншікпен сыртқа шығуы — жалғыз Россия халықтарына ғана емес, сонымен бірге дамудың белгілі сатысындағы халықтардың бәріне тән құбылыс. Сонымен, шаруалар ішінде революцияшыл элементтердің бар екендігіне ешбір күмән болмасқа тиіс. Біз осы элементтердің күшін ешбір асыра бағаламаймыз, шаруалардың саяси кенже қалып отырғандығын, қараңғылығын ешбір естен шығармаймыз, «мағынасыз және аяусыз орыс бүлігі» мен революциялық күрестің арасындағы айырмашылықты ешбір жуып-шаймаймыз, шаруаларды саясат жүзінде алдауға және аздыруға үкіметтің неңдей мол құралы бар екендігін ешбір ұмытпаймыз. Ал мұның барлығынан тек мынадай қорытынды

шығады: шаруаларды революциялық қозғалыстың *тұлғасы* етіп көрсету ақылдан жазу болар еді, өз қозғалысының революцияшылдығын шаруалардың революциялық ниетте болуымен *байланыстырған* партия ақылсыз партия болар еді. Біз орыс социал-демократтарына осындай бірдеңені ұсынуды тіпті ойлағанымыз да жоқ қой. Біз тек мынаны айтамыз: жұмысшы партиясы марксизмнің негізгі өсиеттерін бұзғысы келмесе және орасан зор саяси қате жасағысы келмесе, шаруалардың ішінде де бар болып отырған революциялық элементтерден *сырт айнала алмайды,* бұл элементтерге жәрдем көрсетпей тұра алмайды. Орыс шаруаларының осы революцияшыл элементтері өздерін ең болмағанда батыс европалық шаруалардың абсолютизмді құлатқан кезде көрсеткеніндей көрсете ала ма,— бұл әлі тарих жауабын бермеген сұрақ. Егер көрсете алмаса,— социал-демократия мұнан өзінің қадірлі атағына, өзінің қозғалысына ешбір нұқсан келтірмейді, өйткені шаруалардың оның революциялық шақыруына үн қоспауы (бәлкім, үн қосуға мүмкіндігі болмаған шығар) социал-демократияның айыбы емес. Жұмысшы қозғалысы ірі немесе ұсақ буржуазияның қандай да болсын опасыздық етуіне қарамастан, өз жолымен жүріп келеді және жүре бермекші. Егер мұны істей алса,— онда мұндай шақта шаруаларға көмек бермеген социал-демократия өзінің қадірлі атағынан және демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болып саналу правосынан біржолата айрылған болар еді.

Жоғарыда қойылған бірінші сұраққа келгенде, біз «аграрлық қатынастарды негізінен қайта қарау» талабы бізге көмескі болып көрінетінін айтуға тиістіміз: ол талап мұнан 15 жыл бұрын жеткілікті болуы мүмкін еді, бірақ қазір, біз әрі үгітке жетекші материал беруіміз керек, әрі қазіргі орыс қоғамында соншама көп болып отырған және Победоносцев, Витте мырзалар мен ішкі істер министрлігінің толып жатқан чиновниктері сияқты соншама «беделді» жақтастарды тауып отырған, ұсақ шаруашылықты қорғаушылардан өзімізді аулақ ұстауымыз керек болып отырғанда, онымен қанағаттануға бола қояр ма екен. Біз программамыздың практи-

қалық бөлімінің үшінші бөлігін шамалап айтқанда былайша тұжырымдауды жолдастардың талқысына ұсынуды ұйғарар едік:

«Қазіргі мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа қарсы революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдай отырып, орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясы орыс халқының правосыздығынан және орыс қоғамындағы крепостниктік правоның қалдықтарынан неғұрлым көп жапа шегіп отырған тап ретінде шаруалар самодержавиеге қарсы революциялық күрес жүргізе алатын болғандықтан, өзінің шаруаларды қолдайтындығын ашық жариялайды.

Осы принципті негізге ала отырып, орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясы мыналарды талап етеді:

1) Төлемдер мен оброк алымдарын, сондай-ақ қазіргі кезде алым-салық төлейтін сословие ретіндегі шаруаларға түсіп отырған барлық салықтарды жою.

2) Үкімет пен помещиктер шаруалардан төлем алымдары түрінде талап алған ақшаны халыққа қайтарып беру.

3) Жаппай кепілдікті және шаруалардың жерге иелік етуіне қысым жасайтын заңдардың бәрін жою.

4) Шаруалардың помещиктерге крепостнойлық түрде тәуелді болуының барлық қалдықтарын жою, бұл қалдықтар айрықша заңдар мен мекемелерден туа ма (мәселен, Урал кен заводтары округтеріндегі шаруалар мен жұмысшылардың жағдайы) немесе шаруалар мен помещиктердің жері әлі де болса межеленбеуінен туа ма (мәселен, Батыс өлкедегі сервитуттардың қалдықтары [99]), немесе шаруалардың жерін помещиктің кесіп алуы шаруаларды іс жүзінде бұрынғы барщиналық шаруалардың ауыр халіне түсіруінен туа ма, ол жағы бәрібір.

5) Шаруаларға шектен тыс жоғары аренда ақысын төмендетуді сот арқылы талап ету және өсімқорлығы үшін помещиктерді, жалпы алғанда шаруалардың мұқтаждығын пайдаланып, олармен кіріптарлық келісім жасайтын адамдардың бәрін заң арқылы қудалау правосын беру».

Мұндай ұсынысты дәлелдеуге біз айрықша толық тоқталуымыз керек,— тоқталғанда программаның бұл бөлімі өте маңызды болғандықтан емес, бұл бөлім көп талас туғызып жүргендіктен және жалпы жұрт белгілеген, барлық социал-демократтар таныған ақиқаттармен байланысы неғұрлым кемірек болғандықтан толық тоқталуымыз керек. Шаруаларды (партты) «қолдау» туралы кіріспеде айтылатын қағиданың бізге керекті корінетін себебі — пролетариат, жалпы айтқанда, ұсақ қожайындар табының мүдделерін қорғауды өз міндетіне ала алмайды және алмауы да керек; пролетариат тек оны революцияшылдығы *үшін ғана* қолдай алады. Ал нақ самодержавие қазіргі кезде Россияның бүкіл артта қалғандығын, крепосниктік тәртіптің, правосыздықтың және «патриархтық» езгінің қалдықтарын бейнелеп отырғандықтан, жұмысшы партиясы шаруаларды тек олардың *самодержавиеге* қарсы революциялық күрес жүргізе алатындығына қарай қолдайтынын көрсету қажет. Мұндай қағидаға «Еңбекті азат ету» тобының жобасындағы мына қағида қайшы келетін болса керек: «Абсолютизмнің ең басты сүйеніші — атап айтқанда шаруалардың саясатқа немқұрайды қараушылығында және білім жағынан артта қалғандығында болып отыр». Бірақ мұның өзі теорияның қайшылығы емес, өмірдің өзіндегі қайшылық, өйткені шаруаларда (жалпы ұсақ қожайындар табындағы сияқты) екіұштылық сипат бар. Шаруалардың ішкі қайшылықты жағдайын дәлелдейтін, жұртқа мәлім саяси-экономикалық дәлелдерді қайталамастан, Маркстің 50-жылдардың басындағы француз шаруаларына берген мына сипаттамасын естеріңізге сала кетейік:

«...Бонопарттың династиясы — революцияшыл емес, консерватор шаруаның өкілі; парцелла бойынша белгіленетін өзінің өмір сүруінің әлеуметтік жағдайларынан құтылуға ұмтылатын шаруаның емес, бұл жағдайларды және бұл парцелланы баянды еткісі келетін шаруаның өкілі;— қалаларға қосылуға және ескі тәртіпті өз жігерінің күшімен құлатуға ұмтылатын село халқының емес, мұның керісінше, бұл ескі тәртіпке тұйықталып, империяның елесінен оның өзін және өзінің парцелла-

сын құтқаруды, өзіне ардақтылық орын беруді күтетін село халқының өкілі болып табылады. Бонопарттың династиясы —шаруаның көзі ашылуының емес, оның жоққа нануының өкілі, оның ақыл-ойының емес, оның соқыр сенімінің өкілі, оның болашағының емес, өткендегісінің өкілі, оның осы күнгі Севендерінің емес, осы күнгі Вандеясының өкілі болып табылады» («Der 18. Brumaire», S. 99 *). Жұмысшы партиясы үшін осы «ескі тәртіпті», яғни Россияда бәрінен бұрын және бәрінен көбірек самодержавиені құлатуға тырысатын нақ осы шаруаны қолдау қажет. Орыс социал-демократтары халықшылдардың доктринасы мен бағытынан оның революциялық жағын алып, қабылдау қажет екендігін әрқашан мойындап келген. «Еңбекті азат ету» тобының программасында бұл жоғарыда цитатқа алынған «негізінен қайта қарау» талабында және басқаларында ғана емес, сонымен бірге мына сөздерде де келтірілген: «Шаруалармен тікелей араласып отырған адамдар тіпті қазіргі кезде де өздерінің шаруалар арасындағы қызметімен Россиядағы социалистік қозғалысқа айтарлықтай пайда келтіре алатыны өзінен-өзі түсінікті. Социал-демократтар мұндай адамдарды өздерінен сыртқа теппейтіні былай тұрсын, қайта өз қызметінің негізгі принциптерінде және әдістерінде олармен келісуге барынша тырысады». Мұнан 15 жыл бұрын, революцияшыл халықшылдықтың дәстүрлері әлі өшпеген кезде, мұндай сөздер айту жеткілікті еді, бірақ қазір, социал-демократиялық жұмысшы партиясының демократия жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер болуын тілесек, шаруалар арасында «жұмыс жүргізудің негізгі принциптерін» талқылауды өзіміз бастауымыз керек.

Бірақ біздің ұсынған талаптарымыз шаруалардың өз басын емес, олардың меншігін қорғауға бастамай ма? ұсақ шаруашылықты нығайтуға бастамай ма? бұл талаптар капиталистік дамудың бүкіл барысына сәйкес келе ме? Марксист үшін неғұрлым маңызды болып отырған осы мәселелерді қарап өтелік.

* — «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», 99-бет.[100] *Ред.*

1-талап пен 3-талапқа келгенде социал-демократтардың арасында *істің мәні жөнінде* талас бола қояр ма екен. Екінші талап істің мәніне келгенде де алауыздық туғызуы ықтимал. Оның пайдасына, біздің ойымызша, мына пікірлерді келтіруге болады: (1) төлем алымдары помещиктердің шаруаларды түп-тура талауы болды, бұл төлемдер шаруалардың жері үшін ғана емес, крепостниктік право үшін де төленді, үкімет шаруалардан помещиктерге төлегендегісінен гөрі *көбірек* жинап алды, бұл факт; (2) бұл фактіге әбден аяқталған және тарихтың архивіне беріліп қойған оқиға деп қарауға біздің ешбір дәлеліміз жоқ, өйткені өздерінің сол кездегі «құрбандықтары» туралы енді айқай-шу көтеріп жүрген ізгі жанды қанаушылардың өздері де шаруалар реформасына бұлай қарамайды; (3) нақ қазір, миллиондаған шаруалардың ашығуы үздіксіз ұласып отырған кезде, үкімет помещиктер мен капиталистерге сыйлыққа, авантюристік сыртқы саясатқа миллиондаған сом ақшаны шашып, аштарға берілетін жәрдемдерден тиын-тебен жырымдап отырған кезде, нақ осы кезде артықша жағдайдағы таптардың мүдделеріне қызмет ететін самодержавиелік үкіметтің қожалық етуінің халыққа қаншама қымбатқа түскенін еске түсіру орынды және қажетті; (4) социал-демократтар шаруалардың ашығуына және олардың аштан өлуіне немқұрайды қарай алмайды. Ашыққандарға барынша мол көмек беру керектігі туралы орыс социал-демократтарының арасында еш уақытта да екі түрлі пікір болған емес. Ал революциялық шаралар қолданбайынша, елеулі көмек көрсетуге болады деп ешкім де айта алмас; (5) удельдік жерлерді экспроприациялау және дворяндардың жерлерін молынан мобилизациялау,— яғни ұсынылып отырған талапты жүзеге асырудың нәтижесі болатын шараларды қолдану,— Россияның бүкіл қоғамдық дамуына тек пайда келтірер еді. Ұсынылып отырған талапқа *қарсы* дәлел ретінде бізге, сірә, көбінесе, оның «орындалмастығы» көрсетілуі ықтимал. Егер бұлай дегенде «революционаризмге» және «утопизмге» қарсы жалаң сөздерге сүйенетін болса, онда мұндай *оппортунистік жалаң сөздерден* біз ешбір қорықпаймыз және бұларға ешқандай мән

бермейтінімізді алдын ала айтамыз. Егер мұны біздің қозғалысымыздың экономикалық және саяси жағдайларын талдаумен дәлелдемек болса, онда біз бұл мәселені толығырақ талқылау қажеттігін және бұл мәселе жөніндегі айтыстың пайдалылығын әбден мойындаймыз. Тек мынаны ескерте кетеміз: бұл талап өз алдына дербес қойылмайды, шаруалардың революцияшылдығына *қарай* оларды қолдау талабына оның бір бөлегі болып қосылады. Шаруалардың осы элементтері өздерін дәл қалай және қандай күшпен көрсетеді деген мәселені тарих шешеді. Егер талаптардың «орындаларлығын» олардың қоғамдық даму мүдделеріне жалпы сәйкес келетіндігі деп түсінбей, экономикалық және саяси жағдайлардың қазіргі коньюнктурасымен сәйкес келуі деп түсінетін болсақ, онда мұндай өлшем мүлдем дұрыс болмас еді, мұны Польшаның тәуелсіздігі туралы талаптың «орындалмастығын» (поляк жұмысшы партиясы үшін) көрсеткен Роза Люксембургке қарсы айтысында Каутский айқын көрсеткен болатын. Каутский ол кезде (есімізден шығып кетпесе), мысал ретінде, Эрфурт программасындағы чиновниктерді халықтың сайлауы туралы айтқан талабын көрсеткен еді. Бұл талаптың қазіргі Германияда «орындаларлығы» тіпті екіталай, бірақ социал-демократтардың ешқайсысы да өздерінің талаптарын қазіргі кезде және қазіргі жағдайларда ғана мүмкін болатын нәрсенің тар шеңберімен шектеуді ұсынған емес.

Онан соң, 4-пунктке келетін болсақ, принципінде социал-демократтар үшін крепостниктік тәуелділіктің барлық қалдықтарын жою туралы талапты қою қажет екендігіне ешкім де қарсы бола қоймас. Әңгіме, сірә, бұл талапты тұжырымдау туралы, онан соң қаншалық кең көлемде қою туралы ғана болмақ, яғни оған, мысалы, 1861 жылы шаруалардың жерін кесіп алудан туған шаруалардың *іс жүзіндегі* барщиналық тәуелділігін жоятын шараларды қолдану талабын енгізу керек пе? — деген мәселе туралы болмақ. Біздің ойымызша, бұл мәселені мақұлдап шешуіміз керек. Барщиналық (жұмыс істеп өтеу) шаруашылықты іс жүзінде бастан өткізу ауыртпалығының аса зор маңызы бар екені, сондай-ақ

оның қоғамдық дамуға (және капитализмнің дамуына) зор кедергі жасайтындығы әдебиетте толық анықталған. Әрине, капитализмнің дамуы бұл ауыртпалықтың «өздігінен, табиғи жолмен» жойылуына бастайды және түбінде соған әкеліп соғады, бірақ, біріншіден, ауыртпалық өте сіріжанды болып отыр, сондықтан оны өте тез жойылады деп сенуге болмайды, ал екіншіден — және бұл бастысы — «табиғи жол» дегеніміз *іс жүзінде* (жұмыс істеп өтеудің және басқалардың салдарынан) жерге байланған және помещиктер құлдыққа түсірген шаруалардың жаппай қырылуы деген сөз. Әрине, социал-демократтар мұндай жағдайларда өздерінің программасында бұл мәселе туралы үндемей қала алмайды. Бізден бұл талапты қалай жүзеге асыруға болады?—деп сұрар. Біздің ойымызша, бұл туралы программада айтып жатудың қажеті жоқ. Әрине, бұл талапты жүзеге асыру (бұл бөлімге кіретін талаптардың бәрінің дерлік жүзеге асырылуы секілді, мұның да жүзеге асырылуы шаруалардың революцияшыл элементтерінің күшіне байланысты) сайлаумен құрылатын жергілікті шаруалар комитеттерінің жергілікті жағдайларды барлық жағынан талдап қарауын керек етеді,— талдап қарағанда өздерінің «заңды» тонауын 60-жылдары жасаған дворяндар комитеттеріне қарама-қарсы талдап қарауын талап етеді; программаның демократиялық талаптары мұның үшін керек болатын демократиялық мекемелерді жеткілікті түрде белгілейді. Бұл «Еңбекті азат ету» тобының программасы сөз қылған «аграрлық қатынастарды негізінен қайта қараудың» нақ өзі болар еді. Жоғарыда айтылғандай, біз «Еңбекті азат ету» тобы жобасының осы пунктіне принципінде қосыламыз, біздің тілейтініміз тек мыналар: (1) шаруалардың таптық мүдделері үшін пролетариаттың қандай жағдайларда күресе алатынын ескерту; (2) қайта қараудың *сипатын* белгілеу: крепостниктік тәуелділіктің қалдықтарын жою; (3) талаптарды неғұрлым нақтылап көрсету.— Тағы да бір қарсылық болатынын біліп отырмыз: кесіп алынған жерлер және тағысын-тағылар туралы мәселені қайта қарау бұл жерлерді шаруаларға қайтарып беруге бастайтын болуға тиіс. Бұл анық. Ендеше, осының өзі ұсақ меншікті, жер-

дің ұсақталып-бөлшектенуін нығайтпай ма екен? социал-демократтар, мүмкін, шаруалардан талап алынған жерде жүргізіліп отырған ірі капиталистік шаруашылықтың орнына ұсақ шаруашылықтардың орнатылуын тілей ала ма? Бұл *реакцияшыл* шара болып шығар еді ғой! — Біздің берер жауабымыз: ірі шаруашылықтың орнына ұсақ шаруашылықты орнату реакцияшылдық болатыны созсіз, сондықтан біз мұны қолдамауымыз керек. Бірақ талқыланып отырған талап «крепостниктік тәуелділіктің қалдықтарын жою» мақсатынан *туып отыр ғой* — олай болса, бұл талап шаруашылықтардың ұсақталуына бастай алмайды; бұл талаптың, асылында, таза барщиналық үлгідегі ескі шаруашылықтарға ғана қатысы бар — және *бұларға қарағанда*, қандай да болса орта ғасырлық қысымдардан азат (3-пунктті салыстырып қараңыз) шаруалар шаруашылығы *реакциялық емес, прогрестік* шаруашылық. Әрине, бұл жерде олардың арасына шекара тарту оңай емес,— бірақ программамыздың қандай да болса бір талабы «оңай» жүзеге асырылатын болсын деп біз тіпті ойламаймыз ғой. Біздің міндетіміз: негізгі принциптерді және негізгі міндеттерді белгілеу, ал жеке мәселелерді қарастыру осы міндеттерді практикада жүзеге асыруына тура келетін адамдардың ісі.

Соңғы пункт өзінің мақсаты бойынша осының алдындағы пункттегідей іске: *капитализмге дейінгі өндіріс әдісінің* барлық (орыс деревнясында соншама көп болып отырған) қалдықтарына қарсы күреске ұмтылады. Жұртқа мәлім, Россиядағы шаруалар арендасы екінің бірінде тек барщиналық қатынастардың сарқыншақтарын бүркемелеп отырады. Осы соңғы пункттің идеясын біз Каутскийден алдық; ол Ирландия жөнінде Гладстонның либералдық бағыттағы министрлігінің өзі-ақ 1881 жылы сотқа тым жоғары аренда бағасын төмендету правосын беру туралы заңды өткізгенін көрсете келіп, керекті талаптардың ішіне: «Осы мақсатпен құрылған сот мекемелерінің тым жоғары аренда ақысын азайтуы» (Reduzierung übermäßiger Pachtzinsen durch dazu eingesetzte Gerichtshöfe) туралы талапты енгізген. Мұның өзі Россияда барщиналық қатынастарды ығыс-

тыру мағынасында (әрине, мұндай соттарды демократиялық жолмен құрған жағдайда) өте пайдалы болар еді. Біздің ойымызша, бұған өсімқорлық туралы заңдарды кіріптарлық келісімдерге қолдану талабын да қосуға болар еді: орыс деревнясында кіріптарлықтың өте көп таралғандығы сонша, мұның шаруаны *жұмысшы ретінде* езетіні сонша, мұның әлеуметтік прогресті мықтап тежейтіндігі сонша, енді бұған қарсы күресу айрықша қажет. Ал келісімнің кіріптарлық, өсімқорлық сипатын анықтау сот үшін, әрине, аренда ақысының тым жоғарылығын анықтаудан қиын бола қоймас еді.

Жалпы және тұтас алғанда біздің ұсынып отырған талаптарымыз, біздің ойымызша, негізгі екі мақсатқа келіп тіреледі: 1) деревнядағы *капитализмге дейінгі* крепостниктік мекемелер мен қатынастардың бәрін жою (бұл талаптардың қосымшасы программаның практикалық бөлігінің бірінші бөліміне енген); 2) деревнядағы тап күресіне неғұрлым ашық және саналы сипат беру. Біздің ойымызша, Россиядағы социал-демократиялық «аграрлық программаға» нақ осы принциптер басшылық болуы керек;— Россияда соншама көп болып отырған, деревнядағы тап күресін *жұмсартуға* тырысатын әрекеттерден өзімізді үзілді-кесілді аулақ ұстауымыз керек. Үстем болып отырған либералдық-халықшылдық бағыт нақ осы сипатта болып отыр, бірақ мұны үзілді-кесілді қабылдамай тастаумен бірге [«Орыс социал-демократтарының Лондондағы халықаралық конгрестегі баяндамасына арналған қосымшада» істелгендей] біз халықшылдықтың революциялық мазмұнын басқасынан бөліп алуымыз тиіс екенін ұмытпауымыз керек. «Халықшылдық революцияшыл болғандықтан, яғни сословиелік-бюрократтық мемлекетке қарсы және халық бұқарасын қанау мен езудің мемлекет қолдаған тағылық формаларына қарсы күрескендіктен, ол тиісті өзгертулерімен, құрамды элемент ретінде, орыс социал-демократиясының программасына кіруі тиіс еді» (Аксельрод: «Қазіргі міндеттер мен тактика туралы мәселе жөнінде», 7-бет). Орыс деревнясында қазіргі кезде тап күресінің негізгі екі формасы қабаттаса келіп отыр: 1) шаруалардың артықша жағдайдағы жер иеле-

ріне қарсы және крепостниктіктің қалдықтарына қарсы күресі; 2) туып келе жатқан село пролетариатының село буржуазиясына қарсы күресі. Социал-демократтар үшін, әрине, екінші күрестің неғұрлым зор маңызы бар, бірақ бұл қоғамдық дамудың мүдделеріне *қайшы келмейтін болғандықтан,* олар бірінші күресті де қажетінше қолдауға тиіс. Шаруа мәселесінің орыс қоғамында және орыс революциялық қозғалысында соншама көп орын алғаны, алып та отырғаны кездейсоқ емес: бұл факті бірінші күрестің де өзінің зор маңызын әлі де сақтап отырғандығын көрсетеді.

Қорытындыда болуы мүмкін бір түсініспеушілікті алдын ала ескерте кетуіміз керек. Біз социал-демократияның шаруаларды «революцияға шақыруы» туралы айттық. Мұнымыз күшті беталды ысырап қылғандық, өнеркәсіп пролетариатының арасындағы жұмысқа қажет күштерді шоғырландыруға зиян тигізгендік болып шықпай ма? Тіпті де олай емес; мұндай шоғырландырудың қажеттігін орыс социал-демократтарының *бәрі* мойындайды, ол «Еңбекті азат ету» тобының 1885 жылғы жобасында да, 1898 жылы шыққан «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшада да айтылған. Олай болса, социал-демократтар өздерінің күштерін беталды ысырап етуі мүмкін деп қорқуға түк дәлел жоқ. Программа дегеніміз нұсқау емес қой: программа *бүкіл* қозғалысты қамтуы керек, ал практикада, әрине, қозғалыстың біресе бір жағын, біресе екінші жағын алдыңғы қатарға қоюға тура келеді. Программада өнеркәсіп жұмысшылары туралы ғана емес, село жұмысшылары туралы да айтудың қажеттігіне қарсы ешкім де таласа қоймас, ал сонымен бірге істің қазіргі жағдайында орыс социал-демократтарының бірде-бірі жолдастарды деревняға шақыруды ойлаған да жоқ. Бірақ жұмысшы қозғалысы өзінен-өзі, біз тіпті күш салмасақ та, деревняда демократиялық идеялардың таралуына бастамай тұрмайды. «Экономикалық мүдделер негізіндегі үгіт социал-демократиялық үйірмелерді біздің өнеркәсіп пролетариатының мүдделері шаруалар бұқарасының мүдделерімен мейлінше тығыз байланысты екендігін айқын көрсететін фактілермен бетпе-бет ұшырастырады» (Ак-

сельрод, ib. *, 13-бет), міне сондықтан да «Agrarprogramm» *(айтылған мағынада:* әрине, дәл айтатын болсақ, бұл тіпті де «аграрлық программа» емес) орыс социал-демократтары үшін өте керек болып отыр. Біздің насихатымыз бен үгітімізде біз үнемі жұмысшы-шаруаларға кездесеміз, яғни деревнямен байланысын сақтап отырған, сонда туысқандары, семьясы бар, сонда қатынап тұратын фабрика және завод жұмысшыларына үнемі кездесеміз. Төлем алымдары туралы, жаппай кепілдік туралы, аренда ақысы туралы мәселелер — әрдайым тіпті астана жұмысшысының да ынтасы мен көңілін аударып отырады (біз араларына социал-демократиялық насихат пен үгіт ене бастаған, мәселен, Урал жұмысшылары туралы айтып та отырғанымыз жоқ). Деревняға баратын социал-демократтар мен саналы жұмысшыларға жетекші боларлық дәл нұсқау бермесек, біз өз борышымызды өтемеген болар едік. Онан соң, деревня интеллигенциясын да, мәселен, халық мұғалімдерін де ұмытпау керек, бұлар материалдық жағынан да, рухани жағынан да соншама нашар күйде, бұлар халықтың правосыздығы мен езілушілігін сондайлық жақыннан көріп, өз бастарынан кешіріп отыр, сондықтан бұлардың ішінде социал-демократизмге тілектестіктің таралуына (қозғалыстың онан әрі өсуіне қарай) ешқандай күмән болмауы керек.

Сонымен, біздің ойымызша, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының құрамды бөлімдері мынадай болуға тиіс: 1) Россияның экономикалық дамуының негізгі сипатын көрсету; 2) капитализмнің болмай қоймайтын нәтижесін: қайыршылықтың өсуін және жұмысшылардың ашынуының өсуін көрсету; 3) қозғалысымыздың негізі ретінде пролетариаттың тап күресін көрсету; 4) социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының түпкі мақсаттарын көрсету,— бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін оның саяси өкіметті жеңіп алуға ұмтылатынын көрсету,— қозғалыстың халықаралық сипатын көрсету; 5) тап күресінің қажетті саяси сипатын көрсету; 6) орыс абсолютизмінің халық-

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

ты правосыздыққа, езушілікке ұшырата отырып және қанаушыларды қолдай отырып, жұмысшы қозғалысына басты кедергі болып табылатындығын көрсету және сондықтан бүкіл қоғамдық дамудың мүдделері үшін де қажетті болып отырған саяси бостандыққа қол жеткізу партияның таяудағы саяси міндеті болып табылатындығын көрсету; 7) абсолютизмге қарсы күресетін барлық партияларды және халық топтарын партияның қолдайтындығын, партияның біздің үкіметтің демагогтық сұрқия әрекеттеріне қарсы күрес жүргізетіндігін көрсету; 8) негізгі демократиялық талаптарды,— онан кейін 9) жұмысшы табының пайдасын көздейтін талаптарды және 10) шаруалардың пайдасын көздейтін талаптарды атап көрсету, бұл талаптардың жалпы сипатын түсіндіріп беру.

Жолдастармен бірнеше рет кеңесіп алмай тұрып программаның толық қанағаттанарлық тұжырымын беру міндетінің қиын екендігін әбден сезе отырып, біз әйткенмен де бұл істі қолға алу керек деп санаймыз, оны (жоғарыда көрсетілген себептермен) кешеуілдетуге болмайды деп ойлаймыз және бізге партияның барлық теоретиктері де («Еңбекті азат ету» тобының мүшелері бас болып), Россияда практикалық жұмысты атқарып жүрген социалистердің бәрі де (жалғыз социал-демократтар ғана емес: өзге фракциялардағы социалистердің пікірін тыңдауға да біз өте құштармыз, біз олардың ұсыныстарын басудан бас тартпас едік), саналы жұмысшылардың бәрі де бізге көмек берер деп сенеміз.

ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНДАҒЫ ШЕГІНШЕКТЕУ БАҒЫТЫ

«Рабочая Мысльдің» редакциясы «Рабочая Мысльдің» «бағыты жөнінде орын теуіп отырған (мәселен, біздің «саясатты» «теріске шығаратынымыз» тәрізді) көптеген түсініспеушіліктер мен дүдәмалдықтардың бәрін сейілткісі» келіп, ««Рабочая Мысльге» жеке қосымша» (сентябрь, 1899) бастырып шығарды. (Редакциядан). «Рабочая Мысльдің» бұл уақытқа дейін білгісі келмегендей сыңай танытқан программалық мәселелерді енді, ақырында, ашық қойып отырғанына біз қатты қуанамыз, бірақ біз ««Рабочая Мысльдің» бағыты алдыңғы қатардағы орыс жұмысшыларының бағыты» (редакцияның сонда айтқанындай) деуіне мүлдем қарсымыз. Жоқ, егер «Рабочая Мысльдің» редакциясы аталған басылымда белгілеліп отырған (әзірше тек *белгіленіп* отырған) жолмен жүргісі келетін болса, онда мұнысы орыс социал-демократиясының негізін қалаушылар жасап берген және күні осы уақытқа дейін Россияда жұмыс жүргізген барлық орыс социал-демократтары басшылыққа алып келген программаны дұрыс түсінбегендігі; онда мұнысы орыс социал-демократиясының қазірдің өзінде қолы жеткен теориялық және практикалық даму сатысынан *бір адым кейін* шегінгендігі болып шығады.

«Рабочая Мысльдің» бағыты «Жеке қосымшаның» «Біздің өмір шындығымыз» *(Р. М.* қол қойған) деген бас мақаласында баяндалған. Біз енді нақ осы мақаланы мейлінше егжей-тегжейлі талдап көруге тиіспіз.



1

Попятное направленiе в русской соц.-демократiи.

Редакцiя „Рабочей Мысли" издала отдельное приложение к Раб. Мысли" (сентябрь 1899), желая „рассеять всю ту массу недоразуменiй и неопределенностей, которыя существуют относительно направленiя „Р. Мысли" (в родѣ отрицанiя „нами политики", например)" (от редакцiи). Мы очень рады тому, что Раб. Мысль" открыто ставит, наконец, вопросы программные, которых она как будто не хотѣла знать до сих пор, но мы рѣшительно протестуем против того, что „направленiе „Раб. Мысли" есть направленiе передовых русских рабочих" (как заявляет там же редакцiя). Нѣт, если редакцiя Раб. Мысли хочет идти по тому пути, который намѣчается (пока только намѣчается) в названном изданiи, то это значит, что она невѣрно понимает ту программу, которую выработали основатели русской соц.-демократiи и которой держались до сих пор все русскiе соц.-демократы, дѣйствовавшие в Россiи; это значит, что она дѣлает шаг назад против той ступени теоретическаго и практическаго развитiя, которой уже достигла русская социальдемократiя.

Направленiе „Рабочей Мысли" излагается в передовой статьѣ „Отдѣльнаго приложенiя": „Наша дѣйствительность" (подписано Р-М). Эту статью мы и должны теперь разобрать со всей подробностью.

Уже с самаго начала статьи оказывается, что Р.М. прямо невѣрно изображает „нашу дѣйствительность" вообще и наше рабочее движенiе в частности, обнаруживает непомѣрно узкое понимание рабочаго движенiя и стремленiе закрывать глаза на тѣ высшiя формы его, которыя оно уже выработало под руководством русских соц.-демократов. „В самом дѣлѣ, — наше рабочее движенiе — говорит Р.М. в самом начале статьи — носит зачатки разнообразнѣйших форм организацiи", начиная от статутных сообществ и вплоть до легальных (разрѣшенных законом) обществ. — Только? спросит недоумѣвающий читатель? Неужели Р.М. не замѣтила в Россiи никаких болѣе высоких, болѣе передовых форм организацiи рабочаго движенiя? Очевидно, она не хочет замѣтить их, потому что на слѣдующей же странице она ~~говорит~~ ~~свое~~ повторяет свое положенiе еще в гораздо болѣе рѣшительной форме: „Задачи движенiя данной минуты, настоящее рабочее дѣло русских рабочих — говорится он[а] — стремится к улучшенiю рабочими своего положенiя всѣми возможными способами", и в перечисленiи этих способов входят опять-таки только статутныя организацiи и легальныя общества! Итак, русское рабочее движенiе сводится, будто бы, к статутам и легальным обществам! Да ведь это же прямая неправда! Русское рабочее движенiе уже 20 лѣт тому назад основывало болѣе широкiя организацiи, выставило болѣе широкiя ~~требованiя~~ задачи (мы скажем об этом сейчас подробнѣе). Русское рабочее движенiе создало такiя организацiи, как СПбургский и Кiевский Союзы борьбы, Еврейский рабочий Союз и др. Р.М. говорит, правда, что еврейское рабочее движенiе носит особый политический характер", является исключенiем. Но это опять таки неправда, ибо если бы Еврейский Рабочий Союз стоял особо", то он не соединился бы с рядом русских организацiй и не образовал бы „Россiйск. С.-Демократ. Рабочую Партiю". Основанiе этой Партiи есть крупнѣйший шаг русскаго рабочаго движенiя в его слiянiи с русским революцiонным движенiем. Этот шаг ясно доказал, что русское рабочее движенiе не сводится к статутам и законным обществам. Как могло произойти, что русскiе социалисты, пишущие в „Раб. Мысли" не хотят видѣть этого шага, не хотят понять его значенiя?

Произошло это от того, что Р.М. не понимает ни отношенiя русскаго рабочаго движенiя к социализму и революцiонному движенiю в Россiи, ни политических задач русскаго рабочаго класса. „Характернѣйшим показателем направленiя нашего движенiя — пишет Р.М. — служат, конечно, требованiя предъявляемыя рабочими". Мы спрашиваем, почему же это к показателям нашего движенiя не причисляются требованiя социальдемократов и соц.-демократических организацiй? На каком основанiи Р.М. отделяет рабочiя требованiя от требованiй русских соц.-демократов? А это отдѣленiе Р.М проводит во всей своей статье, как и вообще редакцiя „Раб. Мысли" проводит это в каждом номере своей газеты. Чтобы разъяснить эту ошибку „Раб. Мысли", мы должны разъяснить общий вопрос об отношенiи социализма к рабочему движенiю. Во всѣх европейских странах социализм и рабочее движенiе существовали сначала отдѣльно друг от друга. Рабочие вели борьбу с капиталистами, устраивали стачки и союзы, а социалисты стояли в стороне от рабоч. движенiя, создавали ученiя, критикующiя современный капиталистический, буржуазный строй общества и требующiя замѣны этого строя другим, высшим социалистическим строем. Отдѣленiе раб. движенiя от социализма вызывало слабость и неразвитость ~~и того и др~~ и того и другого: ученiя социалистов, не слитыя с рабочей борьбой, оставались лишь утопiями, добрыми пожеланiями, не влiявшими на дѣйствительную жизнь; раб. движенiе оставалось мелочным, раздробленным, не приобрѣтало политическаго значенiя, не освѣщалось передовой наукой своего времени. Поэтому во всѣх европейских странах мы видим, что все сильнѣе и сильнѣе проявлялось стремленiе слить социализм и рабочее движенiе в единое социалдемократическое движенiе. Классовая борьба рабочих превращается при таком ~~слия~~ слiянiи в сознательную борьбу пролетарiата за свое освобожденiе от эксплуатации его со стороны имущих классов, вырабатывается высшая форма социалистическаго рабочаго движенiя: самостоятельная рабочая соц.-демократическая партiя. Направленiе социализма к слiянiю с рабочим движенiем есть главная заслуга К. Маркса и Фр. Энгельса: они создали такую революцiонную теорiю, которая объясняла необходимость этого слiянiя и поставила задачей

В. И. Лениннің «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласының түпнұсқасының бірінші беті.— 1899 ж.

Кішірейтілген

Бақсақ, мақаласының ту басынан-ақ *Р. М.* тегі «біздің өмір шындығымызды», әсіресе, біздегі жұмысшы қозғалысын *мүлде теріс* сипаттайды, жұмысшы қозғалысын мейлінше тар мағынада түсінетіндігін, орыс социал-демократтарының басшылығымен қазірдің өзінде-ақ пайда болған жұмысшы қозғалысының жоғарғы формаларын көргісі келмейтіндігін байқатады. Шындығында: «біздегі жұмысшы қозғалысында», дейді *Р. М.* мақаласының бас жағында, стачкалық бірлестіктерден бастап, жария (заңмен рұқсат етілген) қоғамдарға дейін қамтитын, «ұйымның неше алуан формаларының нышандары бар».— Тек нышан ғана ма?— деп сұрауы мүмкін оқушы аң-таң қалып. *Р. М.* шынында да Россияда жұмысшы қозғалысын ұйымдастырудың *анағұрлым жоғары*, анағұрлым алдыңғы қатарлы формаларының ешқандайын да байқамағаны ма? Сірә, оның бұларды байқағысы келмеген болар, өйткені келесі бетте-ақ ол өзінің қағидасын анағұрлым батыл түрде қайталайды: «Қазіргі сәттегі қозғалыстың міндеттері, орыс жұмысшыларының өзіне қажет нағыз ісі,— дейді ол,— *барлық мүмкін болған әдістер арқылы* жұмысшылардың өз күйін жақсартуында болып отыр», ал осы әдістердің санатына жатқызатыны тағы да *тек* стачкалық ұйымдар мен жария қоғамдар ғана! Сонымен, әрі айтып, бері айтып келгенде, орыс жұмысшы қозғалысының мәні стачкалар мен жария қоғамдарда ғана *болып шығатын сияқты!* Бұл барып тұрған *өтірік* қой! Орыс жұмысшы қозғалысы мұнан 20 жыл бұрын-ақ анағұрлым кең ұйымның негізін қалаған, анағұрлым көлемді міндеттерді алға қойған (біз бұл туралы қазір толығырақ айтамыз). Орыс жұмысшы қозғалысы С.-Петербургтегі [101] және Киевтегі [102] «Күрес одақтары», Еврей жұмысшы одағы [103] тәрізді ұйымдарды және т. б. құрды. Рас, *Р. М.* еврей жұмысшы қозғалысының «оқшау саяси сипаты» бар, ол оз алдына ерекше болды дейді. Бірақ бұл да шындыққа жанаспайды, өйткені, егер Еврей жұмысшы одағы «оқшау» тұрған болса, онда ол бірқатар орыс ұйымдарымен *бірікпеген болар* еді және «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» құрамаған болар еді. Осы партияның негізі қалануының өзі орыс жұмысшы қоз-

ғалысының орыстың революциялық қозғалысымен *бірігуіндегі* орасан зор қадамы болып табылады. Бұл қадам орыс жұмысшы қозғалысының мәні стачкалармен және заңды ұйымдармен ғана *шектелмейтіндігін* айқын дәлелдеді. «Рабочая Мысльде» мақала жазушы орыс социалистерінің бұл қадамды көргісі келмеуі, оның маңызын түсінгісі келмеуі неден болып отыр?

Бұған себеп, *Р. М.* орыс жұмысшы қозғалысының социализмге және Россиядағы революциялық қозғалысқа қатынасын да, орыс жұмысшы табының саяси міндеттерін де түсінбейді. «Біздің қозғалысымыздың бағытына мейлінше тән көрсеткіш,— деп жазады *Р. М.*,— әрине, оның жұмысшылар қоятын талаптарға негізделетіндігі». *Біздің қозғалысымыздың* көрсеткіштеріне *социал-демократтар* мен социал-демократиялық ұйымдардың талаптары неліктен қосылмайды екен? деп сұраймыз біз. Жұмысшылардың талаптарын орыс социал-демократтарының талаптарынан айырып қарауға *Р. М.*-ның қандай дәлелдері бар? Ал осылайша айырып қараушылықты жалпы «Рабочая Мысльдің» редакциясы өз газетінің әр номеріне арқау етіп алатыны тәрізді *Р. М.* да өз мақаласының өн бойына желі етіп алған. «Рабочая Мысльдің» осы қатесін түсіндіру үшін біз *социализмнің жұмысшы қозғалысына* қатынасы туралы жалпы мәселені түсіндіруіміз керек. Барлық европалық елдерде социализм мен жұмысшы қозғалысы алғашында бірінен-бірі бөлек өмір сүріп келді. Жұмысшылар капиталистерге қарсы күрес жүргізді, стачкалар жасады, одақтар құрды, ал социалистер жұмысшы қозғалысынан оқшау тұрды, қоғамның қазіргі капиталистік, буржуазиялық құрылысын сынайтын және бұл құрылыстың орнына басқа, жоғарғы социалистік құрылысты орнатуды талап ететін ілімді жасап шығарды. Жұмысшы қозғалысын социализмнен айыру мұның екеуінің де әлсіреуіне және баяу дамуына әкеп соқтырды: жұмысшылар күресіне біте қайнасып бірікпегендіктен де социалистердің ілімі тек утопия күйінде, шын өмірге әсер етпейтін ізгі тілек күйінде ғана қалып отырды; жұмысшы қозғалысы ұсақ, бытыраңқы күйінде қала берді, саяси маңызы болмады,

өз заманындағы алдыңғы қатарлы ғылымға сүйенбеді. Сондықтан біз бүкіл европалық елдерде социализмді және жұмысшы қозғалысын бірыңғай *социал-демократиялық* қозғалысқа *біріктіруге* талпынудың барған сайын күшейе түскендігін көріп отырмыз. Осылай болып біріккенде жұмысшылардың тап күресі өзін дәулетті таптардың қанауынан босату жолындағы *пролетариаттың саналы күресіне* айналады, социалистік жұмысшы қозғалысының жоғарғы формасы: *дербес социал-демократиялық жұмысшы партиясы* пайда болады. Социализмді жұмысшы қозғалысымен бірігуге қарай бағыттау К. Маркс пен Фр. Энгельстің ең басты еңбегі болып табылады: олар осы бірігудің қажеттігін түсіндіретін және пролетариаттың тап күресін ұйымдастыруды социалистердің міндеті етіп қойған революциялық теорияны жасап шығарды.

Россияда да істің аяқ алысы нақ осындай болды. Бізде де социализм өте ұзақ уақыт бойына, әлдепеше ондаған жылдар бойына, жұмысшылардың капиталистерге қарсы жүргізген күресінен *шеткері,* жұмысшы стачкаларынан және т. т. *шеткері* өмір сүрді. Бір жағынан, социалистер Маркстің теориясын түсінбеді, оны Россияда қолдануға болмайды деп есептеді; екінші жағынан, орыс жұмысшы қозғалысы енді ғана қалыптаса бастаған формада қалып келді. 1875 жылы «Оңтүстік орыс жұмысшыларының одағы» және 1878 жылы «Солтүстік орыс жұмысшыларының одағы» құрылғанда бұл жұмысшы ұйымдары орыс социалистерінің бағытынан шеткері тұрды; бұл жұмысшы ұйымдары халыққа саяси праволар беруді талап етті, осы праволар үшін күрес жүргізгісі келді, ал орыс социалистері қателесіп, ол кезде саяси күрес жүргізу социализмнен шегінгендік болады деп есептеді. Бірақ орыс социалистері өздерінің мешеу, қате теориясында тоқырап қалған жоқ. Олар ілгері басты, Маркстің теориясын қабылдай білді, жұмысшы социализмінің теориясын Россияға бейімдеп, орыс социал-демократтарының теориясын жасап шығарды. Орыс социал-демократиясының негізін қалау — «Еңбекті азат ету» тобының, Плехановтың, Аксельродтың және олар-

дың достарының * басты еңбегі болды. Орыс социал-демократиясы құрылған уақыттап бері қарай (1883 ж.) орыс жұмысшы қозғалысы өзінің кең өріс алған кезеңдерінде орыс социал-демократтарымен тікелей жақындасуға, онымен бірігуге талпынды. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» құрылуы (1898 жылы көктемде) осы бірігу жолындағы өте ірі қадам болып табылады. Қазіргі уақытта — барлық орыс социалистерінің және барлық саналы орыс жұмысшыларының *басты* міндеті осы бірігуді бекемдей түсу, «Социал-демократиялық жұмысшы партиясын» қайта құру және нығайту. Кім де кім осы бірігуді білгісі келмесе, Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен социал-демократияның арасын әлдеқандай бір жасанды жолмен ажыратуға талаптанатын болса, ол Россиядағы жұмысшы социализмі мен жұмысшы қозғалысының ісіне пайда емес, *зиян* келтіреді.

Әрі қарай кеттік. «Кең көлемде қойылған талаптарға, саяси талаптарға келетін болсақ,— деп жазады *Р. М.,*— онда тек Петербург тоқымашыларының... 1897 жылғы талабында ғана біздің жұмысшылардың осындай кең саяси талаптар қоюының бірінші және әзірше саналылығы жеткіліксіз түрін көреміз». Біз мұның *мүлдем теріс* екендігін тағы да айтуға тиіспіз. Осындай сөздерді басып отырғанда, «Рабочая Мысльдің» редакциясы, 1-ден, орыстың революциялық және жұмысшы қозғалысының тарихын социал-демократқа кешіруге болмайтындай дәрежеде естен шығарғандықтарын байқатады, ал 2-ден, жұмысшы ісін кешіруге болмайтындай тар мағынада түсінгендіктерін көрсетеді. Кең көлемді саяси талаптарды орыс жұмысшылары С.-Петербург күрес одағының 1898 ж. майдағы листогында да, «С.-Петербург Жұмысшы Листогы» мен «Рабочая Газетада» да қойған болатын, ал «Рабочая Газетаны» орыс социал-демократтарының алдыңғы қатарлы ұйымдары 1898 ж. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» ресми органы деп мойындады. Осыны елемей, «Ра-

* Орыс социализмі мен жұмысшы қозғалысының бірігуі бір жолдасымыздың «Россиядағы қызыл ту. Орыс жұмысшы қозғалысы тарихының очеркі» деген кітапшасында тарихи зерттеліп көрсетілген. Бұл кітапша жақында баспадан шығады [104].

бочая Мысль» кері шегініп, ол алдыңғы қатарлы жұмысшылардың емес, пролетариаттың төменгі, дамымаған топтарының өкілі деген пікірді толығынан ақтап отыр (*Р. М*.-ның өзі де мақаласында «Рабочая Мысльге» осы жағдайдың бұрып да ескертілгенін айтып отыр). Пролетариаттың төменгі топтары орыс революциялық қозғалысының тарихын білмейді, *Р. М*. да оны білмейді. Пролетариаттың төменгі топтары жұмысшы қозғалысы мен социал-демократияның арасындағы қатынасты түсінбейді, бұл қатынасты *Р. М*. да түсінбейді. Орыс жұмысшылары 90-жылдарда неліктен 70-жылдардағыдай социалистерден бөлектеніп өздерінің ерекше ұйымдарын құрмады? Олар өздерінің саяси талаптарын не себепті социалистерден бөлекше қоймайды? *Р. М*. мұның себебін, сірә, «орыс жұмысшылары бұған әзірше мүлде дайын емес» (оның мақаласының 5-беті) деп түсіндіретін болса керек, бірақ бұлайша түсіндіруімен ол өзінің тек пролетариаттың төменгі топтарының өкілі ретінде ғана сөйлеуге правосы бар деген пікірді тағы растайды. Жұмысшылардың төменгі топтары 90-жылдардағы қозғалыс кезінде қозғалыстың саяси сипатын түсінбеді. Бірақ, сөйте тұра, 90-жылдардағы жұмысшы қозғалысы кең саяси маңыз алғанын жұрттың бәрі біледі (*Р. М*.-ның өзі де осыны айтып отыр). Мұның осылай болуына себеп, барлық жерде және барлық уақытта болғаны сияқты, қозғалыстың сипатын алдыңғы қатарлы жұмысшылар белгіледі, жұмысшылар бұқарасы бұлардың соңынан ерді, өйткені бұлар жұмысшы ісіне қызмет етуге өздерінің әзір екендігін, оны істеу қолынан келетіндігін дәлелдеді, сөйтіп жұмысшы бұқарасының толық сеніміне ие бола білді. Ал осы алдыңғы қатарлы жұмысшылар дегеніміз социал-демократтар еді; бұлардың бірталайы тіпті халық ерікшілері мен социал-демократтардың арасындағы таластарға да қатысты, бұл таластар орыс жұмысшы қозғалысының шаруалық және заговорлық социализмнен жұмысшы социализміне өтуін сипаттады. Сондықтан бұл алдыңғы қатарлы жұмысшылардың социалистер мен революционерлерден қазіргі уақытта айрықша ұйымдарға неліктен бөлектенбегендігі түсінікті. Социализм жұмысшы қозғалысынан оқшау-

ланған кезде мұндай бөлектенуде мағына бар еді және ол сол кезде қажет еді. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар өздерінің алдынан жұмысшы социализмін және *социал-демократиялық* ұйымдарды көргендіктен мұндай бөлектену мүмкін емес еді және мұнда мағына болмас еді. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың социал-демократиялық ұйымдармен *бірігуі* әбден табиғи нәрсе және болмай қоймайтын құбылыс еді. Бұл ірі тарихи фактінің, 90-жылдарда Россияда тамыры терең жатқан екі қоғамдық қозғалыстың ұшырасуының нәтижесі болды: оның біріншісі, жұмысшы табындағы стихиялық, халық қозғалысы болса, екіншісі — қоғамдық ой-пікірдің Маркс пен Энгельстің теориясына, социал-демократияның іліміне қарай ұмтылуы болды.

Саяси күресті «Рабочая Мысльдің» қапшалықты тым тар мағынада түсінетіні мынадан көрінеді. Кең өрісті саяси талаптар туралы айта келіп, *Р. М.* былай деп жазады: «Ал осындай саяси күресті жұмысшылардың әбден саналы түрде және өздігінен жүргізе алуы үшін бұл күресті жұмысшы ұйымдарының өздері басқаруы керек, жұмысшылардың осы саяси талаптары олар өздері түсініп жеткен, олардың жалпы саяси мұқтаждарына және қазіргі минуттағы» (осы есіңізде болсын!) «мүдделеріне сүйенуі керек», «бұл талаптар жұмысшы (цехтық) ұйымдарының өз талабы болуы керек, бұл талаптарды олар шын мәнісінде бірлесіп әзірлеуге тиіс және оларды осы жұмысшы ұйымдары өз инициативасымен бірлесіп ұсынуы керек...» Содан кейін жұмысшылардың таяудағы саяси талаптары әлі де болса әзірге (!!) 10 сағаттық жұмыс күні және 1897 жылғы 2 июнь заңымен жойылған мейрамдарды қайтадан енгізу болмақ деген түсіндірме келтіріледі.— Осыдан соң да «Рабочая Мысль» редакциясы жұрт оны саясатты жоққа шығарады деп айыптайды деп таңырқайды-ау! Ал өстіп саясаттың мәнісін цехтық одақтардың жеке реформалар үшін күресіне апарып саю саясатты жоққа шығарғандық емей немене? Бұл социал-демократтар пролетариаттың тап күресін пролетариаттың саяси өкіметті қолға алуының және социалистік қоғам ұйымдастыруының *құралы ретінде* демократия үшін күресетін дербес са-

яси жұмысшы партияларына ұйымдастыруы керек деген бүкіл дүние жүзілік социал-демократияның негізгі өсиетінен бас тартқандық емес пе? Социал-демократизмнің өңін айналдырушы біздегі жаңа бұрмалаушылар социал-демократтар үшін аса қымбат, жұмысшы қозғалысын бүкіл дүние жүзілік-тарихи қозғалыс деп тануға право берерлік қасиеттердің бәрін шектен тыс жеңіл ойлылықпен сыртқа тастап отыр. Европалық социализм мен европалық демократияның ғасырлық тәжірибесі жұмысшылардың дербес саяси партияларын құруға талпыну қажет екендігін үйрететіндігінде олардың жұмысы жоқ. Орыс революциялық қозғалысының тарихы ұзақ және қиын-қыстау жол арқылы социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіруді, әлеуметтік және саяси ұлы мұраттарды пролетариаттың тап күресімен біріктіруді ойлап шығарғанында олардың жұмысы жоқ. Орыстың алдыңғы қатарлы жұмысшылары қазірдің өзінде-ақ «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» негізін қалағанында олардың жұмысы жоқ. Мұның бәрі жоғалсын! — дейді олар. Өзімізді тым көлемді идеялық жүктен, тым ауыр және көп нәрсені талап ететін тарихи тәжірибеден босатайық,— сөйтіп жалғыз цехтық одақтар «әзірше қала тұрсын» (жария қоғамдарды есепке алмайтын болсақ, мұндай одақтарды құру мүмкіндігі Россияда әлі де болса еш нәрсемен дәлелденген жоқ), бұл цехтық одақтар «өз инициативасымен» талаптарды, минуттың талаптарын, кішкентай және ұсақ реформалар талаптарын жасап шығара берсін!! Бұл не деген сөз? Бұл деген шегіншектік қимылды уағыздаушылық қой! Бұл өзі социализмді күйретуді насихаттаушылық қой!

Және естеріңізде болсын, «Рабочая Мысль» жергілікті ұйымдар күрестің жергілікті формаларын, үгіттің жеке дәлелдерін, оның тәсілдерін және т. т. өздері жасап шығарсын деген пікірді ғана айтып отырған жоқ,— бұл пікірге ешкім де қарсы шықпас еді. Бұл жөнінде орыс социал-демократтары жұмысшылардың дербес қимылына қысым жасауға титтей де болса ойы бар екенін ешқашан да білдіріп көрген емес. Жоқ, «Рабочая Мысль» орыс пролетариатының ұлы саяси міндеттерін

мүлдем кейінге ысырғысы келеді және «әзірше» «тек» «минуттық мүдделермен» қанағаттанғысы келеді. Осы уақытқа дейін орыс социал-демократтары әрбір минуттық талаптарға сүйене отырып, сол жөнінде үгіт жүргізе отырып, пролетариаттың таяудағы мақсаты ретінде, оны самодержавиеге қарсы күреске ұйымдастырмақшы болып келді. Енді келіп «Рабочая Мысль» пролетариаттың күресін ұсақ талаптар жолындағы ұсақ күреспен *шектегісі* келеді. Өзінің бүкіл орыс социал-демократиясының пікірлерінен шегінгендігін өте жақсы біле тұра, *Р. М.* «Рабочая Мысльді» айыптаушыларға мынадай жауап береді. Патша өкіметін құлату орыс жұмысшы қозғалысының таяудағы міндеті болып табылады деседі жұрт. Атап айтқанда, қандай жұмысшы қозғалысының,— деп сұрайды *Р. М.,— «стачкалық қозғалыстың ба? өзара жәрдемдесу қоғамдарының ба? жұмысшы үйірмелерінің бе?»* (мақаланың 5-беті). Біз оның мұнысына мынадай жауап береміз: тек өз атыңыздан, өз тобыңыздың атынан, сол топ өкілі болып отырған бір жердің пролетариатының төменгі тобының атынан ғана сөйлеңіз, бірақ алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары атынан сөйлеуші болмаңыз! Самодержавиені құлату жолындағы күресті тек революциялық партия ғана жүргізе алатындығын пролетариаттың төменгі өкілдері көбінесе біле бермейді. Мұны *Р. М.* да білмейді. Бірақ алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары мұны біледі. Орыс жұмысшы қозғалысының стачкалық күреспен, өзара жәрдемдесу қоғамдарымен және жұмысшы үйірмелерімен ғана шектелмейтінін, орыс жұмысшы қозғалысының революциялық партияға ұйымдасуға көптен бері талпынғандығын және бұл талпынуын іс жүзінде дәлелдегендігін пролетариаттың төменгі өкілдері көбінесе біле бермейді. Мұны *Р. М.* да білмейді. Бірақ алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары мұны біледі.

Р. М. өзінің социал-демократизмнен түк те түсінбейтіндігін «біздің өмір шындығымызды» айрықша түсінетіндігі түрінде көрсеткісі келеді. Оның осы мәселе жөніндегі пікірлерімен жақынырақ танысып көрелік.

Р. М. былай деп жазады: «Самодержавие дейтін ұғымның өзі жөнінде... біз бұл жерде көп тоқтамаймыз, себе-

бі біздің мақаламызды оқитын әрбір адамның мұндай нәрсе жөнінде әбден ашық, айқын түсінігі бар деп ойлаймыз». *Р. М.*-ның мұндай нәрселер жөніндегі түсінігі мейлінше көмескі, мейлінше күңгірт екендігін біз қазірақ көреміз, бірақ алдымен тағы да бір жағдайды айта кетейік. Жұмысшылар *Р. М.*-мен әңгімелесуші кісілердің қатарына жата ма? Әрине, жатады. Егер жататын болса, онда олар самодержавие туралы мейлінше айқын түсінікті қайдан алсын? Бұл үшін жалпы саяси бостандық идеяларын мейлінше кең және үздіксіз насихаттап отыру керек, полициялық зорлықтың және чиновниктік езудің әрбір жеке көріністерін самодержавие жөніндегі (жұмысшылар санасында) «айқын түсінікпен» байланыстыратын үгітті жүргізу керек екені айқын нәрсе. Бұл түсінікті тәрізді. Ал егер солай болса, онда самодержавиеге қарсы тек қана жергілікті насихат пен үгіт ойдағыдай нәтиже бере ала ма? Оны бүкіл Россияда бірыңғай жоспарлы іс етіп, яғни бір партияның ісі етіп *ұйымдастыру* сөзсіз қажет емес пе? Ендеше *Р. М.* жұмысшы қозғалысының таяудағы міндеттерінің қатарында самодержавиеге қарсы үздіксіз насихат пен үгітті ұйымдастыру міндетін не себепті атап көрсетпейді? Мұның себебі тек сол,— оның орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс социал-демократиясының міндеттері жөніндегі түсінігі мейлінше *көмескі* және мейлінше *күңгірт*.

Бұдан әрі *Р. М.* самодержавиенің орасан зор «жеке бастық күш» (әскерше үйретілген бюрократия) және орасан зор «экономикалық күш» (финанс қаржылары) иесі екендігін түсіндіруге кіріседі. Оның баяндауының «көмескі» жақтарына тоқталмастан (ал «көмескі» нәрселер мұнда өте көп), тұп-тура ең бастысына көшейік:

«Иә, сонымен,— деп сұрақ қояды *Р. М.* орыс социал-демократиясына,— орыс жұмысшыларына қазіргі минутта самодержавиенің осынау жеке бастық күшін жоюды және осындай экономикалық күшін басып алуды өздерінің қазіргі (бастапқы) ұйымдарының алдына бірінші және таяудағы міндет етіп қоюға кеңес беріліп отырған жоқ па? (бұл міндетті алдыңғы қатарлы жұмысшылардың үйірмелері өз қолына алуы керек дейтін

революционерлер туралы біз әңгімелеп те отырғанымыз жоқ)».

Біз өз көзімізге өзіміз сенбей таңырқап, жан шошырлық осы бір жерін екі-үш қайтара оқып шығамыз. Шынында да, біз қателескен жоқ па екенбіз? Жоқ, біз қателеспеппіз: *Р. М. самодержавиені құлату дегеннің не екенін шынында да білмейді.* Бұл ақылға сыймайтын іс, бірақ бұл факт. Және де *Р. М.*-ның ой-пікірінің былықтарын көргеннен кейін мұны мүмкін емес деп есептеуге бола ма?

Р. М. революционерлердің өкіметті қолына алуын революционерлердің самодержавиені құлатуымен шатастырады.

Орыстың ежелгі революционерлері (халық ерікшілері) өкіметті революциялық партияның басып алуына талпынған еді. Өкіметті қолына алып, «партия самодержавиенің жеке бастық күшін құлатқан болар еді»,— деп ойлады олар,— яғни чиновниктердің орнына өз агенттерін тағайындар еді, «экономикалық күшті қолына алар еді», яғни мемлекеттің барлық финанс қаржыларына ие болып, әлеуметтік төңкеріс жасар еді. *Р. М.*-ның үлгісі бойынша осы қолапайсыз сөздерді қолданатын болсақ, халық ерікшілері (ежелгі) самодержавиенің «жеке бастық күшін құлатуға және экономикалық күшін басып алуға» шынында да талпынды. Орыс социал-демократтары мұндай революциялық теорияға үзілді-кесілді қарсы шықты. Плеханов өзінің «Социализм және саяси күрес» (1883 ж.) және «Біздегі алауыздықтар» (1885 ж.) деген шығармаларында оны аяусыз сынады және орыс революционерлеріне олардың міндетін көрсетті, ол міндет: абсолютизмді құлату таяудағы мақсаты болып табылатын революциялық жұмысшы партиясын құру. Ал абсолютизмді құлату дегеніміз не? Мұны *Р. М.*-ға түсіндіру үшін алдымен самодержавие дегеніміз не деген сұрауға жауап беру керек. Самодержавие (абсолютизм, шексіз монархия) дегеніміз басқару формасы, бұл форманың тұсында жоғарғы өкімет түгелімен және бөліп-жарусыз (шексіз) патшаның қолында болады. Патша заңдар шығарады, чиновниктерді тағайындайды, *заң шығаруға және басқару ісіне бақы-*

лау жасауға халықты ешбір қатынастырмастан халықтан ақша жинайды және жұмсайды. Сондықтан самодержавие дегеніміз чиновниктер мен полицияның дара билігі және халықтың правосыздығы болып табылады. Бұл правосыздықтан барлық халық жәбір көріп отыр, бірақ дәулетті таптар (әсіресе бай помещиктер мен капиталистер) чиновниктерге өте күшті ықпал етеді. Ал жұмысшы табы екі есе қорлық көреді: барлық орыс халқының правосыздығынан да, жұмысшыларды капиталистердің езуінен де қорлық көреді, ал капиталистер үкіметті өздерінің мүдделері үшін қызмет еткізеді.

Ал енді абсолютизмді құлату дегеніміз не? Мұның мәнісі — патшаның шексіз билеп-төстеуден бас тартуы; заңдар шығару үшін, чиновниктердің ісін бақылау үшін, мемлекеттік қаржыларды жинау және жұмсау ісін бақылау үшін халыққа өзінің өкілдерін сайлауға право беру. Халық заң шығару мен басқару ісіне қатынасатын басқару формасы басқарудың *конституциялық* формасы деп аталады (конституция=заң шығару және мемлекетті басқару ісіне халық өкілдерінің қатынасуы туралы заң). Сонымен, самодержавиені құлату дегеніміз басқарудың самодержавиелік формасының орнына — басқарудың конституциялық формасын орнату. Сөйтіп, самодержавиені құлату үшін ешқандай «жеке бастық күшті құлатудың және экономикалық күшті басып алудың» керегі жоқ, керек нәрсе — патшалық үкіметті өзінің шексіз билік етуінен бас тартуға көндіру және конституцияны жасап шығару үшін халық өкілдерінен земстволық жиналысты шақыру («Еңбекті азат ету» тобы 1885 жылы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасының жобасында айтылғанындай, «демократиялық» [халық мүдделерін көздеп жасаған, халықтық] «конституцияны жеңіп алу»).

Самодержавиені құлату неліктен орыс жұмысшы табының бірінші міндеті болуға тиіс? Неге десеңіз, самодержавиенің тұсында жұмысшы табы өзінің күресін кең өрістете, дамыта алмайды, экономика саласында болсын, саясат саласында болсын өзіне ешқандай берік позицияларды жеңіп ала алмайды, тұрақты, бұқаралық ұйымдар құра алмайды, бүкіл еңбекші бұқара алдында

әлеуметтік революцияның туын көтере алмайды, сол үшін оларды күресуге үйрете алмайды. Бүкіл жұмысшы табының буржуазия табына қарсы үзілді-кесілді күресі тек саяси бостандықтың тұсында ғана болуы мүмкін, ал бұл күрестің түпкі мақсаты — пролетариаттың саяси өкіметті өз қолына алып, социалистік қоғамды ұйымдастыруы болып табылады. Міне, осы ұйымдасқан және күрестің ұзақ мектебінен өткен пролетариаттың саяси өкіметті осылайша қолға алуы, шынында да, буржуазиялық үкіметтің «жеке бастық күшін құлатуы және экономикалық күшін өз қолына алуы» болып табылады, бірақ *осы* өкіметті қолға алуды орыс социал-демократтары ешқашан да орыс жұмысшыларының таяудағы міндеті етіп қойған емес. Орыс социал-демократтары тек саяси бостандық тұсында ғана, өрісі кең және бұқаралық күрес арқылы ғана орыс жұмысшы табы социализмнің осы түпкілікті жеңісі үшін күресетін ұйымдарды жасап шығара алады деп әрдайым айтып келді.

Әйтседе, орыс жұмысшы табы самодержавиені қандай жолмен құлата алады? «Рабочая Мысльдің» редакторлары тіпті орыс социал-демократиясының негізін құрған және өзінің программасында «самодержавиеге қарсы күрес қазір болашақтағы орыс жұмысшы партиясының бастамасы болып отырған жұмысшы үйірмелері үшін де міндетті» деп пікір айтқан «Еңбекті азат ету» тобын да келемеж қылып отыр ғой. «Рабочая Мысльге» (оның 7-номерін және сөз болып отырған мақаланы қараңыз) бұл жұмысшы үйірмелерінің самодержавиені құлатуы күлкі болып көрінетін тәрізді! Біз бұған «Рабочая Мысльдің» редакторларына: кімге күлесіздер? Өздеріңізге күлесіздер! деп жауап береміз. «Рабочая Мысльдің» редакторлары: орыс социал-демократтары олармен *жолдастыққа жатпайтын түрде* айтысады деп шағым етеді. Төрелігін оқушылар өздері-ақ айтсын, жолдастыққа жатпайтын айтысты біз кімнің тарапынан көріп отырмыз: өздерінің көзқарастарын ашық білдірген және «жастардың» көзқарастары қандай екендігін, әрі ол көзқарастарды неліктен қате деп санайтындығын тура айтқан қарт орыс социал-демократтарының тарапынан ба;—әлде өз қарсыластарының *атын атамай-ақ*, біресе

«Чернышевский туралы неміс тілінде шыққан кітаптың авторын» (Плехановты, оның бер жағында ешбір дәлелі жоқ бола тұрса да оны кейбір жария жазушылармен шатастырады), біресе программасынан үзінділерді *бұрмалап* цитат етіп келтіріп және оған қарсы өзінің аз да болса айқын программасын ұсынбастан, «Еңбекті азат ету» тобын тасада тұрып мінеген «жастардың» тарапынан ба. Рас! Біз жолдастық борышты, барлық жолдастарды қолдау борышын, жолдастардың пікіріне төзімділік борышын мойындаймыз, *бірақ біздер үшін жолдастық борыш керісінше емес, қайта орыс және халықаралық социал-демократияның алдындағы борыштан келіп туады.* «Рабочая Мысльдің» алдындағы жолдастық борышымызды мойындайтын себебіміз оның редакторлары біздің жолдастарымыз болғандығынан емес, біздің «Рабочая Мысльдің» редакторларын өзіміздің жолдастарымыз деп есептейтін себебіміз олардың орыс (олай болса, халықаралық) социал-демократиясының қатарында істеп отырғандығынан ғана. Сондықтан, егер «жолдастардың» социал-демократиялық программадан шегіншектегендігіне, «жолдастардың» жұмысшы қозғалысының міндеттерінің аумағын тарылтып, бүлдіретіндігіне көзіміз жетсе болғаны, біз өз пікірімізді әбден ашық және бүкпей айтуды өзіміздің *борышымыз* деп санаймыз!

Біз әлгінде «Рабочая Мысльдің» редакторлары «Еңбекті азат ету» тобының көзқарастарын бұрмалайды деп айтып өттік. Төрелігін оқушы өзі-ақ айтсын. *Р. М.* былай деп жазады: «Өздерінің «еңбекті азат ету» программасын «самодержавиеге қарсы күресу үшін күштерді қайдан алу керек?» деген сұрауға оп-оңай жауап деп санайтын жолдастарымызды түсінбеуге біз әзірміз» (басқа бір жерінде: «біздің революционерлер жұмысшылар қозғалысына самодержавиені құлатудың ең жақсы құралы ретінде қарайды» деп жазады). Егер «Еңбекті азат ету» тобы 1885 ж. бастырып шығарған және П. Б. Аксельрод «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген кітапшасында қайта бастырған (Женева, 1898 ж.) орыс социал-демократтары программасының жобасын

ашып қарасаңыз,— сіздер еңбекті капиталдың езуінен толық азат ету, барлық өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншікке өтуі, жұмысшы табының саяси өкіметті жеңіп алуы, революцияшыл *жұмысшы* партиясының құрылуы программаның *негізіне* алынғандығын көресіздер. *Р. М.* бұл программаны бұрмалап отыр, оны түсінгісі *келмей отыр* — бұл анық нәрсе. Ол кітапшаның басында Аксельрод айтқан сөздерге жармасады, онда ол: «Еңбекті азат ету» тобының программасы самодержавиеге қарсы күресу үшін күштерді қайдан алу керек? деген сұрауға «берілген жауап» болды,— деген еді. «Еңбекті азат ету» тобының программасы орыс революционерлерінің осы сұрауына да, орыстың бүкіл революциялық қозғалысының осы сұрауына да берілген жауап болғандығы *тарихи факті* ғой. Егер «Еңбекті азат ету» тобының программасы осы сұрауға жауап беріп отырса, мұнан жұмысшы қозғалысы осы «Еңбекті азат ету» тобы үшін тек құрал ғана болды деген мағына шыға ма? *Р. М.*-ның бұл *«түсінбеушілігі»* оның «Еңбекті азат ету» тобының жалпы жұртқа мәлім қызметінен мүлде хабарсыз екендігін көрсетпей ме.

Онан соң. «Самодержавиені құлату» қалайша жұмысшы үйірмелерінің міндеті бола алады. *Р. М.* мұны түсінбейді. «Еңбекті азат ету» тобының программасын ашып қараңыздар: «Орыс социал-демократтары,— делінген онда,— жұмысшы табының арасында үгіт жұмысын өрістетуді және олардың арасында социалистік идеялар мен революциялық ұйымдардың барған сайын кең қанат жаюын жұмысшы үйірмелерінің абсолютизмге қарсы саяси күрес жүргізуінің басты құралы деп есептейді. Бір-бірімен тығыз байланысты тұтас бір ұйым құрайтын мұндай ұйымдар үкіметпен ара-тұра болып тұратын жеке қақтығыстарға қанағаттанбай, қолайлы сәтінде, дереу оған қарсы жаппай және батыл шабуылға көше алатын болады». 1898 ж. көктемде «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» негізін қалаған орыс ұйымдары нақ осы тактиканы қолданып келді. Және осындай ұйымдардың Россияда ірі саяси күш болып табылатынын олар дәлелдеді де. Егер бұл ұйымдар бір партия болып ұйымдасса және либерал

оппозицияның барлық элементтерін пайдалана отырып, шексіз билік жүргізетін үкіметке қарсы кең үгіт жүргізсе, онда саяси бостандықты жеңіп алу міндеті мұндай партия үшін сөзсіз жүзеге асарлық міндет болады. Егер «Рабочая Мысльдің» редакторлары мұны «түсінбеуге дайын тұрса», онда біз оларға мынадай кеңес айтуға «дайынбыз»: үйреніңіздер, мырзалар, өйткені бұл нәрселердің өзі түсіну үшін онша қиын емес.

Әйтседе, самодержавиеге қарсы күрес туралы пікір айтқан тұста қалдырып кеткен *Р. М.*-ға қайтып оралайық. Бұл мәселе жөніндегі *Р. М.*-ның жеке басының көзқарасы «Рабочая Мысльдің» жаңа, шегіншектеу бағытын бұрынғыдан да айқын бейнелей түседі.

«Самодержавиенің құлауы айқын» — деп жазады *Р. М.* «Самодержавиеге қарсы күресу барлық өмірге қабілетті қоғамдық элементтердің дұрыс дамуына керекті жағдайдың бірі болып табылады». Мұнан оқушыға: сірә, самодержавиеге қарсы күресу жұмысшы табы үшін де қажет екен ғой деген ой туып қалуы ықтимал? Жоқ, сабыр етіңіз. *Р. М.*-ның өз логикасы және өз терминологиясы бар. Күрес деген сөзге ол «қоғамдық» (күрес) деген сөзді қосады да, оны мүлдем басқаша бір нәрсе деп түсінеді. Орыс халқының бірталай жіктерінің үкіметке жасап отырған *жария оппозициясын* суреттей келіп, *Р. М.* мынадай қорытынды шығарады: «Земстволық және қалалық қоғамдық басқару орындарын құру үшін күрес те, қоғамдық мектеп үшін күрес те, ашыққан халыққа қоғамдық жәрдем беру үшін күрес те, және т. т. үшін күрес те самодержавиеге қарсы күрес болып табылады ғой». «Чиновниктер самодержавиесіне қарсы қоғамдық күрестің қажеттігі халықтың барлық саналы прогресшіл жіктері мен топтарына айқын болып отыр. Ол ол ма. Орыстың бірталай революцияшыл жазушылары әлдеқандай бір сөлекет түсініспеушіліктің салдарынан назар аудармай жүрген осы қоғамдық күрес, жоғарыда көргеніміздей, орыс қоғамында қазірдің өзінде-ақ жүргізіліп отыр, жүргізілгенде кешегі күннен ғана бастап емес, көптен бері жүргізіліп келеді». «Қазіргі мәселе осы жеке қоғамдық жіктер... самодержавиеге қарсы осы» (осыны есте сақтаңыздар!) «күресті қа-

лайша мүмкіндігінше ойдағыдай етіп жүргізуіне болады дегенде болып отыр... Ал біз үшін басты мәселе болып отырғаны: — самодержавиеге қарсы осы қоғамдық (!) күресті біздің жұмысшылар қалай жүргізуі керек деген мәселе...»

Р. М.-ның бұл пікірлері де адам айтқысыз былықтар мен қателіктердің жиынтығы болып шыққан.

1-ден, *Р. М. жария оппозицияны* самодержавиеге қарсы күреспен, самодержавиені құлату жолындағы күреспен шатастырып отыр. Социалист адамға кешірімсіз осы шатастыруды ол «самодержавиемен күресу» деген сөзді түсіндірместен қолдануы арқылы істеп отыр: бұл сөз самодержавиеге *қарсы* күресу (ескертулермен) деген мағынаны да, бірақ сонымен бірге сол самодержавиелік құрылыстың негізінде самодержавиенің жеке шараларына қарсы күресу дейтін мағынаны да беруі мүмкін.

2-ден, *Р. М.* жария оппозицияны самодержавиеге қарсы қоғамдық күрес түріне жатқызып және біздің жұмысшылар «осы қоғамдық күресті» жүргізуі керек дей келіп, біздің жұмысшылар самодержавиеге қарсы революциялық күрес жүргізбей, самодержавиеге жария оппозиция болсын дегенге келіп ұрынады, яғни социал-демократияны өрескел түрде бұрмалаушылыққа және оны тым қарадүрсін, бейшара Россия либерализміне теңестіріп шатасуға дейін барады.

3-ден, орыс социал-демократиялық жазушылары жария оппозицияға көңіл аудармайды деп, *Р. М.* бұлар туралы *түп-тура өтірік* айтып отыр — [рас, *Р. М.* кінәлауын кімге арнағанын «жолдастықпен» айтпай кетуді тәуір көреді. Бірақ, егер оның айтып отырғандары социал-демократтар туралы болмаса, онда оның сөзінде ешқандай мағына жоқ]. Қайта керісінше, «Еңбекті азат ету» тобы да, атап айтқанда, П. Б. Аксельрод та, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесі» де, «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапша да («Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы» бастырып шығарған және Аксельрод «Манифеске» *комментарий* деп атаған) — бұлардың бәрі де жария оппозицияға көңіл аударып қана қоймай,

сонымен бірге оның социал-демократияға қатынасын да аса дәлдікпен айқындап берді.

Осының бәрін түсіндіріп өтейік. Біздің земстволар, жалпы айтқанда либералдық қоғамдар, либералдық баспасөз «самодержавиеге қарсы» қандай «күрес» жүргізіп отыр? Олар самодержавиеге қарсы, самодержавиені құлату жолында күрес жүргізіп отыр ма? *Жоқ, олар еш уақытта мұндай күрес жүргізген емес, қазір де жүргізіп отырған жоқ*. Мұндай күресті кейде либералдық қоғамның ішінен шығатын және қоғамның тілектестігіне сүйенетін тек революционерлер ғана жүргізеді. Бірақ революциялық күрес жүргізу дегеніміз революционерлерге тілектес болу және оларды қолдау дегенмен тіпті де бірдей бола алмайды; самодержавиеге қарсы күресу тіпті де самодержавиеге жария оппозицияда болу дегенмен бір емес. Орыс либералдары самодержавиеге өздерінің наразылығын самодержавиенің өзі *рұқсат ететін*, яғни самодержавие өзі үшін қауіпті емес деп табатын формада ғана білдіреді. Либералдық оппозицияның ең бір көзге түскендегісі либералдардың халықты ел басқару ісіне тарту туралы патшалық үкіметке берген *өтініштері* түрінде ғана болды. Және либералдар осындай өтініштерін қабылдамай, қайтарып тастаған полициялық дөкірлікке әр кез төзімділікпен бойсұнып келді, ол ол ма, либералдар тіпті өз пікірлерін заңды түрде білдірмек болып талаптанғаны үшін де жандармдық үкіметтің өздерін заңсыз және озбырлық қудалауына төзіп келді. Либералдық оппозицияны самодержавиеге қарсы қоғамдық күреске оп-оңай айналдыра салу істің бетін түп-тура *бұрмалағандық* болады, өйткені орыс либералдары самодержавиені құлату жолындағы күрес үшін *еш уақытта* революциялық партия ұйымдастырып көрген емес, ал бұл үшін олардың қажетті қаржы мен орыс либерализмінің шетелдік өкілдерін табу мүмкіндіктері әр кез болып келді және болып та отыр. Ал *Р. М.* істің өңін айналдырғанымен қоймай, сонымен бірге бұған орыстың ұлы социалисі Н. Г. Чернышевскийдің атын қосып былықтырады. *Р. М.* былай деп жазады: «Өздерінің қоғамдық мүдделері мен мекемелерін қорғайтын, өздерінің жалпы пайдасын айқын түсінетін,

«қандай да болса бір өзгеріс үкіметтің өз ұйғаруы бойынша істеле ме, әлде *қоғамның формальды талабы* бойынша істеле ме — деген нәрседе айырмашылықтың» қаншалықты зор екендігін «еш уақытта ұмытпайтын» (*Р. М.* Чернышевскийден цитат келтіріп отыр) «орыс қоғамының барлық алдыңғы қатарлы топтары бұл күресте жұмысшылардың одақтасы болып табылады». Егер бұл бағаны, мұны *Р. М.*-ның түсінгені тәрізді, «қоғамдық күрестің» барлық өкілдеріне, яғни барлық орыс либералдарына жатқызатын болсақ, онда бұл *турадан-тура жалған* болады. Орыс либералдары формальды талаптарды үкімет алдына еш уақытта қойған емес, нақ сондықтан да орыс либералдары *өз алдына дербес* революциялық роль атқарған емес және қайткенде де қазір оны атқара алмайды. «Қоғамның алдыңғы қатарлы топтарының» бәрі бірдей жұмысшы табы мен социал-демократияның одақтасы бола алмайды, осы қоғамның мүшелері құратын революциялық партиялар ғана одақтас бола алады. Ал либералдар жалпы айтқанда революциялық жұмысшы партиясы үшін керекті қосымша күш пен құрал *көздерінің бірі* ретінде қызмет ете алады және қызмет етуі тиіс (мұны жоғарыда аталған кітапшада П. Б. Аксельрод мейлінше ашық айтқан болатын). Нақ сондықтан да үкіметтің алдына формальды талаптарды қоюдың керектігін түсінбеген, өз ортасынан шыққан революционерлердің самодержавиелік үкіметтің соққысынан құрбан болғандығына немқұрайды қараған «орыс қоғамының алдыңғы қатарлы топтарын» Н. Г. Чернышевский аяусыз келемеждеген болатын. «Жеке қосымшаның» екінші мақаласында Чернышевскийді утопист емес еді және орыс социал-демократтары «орыстың ұлы социалисінің» бүкіл маңызын бағаламады-мыс деген пікірді дәлелдемекші болып Чернышевскийден үзіп-жырып мағынасыз цитаттар келтіргені тәрізді, *Р. М.* бұл жолы да Чернышевскийден цитаттарды әлдененде бір мағынасыз келтірген. Плеханов өзінің Чернышевский туралы кітабында («Социал-Демократ»[105] жинағындағы кейіннен немісше жеке кітап болып басылған мақалалар) Чернышевскийдің маңызына толық баға берді және оның Маркс пен Эн-

гельстің теориясына қатынасын анықтады. Ал «Рабочая Мысль» редакциясы Чернышевскийге, оның күшті және әлсіз жақтарына аз да болса тұрлаулы және толық баға беру қолынан келмейтіндігін көрсетті.

Орыс социал-демократиясының «нағыз мәселесі» либералдар «қоғамдық күресті» («қоғамдық күрес» деп *Р. М.*, біз жоғарыда көргендей, жария оппозицияны айтады) қалай жүргізуі керек екенінде болып отырған жоқ, мәселе Россиядағы *барлық* оппозициялық элементтерге сүйене алатын, оппозицияның барлық көріністерін өзінің революциялық күресі үшін *пайдалана алатын*, абсолютизмді құлату үшін күресетін революциялық жұмысшы партиясын қалай ұйымдастыру керектігінде болып отыр. Бұл үшін нақ революциялық жұмысшы партиясы керек, өйткені тек жұмысшы табы ғана Россияда демократия үшін батыл және дәйекті күрескер бола алады, өйткені жігерлі әсер ететін осындай партия болмайынша либералдық элементтер «түк бітірмейтін босаң, қалғыған күш күйінде қалуы мүмкін» (П. Б. Аксельрод, цитат келтірілген кітапша, 23-бет). *Р. М.*-ның «шын мәнісінде (!!) самодержавиеге қарсы қоғамдық күресті» біздің «ең алдыңғы қатардағы топтар жүргізеді» деуі (*Р. М.* мақаласының 12-беті), «біз үшін ең басты мәселе самодержавиеге қарсы *осы қоғамдық күресті* біздің жұмысшыларымыздың қалай жүргізуі керектігінде болып отыр»,— деуі, *Р. М.*-ның осындай нәрселерді айтуы, шынтуайттап келгенде оның социал-демократиядан мүлдем кері шегінгендігі. Бізге тек «Рабочая Мысльдің» редакторларына өздерінің қай бағытта жүргілері келетіндігін және өздерінің нағыз лайықты орындарының қайсы екендігін: еңбекші таптар арасына әлеуметтік революцияның туын жеткізетін және оларды революциялық саяси партияға ұйымдастырғысы келетін революционерлердің қатарында ма, әлде өздерінің «қоғамдық күресін» (яғни жария оппозицияны) жүргізетін либералдардың қатарында ма — осыны жақсылап ойластырыңдар деп байсалды кеңес беруге ғана тура келеді. Жұмысшылардың «қоғамдық іскерлігі» теориясында, «қоғамдық өзара жәрдемдесу» және «әзірше» 10 сағаттық жұмыс күнімен қанағаттанып отырған цех-

тық одақтар теориясында, земстволардың, либералдық қоғамдардың және басқалардың самодержавиеге қарсы «қоғамдық күрес» жүргізу теориясында — бұл теорияда социалистік дерлік те ештеңе жоқ, либералдар мойындамайды дерлік те еш нәрсе жоқ! «Рабочая Мысльдің» бүкіл программасы асылында (бұл жерде программа туралы айту мүмкін болғандықтан) орыс жұмысшыларын санасы жетілмеген мешеу күйінде және бытыраңқы күйінде қалдыруды, оларды *либералдардың құйыршығы* етуді көздейді!

Р. М.-ның кейбір сөздері айрықша оғаш естіледі. *Р. М.* былай деп бөседі: «Бар пәле сол — саяси полиция аяусыз түрде қудалап отырған біздің революцияшыл интеллигенция осы саяси полицияға қарсы күресті самодержавиеге қарсы саяси күрес деп түсінеді». Мұндай мәлімдеменің қандай мағынасы болуы мүмкін? Саяси полицияның саяси полиция деп аталуының себебі де оның самодержавие жауларын және оған қарсы күресушілерді қудалайтындығынан. Сондықтан барлық орыс революционерлерінің де, социалистердің де, барлық саналы жұмысшылардың да саяси полицияға қарсы күрескені сияқты, «Рабочая Мысль» де, ол әзірше либералдарға айналып кете қоймағандықтан, саяси полицияға қарсы күресіп отыр ғой. Саяси полиция социалистер мен жұмысшыларды аяусыз қудалайды, самодержавиенің «тұрлаулы ұйымы», «іскер және шебер мемлекеттік қайраткерлері бар» (*Р. М.*-ның мақаласының 7-беті) деген фактіден тек қана екі қорытынды шығуы мүмкін: қорқақ және дәрменсіз либерал мұнан, жалпы айтқанда біздің халықтың, соның ішінде жұмысшылардың күреске әлі де болса дайындығы аз, барлық үмітті земстволардың, либералдық баспасөздің және т. с. «күресіне» арту керек, өйткені бұл тек саяси полицияға ғана емес, сонымен бірге «самодержавиеге де қарсы шын күрес» болып табылады деген қорытынды шығарды. Социалист және әрбір саналы жұмысшы мұнан жұмысшы партиясы да барлық күшін сала «тұрлаулы ұйымға» ұмтылуы керек, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен социалистерден жұмысшы партиясын демократия үшін алдыңғы қатарлы күрескердің дәрежесіне көтере ала-

тын және оған барлық оппозициялық элементтерді тарта алатын «іскер және епті революцияшыл қайраткерлерді» тәрбиелеп шығаруға ұмтылуы керек деген қорытынды шығарады.

«Рабочая Мысльдің» редакторлары өздерінің бірінші қорытындыға әкеліп соқтыратын тайғақ жолға түскендігін байқамай отыр!

Немесе *Р. М.* тағы да былай деп жазады: «Бұл программалардағы», яғни социал-демократтардың программасындағы «бізді таңқалдыратын нәрсе — олар үнемі (бізде жоқ болып отырған) парламентте жұмысшылардың істейтін ісінің артықшылықтарын 1-ші қатарға қояды», ал фабриканттардың заң шығаратын жиналыстарына, фабрикалық істер жөніндегі жиындарға, қалалық қоғамдық өзін өзі басқару орындарына «жұмысшылардың қатысуының маңыздылығын... олар мүлдем елемейді» (15-бет). Егер парламенттің артықшылығын 1-ші қатарға қоймасақ, онда жұмысшылар саяси праволар туралы және саяси бостандық туралы талаптарды қайдан білер еді? Егер бұл мәселе туралы — «Рабочая Мысль» газеті тәрізді — үндемесек, мұнымыз жұмысшылардың төменгі топтары арасындағы саяси надандықты қолдағанымыз болып шықпай ма? Қалалардағы қоғамдық басқару орындарына жұмысшылардың қатысуына келетін болсақ, социал-демократтардың бір де бірі жұмысшы-*социалистердің* қалалық өзін өзі басқару орындарында қызмет атқаруының пайдасын және маңызын еш уақытта және ешқашан бекерге шығарған емес, бірақ социализмнің қандай да болсын ашық әрекетіне мүмкіндік болмай отырған Россияда бұл туралы айту күлкі болар еді. Россияда жұмысшылардың қалалық өзін өзі басқару орындарымен (егер ол мүмкін болған күнде де) әуестенушілігі іс жүзінде социалистік жұмысшы ісінен алдыңғы қатарлы жұмысшылардың көңілін бөліп әкетіп, либерализм жолына түсіргендік болар еді.

Р. М. былай дейді: «жұмысшылардың фабриканттарға көзқарасы қандай түсінікті болса, жұмысшылардың алдыңғы қатарлы топтарының мұндай (самодержавиелік) үкіметке көзқарасы да... сондай түсінікті». Демек, адам-

герішілік ақыл-парасат тұрғысынан қарасақ, бұдан — жұмысшылардың алдыңғы қатарлы топтарының интеллигенттерден шыққан социалистерден кем емес саналы социал-демократтар бола алатындығы айқындалады және сондықтан да «Рабочая Мысльдің» бұл екеуін бөліп қарауы жөнсіз әрі зиянды. Олай болса, орыс жұмысшы табы дербес саяси жұмысшы партиясын құру үшін қажет элементтерді қазірдің өзінде-ақ жасап, өздігінен алға қойды. Ал «Рабочая Мысль» редакторларының жұмысшылардың алдыңғы қатарлы топтарының саналылық фактісінен шығарған қорытындысы... бір орынды шиырлай беру үшін алдыңғыларды артқа сүйреу болып отыр! *Р. М.* «жұмысшылардың қандай күрес жүргізуін қалар едік?» — деп сұрақ қояды да, бұған өзі былай деп жауап береді: мүмкіндігі бар күресті қалар едік, ал мүмкін болатын күрес жұмысшылардың «қазіргі минутта» «жүргізіп отырған» күресі!!! Сән болып алған «бернштейншілдікпен» әуестенген «Рабочая Мысль» редакторларының өздері шалдыққан осынау мағынасыз да принципсіз оппортунизмді бұдан да гөрі айқынырақ түрде бейнелеу, тегі, қиынға соғар-ақ! Қалауы — мүмкіндігі болатын күрес түрі екен де, ал мүмкін дегендегісі — қазіргі минутта қол жеткен күрес түрі екен! Мұның аты, егер алыс және қиын-қыстау жолға, алдынан талай кедергілер мен талай дұшпандар кездесетін жолға сапар шегетін адамға, егер осындай адамға: қайда бару керек? деген сұрауына, мүмкін болатын жерге барған жөн, ал баруға мүмкін жер қазіргі минутта бара жатқан жағыңыз! деп жауап берілсе, жоғарғымен барабар болар еді! Міне, мұның өзі нақты нигилизм, бірақ революциялық нигилизм емес, не анархистер, немесе буржуазиялық либералдар тарапынан болып отыратын оппортунистік нигилизм! Орыс жұмысшыларын «жеке» және «саяси» күреске «шақыра отырып» (бұл жерде саяси күрес деп самодержавиеге қарсы күресті емес, «барлық жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін күресті» ғана түсінеді), *Р. М.* орыс жұмысшы қозғалысын және орыс социал-демократиясын тұрадан-тура *бір адым шегінуге* шақырады, жұмысшыларды, асылында, социал-демократтардан бөлініп шығуға, сөйтіп европа-

лық және орыс тәжірибесінің бүкіл сабақтарын керексіз етіп тастауға шақырады! Өз жағдайын жақсарту жолында күресу үшін және тек осындай күрес үшін жұмысшылар социалистерге тіпті мұқтаж емес. Социализм туралы еш нәрсе білместен немесе тіпті оған дұшпан көзбен қарай отырып та, өзінің жағдайын жақсарту үшін күресетін жұмысшылар барлық елдерден табылады.

«Қорытындыда,— деп жазады Р. М.,— жұмысшы социализмін біздің қалай түсінетіндігіміз туралы бірер сөз айта кетелік». Жоғарыда айтылғандардан кейін оқушыға бұл «түсініктің» қандай екенін білу қиын емес. Оның түсінуі Бернштейннің «сәнге айналған» кітабынан нақ бір сынып түскен жаңқа ғана. Пролетариаттың тап күресінің орнына біздің «жас» социал-демократтар «жұмысшылардың қоғамдық және саяси іскерлігін» қояды. Егер біз *Р. М.*-ның *қоғамдық* «күресті» және «саясатты» қалай түсінетіндігін еске түсіретін болсақ, онда мұның өзі кейбір жария орыс жазушыларының «формуласына» тұп-тура кері қайтқандық екендігі айқын болар еді. Социализмнің мақсатын (және мәнісін): жердің, фабрикалардың және т. т. жалпы өндіріс құрал-жабдықтарының бүкіл қоғамның меншігіне өтуін және капиталистік өндірістің орнына қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін көздейтін жалпы жоспар бойынша жұмыс істейтін өндірісті орнатуды дәлме-дәл көрсетудің орнына, *Р. М.* алдымен цехтық одақтардың және тұтыну одақтарының дамуын айтып өтеді де, социализм барлық өндіріс құрал-жабдықтарын толық қоғамдастыруға жеткізеді деп жол-жөнекей ғана айтып кетеді. Мұның есесіне «социализм дегеніміз қазіргі қоғамның одан әрі жоғары сатыға дамуы ғана болып табылады» деген сөздер ірі әріптермен басылған — бұл Бернштейннен алынған сөз, бұл сөз социализмнің маңызы мен мағынасын анықтау былай тұрсын, қайта оны көмескілендіре түседі. Бүкіл либерал, бүкіл буржуа атаулы сөз жоқ «қазіргі қоғамды дамытуды» жақтайды, сондықтан олардың бәрі *Р. М.*-ның мәлімдемесін қуана құптайды. Бірақ қалай десеңіз де буржуа — социализмнің *жауы.* Істің мәні мынада — «қазіргі қоғамның» түрліше жақ-

тары өте көп, сондықтан жалпыға ортақ осы сөзді қолданатын адамдардың бірі оның бір жағын, екіншісі екінші жағын көздейді. Демек, тап күресі мен социализм деген ұғымды жұмысшыларға түсіндірудің орнына, *Р. М.* тек көмескі және жұртты адастыратын сөздерді келтіреді. Ақырында, социализмді жүзеге асыру үшін қазіргі социализм ұсынып отырған құралдың — ұйымдасқан пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуының керектігін көрсетудің орнына — міне осының орнына *Р. М.* өндірістің олардың (жұмысшылардың) қоғамдық басқаруына немесе «түрліше фабрика-завод істерін қарау жөніндегі алқаға, дау шарларды шешетін соттарға, жұмысшы заңдарын шығару жөніндегі түрлі жиналыстарға, комиссияларға және кеңестерге олардың (жұмысшылардың) белсене қатынасуы арқылы, жұмысшылардың қоғамдық өзін өзі басқару орындарына қатысуы арқылы және, ақырында, елдің жалпы өкілдік мекемесіне қатысуы арқылы» демократияландырылған қоғамдық өкіметтің басқаруына көшуі туралы ғана айтады. Сөйтіп, «Рабочая Мысльдің» редакторлары жұмысшы социализміне тек *бейбіт* жолмен жетуге болатын социализмді ғана жатқызады да, революциялық жолды есептен шығарып тастайды. Социализмнің өрісін бұлайша тарылту және оны барып тұрған буржуазиялық либерализмге айналдыру барлық орыс социал-демократтарының және Европа социал-демократтарының орасан басым көпшілігінің көзқарасымен салыстырып қарағанда тағы да орасан зор қадам кері шегінгендік болып табылады. Жұмысшы табы, әрине, өкіметті өз қолына *бейбіт* жолмен алуды қалар еді (өкіметті осылайша тап күресінің мектебінен өткен, ұйымдасқан жұмысшы табы ғана қолға ала алады деп біз бұрын да айтып өткенбіз), бірақ өкіметті революциялық жолмен қолға алудан *бас тарту* пролетариат үшін теориялық жағынан да, практикалық-саяси жағынан да *ақылсыздық* болар еді және буржуазия мен барлық дәулетті таптардың алдында масқаралықпен кейін шегінгендік болар еді. Буржуазияның өкіметті пролетариатқа бейбіт жолмен бермесі, өзінің артықшылықтарын қорғап қалу үшін шешуші кезеңде күш жұмсауға барары мейлінше

ықтимал және тіпті ақиқат нәрсе. Сол уақытта пролетариаттың өз мақсатын жүзеге асыруы үшін революциядан басқа жолы қалмайды. Міне, сондықтан да «жұмысшы социализмінің» программасы саяси өкіметті жеңіп алу туралы жалпылама айтады да, ал оны жеңіп алу әдісін *белгілемейді,* өйткені бұл әдістің қандай болары болашаққа байланысты, ал ол келешекті біз дәл белгілей алмаймыз. Бірақ, шынтуайтқа келгенде, пролетариат әрекеттерінің өрісін бір ғана бейбіт «демократияландырумен» шектеу, қайталап айталық, жұмысшы социализмі дейтін ұғымды ешбір негізсіз тарылту және оның қадірін кетіру болып табылады.

Біз «Жеке қосымшаның» басқа мақалаларын тап осы тәрізді талдап отырмаймыз. Чернышевскийдің қайтыс болуының 10 жылдығына арналған мақала туралы біз жоғарыда айтып өттік. «Рабочая Мысль» редакторларының бернштейншілдікті, қазір дүние жүзіндегі социализм жауларының бәрі, соның ішінде өте-мөте буржуазиялық либералдар соншалықты жармаса жақтап отырған, ал неміс социал-демократтарының басым көпшілігі (Ганновердегі съезде) және немістің саналы жұмысшыларының дені үзілді-кесілді қарсы болып отырған бернштейншілдікті насихаттауына келер болсақ, ол туралы бұл арада толық тоқтап жату орынсыз. Бұл арада біз *орыс* бернштейншілдігімен ғана шұғылданып отырмыз, ал «біздегі» бернштейншілдіктің қаншалықты шексіз пікір былықпайлығына душар болғаны, бұларда көзқарас дербестігінің өзі түгіл нышаны да жоқтығы, орыс социал-демократиясының көзқарасына қарағанда олардың қаншалықты ойсырай кері шегінгендігі жайлы біз бұрын атап көрсеткенбіз. Неміс бернштейншілдігі жайына келер болсақ, бұл туралы немістердің өздері-ақ сөйлесін. Біз тек мынаны тағы да ескерте кетелік: орыс бернштейншілдігі неміс бернштейншілдігіне қарағанда әлдеқайда төмен сатыда тұр. Бернштейннің, оның барлық қателеріне қарамастан және оның теория жағынан да, саяси жағынан да кейін шегінуге айдан-анық тырысатындығына қарамастан, әлі де болса ақыл-парасат пен адалдығын мүлдем жоғалтпағаны мынадан көрінеді: ол өзі ешқандай жаңа теория-

ға немесе жаңа программаға келе алмағандықтан, неміс социал-демократиясының программасына *өзгеріс енгізуді ұсынудан бас тартты* және соңғы, шешуші сәтте Бебельдің қарарын, Германия социал-демократиясы бұрынғы программасын және бұрынғы тактикасын сақтайды деп бүкіл жер жүзіне салтанатпен мәлімдеген қарарды жақтайтындығын білдірді. Ал біздің орыс бернштейншілдері ше? Бернштейннің істегенінің жүзден бірін де істеместен, олар барлық орыс социал-демократиялық ұйымдары 1898 жылы «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» негізін салғандығын, оның «Манифесін» жариялағандығын және «Рабочая Газетаны» оның ресми органы деп мәлімдегендігін, осылардың бәрі түгелімен орыс социал-демократтарының «бұрынғы» программасына сүйенетіндігін тіпті білгісі де келмейді, олар осыған дейін барып отыр. Біздегі бернштейншілдер, егер олар осы бұрынғы көзқарастарды қабылдамай, жаңа пікірге келген күнде де өздерінің адамгершілік борышы, бүкіл орыс социал-демократиясының алдындағы борышы, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» дайындауға және құруға өздерінің барлық күшін жұмсаған, қазіргі кезде орыс түрмелерін лыққа толтырып отырған социалистер мен жұмысшылардың алдындағы борышы,— міне осы борыштар олардан, жаңа көзқарастардың өкілдерінен, қайдағы бір «біздің революционерлер» атаулының бәрін тасада тұрып балағаттамай, атап айтқанда кіммен және қандай мәселе жөнінде келіспейтіндігін, бұрынғы көзқарастардың орнына, атап айтқанда олар қандай жаңа көзқарастарды және қандай жаңа программаны ұсынатындығын тура және ашық айтуды талап ететінін сезбейтін тәрізді.

Бізге енді тағы да бір мәселеге және ең маңызды дерлік мәселеге тоқталып өтуге тура келеді: орыс социал-демократиясында осындай шегіншектеу бағытының пайда болуын қалайша *түсіндіруге* болады? Біздің пікірімізше, істің мәнін тек қана «Рабочая Мысль» редакторларының жеке басының қасиеттерімен немесе бернштейншілдік бағытты тұтушылардың әсерімен ғана түсіндіруге болмайды. Біздің ойымызша мәселе ең ал-

дымен орыс социал-демократиясының тарихи дамуының өзгешелігінде болып отыр, бұл өзгешелік жұмысшы социализмін тар мағынада түсінушілікті туғызады — және осыны *уақытша* туғызуы *тиіс* те еді.

80-жылдарда және 90-жылдардың басында, Россияда социал-демократтар нақты жұмыс істей бастаған алғашқы кезеңде олардың алдында, 1-ден, бұларды орыс революциялық қозғалысы өсиет етіп қалдырған саяси күрестен бас тартады деп кінәлаған халық ерікшілері тұрды және бұлармен социал-демократтар қатты айтысты, ал, 2-ден, Россияның либералдық қоғамы тұрды, бұл қоғам да революциялық қозғалыстың халық ерікшілігінен социал-демократияға бет бұрғандығына наразы еді. Бұл екеуіне де қарсы жүргізілген айтыс саясат туралы мәселенің айналасында болып жатты. Саясатты заговоршылдыққа әкеліп сайған халық ерікшілерінің тар мағыналы түсінігіне қарсы күресе отырып, социал-демократтар (саясатты белгілі дәрежеде тар мағынада түсінушілік үстем болғандықтан) тегі саясатқа қарсы шығуы мүмкін еді, кейде қарсы шығып та жүрді. Екінші жағынан, буржуазиялық «қоғамның» либералдық және радикалдық пікірдегі салондарында революционерлер террорды тастап кетті деген өкінушілікті социал-демократтарға жиі еситуге тура келіп жүрді: бір кезде бәрінен де өз қара басының қамын көбірек ойлаған және самодержавиені соққылаған ерлерге шешуші кезеңдерде қолдау жасамаған сол бір кісілер енді екіжүзділікпен социал-демократтарды саяси ынжықтығы үшін айыптайтынды шығарды және олар тұтатқан отты өз қолымен көсеп беретін партияның қайтадан пайда болуын көкседі. Социал-демократтардың мұндай адамдарды және бұлардың желбуаз сөздерін жек көруі және бір қарағанда ұсақ, бірақ оның есесіне анағұрлым маңызды жұмысқа, фабрика-завод пролетариатының арасында насихат жүргізу жұмысына кетуі табиғи нәрсе. Бұл жұмыстың бастапқы кезде тар өрісті сипатта болуы сөзсіз еді, ол кейбір социал-демократтардың тар өрісті мәлімдемелерінде де бейнеленіп жүрді. Алайда бұл тар өрістілік орыс жұмысшы қозғалысының өрісі кең тарихи мақсаттарын еш уақытта естен шығармайтын социал-

демократтарды әсте сескендіре алмады. Социал-демократтардың *сөздерінің* кейде өрісі тар болғандығына өкінетін несі бар: оның есесіне *олардың ісінің* құлашы кең ғой. Оның есесіне олар пайдасыз сөзуарлыққа салынбайды, буржуазиялық либерализмнің Балалайкиндерімен [106] ауыз жаласпайды, қайта, шын мәнісінде бірден-бір революцияшыл тап болып табылатын таптың арасына кіріп, оның күштерінің дамуына көмектеседі! Олар социал-демократиялық насихаттың өрісі кеңейген сайын, бұл тар өрістілік өзінен-өзі жоғала бермек деп ойлады. Көп реттерде іс жүзінде осылай болып шықты да. Насихаттан кең өрісті үгітке көше бастады. Кең көлемдегі үгіттің саналы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қатарын бірден-бірге көбейте бастағаны табиғи нәрсе; революциялық ұйымдар құрыла бастады (С.-Петербург, Киев және басқа «Күрес одақтары», Еврей жұмысшы одағы). Бұл ұйымдардың бірігуге талпынуы да табиғи нәрсе еді және мұны олар, ақырында, жүзеге асырды да: олар бірігіп, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының» негізін қалады. Ескі өрісі тарлыққа ендігі жерде ешқандай негіз қалмағандай, ол енді біржолата жоғалатындай болып көрінген-ді. Бірақ басқаша болып шықты: үгітті жүргізу социал-демократтарды пролетариаттың төменгі, кемірек дамыған топтарымен жолықтырды; бұл топтарды тарту ісі бұлардың ұғымының ең төменгі дәрежесіне үгітшінің икемделе білуін талап етті, оны «қазіргі минуттың талаптары мен мүдделерін» бірінші қатарға қоюға және социализм мен саяси күрестің кең көлемді мұраттарын кейін шегере тұруға үйретті. Социал-демократиялық жұмыстың бытыраңқы, майдагерлік сипатта болуы, түрлі қалалардағы үйірмелердің арасындағы байланыстың тым әлсіздігі, орыс социал-демократтарының бұлардан білімі де анағұрлым мол, революциялық тәжірибесі де анағұрлым артық, саяси біліктілігі де анағұрлым ауқымды — шетелдегі жолдастарымен байланысының нашарлығы, әлбетте, социал-демократиялық жұмыстың осы *(мейлінше қажетті)* жағының шектен тыс дәріптеліп көрсетілуіне әкеліп соқтырды және жеке адамдардың санасында жұмыстың басқа жақтарын елемеушілікке әкеліп соқтыруы мүмкін

еді, өйткені, мұның үстіне, әрбір талқандалуға ұшыраған сайын неғұрлым саналы жұмысшылар мен интеллигенттер әрекет жасаушы армияның қатарынан шығып қалып отырды да, ал берік революциялық дәстүр мен мирасқорлық әзірше қалыптаса қойған жоқ-ты. Міне орыс социал-демократиясының мұраттарынан шегінушіліктің басты бір себебін біз социал-демократиялық жұмыстың бір жағын осылайша шектен тыс асыра дәріптеушіліктен көріп отырмыз. Енді осыған сәнге айналған кітапшаларды оқумен әуестенушілікті, орыс революциялық қозғалысының тарихынан бихабарлықты және елден ерекше болып көрінуді көксейтін балалық дәмені қосыңыз,— сонда сіз «орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағытын» туғызған барлық элементтерді түгел көресіз.

Сонымен, пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарының төменгі топтарға көзқарасы туралы және социал-демократияның бұл топтардың екеуінде де жүргізетін жұмысының маңызы туралы мәселеге бізге толығырақ тоқталуға тура келеді.

Барлық елдердегі жұмысшы қозғалысының тарихы социализмнің идеяларын жұмысшылардың неғұрлым қолайлы жағдайдағы топтары бәрінен бұрын және бәрінен оңайырақ қабылдайтынын көрсетеді. Жұмысшы қозғалысының қандайы болсын өз ортасынан іріктеп шығаратын алдыңғы қатарлы жұмысшылар,— жұмысшы бұқарасының толық сеніміне ие бола алатын жұмысшылар, пролетариатты ағарту және ұйымдастыру ісіне өздерін қалтқысыз арнайтын жұмысшылар, социализмді бүкіл санасымен қабылдай білетін және тіпті өздігінен социалистік теорияларды шығарған жұмысшылар ең алдымен осы топтардан шығады. Қандай болсын өміршең жұмысшы қозғалысы жұмысшылардың осындай көсемдерін, өз Прудондары мен Вальяндарын, Вейтлингтері мен Бебельдерін тудырып отырды. Біздің орыс жұмысшы қозғалысы да бұл жөнінде европалық жұмысшы қозғалысынан қалыспас деген үміт бар. Оқыған жұртшылық тарапынан әділ, астыртын әдебиетке деген ықылас азайып отырған сәтте, жұмысшылар арасында білімге және социализмге құштарлық барынша

артып отыр, жұмысшылардың арасынан нағыз ерлер шығып жатыр, бұлар — өзінің күйкі тіршілігінің сүреңсіздік жағдайына қарамастан, фабрикалардағы адамды топас ететін каторгалық жұмысқа қарамастан,— оқыған үстіне оқи түсуге және өзінен саналы социал-демократтарды, «жұмысшы интеллигенциясын» тәрбиелеп шығаруға жетерліктей қажырлылық пен жігерді өз бойынан тауып отыр. Россияда осындай «жұмысшы интеллигенциясы» қазірдің өзінде бар, ендеше біз оның қатарын үнемі көбейте беруге, олардың өскен ой-санасының қажетін толық қанағаттандырып отыруға, олардың қатарынан орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясының басшылары шығуы үшін барлық күшімізді жұмсауымыз керек. Сондықтан, барлық орыс социал-демократтарының органы болғысы келетін газет алдыңғы қатарлы жұмысшылардың дәрежесінде болуы тиіс; ол өзінің дәрежесін әдейі төмендетпек түгіл, қайта оны үнемі көтеріп отыруы тиіс, бүкіл дүние жүзілік социал-демократияның барлық тактикалық, саяси және теориялық мәселелерін қадағалап отыруы тиіс. Тек сөйткенде ғана жұмысшы интеллигенциясының талаптары орындалады да, орыс жұмысшысының ісін, *демек,* орыстың революциялық ісін ол өз қолына алады.

Сан жағынан шамалы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың соңынан орта дәрежедегі жұмысшылардың қалың тобы еріп отырады. Бұл жұмысшылар да социализмге ынтыға ұмтылады, жұмысшы үйірмелеріне қатысады, социалистік газеттер мен кітаптарды оқиды, үгіт жұмысына араласады, олардың жоғарғы топтан айырмашылығы тек сол — бұлар социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына өздігінен дербес басшылық ете алмайды. Партияның органы боларлық газеттен орта дәрежедегі жұмысшы кейбір мақалаларды түсінбейді, теориялық немесе практикалық қиын мәселеге келгенде өзіне-өзі толық есеп бере алмайды. Бұдан — газет өз оқушыларының көпшілігінің дәрежесіне дейін төмендеуі керек еді деген мағына тіпті де тумайды. Қайта, газет дәл солардың дәрежесін көтеруі керек және жұмысшылардың орта дәрежедегі топтарынан алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шығуына жәрдемдесуі керек.

Бар назарын *жергілікті* практикалық жұмысқа аударған, көбінесе жұмысшы қозғалысының хроникасымен және үгіттің таяудағы мәселелерімен шұғылданатын, осындай жұмысшы өзінің әрбір адымын барлық орыс жұмысшы қозғалысы туралы, оның тарихи міндеті туралы, социализмнің түпкілікті мақсаты туралы оймен байланыстыруы керек, сондықтан да оқушыларының көпшілігі орта дәрежедегі жұмысшылар болып отырған газет социализм мен саяси күресті әрбір жергілікті және тар өрісті мәселемен қажетті түрде байланыстыруы керек.

Ақырында, орта дәрежедегі топқа ілесе пролетариаттың төменгі топтары келеді. Социалистік газеттің бұларға мүлдем не мүлдем дерлік түсініксіз болуы әбден мүмкін (Европаның батысында да социал-демократиялық газеттерді оқушылардан гөрі сайлаушы-социал-демократтардың саны анағұрлым көп қой), бірақ мұнан социал-демократтардың газеті жұмысшылардың неғұрлым төмен дәрежесіне икемделуі керек деген қорытынды шығару мағынасыздық болар еді. Бұдан тек мұндай топтар үшін үгіт-насихаттың өзге құралдары: неғұрлым түсінікті жазылған кітапшалар, ауызекі үгіт және — әсіресе — жергілікті оқиғалар жөнінде жазылған листоктар болу керек деген қорытынды шығады. Социал-демократтар тіпті мұнымен де қанағаттанбауы керек: жұмысшылардың төменгі топтарында сана-сезімді ояту жөніндегі алғашқы қадамдар жария түрде жүргізілетін ағарту ісінің үлесіне тиюі әбден мүмкін. *Партия* үшін бұл қызмет түрін пайдаланудың, оны аса қажет деген жеріне нақтылап бағыттай білудің, кейін социал-демократия үгітшілері тұқым себетін тыңды көтеруге жария қызметкерлерді жіберудің зор маңызы бар. Жұмысшылардың төменгі топтарының арасында жүргізілетін үгіт, әрине, үгітшінің өз ерекшеліктеріне және орынның, кәсіптің және т. т. өзгешеліктеріне мейлінше кең өріс беруі керек. «Тактика мен үгітті шатастырмау керек»,— дейді Каутский өзінің Бернштейнге қарсы жазған кітабында.— «Үгіттің әдісі жеке адамдарға және жергілікті жағдайларға бейімделуі керек. Үгіт жұмысында әрбір үгітші өз қолында бар құралдарды таңдап ала ала-

тын болуы керек: үгітшінің біреуі өзінің көңілді де жігерлі сөзімен көбірек әсер етеді, екіншісі — өзінің өткір мысқылдарымен, үшіншісі — көптеген мысалдар келтіре білуімен күшті әсер етеді және т. т. Үгітшімен үйлесе отырып, үгіт жұмысы сонымен бірге жұртшылықпен де үйлесуі керек. Үгітші сөйлегенде оны жұрт түсінетін болсын; ол тыңдаушыларға әбден белгілі жайтты негізге алып сөйлеуі керек. Мұның бәрі өзінен өзі түсінікті және жалғыз шаруалар арасындағы үгітке ғана қолданылып қоймайды. Матростарға қарағанда арбакештермен басқаша сөйлесу керек, әріп терушілерге қарағанда матростармен басқаша сөйлесу керек. *Үгіт жекелендірілуі* керек, бірақ біздің *тактика,* біздің саяси *ісіміз бірыңғай* болуға тиіс» (S. 2—3). Социал-демократиялық теорияның алдыңғы қатарлы өкілінің бұл сөздері партияның жалпы ісіндегі үгіттің ролін өте жақсы бағалайды. Бұл сөздер саяси күресті жүргізетін революциялық партияның құрылуы үгітке кедергі жасайды, оны екінші қатарға ығыстырады немесе үгітшілердің еркіндігін тежейді деп ойлайтындардың қауіптенуінде ешқандай негіз жоқ екендігін көрсетеді. Қайта, тек ұйымдасқан партия ғана үгітті кең түрде жүргізе алады, үгітшілерге барлық экономикалық және саяси мәселелер жөнінде қажетті басшылық (және материал) бере алады, үгіттің әрбір жергілікті табысын барлық орыс жұмысшыларына сабақ болу үшін пайдалана алады, үгітшілерді олар неғұрлым ойдағыдай жұмыс жүргізе алатын бұқара ортасына немесе жергілікті жерлерге жібере алады. Үгітші болуға бейімділігі бар адамдар тек ұйымдасқан партияда ғана өздерін осы іске түгел арнай алады,— мұнан үгіт жұмысы да, социал-демократиялық жұмыстың өзге жақтары да ұтып шығады. Мұнан кімде-кім экономикалық күреспен жүріп, саяси үгіт пен насихатты ұмытса, жұмысшы қозғалысын саяси партияның күресіне бағыттай ұйымдастыру керектігін ұмытса, ол адам, басқаларын былай қойғанның өзінде, пролетариаттың неғұрлым төменгі топтарын жұмысшы ісіне тартуды берік және ойдағыдай етіп қою мүмкіндігінен айрылатыны көрінеді.

Бірақ істің бір жағын, басқа жақтарына зиян келтіретіндей етіп, осылай асыра көрсету және істің басқа жақтарының бәрін мүлдем шетке итеріп тастауға тырысушылық орыс жұмысшы қозғалысы үшін бұдан да зор зиянды зардабын тигізуі ықтимал. Егер орыс социал-демократиясының негізін қалаушылар жұмысшыларды тек самодержавиені құлататын қару ретінде ғана пайдаланады-мыс, олар социализмнің түпкі мақсаттары мен саяси күрестің таяудағы міндеттерін былай тастап, тек мейрамдарды және цехтық одақтарды қайта қалпына келтірумен ғана қанағаттануға шақырады-мыс деген жаланы естір болса, бұдан пролетариаттың төменгі топтары тұп-тура азғындауы да мүмкін. Мұндай жұмысшылар үкімет пен буржуазияның кез келген қайыр-садақасының қармағына әрдайым түсіп қалуы да мүмкін (және түседі де). «Рабочая Мысль» уағызының әсерімен пролетариаттың төменгі топтары, сана-сезімі мүлдем дамымаған жұмысшылар: ақыны арттыру мен мейрамдарды қалпына келтіруден («минуттың мүдделері») басқа жұмысшылар еш нәрсені білуге ұмтыла алмайды, ұмтылмауы да керек, жұмысшы халық жұмысшы ісін социализммен біріктіруге талпынбастан, жұмысшы ісін бүкіл адамзаттың алдыңғы қатардағы және өте шұғыл ісіне айналдыруға талпынбастан, оны бір өзінің күшімен, бір өзінің «жеке иницитивасымен» жүргізе алады, жүргізуі де керек деген буржуазиялық және мейлінше реакциялық нанымға беріліп кетуі мүмкін. Қайталап айталық, сана-сезімі мүлде дамымаған жұмысшылар ғана осындай нанымға беріліп азғындауы мүмкін, бірақ алдыңғы қатарлы орыс жұмысшылары, жұмысшы үйірмелеріне және бүкіл социал-демократиялық іске басшылық етіп отырған жұмысшылар, біздің абақтылар мен айдауға жіберілетін жерлерді Архангельск губерниясынан бастап Шығыс Сибирьге дейін қазір лық толтырып отырған жұмысшылар,— бұл жұмысшылар мұндай теорияны ызалы наразылықпен қабылдамай тастайтынына біздің көзіміз жетеді. Бүкіл қозғалысты минуттың мүдделеріне әкеліп тіреу жұмысшылардың сана-сезімінің дамымағандығын пайдалану, олардың бойындағы ең нашар қасиеттерді қоздыру болар еді. Мұның мәнісі

жұмысшы қозғалысы мен социализм арасындағы байланысты, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың әбден айқындалған саяси талпыныстары мен бұқара наразылығының стихиялық түрде білінуінің арасындағы байланысты көпе-көрнеу үзушілік болады. Міне, сондықтан да «Рабочая Мысльдің» айрықша бағытпен көрінуге әрекет жасауы айрықша назар аударуды және айрықша күшті қарсылық білдіруді керек қылады. Бұған дейін, «Рабочая Мысль», шамасы, пролетариаттың төменгі топтарына қарай икемделе отырып, әйтеуір социализмнің түпкі мақсаты туралы, саяси күрес туралы мәселені қозғамай, айналып өтуге тырысып, әрі өзінің айрықша бағыты туралы да ештеңе мәлімдемей келгендіктен, көптеген социал-демократтар жұмыстары өркендеп кеңейген кезде «Рабочая Мысль» тобы мүшелерінің өздерінің өрісі тарлығынан өздері-ақ оп-оңай арылады деп сеніп, бастарын шайқап қана қоюшы еді. Ал енді бұған дейін дайындық класының пайдалы жұмысын атқарған адамдардың сәнге айналған оппортунизм теорияларына жармаса отырып, бүкіл Европада шу көтеріп, орыс социал-демократиясын көп жылдар бойына (егер мәңгілікке болмаса) дайындық класына отырғызып қойғымыз келеді деп отырған қазіргі кезде — басқаша айтқанда, бұл уақытқа дейін бөшкеге бал жинап пайдалы еңбек сіңірген адамдар енді «жұрт көзінше» оған шөмішпен қарамай құя бастаған уақытта, — біз осынау шегіншектеу бағытына үзілді-кесілді қарсы шығуға тиіспіз!

Орыс социал-демократиясы, оның негізін қалаушы «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері арқылы да, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» құрған орыс социал-демократиялық ұйымдары арқылы да әрқашан төмендегі негізгі екі ережені мойындаған: 1) Социал-демократияның мәнісі: саяси өкіметті жеңіп алып, барлық өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл қоғамның қолына беру, капиталистік шаруашылықтың орнына социалистік шаруашылықты құру үшін пролетариаттың тап күресін ұйымдастыру; 2) Орыс социал-демократиясының міндеті: самодержавиені құлатуды, саяси бостандықты жеңіп алуды өзінің таяудағы міндеті етіп қоятын орыстың революцияшыл жұмысшы партия-

сын құру. Кімде-кім осы негізгі («Еңбекті азат ету» тобының программасында дәл баяндалған және «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесінде» бейнеленген) ережелерден кері шегінсе, ол адам социал-демократиядан кері шегінеді.

1899 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 8—9-номерінде басылған

Белгісіз бірсудің қолымен көшіріп жазылып, В. И. Ленин қарап шыққан қолжазба бойынша басылып отыр

ӨНЕРКӘСІПТІК СОТТАР ТУРАЛЫ

Өнеркәсіптік соттар деп жұмысшылар мен қожайындар (өнеркәсіпте фабриканттар) сайлаған өкілдерден құралатын сотты айтады және олар жалдау шарттарына, мерзімді және мезгілден тыс істелетін жұмыстың нарқын белгілеуге байланысты жұмысшылармен дұрыс есеп айырыспаудан, бұзылған материал үшін ақыдан қаржы ұстап қалудан, штрафтарды дұрыс салмаудан және т. т. және т. т. жиі-жиі туатын істер мен таластарды талқылайды. Батыс Европа елдерінің көпшілігінде мұндай соттар бар, Россияда — жоқ, сондықтан біз бұл соттар жұмысшыларға қандай пайда келтіреді және үкімет тағайындаған немесе дәулетті таптар сайлаған судьяның жалғыз өзі, қожайындар мен жұмысшылардан сайланатын ешбір өкілдерді қатыстырмастан істі шешетін әдеттегі соттармен қатар өнеркәсіптік соттарды да құру неліктен керек болып отыр дегенді қарастырып өтпекшіміз.

Өнеркәсіптік соттардан келетін бірінші пайда сол — бұған жұмысшылардың қолы анағұрлым оңай жетеді. Әдеттегі сотқа шағым ету үшін, арыз жазу керек (бұл үшін көбінесе адвокатқа өтініш жасауға тура келеді), баж салығын төлеу керек болады, соттың болатын мерзімін ұзақ күтуге тура келеді, өзін де, куәларын да жұмысынан қалдырып, сотқа баруға тура келеді, соңынан наразылық білдірген дауласушылардың шағымы бойынша істің жоғарғы сотқа түсуін күтуге тура келеді, ал жоғарғы сотта іс қайтадан шешіледі. Жұмысшылардың

әдеттегі сотқа амалсыздың күнінен ғана баратыны таңырқарлық нәрсе емес! Ал өнеркәсіптік соттар судьялыққа сайланған қожайындар мен жұмысшылардың өкілдерінен құралады. Өзі сайлаған жолдасына ауызша шағым айтудың жұмысшы үшін түк те қиындығы жоқ. Өнеркәсіптік соттардың мәжілістері әдетте мейрам күндері немесе жұмысшылардың жұмыстан әдейі босануын қажет етпейтін қолы бос кездерінде шақырылады. Өнеркәсіптік соттарда іс анағұрлым тезірек қаралады.

Өнеркәсіптік соттардың жұмысшыларға беретін екінші пайдасы сол — бұлардағы судьялар фабрика-завод істерін анағұрлым жақсы түсінеді, оның үстіне судьялар мүлдем бөгде чиновниктер емес, жұмысшылардың тұрмыс жағдайы мен жергілікті өндірістің жағдайын білетін жергілікті адамдар, оның үстіне судьялардың жартысы — жұмысшылар, бұлар жұмысшыға маскүнем, сотқар және надан деп қарамай (буржуазия табынан, дәулетті адамдар табынан шыққан және әрқашан дерлік буржуазиялық қоғаммен, фабриканттармен, директорлармен, инженерлермен байланысын сақтайтын, ал жұмысшылардан құдды қытай қорғанымен бөліп тастағандай оқшау тұратын чиновник-судьялар жұмысшыларға көбінесе осылай қарайды), оған әрқашан адал қарайды. Чиновник-судьялар істің қағаз жүзінде ғана ретті болуының қамын көбірек көздейді: қағаз жүзінде ғана барлығы дұрыс болса болғаны, чиновниктің басқада ісі жоқ; ол тек өзінің жалақысын алуға және бастықтар алдында құрдай жорғалауға ғана талпынады. Сол себепті чиновниктік соттарда қағазбастылық, даукестік пен жоқ нәрсені сылтауратушылық тым көп болады: кағаздың жазылуында титтей мін болса, протоколға дер кезінде түсірмесең — ісің оң болса да еш нәрсе шықпайды. Ал судьялар фабриканттар мен жұмысшылардан сайланатын адамдар болған уақытта, оларға қағазбастылықты көбейтіп жатудың мүлдем керегі жоқ: олар ақыға бола істемейді, олар арамтамақ чиновниктерге тәуелді емес. Олар бұдан да тәуірірек орын тауып алудың қамын жемейді, қайта фабриканттарға өзінің өндірісін тоқтаусыз жүргізуге кедергі жасайтын, жұмысшыларға өзінің жұмысын тыныш істей беруіне, сөйтіп

қожайындар тарапынан ретсіз тиісушіліктен және жөнсіз жәбірлеушіліктен неғұрлым қорықпауға кедергі келтіретін жанжалдарды жайғастыруды ойластырады. Ал онан соң,— қожайындар мен жұмысшылар арасындағы шатақты шешу үшін оның өзі өмір тәжірибесінен өткен, фабрика ісін жақсы білетін кісі болуы керек. Чиновник-судья болса жұмыс кітапшасына қарап, ережені оқиды да,— басқа еш нәрсені тыңдағысы да келмейді: ережені бұзған екенсің, соған сәйкес жауап бер, мен басқа ештеңені де білмеймін деп шыға келеді. Ал қожайындар мен жұмысшылардан сайланған судьялар жалғыз қағазға ғана жүгінбейді, сонымен бірге тұрмыс жүзінде істің жайы қандай болатындығына да қарайды. Кейде ереже дегенің жай әншейін қағаз жүзінде қала береді де, ал іс жүзінде мүлдем басқаша болады ғой. Чиновник-судья тіпті өзінің ықыласымен, істі шын ыждағаттылықпен қараған күннің өзінде оның байыбына бара алмайды, өйткені ол әдет-ғұрыпты білмейді, бағаны белгілеудің әдістерін білмейді, мастерлер ереже мен кесімді бағаны бұзбастан-ақ жұмысшыларды қандай жолмен қыспаққа алатынын (мәселен, басқа жұмысқа көшіреді, басқа материал береді және т. т.) біле бермейді. Өздері жұмыс істейтін немесе фабрикадағы істерді өздері жүргізетін сайланған судьялар мұндай мәселелердің бәрін де дереу шеше алады, олар жұмысшының нені тілейтіндігін оңай түсінеді, олар жалғыз ережені орындауды ғана көздемейді, сонымен бірге істі қалай жайғастырудың қамын ойлайды: қожайынның ережені бұрмалап, жұмысшыны жәбірлемеуін, алдау мен озбырлық жасауға желеу болмауын қарастырады. Осы жуық арада ғана газеттерде қожайынның шағымы бойынша бас киім тігетін жұмысшыларды ұрлығы үшін — бас киімнен қалған құрақ шүберектерді пайдаланғаны үшін — соттап жібере жаздады деген хабар басылды; бұл кәсіпшіліктегі әдет-ғұрыптың өзі осындай екендігі, жұмысшылардың ұрлық жасамақ түгіл, ешқандай ережені де бұзбағандығы жайлы мәліметтер жинап, дәлелдей алған адал адвокаттар табылғаны мұндай тәуір болар ма. Бірақ кәдуілгі, қарапайым жұмысшының, ақыны тым аз алатын жұмысшының жақсы адвокатқа еш уақытта

дерлік қолы жете бермейді ғой, сондықтан чиновник-судьялар жұмысшылардың істері бойынша ең қатал және тым жөнсіз қатал үкімдерді өте жиі шығаратынын әрбір жұмысшы жақсы біледі. Чиновник-судьялардан толық әділдікті еш уақытта күтуге болмайды: бұл судьялардың буржуазия табына жататынын және олардың фабрикант не айтса да соның сөзіне алдын ала сенетінін, жұмысшының сөзіне сенбейтінін біз жоғарыда айтқанбыз. Судья заңды: жеке адамның жалдану шартын ғана біледі (бір адам ақы алып басқа біреуге бір нәрсе жасап беруге немесе соның жұмысын істеуге жалданады). Фабрикантқа инженер жалдана ма, дәрігер жалдана ма, фабрика директоры жалдана ма немесе қара жұмысшы жалдана ма — оған бәрібір; судья (өзінің қағаз жандылығының және буржуазиялық топастығының салдарынан) қара жұмысшы да өзінің праволарын директор, дәрігер, инженер сияқты жақсы білуі керек және қажетті ескертудің бәрін шартта көрсетуге тиіс деп ойлайды. Ал өнеркәсіптік сотта судья болып (жартысы) жұмысшылардан сайланған адамдар істейді, олар жаңа немесе жас жұмысшының көбінесе өзі фабрикада немесе конторда қараңғы орманда жүргендей қысылып-қымтырылатынын және оның өз «еркімен шарт» жасасып отырмын-ау, ол шартта өзім тілейтін жағдайлардың бәрін «алдын ала қарастыруым керек-ау» дегенді ойламайтынын біледі. Мысалға мынадай бір жайтты алайық: жұмысын орынсыз жарамсыз деп танығаны үшін немесе орынсыз штраф салғаны үшін жұмысшының шағым бергісі келеді екен делік. Бұл жөнінде чиновник-судьяға немесе фабрика инспекторы — чиновникке шағым берейін деп ойлаудың да керегі жоқ. Чиновниктің айтатыны біреу-ақ: *заң* жұмысшыларға штраф салуға және нашар жұмысты бракқа шығаруға фабрикантқа право берді, ал сондықтан жұмысты қандай жағдайда сапасыз деп санайды, жұмысшыны қай кезде айыпты деп табады, оны анықтау фабриканттың ісі дейді. Сондықтан да жұмысшылар мұндай шағымдармен соттарға мейлінше аз барады: олар бұл қиянатқа әрі төзеді, бері төзеді, ал төзімі таусылғаннан кейін істі стачкамен аяқтайды. Ал соттың арасында жұмысшылардың өздері

сайлаған өкілдер отырса, мұндай істер жөнінде және барлық фабрикалық ұсақ дау-жанжалдар мен қиянаттар жөнінде шындықты дәлелдеп, қорғауыны табу жұмысшыға әлдеқайда оңай болар еді. Бай чиновник-судьяға кейбір ұсақ-түйек дүниелер көңіл бөлуге тұрмайтын нәрсе болып көрінеді ғой (шай үшін қайдағы бір қайнатқан су, не машинаны бір рет артық тазарту, немесе тағы да сол тәрізділер), ал жұмысшы үшін бұлар тіпті де ұсақ-түйек дүние емес; фабрикалардағы жай көзге болмашы, зиянсыз болып көрінетін, ұсақ ережелер мен тәртіптердің өзі нендей көп қысымшылық, жәбірлену мен қорлануды тудыратыны жөнінде тек жұмысшылардың өздері ғана әділ төрелік айта алады.

Өнеркәсіптік соттардан жұмысшыларға келетін үшінші пайда сол — жұмысшылар бұл соттарда іспен танысу арқылы заңдарды үйренеді. Заңды білмегендері үшін өздерін чиновниктер мен чиновниктік судьялар айыптап отырса да, жұмысшылар (көпшілігі) әдетте заңдарды білмейді, білуі мүмкін де емес. Егер чиновник жұмысшыға заңды көрсеткенде ол мұндай заңды білгенім жоқ дейтін болса, онда чиновник (және судья) не күледі, не: «заңды білмеймін деп бұлтаруға ешкімнің правосы жоқ» деп сөгіп салады — негізгі орыс заңы міне осылай дейді. Сондықтан, чиновник пен судья атаулы әрбір жұмысшы заңдарды біледі деп *жорииды.* Бірақ бұлайша жорамалдау — буржуазиялық өтірік, дәулетті адамдар мен капиталистердің дәулетсіздерге қарсы ойлап шығарған өтірігі, жұмысшы қожайынмен «еркін шарт» жасасады-мыс деп есептейтіндері сияқты өтіріктің бірі. Іс жүзінде сауатын болар-болмас ашып үлгермей жатып (ал басым көпшілігінің сауатын ашуға мүмкіндігі де бола бермейді ғой!), қаршадайынан фабрикаға кіретін жұмысшының заңды білуге уақыты болмайды және оны үйрететін адам да табылмайды, тіпті оны білудің қажеті де жоқ сияқты,— өйткені, егер заңдарды, жұмысшылардан сұрап жатпастан, буржуазиядан шыққан чиновниктер қолданатын болса, онда заңдардың жұмысшыға келтіретін пайдасы аз! Жұмысшыларды заңдарды білмейді деп айыптайтын буржуазиялық таптардың өздері, жұмысшылардың мұндай білім алуын

жеңілдету үшін түк істеген жоқ, сондықтан жұмысшылардың заңдарды білмейтіндігі үшін жұмысшылардың өздерінен гөрі шынында оларды қанаушылар (=талаушылар) көбірек айыпты; бүкіл меншік осылардың қолында, бұлар басқаның еңбегімен күн көреді және білім мен ғылымды тек жалғыз өздері ғана пайдаланғысы келеді. Ешқандай мектеп, ешқандай кітап жұмысшыларға заңдарды білуге мүмкіндік бермейді, бере алмайды да, өйткені капитал езгісіндегі миллиондаған еңбекші халықтың ішінен тек азын-аулақ жұмысшылар ғана кітап оқи алады, сол себепті мектепті де азын-аулақ адамдар ғана пайдаланады, ал мектептен шыққандардың өздері де көбінесе тек оқи, жаза және санай білетіндер; ал орыс заңдары сияқты күрделі де қиын саланы түсіну үшін мұндай білім тым аздық етеді. Жұмысшылар осы заңдарды өздері қолданғанда ғана, осы заңдар бойынша жүргізілетін сотты көргенде, естігенде ғана сол заңдармен таныса алады. Мәселен, егер жұмысшыларды присяжный заседатель етіп тағайындаса (жұмысшылардың сотта өткізетін күндері үшін де оларға бұрынғы ақысын төлеуге фабриканттарды міндеттесе), олар заңдарды жақсырақ білер еді, бірақ буржуазиялық қоғамда тек дәулетті таптан шыққан адамдар ғана (және «қоғамдық қызметте», яғни іс жүзінде төменгі полициялық қызметтерді атқару кезінде әбден үйретілген шаруалар өкілдері) присяжный бола алады; ал дәулетсіздер, пролетарлар, тек басқаның сотына бағынуға тиісті де, ал өздерінің ешкімді соттауға праволары жоқ! Өнеркәсіптік соттар құрылған кезде, жұмысшылардың өздері судья етіп өздерінің жолдастарын сайлайды және бұл сайлау белгілі мерзімде қайталанып отырады; сөйтіп, жұмысшылардан сайланғандар заңдарды өздері қолданады және заңдармен практика жүзінде танысуға мүмкіндік алады, яғни кітапта басылған заңдарды оқып қана қоймай (бұл әлі заңдармен таныскандықты көрсетпейді ғой), сонымен бірге түрлі заңдардың қандай реттерде және нақты қалай қолданылатынына және олар жұмысшыларға қандай әсер ететініне іс жүзінде өз көзін жеткізуге мүмкіндік алады. Ал, сонан соң, өнеркәсіптік соттар құрылған кезде сайланған судьялар ғана

емес, басқа жұмысшылар да заңдармен анағұрлым оңай танысады, өйткені өз жолдастарынан сайланған судьялармен жұмысшылар әр уақытта оңай сөйлесе алады және онан керекті мәліметтер ала алады. Чиновниктердің сотына қарағанда өнеркәсіптік сот жұмысшыларға бір табан жақын болғандықтан, жұмысшылар өнеркәсіптік сотқа анағұрлым жиі барып тұрады, өздерінің туысқандары мен таныстары қатысатын істер қаралғанда соларды барып тыңдайды, сөйтіп заңдармен танысады. Ал бұл заңдар шығарылғанда кімнің мүдделері көзделгенін, заңдарды қолданушы адамдар кімнің мүдделерін көздеп әрекет жасайтынын түсіну үшін жұмысшыға заңдармен кітапшалардан ғана емес, өмірдің өзінен де танысудың үлкен маңызы бар. Заңдармен таныса келіп, әрбір жұмысшы — бұл заңдар дәулетті таптың, меншік иелерінің, капиталистердің, буржуазияның мүдделерін жақтайтынын, жұмысшы табының қашан заң шығару және заңдардың орындалуын бақылау ісіне қатысуға өз адамдарын сайлау правосына қолы жетпейінше өз тағдырын түбегейлі және тұрақты жақсарта алмайтынын айқын көретін болады.

Онан соң (төртіншіден), өнеркәсіптік соттардың жақсы жағы сол — олар жұмысшыларды қоғамдық, мемлекеттік істерге өздігінен қатысуға үйретеді (өйткені сот — мемлекеттік мекеме, соттың қызметі — мемлекеттік қызметтің бір бөлігі болып табылады), өнеркәсіптік соттар жұмысшыларды, өзінің қызметімен бүкіл жұмысшы табына көрініп, жұмысшылардың өкілдері ретінде бүкіл жұмысшылардың мұң-мұқтаждарын, талаптарын айтып жеткізіп тұра алатын қызмет орындарына неғұрлым ақыл-парасаты мол, адал және жұмысшы ісін берік қолдайтын жолдастарды сайлауға үйретеді. Капиталистер табының мүддесі, бүкіл буржуазияның мүддесі жұмысшыларды надан күйінде, бытыраңқы күйінде қалдыруды көздейді, басқалардан гөрі ақылды және өз ақылы мен өз білімін мастерлер алдында, қожайындар мен полицейлердің алдында жарамсақтанып, жұмысшы ісіне опасыздық ету үшін пайдаланбай, басқа жұмысшылардың да көбірек білім алып, жұмысшы ісін бірлесіп қорғауды үйренуіне жәрдем беру үшін пайдаланатын

жұмысшыларды тезірек аластауды көздейді. Ал жұмысшы ісі үшін соншама керек болып отырған осындай алдыңғы қатарлы жұмысшыларды барлық жұмысшылар білуі үшін және оларға сенетін болуы үшін,— бұл үшін өте маңызды нәрсе, бұл жұмысшының қызметін барлық жұрт көретін болуы керек, жұмысшылардың шын мұң-мұқтаждары мен тілектерін көксеу және оларды қорғау оның қолынан келетіндігін жұрттың бәрі білетін болуы керек. Міне, егер жұмысшылар осындай адамдарды судья етіп сайласа, онда жұмысшылар ішіндегі маңдай алды адамдарды жұрттың бәрі білер еді, оларға көбірек сенер еді, сөйтіп жұмысшы ісі мұнан орасан зор пайда көрген болар еді. Біздегі жер иелеріне, өнеркәсіпшілерге және көпестерге қарап көріңіздер: олардың әрқайсысы губернаторға немесе министрге барып, оған өзінің өтінішін айта алатындығымен қанағаттанбайды ғой; олар мұның үстіне өз арасынан сайланатын адамдардың сотта да болуына (сословиелік өкілдері бар соттар) және басқару ісіне тура қатысуына қол жеткізуді көздейді (мәселен, дворяндар сайлайтын дворяндардың жетекшілері, мектептердің қамқорлары және т. т.; көпестер сайлайтын фабрика алқасының мүшелері, биржа және жәрмеңке комитеттерінің мүшелері және т. т.). Ал Россияның жұмысшы табы мүлдем правосыз қалып отыр: оған жүк артатын мал сияқты қарайды, ол басқаларға қызмет етуі, үндемеуі керек, өзінің мұң-мұқтажы мен тілегін айтып шағынуға хақысы жоқ. Егер жұмысшылар өнеркәсіптік соттарға үнемі өздерінің жолдастарын сайлап тұратын болса, онда олар қоғамдық істерге аз да болса араласуға мүмкіндік алар еді және Петр, Сидор немесе Иван сияқты жеке жұмысшылардың пікірін ғана емес, барлық жұмысшылардың да пікірлері мен тілектерін айтуға мүмкіндік алған болар еді. Сонда жұмысшылар соттарға чиновниктердің соттарына қарағандай сенімсіздікпен қарамас еді: олар сотта өздерінің сөзін сөйлейтін өз жолдастары бар екенін көрер еді.

Онан соң (бесіншіден), өнеркәсіптік соттардан жұмысшыларға келетін пайда сол — бұл соттар фабрикадағы істерді және фабрика өміріндегі барлық оқиғаларды жұртқа көбірек әйгілеп отырар еді. Қазір фабрикант-

тар да, үкімет те фабрика өмірінде болып жатқан нәрселерді жұртшылықтан жасыруға барлық күшін салып отырғандығын көріп отырмыз: стачкалар туралы хабар басуға рұқсат етпейді, жұмысшылардың күйі туралы инспекторлардың есептерін басу да тоқтатылды, түрлі қиянат туралы үндемеуге және істі тезірек «жабулы күйінде», чиновниктік жолмен жайғастыруға тырысады, жұмысшылардың қандай жиналыстары болса да қудаланады. Жұмысшылар көпшілігінің басқа фабрикаларда, не сол фабриканың басқа бөлімдерінде не істеліп, не қойып жатқандығымен таныстығы өте нашар болатындығы таңырқарлық нәрсе емес. Жұмысшылар жиі бара алатын, істер жұмысшылардың бос уақытында және ашық түрде, яғни жұмысшы жұртшылығының қатысуымен қаралатын өнеркәсіптік соттар жұмысшыларға мынасымен де көп пайда келтіре алар еді: қандай да болсын қиянаттың әйгіленуіне септігін тигізер еді, сөйтіп фабрикадағы түрлі сорақылықтарға қарсы жұмысшылардың күресін жеңілдетер еді, жұмысшыларды тек өз фабрикасындағы тәртіптер жөнінде ғана емес, сонымен бірге барлық фабрикалардағы тәртіптер туралы да, барлық жұмысшылардың күйі туралы да ойлауға үйретер еді *.

Ақырында, өнеркәсіптік соттардың тағы да бір пайдалы жағы туралы үндемей кете алмаймыз: бұл соттар фабриканттарды, директорларды, мастерлерді жұмысшыларға басыбайлы құл ретінде қарамай, тең праволы азамат деп қарауға үйретеді. Фабриканттар мен мастерлердің жұмысшыларға қаншалықты жиі-жиі дөкірлік жасап, балағаттайтынын және т. с. қай жұмысшы бол-

* Әрине, бұл арада өнеркәсіптік соттар әйгілі етудің құралдары мен жолдарының бірі болуы мүмкін екендігін, бірақ басты жол болудан аулақ жатқандығын ұмытпау керек. Фабрика өмірін, жұмысшылардың жағдайын және олардың күресін тек жұмысшылардың еркін газеттері мен барлық мемлекеттік істерді талқылайтын халықтық еркін жиналыстар ғана шын мәнісінде және толық әйгілей алады. Сондай-ақ, жұмысшылардың өнеркәсіптік соттарындағы өкілдігі де өкілдіктің бір құралы ғана болып табылады, бірақ тіпті де басты құралы емес: жұмысшылардың мүдделері мен мұқтаждарының нағыз өкілдігі заңдар шығара алатын және олардың орындалуын бақылайтын бүкіл халықтық өкілдік мекемесінде (парламентте) ғана болуы мүмкін. Россиядағы осы кездегі тәртіптер тұсында өнеркәсіптік соттар мүмкін бе деген мәселе туралы біз төменіректе сөз қылармыз.

масын жақсы біледі. Бұған шағым ету жұмысшыға қиынға соғады, ал тойтарыс беру тек жұмысшылардың бәрі бірдей белгілі дәрежеде жетілген және өздерінің жолдасын қолдай алатын жерлерде ғана мүмкін. Фабриканттар мен мастерлер: біздің жұмысшылар өте надан және дөкір, сондықтан оларға дөкірлік істеуге тура келеді дейді. Біздегі жұмысшы табында шынында да крепостниктік правоның іздері әлі де болса көп, білімі аз және дөкірлігі көп — мұны бекерге шығара алмайсың. Бірақ бұған бәрінен де көбірек айыпты кім? Бұған өздері жұмысшыларға төрелердің крепостнойларға қарайтынындай қарайтын, жұмысшыларды өздеріне тең адам деп мойындағысы келмейтін нақ фабриканттар, мастерлер, чиновниктер айыпты. Жұмысшылар әдептілікпен өтініш немесе сұрау береді,— бұған барлық жерден алатып жауабы — дөкірлік, балағат сөз, қорқыту. Егер фабриканттар өздері өсте тұра жұмысшыларды дөкір деп айыптаса, онда олардың пәлені ауру бастан сау басқа аударғандығы айқын емес пе? Өнеркәсіптік соттар біздегі қанаушыларды дөкірліктен тез айықтыра бастар еді: сотта фабриканттармен қатар жұмысшы судьялары болар еді, олар істерді бірге талқылап, дауыс берер еді. Фабрикант-судьялар жұмысшы-судьяларға жалдамалылар деп қарамай, өздерінің теңі деп қарауға мәжбүр болар еді. Сот алдында дауласушылар мен куәлар фабриканттардан да, жұмысшылардан да болар еді: фабриканттар жұмысшылармен келіссөзді дұрыс жүргізуге дағдыланар еді. Жұмысшылар үшін мұның зор маңызы бар, өйткені қазіргі кезде мұндай келіссөздерді жүргізудің сәті өте сирек түседі: жұмысшылардың өз депутаттарын сайлауы жөнінде фабриканттың білгісі де келмейді, сөйтіп жұмысшыларға сөйлесу үшін бір-ақ жол қалады: ол — стачка, ал бұл қиын және көбінесе өте ауыр жол. Онан соң, егер судьялардың ішінде жұмысшылар да болса,— онда жұмысшылар өздеріне жасалатын дөкірлік жөнінде сотқа еркін шағым ете алар еді. Жұмысшы-судьялар қашан да болса жұмысшылардың жағына шығар еді, сөйтіп фабрикантты немесе мастерді дөкірлігі үшін сотқа шақыру оларға екіншілей оспа-

дарлық және менмендік жасаудан аулақ болуды үйретер еді.

Сөйтіп, қожайындар мен жұмысшылардан теңбетең сайланған өкілдерден құрылатын өнеркәсіптік соттардың жұмысшылар үшін өте зор маңызы бар және жұмысшыларға өте көп пайда келтіреді: әдеттегі соттардан гөрі бұларға жұмысшылардың қолы анағұрлым оңай жетеді, оларда қағазбастылық пен сергелдең кемірек болады, олардағы судьялар фабрикалық тұрмыстың жағдайларын түсінеді және анағұрлым әділ соттайды, олар жұмысшыларды заңдармен таныстырады, олар жұмысшыларды өздерінің өкілдерін сайлауға және мемлекеттік істерге қатысуға үйретеді, олар фабрикалық тұрмыс пен жұмысшы қозғалысын әйгілі ету мүмкіншіліктерін кеңейтеді, олар фабриканттарды өздеріне тең адамдар ретінде жұмысшылармен әдепті сөйлесуге, жұмысшылармен дұрыс келіссөз жүргізуге үйретеді. Сондықтан бүкіл европалық елдердегі жұмысшылардың өнеркәсіптік соттар құрылуын талап етуі, бұл соттардың фабрика-завод жұмысшылары үшін ғана емес (немістерде, французадарда мұндай соттар қазірдің өзінде бар), сонымен бірге өз үйлерінде отырып, капиталистерге жұмыс істейтін (майдагерлер) жұмысшылар мен село жұмысшылары үшін де құрылуын талап етуі таңырқарлық нәрсе емес. Үкімет тағайындайтын чиновниктердің ешқайсысы да *(судьялар да, фабрика инспекторлары да) жұмысшылардың өздері қатынасатын* мұндай мекемелерді *еш уақытта да* ауыстыра алмайды: біздің жоғарыда айтып өткен барлық сөздерімізден кейін мұны түсіндіріп жатудың керегі жоқ. Оның бер жағында әрбір жұмысшы чиновниктерден нені күтуге болатындығын өз тәжірибесінен де біледі; егер жұмысшыға чиновниктер жұмысшылардың қамын жұмысшылардың өздерінен сайланған адамдардан титтей де кем ойламайды десе, мұның өтірік және алдау екендігін әрбір жұмысшы жақсы түсінеді. Жұмысшыларды капиталистердің надан, правосыз және құлақ кесті құлы етіп қалдырғысы келетін үкіметке мұндай алдау өте пайдалы, сондықтан фабриканттар мен үкіметті қорғай-

тың чиновниктерден немесе жазушылардан мұндай өтірік сендіруді өте жиі есітуге тура келеді.

Өнеркәсіптік соттардың жұмысшылар үшін қажеттілігі және пайдалылығы соншама айқын, мұны *тіпті орыс чиновниктері де* әлдеқашан мойындаған. Рас, бұл мұнан көп бұрын болды, мұны көп адамдар ұмытып та қалды! Бұл біздің шаруалар крепостниктік тәуелділіктен азат етілген кезде (1861 жылы, мұнан 38 жыл бұрын) болған. Сол уақыт шамасында орыс үкіметі қолөнершілер мен фабрика жұмысшылары туралы заңдарды жаңа заңдармен ауыстыруға ұйғарған: шаруаларды азат етуге байланысты жұмысшылар туралы ескі заңдарды сол күйінде қалдыруға болмайтындығы тым айқын болып еді; бұл ескі заңдар шығарылған кезде жұмысшылардың бірталайы крепостной болатын. Сонымен үкімет бірнеше чиновниктен комиссия тағайындап, оларға фабрика жұмысшылары туралы неміс және француз (және өзге елдердің) заңдарын зерттеуді және қолөнершілер мен фабрика жұмысшылары туралы орыс заңдарын өзгертудің жобасын жасауды тапсырған еді. Комиссия өте мәртебелі кісілерден құрылды. Сөйтседе бұлар жұмысқа кірісті және білдей бес кітап бастырып шығарды, бұл кітаптарда шетелдердің заңдарын баяндап, Россия үшін жаңа заңдар ұсынды. Комиссия ұсынған осы заң бойынша, *фабриканттар мен жұмысшылардан тең-бе-тең сайланатын судьялары болатын өнеркәсіптік соттар енгізілмекші еді.* Бұл жоба 1865 жылы, яғни мұнан 34 жыл бұрын жарияланды. Ал заңның осы жобасының ақыры не болды? — деп сұрауы мүмкін жұмысшы. Керекті өзгертулердің жобасын жасауды осы чиновниктерге өзі тапсырған үкімет Россияда өнеркәсіптік соттарды неге енгізбеді?

Халық үшін және жұмысшылар үшін тиімді деген жоба атаулыларды әр кез қалайша құртып келсе, бұл комиссияның жобасын да үкімет тап солай етті. Патшаның және отанның пайдасына еткен еңбектері үшін үкімет чиновниктерді жалақы беріп сыйлады; чиновниктердің мойнына ордендер тақты, жоғары мәртебелі шендер мен анағұрлым пайдалы қызмет орындарын берді. Ал олардың жасап берген жобасын, кеңселерде айтыла-

тыңдай, жайбарақат «жылы жауып тастады». Сөйтіп бұл жоба осы уақытқа дейін тапжылмастан жатыр. Үкімет — жұмысшыларға өнеркәсіптік соттарға өздерінің жұмысшы жолдастарын сайлау правосын беру жөнінде ойлауды да ұмытты.

Бірақ сол уақыттан бері үкімет жұмысшыларды бірде-бір рет еске алмады деуге болмайды. Рас, ол жұмысшыларды өзінің еркімен еске түсірмей, тек жұмысшылардың айбынды толқулары мен стачкаларының дүмпуінен ғана еске түсірді, бірақ қалайда еске түсірді. Ол фабрикаларда балалардың жұмыс істеуіне тыйым салу туралы, белгілі өндірістерде әйелдердің түнде жұмыс істеуіне тыйым салу туралы, жұмыс күнін қысқарту туралы, фабрика инспекторларын тағайындау туралы заңдарды шығарды. Бұл заңдар нендей қитұрқылармен шығарылса да, олар фабриканттардың заңдарды бұзуына және бұрмалауына нендей көп саңлау қалдырса да, сөйтсе де бұл заңдар аздап болса да пайда келтіреді. Тиісті заң толығымен дайындалса да, үкімет өнеркәсіптік соттарды енгізбей, жаңа заңдарды және жаңа чиновниктерді — фабрика инспекторларын енгізуді неліктен тәуір көрді? Мұның себебі әбден айқын, ал жұмысшылар үшін бұл себепті толық түсіну өте маңызды нәрсе, неге десеңіз осынау мысалдан орыс үкіметінің жұмысшы табы жөнінде ұстайтын бүкіл саясатын толық түсінуге болады.

Өнеркәсіптік соттардың орнына үкіметтің жаңа чиновниктер тағайындайтын себебі сол — өнеркәсіптік соттар жұмысшылардың саналылығын көтерген болар еді, олардың өз праволарын, өзінің адамгершілік және азаматтық намысын сезінуін көтерген болар еді, оларды мемлекеттік істер жөнінде және бүкіл жұмысшы табының мүдделері жөнінде өздігінен ойлауға үйретер еді, жұмысшылардың өкілі қызметіне өздерінің неғұрлым көзі ашық жолдастарын сайлауға үйрететін болар еді, сөйтіп бірыңғай билеп-төстеуші чиновниктердің үстемдігін белгілі дәрежеде тежер еді. Ал біздің үкімет бәрінен де гөрі осыдан көбірек қорқады. Чиновниктік билеп-төстеушілікті мызғымастай берік сақтап қалу үшін және жұмысшылардың сана-сезімінің оянуына, олардың

тәуелсіздігінің өркен жаюына мүмкіншілік бермеу үшін үкімет жұмысшыларға тіпті кейбір жеңілдіктерді де беруге дайын болып отыр (әрине, кішкентай жеңілдіктерді беруге, бергенде өзін қайырымды етіп көрсету үшін, бір қолымен жалпы жұрттың алдында салтанатпен беріп, ал екінші қолымен білдірмей қайтадан аздап тартып алу үшін береді! 1897 жылғы 2 июньдегі фабрикалық заңның тәжірибесінен жұмысшылар бұл қулықты біледі!). Жаңа чиновниктерді тағайындау арқылы үкімет бұл қорқыныштан оп-оңай құтылады: чиновниктер — оның көнбісті малайлары. Чиновниктердің (мәселен, фабрика инспекторларының) өздерінің есептерін бастырып шығаруына тыйым салу, олардың жұмысшылардың правосыздығы, қожайындардың жасайтын қиянаты туралы жұмысшылармен сөйлесуіне тыйым салу оп-оңай, тіпті жұмысшылардың әрбір наразылығы және толқуы туралы полицияға білдіріп тұратын етіп, чиновниктерді фабрика урядниктеріне айналдыру оп-оңай.

Сондықтан Россияда осы күнгі саяси тәртіптер сақталып отырғанда,— яғни халықтың правосыздығы, халық алдында жауап бермейтін чиновниктер мен полицияның озбырлығы сақталып отырғанда,— бұл жағдайда жұмысшылар өздері үшін пайдалы өнеркәсіптік соттар құрылады деп үміттене алмайды. Өнеркәсіптік соттар жұмысшылардың көп ұзамай анағұрлым түбегейлі талаптарға көшуіне себепші болатынын үкімет өте жақсы біледі. Өнеркәсіптік соттарға өздерінің өкілдерін сайлай отырып, жұмысшылар мұның жеткіліксіз екендігін көп ұзамай-ақ көрер еді, өйткені жұмысшыларды қанап отырған помещиктер мен фабриканттар анағұрлым жоғарғы мемлекеттік мекемелердің бірталайына өздерінің өкілдерін жіберіп отыр ғой; сондықтан жұмысшылар бүкіл халықтық өкілдікті сөзсіз талап етер еді. Фабрикалық істер мен жұмысшылардың мұқтаждарын соттарда әйгілі етуге қол жеткізе отырып, жұмысшылар мұның жеткіліксіз екендігін көп ұзамай көрер еді, өйткені біздің заманымызда толық әйгілеуді газеттер мен халық жиналыстары ғана бере алады, сондықтан жұмысшылар жиналыстар бостандығын, сөз бостандығын және баспасөз бостандығын талап етер еді. *Міне сондықтан*

да үкімет Россияда өнеркәсіптік соттарды енгізу жобасын көміп тастады!

Екінші жағынан, үкімет, әдейі, жұмысшыларды алдағысы келіп, бірақ осы күнгі полициялық тәртіптерді өзгертпестен қалдыра отырып, қазірден-ақ өнеркәсіптік соттарды енгізген екен делік. Мұнан жұмысшылар пайда табар ма еді? Ешқандай пайда таппас еді: тіпті жұмысшылардың өздері бұл соттарға өздерінің неғұрлым сапалы, адал және жұмысшы ісіне берілген жолдастарын сайламас еді, өйткені әрбір ашық және әділ соз үшін Россияда адамды полицияның жай бұйрығы бойынша да тұтқынға алып, сотсыз және тергеусіз, абақтыға жабуы немесе Сибирьге айдап жіберуі мүмкін екендігін олар біледі!

Демек, жұмысшылардан өкіл сайланатын өнеркәсіптік соттардың құрылуын көздеу талабы анағұрлым кең және анағұрлым түбегейлі талаптың: халыққа саяси праволарды, яғни мемлекетті басқаруға қатынасу және халықтың мұқтаждығы туралы газеттерде ғана емес, халық жиналыстарында да ашық айту правосын сұрау талабының тек бір бөлігі ғана болып табылады.

1899 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 8—9-номерінде басылған

Н. К. Крупскаяның қолымен көшірілген қолжазба бойынша басылып отыр

СТАЧКАЛАР ТУРАЛЫ [107]

Россияда соңғы жылдарда жұмысшы стачкалары өте-мөте жиі болып жүр. Әлденеше стачка өтпеген бір де өнеркәсіпті губерния қалған жоқ. Ал үлкен қалаларда стачкалар мүлде үзілмейді. Сондықтан да стачкалардың маңызы, стачкаларды жүргізу әдістері, стачкаларға социалистердің қатысу міндеттері жөніндегі мәселелермен саналы жұмысшылардың да, социалистердің де көбірек шұғылдана бастағаны түсінікті жайт.

Біз осы мәселелер жөнінде кейбір пікірлерімізді баяндауға әрекет етпекшіміз. Біз бірінші мақалада — жұмысшы қозғалысындағы стачкалардың жалпы маңызы туралы; екінші мақалада — стачкаларға қарсы орыс заңдары туралы; үшінші мақалада — Россияда стачкалардың қалай жүріп келгендігі, қалай жүріп отырғандығы, оған саналы жұмысшылардың қалай қарауы керектігі туралы айтсақ деп ойлаймыз.

I

Ең алдымен, стачкалардың тууы және таралуы неліктен? — деген сұрақ қоюымыз керек. Кімде-кім өз тәжірибесінде кездескен, болмаса біреудің айтуынан, әлде газеттен білген стачкалардың бәрін еске түсірсе,— ол стачкалардың ірі фабрикалар құрылып, таралған жерлерде туатынын және таралатынын бірден байқайды. Бірнеше жүздеген (кейде мыңдаған) жұмысшылары бар аса ірі фабрикалар ішінен жұмысшылар стачкасы

болмаған бір де біреуі табыла қояр ма екен. Россияда ірі фабрикалар мен заводтар аз кезде стачкалар да аз болатын, ал ежелгі фабрикалы жерлерде де, жаңа қалалар мен селоларда да ірі фабрикалар тез өсе бастағалы,— содан былай қарай стачкалар да жиілене бастады.

Ірі фабрикалық өндірістің қашанда стачкаларға әкеліп соқтыратыны неден? Мұның бұлай болу себебі — капитализм жұмысшыларды қожайындармен сөзсіз күреске итермелейді, ал өндіріс іріленген уақытта, бұл күрес сөзсіз стачкалық күреске айналады.

Мұны түсіндірелік.

Капитализм дегеніміз жер, фабрикалар, құралдар және т. т. аз ғана жер иелері мен капиталистердікі болатын, ал халық бұқарасында ешбір меншік болмайтын немесе жоққа жақын болатын, осы себептен бұлар жұмысшы ретінде жалдануға тиісті болатын қоғам құрылысы. Жер иелері мен фабриканттар жұмысшы жалдап, оларға қандай да болса бір өнім түрлерін өндіртіп, ол өнімдерді рынокта сатады. Мұның өзінде, фабриканттар жұмысшыларға өзінің үй ішімен қалт-құлт етіп күн көруіне жетерлік қана ақы төлейді, ал жұмысшының бұдан артық өндірген өнімдерін фабрикант өз қалтасына салады, бұл фабриканттың пайдасы болып табылады. Сөйтіп, капиталистік шаруашылық кезінде халықтың көпшілігі кісіге жалданып, өзі үшін емес, қожайын үшін ақыға қызмет істейді. Қожайындардың әр уақытта да ақыны кемітуге тырысатыны түсінікті: жұмысшыға олар ақыны неғұрлым аз төлесе, өздеріне пайда соғұрлым көп қалады. Ал жұмысшылар бүкіл семьясын жақсы тамақпен тойдыра асырауға, жақсы үйде тұруға, қайыршы сияқты киінбей, жұрт қатарлы киім киюге мүмкіндік алу үшін ақыны мүмкін болғанынша көп алуға тырысады. Сонымен, қожайындар мен жұмысшылар арасында жалақы үшін ұдайы күрес болып тұрады: қожайынның қандай жұмысшыны жалдаса да еркі бар, сондықтан да ең арзанға түсетін жұмысшыны іздейді. Жұмысшы да қандай қожайынға жалданам десе де ерікті, сондықтан ол да жалақыны ең қымбат төлейтін қожайынды іздестіреді. Жұмысшы мейлі деревняда, мейлі қалада істесін, мейлі помещикке, бай мужикке,

мердігерге немесе фабрикантқа жалдансын,— ол әр уақытта да қожайынмен саудаласпақ, онымен ақы үшін күреспек.

Ал жұмысшы бұл күресті жалғыз өзі жүргізе ала ма? Жұмысшы халық барған сайын көбеюде: шаруалар жұтап, деревнядан қалаға, фабрикаға қарай ағылуда. Помещиктер мен фабриканттар жұмысшыларды жұмыссыз қалдыратын машиналарды өндіріске енгізуде. Қалаларда — жұмыссыздар көбейе түссе, деревняларда—қайыршылар көбейе түсуде; аш халық көбейген сайын жалақы төмендеген үстіне төмендейді. Жұмысшының қожайынмен жекпе-жек күресу мүмкіндігі сарқылады. Егерде жұмысшы ақыны тәуірірек төлеуді талап етсе немесе ақының төмендетілуіне көнбесе, қожайын оған: аулақ кет, ашыққан адамдар қақпа сыртында қаптап жүр, олар арзан ақы үшін істеуге де риза деп жауап береді.

Халықтың жұтауы қалаларда да, деревняларда да жұмыссыз халық әрдайым көп болып тұратын шекке жеткенде, фабриканттар орасан байлықты өз қолдарына жинап, миллионерлер ұсақ қожайындарды ығыстырып шығарып жатқан кезде,— жеке жұмысшы капиталистермен күресуге *мүлде дәрменсіз* болып қалады. Капиталист жұмысшыны мүлдем тұқыртып, адам айтқысыз ауыр жұмыспен оны өліміне етуге, жұмысшының жалғыз өз басын ғана емес, әйелін де, балаларын да сондай халге жеткізуге мүмкіндік алады. Шынында да, өздерін қорғайтын заңға жұмысшыларының қолдары әлі жетпеген және жұмысшылары капиталистерге қарсылық корсете алмайтын кәсіпшіліктерге қараңызшы,— сонда сіз 17—19 сағатқа дейін жететін шектен тыс ұзақ жұмыс күнін көресіз, 5—6 жасар кезінен бастап жұмыс үстінде зорығып жатқан балаларды көресіз, үнемі ашығып, біртіндеп аштан өліп жатқан жұмысшылар ұрпағын көресіз. Мысалы, капиталистердің жұмысын өз үйлеріне әкеліп істеуші жұмысшыларды алыңыз; тегі, жұмысшылардың қайсысы болса да тағы басқа толып жатқан мысалдарды еске түсіре алады ғой! Егерде жұмысшылар капиталистерге қарсылық ете алмаса, қожайындардың озбырлығына шек қоятын заңға

қолдарын жеткізе алмаса, капиталистер жұмысшы халықты сорақы түрде жаншып-езушілікті тіпті құлдық дәуірі мен крепостниктік право кезінде де болып көрмеген дәрежеге жеткізеді.

Міне, сондықтан жұмысшылар өздерін осындай шектен асқан нашар халге душар етпеу үшін арпалысқан күрес бастайды. Әрбір жұмысшының жеке өзі мүлдем әлсіз екенін және оған капиталдың тепкісінен құрып біту қаупі төніп тұрғанын білген соң, жұмысшылар өз қожайындарына қарсы бірлесіп котеріліс жасай бастайды. Жұмысшы стачкалары басталады. Бастапқы кезде жұмысшылар көбінесе өздерінің нені талап ететінін де түсінбейді, мұны *не себепті* істеп жатқанын ақылға салмайды: олар тек машиналарды сындырып, фабрикаларды қирата бастайды. Олар тек өздерінің ашынғандығын білдіргісі келіп, фабриканттарға сес көрсетеді, жан төзгісіз халден құтылу үшін өздерінің бірлік күштерін сынға салып көреді, әйтсе де өз жағдайларының неліктен соншама үмітсіз екенін, өздерінің нені мақсат етуге тиіс екенін әлі де болса білмейді.

Барлық елдерде жұмысшылардың ашынуы жеке көтерілістерден — біздегі полицейлердің, фабриканттардың атауынша— бүліктерден басталатын. Бұл жеке көтерілістер барлық елдерде де, бір жағынан, азды-көпті бейбіт ереуілдерді туғызса, екінші жағынан, жұмысшы табының өз азаттығы үшін жан-жақты күресін туғызды.

Жұмысшы табының күресінде ереуілдердің (немесе стачкалардың) қандай маңызы бар? Бұл сұрауға жауап беру үшін біз бұл жерде ең алдымен ереуілдерге толығырақ тоқталуымыз керек. Егерде, өзіміз көргендей, жұмысшы ақысы қожайын мен жұмысшының келісімі бойынша белгіленетіндігі рас болса және мұндай жағдайда жекелеген жұмысшының әлсіз болатындығын рас десек, онда — қожайындардың ақыны төмендетуіне кедергі жасау үшін немесе жалақыны арттыруы үшін, жұмысшылардың өз талаптарын бірлесіп қорғауы қажет екені, стачка жасаулары қажет екені айқын. Шынында да, жұмысшы стачкалары болмайтын капиталистік құрылысы бар бірде-бір ел жоқ. Барлық Европа мемлекеттерінде және Америкада, барлық жерде де жұмысшылар

жеке-дара қимылдағанда өздерінің әлсіз болатындығын сезінген, сондықтан да олар не стачка жасап, не стачка жасаймыз деп қорқыта отырып, қожайындарына тек қана бірлесіп қарсылық көрсете алады. Капитализм неғұрлым дамыған сайын, ірі фабрикалар мен заводтар неғұрлым тез өскен сайын, ұсақ капиталистерді ірі капиталистер неғұрлым күштірек ығыстырып шығарған сайын — жұмысшылардың оларға бірлесіп қарсы тұруының керектігі соғұрлым күшеймек, өйткені жұмыссыздық асқына түседі, товарды мүмкіндігінше арзанырақ өндіруге (бұл үшін жұмысшыларға да мүмкіндігінше арзанырақ төлеу керек) тырысатын капиталистер арасындағы бәсеке соғұрлым күшейеді, өнеркәсіптің ауытқуы және дағдарыстар соғұрлым күшейеді *. Өнеркәсіп өркендеп тұрған кезде фабриканттар пайданы көп алады және оны жұмысшылармен бөлісейін деп ойламайды да; ал дағдарыс уақытында фабриканттар шеккен зиянын жұмысшылардың мойнына артуға тырысады. Капиталистік қоғамда стачкалардың қажеттігін Европа елдеріндегі жұрттың бәрінің мойындағаны сондай — онда заң стачкалар жасауға тыйым салмайды, тек Россияда ғана стачкаларға қарсы өрескел заңдар сақталып отыр (бұл заңдар жөнінде және олардың қолданылуы жөнінде біз басқа бір ретте әңгіме етеміз).

Дегенмен, капиталистік қоғамның түпкі мәнінен туатын стачкалар жұмысшы табының осы қоғам құрылысына қарсы күресінің бастамасы болып отыр. Бай капиталистерге жекелеген дәулетсіз жұмысшылар қарсы тұр десек, мұның өзі жұмысшылар толық құлдыққа түсті деген сөз. Ал осы дәулетсіз жұмысшылар бірлескен уақытта,— іс басқаша болады. Егерде капиталистер олардың құралдары мен материалдарын қолданып жұмыс істеуге, сөйтіп жаңа байлық өндіруге еңбек етуге келісім беретін жұмысшылар таба алмаса, капиталис-

* Өнеркәсіптегі дағдарыстар жөнінде және олардың жұмысшылар үшін қандай маңызы бары жөнінде біз басқа бір кезде толығырақ тоқталамыз. Бұл жерде ескерте кетеріміз: соңғы жылдары Россияда өнеркәсіптегі істер өте оңды жүріп келді, өнеркәсіп «өркендеді», бірақ қазір (1899 жылдың ақыры) бұл «өркендеудің» аяғы дағдарыспен: товар өткізудегі кідіріспен, фабриканттардың банкротқа ұшырауымен, ұсақ қожайындардың күйзелуімен, жұмысшылардың зор күйзеліске ұшырауымен (жұмыссыздықпен, ақының төмендеуімен, т. т.) тынатынының айқын белгілері көріне бастады.

тердің қандай байлықтары болса да ешбір пайда келтіре алмайды. Жұмысшылар қожайындармен жеке-дара ғана байланысты болған уақытта — олар нағыз құл есебінде қалады, бір үзім нан үшін біреуге өмір бойы қызмет істейді, мәңгі көнбіс, тілсіз малайы болады. Ал жұмысшылар өз тілектерін тізе қоса білдіріп, кімнің қалтасы қалың болса, соған бағынудан бас тартқан уақытта — жұмысшылар құл болудан қалады, адам қатарына қосылады, олар өз еңбегінің тек аттөбеліндей жатып ішерлердің баюына ғана кете бермей, еңбек етушілердің де адамша өмір сүруіне мүмкіндік беруін талап ете бастайды. Құлдар қожайып болу талабын қоя бастайды: помещиктер мен капиталистердің қалауындай емес, еңбекшілердің өз қалауындай жұмыс істеуді, өмір сүруді талап етеді. Стачкалардың әрдайым капиталистердің үрейін ұшыратын себебі сол — олар капиталистердің үстемдігін шайқалта бастайды. Жұмысшы табы туралы неміс жұмысшыларының бір өлеңінде: «Сенің қарулы қолың қаласа, доңғалақ біткен тоқтайды»,— делінген. Шынында да: фабрикалар, заводтар, помещиктердің шаруашылықтары, машиналар, темір жолдар және т. т.,— осының бәрі бір үлкен механизмнің доңғалақтары сияқты ғой — бұл механизм әр түрлі өнімдер өндіреді, оларды өңдейді, тиісті жеріне жеткізеді. Бүкіл осы механизмді жүргізуші *жұмысшы:* ол жер өңдейді, руда өндіреді, фабрикада товар жасайды, үйлер, шеберханалар, темір жолдар салады. Жұмысшылар жұмыстан бас тартқан уақытта бүкіл осы механизмнің тоқтап қалу қаупі туады. Әрбір стачка шын қожайын капиталистер емес, өз праволарын барған сайын батыл білдіріп отырған жұмысшылар екенін капиталистердің есіне салып отырады. Әрбір стачка өздерінің үмітсіз халде емес екенін, жалғыз емес екенін жұмысшылардың есіне салып отырады. Стачканың стачкашыларға да, көршілес немесе жақын фабрикалардағы немесе сол өндіріс фабрикаларындағы жұмысшыларға да қандай зор әсер ететініне қараңыздар. Әншейінде, тыныштық кезде, жұмысшы ләм деместен өзінің ауыр жүгін тарта береді, қожайынмен сөзге келмейді, өзінің жағдайы туралы да әңгіме етпейді. Ал стачка уақытында жұмысшы өз талаптарын

батыл білдіреді, ол қожайындардың бұрынғы істеген қысымының бәрін есіне түсіреді, ол өзінің праволарын мәлімдейді, ол жалғыз өзін ғана және өзінің алатын ақысын ғана ойламайды, ол қиыншылықтардан қорықпай, өзімен бірге жұмысты тастап, жұмысшы ісін жақтап отырған басқа жолдастары жөнінде де ойлайды. Қандай стачка болса да жұмысшыларға өте коп жоқшылықтар келтіреді, ол жоқшылықтардың кесапаты соншама — оны тек соғыс апатымен ғана салыстыруға болады: үй ішінің ашығуы, табысынан айрылуы, көбінесе тұтқынға алынуы, жайласып жұмыс істеп отырған қаладан басқа жаққа жер аударылуы және т. т. Бірақ жұмысшылар осы айтылған күйзелістің бәріне қарамастан, жолдастарын тастап қожайынмен келісімге келген адамды мейлінше жек көреді. Стачканың күйзелістеріне қарамастан, көршілес фабрикалардың жұмысшылары өз жолдастарының күрес бастағанын көргенде рухтанып қалады. Ағылшын жұмысшыларының стачкалары жөнінде социализмнің ұлы ұстаздарының бірі Энгельс: «Бір ғана буржуаның қарсылығын күйрету үшін осындай күйзеліске ұшырауға көніп отырған адамдар барлық буржуалардың да күшін тойтара алады» [108],— деген. Әдетте, бір фабрикада ереуіл басталса болғаны,— толып жатқан басқа фабрикаларда да дереу әлденеше стачка басталады. Стачкалардың жұмысшылардың адамгершілік рухын котеретін ықпалы осындай, уақытша болса да құлдықтан босанып, байлармен тең праволы адамға айналған жолдастарының айбынды жүзінің жұмысшыларға үлкен әсер ететіні осындай! Қандай стачка болса да жұмысшыларды социализм туралы — капиталдың езуінен құтылу жолындағы бүкіл жұмысшы табының күресі туралы аса қатты ойландырады. Көбінесе былай болатын: үлкен стачкаға дейін әлдебір фабриканың немесе әлдебір өндірістің, әлдебір қаланың жұмысшылары социализм туралы жонді ештеңе білмейтін, социализм туралы ойламайтын да,— ал стачкадан кейін жұмысшылардың арасында үйірмелер, одақтар біртебірте күштірек тарап, социалист болған жұмысшылар қатары кобейген үстіне кобейе береді.

Стачка жұмысшыларға қожайындардың күші неде, жұмысшылардың күші неде екенін ұғуды үйретеді және жалғыз өз қожайыны мен жалғыз өзіне жақын жолдастары туралы ғана ойламай, жалпы қожайындар туралы, жалпы капиталистер табы туралы және барлық жұмысшы табы туралы ойлауды үйретеді. Жұмысшылардың бірнеше ұрпағының еңбегін жеп, сан миллиондаған байлық жиған фабрикант, ақыға аз ғана үстеме қосуға көнбегенде, тіпті оның үстіне сол ақының өзін төмендетуге тырысқанда, ал оған қарсылық білдірген жағдайда жұмысшылардың мыңдаған аш-жалаңаш семьяларын көшеге шығарып тастағанда,— міне, сонда жұмысшылар бүкіл капиталистер табының бүкіл жұмысшылар табына дұшпан екенін, жұмысшылар тек өздеріне, өздерінің ұйымдасуына ғана сенуі керек екенін айқын сезінеді. Өте жиі кездесетін бір жағдай, фабрикант барлық күшін салып жұмысшыларды алдауға тырысады, өзін жұмысшылардың қамқоры етіп көрсеткісі келеді, өзінің жұмысшыларды қанап отырғанын әлденендей бір түкке тұрғысыз садақамен, өтірік уәдемен бүркеуге күш салады. Қандай стачка болса да мұндай алдауды бір соққанда-ақ жоқ қылады, олардың «қамқоршысы» қой терісін жамылған қасқыр екенін жұмысшыларға көрсетіп береді.

Бірақ стачка тек капиталистер жөнінде ғана емес, үкімет пен заң жөнінде де жұмысшылардың сауатын ашады. Фабриканттар өздерін жұмысшылардың қамқоршысы етіп көрсетуге тырысатындығы сияқты, чиновниктер мен олардың құйыршықтары да патша және патша үкіметі фабриканттар мен жұмысшылардың қамын бірдей ойлайды, екеуіне бірдей әділ қарайды деп жұмысшыларды нандыруға тырысады. Жұмысшы заңды білмейді, чиновниктермен, әсіресе жоғарғы мәртебелілермен істес бола бермейді, сондықтан ол көбінесе бұл сөздерге иланып қалады. Бірақ, айталық, стачка басталды делік. Фабрикаға прокурор, фабрика инспекторы, полиция келеді, көп жағдайда әскер де келеді. Жұмысшылар өздерінің заңды қалайша бұзғанын біледі: заң фабриканттардың жиналуына да, жұмысшылардың ақысын қалай төмендетуді ашықтан-ашық сөз

қылуына да ерік береді екен де, ал жұмысшыларды бірлесіп сөйлескені үшін қылмысты деп табады екен! Жұмысшыларды пәтерлерінен қуып шығады; полиция жұмысшылардың несиеге азық-түлік алып тұратын дүкендерін жауып тастайды, тіпті жұмысшылар өздерін сабырлы, тыныш қалыпта ұстаса да, солдаттарды оларға айдап салуға тырысады. Ол түгіл, солдаттарға жұмысшыларды атуға бұйрық береді, солдаттар қашып бара жатқан қарусыз жұмысшыларды ту сыртынан атып өлтірсе, патшаның өзі әскерге алғыс айтады (1895 ж. Ярославльде стачкашы жұмысшыларды өлтірген солдаттарға патша осылайша алғыс айтқан) [109]. Патша үкіметінің капиталистерді қорғайтын, жұмысшылардың қол-аяғын байлап-матап тастайтын ең қас дұшпаны екені енді әрбір жұмысшыға айқын болады. Осыдан кейін заң атаулының тек қана байлардың мүдделері үшін шығарылатынын, чиновниктер де солардың мүдделерін қорғайтынын, жұмысшы халықтың аузын басып өз мұқтаждарын айтуға мүмкіндік бермейтінін, жұмысшы табы өзіне стачка жасау, жұмысшы газетін шығару, заң шығарып, оның орындалуын бақылап отыратын халық өкілдігіне қатысу правосын алудың сөзсіз керектігін жұмысшы түсіне бастайды. Стачка жұмысшылардың көзін ашатынын үкіметтің өзі де өте жақсы түсінеді, сондықтан да ол стачкалардан сондай қатты қорқады, қалай болса да стачкаларды тезірек басуға ұмтылады. Бар күшін салып, социалистер мен саналы жұмысшыларды қуғындау жағынан ерекше атағы шыққан немістің бір ішкі істер министрі бір жолы халық өкілдері алдында: «әрбір стачкадан революция гидрасы (тажалы) көрініп тұрады» [110] деп бекерге айтпаған; әрбір стачка сайын — үкімет жұмысшының дұшпаны, онымен халық правосы үшін күресуге жұмысшы табы өзін дайындауы керек деген ой-сана жұмысшыларда нығайып, дами түседі.

Сөйтіп, стачкалар жұмысшыларды ұйымдасуға үйретеді, оларға — бірлескенде ғана капиталистерге қарсы күрес жүргізуге болатынын көрсетеді, стачкалар жұмысшыларды жалпы жұмысшы табының бүкіл фабриканттар табына қарсы және озбыр, полициялық үкіметке қарсы күресі жөнінде ойлауға үйретеді. Міне, сондық-

тап да социалистер стачкаларды «соғыс мектебі» деп, чиновниктердің, капиталдың езуінен бүкіл халықты, жалпы еңбекшілерді құтқару үшін жұмысшылардың өз дұшпандарына қарсы соғыс жүргізуге үйренетін мектебі деп атайды.

Бірақ «соғыс мектебі» дегеніміз әзірше соғыстың өзі емес. Жұмысшылар арасында стачкалар өріс алып кең тараған уақытта, кейбір жұмысшылар (және кейбір социалистер) жұмысшы табы бір ғана стачкалармен және стачкалық кассалармен немесе қоғамдармен тынуына да болады, осы стачкалар арқылы да жұмысшы табы өзінің жағдайын едәуір жақсарта алады, тіпті өзінің азаттығына да қолын жеткізе алады деп ойлай бастайды. Жұмысшылардың бірлесуінің, тіпті олардың ұсақ стачкаларының қандай күш екенін көріп, кейбіреулер — бүкіл ел көлемінде жұмысшылар жаппай стачка жасаса болғаны, жұмысшылар капиталистерден, үкіметтен қалаған нәрселеріне қол жеткізе алады деген ойға келеді. Жұмысшы қозғалысы жаңа ғана басталып келе жатқан уақытта, жұмысшылардың тәжірибелері аз кезінде, мұндай пікірді басқа елдердің жұмысшылары да айтқан. *Бірақ бұл қате пікір.* Стачкалар — жұмысшы табының азаттық үшін күрестегі құралының *бірі,* бірақ бірден-бір құралы емес, сондықтан егерде жұмысшылар, күрестің басқа құралдарына көңіл бөлмесе, онда олар мұнымен жұмысшы табының өсуін, табысқа жетуін баяулатады. Шынында да, стачкалардың табысты болуы үшін кассалар керек, стачка болып жатқан уақытта осы кассалар арқылы жұмысшыларға көмек көрсету керек. Барлық елдерде жұмысшылар осындай кассаларды ұйымдастырып та отыр (әдетте мұны жеке кәсіпшіліктердің, жеке кәсіптердің немесе цехтардың жұмысшылары ұйымдастырады), ал біздің Россияда мұны ұйымдастыру өте қиын, өйткені полиция бұларды аңдып жүріп ұстап, ақшасын тартып алады, жұмысшыларды тұтқындайды. Әрине, жұмысшылар полициядан жасырына да біледі; әрине, мұндай кассаларды ұйымдастыру пайдалы да, сондықтан біздің жұмысшыларға мұны істеме деп кеңес бергіміз де келмейді. Бірақ заң бойынша жұмысшы кассалары рұқсат етілмей отырғанда,

олар мүшені көп тартады деп сенуге болмайды; ал мүшелері аз болғанда, жұмысшы кассаларының келтіретін пайдасы да көп емес. Сонан соң, тіпті жұмысшы одақтары еркін өмір сүріп отырған, өте үлкен кассалары бар елдерде де жұмысшы табы өзінің күресінде жалғыз ғана стачкалармен қанағаттана алмайды. Өнеркәсіптегі істің барысында тек бір сәтсіздік бола қалса (мәселен, қазір Россияға да төніп келе жатқан дағдарыс),— фабриканттардың өздері стачкаларды тіпті әдейі туғызады, өйткені кейде жұмысты уақытша тоқтату, жұмысшы кассаларын ойсырату оларға пайдалы. Осы себептен жұмысшылар жалғыз стачкалармен, стачкалық қоғамдармен ешбір қанағаттана алмайды. Екіншіден, жұмысшылары едәуір саналы жерлерде, олар стачкалар жасау уақытын белгілей білетін, талаптарын қоя білетін жерлерде, кітапшалар, листоктар алып тұру үшін социалистермен байланысы бар жерлерде ғана стачкалар ойдағыдай өтеді. Ал мұндай жұмысшылар Россияда әлі аз, сондықтан бар күшті олардың санын көбейтуге, жұмысшы бұқарасын жұмысшы ісімен, социализммен және жұмысшы күресімен таныстыруға жұмсау керек. Бұл міндетті социалистер мен саналы жұмысшылар бірлесіп өз мойындарына алуы тиіс, бұл үшін социалистік жұмысшы партиясын құру керек. Үшіншіден, жоғарыда көргеніміздей, стачкалар үкіметтің жұмысшыларға дұшпан екенін, онымен күресу керек екенін көрсетеді. Шынында да, стачкалар барлық елдерде жұмысшы табын біртіндеп жұмысшылардың, жалпы халықтың правосы үшін үкіметтерге қарсы күрес жүргізуге үйретті. Мұндай күресті жұмысшылар арасында үкімет жөнінде, жұмысшы ісі жөнінде дұрыс түсінік тарата отырып, жаңағы айтқанымыздай, социалистік жұмысшы партиясы ғана жүргізе алады. Россияда стачкалар қалай жүргізіліп отыр, саналы жұмысшылар оны қалай пайдалануы керек — ол жөнінде біз басқа ретте ерекше әңгіме етеміз. Ал қазірше атап өтпегіміз, жоғарыда айтқанымыздай, стачкалар соғыстың өзі емес, «соғыс мектебі» ғана, стачкалар — күрестің бір құралы ғана, жұмысшы қозғалысының бір түрі ғана. Жұмысшылар жеке стачкалардан бүкіл жұмысшы табының барлық еңбекшілерді

азат ету жолындағы күресіне көше алады, көшуі де керек және іс жүзінде барлық елдерде көшіп те отыр. Барлық саналы жұмысшылар социалист болғанда, яғни жұмысшылардың арасында социализмді тарату үшін, жұмысшыларды өз дұшпандарына қарсы күрестің барлық амалдарына үйрету үшін бүкіл ел көлемінде өзара бірігетіндей бостандыққа ұмтылғанда, саналы жұмысшылар бүкіл халықты үкіметтің езуінен, барлық еңбекшілерді капиталдың езуінен азат ету жолында күресетін социалистік жұмысшы партиясына айналғанда,— тек сонда ғана жұмысшы табы, барлық жұмысшыларды бірлестіретін және: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» — деген жазуы бар қызыл туды көтеретін, барлық елдердегі жұмысшылардың ұлы қозғалысына толық қосылады.

1899 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 8—9-номерінде басылған

Н. К. Крупскаяның қолымен көшірілген қолжазба бойынша басылып отыр

РЕЦЕНЗИЯ [111]

С. Н. Прокопович. **Батыстағы жұмысшы қозғалысы**

«әлеуметтік ғылымға және оның қоғамның капиталистік құрылысы дамып отырған қайшылықтарының нәтижесінде өзінің апат болуына қарай тоқтаусыз ұмтыла береді деген қорытындысымағына көз жіберейік. Біз керекті түсініктерді Каутскийдің «Эрфурт программасынан» табамыз» (147). Прокопович мырза келтірген үзіндінің мазмұнын көрсетпес бұрын мынандай өрескелдікті — Прокопович мырзаға тән және теорияны қайта жасағыш сол сияқтыларға тән өрескелдікті атап өтейік. Осы біздің «сыншы зерттеушіміздің», «әлеуметтік ғылымға» назар аударғанда, «түсініктерді» Каутскийдің көпшілікке арналған кітапшасынан ғана іздейтін себебі не? Ол шынымен-ақ бүкіл «әлеуметтік ғылым» осы кітапшадан табылады деп ойлай ма екен? Каутскийдің — «Маркс дәстүрлерінің сенімді қорғаушысы» (I, 187) екенін, «әлеуметтік ғылымның» белгілі бір мектебінің «қорытындылары» жөніндегі сипаттамалар мен дәлелдемелерді нақ Маркстің саяси-экономикалық трактаттарынан іздеу керек екенін ол әбден жақсы біледі, бірақ ол тіпті осының өзін де білмейтін кісіше әрекет істеп отыр. Өз кітабының өн бойында нақ осы теориямен ашықтан-ашық, тура санасуға бір батылы бармастан, теорияның «қорғаушыларына» қарсы қылықтармен ғана тынатын «зерттеуші» туралы біз не ойлауға тиіспіз?

Прокопович мырзаның көшіріп алған жерінде Каутский былай дейді: техникалық төңкеріс және капиталдың қорлануы күн санап шапшаң алға басуда, өндіріс-

тің ұлғаюы капитализмнің ең негізгі ерекшеліктеріне сәйкес қажет нәрсе және үздіксіз қажет нәрсе, ал оның бер жағында рыноктың ұлғаюы «біраз уақыттан бері тым шабан дамып келеді»; «европалық өнеркәсіп рыногының бұдан әрі ұлғаймауы былай тұрсын, тіпті оның тарыла бастайтын кезі, сірә, жақын болса керек. Бұл, басқа ештеңені де емес, бүкіл капиталистік қоғамның банкроттығын көрсететін оқиға болғалы тұр». Прокопович мырза «әлеуметтік ғылымның қорытындыларына» (*яғни* Маркс шығарған даму заңдарының *бірі* жөнінде Каутскийдің айтқанын) «сынайды»: «Капиталистік қоғамның сөзсіз құритыны жөніндегі осы дәлелдемеде «өндірісті ұлғайтуға үнемі ұмтылудың — рыноктың барған сайын шабап ұлғаюына, ақырында, оның қысқаруына» қайшылығы басты роль атқарады. Каутскийдің пікірінше, осы қайшылық қоғамның капиталистік құрылысын мерт қылуға тиіс. Бірақ» (тыңдаңыз!) «өндірісті ұлғайту ісі қосымша құнның бір бөлегін «өндіргіш тұтыну» ретінде — яғни алғаш оны орналастыруды, сонан соң жаңа өндіріс үшін оны машиналарға, құрылысқа және т. т. жұмсауды көздейді ғой. Басқа сөзбен айтқанда, өндірістің ұлғаюы шығарылған товарларды өткізетін рыноктың болуымен мейлінше тығыз байланысты; сондықтан рыноктың шамалы қысқаруы кезінде өндірістің үнемі ұлғаюы — мүмкін емес нәрсе» (148). Сөйтіп, Прокопович мырза өзінің «әлеуметтік ғылым» саласына саяхат жасағанына риза болғандығы сонша, келесі жолдың өзінде-ақ паным және т. т. жөніндегі «ғылыми» (тырнақшада) дәлелдеме туралы менмендік кемсітушілікпен сөз қылады. Мұндай дөрекі сын, егер ол ең алдымен және бәрінен бұрын кісі күлерлік сын болмаса, күйінерлік сын болған болар еді. Аққоңіл Прокопович мырзаның бір жаңғырықты құлағы шалған, бірақ оның қайдан шыққанын білмей қалған. Прокопович мырза орналастыру жөніндегі абстракт-теория туралы есіткен, бұл теория соңғы уақытта орыс әдебиетінде қызу талқыланды, оның бер жағында, «өндіргіш тұтынудың» ролі халықшылдық экономияның қателері себепті айрықша атап көрсетілді. Осы теорияны жақсылап түсінбей жатып, Прокопович мырза капитализмнің осында Каут-



С. Н. Прокоповичтің кітабына В. И. Лениннің рецензиясының алтыншы беті. (Қолжазба.) — 1899 жылдың аягы.

Кішірейтілген

ский көрсетіп отырған негізгі және қарапайым қайшылықтарын әлгі теория *жоққа шығарады* (!) деп жориды. Прокопович мырзаны тыңдасаң, «өндіргіш тұтыну» жеке тұтынудан *мүлде тәуелсіз* дами алады (ал жеке тұтынуда көпшіліктің тұтынуы басым роль атқарады), яғни капитализм өзінде тұтыну мен өндірудің арасында ешқандай қайшылық бар деп қарамайды деп ойлауға тура келеді. Бұл әшейін қисынсыздық және мұндай бұрмалаушылыққа қарсы Маркс және оның орыс жақтаушылары пікірлерін ашық айтқан болатын *. «Өндірісті ұлғайту ісі өндіргіш тұтынуды көздейді» деген пікірден біздің «сыншы зерттеушіміз» ұрынып отырған буржуазиялық-апологеттік теория шықпайды, қайта, оның керісінше, нақ капитализмге тән қайшылық және оны қалайда апатқа ұшырататын қайшылық — өндірісті шексіз өсіруге ұмтылушылық пен тұтынудың шағындығы арасындағы қайшылық келіп шығады.

Сонымен қатар әлгі баяндалғандар жөнінде мынадай қызық жағдайды да көрсете кету керек. Прокопович мырза — Бернштейннің барып тұрған жақтаушысы, ол оның журналға басылған мақалаларын цитатқа келтіріп, бірнеше бет етіп аударған. Бернштейн өзінің «Die Voraussetzungen etc.»** деген белгілі кітабында С. Прокопович мырзаны өзінің орыс жақтаушысы есебінде тіпті неміс жұртшылығына ұсынады, дегенмен бір ескерту жасайды, оның мәнісі — С. Прокопович мырза — Бернштейннің өзінен бетер бернштейншіл дегендік болып шығады. Сонымен, мүлде сорақы бір жағдай, Бернштейн де, оның орыс әуеншісі де, екеуі де орналастыру теориясын бұрмалайды, бірақ *тікелей қарама-қарсы бағыттарда* бұрмалайды, сөйтіп олар *өзара бірін-бірі соққылайды.* Бернштейн, біріншіден, Маркстен мынадай «қайшылықты» көріпті, оның айтуынша, Маркс Родбертустің дағдарыстар теориясына қарсы шыға отырып, сонымен қатар «нағыз дағдарыс атаулы-

---

* Салыстырыңыз: «Научное Обозрениедегі» (1899, август) менің мақалам, әсіресе 1572-беті және «Россияда капитализмнің дамуы», 16 және келесі беттер. (Осы том, 73—93-беттер, әсіресе 84-беті; Шығармалар толық жинағы, 3-том, 42—46 және келесі беттер. *Ред.)*

** — «Алғы шарттар және т. т.». *Ред.*

ның соңғы себебі бұқараның кедейлігі және тұтыну дәрежесінің шағындығы» деп жариялайды. Шынында мұнда ешқандай қайшылық жоқ екенін мен басқа бір жерлерде көрсеткенмін («Этюдтер», 30-бет *; «Россияда капитализмнің дамуы», 19-бет **). Екіншіден, Бернштейн біздегі В. В. мырза қалай пайымдаса, дәл солай пайымдайды: қосымша өнімнің орасан өсуі дәулеттілер санының артқандығын (немесе жұмысшылардың әл-ауқатының жақсарғандығын) қалайда көрсетуге тиіс, өйткені капиталистердің өздері және олардың қызметшілері (sic! ***) бүкіл қосымша өнімді «тұтына» алмайды ғой, дейді («Die Voraussetzungen etc.», S. 51—52). Бұлай аңғырт пайымдау өндіргіш тұтынудың ролін мүлдем елеусіз қалдырады, *мұны Каутский өзінің Бернштейнге қарсы кітабында көрсетті де* (Kautsky: «Gegen Bernstein», II Abschnitt ****—«қосымша құнды пайдалану» туралы параграф). Міне, осы арада Бернштейн ұсынған орыс бернштейншілі шыға келіп, мүлде керісінше сөйлейді, «өндіргіш тұтынудың» ролі жөнінде Каутскийге ақыл айтады, оның бер жағында Маркстің айтқанын мейлінше әсіре бұрмалап, өндіргіш тұтыну жеке тұтынуға мүлде тәуелсіз-ақ дами алады! қосымша құнды өндіріс құрал-жабдықтарын шығаруға айналдыру арқылы қосымша құнды орналастыру сайып келгенде өндірістің тұтынуға тәуелділігін жояды, демек, біріншісі мен екіншісінің арасындағы қайшылықты жояды деген қисынсыздыққа дейін барады! «Теориялық алғы шарттарының тең жарымын жоғалтуға» Прокопович мырзаны мәжбүр еткен шынымен «зерттеулер» ме, немесе біздің «сыншы зерттеушіміздің» бұл «салақтығы» әйтеуір бір басқа себептерден туып отыр ма, мұны оқушы әлгі мысал бойынша пайымдай алады.

Басқа бір мысал. Біздің автор Германиядағы шаруалар серіктіктері туралы мәселені үш бет бойы (25—27) «зерттеген». Серіктіктердің алуан түрлерінің тізімдерін және олардың (әсіресе сүт серіктіктерінің)

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 173—174-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 47—49-беттер. *Ред.*

*** — солай! *Ред.*

**** — Каутский: «Бернштейнге қарсы», II бөлім. *Ред.*

тез дамуы туралы статистика мәліметтерін келтіре отырып, Прокопович мырза мынадай пікір айтады: «Қолөнерші осы күнгі экономикалық құрылыста қазірдің өзінде дерлік түп негізін жойып отырғанда, шаруа осы құрылыста берік (!) өмір сүріп отыр». Қандай оп-оңай, ә, рас емес пе? Неміс шаруаларының ішер асқа жарымауы, олардың шамадан тыс жұмыстан қалжырауы, деревнядан қалаға жаппай қашуы — осының бәрі, сірә, ойдан шығарылған нәрсе болса керек. Шаруалардың «беріктігін» дәлелдеу үшін серіктіктердің (әсіресе шаруа балаларының аузынан сүтті жырып алуға және шаруалардың капиталистерге тәуелділігін күшейтуге бастайтын сүт серіктіктерінің) тез өсуін көрсетудің өзі жеткілікті. «Өңдеуші өнеркәсіпте капиталистік қатынастардың дамуы қолөнершінің түбіне жетіп, шаруалардың жағдайын жақсартады. Ол» [жағдай?] «ауыл шаруашылығына капитализмнің енуіне кедергі жасайды». Жаңалық екен! Осы кезге дейін нақ өңдеуші өнеркәсіпте капитализмнің дамуы ауыл шаруашылығында капитализмді туғызып, дамытатын басты күш делініп келген еді. Бірақ Прокопович мырза осы арада, өзі өнеге тұтатын немістер сияқты, өзі жөнінде: nous avons changé tout ça, біз мұның бәрін де қайта жасағанбыз! деп емін-еркін айта алар еді. Бұл тек дұрыс болар ма екен, мырзалар? Сіздер тым болмаса *әйтеуір бір нәрсені* шынымен қайта жасадыңыздар ма, өздеріңіз «түтелеген» теорияның ең болмағанда бір негізгі ережесінің қателігін шынымен дәлелдедіңіздер ме, сөйтіп оны неғұрлым дұрыс ережемен өзгерттіңіздер ме? Сіздер қайта, ескі соқыр сенімдерге кері оралған жоқсыздар ма? ...«Екінші жағынан, өңдеуші өнеркәсіптің дамуы шаруалардың қосымша табыс келтіруін қамтамасыз етеді»... В. В. мырзаның доктринасын және шаруалардың қосымша табыстары жөніндегі науқанды қайта туғызу ғой бұл! Осы «табыстардың» көп ретте шаруаның жалдама жұмысшыға айналуын көрсететінін Прокопович мырза ауызға алуды керексіз деп есептейді. Ол өзінің «зерттеуін» даурықпа сөздермен аяқтауды артық көреді: «Шаруалар табының бойынан тіршілік шырыны әлі кеткен жоқ». Рас, дәл Германия жөнінде Каутский

ауыл шаруашылық серіктіктері *капитализмге* өту сатысы екенін көрсетті,— бірақ біз аса сұсты Прокопович мырзаның Каутскийді қалайша күл-талқан еткенін әлгінде-ақ көрдік қой!

Халықшылдық көзқарастардың (пақ В. В. мырзаның пайымдауындағыдай халықшылдық көзқарастардың) қайта тууын біз Прокопович мырзаның «сыншылдық зерттеуінің» тек көрсетілген тұсынан ғана емес, басқа да көп жерлерінен көреміз. «Экономикалық материализм» деп аталатын ілімді тым тайыздатып, қорлауы арқылы В. В. мырзаның қандай атаққа (қолайсыз атаққа) іліккенін оқушы, сірә, білетін болар: В. В. мырзаның «қайта жасауында» бұл ілімнің мәнісі барлық факторлардың сайып келгенде өндіргіш күштердің дамуына тірелетіндігінде емес, оның мәнісі, толып жатқан аса маңызды факторларды (сайып келгенде туынды факторлар болса да) елеусіз қалдыруға болады дегенінде болып отыр. Бізге Прокопович мырза да дәл осындай бұрмалаудың үлгісін көрсетіп, «материалдық күштердің» (144) маңызын түсінбей отыр деп Каутскийді мұқатуға тырысады, сөйте тұра Прокопович мырзаның өзі «экономикалық ұйымдарды» (145) «экономикалық күшпен» (146 және әсіресе 149) қалай болса солай шатастырады. Амал не, біз Прокопович мырзаның осы қатесін талдауға жеткілікті түрде толық тоқтай алмаймыз, сондықтан оқушыны Каутскийдің жоғарыда аталған, Бернштейнге қарсы жазылған кітабына (Abschnitt III, § а) сілтеуге тиістіміз, мұнда Прокопович мырзаның қайталаған әуендерінің түппұсқалары толық талданған. Сонымен қатар біз: Прокопович мырзаның кітабын зейін қойып оқитын оқушының «сыншы зерттеушіміз» түтелеген теорияның (айта кетелік, Прокопович мырза бұл жерде де теорияны негіздеушілердің көзқарастары туралы әдеппен жұмған аузын ашпайды, оларды талдаудан тартынады, сөйтіп осы теорияның қазіргі кездегі ізбасарларының сөздері мен мақалаларынан үзінділер келтірумен шектелуді мақұл көреді), бұл теорияның «экономикалық» материализмді осылай өрескел түрде тайыздатуда ешбір жазығы жоқ екендігіне оп-оңай көзі жетеді деп сенеміз (мысалы, екінші бөлімнің 74, 90, 92,

100-беттеріндегі Бельгияның беделді қайраткерлерінің мәлімдемелерін салыстырыңыз).

Прокопович мырзаның келтірген үзінділері жөнінде мынаны ескерту қажет: орыс әдебиетінде орын тепкен көзқарастар мен дәлелдер туралы оқушыға теріс түсінік беріп, ол көбінесе жеке-жеке жерлерін жырып алады. Прокопович мырзаның дөрекі сыны осы соңғы жағдайдан келіп, кісіге өте-мөте жиреніпшті әсер етеді. Кейбір жағдайларда Прокопович мырзаның кітабын оқушыға тіпті профессор Геркнердің жақында орыс тіліне аударылған «Батыс Европадағы жұмысшы еңбегі» деген кітабымен (СПБ. 1899 ж., «Образование» журналы бастырған) танысу пайдасыз болмайды. Мысалы, 24-беттегі (I бөлім) ескертуде Прокопович мырза: 1892 жылғы конгресте «өндіруші серіктіктердің құрылуын жақтайтын қаулы алынды» деп жазады,— сонан соң цитат келтірілген, ол цитат, біріншіден, автордың сөздерін толық қуаттамайды, ал екіншіден, «серіктіктер өндірістің капиталистік қатынастарына және т. т. әсер ете алады деген сенімге қарсы күресу айрықша» қажет (Геркнер, Ескертулер, XI—XII беттер, IX тарауға жазылған 6-ескерту) деген жерінен *үзілген.*

Прокопович мырза 56, 150, 156, 198-беттерде және басқа көптеген беттерінде нақ жоғарыда талданғандай амалмен Каутскийді мұқатады. Прокопович мырзаның Либкнехт 60-жылдарда белгілі уақытқа дейін өз мұраттарынан бас тартқан, олардан айныған және т. с. деген пікірлері (111, 112) мүлде түкке тұрмайды. Біздің «зерттеушініц», пайымдауларының төркіні бізге енді біраз таныс болған «зерттеушінің», ұятсыздығы мен менмендігі геркулестік бағаналар шегіне қаншалық жеткендігі, мысалы, оның мына сөзінен көрінеді (бұл сөзі де теорияның негізін салушыға қарсы емес, оны «қорғаушыға» қарсы бағытталған): «Егер біз жұмысшы қозғалысының бүкіл осы концепциясын жұмысшы қозғалысы дамуының шын беталысына оның қаншалық сәйкес келетіндігі жағынан,— оның *ғылымилығы* (курсив Прокопович мырзанықі) жағынан алып сынамақшы болсақ, онымыз мүлде әбестік болар еді. Мұнда ғылымның жұрнағы да жоқ және болуы да мүмкін емес (sic!)» (156).

Қандай үзілді-кесілді сын десеңізші! бүкіл марксизм дегеніңіз тіпті сынауға да тұрмайды екен — біліп қойыңыз. Сірә, біздің алдымыздағы не Германияда үстем болып отырған теорияда «жұрнағы да жоқ» және «болуы мүмкін емес» ғылымда зор төңкеріс жасауға жаралған адам, не... не — мұны қалай сыпайылау айтсақ екен? — не «сасқандығынан» бөтен біреулердің сөздерін қайталаушы адам. Прокопович мырзаның осы сөздерді мың мәртебе жариялаған ең жаңа тәңірге құлшына табынатындығы сондай, тіпті өз маңдайын да аямайды. Бернштейнде, көрер болсаңыз, «теориялық көзқарастар кемістігі» бар (198), ол кемістік сол, Бернштейн — түсіне алсаңыз? — қайраткерлердің мақсаттарын белгілейтін ғылыми теорияның қажеттігіне сенеді-міс. «Сыншы зерттеушілер» мұндай одағай сенімнен аулақ. «Ғылым партияның мақсаттарын *белгілеуге* тиіс емес, тек сол мақсаттарға *қызмет етуге* тиіс деп танылған кезде ғана ол ғылым еркін болады,— деп көкиді Прокопович мырза.— Ғылымның практикалық партияға мақсат қоя алмайтынын мойындау қажет» (197). Ескерте кетейік, Бернштейн өз жақтасының нақ осы көзқарастарынан бас тартқан болатын. «Принципті программа,— сөзсіз догматизмге әкеліп соқтыратын программа,—партияның еркін даму жолындағы кедергі ғана... Теориялық принциптер программада емес, насихатта ғана жақсы» (157). «Программалар керек емес, зиянды». «Егер жеке адам сезімтал болса, уақыттың қажетін шебер болжай алатын болса, ол адамның өзі программа бола алады»... Оқушы, бәлкім, мені Прокопович мырзаның зерттеуінен әлі де цитат келтіріп отыр екен деп ойлар? Жоқ, мен енді «Новое Время» [112] газетінен цитат келтіріп отырмын, ол газет жақында программа туралы... әрине, партияның емес,— жаңа ішкі істер министрінің программасы туралы... барша жұрттың назарын аударған мақалалар басқан болатын.

Прокопович мырза уағыздаған принципсіздік бостандығы... яғни «ғылым бостандығы» біздің батыр сыншы батырсына жазып отырған батыс европалық қайраткерлердің көпшілігінің көзқарастарына қаншалық жуысатындығы Прокопович мырзаның сол кітабынан келті-

рілген мына цитаттардан көрінеді: ...«Әрине, принциптерден айнымау керек» (159)... «Өзіңнің тәуелсіздігіңді, принциптерге берілгендігіңді ешбір бұзбау керек»... «Принциптерден бездіретін болса ғана немесе ең болмағанда принциптерді елеусіз қалдыртатын болса ғана... мен мәмле дегеніңді мойындамаймын» (171)... «Принципсіздікті енгізбеу керек» (174)... «Әрине, жаныңды, бұл ретінде — принциптерді сатпау керек» (176)... «Енді принциптер берік орнатылды» (183)... «Болжай алмайтын эмпиризмге» қарсы, «принциптерге немқұрайды қараушылыққа» қарсы, «түртіншектеп адасудан құтқаратын компас» (қажет) (195)... «Принциптік теориялық бөлімнің басты маңызы бар»... (103, II бөлім) және т. т.

Қорытындыда — тағы екі цитат келтірейік: «Егер неміс социал-демократизмі қазіргі қоғамдағы өзінің мүдделерін қорғауға шығып отырған, өзінің маңызын тұңғыш рет біле бастаған пролетариаттың бейнесі болмай, социализмнің бейнесі болған болса, онда — немістердің бәрі бірдей идеалист болмағандықтан — идеалистік міндеттерді көздейтін осы партиямен қатар біз неміс пролетариатының идеалист емес бөлегінің іс жүзіндегі мүдделерін білдіретін анағұрлым күшті жұмысшы партиясын көрген болар едік»... «Егер социализм бұл қозғалыста белгілі бір ұйымды бейнелейтін жай белгінің ролін атқармай, егер ол қозғаушы идея, партия мүшелерінен белгілі бір ерекше қызмет етуді талап ететін принцип болған болса — мұндай жағдайда социалистік партия жалпы жұмысшы партиясынан бөлінген болар еді, сөйтіп қазіргі құрылыс негізінде жақсы тұрмысқа ұмтылатын және идеалды болашақ туралы аз ойлайтын пролетариат бұқарасы дербес жұмысшы партиясын құрған болар еді». Оқушы тағы да мұны Прокопович мырзаның зерттеулерінен алынған цитат деп ойлап отырған болар? Жоқ, бұл — В. В. мырзаның «Теориялық экономия очерктерінен» алынған цитат. (СПБ. 1895, 248, 249—250-беттер). «Біздің әйгілі» В. В. мырза осыдан бес жыл бұрын-ақ Прокопович мырзаның ең жаңа деген «сын зерттеулерінің» нәтижелерін болжап білгендей...

Жә, осы да жетер. Егерде, С. Прокопович мырзаның есімі бүкіл Европаға таныстырылып қойылған болмаса, біздің тұсымызда көптеген кісілердің «сасқалақтықты» әлдененндей бір ерекше еңбек деп тапитындығы болмаса, «ортодоксия» мен «догма» атаулыны жол-жөнекей тірсектеп қағып отушілік сәнге айналу ретінде тарамаған болса, біз, әрине, жұртқа таныс: «біздің уақыт кең көлемді міндеттер қоятын кез емес» дейтін ескі әуенді қайталайтын, «болмашы істер» мен «қуанышты оқиғаларды» уағыздауды қайталайтын бұл тәрізді «зерттеулермен» осыншама ұзақ айналыспас та едік...

1899 ж. алғында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«PROFESSION DE FOI» ЖӨНІНДЕ [113]

Киев комитеті құрастырған «Profession de foi» *, тек қолжазба жоба бола тұрса да, Киев комитетінің айтуынша, оны жетілдіруге және өңдеуге мүлдем уақыт болмаса да, Киев комитетінің көзқарастары туралы жеткілікті де айқын түсінік алуға мүмкіндік береді және де бұл көзқарастар, сөз жоқ, бір кезде Россиядағы «Еңбекті азат ету» тобы жариялаған, РСДРП басылымдарында сан рет баяндалған және оның Манифесінде қуатталған социал-демократияның ескі принциптерін жақтайтын орыс социал-демократтарының тарапынан батыл наразылық туғызуы тиіс. Киев комитетінің көзқарастары «орыстың жас социал-демократтарының» жаңа бағытының едәуір ықпалы бар екенін *көрсететіні* күмәнсыз; бұл жаңа бағыт өз дамуында шеткеріленп барып бернштейншілдікпен ұласты және «Рабочая Мысльдің» атышулы жеке қосымшасы (сентябрь, 1899 ж.) және одан осал түспейтін «Credo» * сияқты нәрселерді шығарды.

«Profession de foi» осы оппортунистік және реакциялық бағытқа әбден жатады деп айтуға болмайды, бірақ «Profession de foi»-дың бұған қарай үлкен қадам жасағаны, социал-демократизмнің негізгі идеялары бойынша дау-дамай туғызатыны, революциялық ой-пікірдің ауытқуларын туғызатыны соншалық — біз киевтік жолдастарды сақтандыруды және халықаралық социал-де-

---

* — наным белгісі, программа, дүниеге көзқарасты білдіру. *Ред.*

мократияның да, орыс социал-демократиясының да көптен қалыптасқан принциптерінен олардың ауа жайылуын толық талдап түсіндіруді өз борышымыз деп санаймыз.

«Profession de foi»-дың бастапқы сөйлемінің өзі-ақ мейлінше қатты таңдандырады. «Россиядағы жұмысшы қозғалысының ең таяудағы ортақ міндеті — пролетариаттың саяси праволары жолында күресу екенін мойындай отырып, Комитет әйтсе де қазіргі кезеңде жұмысшылар бұқарасын саяси қимыл жасауға, басқаша айтқанда, *саяси* үгіт жүргізуге шақыруды мүмкін деп таппайды, өйткені орыс жұмысшысының қалың бұқарасы әзірше саяси күрес жүргізерліктей дәрежеге жеткен жоқ». Біз бұл арада сөйлемнің құрылымына тоқталмаймыз; біз үшін маңыздысы — осы арада айтылған және «Profession de foi»-дың басқа жерлерінде сан рет қайталанатын (мұны ескеріңіздер) пікірлер ғана. Ал ол пікірлерді оқығанда біздің тек: «Осыны жазғандар шынымен социал-демократтар ма екен?» — деп өзімізден сұрауымыз ғана қалады.

«Орыс жұмысшысының қалың бұқарасы әзірше саяси күрес жүргізерліктей дәрежеге жеткен жоқ»! Егер бұны дұрыс десек, онда бұл бүкіл социал-демократияға шығарылған өлім үкімімен бірдей, өйткені бұл — орыс жұмысшысының қалың бұқарасы әзірше социал-демократизм үшін есейіп жетілген жоқ деген сөз. Шынында да, саяси күреспен ажыраспастай тығыз байланысты болмайтын социал-демократия дүние жүзінде болған емес және жоқ та. Саяси күрессіз социал-демократия дегеніміз — бұл сусыз өзен, бұл барып тұрған сорақы қарама-қайшылық, бұл не «саясатты» елемеген арғы ата-бабаларымыздың утопиялық социализміне, не анархизмге, не тред-юнионизмге қайта оралғандық.

Дүние жүзілік социализмнің тұңғыш profession de foi-ы «Коммунистік манифест» сол кезден бері ап-айқын шындыққа айналған мына ақиқатты анықтап берді: қандай да болса тап күресі дегеніміз саяси күрес болып табылады, саяси күреске көшкенде ғана жұмысшы қозғалысы бастапқы ұрық және сәбилік сатысынан өтеді, сонда ғана *тап* қозғалысына айналады. Орыс социал-де-

мократизмінің тұңғыш profession de foi-ы — Плехановтың 1883 жылы шыққан «Социализм және саяси күрес» деген кітапшасы бұл ақиқатты Россия жағдайына қолдана отырып қуаттады және социализм мен саяси күрестің қосылуына, жұмысшылар бұқарасының стихиялық қозғалысының революциялық қозғалыспен қосылуына, тап күресінің саяси күреспен қосылуына нақ орыс революциялық қозғалысының қалайша және неліктен апарып соғуы тиіс екенін көрсетті. Социализм мен тап күресін жақтай отырып және сөйте тұра «қазіргі кезеңде жұмысшылар бұқарасын саяси қимылдар жасауға шақыру» мүмкіндігін бекерге шығарып, Киев комитеті, шынында, социал-демократизм принциптерінен мүлдем тайып шығады, ал оның осы принциптерді негізге ұстап қалғысы келген талабы оны бірқатар сорақы қайшылықтарға апарып соғады:

шынында да, егер саяси үгіт пен саяси күрес жүргізу мүмкін деп танылмаса, жұмысшыларға «саяси тәрбие» беру жайында сөз қозғауға бола ма? Саяси күрестен және саяси қимылдардан *тыс* ешқандай саяси тәрбиенің болуы мүмкін емес екенін социал-демократтардың арасында дәлелдеп жатудың қажеті бар ма? Саяси жұмыстан және саяси күрестен тыс, қайдағы бір сабақ берулер немесе кітаптар және т. с. жұмысшылар бұқарасына саяси тәрбие бере алады деп ойлауға бола ма? Орыс социал-демократтары шынымен-ақ, әуелі шаруаларды тәрбиелеу керек, содан соң оларға бостандық беру керек деген крепостниктердің көзқарасына, немесе әуелі халықты тәрбиелеу керек, содан соң барып оған саяси праволар беру керек деп жүрген, үкімет алдында құрдай жорғалайтын біздің шимайшылардың көзқарасына қайта оралуға тиіс болғаны ма? Саяси праволар жолында күресудің қажеттігін түсіну сезімін оятуды «өз міндеті етіп қоя» отырып, сөйте тұра жұмысшыларды саяси қимыл жасауға шақыруды мүмкін деп таппаудың, саяси үгіт жүргізуді мүмкін деп таппаудың не жөні бар? Саяси күрестің керектігін түсіну сезімін оятқымыз келеді екен және сөйте тұра саяси күреске шақырмайды екенбіз?! Бұл не? Бұл қалай? Мұндай былық қолжазба жобада пікірдің байыпты айтылмағандығының

немесе оның жете өңделмеуінің салдары емес, қайта Киев комитетінің барлық көзқарастарында орын алған екі жақтылықтың, жартыкештіктің қалайда болмай қоймайтын табиғи нәтижесі: бір жағынан, ол халықаралық социал-демократия мен орыс социал-демократиясының көптен қалыптасқан негізгі принциптерін негізге ұстағысы келеді, екінші жағынан, «қажеттілік», «біртебіртелік» (Киев комитетінің «Profession de foi»-ының I бөлімі, соңғы жағында), «қозғалыстың тікелей экономикалық сипаты» туралы, саяси үгіт пен күрестің мүмкін еместігі туралы, шын тілектер мен мұқтаждардың берік негізіне сүйену керектігі туралы (саяси бостандық жолындағы күрес сң шын тілектер мен мұқтаждардан туып отырмағандай-ақ!) бернштейншілдік үйреншікті сылдыр сөздермен, қысқасы, «Credo» сияқты және «Рабочая Мысльдің» жеке қосымшасы сияқты үйреншікті шығармалардың өзегі болған сылдыр сөздермен әуестенеді. Талқыланып отырған «Profession de foi»-дың барлық әлсіз жақтарын бадырайтып көрсететін қағидаға, атап айтқанда, «қазіргі кезеңде жұмысшылар бұқарасын саяси қимылдар жасауға», басқаша айтқанда, саяси үгіт жүргізуге «шақыру мүмкін емес», өйткені орыс жұмысшысының қалың бұқарасы әзірше саяси күрес жүргізерліктей дәрежеге жеткен жоқ деген қағиданың нақ өзіне тоқтайық. Бұл соңғы пікір, біздің бақытымызға, мүлдем дұрыс емес (біздің бақытымызға дейміз, өйткені бұл пікір дұрыс бола қалған күнде, орыс марксистері мен социал-демократтарын тред-юнионистік және буржуазиялық-либералдық батпаққа түсірмей қоймаған болар еді, ал «Credo» мен «Рабочая Мысльдің» авторлары және олардың жария әдебиетіміздегі көптеген сыбайластары орыс марксистері мен социал-демократтарын сол батпаққа құлатуға тырысып-ақ жүр). Орыс жұмысшысының қалың бұқарасы саяси күрес жүргізу үшін есейгені былай тұрсын, өзінің осы есейгендігін сан рет көрсетті де, сан рет саяси күрес әрекеттерін істеді және көбінесе ол әрекеттерді стихиялық жолмен істеді.

Шынында да, үкіметті айыптайтын, үкіметті соққылайтын үндеулердің жаппай таратылуы саяси күрес әрекеті емей немене? Орыс жұмысшысының қалың бұ-

қарасы тым асқақтап кеткен полицейлерді, солдаттарды «өз құралымен» жүндеген жоқ па, олар өздерінің тұтқындалған жолдастарын өз күшімен босатқан жоқ па? Олар көп жерлерде тура көшедегі шайқаста әскерлермен және полициямен қолма-қол күрескен жоқ па? Орыс жұмысшысының қалың бұқарасы 20 жылдан астам уақыт бойына өзінің ең таңдаулы, ең жетік, ең адал, ең батыл жолдастарын революциялық үйірмелер мен ұйымдардың қатарына қосып отырмады ма? Ал енді буржуазиялық түрпайылаудың үйреншікті доктринасының әуеніне еріп, біздер, революциялық социал-демократиялық партияның өкілдері, осының бәрін ұмытуға және жұмысшылар бұқарасын саяси қимылдар жасауға шақыру мүмкін емес деп тануға тиісті көрінеміз! Бәлкім, келтірілген фактілер көбінесе саяси күрестен гөрі стихиялық дүмпулер болды деп бізге қарсы дәлел айтушылар болар. Ал біз социалистердің революциялық үйірмелері кеңінен үгіт жүргізуді, жұмысшылар бұқарасын тап күресіне, өз езушілеріне қарсы саналы күреске шақыруды қолға алғанға дейін біздің стачкаларымыз да тек стихиялық дүмпу болып келген жоқ па? — деп жауап қайтарамыз. Ұйымдаспаған стихиялық дүмпуден басталмаған, сол таптың интеллигент өкілдерінің саналы араласуынсыз ұйымдасқан формаға көшкен және саяси партиялар құрған бірде-бір халық қозғалысын, бірде-бір тап қозғалысын тарихтан көрсетуге болар ма еді? Егер жұмысшы табының саяси күреске ұмтылған арынды талабы осы уақытқа дейін көбінесе ұйымдаспаған дүмпу түрінде ғана білінсе, бұдан орыс жұмысшысының қалың бұқарасы саяси үгіт үшін әлі есейген жоқ деген қорытындыны тек «Московские Ведомости» [114] мен «Гражданин» [115] ғана шығара алса керек. Ал социалист болса бұдан саяси үгіт жүргізудің, жұмысшылар бұқарасын саяси қимылдар мен саяси күреске мейлінше кеңінен шақырудың кезеңі әлдеқашан-ақ жетті деген қорытынды шығарады; бұған шақырмайынша біз өз борышымызды орындамаймыз және, асылында, социал-демократ болудан қаламыз, өйткені экономикалық және кәсіпшілік ұйымдар саяси күрес жүргізбейтін болсын деп әрқашан, барлық жерде де буржуазияның ашық

жақтастары уағыздап келді; сондықтан, мысалы, «Рабочая Мысль» газетінде көріп отырғанымыздай, орыс жұмысшы табының саяси күресі мен саяси міндеттері жайында ылғи үндемей қоюды қылмыс және масқарашылық деп қана атауға болады. Бұл үндемеушілік саяси езушілікті көріп, сезіп отырған, оған стихиялы түрде қарсы шығып отырған, бірақ өздерінің социалист басшыларының тарапынан не немқұрайдылықты, не тіпті саяси күрес идеяларына қарсы айтыс ашуды кездестіріп отырған жұмысшылардың саяси сана-сезімін аздырумен бірдей. Бізге саяси бостандық идеяларын бұқара арасына «бірте-бірте» өткізу керек дейді,— сонда біз бұл идеяларды бұқара арасына таратуда осы уақытқа дейін тым асығыстық істегеніміз ғой, бізді баяулату, тежеу керек болғаны ғой!! Бұлай деп отырса мұны немқұрайдылық, барып тұрған тар өрістілік деп атамауға бола ма. Не болмаса, бізге «әрбір жеке жағдайда сылтау болғанда» ғана «жұмысшы табының хал-жайын саяси тұрғыдан көрсетіп отыру» керек дейді,— сонда саяси үгітке керекті «сылтауларды» бізге жұмысшылар тұрмысының күнбе-күнгі, жаппай, барлық жерде кездесетін фактілері көрсетпей отырған тәрізді?!

Саяси үгіт жүргізуге әрбір жеке жағдайда сылтау болсын деп шек қоюға ұмтылу не мағынасыздық болып шығады, не болмаса «Credo» мен «Рабочая Мысльдің» бағытымен кері қадам жасауға тырысқандықты ғана, біздің насихат және үгіт жұмысымыздың онсыз да тар шеңберін тарылтуға тырысқандықты ғана көрсетеді. Бәлкім, біреулер: саяси күрес идеяларын, неғұрлым жетілген жеке жұмысшылар ғана қолы жететін идеяларды жұмысшылар *бұқарасы* түсінбейді деп бізге қарсы дәлел айтар. Орыстың «жас» социал-демократтарынан соншама жиі есітуге тура келетін бұл қарсы дәлелге біздің жауабымыз: біріншіден, социал-демократия барлық жерде бірдей, әрқашан, сапасыз жұмысшылардың емес, сапалы жұмысшылардың өкілі болды және сондай өкіл *болмай тұра алмайды,* жұмысшылар жетілмеген деген сөзбен демагогтықпен ойнаудан қауіпті, одан қылмысты нәрсенің болуы мүмкін емес. Егер атқарылатын қызметтің өлшемі етіп нақ қазір ең қалың бұқараға не-

ғұрлым түсінікті істерді алатын болсақ, онда антисемитизмді уағыздауға немесе, айталық, діндар Иоанн Кронштадтскийге жалбарыныңдар деп үгіт жүргізуге тура келеді.

Социал-демократияның міндеті — саяси правосыз бұқараның соңынан сүйретіліп ілесу емес, қайта бұқараның саяси сана-сезімін жетілдіру; екіншіден,— және бұл ең бастысы — бұқара саяси күрестің идеяларын түсінбейді деу дұрыс емес. Егер үгітші немесе насихатшы жұмысшыға осы идеяны білдіру үшін жанаса алса, оны күнделікті өмірдің жұмысшыға мәлім фактілеріне сүйене отырып, түсінікті тілмен жеткізе білсе, бұл идеяны ең қараңғы деген жұмысшыға дейін түсіне алады. Ал бұл шарт экономикалық күрестің жағдайларын түсіндіру үшін де керек қой: бұл салада да бұқараның төменгі және орта топтарынан шыққан қарапайым жұмысшы экономикалық күрестің жалпы идеяларын игере алмайды; бұл идеяны аздаған интеллигент жұмысшылар игереді, бұлардың соңынан инстинкт билеген және ең таяу мақсатқа жету мүддесін көздеген бұқара ереді.

Саясат саласында да нақ солай: саяси күрестің жалпы идеясын, әрине, тек интеллигент жұмысшы ұғына алады, оның соңынан бұқара ереді, өйткені бұқара өзінің саяси теңсіздігін жақсы сезеді (Киев комитетінің «Profession de foi»-ы бір жерінде мұны мойындайды), өйткені тікелей күнбе-күнгі мүдделері бұқараны саяси езушіліктің сан алуан түрлерімен әрдайым кездестіріп отырады. Бірде-бір саяси немесе әлеуметтік қозғалыста, бірде-бір елде бір таптың немесе бір халықтың қалың бұқарасы мен оның саны аз интеллигент өкілдерінің арасында мына қатынастан басқа қатынас болған емес және болуы да тиіс емес: әрқашан, барлық жерде белгілі таптың көсемдері — сол таптың алдыңғы қатарлы, неғұрлым интеллигент өкілдері болды. Орыс жұмысшы қозғалысында да басқаша болуы мүмкін емес. Ал сондықтан жұмысшылардың осы алдыңғы қатарлы тобының мүдделері мен тілектерін елемеушілік, төменгі топтар ұғымының дәрежесіне дейін *төмендеуге* ұмтылушылық (жұмысшылардың саналылық дәрежесін үздіксіз *көтеріп* отырудың орнына) өте зиянды әсерін тигізбей

қоймауға тиіс және жұмысшылар ортасына социализмге жат және революцияға жат әр түрлі идеялардың таралуына жағдай әзірлеуі тиіс.

Киев комитетінің саяси күреске көзқарасын талдап болу үшін мынаны айтайын: өте одағай, сонымен қабат бүкіл «Profession de foi»-ға өте тән сыңай таныта отырып, Комитет қазіргі кезеңде жұмысшылардың қалың бұқарасын саяси қимыл жасауға шақыруды мүмкін деп таппайды да, «қалың бұқараға түсінікті болатын сылтаулар» бойынша тек қана үгіт мақсатымен (үкіметке ықпал жасау түрінде емес) *ішінара* демонстрациялар жасауды қолайлы деп біледі. Социалистер жұмысшыларды үкіметке ықпал *жасамауға* шақырады!!! Бұдан әрі барар жер жоқ... Тек қана, үкіметке ықпал *жасамайтын* демонстрациялардың қалайша мүмкін екені миға қонбайды. Жұмысшыларға өз үйшігінің есігін күні бұрын бекітіп алып, төрт қабырғаның ішінде демонстрация жасауды ұсынсақ болмас па екен? әлде, бәлкім, қолын қалтасына жасырып тұрып бармағын шығарып сұс көрсеткені жөн болар: мұның үкіметке, сірә, оншама зиянды және сойқанды «ықпалы бола қоймас»! «Ішінара демонстрация» дегеннің мәнісі не екенін де біз түсінуден қалдық. Мұның мәнісі: кәсіпшілік, тек қана кәсіпшілік мәселелер жөнінде (тағы да сұрайық: бұл арада социализмнің не қатынасы бар?) болатын демонстрация, әлде, бәлкім, бүкіл саяси системаға қарсы жасалмайтын, жалпы самодержавиеге қарсы жасалмайтын, тек ішінара саяси сылтаулар бойынша ғана жасалатын демонстрация деген сөз емес пе? Ал егер осылай болса, бұл «Credo»-ның және әсіре оппортунизмнің нағыз ашық идеялары емес пе, жұмысшы табының саяси сапасы мен саяси міндеттерін мейлінше төмендетудің, көмескілендірудің нағыз ашық идеялары емес пе? Егер осылай болса, астаналық бір «жас» социал-демократтың: «жұмысшылардың арасында самодержавиенің абыройын төгетін уақыт жеткен жоқ» деген «қанатты сөзін» қайталағанымыз жөн емес пе?

«Profession de foi»-да көзқарастардың тым тар өрістілігі «саясат» мәселесі жөнінде ғана көрініп отырған жоқ. «Бұқараға үгіттің ықпалы — деп оқимыз біз — қа-

зіргі уақытта, біріншіден, пролетариаттың экономикалық күресіне көмектесу түрінде ғана болады; сондықтан Комитет жұмысшылардың қожайындарымен әрбір соқтығысуын, қожайындар тарапынан қиянат істеушіліктің әрбір ірі фактісін жұмысшылардың өз жағдайларын өздеріне түсіндіріп, жұмысшыларға үндеу жазуға пайдаланады, наразылыққа шақырады, стачкалар кезінде жетекшілік роль атқарады, стачкалардың талаптарын тұжырымдап, ол талаптарға жетудің ең қолайлы жолдарын көрсетіп береді, осының бәрі арқылы жұмысшы табының сана-сезімін күшейтеді» — бар болғаны осы, экономикалық күрес туралы бізге басқа ештеңе айтылмайды. Осы да — profession de foi болып па! Осы арасын зейін қойып қайта оқыңыздаршы: бұл тағы да «Credo»-ның тілі мен «Credo»-ның ойы (бұл «жас экономистердің» көзқарастарын бүркеуге барынша тырысатын және ол көзқарастарды жеке адамдардың ауа жайылуы ғана деп танығысы келетін «Рабочее Дело» редакциясының әбден адасқандығын тағы да көрсетеді).

Социалист үшін экономикалық күрес жұмысшыларды революциялық партияға ұйымдастырудың, олардың бүкіл капиталистік құрылысқа қарсы тап күресін ұйымдастырып, сол күресті күшейтудің негізі болып табылады. Ал егер экономикалық күресті тек тікелей мағынасында ғана алатын болсақ, онда оның социалистік ештеңесі де жоқ, өйткені барлық европалық елдердің тәжірибесі бізге социалистік кәсіпшілік одақтарының ғана емес, социализмге қарсы кәсіпшілік одақтары да бар екенінің көп мысалдарын көрсетіп отыр.

Буржуазиялық саясатшының міндеті — «пролетариаттың экономикалық күресіне көмектесу», социалистің міндеті — экономикалық күресті социалистік қозғалысқа және революциялық жұмысшы партиясының ісі нәтижелі болуына көмектесуге қызмет еткізу болып табылады. Социалистің міндеті — экономикалық және саяси күрестің социалистік жұмысшы бұқарасының бірыңғай тап күресіне ажырамастай ұласуына көмектесу болып саналады. Сонымен, Киев комитетінің «Profession de foi»-ының бұлдыр сөздері бернштейндік идеяларға есікті шалқасынан ашып тастайды және экономикалық күрес-

ке кешірімсіз тар өрістілікпен қараушылықты заңға айналдырады.

Бұқараға үгітпен ықпал жасау дегеніміз езушілік атаулының барлық себептері мен барлық көріністері жөнінде экономикалық үгітті де, саяси үгітті де мейлінше кең жүргізу болуға тиіс; бұл үгітті біз жұмысшыларды революциялық социал-демократиялық партияның қатарына неғұрлым көбірек тарту үшін пайдалануға тиістіміз, саяси күрестің сан алуан түрлерін көтермелеу үшін, күресті стихиялы формаларынан шығарып, біртұтас саяси партия күресінің формасында ұйымдастыру үшін пайдалануға тиістіміз. Сонымен, үгіт саяси наразылықты және саяси күрестің неғұрлым ұйымдасқан формаларын кеңінен таратудың *құралы* ретінде қызмет етуі тиіс. Ал қазіргі уақытта біздің үгітіміздің шеңбері тым тар, оның қозғайтын мәселелерінің аумағы тым шағын, сондықтан біздің міндетіміз осы тар өрістілікті заңды ету емес, қайта содан құтылуға тырысу, үгіт жұмысымызды тереңдетуге және кеңейтуге тырысу болып табылады.

Біз талдап отырған «Profession de foi»-да бұл тар өрістілік жоғарыда айтылған теория жүзіндегі адасушылықтарға апарып қана қоймайды, практикалық міндеттердің өрісін тарылтуға да апарып соғады. Мұндай тарылтушылық «сұрау қағаздар тарату арқылы және басқа амалдармен жергілікті фабрика, заводтардағы жұмысшылардың жағдайын зерттеуді ең таяудағы кезекті міндет етіп алға қою» тілегінен айқын көрінеді. Үгіттің керекті бір құралы болып табылатын жалпы сұрау қағаздарға қарсы, әрине, ештеңе айта алмаймыз,— бірақ зерттеумен шұғылдану дегеніміз — онсыз да шамалы революциялық күштерді тиімсіз жұмсау деген сөз.

Біздің жария зерттеулерімізден де көп мағлұмат алуға болады ғой. Ең таяудағы кезекті міндет етіп үгіт пен насихатты (әсіресе саяси үгіт пен насихатты) кеңейту міндетін алға қою керек еді, себебі социалистік газеттерге өздігінен хат-хабар жіберіп тұру сияқты жұмысшылардың арасында кең етек алып келе жатқан тамаша дәстүр материалдар молшылығын қамтамасыз етіп отырғанда бәрінен де гөрі осы керек еді.

Әлгіден бетер өріс тарылтушылықты тағы мынадан көреміз: кассалар туралы мәселе жөнінде тек қана «кәсіпшілік стачка» кассалары қолайлы деп танылады да, ол кассалар социал-демократиялық партияның бір буыны болып соған кіруі, саяси күреске қызмет етуі туралы бір ауыз сөз айтылмайды.

Біздің астыртын кассаларымызды тек қана экономикалық жұмыспен шектеуге ұмтылу — «Credo»-ның авторлары үшін табиғи нәрсе, бірақ мұның Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Комитетінің «Profession de foi»-ында айтылуы түсініксіз.

Жария қоғамдар туралы мәселе жөнінде де «Profession de foi» қағидаларының өрісі тым тар, нақ сондай-ақ, атышулы бернштейншілдікке жол беруге тырысатындықты білдіреді; кассалардың құрылуына социал-демократиялық партия Комитетінің көмек көрсетуі деген сөз, тағы да, күштерді бытыратып алу және мәдени жұмыс пен революциялық жұмыстың арасындағы шекті жою деген сөз: революцияшыл партия жария қоғамдарды *өзінің* жұмысын нығайту және күшейту үшін, үгіт жүргізудің ошақтары ретінде, қарым-қатынас жасауға қолайлы бүркеншік ретінде және т. т. ретінде пайдалана алады және пайдалануға тиіс те,— және тек осымен тынуы керек. Социалистердің күшін қоғамдар құруға көмектесу үшін жұмсау өте тиімсіз, ол қоғамдарға дербес маңыз беру дұрыс емес, қоғамдық ұйымдарда «қожайындардың араласуынан, ықпал жүргізуінен толық тәуелсіздік» болады деп ойлау — тіпті ерсі-ақ.

Ақырында, Киев комитетінің ұйымдық жоспарларына да оның көзқарастарының тар өрістілігі мен өзіндік ерекшелігі әсер еткен. Рас, партияны қайта құрамыз деп жариялаудың және жаңа Орталық Комитет сайлаудың әзірше ертерек екені жөніндегі Киев комитетінің пікіріне біз толық қосыламыз, бірақ біз «қозғалыстың тікелей экономикалық сипаты» туралы, орыс пролетариатының «саяси үгіт үшін әлі әзір еместігі» туралы пікірлеріп мүлдем қате деп санаймыз. «Жергілікті топтар нығайып, саны көбейгенше, жұмысшылар арасында байланысын нығайтқанша» күтіп отыру да қате болар еді,

мұндай нығаюдың аяғы көбінесе күрт күйреуге апарып соғады.

Жоқ, біз бірігу ісіне дереу кірісуге тиістіміз және оны әдеби бірігуден, жалпы орыстық орган құрудан бастауға тиістіміз, бұл орган бүкіл Россияның органы қызметін атқара отырып, барлық жерлердегі үйірмелерден хат-хабарлар мен материалдар жинай отырып, даулы мәселелерді талқылауға орын бере отырып, біздің насихатымыз бен үгітіміздің шеңберін кеңейте отырып, істі жүргізудің ұйымдық, тактикалық және техникалық тәсілдеріне әдейілеп көңіл бөле отырып, неғұрлым жетік жұмысшылардың барлық тілектерін қанағаттандыра отырып және пролетариаттың (жұмысшы хат-хабарлары және т. т. арқылы тартылатын) төменгі топтарын социалистік қозғалысқа және саяси күреске барған сайын сапалы түрде қатынасу дәрежесіне көтере отырып, партияны қалпына келтіруді әзірлеуге тырысып бағуы тиіс.

Біздің пікірімізше, партияны біріктіріп, қайта құру үшін іс жүзіндегі жағдайларды осы жолмен ғана әзірлеуге болады және тар өрісті «экономизмге» қарсы және етек алып бара жатқан бернштейндік идеяларға қарсы тек тікелей, ашық айтыс қана орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс социал-демократиясының дұрыс дамуын қамтамасыз ете алады.

1899 ж. аягында немесе 1900 ж. басында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VII жинағында басылған

Белгісіз біреудің қолымен көшірілген қолжазба бойынша басылып отыр

«ИСКРА» [116] МЕН «ЗАРЯ» [117] РЕДАКЦИЯСЫ МӘЛІМДЕМЕСІНІҢ ЖОБАСЫ

Социал-демократиялық екі органды: ғылыми-саяси журнал мен жалпы орыстық жұмысшы газетін шығаруға кірісе отырып, біз өзіміздің программамыз туралы, өзіміздің неге ұмтылатынымыз туралы және өзіміздің міндетімізді қалай түсінетініміз туралы бірнеше сөз айтып өтуді қажет деп санаймыз.

Біз орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс социал-демократиясының тарихында аса маңызды кезеңді бастан кешіріп отырмыз; барлық жағдайлар біздің қозғалысымыздың сын кезеңде тұрғанын көрсететін тәрізді: ол қозғалыс Россияның түрлі түкпірлерінде сондайлық кең өріс алып, көптеген жақсы өркен жайғаны соншалық, енді оның нығаюға, ең жоғары формаға көшуге, өзінің белгілі бір кескінін анықтап, ұйымын құруға ұмтылуы ырық бермес күшпен көрініп отыр. Шынында, соңғы жылдар біздің интеллигенцияның арасында социал-демократизм идеяларының таңқаларлықтай тез таралуымен сипатталады, ал қоғамдық ойдың бұл ағымын социализмге қарай құлшына ұмтылып, өздерінің езушілеріне қарсы бірігіп күресе бастаған өнеркәсіп пролетариатының нағыз дербес, стихиялы қозғалысы қарсы алып, қолдап отыр. Жұмысшылардың және социал-демократ интеллигенттердің үйірмелері барлық жерде де туа бастады, жергілікті үгіт листоктары шыға бастады, социал-демократиялық әдебиеттің ұсынымынан гөрі оған деген сұранымы өлшеусіз өсіп келеді,— сондықтан

қуғын-сүргінді қаншама күшейтсе де, бұл қозғалысты тоқтатуға үкіметтің шамасы келмейді.

Түрмелер лық толы, жер аударылғандар тұратын орындарға кісі сыймай жатыр, Россияның барлық жерлерінде социалистердің «сәтсіздіктері» туралы, транспорттың қолға түсуі туралы, үгітшілердің тұтқынға алынуы туралы, әдебиет пен баспаханалардың конфискеленуі туралы ай сайын дерлік естіліп жатады,— бірақ қозғалыс тоқтап қалмай, қайта барған сайын көптеген аудандарды қамтып, барған сайын жұмысшы табының ортасына кеңінен таралып, барған сайын жұртшылық назарын тартып, өскен үстіне өсіп келеді. Сондықтан социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының барлық кедергілерге қарамастан бұдан былай да өсе беретіндігіне, сөйтіп ол кедергілерді жеңетіндігіне Россияның бүкіл экономикалық дамуы, орыс қоғамдық ой-пікірінің және орыс революциялық қозғалысының бүкіл тарихы кепіл бола алады.

Біздің қозғалысымыздың соңғы уақытта ерекше көзге түсетін басты бір өзгешелігі — оның бытырандылығы, оның, былайынша айтқанда, майдагерлік сипаты: жергілікті үйірмелер басқа жерлердегі үйірмелермен мүлдем дерлік байланыс жасамай, тіпті (аса маңыздысы осы) сол орталықта бір мезгілде қатар жұмыс жүргізген және жұмыс жүргізіп отырған үйірмелермен де байланыс жасамай, өз бетімен құрылып, өз бетімен әрекет жасауда; дәстүр, сабақтастық жоқ, ал жергілікті әдебиет осы бытырандылықты толық көрсетіп отыр, орыс социал-демократиясының жасап шығарғандарымен байланыс жоқтығын көрсетіп отыр. Қазіргі шақтың бізге сын кезең болып көрінуінің дәл себебі — қозғалыс осы майдагерліктен және осы бытырандылықтан әрі өсіп, ең жоғары, анағұрлым бірлескен, ең жақсы және анағұрлым ұйымдасқан формаға көшуді қатты талап етіп отыр; осы форманы құру жолында еңбек сіңіруді біз өзіміздің міндетіміз деп есептейміз. Қозғалыстың белгілі бір дәуірінде, оның бас кезінде, бұл бытырандылықтың болмай қоймайтыны өзінен-өзі белгілі, революциялық тыныштықтың ұзақ дәуірінен кейін қозғалыстың таңқаларлықтай тез және барлық жерде бірдей өсуі жағдайында са-

бақтастықтың болмауы әбден табиғи нәрсе. Жергілікті жағдайдың түрлішелігі, жеке аудандардағы жұмысшы табы жағдайының өзгешеліктері, ақырында, жергілікті қайраткерлердің көзқарастарындағы ерекшеліктер әрқашан да болып тұрады және пақ осы түрлішелік қозғалыстың өмірге бейімділігін және оның жақсы дамып келе жатқанын көрсетеді; бұл да күмәнсыз нәрсе. Мұның бәрі осылай, бірақ бытырандылық пен ұйымдаспаушылық осы түрлішеліктің әсте қажетті салдары болып табылмайды. Қозғалыстың сабақтастығын сақтау, оны біріктіру түрлішелікті әсте жоққа шығармайды,—қайта, тіпті бұған анағұрлым кең мүмкіндік ашып, еркін өріс туғызады. Ал қозғалыстың қазіргі кезеңінде бытырандылық зиянды әсерін тікелей тигізе бастап отыр және қозғалысты теріс жолға бұрып жіберу қаупін туғызып отыр: қозғалысты тұтасымен теориялық жағынан айқындаудан қол үзген тар өрісті практицизмнің, бір жағынан, социализм мен Россиядағы революциялық қозғалыстың, екінші жағынан, стихиялы жұмысшы қозғалысының арасындағы байланысты бұзуы мүмкін. Бұл қауіптің ойдан шығарылған нәрсе емес екенін қазірдің өзінде әбден орынды наразылыққа ұшыраған және теріс бағыт ұстауда деп табылған *«Credo»* секілді, ал бұдан соң, ««Рабочая Мысльға» жеке қосымша» (сентябрь, 1899 ж.) секілді әдеби шығармалар дәлелдеп отыр. Бұл қосымша «Рабочая Мысль» газетінің бойына толық сіңген тенденцияны сондай айқын көрсетті, бұл қосымшада орыс социал-демократиясындағы ерекше бағыт көріне бастап отыр, бағыт болғанда, тура зиян тигізетін, сондықтан да оған қарсы күресу қажет болатын бағыт көріне бастап отыр. Ал жария орыс әдебиеті марксизмді келемеждеп, қоғамдық сана-сезімді аздыруы арқылы, бұл бытырандылықты және бұл анархияны асқындыра түседі, осы анархияның арқасында атақты (өзінің банкроттығымен атақты) Бернштейн: Россияда жұмыс жүргізуші социал-демократтардың көпшілігі мені жақтайды,— деп баспасөз бетінде бүкіл әлемге өтірік соғып отыр.

Бұл алауыздықтың қаншалықты терең екендігі туралы, ерекше бағыт пайда болуының қаншалықты мүмкін

екендігі туралы пікір айту әлі ертерек болар еді (біз бұл мәселелерді қазірдің өзінде-ақ тұжырымды мағынада шешуге әсте бейімделіп отырғанымыз жоқ, *бірігіп* жұмыс істеудің мүмкіншілігіне сенімімізді әлі әсте жоғалтып отырғанымыз жоқ), бірақ жағдайдың ауырлығына көзді жұмып қарау бұл алауыздықты асыра көрсеткеннен гөрі анағұрлым зиянды болар еді, сондықтан біз «Еңбекті азат ету» тобының әдеби қызметін қайта бастағанын және социал-демократизмді бұрмалап, кірлеуге бағытталған әрекеттерге қарсы бастаған оның күресін шын жүректен құттықтаймыз [118].

Мұның бәрінен шығатын практикалық қорытынды мынадай: біз, орыс социал-демократтары, бірігуіміз керек, сөйтіп революциялық социал-демократия программасының туы астында күрес жүргізетін, қозғалыстың сабақтастығын қорғайтын және оның ұйымшылдығын үнемі қолдап отыратын біртұтас және мықты партия құруға барлық күшімізді жұмсауымыз керек. Бұл қорытынды жаңалық емес. Орыс социал-демократтары, бұдан 2 жыл бұрын, 1898 жылы көктемде Россияның ең ірі социал-демократиялық ұйымдарының өкілдері съезге жиналып, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрып, оның «Манифесін» жариялаған, «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныған кезде-ақ осы қорытындыға келген болатын. Өзімізді Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі деп тани отырып, біз «Манифестің» негізгі идеяларын толық жақтаймыз және біздің партиямыз ұмтылуға тиісті болып отырған мақсаттарды ашықтан-ашық, жұрт алдында айтып берген мәлімдеме ретінде оған өте зор маңыз береміз. Сондықтан партияға мүше болып отырған біздер үшін, таяу уақыттағы және тікелей міндеттеріміз туралы мәселе мына түрде қойылады: партияны барынша берік етіп қайта құратын болу үшін біз қандай жұмыс жоспарын қабылдауға тиістіміз? Кейбір жолдастар (тіпті кейбір топтар мен ұйымдар да) бұл мақсат үшін партияның орталық мекемесін жаңадан сайлап, оған партия органын қайтадан шығара бастауды тапсыру керек дейтін пікірді қостайды [119]. Мұндай жоспарды біз қате деп есептейміз немесе, ең кемі, қатерлі

деп білеміз. Партияны құрып, нығайту — барлық орыс социал-демократтарының бірлестігін құрып, нығайту деген сөз, ал ондай бірлестікті әшейін декретпен жасай салуға болмайды, оны қайдағы бір, айталық, өкілдер жиналысының қарары бойынша ғана енгізуге болмайды, оны жасау керек. Біріншіден, партияның жалпы әдебиетін жасау қажет, жалпы алғанда, жеке аудандар үшін емес, бүкіл орыс қозғалысына қызмет ететін болуы, тек бір ғана жергілікті мәселелерді емес, бүтіндей бүкіл қозғалыс мәселелерін талқылап, саналы пролетарлардың күресіне көмектесіп отыратын болу мағынасындағы, сонымен бірге қолда бар бүкіл әдеби күштерді біріктіретін болу, орыс социал-демократтары арасындағы түрлі ой-пікірлер мен көзқарастардың бәрін оқшауланған қызметкерлердің емес, ортақ программамен және бір ұйымның қатарындағы ортақ күреспен байланысты жолдастардың ой-пікірі мен көзқарастары ретінде көрсететін болу мағынасындағы жалпы әдебиетті жасау қажет. Екіншіден, барлық қозғалыс орталықтарының арасындағы қатынасқа, қозғалыс туралы толық және мезгілімен мәлімет жеткізіп тұруға, мерзімді баспасөзбен Россияның барлық жерлерін дұрыс қамтамасыз етіп отыруға әдейі арналған ұйымды құру керек. Осындай ұйым құрылып шыққанда ғана, орыс социалистік почтасы құрылғанда ғана, партия тиянақты өмір сүре алатын болады, тек сонда ғана партия нақтылы шын факт бола алады, ал олай болса, құдіретті саяси күш те бола алады. Осы міндеттің бірінші жартысына, яғни жалпы әдебиетті жасау жұмысына өз күштерімізді арнамақшы болып отырмыз; біз мұны қазіргі қозғалыстың шұғыл тілегі және партияның жұмысын қайта бастаудың керекті әзірлік қадамы деп білеміз.

Біз шығаратын органдар қолданатын программа да міндеттеріміздің осындай сипатына қарай белгіленетіндігі табиғи нәрсе. Оларда теория мәселелеріне, яғни социал-демократизмнің жалпы теориясына да, оның орыс тұрмысында қолданылуына да көп көңіл бөлінуге тиіс. Осы мәселелерді нақ қазіргі уақытта кең түрде талқылаудың шұғыл қажет екендігі күмәнсыз және жоғарыда айтылып өткендерден кейін түсіндіріп жатуды керек

қылмайды. Батыстағы жұмысшы қозғалысымен, оның тарихымен, оның қазіргі жағдайымен таныстыру ісі де жалпы теориялық мәселемен тығыз байланысты болуға тиіс екендігі де өзінен-өзі түсінікті. Бұдан соң, біз саясаттың барлық мәселелерін үнемі талқылап отыруды алдымызға мақсат етіп қоямыз: социал-демократиялық жұмысшы партиясы барлық салаларда өмірдің өзі алға тартатын барлық мәселелерге, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне үн қосып отыруға тиіс, сонымен біз әрбір социал-демократтың және әрбір саналы жұмысшының барлық негізгі мәселелер жөнінде белгілі көзқарастары болуына талпынуымыз керек,— мұнсыз кең және жоспарлы насихат пен үгіт жүргізу мүмкін емес. Теория мен саясат мәселелерін талқылау ісі партияның программасын жасаумен байланысты болады, бұл программаның қажеттігін 1898 жылғы съездің өзі-ақ мойындаған болатын, сондықтан біз таяу уақыттарда программаның жобасын жарияламақпыз, бұл жобаны жан-жақты талқылау ісі программаны қабылдау міндеті жүктелетін келешектегі съезд үшін жеткілікті материал беруге тиіс [120]. Бұдан соң, біз ұйымдастыру мәселелері мен істі практика жүзінде жүргізу әдістерін талқылауды ерекше шұғыл міндет деп білеміз. Жоғарыда айтылған сабақтастықтың жоқтығы және бытырандылық партия тәртібінің, ұйымның және астыртын жұмыс техникасының қазіргі жайына өте зиянды әсерін тигізіп отыр. Тура және ашықтан-ашық мойындау керек: бұл жөнінде біздер, социал-демократтар, орыс революциялық қозғалысының бұрынғы қайраткерлерінен және Россияда жұмыс жүргізіп отырған басқа ұйымдардан артта қалдық, сондықтан бұл жөніндегі олқылықтарымызды жою үшін барлық күшімізді салуымыз керек. Жұмысшы және интеллигент жастар бұқарасының қозғалысқа көп тартылуы, сәтсіздікке ұшыраушылықтың жиіленуі және үкіметтің қуғындау айласының артуы партиялық ұйымдастырудың, тәртіптің, астыртын жұмыс техникасының принциптері мен тәсілдерін насихаттауды өте-мөте керек етеді.

Мұндай насихат, егер оны барлық жеке топтар мен неғұрлым тәжірибелі жолдастардың бәрі қолдаса, біздің

жұмысымызға самодержавиелік полициялық мемлекеттің езушілігі көлденең қоятын барлық кедергілерді жеңіп шығу қолынан келетін, социализмге және саяси күреске стихиялы түрде құлшына ұмтылып отырған жұмысшы бұқарасының талабына сай келу қолынан келетін революциялық қозғалыстың шебер басшыларын жас социалистер мен жұмысшылардан жасақтап шығаруға жеткізеді және жеткізуге тиісті де. Ақырында, осы стихиялық қозғалысты (жұмысшы бұқарасының арасында да, біздің интеллигенцияның арасында да) талдау, жоғарыда белгіленген тақырыптарға байланысты, біздің ең басты міндеттеріміздің бірі болуға тиіс: біз Россияда 90-жылдардың екінші жартысында өрістеген және әр түрлі, кейде әр текті ағымдарды қамтыған интеллигенттік қоғамдық қозғалысты анықтап айыруға тиіспіз; орыс топырағында қазірдің өзінде-ақ тамыр жая бастаған марксистік социализм мен орыс жұмысшы қозғалысын айрылмастай біртұтас етіп байланыстыру үшін, орыс революциялық қозғалысын халық бұқарасының стихиялық көтерілуімен байланыстыру үшін, біз халық шаруашылығының барлық салаларында жұмысшы табының хал-жағдайын мұқият зерттеуге тиіспіз, оның оянуының, оның басталып келе жатқан күресінің формалары мен жағдайларын зерттеуге тиіспіз. Тек осындай байланыс жүзеге асқанда ғана Россияда социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрыла алады, өйткені социал-демократияның міндеті бір ғана стихиялық жұмысшы қозғалысына қызмет ету емес (бізде осы күнгі «практиктердің» кейбіреулері кейде осылай деп ойлауға бейім), социал-демократияның міндеті социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіру болып табылады. Тек осындай біріктіру ісі ғана орыс пролетариатына өзінің бірінші саяси міндетін: Россияны самодержавиенің езушілігінен азат ету міндетін орындауға мүмкіншілік береді.

Ал өзіміз белгілеген тақырыптар мен мәселелерді журнал мен газеттің арасында бөлу жайына келсек, онда бұл бөлу осы басылымдардың тек көлемінің өзгешеліктеріне қарай, сонымен қатар олардың сипатының өзгешеліктеріне қарай белгіленеді: журнал негізінен на-

сихат үшін, ал газет негізінен үгіт үшін қызмет етуі тиіс. Бірақ журнал да, газет те қозғалыстың барлық жағын көрсетіп отыруы керек, сондықтан біз: жұмысшы газеті өзінің беттерінде тек стихиялық жұмысшы қозғалысына тікелей және ең жақын қатысы бар мәселелерді ғана жазып отыратын болсын, ал социализм теориясы саласына, ғылым, саясат саласына, партияның ұйымдастыру мәселелеріне, тағы басқаларына қатынасы бардың бәрін «интеллигенттерге арналған» органға берсін, деген жоспарды теріс деп табатынымызды айрықша атап айтқымыз келеді. Керісінше, жұмысшы қозғалысының барлық нақты фактілері мен белгілерін әлгі айтылған мәселелермен біріктіру қажет, әрбір жеке фактіні теория арқылы айқындау керек, жұмысшы табының нағыз қалың бұқарасының арасында саясат және партиялық ұйымдастыру мәселелерін насихаттау қажет, бұл мәселелерді үгіт жұмысына енгізу керек. Бізде осыған дейін тек қана бір өзі дерлік үстем болып келген үгіттің формасы — атап айтқанда жергілікті листоктар арқылы үгіт жүргізу — жеткіліксіз бола бастады: оның өрісі тар, өйткені тек жергілікті мәселелерді ғана, көбінесе экономика мәселелерін ғана қозғайды. Үгіттің анағұрлым жоғары формасын жасауға тырысу керек,— жұмысшылардың шағымын да, жұмысшы стачкаларын да, пролетарлық күрестің басқа формаларын да, бүкіл Россиядағы саяси езушіліктің барлық көріністерін де әрдайым тіркеп отыратын, сойтіп социализмнің түпкі мақсаттарына, орыс пролетариатының саяси міндеттеріне лайықтап, ондай әрбір фактіден белгілі қорытынды шығарып отыратын газет арқылы үгіт жүргізу керек. П. Б. Аксельродтың: «біздің насихат-үгіт қызметіміздің өрісін ұлғайтып, мазмұнын кеңейтуіміз керек» — деген сөздері орыс социал-демократтарының таяу уақыттағы қызметін белгілейтін ұран болуы тиіс, сондықтан бұл ұранды біз өз органдарымыздың программасына енгіземіз.

Бұл арада мынадай сұрақтың тууы табиғи нәрсе: егер біз құрғалы отырған органдар барлық орыс социал-демократтарын біріктіру және оларды бір партияға ұйымдастыру мақсатына қызмет етуге тиісті болса, онда олар көзқарастардың барлық белгілерін, барлық жергілікті

өзгешеліктерді, практикалық әдістердің сан алуан түрлерінің бәрін көрсетіп отыруға тиіс қой. Әр түрлі көзқарастардың бұл бірлестігін органдардың редакциялық біртұтастығымен қалай сыйыстыруға болады? Бұл органдар түрліше көзқарастарды тек жинастырып отыруға тиіс пе немесе олар дербес, әбден айқын бағыт ұстауға тиіс пе?

Біз бұл мәселелерді екінші мағынада шешеміз және белгілі бір бағыты бар орган түрлі көзқарастарды көрсетіп отыруға да, қызметкерлердің арасында болатын жолдастық айтыстарға да жарамды болатындығына сенеміз (мұны төменде айтамыз). Біз өзіміздің көзқарасымыз бойынша марксизмнің негізгі идеяларының бәрін («Коммунистік манифест» пен батыс европалық социал-демократтардың программаларында көрсетілген идеяларды) толығынан қостаймыз және осы идеяларды Маркс пен Энгельс рухында дәйекті дамытып отыру жағындамыз, Бернштейннің епті әрекетімен қазір сәнге айналған жартыкеш оппортунистік түзетулерді үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Біз социал-демократияның міндеті: пролетариаттың таптық күресін ұйымдастыру, осы күреске көмектесу, ол күрестің қажетті түпкі мақсатын көрсету, осы күресті жүргізу әдісін белгілейтін жағдайларды талдау деп білеміз. «Жұмысшыларды азат ету тек жұмысшылардың өз ісі ғана бола алады» [121]. Бірақ социал-демократияны жұмысшы қозғалысынан бөлектемейік десек, біз социал-демократияның міндеті — жалпы және тұтасымен алғанда барлық елдерде осы қозғалыстың мүдделерін көздеу болып табылатынын, ол осы қозғалыстың белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде кездесіп отыратын белгілі бір жеке фазисына беталды бас иіп дәріптемеуге тиісті екенін ұмытпауымыз керек. Біз осы күнгі мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа қарсы бағытталған қандай да болса революциялық қозғалысты қолдау социал-демократияның міндеті деп есептейміз, ал саяси өкіметті жұмысшы табының күшпен алуы, экспроприаторларды экспроприациялау және социалистік қоғам орнату — оның мақсаты деп білеміз. Біз әлеуметтік революцияның партиясы болып отырған, қазіргі қоғамдық құрылыстың негізін жақтайтын тап-

тардың бәріне аяусыз қарсы болып отырған социал-демократияның революцияшылдығын әлсіретуге немесе бүркемелеуге тырысатын әрекеттердің қандайына болса да үзілді-кесілді қарсы шығамыз. Атап айтқанда, біз орыс социал-демократиясының тарихи міндеті самодержавиені құлату деп есептейміз: орыс социал-демократиясы орыс демократиясының алдыңғы қатарлы күрескері болуға тиіс, оның алдына Россияның бүкіл қоғамдық дамуы қойып отырған және орыс революциялық қозғалысының даңқты қайраткерлері оған өсиет етіп қалдырған мақсатты жүзеге асыруға тиіс. Экономикалық күрес пен саяси күресті ажырамастай байланыстырып отырғанда ғана, саяси насихат пен үгітті жұмысшы табының қалың бұқарасына неғұрлым кең таратқанда ғана социал-демократия өзінің міндетін орындай алады.

Біз барлық теориялық және практикалық мәселелерді аталған көзқарас тұрғысынан қараймыз (бұл көзқарас мұнда жалпы сипатта ғана көрсетіліп өтті, өйткені «Еңбекті азат ету» тобы да, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының «Манифесі» де, оған жазылған «комментарий» — «Орыс социал-демократтарының міндеттері» * дейтін кітапша да, «Россиядағы жұмысшы ісі» (россиялық социал-демократияның программасын негіздеу) дейтін кітап та бұл көзқарасты әлденеше рет толық баяндап, дәлелдеген болатын), біз Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен демократиялық қарсылықтың барлық көріністерін аталып өткен идеялармен байланыстыруға тырысамыз.

Бірақ белгілі бағыттағы көзқарас тұрғысынан өзіміздің әдеби жұмысымызды жүргізе отырып, біздің өз көзқарастарымыздың барлық жеке ерекшеліктерін бүкіл орыс социал-демократтарының көзқарастары етіп көрсетпекші ойымыз жоқ, осы күнгі алауыздықтарды бекерге шығармақшы, бүркемекші немесе өшірмекші ойымыз жоқ. Қайта, біз өзіміздің органдарымызды нағыз әр түрлі көзқарастағы барлық орыс социал-демократтарының барлық мәселелерді *талқылайтын* органы еткіміз келеді. Органдарымыздың бетінде жолдастардың ара-

* Қараңыз: *В. И. Ленин.* Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510-беттер. *Ред.*

сында айтыс болуын біз ешбір теріс деп таппайтынымыз былай тұрсын, қайта, оған көп орын беруге әзірміз. Осы күнгі алауыздықтардың түпкі сырын ашу үшін, даулы мәселелерді барлық жағынан талқылау үшін, әр түрлі көзқарастағы адамдар, тіпті әр түрлі жерлердің немесе революциялық қозғалыстың әр түрлі «кәсіптерінің» өкілдері сөзсіз ұшырайтын ұшқарылықтармен күресу үшін барлық орыс социал-демократтары мен саналы жұмысшылардың алдында ашық айтыс жүргізу — қажетті және өте дұрыс іс. Көрнеу қарама-қарсы көзқарастардың арасында ашық айтыстың болмай отырғандығын, аса маңызды мәселелер жөніндегі алауыздықтарды бүркемелеп жасырын ұстауға тырысушылықты — біз қазіргі қозғалыстың тіпті елеулі кемшілігі деп санаймыз.

Ол ол ма: орыс жұмысшы табын және орыс социал-демократиясын демократия жолында, саяси бостандық жолында күресетін алдыңғы қатарлы күрескер деп тани отырып, біз өзіміздің органдарымызды *жалпы демократиялық* орган етуге ұмтылуды қажет деп есептейміз,— бірақ пролетариат пен басқа таптардың арасындағы таптық антагонизмді бір минут болса да ұмытуға көну мағынасында емес, таптық күресті титтей де болса бүркемелеу мағынасында емес, жоқ, ол мағынада емес,— тек бір ғана пролетарлық мәселелермен шектеліп қалмай, *барлық* демократиялық мәселелерді алға тартып, талқылауымыз керек, саяси езушіліктің барлық түрлері мен көріністерін алға тартып, талқылауымыз керек, жұмысшы қозғалысы мен саяси күрестің арасындағы байланыстың барлық формаларын көрсетуіміз керек, қандай көзқараста болса да, қандай тапқа жататын болса да самодержавиеге қарсы барлық адал күрескерлерді тартуымыз керек, оларды бірден-бір революцияшыл және абсолютизмге бітіспес жау күш болып отырған жұмысшы табын қолдауға тартуымыз керек, міне, осындай мағынада өзіміздің органдарымызды жалпы демократиялық орган етуге ұмтылуды қажет деп есептейміз. Сондықтан ең алдымен орыс социалистеріне және саналы жұмысшыларға сөзімізді арнай отырып, біз тек солармен ғана шектеліп қалғымыз келмейді. Олар-

мен бірге, біз Россияның қазіргі саяси құрылысынан жаншылып және езіліп отырғандардың бәрін де шақырамыз, орыс халқын саяси құлдықтан азат етуге ұмтылатындардың бәрін де шақырамыз, біз оларды жұмысшы қозғалысын революцияшыл саяси партияға айналдыру үшін барлық күштерін жұмсайтын баспасөз орындарын қолдауға шақырамыз, біз оларға орыс самодержавиесінің барлық зұлымдықтары мен қылмыстарын әшкерелеу үшін өз органдарымыздың бетінен орын береміз. Орыс социал-демократиясы көтеріп отырған саяси күрестің туы бүкіл халықтық ту бола алатындығына және болуға тиіс екендігіне сенгендіктен, біз осыған шақырып отырмыз.

Алға қойып отырған міндеттеріміз — орасан зор және бәрін қамтитын міндеттер, егер бұл бүкіл қозғалыстың ең шұғыл міндеттері болып табылатынын өз тәжірибемізден көзіміз көріп, көңіліміз сенбеген болса, егер біз 1)-ден Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бірнеше ұйымының және түрлі қалаларда істейтін орыс социал-демократтарының жеке топтарының тарапынан; 2)-ден орыс социал-демократиясын құрған және әрқашанда оның теоретиктері мен әдеби өкілдерінің жетекшісі болған «Еңбекті азат ету» тобының тарапынан; 3)-ден ұйымға кірмейтін, бірақ социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына тілектестігін білдіріп, оған көп жәрдем көрсетіп отырған толып жатқан адамдардың тарапынан тілектеспіз және қай жағынан болса да, дәйекті түрде қолдаймыз деген уәделерін күні бұрын алмаған болсақ, онда біз мұндай міндеттерді жүзеге асыруға бел байламаған болар едік. Біз жалпы революциялық жұмыстың өзіміз таңдап алған бөлегін ойдағыдай орындап шығуға бар күшімізді жұмсаймыз және мынаған ұмтыламыз: барлық орыс жолдастар біздің баспасөзімізді өздерінің органы деп қарайтын болуына, бұл органға *әрбір* топ қозғалыс туралы барлық мәліметтерді жіберіп отыратын болуына, бұл органмен өздерінің көзқарасы, әдебиет жөніндегі тілектері, өздерінің тәжірибесі, социал-демократиялық басылымдарға қандай баға беретіндері жөнінде, қысқасы, өздерінің қозғалысқа нені енгізетіні, өздері одан нендей пайда алатыны же-

нінде пікір алысып отыратын болуына тырысамыз. Тек осындай жағдайда ғана шын мәніндегі жалпы орыстық социал-демократиялық органды құруға болады. Жеке топтар мен бытыранды үйірмелер жүргізіп отырған астыртын жұмыс жағдайы орыс социал-демократиясына қазірдің өзінде-ақ тарлық етіп отыр; оның социализмді ашықтан-ашық уағыздау жолына, ашық саяси күрес жолына шығуына қазірдің өзінде-ақ уақыт жетті,— сондықтан жалпы орыстық социал-демократиялық органды құру ісі *осы жолдағы бірінші қадам болуға тиіс.*

1900 ж. марттың аяғында — апрельдің басында жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Белгісіз біреудің қолымен көшірілген қолжазба бойынша басылып отыр

«ИСКРА» ҚАЛАЙ ӨШЕ ЖАЗДАДЫ?

Мен әуелі Цюрихке келдім, жалғыз келдім және Арсеньевпен (Потресовпен) бұрын көріспегенмін де. Цюрихте мені П. Б. құшақ жайып қарсы алды, сөйтіп мен 2 күнді шын ықыласты әңгімемен өткіздім. Әңгіме көптен көріспеген достардың әңгімесіндей: ешқандай жүйесіз, өткен-кеткен жайлар, іске қатысы жоқ болса да көптеген мәселелер төңірегінде еміп-еркін болды. Нағыз іске қатысы бар мәселелер жөнінде П. Б.-ның жалпы бірдеңені mitsprechen kann * неғайбыл еді; Г. В. жағында екені байқалып отырды, бұл оның журнал шығаратын баспахананы Женевада орналастыруды қызу жақтағанынан-ақ байқалады. Жалпы П. Б. мейлінше «жағымпаздана» (сөзім үшін кешірім сұраймын) сөйлесті, олар үшін *бәрі де* біздің істеп жатқан ісімізге байланысты екенін, бұл олар үшін жаңадан өрлеу екенін, «біз» енді Г. В.-ның бұра тартуына қарсы таласуымызға мүмкіндік алатынымызды айтты — әсіресе, мен осы соңғы сөздерін аңдап қалдым, бұдан кейінгі бүкіл «тарих» та бұл сөздердің өте тамаша сөздер болғанын көрсетті.

Женеваға келемін. Арсеньев Г. В. жөнінде өте сақ болуым керектігін, екіге бөлінуге [122] байланысты оның қатты кейіп, күмәнданғыш болып жүргенін ескертті. Г. В.-мен әңгіме оның күмәнданғыш, сезіктенгіш және rechthaberisch nec plus ultra ** екенін шынында бірден-ақ көрсетті. Мен «осал» пункттерге соқпай, сақ бо-

* — айта алары. *Ред.*
** — әрдайым тек өз айтқанын жөн деп білетін. *Ред.*



В. И. Лениннің ««Искра» қалай өше жаздады?» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1900 ж.

Кішірейтілген

луға тырыстым, бірақ өзімді ұдайы бұлай сақ ұстауым, әлбетте, өзімнің көңіл-күйіме ауыр әсер етпей қоймады. Мезгіл-мезгіл кіші-гірім «қақтығыстар» да болды, ол «қақтығыстар» өршіген (екіге бөліпу өршіткен) назалануды аз да болса басарлықтай немесе бәсеңсітерліктей пікірлердің қандайына болса да Г. В.-ның қызбалықпен кес-кестеп сөз тастауы түрінде болды. Журналдың тактика мәселелері жөнінде де «қақтығыстар» болды: Г. В. өзгелердің айтқан дәлелдерінің байыбына баруды жаратпайтынын, ол қолынан келмейтінін, оны тілемейтінін әрдайым айқын аңғартып отырды және шыншыл еместігін, тіпті де шыншыл еместігін көрсетті. Біз *мүмкіндігі болғанша* Струвеге кешірімді болуға міндеттіміз дейміз, өйткені оның эволюциясында *біздің өзіміздің* кінәмыз жоқ емес: біз өзіміз, *соның ішінде* Г. В. да бар, қарсы көтерілу керек болған уақытта (1895, 1897) көтерілмей қалдық. Г. В. мәселені түсіндірмейтін, тек қана *аулақтататын* көпе-көрнеу жарамсыз дәлелдермен өзінің аз да болса кінәсы бар екенін мойындаудан аттонын ала қашты. Болашақта қосалқы редакторлар болатындардың арасындағы жолдастық әңгімеде мұндай... дипломаттық өте келісімсіз-ақ болып тұрды: 1895 жылы оған, Г. В.-ге «оқ атпа» (Струвеге) делінін «бұйырылыпты-мыс», (??) ал ол бұйрықты бұлжытпай орындауға дағдыланған-мыс (көрініп-ақ тұр!) [123], бұлай деп өзін өзі алдаудың керегі не. 1897 жылы (Струве «Новое Слово» журналында марксизмнің негізгі бір қағидасын теріске шығармақшы болған мақсатын жазған кезде) ол, Г. В., оған қарсы шықпады, өйткені ол бір журналдың қызметкерлері [124] арасында айтыс болуы қалай екенін мүлде түсінбейді (және еш уақытта түсінбейді де) деп, өзін өзі алдаудың керегі не. Струвеге қарсы біздің аяусыз күрес жүргізгіміз келмейді-міс, біз «барлығын бітістіруді» ойлап жүрміз дегендерді, тағы басқа сондайларды Г. В.-ның талас кезінде дәлелдеуге тырысуынан бұл шыншыл еместік өте-мөте түршіктіре түсті. Жалпы журнал бетіндегі айтыс жөнінде де қызу таластар болды: Г. В. бұған қарсы шықты және біздің дәлелдерімізді тыңдағысы да келмеді. Ол «одақтастарға» өшпенділік білдіріп (олар шпиондық жасап отыр деп күмәнданып,

жалдап, арамза деп айыптап, ондай «опасыздарды» мен ешбір қобалжымастан «атып тастар» едім деп және тағы сондайларды айтып), әдепсіздік жасауға дейін барды. Оның өзінің де ұшқары кетіп отырғаны жөнінде алыстан орағыта ишара білдірудің өзі (мәселен, жеке адамдардың хаттарын жариялауын[125] және бұл әдістің аңғырттық екенін менің ишарамен білдіргенім) Г. В.-ны қатты ашындырып, кәдімгідей кейітті. Сірә, оның да, біздің де наразылығымыз орши түссе керек. Оның наразылығы, басқаны былай қойғанда, мынадан білінді: бізде редакция мәлімдемесінің («Редакциядан») * жобасы бар еді, онда баспаның міндеттері мен программасы туралы айтылған: ол «оппортунистік» рухта (Г. В.-ның көзқарасы бойынша) жазылған: қызметкерлер арасында айтысқа жол беріледі, ұстамды мәнерде жазылған, «экономистермен» таластың бейбіт аяқталу мүмкіндігі жайында ескерту жасалған және т. с. Біздің де партияда екеніміз және оны біріктіру жолында қызмет еткіміз келетіні мәлімдемеде атап көрсетілген. Г. В. бұл мәлімдемені мен жоқ кезде, Арсеньевпен және В. И.-мен бірге оқиды, оқиды да мазмұны жөнінде ешқандай қарсы пікір білдірмейді. Ол пікірдің бүкіл желісіне тимей, тек жеке сөздерді ғана түзетіп, әсерін күшейту жөнінде тілек білдірген. Осы мақсатпен А. Н. оған мәлімдемені қалдырады да. Мен келгенде Г. В. бұл жөнінде маған ештеңе айтқан жоқ еді, ал бірнеше күннен кейін оған барғанымда мәлімдемені маған қайтарып берді — міне, куәлардың алдында түп-түгел қайтарып отырмын, жоғалтпадым дегендей сыңай танытты. Мен одан белгіленген өзгерістерді неге жасамағанын сұрадым. Ол: мұны кейін істеуге де болады, көп уақыт алмайды, қазір қажеті жоқ деген сылтаулар айтты. Мен мәлімдемені алып, өзім түзеттім де (бұл Россияда жазылып, түзетілмеген қолжазба еді), екінші рет оны (В. И. отырғанда) Г. В.-ге оқып бердім және де оның бұл мәлімдемені алып, түзетіп беруіп *мен* одан *турадан-тура* сұрадым. Бұл жұмысты ол қасында отырған В. И.-ге сілтей салып, тағы да сылтау айтты (мұның өзі мүлдем таңқа-

* Қараңыз осы том, 349—361-беттер. *Ред*

ларлық болды, өйткені біз В. И.-ден мұны істеуді сұрағанымыз жоқ және ол түзей де алмаған болар еді, мәлімдеменің әсерін «көтеріп», оған манифест сипатын бере алмаған болар еді).

Съезге дейін (бүкіл «Еңбекті азат ету» тобының, Г. В., П. Б., В. И.-дің және үшіншіміз [126] болмағандықтан біз екеуміз қатысқан съезімізге дейін) істің жайы осылай болып келді. Ақырында, П. Б. келді де, съезд ұйымдастырылды. Еврей одағына (Бундқа) біздің көзқарасымыз туралы мәселе жөнінде Г. В. таңқаларлықтай төзбестік танытты, ол турасынан бұл одақты социал-демократиялық ұйым емес, орыстарды қанайтын қанаушы ұйым деп жариялады, біздің мақсатымыз — бұл Бундты партиядан қуып шығу, өйткені еврейлер — өңшең шовинистер және ұлтшылдар, орыс партиясы орыстікі болуы керек, өзімізді «құзғыншар әулетінің» «қолына түсірмеуіміз» керек дегенді, т. т. айтты. Бұл тұрпайы сөздерге қарсы айтқан пікірлерімізден ешбір нәтиже шықпады, сіздердің еврейлер жайында біліміңіз кем, еврейлермен істес болу жөнінде өмірлік тәжірибелерің аз дегенді айтып, Г. В. бүтіндей өз пікірінде қалды. Бұл мәселе жөнінде ешқандай қарар қабылданған жоқ. Съезде бірге отырып «мәлімдемені» оқыдық: Г. В. өзін оған ұстады, үндемеді, ешқандай өзгеріс ұсынбады, онда айтысқа жол беріліп отырғанына қарсы шықпады, жалпы алғанда бойын аулақ салғандай болды, дәл солай, аулақ салды да, қатысқысы келмеді, тек жол-жөнекей, үстірт қана, егер ол жазған болса (олар жазса, яғни ол билептөстеп отырған «Еңбекті азат ету» тобы жазса), әлбетте, мәлімдемені бұлай жазбаған болар еді деген тәрізді зәрлі, ащы сөздер тастады. Г. В.-ның жол-жөнекей, басқа мазмұндағы бір сөзге қосып айта салған бұл ескертпесі мені өте-мөте қатты таңырқатты: болашақ қосалқы редакторлардың кеңесі жүріп жатады, ал олардың бірі (мәлімдеменің өзі жазған жобасын немесе біздің мәлімдемемізге түзету жобасын беруді одан *екі* рет сұрағанбыз) ешқандай өзгеріс ұсынбайды да, егер мен жазсам, әрине, бұлай жазбаған болар едім (бұлай жасқаншақ, жұпыны, оппортунисше — дегісі келді оның) деп тек мысқылды ескертулер ғана жасайды. Олар мен біздің

арамызда дұрыс қарым-қатынастың жоқ екенін осының өзі-ақ айқын көрсетті. Бұдан кейін — съезде қаралған, маңызы шамалылау мәселелерге тоқталмаймын — Furthermore — Furthermore — Furthermore — Бобоға және Мих. Ив.-ке көзқарасымыз туралы мәселе қойылды. Біз *шартты түрде* шақыруды жақтаймыз (бізді бұған Г. В.-ның дөрекілігі итермеледі: біз өстіп өзіміздің басқаша қарым-қатынасты тілейтінімізді білдірмек болдық. Г. В.-ның ақылға сыймайтын дөрекілігі өзіңді-ықтиярсыз қарсыласуға, оның дұшпандарын жақтап шығуға итермелейтін. Г. В. әрдайым таласта өзінің оқушыларын өз дұшпанына тілектес етіп алады деп Вера Ивановнаның мейлінше дәл тауып айтқаны бар). Біздің пікірімізді қостауға кет әрі еместігін байқатқан П. Б. және В. И.-мен ұзақ әңгіме үстінде Г. В. өзінің бізді мүлде қостамайтынын салқын да қатқыл үнмен білдірді де, одан әрі қыр корсетіп тағы үндемей қойды. Таңертеңгі уақыттың бәрі тым ауыр жағдайда өтті, істің беталысы сөзсіз Г. В.-ның: не менімен боласыңдар, не әлгі «арамзаларыңды» шақыртасыңдар, деп ультиматум қоюына келіп тірелгендей болды. Мұны көрген соң, біз Арсеньев екеуміз көнуге бел байладық та, кешкі мәжілістің басында-ақ «Г. В.-ның талабы бойынша» өз райымыздан қайтамыз, дедік. Біздің бұл мәлімдемеміз үнсіз қабыл алынды (біздің көнбеске лажымыз жоқтығы өзінен-өзі түсінікті тәрізді болды!). Мұндай «ультиматумдар жағдайы» (кейін Арсеньев осылай деп сипаттады) бізді едәуір кейітті — Г. В.-ның шексіз өктемдік етпек болған сыңайы өте айқын көрінді. Бұдан бұрын, Бобо туралы оңаша (Г. В., Арсеньев, В. И. және мен, орман ішінде, кешкі серуенде) әңгімелескен кезде, Г. В. қызу таластан кейін, менің иығыма қолын салып тұрып: «мен шарт қойып отырғаным жоқ қой, мырзалар, мұның бәрін съезде бірлесіп талқылап, бірге шешерміз» деген болатын. Ол кезде мұнысы менің жүрегіме жылы тиіп еді. Бірақ съезде керісінше болып шықты: съезде Г. В. мәселені жолдастықпен талқылаудан бойын аулақ салды, ашулы пішінмен үндемей отырып алды, сол үндемеуімен көрінеу көзге *«шарт қоятынын»* аңғартты. Мен үшін бұл оның шыншыл еместігінің айқын белгісі болды (бірақ мен бұл әсерді бірден тап осылай айқын

тұжырымдай қоймаған едім), ал Арсеньев турасынан: «мен оның бұл алдамшы көнгіштігін ұмытпаспын!» деді. Сенбі болды. Бұл күні не туралы сөйлескеніміз анық есімде жоқ, бірақ кешке, бәріміз бірге келе жатқан кезде, жаңа жанжал басталды. Г. В. бір адамға (ол әдебиетте әлі көрінбеген адам, бірақ Г. В. оның философиядағы талант болуын тілейді. Мен ол адамды білмеймін; оның Г. В.-ға көзсіз табынушы екені белгілі болатын) [127] философиялық тақырыпқа мақала жазуды тапсыру керек дегенді айтты, сөйтіп Г. В. былай деді: мен оған мақаланы Каутскийге қарсы пікірден бастауға кеңес беремін, «сыншы» болып алып, «Neue Zeit»-ке * «сыншылардың» философиялық мақалаларын бастырып, «марксистерге» (яғни Плехановқа) толық еркіндік бермей жүрген қудың өзі сен екенсің ғой деп жаз, деймін. Каутскийге (ол журналға қызметке шақырылып қойылған болатын) қарсы өрескел әдепсіз қылық көрсетудің мынадай жобасын естігеннен кейін Арсеньев бұрқан-тарқан болды, мұны өте келісімсіз іс деп есептеп, оған қызу қарсы шықты. Г. В. бұртиып, ашуланды, мен Арсеньевті жақтадым. П. Б. мен В. И. үндемеді. Жарты сағаттан кейін Г. В. жүріп кетті (біз оны пароходқа шығарып салу үшін келіп едік), осы жүрерінің алдында ол қара бұлттан да бетер түнеріп, үнсіз отырды да қойды. Ол жүріп кеткен соң бәріміздің еңсеміз жеңілейіп, «жадыраңқы» әңгімеге көштік. Ертеңіне, жексенбі күні (бүгін 2 сентябрь, жексенбі. Демек, бұл бұдан бір жеті *ғана* бұрын болды!!! Ал маған бұл бір жыл бұрын болған сияқты көрінеді! Мен үшін оның алыстап кеткені соншалық еді!) жиналыс бізде, дачада емес, Г. В.-ның үйінде өткізілетін болып белгіленді. Біз сонда бардық,— алдымен Арсеньев, оның артынан мен келдім. Г. В. қосалқы редактор болудан бас тартатынын, тек қана жай қызметкер болғысы келетінін Арсеньевке айтуға П. Б. мен В. И.-ді жіберген екен: П. Б. кетіп қалады, В. И. не істерін білмегендей ыңғайсыздана Арсеньевке: «Жорж риза емес, болғысы келмейді»... деп міңгірлейді. Мен келіп кірдім. Г. В. маған есік ашып, әлденеге оғаш

* — «Жаңа Заман» [128], *Ред.*

күлімсіреп, қол берді де, қайта кетіп қалды. Мен В. И. мен Арсеньев отырған бөлмеге кірдім, олардың өңі өзгеріп кетіпті. Ал, сонымен қалай, мырзалар? — дедім мен. Г. В. кіріп келіп, бізді өз бөлмесіне шақырды. Онда ол қызметкер болғаным, жай қызметкер болғаным жақсы, әйтпесе ылғи қағысу бола береді дегенді айтты, өзінің, сірә, іске бізден гөрі басқаша қарайтынын, біздің партиялық көзқарасымызды түсінетінін және оны құрметтейтінін, бірақ өзінің бұл көзқарас жағына шыға алмайтынын білдірді. Сіздер-ақ редактор болыңыздар, ал мен қызметкер болайын, деді. Мұны естігенде біз сасып қалдық, сасқанымыз соншалық, оның ұсынысынан бас тарта беріппіз. Содан соң барып Г. В. былай деді: ал егер бірге істейтін болсақ, дауысты қалай санайтын боламыз; қанша дауыс болады?— Алты.— Алты ыңғайсыз.— «Ал, мейлі, Г. В.-ның 2 даусы болсын,— деп жақтай кетті В. И., — әйтпесе ол әрқашан жалғыз қалады,— тактика мәселелері жөнінде екі даусы болсын». Біз бұған келістік. Содан соң Г. В. басқару тізгінін қолына алды да, редакторға тән үнмен журналдың бөлімдерін және керекті мақалаларды бөле бастады, отырғандардың біреуіне ана бөлімді, екіншісіне мына бөлімді үлестіріп жатты, ешкімнің қарсылығына жол берместік сыңаймен беріп жатты. Біз бәріміз салымыз суға кеткендей болып, еш нәрсеге қатыспай, бәрін де қостаған болып отырмыз, болған оқиғаны игеруге әлі шамамыз келмей отыр. Біз ақымақ болып қалғанымызды сезгендейміз, біздің пікірлеріміздің барған сайын жасқаншақ бола бастағанын, Г. В.-ның ол пікірлерді барған сайын оп-оңай және немқұрайды «сырғытып» отырғанын (жоққа шығармайды, сырғытады), бұл «жаңа жүйе» de facto * бүтіндей Г. В.-ның толық үстемдік құруымен бірдей екенін және Г. В. мұны жақсы түсіне отырып, барынша үстемдік етуден ұялмайтынын, бізбен есептескісі келе қоймайтынын сездік. Біз біржола ақымақ болғанымызды және оңбай ұтылғанымызды білдік, бірақ әлі де болса есімізді жиып, өзімізге өзіміз келе алмай отырдық. Мұның есесіне, өзіміз оңаша қалған, па-

* — іс жүзінде. *Ред.*

роходтан түсіп, өзіміздің дачаға қарай бет алған кезде ғана екеуміздің бірдей ашу-ызамыз сыртқа тепті, ең ашулы, ең ызалы сөздерді айтып, Г. В.-ны сөгіп ала жөнелдік.

Бірақ, осы ашулы сөздердің мазмұнын және қайда апарып соққанын айтпастан бұрын, мен әуелі сәл шегініс жасап, кері оралмақпын. Плехановтың толық үстемдік ету идеясы (оның үстемдігінің *формасын* айтпағанның өзінде) бізді неге ызаландырды? Бұрып біз әрдайым редакторлар өзіміз боламыз, ал олар — ең жақын әріптестеріміз болады деп ойлайтынбыз. Мен әуел бастан-ақ (Россияда жүрген кезде-ақ) мәселені ресми түрде осылай қоюды ұсындым, Арсеньев ресми түрде қоймау керек, қайта «тіл табысып» әрекет ету керек (бәрібір біздіңше келіп шығады) деген ұсыныс жасады,— мен келістім. Бірақ редакторлар өзіміз болу қажеттігі жөнінде екеуміз бір пікірде едік, өйткені «қарттардың» өздерінікінен басқа пікірмен есептеспейтін қыңырлығы бар және редакторлық бүкіл ауыр да қара жұмысты атқару да оларға қиынға соғады: иә, біздер үшін істің түйіні болған осы ойлар ғана еді, ал олардың идеялық басшылығын біз толық ықыласпен қабылдауға әзір едік. Менің Женевада Плехановтың жастардан шыққан ең жақын жолдастары, жақтастарымен («Социал-демократ» тобының [129] мүшелері, Плехановтың бұрыннан келе жатқан жақтастары, қызметкерлер, жұмысшылар емес, ал қызметкерлер болғанда Плехановқа бүтіндей берілген, қарапайым, іс адамдары) әңгімем мені (және Арсеньевті) істі нақ осылай қоюға тиістіміз деген ойға келтірген еді: редакцияның Германияда болғаны жақсы, *өйткені бұлай болғанда сіздер Г. В.-дан тәуелсіздеу боласыздар,* ал егер қарттар іс жүзінде редакторлық жұмысты өз қолына алса, онда бұл қатерлі кедергімен бірдей болады, тіпті істі сәтсіздікке апарып соғуы мүмкін дегенді әлгі жақтастардың өздері бізге ашықтан-ашық айтты. Арсеньев те осы пікірлерге сүйеніп, Германияда болуды *сөзсіз* жақтады.

Мен «Исқраның» қалайша өшіп қала жаздағаны жайындағы әңгімемде жаңа стильмен 26 августағы жексенбінің кешінде үйге қалай қайтқанымызға тоқталған

едім ғой. Пароходтан түсіп, өзіміз оңаша қалысымен-ақ, біз ызалы сөздерді аямай төктік. Ашу-ыза тасқыны бейне жүрегімізді жарып шыққандай, күні бойғы ауыр атмосфераның арты найзағайға айналғандай. Біз түннің бір уағына шейін шағын деревнямыздың ол шеті мен бұл шетіне ерсілі-қарсылы жүрдік те қойдық, түн қараңғы болды, айнала күн күркіреп, найзағай жарқылдап тұрды. Жүргенде де зығырданымыз қайнап, қатты ашуланып жүрміз. Әлі есімде, Плехановпен қарым-қатынасты енді мәңгіге үзілді деп санаймын, оны енді еш уақытта қайта жалғастырмаймын: іске байланысты қарым-қатынас қалар, бірақ өз басым онымен байланысты fertig * деп бастады сөзін Арсеньев. Оның бізді қорлағаны соншалық — біз жайында ол, тегі, «арам ойда» болды-ау (яғни ол бізді өз ойынша Streber-лерге ** теңедіау) деп күмәндануға бізді мәжбүр етеді. Ол бізді кемсітеді және т. т. Мен оның бұлайша кінәлауын толығымен қостадым. Менің де Плехановқа деген «сүйіспеншілігім» лезде ғайып болды және мұның өзі жаныма қатты батып, орасан күйіндірді. Мен өз өмірімде еш уақытта ешбір адамды бұлайша шын ықыласпен қадірлеп және құрметтеп, vénération көрген емес ем, ешкімнің алдында бұлай «бой сұнған» емес ем — және еш уақытта мұндай өрескел «тепкіні» көргенім жоқ-ты. Ал іс жүзінде біз дәл тепкі көргендей болдық: бізді балаша қорқытты, үлкендер сендерді тастап кетеді, жалғыз қалдырады деп қорқытты, ал біз үрейленіп қалған кезде (қандай қорлық!), бізді әй-түйге қаратпастан ығыстырды да тастады. Плехановтың қосалқы редактор болудан бас тартуы жөнінде таңертеңгі айтқаны — бізге құрған қақпаны, есептеулі шахмат жүрісі, аңғал «сәнқойларға» құрған тұзағы болғанын біз енді өте айқын сезіндік: бұл ешқандай күмән туғызбайтын жайт еді, өйткені егер Плеханов қосалқы редактор болудан шын қорыққан болса, істі тоқыратып алудан қорыққан болса, біздің арамызда орынсыз қақтығысу тудырудан қорыққан болса,— онда ол оның *қосалқы* редактор болуы оның *жекедара* редактор болуымен бара-бар екендігін бір минут

* — доғардым. *Ред.*
** — мансапқорларға. *Ред.*

өтпей жатып-ақ аңғартпаған (және де дөрекіліктпен аңғартпаған) болар еді. Ал өзара өте жақын қарым-қатынаста болып, ортақ істі бірге жүргізбекші болған адамымыз өз жолдастарына шахмат жүрісіндегідей қулық жасап отырса, онда ол адамның нашар адам, дәлірек айтқанда, жаман адам екеніне, оның өз басын ойлаушылығы, ұсақ менмендігі мен атақ құмарлығы мығым екеніне, оның адал адам емес екеніне күмәнданудың ешбір жөні жоқ. Бұл жаңалықтың — біз үшін бұл нағыз жаңалық еді! — біздің төбемізге жай түскендей әсер ету себебі — біздің екеуміз де бұған дейін Плехановты өте жақсы көретін едік, жақсы көргендіктен де кешірімпаздық жасап, оның барлық кемшіліктерін көре тұра көрмегенсіп, көз жұмбайлап келдік, оның басында ондай кемшіліктері жоқ деп бар күшімізбен өзімізді өзіміз сендіріп келдік, бұл — ұсақ нәрсе, мұндай ұсақ нәрсеге принципті жете бағалай білмейтін адамдар ғана көңіл бөледі деп келдік. Енді, міне, бұл «ұсақ» кемшіліктердің шын берілген достардың да бетін қайтаратынына, теориялық әділдікке деген қандай болмасын сенімнің оның *жағымсыз* қасиеттерін ұмыттыра алмайтынына біздің көзіміз анық жетті. Біздің ашу-ызамызда шек болмады, мұратымыздың күл-талқаны шықты, біз оны тұғырдан құлатылған өзіміз табынатын пұт тастай құшырлана аяққа басып таптадық: ең дөрекі айыптарымызды аяған жоқпыз. Бұлай етуге болмайды! деп шештік біз. Мұндай жағдайда біз бірге істескіміз келмейді, бірге істеспейміз және бірге істесе *алмаймыз да*. Қош бол, журнал! Біз барлығын тастаймыз да, Россияға қайтып кетеміз, ал онда істі басынан қайта бастаймыз және де әзірше газетпен қанағаттана тұрамыз. Біздің бұл адамның қолында ойыншық болғымыз келмейді; ол жолдастық қарым-қатынасқа жол бермейді, оны түсінбейді. Редакторлықты *өз міндетімізге* алуға біздің батылымыз бармайды, оның үстіне, бұлай ету енді жиркенішті де болар еді, бұлай ету енді біздің тек редакторлық орынды қуушылығымыз болып шығар еді, біздің Streber, мансапқор болғанымызды көрсетер еді, бізді де тап сонықіндей, тек шені төмендеу атақ құмарлық билегендігі болып шығар еді... Сол кештегі біздің халіміз-

ді дəлме-дəл суреттеудің өзі қиын: көңіл-күйіміз шым-шытырық, зілдей ауыр, əрі бұлдыр болатын! Бұл нағыз драма еді, бұл ұзақ жылдар бойы сүйікті баландай мəпелеген нəрседен, өзіңнің барлық өмірлік жұмысыңды тығыз байланыстырған нəрседен безіп шығу еді. Осының бəрі бұрын біздің Плехановты шектен тыс сүйгендігімізден туып отыр: мұншалықты жөнсіз сүйіспеншілік болмаған болса, біз оған салқын қандылықпен, байсалдылықпен қараған болсақ, біз оған сəл де болса сырт көзбен қараған болсақ,— біздің онымен қарым-қатынасымыз басқаша болған болар еді жəне онда біз дəл мұндай шын мағынасындағы күйреуге, Арсеньевтің өте дұрыс айтқанындай, «жан күйзелісіне» тап болмаған болар едік. Бұл бір өте қатал өмірлік сабақ болды, қаталдығымен өкінішті, дөрекілігімен өкінішті сабақ болды. Інілері ағасын шектен тыс жақсы көретіндіктен «ардақтайды»— ал ол болса кенет бұл сүйіспеншілікке қулық-сұмдықты араластырады, сөйтіп оларды, кіші іні емес, мұрындықтап жетектеуге еретін ақымақ екенбіз, беталды ығыстыра салатын ойыншық екенбіз, тіпті қаттырақ қорқытып, жаныштап тастайтын осал Streber-лер екенбіз деп ойлауға мəжбүр етеді. Сөйтіп ол жастар өздерінің жақсы көрген адамынан: адамдардың бəріне «нəзік сезімсіз» қарау керек, беліңде қара балтаң болсын деген өкінішті лұғат естиді. Сол кеште осындай ащы сөздерді айта берíппіз. Күйреуге кенеттен ұшырауымыз, əлбетте, көп нəрсені асыра айтқызған да болар, бірақ бұл ащы сөздер негізінде дұрыс еді. Көзсіз сүйіспеншіліктен адасқан біз шынында өзімізді *құл* сияқты ұстадық, ал құл болу — лайықсыз нəрсе, сондықтан біздің көзімізді «оның» өзі ашып, сазайымызды бергендігінен де осы зəбір жүз есе арта түскендей болды...

Біз, ақырында, бөлме-бөлмемізге ұйықтауға кеттік, наразылығымызды ертең-ақ Плехановқа айтамыз, журналдан бас тартамыз, газеттің өзін ғана қалдырамыз да жүріп кетеміз, ал журналдың материалдарын кітапша етіп шығарып тұрамыз: бұдан іске зиян келмейді, ал біз «бұл адаммен» тым жақын қарым-қатынас жасаудан құтыламыз деп берік байламға келдік.

Екінші күні әдеттегіден ерте ояндым: мені баспалдақтағы жүріс пен Арсеньев бөлмесінің есігін қаққан П. Б.-ның даусы оятты. Мен Арсеньевтің жауап қатқанын, есік ашқанын естідім — соны естіп тұрып, мен іштей: бәрін бірдей айтуға Арсеньевтің батылы жетер ме екен? — деп ойлаймын,— ал мұндайда бірден айтқан жақсы, істі ұзаққа созбай, бірден айту қажет. Жуынып, киініп Арсеньевтің бөлмесіне кірдім, ол жуынып жатыр екен. Аксельрод жұмсақ орындықта отыр, жүзі салқын. «Міне, NN,— дейді маған қарап Арсеньев,— мен П. Б.-ға біздің Россияға кетуге ұйғарғанымызды айттым, істі бұлай жүргізуге болмайтынына көзіміздің жеткенін айттым». Мен, әрине, бұған толық қосылып, Арсеньевті қуаттадым. Аксельродқа біз барлығын жасырмай айттық, жасырып-жасқанбағанымыз соншалық, Арсеньев тіпті біздерді Плеханов Streber-лер деп санайды ғой деп күмәнданамыз, деді. Аксельрод күйінішпен басын шайқап, аса қатты ренжіген, абдыраған, қысылған пішінде, жалпы айтқанда бізге аздап жапашырлық та сыңай танытып отырған-ды, бірақ тап осы араға келгенде қатты қарсылық көрсетіп, тап бұларыңыз дұрыс емес, Плехановтың түрлі кемшіліктері бар, бірақ мұндайы жоқ, бұл жерде сіздерге ол қиянат жасап отырған жоқ, сіздер оған қиянат жасап отырсыздар деп айқай салды, бұған дейін Плехановқа: «көрдің бе, өзіңнің не істегеніңді — енді қолыңмен жасағаныңды мойныңмен көтер, мен аулақпын» деуге әзір едім, ал енді бұлай етуге батылым бармайды, өйткені сіздердің тарапыңыздан да әділетсіздік бар, деді. Оның бұл сөздері, әрине, бізге әсер ете қоймады, сонымен біздің белді бекем буғанымызға көзі жеткен сайын П. Б. байғұстың түрі аянышты-ақ болды.

Біз бірге шықтық та ескертіп қою үшін В. И.-ға бардық. Қарым-қатынасты «үзу» (әңгіме шынында қатынасты үзуге қарай бет алды ғой) жөніндегі хабар әсіресе оған өте ауыр тиюі мүмкін еді. Мен,— деген болатын осыдан бір күн бұрын Арсеньев,— ол өзін өзі өлтіре ме деп шынымен қорқамын...

Үшеуіміз үйден шыққандағы сол күнгі көңіл-күйімізді мен еш уақытта ұмытпаспын: «біз өлік соңынан бара

жатқан кісілер сияқтымыз» дедім мен ішімнен. Шынында да, біз өлік соңынан кетіп бара жатқандар сияқты үн-түнсіз, төмен қарап бара жаттық, осынау айрылудың орынсыздығы, мейірімсіздігі, мағынасыздығы біздің еңсемізді түсірді. Бейне бір қарғысқа ұшырағандық па дерсің! Бәрі реттеліп келе жатыр еді — соншалық ұзақ ауыртпалықтар мен сәтсіздіктерден кейін реттеліп келе жатыр еді,— кенеттен құйын кеп соқты да — бәрін жайпап кетті, енді бәрі қайта күйреуге айналды. Тіпті өзіңе-өзің сенбейді екенсің [бір жақын адамыңның қаза болғанын кенет естігенде өзіңе сенбейсің ғой, дәл сондай әсер], Плехановқа нағыз табынушы — мен шынымен қазір соған ызаланып келе жатырмын ба, шынымен еріндерімді жымқырып алып, жүрегіме мұз қатқандай болып, соған суық та дөрекі нәрселерді айтуға, тіпті оған «қарым-қатынасты үзуді» хабарлауға келе жатырмын ба? Шынымен-ақ, бұл жаман түс болмай, шындық болғаны ма?

В. И.-мен әңгімелескен кезде де осы әсер есімнен кетпеді. Ол онша қызбалық байқата қоймады, бірақ қатты күйзелетіндігі байқалады, дегенмен бұл байламнан бас тартсаңдар болмай ма, байқап көруге болмай ма, бәлкім, іс жүзінде сондай қорқынышты болмас, іс үстінде қарым-қатынас жөнделіп кетер, іс үстінде оның мінезінің бездіруші жақтары онша біліне қоймас деп сұрап, жалынып-жалбарынғандай болды... Бізге бәрінен бұрын осынысы батты — Плехановтың алдында әлсіз, бірақ сөзсіз ақ пейіл және іске шын берілген адамның, плехановшылдықтың ауыртпалығын «құлға лайық ерлікпен» (Арсеньевтің сөзі) көтеріп жүрген адамның мұндай өтінішін есіту ауыр болды. Ауыр болғаны соншалық — құдай ақына, кейде жылап жіберер ме екенмін деп едім... Өлік алып бара жатқанда өте-мөте өкініш, күйініш сөздер айтылса, жылап жіберу оп-оңай ғой...

Біз П. Б. мен В. И.-ден шықтық. Сонан соң, тамақ іштік, Германияға хат жібердік, онда Германияға баратынымызды, *машинаны тоқтата тұру* керек екенін жаздық, бұл жөнінде тіпті телеграмма да жібердік (Плехановпен әңгімелеспестен *бұрын-ақ!!*) және де еш-

қайсымыздың ойымызда істеген ісіміздің дұрыстығына шүбәлану болған жоқ.

Тамақтан соң белгіленген сағатта П. Б. мен В. И.-ға тағы бардық, Плеханов та солармен бірге болуға тиіс еді. Біз жақындап келгенде, олардың үшеуі де үйден шықты. Үнсіз амандастық — Плеханов әңгімені басқа жаққа бұруға тырысты (біз П. Б. мен В. И.-дан оған ескертуді өтінгенбіз, сондықтан ол бәрін біледі) — бөлмеге қайта кіріп, отырыстық. Арсеньев ұстамды, салқын және қысқа сөйлеп отыр: *кеше байқалған* қарым-қатынас жағдайында бірлесіп іс істеу мүмкіндігінен күдер үздік, біз Россиядағы жолдастармен ақылдасу үшін сонда жүріп кетуді ұйғардық, өйткені енді мәселенің шешімін өз мойнымызға ала алмаймыз, әзірше журналдан бас тарта тұруға тура келеді деді. Плеханов өте сабырлы, салмақты отыр, өзін өзі ұстай алатыны айқын көрініп тұр, онда Павел Борисович пен Вера Ивановнаның жүзіндегідей күйгелектіктің ізі де жоқ [мұндай тартыстың талайын көрген қусың ғой! — деп ойлаймыз біз оған қарап ызаланып!]. Ол істің мәні неде деп тәптештеп тағы сұрады. «Біз ультиматум жағдайында отырмыз»,— деді де Арсеньев бұл пікірді біраз кеңейте сөйледі. «Бірінші номерден соң екінші номердің алдында мен сендерге қарсы стачка жасайды деп қорықтыңдар ма, немене?» — деп сұрап Плеханов бізді тықсыра бастады. Біздің мұны айтуға батылымыз бармас деп ойлады ол. Бірақ мен де салқын, сабырлы пішінмен: «мұның А. Н. айтқаннан өзгешелігі бар ма? Оның айтқаны да осы ғой» деп жауап қайтардым. Плеханов ыңғайсыздана бастаған тәрізді. Ол мұндай сарынды, мұндай салқындықты, мұндай тура айыптауды күтпеген еді. «Ал кетеміз деп ұйғарған болсаңдар, оны әңгіме етудің қажеті не,— деді ол,— онда мен не дей алам, менің өзім бір қолайсыз жағдайда қалып отырмын: сіздердікі тек әсер де әсер, басқа түк те жоқ: мені нашар адам деген әсер пайда болған сіздерде. Ал бұған мен не істей аламын?» — «Болмайтын» бұл тақырыптан әңгімені бұруды көздеп:— Біз қай жерде өткел барын барламай тұрып ентелеппіз, біздің кінәмыз, мүмкін, осы шығар,— дедім мен.— «Жоқ, егер ашық айту керек болса,— деп жауап

қайтарды Плеханов,— сіздердің кінәңыз (бұған Арсеньевтің күйгелектігінің де әсері тиюі мүмкін) мүлде маңыз бермейтін әсерге аса артық маңыз бергеніңізде». Біз үндемедік, біраздан соң, әзірше кітапшамен де қанағаттана тұруға болады, дедік. Плеханов ашуланды: «мен кітапша туралы ойлағаным жоқ, ойламаймын да. *Маған сеніп қалмаңыздар*. Егер сіздер кететін болсаңыздар, мен қол қусырып қарап отырмаймын ғой және сіздер қайтып оралғанша басқа бір кәсіпке кірісуім мүмкін ғой».

Плехановтың беделін менің көз алдымда түсірген басқасынан бұрын тап осы мәлімдемесі болды және мен мұны кейін еске түсіріп, егжей-тегжейлі талдағанда барып түсіндім. Бұл Плехановтың біз жөніндегі: бұларды мықтап қорқытып қойса да жетіп жатыр деген саяз «саясатын» әшкерелеуге мүмкіндік берген, оның өзінің «түбіне жеткен», ту бастан жаңсақ ойлаған қоқан-лоққысы, сондай бір тұрпайы қорқытуы еді...

Бірақ біз оның қоқан-лоққысына *титтей де назар* аударғанымыз жоқ. Мен тек үндемей тістеніп: жақсы, сен бұлай етсең, онда à la guerre comme à la guerre *, ал, егер сен біздің бұрынғыдай емес екенімізді, біздің бір түн ішінде мүлдем өзгеріп шыққанымызды көрмей отырсаң, онда сенің ақымақ болғаның, дедім іштей.

Енді, міне, қоқан-лоққының әсер етпегенін көрген соң, Плеханов басқа айла істеп байқамақ болды. Нақ осы арада бірнеше минуттан кейін-ақ, сіздермен қарым-қатынасты үзу мен үшін саяси қызметтен толық бас тартумен бірдей, саяси жұмысты қойып, ғылыми жұмысқа, таза ғылыми әдебиетке кетемін, өйткені егер сіздермен істесе алмайтын болсам, онда, ешкіммен де істесе алмаймын деп айтқанын айла демей не деуге болады... Қорқыту әсер етпейді екен, бәлкім, жарамсақтық әсер етер!.. Бірақ әуелі қорқытып алғаннан *кейін* мұның тек жиіркенішті әсер етуі мүмкін еді... Әңгіме қысқа болды, іс оңға баспады; Плеханов мұны көріп, әңгіменің бетін орыстардың Қытайдағы қаталдығына бұр-

* — соғыс болған соң, соғыстағыша болсын. *Ред.*

ды, бірақ ол бір өзі ғана сөйледі, сонымен көп ұзамай тарастық.

Плехановтан кеткеннен кейін П. Б. және В. И.-мен болған әңгіме қызықты, мәнді әңгіме болмады: Плехановқа да қатты батты, егер осылай кетіп қалсаңдар, мойындарыңа күнә арқалайсыңдар деп және т. т. бірдеңелерді айтып бізге дәлелдегісі келіп П. Б. біраз бұлталақтады. Арсеньевпен жеке әңгімелескенде В. И. «Жорж» әрдайым осындай еді деп мойындады, өзінің «құлға лайық ерлігін» мойындады, егер кетіп қалсаңдар, «бұл оған сабақ болады» деп түйді.

Кештің қалған уақытын бекерден-бекер, көңілсіз өткіздік.

Келесі күні, жаңа стильмен 28 августағы сейсенбіде Женеваға, одан әрі Германияға жүру керек болды. Таңертең ерте мені Арсеньев оятты (әдетте ол кеш тұрушы еді). Мен таңқалдым, ол: жаман ұйқтадым, істі қалай да болса жолға қоюдың, *жеке* қарым-қатынастың бұзылуы салдарынан елеулі *партиялық* істің жоғалуына жол бермеудің мүмкін болған соңғы амалын таптым, деді. *Жинақ* шығарайық, бір тәуірі, материал белгіленіп қойды, баспаханамен байланыс жақсы. Қазір редакторлық қарым-қатынас айқындалмай тұрғанда жинақ шығарайық, кейін көре жатармыз: жинақтан журналға көшу де, кітапшаға көшу де оңай. Ал егер Плеханов қасаруынан қайтпаса,— онда мейлі, алдынан жарылқасын, ал біз қолымыздан келгеннің бәрін істегенімізді білеміз... Осылай ұйғарылды.

Осы ойымызды Павел Борисович пен Вера Ивановнаға білдіруге шығып едік, оларды жолда кездестірдік: бізге келе жатыр екен. Олар, әрине, бұған қосыла кетті, Плехановпен сөйлесіп, оны келісімге келтіруді П. Б. өз міндетіне алды.

Женеваға келіп, Плехановпен *ақырғы рет әңгімелестік.* Ол күйгелектіктің кесірінен орынсыз түсініспеушілік қана болды дегендей ныршан білдіреді: мейірімділікпен Арсеньевтің денсаулығын сұрастырып, құшақтамақ та болды — ал анау ыршып түсе жаздады. Плеханов жинақ шығаруға ризалық білдірді: біз редакторлық істі ұйымдастыру жөнінде үш түрлі амал бар екенін айт-

тық (1. редакторлар біз боламыз, ол қызметкер болады; 2. бәріміз де қосалқы редакторлар боламыз; 3. ол редактор болады, біз қызметкер боламыз), Россияда біз бұл үш амалдың үшеуін бірдей талқылап, жоба жасаймыз да осында алып келеміз дедік. Плеханов үшінші амалдан үзілді-кесілді бас тартатынын мәлімдеді, *бұл* амалды мүлде шығарып тастауды талап етті, ал алғашқы *екі* амалдың екеуіне де *қосылады.* Осылай ұйғардық та: әзірше, біз жаңа редакторлық тәртіптің жобасын *тапсырғанға дейін,* бұрынғы тәртіпті қалдырамыз (алтауымыз да қосалқы редактор боламыз, ал Плехановтың 2 даусы болады).

Мұнан кейін Плеханов шынында істің мәнісі қалай болғанын, біздің неге наразы екенімізді жақсылап білгісі келетінін білдірді. Мен болған істен гөрі алдағы іске көбірек көңіл бөлгеніміз жақсы болмас па еді дегенді ескерттім. Бірақ Плеханов анықтап ашып алу керек қой, деп талап етті. Әңгіме басталып кетті, бұған тек Плеханов екеуміз ғана қатынасып отырдық — Арсеньев пен П. Б. үндемеді. Әңгіме байсалды, тіпті әбден байсалды түрде өтті. Плеханов өзінің Струве жөнінде жазудан бас тартқанын Арсеньев жақтырмай қалды, соны байқадым дегенді айтты — мен, керісінше, оның бұрын орман ішінде әңгімелескенде шарт қоймаймын дегеніне қарамай, бізге шарт қойғанын айттым. Плеханов өзін былайша қорғайды: мен шарт қойғандықтан емес, мәселе маған айқын болғандықтан үндемедім дейді. Мен айтысқа жол беру қажеттігі, біздің арамызда дауысқа салудың қажеттігі туралы айттым — Плеханов соңғыға қарсы емес, бірақ: жеке мәселелерді, әлбетте, дауысқа қою керек, ал негізгі мәселелерді дауысқа қоюға болмайды, деді. Мен қарсы болып, асылында, негізгі мәселелер мен жеке мәселелерді ажырату оңай болмайды, нақ осы мәселелердің арасын ажырату жөнінде қосалқы редакторлардың арасында дауысқа қою керек, дедім. Плеханов өз бетінен қайтпады, бұл ар-ұятқа байланысты іс, жеке және негізгі мәселелердің айырмашылығы айқын, бұл жерде дауысқа қоятын ештеңе жоқ деді. Сөйтіп,— негізгі және жеке мәселелерді ажырату туралы мәселені қосалқы редакторлар арасында дауыс-

қа қоюға бола ма, болмай ма деген таластан — біз бір адым ұзай алмадық. Плеханов өзінің барлық шеберлігін қолданып, мысалдарға, теңеулерге, әзілге, цитатқа майталмандығымен бізді еріксіз күлдіре берді, бірақ турасынан: жоқ деп айта алмай, мәселені аяқсыз қалдырды. Ол нақ осы арада, осы пункт бойынша өзінің «дарашылдығынан» және өзінің «ультиматумдарынан» бас тарта алмады, өйткені бұл сияқты мәселелер бойынша ол дауыс бермес еді, тек ультиматум қойып отырып алар еді, деген сенім күшейе түсті менде.

Сол күннің кешінде-ақ мен «Еңбекті азат ету» тобынан ешкімге жолықпастан жүріп кеттім. Біз болған оқиға жөнінде ең жақын адамдардан басқаларға ештеңе айтпау керек деген байламға келдік,— аппаранстыᅟ[130] берік сақтауға,— дұшпандардың масайрауына жол бермеуге келістік. Сырттан қарағанда — ештеңе болмағандай, бүкіл машина бұрынғысындай істей беруге тиісті — тек іштей ғана әлде бір ішек үзіліп кеткендей, сондықтан бұрынғы тамаша жеке қарым-қатынастың орнына ұдайы si vis pacem, para bellum * деген формула бойынша есепке негізделген, іскерлік, салқын қатынастар пайда болды.

Тек сол күннің кешінде Плехановтың ең жақын жолдасы және жақтасы — «Социал-демократ» тобының мүшесімен болған бір әңгімемізді айта кетуге тура келеді. Мен оған болған оқиға жөнінде бір ауыз сөз айтқаным жоқ, тек журнал шығатын болды, мақалалар белгіленді — іске кірісетін уақыт жетті дедім. Мен онымен практика жүзінде істі қалай жолға қою керек екені жайында әңгімелестім: карттар редакторлық жұмысқа мүлде жарамсыз деген пікірді ол толық жақтап шықты. «3 амал» жайында әңгімелеп, одан турасынан: оның ойынша бәрінен қайсысы тиімді екенін сұрадым. Ол ешбір ойланып-толғанбастан біріншісі (біз — редакторлар, олар — қызметкерлер) тиімді деп турасын айтты, бірақ та, журнал Плехановтікі, газет — сіздердікі болуы ықтимал дегенді айтты.

---

* — бейбітшілік тілесең, соғысқа әзірлен. *Ред.*

Біз болған оқиғадан аулақтаған сайын оған неғұрлым байсалдырақ қарай бастадық және істі тастау мүлде орынсыз, біз редакторлықты *(жинақты)* қолға алудан әзірше қорықпауымыз керек, ал дұрысында тек қана біздің қолға алуымыз керек, өйткені мұнсыз машинаны дұрыс жолға қоюдың басқадай мүмкіндігі жоқ және Плехановтың іріткі салушылық «қасиеттері» салдарынан істің аяқсыз қалуына жол бермеу керек деген сенімге келе бастадық.

N[131]-ға келгеннен кейін, 4 немесе 5 сентябрьде, біз өз арамыздағы *формальды* қарым-қатынастардың жобасын жасап та үлгердік (мен бұл жобаны жолда, темір жол вагонында жаза бастағанмын), бұл жоба бойынша біздер редакторлар болдық, олар барлық редакциялық мәселелер * бойынша дауыс беру правосы бар қызметкерлер болды. Бұл жобаны Егормен (Мартовпен) бірге талқылап, сонан кейін оларға ұсыну керек деп ұйғарылды.

Ұшқын тағы да лаулап жанатындығынан *үміткер етті.*

1900 ж. сентябрьдің басында (жаңаша) жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің I жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: келесі документ. *Ред.*

КЕЛІСІМ ЖОБАСЫ

1. Шетелдегі «Социал-демократ» тобының және «Заря» жинағы мен «Искра» газетін шығаратын орыс тобының негізгі көзқарастары бір жерден шығып, іс жүзіндегі міндеттері бірдей болғандықтан, аталған ұйымдар өзара одақ құрады.

2. Екі топ бір-бірін жан-жақты қолдайды —

1-ден, әдебиет жағынан. «Еңбекті азат ету» тобы «Заря» жинағы мен «Искра» газетіне редакциялық жағынан тікелей қатынасады *;

2-ден, әдебиетті жеткізу және тарату ісіне, революциялық байланысты кеңейтуге және нығайтуға, материалдық қаражат іздестіруге қатынасып отырады.

3. «Социал-демократ» тобы мен «Исқраның» арнаулы агенттері «Искра» тобының шетелдегі өкілдері болып табылады.

4. «Искра» тобына шетелдерден жөнелтілетін хаттар мен посылкалар «Социал-демократ» тобының адресіне жіберіледі. Шетелде «Искра» тобы мүшелерінің бірі болған жағдайда барлық хат-хабар соған жіберіледі. Ал шетелде «Искра» тобының бірде-бір мүшесі болмаған кездері, онда «Социал-демократ» тобы мен «Искраның» арнаулы агенттері «Искра» тобының істерін өз міндетіне алады.

1900 ж. сентябрьдің басында (жаңаша) жазылған

Бірінші рет 1940 ж. «Пролетарская Революция» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұл қатынасу шарттары айрықша келісіммен белгіленген [132].

«ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

РЕДАКЦИЯДАН

Саяси газетті — «Искраны» шығаруға кірісе отырып, біз өзіміздің неге ұмтылатынымыз және өзіміздің міндеттерімізді қалай түсінетініміз туралы бірнеше сөз айтып өтуді қажет деп санаймыз.

Біз орыс жұмысшы қозғалысы мен орыс социал-демократиясының тарихында аса маңызды кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Соңғы жылдар біздің интеллигенцияның арасында социал-демократиялық идеялардың таңқаларлықтай тез таралуымен сипатталып отыр, ал қоғамдық ойдың бұл ағымын өздерінің езушілеріне қарсы бірігіп күресе бастаған, социализмге қарай құлшына ұмтыла бастаған өнеркәсіп пролетариатының өздігінен дербес туған қозғалысы қарсы алып, қолдап отыр. Жұмысшылардың және социал-демократ интеллигенттердің үйірмелері барлық жерде де пайда болуда, жергілікті үгіт листоктары таратылуда, социал-демократиялық әдебиеттің ұсынымынан гөрі оған деген сұраным анағұрлым өсіп келеді, ал үкімет қуғын-сүргінді қапшама күшейтсе де, бұл қозғалысты тоқтатуға шамасы келмей отыр. Түрмелер лық толған, жер аудару орындарында кісі сыймайды, Россияның барлық жерлерінде «сәтсіздіктер» туралы, транспорттың қолға түсуі туралы, әдебиет пен баспаханалардың конфискеленуі туралы ай сайын дерлік естіліп тұрады, бірақ қозғалыс барған сайын көп аудандарды қамтып, барған сайын жұмысшы табының ортасына кеңінен таралып, барған сайын қоғамның назарын өзіне тартып, өскен үстіне

««Искра» редакциясының мәлімдемесі» деген жеке листоктың бірінші беті.— 1900 ж.
Кішірейтілген

Россійская
Соціалдемократическая
Рабочая Партія

ИСКРА

„Изъ искры возгорится пламя“.
Отвѣтъ декабристовъ Пушкину.

ОТЪ РЕДАКЦІИ.

Предпринимая изданіе политической газеты — „Искра“, мы считаемъ необходимымъ сказать нѣсколько словъ о томъ, къ чему мы стремимся и какъ понимаемъ свои задачи.

Мы переживаемъ крайне важный моментъ въ исторіи русскаго рабочаго движенія и русской соціалдемократіи. Послѣдніе годы характеризуются поразительно быстрымъ распространеніемъ соціалдемократическихъ идей среди нашей интеллигенціи, а на встрѣчу этому теченію общественной мысли идетъ самостоятельно возникшее движеніе промышленнаго пролетаріата, который начинаетъ объединяться и бороться противъ своихъ угнетателей, начинаетъ съ жадностью стремиться къ соціализму. Кружки рабочихъ и соціалдемократовъ интеллигентовъ появляются повсюду, распространяются мѣстные агитаціонные листки, растетъ спросъ на соціалдемократическую литературу, далеко обгоняя предложеніе, а усиленныя правительственныя преслѣдованія не въ силахъ удержать этого движенія. Биткомъ набиты тюрьмы, переполнены мѣста ссылки, чуть не каждый мѣсяцъ слышно о „провалахъ“ во всѣхъ концахъ Россіи, о поимкѣ транспортовъ, о конфискаціи литературы и типографій, но движеніе все растетъ, захватываетъ все большій районъ, все глубже проникаетъ въ рабочій классъ, все больше привлекаетъ общественное вниманіе. И все экономическое развитіе Россіи, вся исторія русской общественной мысли и русскаго революціоннаго движенія ручаются за то, что соціалдемократическое рабочее движеніе будетъ расти несмотря на всѣ препятствія и въ концѣ концовъ — преодолѣетъ ихъ.

Но, съ другой стороны, главная черта нашего движенія, которая особенно бросается въ глаза въ послѣднее время, — его раздробленность, его, такъ сказать, кустарный характеръ: мѣстные кружки возникаютъ и дѣйствуютъ независимо другъ отъ друга и даже (что особенно важно) независимо отъ кружковъ, дѣйствовавшихъ и дѣйствующихъ въ тѣхъ же центрахъ; не устанавливается традиціи, нѣтъ преемственности, и мѣстная литература всецѣло отражаетъ раздробленность и отсутствіе связи съ тѣмъ, что уже создано русской соціалдемократіей.

Несоотвѣтствіе этой раздробленности съ запросами, вызываемыми силою и широтой движенія, создаетъ, по нашему мнѣнію, критическій моментъ въ его развитіи. Въ самомъ движеніи съ неудержимой силой сказывается потребность упрочиться, выработать опредѣленную физіономію и организацію, а между тѣмъ въ средѣ практически дѣйствующихъ соціалдемократовъ необходимость такого перехода къ высшей формѣ движенія сознается далеко не вездѣ. Въ довольно широкихъ кругахъ наблюдается, наоборотъ, шатанье мысли, увлеченіе модной „критикой марксизма“ и „бернштейніадой“, распространеніе взглядовъ такъ называемаго „экономическаго“ направленія и въ неразрывной связи съ этимъ — стремленіе задержать движеніе на его низшей стадіи, стремленіе отодвинуть на второй планъ задачу образованія революціонной партіи, ведущей борьбу во главѣ всего народа. Что подобнаго рода шатанье мысли наблюдается среди русскихъ соціалдемократовъ, что узкій практицизмъ, оторванный отъ теоретическаго освѣщенія движенія въ его цѣломъ, грозитъ совратить движеніе на ложную дорогу, это фактъ; въ этомъ не могутъ усомниться люди, непосредственно знакомые съ положеніемъ дѣлъ въ большинствѣ нашихъ организацій. Да есть и литературныя произведенія, подтверждающія это: стоитъ назвать хотя бы „Credo“, вызвавшее уже вполнѣ законный протестъ, „Отдѣльное приложеніе къ Рабочей Мысли (сент. 1899)“, столь рельефно выразившее тенденцію, проникающую всю газету „Рабочая Мысль“ или наконецъ — воззваніе петербургской „Группы Самоосвобожденія Рабочаго Класса“, составленное въ духѣ того же „экономизма“. И совершенно невѣрно утвержденіе „Рабочаго Дѣла“, что „Credo“ представляетъ собою не больше какъ мнѣніе единичныхъ лицъ, что направленіе „Рабочей Мысли“ выражаетъ лишь сумбурность и безтактность ея редакціи, а не особое направленіе въ самомъ ходѣ русскаго рабочаго движенія.

А рядомъ съ этимъ въ произведеніяхъ писателей, которыхъ читающая публика, съ большимъ или меньшимъ основаніемъ, считала до сихъ поръ видными представителями „легальнаго“ марксизма, все болѣе и болѣе обнаруживается поворотъ къ воззрѣніямъ, сближающимся съ буржуазной апологетикой. Результатомъ всего этого и является тотъ разбродъ и та анархія, благодаря которымъ эксъ-марксистъ или вѣрнѣе эксъ-соціалистъ Бернштейнъ, перечисляя свои успѣхи, могъ печатно заявить, не встрѣчая возраженій, будто большинство дѣйствующихъ въ Россіи соціалдемократовъ состоитъ изъ его послѣдователей.

Мы не хотимъ преувеличивать опасность положенія, но закрывать на нее глаза было бы неизмѣримо вреднѣе: вотъ почему мы отъ всей души привѣтствуемъ рѣшеніе „Группы Освобожденія Труда“ возобновить ея литературную дѣятельность и начать систематическую борьбу противъ попытокъ извращенія и опошленія соціалдемократизма.

Практическій выводъ изъ всего этого такой: мы, русскіе соціалдемократы, должны сплотиться и направить всѣ усилія на образованіе крѣпкой партіи, борющейся подъ единымъ знаменемъ революціонной соціалдемократіи. Именно эта задача была намѣчена уже Съѣздомъ 1898 года, образовавшимъ Россійскую Соціалдемократическую Рабочую Партію и опубликовавшимъ ея Манифестъ.

Мы признаемъ себя членами этой партіи, вполнѣ раздѣляемъ основныя идеи „Манифеста“ и придаемъ ему важное значеніе, какъ открытому заявленію ея цѣлей. Поэтому для насъ, какъ членовъ партіи, вопросъ о ближайшей и непосредственной нашей задачѣ ставится такимъ образомъ: какой планъ дѣятельности должны мы принять, что бы достигнуть возможно болѣе прочнаго возобновленія партіи?

Обычный отвѣтъ на этотъ вопросъ состоитъ въ томъ, что необходимо снова выбрать центральное учрежденіе и поручить ему возобновить органъ партіи. Но въ переживаемый нами періодъ разброда такой простой путь едва-ли былъ бы цѣлесообразенъ.

өсіп келеді. Сондықтан социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының барлық кедергілерге қарамастан бұдан былай да өсе беретіндігіне, сөйтіп ақыр-аяғында ол кедергілерді жеңетіндігіне Россияның бүкіл экономикалық дамуы, орыс қоғамдық ой-пікірінің және орыс революциялық қозғалысының бүкіл тарихы кепіл бола алады.

Бірақ, екінші жағынан, біздің қозғалысымыздың соңғы уақытта ерекше көзге түсетін басты бір өзгешелігі — оның бытырандылығы, оның, былайша айтқанда, майдагерлік сипаты: жергілікті үйірмелер бірімен-бірі байланыс жасамай, тіпті (аса маңыздысы осы) сол орталықта жұмыс жүргізген және қазір де жұмыс жүргізіп отырған үйірмелермен де байланыс жасамай, өз бетімен құрылып, өз бетімен әрекет жасауда; дәстүр баянды етілмейді, сабақтастық жоқ, ал жергілікті әдебиет осы бытырандылықты және орыс социал-демократиясының жасап шығарғандарымен байланыс жоқтығын бүтіндей бейнелеп отыр.

Бұл бытырандылықтың қозғалыстың күші мен оның көлемінен туатын тілектермен сәйкес келмеуі, біздің ойымызша, қозғалыстың дамуында сын кезең жағдайын туғызады. Нығайып бекінудің, белгілі бір кескінге келіп, тиянақты ұйым құрудың қажеттігі қозғалыстың өзінде-ақ ырық бермес күшпен көрініп отыр, бірақ, оның бер жағында, практика жүзінде қимыл жасап жүрген социал-демократтардың арасында қозғалыстың жоғары формасына осылай көшудің керектігі әлі барлық жерде бірдей түсініліп болған жоқ. Қайта, едәуір қалың топтардың арасында, ойдың ауытқушылығы, «марксизмді сынаумен» және «бернштейншілдікпен» әуестену, «экономистік» бағыт деп аталатын көзқарастардың таралуы және осымен тығыз байланысты нәрсе — қозғалысты төменгі сатысында ұстап қалуға тырысушылық, бүкіл халықты бастап күрес жүргізетін революциялық партияны құру міндетін екінші кезекке ысыра салуға тырысушылық бар екені байқалып отыр. Ойдың осындай ауытқушылығы орыс социал-демократтарының арасында да бар екені байқалады, қозғалысты тұтасынан ала теориялық жағынан айқындаудан қол

үзген тар өрісті практицизм қозғалысты теріс жолға бұрып жіберу қаупін туғызады, *бұл — факт;* біздің ұйымдардың көпшілігіндегі істің жайымен тікелей таныс адамдар бұған шүбәлана алмайды. Мұны дәлелдейтін әдебиет шығармалары да бар: әбден орынды наразылыққа ұшыраған «Credo»-ны, «Рабочая Мысль» газетінің *бүтіндей* бойына сіңген тенденцияны сондай айқын көрсеткен ««Рабочая Мысльға» жеке қосымшаны» (сентябрь, 1899), немесе, ақырында — Петербургтегі «Жұмысшы табының өзін азат ету тобының» [133] сол «экономизмнің» рухында жазылған үндеуін атап өтсек те болады. Сондықтан «Рабочее Делоның»: «Credo» жеке адамдардың пікірінен басқа еш нәрсе де емес деуі, «Рабочая Мысльдің» бағыты орыс жұмысшы қозғалысының барысындағы ерекше бағытты бейнелемейді, оның редакциясының ретсіздігін, жөн білместігін ғана көрсетеді деуі *мүлдем дұрыс емес.*

Ал, мұнымен қатар, әдебиет оқушы қауым азды-көпті бір негізге сүйеніп, осы уақытқа дейін «жария» марксизмнің көрнекті өкілдері деп санап келген жазушылардың шығармаларында буржуазиялық апологетикамен жақындасатын көзқарасқа бет бұрушылық барған сайын айқындала түсіп отыр. Осының бәрінің нәтижесі бытырандылық пен анархия болды; мұның арқасында экс-марксист немесе, дұрысында, экс-социалист Бернштейн өзінің табыстарын тізе келіп, ешбір қарсылыққа кездеспестен, баспасөзде: Россияда қызмет етіп отырған социал-демократтардың көпшілігі менің жолымды ұстағандар,— деп мәлімдеп отыр.

Біз жағдайдың қауіпті екенін асыра айтпақшы емеспіз, бірақ, бұл қауіпті көрмей, оған көзді жұмып қарау әлдеқайда зиянды болар еді; міне, сондықтан біз «Еңбекті азат ету» тобының өзінің әдеби қызметін қайта бастау, социал-демократизмді бұрмалау және кірлеу әрекеттеріне қарсы үнемі күрес жүргізуді бастау жөніндегі шешімін шын жүректен құттықтаймыз.

Мұның бәрінен шығатын практикалық қорытынды мынадай: біз, орыс социал-демократтары, бірігуге тиістіміз, сөйтіп революциялық социал-демократияның біртұтас туының астында күресетін мықты партия құруға

барлық күшімізді жұмсауға тиістіміз. 1898 жылы Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрып, оның «Манифесін» жариялаған съезде нақ осы міндет белгіленген болатын.

Біз өзімізді осы партияның мүшесіміз деп танимыз, «Манифестің» негізгі идеяларын толық жақтаймыз және партияның мақсатын ашық айтып берген документ ретінде бұл манифеске зор маңыз береміз. Сондықтан партияға мүше болып отырған біздер үшін таяу уақыттағы және тікелей міндетіміз туралы мәселе мына түрде қойылады: партияны барынша берік етіп қайта құратын болу үшін біз қандай жұмыс жоспарын қабылдауға тиістіміз?

Бұл сұрауға берілетін дағдылы жауап — орталық мекемені жаңадан сайлап, оған партия органын қайтадан шығара бастауды тапсыру керек. Бірақ қазіргі біз бастан кешіріп отырған бытырандылық дәуірде мұндай оңай жолдың қолайлы болуы екіталай нәрсе.

Партияны құрып, нығайту — барлық орыс социал-демократтарының бірлестігін құрып, нығайту деген сөз, ал, жоғарыда көрсетілген себептер бойынша, мұндай бірлестікті декретпен жасай салуға болмайды, оны нендей бір, айталық, өкілдер жиналысының қарары бойынша ғана енгізуге болмайды, оны жасау керек. Біріншіден,— ашық айтатын болсақ! — қазірде орыс социал-демократтарының арасында етек алып отырған алауыздық пен былықтан аулақ болатын берік идеялық бірлестікті жасау керек; бұл идеялық бірлестікті партиялық программамен баянды ету керек. Екіншіден, барлық қозғалыс орталықтарының арасындағы қатынасқа, қозғалыс туралы толық және мезгілімен мәлімет жеткізіп тұруға, мерзімді баспасөзбен Россияның барлық жерлерін дұрыс қамтамасыз етіп отыруға әдейі арналған ұйымды құру керек. Осындай ұйым құрылғанда ғана, орыс социалистік почтасы құрылғанда ғана партия тиянақты өмір сүре алатын болады, нақтылы шын факт бола алады, ал олай болса, құдіретті саяси күш те бола алады. Осы міндеттің бірінші жартысына, яғни революцияшыл социал-демократияны идеялық жағынан біріктіру қолынан келетін, принцип жағынан ұстамды,

жалпы әдебиетті жасау жұмысына өз күшімізді арнамақшы болып отырмыз; біз мұны қазіргі қозғалыстың шұғыл тілегі және партияның жұмысын қайта бастаудың керекті әзірлік шарасы деп білеміз.

Біз орыс социал-демократтарының идеялық бірлестігін әлі құру керек дегенді айттық; біздің ойымызша, мұны істеу үшін осы күнгі «экономистер», бернштейншілдер және «сыншылар» көтерген негізгі принциптік және тактикалық мәселелерді ашықтан-ашық және жан-жақты талқылау керек. Бірігуден бұрын және бірігу үшін, біз әуелі, батыл және айқын түрде ажырасуымыз керек. Онсыз біздің бірігу дегеніміз қазіргі бытырандылықты бүркемелейтін және сол бытырандылықты батыл жоюға кедергі келтіретін фикция ғана болып шығар еді. Сондықтан біздің өз органымызды әр түрлі көзқарастардың жай бір қоймасы еткіміз келмейтіні түсінікті. Біз оны, қайта, өте айқын бағыт рухында жүргіземіз. Бұл бағытты: марксизм деген сөзбен білдіруге болады, сондықтан Маркс пен Энгельстің идеяларын дәйекті түрде дамыту жағында екенімізді, Эд. Бернштейннің, П. Струвенің және басқа көптеген адамдардың епті әрекетімен қазір сәнге айналған сыңаржақ, тұрлаусыз, оппортунистік түзетулерді үзілді-кесілді теріс деп табатынымызды айтып жатудың керегі бола қояр ма екен. Бірақ біз, барлық мәселені өзіміздің айқын көзқарасымыз тұрғысынан талқылай отырып, органымыздың бетінде жолдастардың айтысуын ешбір теріс деп таппаймыз. Осы күнгі алауыздықтардың түпкі сырын ашу үшін, даулы мәселелерді жан-жақты талқылау үшін, әр түрлі көзқарастағы адамдар ғана емес, тіпті әр түрлі жердің немесе революциялық қозғалыстың әр түрлі «кәсіптерінің» өкілдері де сөзсіз ұшырайтын ұшқарылықтармен күресу үшін барлық орыс социал-демократтары мен саналы жұмысшылардың алдында ашық айтыс жүргізу — қажетті және қолайлы іс. Көрнеу қарама-қарсы көзқарастардың арасында ашық айтыстың болмай отырғандығын, аса маңызды мәселелер жөніндегі алауыздықтарды бүркемелеп жасырын ұстауға тырысушылықты, жоғарыда көрсеткеніміз сияқты, біз тіпті қазіргі қозғалыстың бір кемшілігі деп санаймыз.

Органымыздың программасына кіретін мәселелер мен тақырыптарды біз бастан-аяқ тізіп жатпаймыз, өйткені бұл программа қазіргі жағдайда шығарылатын саяси газет қандай болуға тиіс деген жалпы ұғымнан өзінен-өзі туады.

Біз шамамыз келгенінше мыналарды істеуге: барлық орыс жолдастар біздің баспасөзімізді өздерінің органы деп қарайтын болуына, бұл органға әрбір топ қозғалыс туралы барлық мәліметтерді жіберіп отыратын болуына, бұл органмен өздерінің тәжірибесі, өздерінің көзқарастары, өздерінің әдебиетке қоятын тілектері, өздерінің социал-демократиялық басылымдарға қандай баға беретіндері жөнінде, қысқасы, өздерінің қозғалысқа нені енгізетіні, өздері одан нендей пайда алып шығатыны жөнінде пікір алысып отыратын болуына тырысамыз. Тек осындай жағдайда ғана шын мәніндегі жалпы орыстық социал-демократиялық органды құруға болады. Қозғалысты саяси күрестің кең жолына шығару осындай органның ғана қолынан келеді. П. Б. Аксельродтың: «біздің насихат-үгіт және ұйымдастыру қызметіміздің өрісін ұлғайтып, мазмұнын кеңейтуіміз керек» — деген сөздері орыс социал-демократтарының таяу уақыттағы қызметін белгілейтін ұран болуы керек, сондықтан бұл ұранды біз өз органымыздың программасына енгіземіз.

Біз социалистер мен саналы жұмысшыларды ғана бұған шақырып отырғанымыз жоқ. Онымен бірге біз қазіргі саяси құрылыстан жаншылып және езіліп отырғандардың бәрін де осыған шақырамыз, орыс самодержавиесінің барлық зұлымдықтарын әшкерелеу үшін оларға баспасөзіміздің бетін ұсынамыз.

Кімде-кім социал-демократияны пролетариаттың стихиялы күресіне ғана қызмет ететін ұйым деп түсінсе, оның жергілікті үгітпен және «таза жұмысшы» әдебиетімен ғана қанағаттануына болады. Социал-демократияны біз олай деп ұғынбаймыз: біз социал-демократияны абсолютизмге қарсы шығушы, жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты революцияшыл партия деп ұғынамыз. Өзіне жүктелген тарихи міндетті орындау: елдегі барлық демократиялық элементтерді өз туының астына біріктіріп, қаза тапқан талай буындардың қажырлы

күресін сұм тәртіпті түпкілікті жеңумен аяқтау — осындай партияға ұйымдасқан пролетариаттың ғана — қазіргі Россиядағы осы ең революцияшыл таптың ғана қолынап келеді.

* *
*

Газеттің әр номері 1—2 баспа табақ көлемінде шығады.

Орыс баспасөзі құпия жағдайда болғандықтан, газеттің шығу мерзімі күн ілгері белгіленбейді.

Бізге халықаралық социал-демократияның бірнеше көрнекті өкілі жазып тұруға, «Еңбекті азат ету» тобы (Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич) ең жақын түрде қатынасып отыруға және Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бірнеше ұйымы, сонымен бірге орыс социал-демократтарының жеке топтары көмек көрсетіп отыруға уәде етті.

1900 ж. августа, 23 августан (5 сентябрьден) кешірек жазылған

1900 ж. «Искра» жеке листок етіп басып шығарған

Листоктың тексті бойынша басылып отыр

Россійская Соціалдемократическая Рабочая Партія.

МАЙСКІЕ ДНИ ВЪ ХАРЬКОВѢ

Изданіе „ИСКРЫ“.

Типографія „Искры“. Январь 1901.

«Харьковтағы май күндері» деген кітапшаның мұқабасы.— 1901 ж.

«ХАРЬКОВТАҒЫ МАЙ КҮНДЕРІ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған кітапша 1900 жылы Харьковта болған атақты маевканы суреттейді; оны жұмысшылардың өздерінің жазғандарына сүйене отырып, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Харьков комитеті құрастырған. Ол бізге корреспонденция ретінде жіберілген еді, бірақ көлемінің үлкендігінен де, мүмкіндігінше көп және кеңірек таратуға жеңілірек болсын деген себеппен де біз оны жеке басып шығару керек деп ұйғардық. Енді жарты жылдан кейін орыс жұмысшылары жаңа ғасырдың бірінші жылының бірінші майын мерекелейді,— сондықтан бұл мереке барынша көп орталықтарды қамтитын болуына, қатынасушыларының саны жағынан ғана емес, олардың ұйымшылдығы, олардың саналылығы, олардың орыс халқының саяси бостандығы жолында, сөйтіп, пролетариаттың таптық дамуының және оның социализм үшін ашық күресінің еркін майданын құру жолында бұлтарыссыз күрес бастауға бел буған әзірлігі жағынан да айбарлы мереке болуына қам істейтін уақыт жетті. Жаңа маевкаға әзірлене бастайтын уақыт жетті, сондықтан маңызды әзірлік шараларының бірі — Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың қазірдің өзінде неге қолы жеткендігімен танысу, жалпы қозғалысымызға, атап айтқанда, маевкаға тағы ненің жетпей жатқанын, бұл кемшіліктерді қалай түзеуге тиіс екенімізді, жақсы нәтижелерге қалай жету керек екенін ойлап қарастыру болуға тиіс.

Жұмысшылардың мейрамын мерекелеудің қандай ірі саяси демонстрация бола алатындығын және бұл мерекені саналы пролетариаттың нағыз жалпы орыстық ұлы демонстрациясы ету үшін бізге ненің жетпейтіндігін Харьков маевкасы көрсетті. Харьковтағы май күндеріне аса көрнекті оқиға сипатын берген не? Жұмысшылардың ереуілге жаппай қатынасуы, желбіретіп қызыл тулар көтерген, прокламацияларда көрсетілген талаптарды ұран еткен сан мың адамның көше-көшедегі үлкен жиылыстары, бұл талаптардың революциялық сипаты: 8 сағаттық жұмыс күнінің және саяси бостандықтың талап етілуі. Орыс жұмысшылары саяси күрес жүргізу дәрежесіне әлі өсіп жетпеді-міс, олардың басты ісі тек қана экономикалық күрес болуы тиіс, бұл күрес Россияның бүкіл саяси құрылысына қарсы күресу үшін емес, жеке саяси реформалар үшін жүргізілетін ішінара саяси үгітпен там-тұмдап, жайымен ғана толықтырылып отыруы тиіс деген ертегінің түкке тұрғысыздығын Харьков маевкасы айдан-анық көрсетті. Бірақ бұл арада біз істің екінші жағына назар аудармақпыз. Орыс жұмысшыларының саяси қабілеті қаншалықты екенін тағы және тағы да дәлелдей отырып, Харьковтағы маевка, сонымен қабат, бұл қабілетті толық күшейтіп жетілдіру үшін бізге ненің жетпейтіндігін де көрсетеді.

Харьковтың социал-демократтары кітапшалар мен листоктарды күні бұрын таратып, маевканы айтарлықтай әзірлеуге тырысты; жұмысшылар жалпы демонстрацияның, Конная алаңында сөйленетін сөздердің жоспарын да жасады. Бұл жоспардың орындалмауы неден? Харьковтағы жолдастар бұған: саналы социалист-жұмысшылардың «бас штабының» күштері біркелкі бөлінбей, бір заводта көп, басқаларында аз болғандығынан; одан соң, жұмысшылардың жоспары «өкімет орындарына мәлім болып», олардың, әрине, жұмысшыларды ыдырату үшін барлық шараларды істегендігінен деп жауап береді. Қорытынды айқын: бізге *ұйым* жетіспейді. Жұмысшылар бұқарасы дүр көтерілді және социалист көсемдердің соңынан еруге әзір, бірақ қолда бар саналы жұмысшылардың барлық күшін дұрыс бөлетін,

күні бұрын жасалған қимыл жоспарлары өкімет орындары түгіл барлық ұйымнан тыс тұрғандарға да мәлім болмайтындай етіп конспирациялық (астыртып) іс жүргізуді қамтамасыз ететін берік ұйтқыны «бас штаб» әлі ұйымдастыра алмады. Бұл ұйым *революциялық* ұйым болуға тиіс: ол социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының міндеттерін әбден айқын ұғынған және қазіргі саяси құрылыспен бұлтармай күресуге бел байлаған адамдардан құрылуға тиіс, ол ондаған жылдардың тәжірибесінен сабақ алған революцияшыл орыс интеллигенциясының социалистік білімі мен революциялық тәжірибесін алдыңғы қатарлы жұмысшыларға тән қасиеттермен — жұмысшылар ортасын білумен және бұқара арасында үгіт жүргізу шеберлігімен, ол бұқараны соңынан ерте білумен ұштастыруға тиіс. Біз интеллигенттер мен жұмысшылардың арасына әдейі шек қоюға емес, «таза жұмысшы» ұйымын құруға емес, ең алдымен және бәрінен бұрын оларды жоғарыда айтылғандағыдай біріктіруге қам істеуге тиістіміз. Біз бұл жерде Г. Плехановтың мына сөздерін еске саламыз:

«Бұл (үгіт) қызметтің қажетті шарты даяр тұрған революциялық күштерді біріктіру болып табылады. Өзара ешбір байланысы жоқ, тіпті бірінің бар екендігінен екіншісі хабарсыз адамдар ғана үйірме насихатымен шұғылдана алады. Әрине, ұйымның жоқтығы насихатқа да әрқашан әсерін тигізеді, бірақ оны жүргізу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ал саяси жағдай электр тәрізді тұтанып, сан алуан және тіпті ойда жоқ себептерден ана жерде де, мына жерде де барған сайын, жиі-жиі ұшқын шашқан революция дауылының жақындағанын бейнелейтін күшті қоғамдық дүмпулер дәуірінде,— қысқасы, не үгіттеу, не тудың сыртында қалып қою керек болған кезде, осындай дәуірлерде *тек ұйымдасқан* революциялық күштер ғана оқиғалардың барысына елеулі ықпал ете алады. Жеке адам мұндайда дәрменсіз болып қалады, революциялық іс жоғары сатыдағы күштердің: *революциялық ұйымдардың* ғана қолынан келетін болады» (Г. Плеханов. «Социалистердің аштықпен күрестегі міндеттері туралы», 83-бет).

Орыс жұмысшы қозғалысының тарихында сан алуан себептерден нақ осындай серпілу мен дүмпулер заманы басталып келеді, сондықтан біз «тудың сыртында» қалып қойғымыз келмесе, кейбір жерлерде тұтанған барлық дүмпулерге басшылық ете алатын, сөйтіп, жақындаған дауылдың (бұл жайында кітапшаның аяғында Харьков жұмысшысы да айтады) стихиялы емес, бүкіл халықты соңынан ертіп самодержавие үкіметіне қарсы көтерілген пролетариаттың сапалы қозғалысына айналуына қол жеткізетін жалпы орыстық ұйым құруға бағыттауға бар күшімізді жұмсауға тиістіміз.

Біздің революциялық ұйымдарымыздың ұйымшылдығы мен әзірлігі жеткіліксіздігін айқын көрсетумен қатар, Харьков маевкасы практикалық маңызы бұдан кем түспейтін тағы бір жайтты айқын көрсетеді. «Тиісті әзірліксіз қойылғандықтан да, жалпы айтқанда, сәтсіздікке ұшырауға тиісті түрлі практикалық талаптар,— деп жазылған кітапшада,— бірінші май мейрамы мен манифестациясына күтпеген жерден қосылды». Мысалы, темір жол шеберханалары жұмысшыларының талаптарын алайық: 14 талаптың 11-і қазіргі саяси тәртіп жағдайында да істетуге әбден болатын жеке ұсақ жеңілдіктерді: ақының көбейтілуін, жұмыс күні қысқартылуын, қиянат жойылуын талап етеді. Осындай кішігірім талаптармен бірге мағынасы бейне осылармен тең түсетін тәрізді мынадай үш талап та қойылған: 4) 8 сағаттық жұмыс күні енгізілсін; 7) май оқиғаларынан кейін жұмысшылардың жеке басына тимеу қамтамасыз етілсін; 10) жұмысшылар мен әкімшілік арасындағы дау-жанжалдарды қарайтын екі жақтың өкілдерінен құрылған комиссия тағайындалсын. Бұл талаптардың біріншісі (4-п.) бүкіл дүние жүзілік пролетариаттың ортақ талабы; бұл талаптың қойылуы алдыңғы қатарлы Харьков жұмысшылары өздерінің бүкіл дүние жүзілік социалистік жұмысшы қозғалысымен ынтымақтастығын түсінетінін көрсететін сияқты. Сондықтан да мұндай талапты жеке талаптардың ішіне, мастерлер дұрысырақ қарайтын болсын, ақы 10 процент арттырылсын деген сияқты талаптардың арасына қосу керек емес. Ақыны көбейту туралы, дұрысырақ қарау туралы талап-

тарды жеке кәсіптердің жұмысшылары өздерінің қожаларына қоя алады (және қоюға тиіс); бұл — цехтық талаптар, жұмысшылардың жеке разрядтарының талаптары. Ал 8 сағаттық жұмыс күнін талап ету — бүкіл пролетариаттың жеке қожайындарға емес, қазіргі бүкіл қоғамдық және саяси құрылыстың окілі болып табылатын мемлекеттік өкіметке, барлық өндіріс құралдарын иемденіп отырған бүкіл капиталистер табына қоятын талабы. 8 сағаттық жұмыс күнін талап етудің айрықша маңызы болып отыр: бұл халықаралық социалистік қозғалыспен ынтымақтастықты мәлімдегендік болады. Біз осы айырмашылықты жұмысшылардың аңғаруына қам істеуге тиістіміз, 8 сағаттық жұмыс күнін талап етуді олардың тегін билет немесе күзетшіні аластау сияқты талаптар дәрежесіне түсірмеуінің қамын істеуге тиістіміз. Бүкіл жыл бойына жұмысшылар ана жерде де, мына жерде де қожайындарына жеке талаптар қойып, сол талаптар үшін күреседі: осы күреске көмектесе отырып, бұл күрес барлық елдердің пролетариатының өз бостандығы жолындағы күресімен тығыз байланысты екенін социалистер әрқашан көрсетіп отыруға тиіс. Демек, бірінші май жұмысшылардың осы байланысты жете сезінетіндігін және осы күреске батыл қосылатындығын салтанатпен мәлімдейтін күні болуға тиіс.

Дау-жанжалдарды қарау үшін комиссия тағайындау туралы оныншы талапты алайық. Жұмысшылардан және әкімшіліктен сайланатын мұндай комиссия, әрине, көп пайда келтірген болар еді; бірақ мұның үшін сайлаудың толық еркін болуы, депутаттардың толық тәуелсіз болуы шарт. Егер бастықтардың қалаған адамдарының сайлануына қарсы күрес жүргізетін, әкімшіліктің барлық қысымын әшкерелеп, оған батыл шабуыл жасайтын жұмысшылар жұмыстан шығарылатын болса, ондай комиссияның қандай пайдасы бар? Ал ондай жұмысшыларды жұмыстан шығарып қана қоймайды, тұтқынға да алады. Демек, мұндай комиссия жұмысшыларға пайда келтіретін болуы үшін, біріншіден, депутаттар фабрика бастықтарынан тәуелсіз болуы керек; ал бұған жұмысшылардың еркін одағы, өз кассасы бар және өз

депутаттарын қорғап қалуға әзір тұратын, көп фабрикаларды қамтитын одағы құрылса ғана жетуге болады. Көптеген фабрикаларды, мүмкіндігінше, бір кәсіптің барлық фабрикаларын біріктіргенде ғана комиссия пайдалы бола алады. Бұдан соң, мұның үшін, екіншіден, жұмысшылардың жеке басына тимеу қамтамасыз етілуі тиіс, яғни полиция мен жандармерия жүгенсіздік жасап, оларды өздігінен тұтқынға ала алмайтын болуы керек. Жұмысшылардың жеке басына тимеу қамтамасыз етілсін деген бұл талап қойылды да (7-п.). Бірак жұмысшылардың жеке басына тимеуді және одақтар еркіндігін қамтамасыз етуді (комиссияның жұмысы нәтижелі болуы үшін мұның керек екенін жоғарыда көрдік) жұмысшылар кімнен талап ете алады? — деген сұрақ туады. Тек мемлекеттік өкіметтен ғана талап ете алады, өйткені адамның жеке басына тимеудің және одақтар еркіндігінің болмауы орыс мемлекетінің негізгі заңдарына байланысты, тіпті ол ол ма: Россиядағы мемлекеттік басқару формасына байланысты. Басқару формасы жағынан Россия шек қойылмаған монархия болып табылады. Патша барлық билікке бір өзі ие, ол заңдарды бір өзі шығарады, халықты және халық өкілдерін ешбір қатынастырмай барлық жоғарғы чиновниктерді бір өзі тағайындайды. Мұндай мемлекет құрылысы жағдайында адамның жеке басына тимеу қамтамасыз етілмейді, жалпы алғанда, азаматтардың, әсіресе жұмысшылардың одақтары еркін бола алмайды. Сондықтан самодержавиелік үкіметтен адамның жеке басына тимеуді (және одақтар еркіндігін) қамтамасыз етуді талап етуде ешбір мағына жоқ: мұны талап ету халық үшін саяси праволарды талап етумен бірдей, ал самодержавиелік үкімет халықты саяси правосыз ұстайтындығынан да самодержавиелік деп аталады. Заң шығару, барлық мемлекет басқару ісіне *халық өкілдері* қатынасқанда ғана адамның жеке басына тимеуді (және одақтар еркіндігін) қамтамасыз етуге болады. Халық өкілдігі жоқ болып отырғанда, самодержавиелік үкімет жұмысшыларға бір қолымен беретін түкке тұрғысыз жеңілдіктерінің өзін екінші қолымен қайта тартып алып отырады. Харьков маевкасы мұны тағы да айқын көр-

сетті: жұмысшылар бұқарасының талап етуі бойынша губернатор тұтқындағыларды босатты, бірақ бірнеше күннен кейін Петербургтен берілген бұйрық бойынша ондаған жұмысшыны қайтадан қамауға алды! Губернияның және фабриканың бастықтары депутаттарға ешкім тимеуіне «кепілдік етеді», ал жандармерия бас салып ұстайды да, оларды оңаша түрмеге тығады немесе қаладан қуып, жер аударады! Мұндай кепілдіктің халыққа қандай пайдасы бар?

Сондықтан да жұмысшылар патшадан халық өкілдерінің кеңесін шақыруды, земство жиналысын шақыруды талап етулері тиіс. Харьковта биылғы жылдың бірінші майы алдында таратылған прокламацияда осы талап қойылды, сонымен, біз алдыңғы қатарлы жұмысшылардың бір бөлегі бұл талаптың маңызын толық түсінгенін көріп отырмыз. Біз бұл талаптың керектігін *барлық* алдыңғы қатарлы жұмысшылардың айқын түсінетін болуына, олардың жұмысшылар арасында ғана емес, жұмысшылармен араласатын және социалистер мен «қала» жұмысшылары не үшін күресіп жатыр? — деп соншама білгісі келетін халықтың барлық жіктері арасында да осы талапты тарататын болуына қам істеуге тиістіміз. Биылғы жылы фабрика инспекторының жұмысшыларға, затында, не керек деген сұрақтарына, бір ғана дауыс: «конституция» деп айқай салды, бұл дауыс жалғыз еді, сондықтан да тілші «бір пролетарий *айтып салды»* деп кекесінмен күлімсірей жазды. Енді бір тілші «бұл ретте» бұл жауап «біраз ерсі» болды деп ашық айтады («Харьковтағы жұмысшы қозғалысын» қараңыз, «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Харьков комитетінің» есебі, «Рабочее Дело» шығарған. Женева, сентябрь, 1900 ж., 14-бет). Дұрысын айтқанда, мұндай жауаптың ерсі көрінетін ештеңесі жоқ: бүкіл мемлекеттік құрылысты өзгерту керек деген мұндай дара талаптың жұмыс күнін жарты сағат қысқарту, жалақыны жұмыс уақытында беру деген сияқты талаптармен үйлеспегендігі ғана ерсі көрінуі мүмкін. Ал бұл соңғы талаптар мен конституцияны талап етудің арасында байланыстың бар екені күмәнсыз, ал егер біз

осы байланысты бұқараның түсінетін болуына жетсек (ал біз бұған сөзсіз жетеміз), онда: «конституция!» деген айқай жалғыз адамнан шыққан айқай болмай, мыңдаған, жүз мыңдаған ауыздан шығады, сонда бұл дауыс ерсі болмайды, айбарлы болады. Бір адам май мерекесі күндерінде Харьковта болғанында, жұмысшылар, затында, не тілейді деп арбакештен сұраған екен деседі, сонда арбакеш: «Көресіз бе, сегіз сағаттық жұмыс пен өздерінің газеті болуын талап етеді» деп жауап беріпті. Қайыр-садақа ретінде берілген ұсақ-түйекке жұмысшылардың қанағаттанбайтындығын, олар өздерін еркін адамдардай сезінгісі келетіндігін, өз мұқтаждары жөнінде еркін және ашық мәлімдегілері келетінін, сол мұқтаждары үшін күрескілері келетіндігін әлгі арбакеш түсініп қалған. Бірақ оның жауабынан жұмысшылардың бүкіл халық бостандығы жолында, мемлекет басқаруға қатынасу правосы жолында күресіп жатқандығын білетіндік байқалмайды. Патша халық өкілдерінің кеңесін шақырсын деген талапты Россияның барлық өнеркәсіпті қалалары мен фабрикалы жерлерінде жұмысшылар бұқарасы толық саналылықпен және қайтпас табандылықпен қайталап айтқанда, жұмысшылар социалистердің не тілейтіндігін және жұмысшылардың не үшін күресетіндігін барлық қала халқы, қалаға келуші барлық деревня адамдары түсінетін жағдайға қол жеткізгенде, міне, сонда халықты полициялық өктемдіктен азат етудің ұлы күні бізден оншама алыс болмайды!

1900 ж. 5(18) октябрь мен 3(16) ноябрь аралығында жазылған

1901 ж. январьда «Искра» шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

«Искра» газетінің 1-номерінің бірінші беті.—
Декабрь, 1900 ж.

РОССІЙСКАЯ СОЦІАЛЬ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РАБОЧАЯ ПАРТІЯ

ИСКРА

„Изъ искры возгорится пламя!"...
Отвѣтъ декабристовъ Пушкину.

№ 1. ДЕКАБРЬ 1900 ГОДА № 1.

НАСУЩНЫЯ ЗАДАЧИ НАШЕГО ДВИЖЕНІЯ

Русская соціалдемократія не разъ уже заявляла, что ближайшей политической задачей русской рабочей партіи должно быть ниспроверженіе самодержавія, завоеваніе политической свободы. Это заявляли больше 15 лѣтъ тому назадъ представители русской соціалдемократіи, члены группы „Осв. Труда", это заявили два съ половиной года тому назадъ и представители русскихъ соціалдемократическихъ организацій, образовавшіе весной 1898 года Россійскую Соціалдемократическую Рабочую Партію. Но не смотря на эти неоднократныя заявленія, вопросъ о политическихъ задачахъ соціалдемократіи въ Россіи снова выступаетъ на очередь въ настоящее время. Многіе представители нашего движенія выражаютъ сомнѣніе въ правильности указаннаго рѣшенія вопроса. Говорятъ, что преобладающее значеніе имѣетъ экономическая борьба, отодвигаютъ на второй планъ политическія задачи пролетаріата, съуживаютъ и ограничиваютъ эти задачи, заявляютъ даже, что разговоры объ образованіи самостоятельной рабочей партіи въ Россіи просто повтореніе чужихъ словъ, что рабочимъ надо вести одну экономическую борьбу, предоставивъ политику интеллигентамъ въ союзѣ съ либералами. Это послѣднее заявленіе новаго символа вѣры (пресловутое credo) сводится уже прямо къ признанію русскаго пролетаріата несовершеннолѣтнимъ и къ полному отрицанію соціалдемократической программы. А „Рабочая Мысль" (особенно въ отдѣльномъ Приложеніи) высказалась въ сущности въ томъ же смыслѣ. Русская соціалдемократія переживаетъ періодъ колебаній, періодъ сомнѣнія, доходящихъ до самоотрицанія. Съ одной стороны, рабочее движеніе отрывается отъ соціализма; рабочимъ помогаютъ вести экономическую борьбу, но имъ вовсе не разъясняютъ при этомъ или недостаточно разъясняютъ соціалистическихъ цѣлей и политическихъ задачъ всего движенія въ цѣломъ. Съ другой стороны, соціализмъ отрывается отъ рабочаго движенія: русскіе соціалисты опять начинаютъ все больше и больше говорить о томъ, что борьбу съ правительствомъ должна вести одними своими силами интеллигенція, ибо рабочіе ограничиваются лишь экономической борьбой.

Троякаго рода обстоятельства подготовили, по нашему мнѣнію, почву для этихъ печальныхъ явленій. Во-первыхъ, въ началѣ своей дѣятельности русскіе соціалдемократы ограничились одной кружковой пропагандистской работой. Перейдя къ агитаціи въ массахъ, мы не всегда могли удержаться отъ того, чтобы не впасть въ другую крайность. Во-вторыхъ, въ началѣ своей дѣятельности намъ приходилось очень часто отстаивать свое право на существованіе въ борьбѣ съ народовольцами, которые понимали подъ „политикой" дѣятельность, оторванную отъ рабочаго движенія, которые съуживали политику до одной только заговорщицкой борьбы. Отвергая такую политику, соціалдемократы впадали въ крайность, отодвигая на второй планъ политику вообще. Въ-третьихъ, разрозненно дѣйствуя въ мѣстныхъ мелкихъ рабочихъ кружкахъ, соціалдемократы недостаточно обращали вниманіе на необходимость организаціи революціонной партіи, объединяющей всю дѣятельность мѣстныхъ группъ и дающей возможность правильно поставить революціонную работу. А преобладаніе разрозненной работы естественно связано съ преобладаніемъ экономической борьбы.

Всѣ указанныя обстоятельства породили увлеченіе одной стороной движенія. „Экономическое" направленіе (поскольку тутъ можно говорить о „направленіи") создало попытки возвести эту узость въ особую теорію, попытки воспользоваться для этой цѣли модной бернштейніадой, модной „критикой марксизма", проводящей старыя буржуазныя идеи подъ новымъ флагомъ. Лишь эти попытки породили опасность ослабленія связи между русскимъ рабочимъ движеніемъ и русской соціалдемократіей, какъ передовымъ борцомъ за политическую свободу. И самая насущная задача нашего движенія состоитъ въ укрѣпленіи этой связи.

Соціалдемократія есть соединеніе рабочаго движенія съ соціализмомъ, ея задача — не пассивное служеніе рабочему движенію на каждой его отдѣльной стадіи, а представительство интересовъ всего движенія въ цѣломъ, указаніе этому движенію его конечной цѣли, его политическихъ задачъ, охрана его политической и идейной самостоятельности. Оторванное отъ соціалдемократіи, рабочее движеніе мельчаетъ и необходимо впадаетъ въ буржуазность: ведя одну экономическую борьбу, рабочій классъ теряетъ свою политическую самостоятельность, становится хвостомъ другихъ партій, измѣняетъ великому завѣту: „освобожденіе рабочихъ должно быть дѣломъ самихъ рабочихъ". Во всѣхъ странахъ былъ такой періодъ, когда рабочее движеніе и соціализмъ существовалъ отдѣльно другъ отъ друга и шли особой дорогой, — и во всѣхъ странахъ такая оторванность приводила къ слабости соціализма и рабочаго движенія; во всѣхъ странахъ только соединеніе соціализма съ рабочимъ движеніемъ создавало прочную основу и для того и для другого. Но въ каждой странѣ это соединеніе соціализма съ рабочимъ движеніемъ вырабатывалось исторически, вырабатывалось особымъ путемъ, въ зависимости отъ условій мѣста и времени. Въ Россіи необходимость соединенія соціализма и рабочаго движенія теоретически провозглашена уже давно, — но практически это соединеніе вырабатывается лишь въ настоящее время. Процессъ этой выработки есть очень трудный процессъ, и нѣтъ ничего особенно удивительнаго въ томъ, что онъ сопровождается разными колебаніями и сомнѣніями.

Какой-же урокъ вытекаетъ для насъ изъ прошлаго?

Исторія всего русскаго соціализма привела къ тому, что самой его насущной задачей оказалась борьба противъ самодержавнаго правительства, завоеваніе политической свободы; наше соціалистское движеніе концентрировалось, такъ сказать, на борьбѣ съ самодержавіемъ. Съ другой стороны, исторія показала, что въ Россіи оторванность соціалистической мысли отъ передовыхъ представителей трудящихся классовъ гораздо больше, чѣмъ въ другихъ странахъ, и что при такой оторванности русское революціонное движеніе осуждено на безсиліе. Отсюда сама собою вытекаетъ та задача, которую призвана осуществить русская соціалдемократія: внѣдрить соціалистическія идеи и политическое самосознаніе въ массу пролетаріата и организовать революціонную партію, неразрывно связанную съ стихійнымъ рабочимъ движеніемъ. Много уже сдѣлано въ этомъ отношеніи русской соціалдемократіей; но еще больше остается сдѣлать. Съ ростомъ движенія поприще дѣятельности для соціалдемократіи становится все шире, работа все разностороннѣе, все большее число дѣятелей движенія сосредоточиваетъ свои силы на осуществленіи различныхъ частныхъ задачъ, которыя выдвигаются повседневными нуждами пропаганды и агитаціи. Это явленіе совершенно законное и неизбѣжное, но оно заставляетъ обращать особое вниманіе на то, чтобы частныя задачи дѣятельности и отдѣльные пріемы борьбы не возводились въ нѣчто самодовлѣющее, чтобы подготовительная работа не возводилась на степень главной и единственной работы.

Содѣйствовать политическому развитію и политической организаціи рабочаго класса — наша главная и основная задача. Всякій, кто отодвигаетъ эту задачу на второй планъ, кто не подчиняетъ ей всѣхъ частныхъ задачъ и отдѣльныхъ пріемовъ борьбы, тотъ становится на ложный путь и наноситъ серьезный вредъ движенію.

Отодвигаютъ эту задачу, во-вторыхъ, тѣ, кто съуживаетъ содержаніе и размахъ политической пропаганды, агитаціи и организаціи, кто считаетъ возможнымъ и умѣстнымъ угощать рабочихъ „политикой" только въ исключительные моменты ихъ жизни, только въ торжественныхъ случаяхъ, кто слишкомъ заботливо размѣниваетъ политическую борьбу противъ самодержавія на требованіе отдѣльныхъ уступокъ отъ самодержавія и недостаточно заботится о томъ, чтобы эти требованія отдѣльныхъ уступокъ возвести въ систематическую и безповоротную борьбу революціонной рабочей партіи противъ самодержавія.

„Организуйтесь!" повторяетъ рабочимъ на разные лады газета „Рабочая Мысль", повторяютъ всѣ сторонники „экономическаго" направленія. И мы, конечно, всецѣло присоединяемся къ этому кличу, но мы непремѣнно добавимъ къ нему: организуйтесь не только въ общества взаимопомощи, стачечныя кассы и рабочіе кружки, организуйтесь также и въ политическую партію, организуйтесь для рѣшительной борьбы противъ самодержавнаго правительства и противъ всего капиталистическаго общества. Безъ такой организаціи пролетаріатъ не способенъ подняться до сознательной классовой борьбы, безъ такой организаціи рабочее движеніе осуждено на безсиліе, и одними только кассами, кружками и обществами взаимопомощи рабочему классу никогда не удастся исполнить лежащую на немъ великую историческую задачу: освободить себя и весь русскій народъ отъ его политическаго и экономическаго рабства. Ни одинъ классъ въ исторіи не достигалъ господства, если онъ не выдвигалъ своихъ политическихъ вождей, своихъ передовыхъ представителей, способныхъ организовать движеніе и руководить имъ. И русскій рабочій классъ показалъ уже, что онъ способенъ выдвигать такихъ людей: широко разлившаяся борьба русскихъ рабочихъ за 5-6 послѣднихъ лѣтъ показала, какая масса революціонныхъ силъ таится въ рабочемъ классѣ, какъ самыя отчаянныя правительственныя преслѣдованія не уменьшаютъ, а увеличиваютъ число рабочихъ, рвущихся къ соціализму, къ политическому сознанію и къ политической борьбѣ. Съѣздъ нашихъ товарищей въ 1898 г. вѣрно поставилъ задачу, а не повторилъ чужія слова, не выразилъ одно только увлеченіе „интеллигентовъ"... И мы должны рѣшительно взяться за выполненіе этихъ задачъ, поставивъ на очередь вопросъ о программѣ, организаціи и тактикѣ партіи. Какъ мы смотримъ на основныя положенія нашей программы, мы уже сказали, а подробно развивать эти положенія здѣсь, конечно, не мѣсто. Вопросамъ организаціоннымъ мы намѣрены посвятить рядъ статей въ ближайшихъ номерахъ. Это одни изъ самыхъ больныхъ нашихъ вопросовъ. Мы сильно отстали въ этомъ отношеніи отъ старыхъ дѣятелей русскаго революціоннаго движенія; надо прямо признать этотъ недочетъ и направить свои силы на выработку болѣе конспиративной постановки дѣла, на систематическую пропаганду правилъ веденія дѣла, пріемовъ надуванія жандармовъ и обхода сѣтей полиціи. Надо подготовлять людей, посвящающихъ революціи не одни только свободные вечера, а всю свою жизнь, надо подготовлять организацію, настолько крупную, чтобы въ ней можно было провести строгое раздѣленіе труда между различными видами нашей работы. Что касается, наконецъ, до вопросовъ тактики, то мы ограничимся здѣсь слѣдующимъ: соціалдемократія не связываетъ себѣ рукъ, не съуживаетъ своей дѣятельности однимъ какимъ-нибудь заранѣе придуманнымъ планомъ или пріемомъ политической борьбы, — она признаетъ всѣ средства борьбы, лишь бы они соотвѣтствовали наличнымъ силамъ партіи и давали возможность достигать наибольшихъ результатовъ, достижимыхъ при данныхъ условіяхъ. При крѣпкой организованной партіи отдѣльная стачка можетъ превратиться въ политическую демонстрацію, въ политическую побѣду надъ правительствомъ. При крѣпкой организованной партіи возстаніе въ отдѣльной мѣстности можетъ разростись въ побѣдоносную революцію. Мы должны помнить, что борьба съ правительствомъ за отдѣльныя требованія, отвоеваніе отдѣльныхъ уступокъ, это — только мелкія стычки съ непріятелемъ, это — небольшія схватки на форпостахъ, а рѣшительная схватка еще впереди. Передъ нами стоитъ во всей своей силѣ непріятельская крѣпость, изъ которой осыпаютъ насъ тучи ядеръ и пуль, уносящіе лучшихъ борцовъ. Мы должны взять эту крѣпость, и мы возьмемъ ее, если всѣ силы пробуждающагося пролетаріата соединимъ со всѣми силами русскихъ революціонеровъ въ одну партію, къ которой потянется все, что есть въ Россіи живого и честнаго. И только тогда исполнится великое пророчество русскаго рабочаго-революціонера, Петра Алексѣева: „подымется мускулистая рука милліоновъ рабочаго люда, и ярмо деспотизма, огражденное солдатскими штыками, разлетится въ прахъ!"

ВИЛЬГЕЛЬМЪ ЛИБКНЕХТЪ

(родился 29-го марта 1826 г., умеръ 7-го августа 1900 г.)

Со смертью старѣйшаго вождя германской соціалдемократіи революціонный пролетаріатъ всего міра лишился одного изъ своихъ наиболѣе замѣчательныхъ и неутомимыхъ борцовъ и руководителей. Не даромъ вѣсть объ его внезапной кончинѣ, какъ громомъ поразила передовыхъ рабочихъ всѣхъ цивилизованныхъ странъ. Не только изъ всѣхъ концовъ Германіи, но и изъ другихъ странъ Европы, да не одной лишь Европы, а и Америки, Австраліи, и даже изъ южной Африки, Японіи посланы были сочувственныя телеграммы, съ выраженіемъ глубокой скорби о незамѣнимой утратѣ, понесенной международной соціалдемократіей. Похороны Либкнехта приняли характеръ и размѣры величественной манифестаціи, въ которой приняли участіе сотни тысячъ, быть можетъ, около милліона нѣмецкихъ рабочихъ и представителей рабочихъ партій Англіи, Франціи, Австріи, Венгріи, Бельгіи, Даніи и разныхъ другихъ странъ. По единодушнымъ заявленіямъ всѣхъ добросовѣстныхъ газетныхъ корреспондентовъ, видѣвшихъ эту манифестацію, такихъ грандіозныхъ похоронъ не удостаивался еще ни одинъ король, ни одинъ императоръ.

Всеобщія глубокія симпатіи борющагося пролетаріата всего міра къ Либкнехту, съ такой силой и искренностью выразившіяся по случаю его кончины, пріобрѣтены были имъ многолѣтней службой дѣлу освобожденія рабочаго класса, неутомимыми усиліями его на пользу умственнаго и политическаго возвышенія эксплуатируемыхъ и угнетенныхъ рабочихъ массъ. Представить полную и разностороннюю оцѣнку его заслугъ передъ международнымъ пролетаріатомъ, — значитъ дать подробное описаніе его жизни и дѣятельности, по меньшей мѣрѣ, начиная съ шестидесятыхъ годовъ, т. е. приблизительно за сорокъ лѣтъ. Но начало его общественной дѣятельности относится къ революціи 1848 г., а выработка его убѣжденій и идеаловъ, на служеніе которымъ онъ отдалъ свои способности, началась еще раньше, въ тѣ времена, когда въ Германіи, какъ теперь въ Россіи, не только рабочіе, но и буржуазные классы, въ особенности образованные ихъ слои, терпѣли отъ правительственнаго произвола и устарѣлыхъ государственныхъ и общественныхъ порядковъ. Исторія жизни и дѣятельности Либкнехта тѣснѣйшимъ образомъ связана, поэтому, съ исторіей Германіи, а косвенно съ важнѣйшими моментами и событіями въ исторіи Европы, за періодъ болѣе продолжительный, чѣмъ полстолѣтіе. Для того, чтобы представить біографію Либкнехта въ такихъ широкихъ рамкахъ, надобно написать объемистую книгу. Здѣсь же мы ограничимся только сообщеніемъ нѣсколькихъ фактовъ изъ его, полной неутомимой дѣятельности и борьбы жизни, и главнымъ образомъ, изъ того періода ея, въ теченіе котораго онъ воспитался и подготовился къ роли вождя германскихъ рабочихъ.

* * *

По своему рожденію и воспитанію, Либкнехтъ принадлежитъ къ буржуазіи и именно къ тѣмъ ея слоямъ, которые у насъ извѣстны подъ названіемъ „интеллигенція". Какъ я уже сказалъ, во времена его дѣтства и юности, въ Германіи господствовало монархическое и полицейское самовластіе, отъ котораго больше всего страдали, конечно, низшіе городскіе классы да деревенскія массы, находившіяся сверхъ того, подъ гнетомъ помѣщиковъ; но терпѣли также и буржуазные классы, — торговцы, фабриканты, а въ особенности образованные ихъ слои, врачи, адвокаты, учителя, профессора и учащаяся, по преимуществу, университетская молодежь. Вслѣдствіе этого, буржуазія вообще, а интеллигенція въ особенности, проникнута была духомъ недовольства и оппозиціи. Наиболѣе благородныя натуры и горячія головы изъ интеллигенціи проникнуты были сочувствіемъ къ народнымъ страданіямъ, мечтали о такихъ общественныхъ порядкахъ, при которыхъ не было бы мѣста неравенству и несправедливости и старались даже распространять свои революціонныя и соціалистическія идеи среди рабочихъ. Внутри самой Германіи пропаганда эта велась, конечно, тайно, подъ страхомъ строжайшихъ наказаній. Но нѣмецкіе рабочіе, главнымъ образомъ, молодые подмастерья, имѣли тогда обыкновеніе перекочевывать изъ одного города въ другой и даже изъ одной страны въ другую. Благодаря этому обстоятельству, нѣмецкихъ рабочихъ въ 40-хъ и 50-хъ годахъ можно было встрѣтить сотнями не только въ Швейцаріи, Франціи, Бельгіи, сосѣднихъ съ Германіей странахъ, но даже и въ Англіи. Во всѣхъ этихъ государствахъ уже до революціи 1848 г. были конституціонные порядки, дававшіе рабочимъ большій или меньшій просторъ для саморазвитія и самодѣятельности. Туда направили свои главныя усилія тѣ изъ нѣмецкихъ соціалистовъ и революціонеровъ, которые стремились вызвать среди рабочихъ сознательное недовольство существующими порядками. Свободныя политическія учрежденія и антиправительственная и соціалистическая агитація туземныхъ оппозиціонныхъ партій и рабочихъ союзовъ въ названныхъ странахъ, конечно, въ свою очередь сильно способствовали умственному и политическому пробужденію нѣмецкихъ пролетаріевъ, на время или на долго водворявшихся тамъ. Результатомъ этого двойного воздѣйствія на нихъ было то, что Швейцарія, напр., уже въ 40-хъ годахъ покрылась сѣтью нѣмецкихъ рабочихъ обществъ. Союзъ коммунистовъ, образовавшійся въ Лондонѣ и издавшій, какъ извѣстно, знаменитый „Манифестъ Коммунистической Партіи", написанный Марксомъ и Энгельсомъ, также состоялъ, главнымъ образомъ, изъ нѣмецкихъ рабочихъ.

БІЗДІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫМЫЗДЫҢ КӨКЕЙТЕСТІ МІНДЕТТЕРІ

Орыс жұмысшы партиясының ең таяудағы саяси міндеті самодержавиені құлату, саяси азаттық алу болуға тиіс деп орыс социал-демократиясы әлденеше рет айтқап болатын. Мұны бұдан 15 жыл бұрын орыс социал-демократиясының өкілдері — «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері айтқан болатын; мұны 1898 жылдың көктемінде Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрған орыс социал-демократиялық ұйымдарының өкілдері де бұдан екі жарым жыл бұрын айтқан болатын. Бірақ, осы әлденеше қайтара айтылғанына қарамастан, Россиядағы социал-демократияның саяси міндеттері туралы мәселе қазіргі уақытта қайтадан кезекке қойылып отыр. Біздің қозғалысымызға қатысушы көптеген кісілер мәселенің жоғарыда көрсетілгендей шешілуінің дұрыстығына шек келтіреді. Экономикалық күрестің маңызы бұдан басым дегенді айтады, пролетариаттың саяси міндеттерін екінші кезекке шегіндіреді; бұл міндеттердің өрісін тарылтады және шектейді, тіпті Россияда дербес жұмысшы партиясын құру жөніндегі әңгіме әлдекімдердің сөздерін қайталаушылық, саясатты либералдармен одақтаса жүргізетін интеллигенттерге беріп, жұмысшылар тек қана экономикалық күресті жүргізуі керек,— дегенді айтады. Жаңа наным символының (атышулы «Credo») бұл соңғы мәлімдемесі тура орыс пролетариатын ер жетпеген деп тануға, социал-демократияның программасынан толық бас тартуға әкеліп саяды. «Рабочая Мысль» да (әсіресе «Жеке

қосымшасында»), асылында, дәл осы пікірді айтты. Орыс социал-демократиясы өзін өзі жоққа шығаруға дейін баратын ауытқулар дәуірін, күмәндану дәуірін басынан кешіріп отыр. Бір жағынан, жұмысшы қозғалысы социализмнен қол үзуде: жұмысшыларға экономикалық күрес жүргізуге көмек корсетіледі, бірақ мұнымен қатар жалпы қозғалыстың социалистік мақсаттары мен саяси міндеттері жұмысшыларға мүлдем түсіндірілмейді немесе жеткіліксіз түсіндіріледі. Екінші жағынан, социализм жұмысшы қозғалысынан қол үзуде: үкіметпен күресті интеллигенция жалғыз өзінің күшімен жүргізуі керек, өйткені жұмысшылар экономикалық күреспен ғана шектеледі,— дегенді орыс социалистері тағы да барған сайын жиірек қайталап айтуда.

Біздің ойымызша, бұл сияқты қайғылы құбылыстардың негізін әзірлеуге үш түрлі жағдай себеп болды. Біріншіден, орыс социал-демократтары өздері іске кіріскен бастапқы дәуірде тек қана үйірмелік насихат жұмыстарымен шектеліп қалды. Бұқара арасында үгіт жүргізуге кошкенде біз екінші ұшқарылыққа ауытқудан әрдайым аман болдық деуге болмайды. Екіншіден, өзіміздің іске кірісе бастаған уақытымызда «саясатты» жұмысшы қозғалысынан бөлек әрекет деп түсінген, саясатты тек қана заговорлық күрес шеңберімен шектеген халық еріктілеріне қарсы күресе отырып, өмір сүру правомызды жиі-жиі қорғауымызға тура келген еді. Мұндай саясатты қабылдамаймыз деп социал-демократтар екінші ұшқарылыққа ауытқыды, сөйтіп саясат атаулыны екінші кезекке ысырды. Үшіншіден, социал-демократтар жергілікті ұсақ жұмысшы үйірмелерінде бытыраңқы әрекет ете жүріп, жергілікті топтардың барлық қызметін біріктіріп отыратын, революциялық жұмысты дұрыс жолға салуға мүмкіндік беретін революциялық партияны ұйымдастырудың керектігіне көңілді аз бөлді. Ал бытыранды жұмыстың басым болуы табиғи түрде экономикалық күрестің басым болуына байланысты.

Осы айтылған жағдайлардың бәрі қозғалыстың бір жағымен ғана әуестенуді туғызды. «Экономикалық» бағыт (бұл жерде «бағыт» туралы айту мүмкін болып

отырғандықтан) бұл тар өрістілікті айрықша теорияға айналдыру әрекеттерін, осы мақсат үшін буржуазиялық ескі идеяларды жаңа түрге бояп өткізіп отырған сәнге айналған бернштейншілдікті және сәнге айналған «марксизмді сынауды» пайдаланып қалу әрекеттерін туғызды. Тек осы әрекеттердің өзі ғана орыс жұмысшы қозғалысы мен саяси бостандық жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ретіндегі орыс социал-демократиясының арасындағы байланысты нашарлату қаупін туғызды. Біздің қозғалысымыздың бүгінгі таңдағы ең шұғыл міндеті осы байланысты нығайту болып отыр.

Социал-демократия дегеніміз — жұмысшы қозғалысы мен социализмнің бірігуі, оның міндеті жұмысшы қозғалысына оның әрбір жеке сатысында енжар қызмет ету емес, тұтас алғанда бүкіл қозғалыс мүдделерінің өкілі болу, бұл қозғалысқа оның түпкі мақсатын, оның саяси міндеттерін көрсетіп отыру, оның саяси және идеялық дербестігін қорғау болып табылады. Социал-демократиядан қол үзген жұмысшы қозғалысы ұсақтайды, сөйтіп буржуазияшылдыққа ұрынады: жалғыз экономикалық күресті ғана жүргізуімен жұмысшы табы өзінің саяси дербестігінен айрылады, басқа партиялардың құйыршығы болады, «жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өз ісі болу керек» [134] деген ұлы өсиеттен айниды. Барлық елдерде жұмысшы қозғалысы мен социализм бір-бірінен бөлек өмір сүрген, әрқайсысы өз жолымен жүрген кезең болды,— және мұндай бөлектенушілік барлық елдерде де социализм мен жұмысшы қозғалысының әлсіреуіне әкеліп соқты; барлық елдерде социализм мен жұмысшы қозғалысының бірігуі ғана осы екеуінің қай-қайсысына болса да берік негіз жасады. Бірақ социализм мен жұмысшы қозғалысының бұл бірігуі әр елдің және әр кезеңнің жағдайларына қарай тарихи түрде және өзгеше жолмен болып отырды. Социализм мен жұмысшы қозғалысының бірігуінің керектігі Россияда теория жағынан әлдеқашан-ақ жарияланған, бірақ практика жүзінде бұл бірігу әрекеті енді ғана жасалып отыр. Бұл процесс өте қиын процесс, сондықтан ол процесте түрлі ауытқушылық пен күдіктенушіліктің кездесуі оншама таңқаларлық нәрсе емес.

Өткен кезеңнен біздер қандай сабақ алуға тиістіміз? Бүкіл орыс социализмінің тарихы социализмнің бүгінгі таңдағы өте шұғыл міндеті самодержавиелік үкіметке қарсы күресу, саяси бостандық алу болып табылатынына әкеліп сайды; біздің социалистік қозғалысымыз, былайша айтқанда, самодержавиеге қарсы күреске шоғырланды. Екінші жағынан, Россияда социалистік ой-пікірдің еңбекші таптардың алдыңғы қатарлы өкілдерінен қол үзушілігі басқа елдердегіден гөрі едәуір елеулі екенін, бұл сияқты қол үзу жағдайында орыс революциялық қозғалысы әлсіздікке душар болатынын тарих көрсетті. Осыдан орыс социал-демократиясының жүзеге асыруға тиісті болып отырған міндеті өзінен-өзі туады, бұл: пролетариат бұқарасының арасына социалистік идеяларды тарату және оның саяси санасын арттыру, стихиялық жұмысшы қозғалысымен нық байланысты революциялық партия құру міндеті. Бұл жөнінде орыс социал-демократиясы қазірдің өзінде көп нәрсе істеді; бірақ істеуге тиістілері одан да көп. Қозғалыстың өсуіне байланысты социал-демократияның іс көлемі де барған сайын кеңейе түседі, жұмыстың түрі де барған сайын көбейеді, қозғалыс қайраткерлерінің басым көпшілігі барған сайын насихат пен үгіттің күнбе-күнгі қажеттері алға тартып отырған түрлі жеке міндеттерді орындауға бар күшін жұмсайды. Бұл әбден заңды және сөзсіз болатын нәрсе; бірақ ол мыналарға айрықша көңіл бөлуді талап етеді: қызметтің жеке міндеттері және күрестің жеке әдістері қандай бір басым нәрсеге айналдырылмауы керек, әзірлік жұмысы басты жұмысқа және бірден-бір жұмысқа айналдырылмауы керек.

Жұмысшы табының саяси өсуіне, саяси ұйымдасуына жәрдемдесу — біздің басты және негізгі міндетіміз. Кімде-кім бұл міндетті екінші кезекке қалдырса, кімде-кім барлық жеке міндеттерді және күрестің жеке әдістерін осыған бағындырмаса, ол теріс жолға түседі, қозғалысқа үлкен зиян келтіреді. Бұл міндетті артқа ысырушылар, біріншіден, революционерлерді жұмысшы қозғалысынан бөлектенген жеке заговоршы үйірмелердің күшімен үкіметке қарсы күресуге шақыратындар. Бұл міндетті артқа ысырушылар, екіншіден, саяси насихат-

тың, үгіттің және ұйымның мазмұны мен өрісін тарылтатындар, жұмысшыларды олардың өмірлерінің тек ерекше кезеңдерінде ғана, салтанатты кездерде ғана «саясатпен» сыйлауды мүмкін және орынды деп табатындар; самодержавиеге қарсы саяси күресті самодержавиеден жеке жеңілдіктер алумен айырбастауға әзір тұратындар және жеке жеңілдіктер талап етуді революциялық жұмысшы партиясының самодержавиеге қарсы ұдайы, табанды күресінің дәрежесіне көтеруге жөнді көңіл бөлмейтіндер.

«Рабочая Мысль» газеті мен «экономикалық» бағытты жақтаушылардың бәрі жұмысшыларға: «ұйымдасыңдар!» — дегенді әр түрлі әуенге салып қайталай береді. Әрине, бұл ұранға біз де толығымен қосыламыз, бірақ біз бұған: өзара жәрдем қоғамдарына, стачка кассаларына және жұмысшылар үйірмелеріне ұйымдасып қана қоймай, сонымен қатар саяси партияға да ұйымдасыңдар, ұйымдасқанда самодержавиелік үкіметке қарсы, бүкіл капиталистік қоғамға қарсы үзілді-кесілді күрес ашу үшін ұйымдасыңдар,— дегенді қалай да қосамыз. Мұндай ұйымсыз пролетариат саналы тап күресін жүргізу дәрежесіне көтеріле алмайды, мұндай ұйымсыз жұмысшы қозғалысы әлсіз болмақ, жалғыз ғана кассалармен, үйірмелермен, өзара жәрдемдесу қоғамымен ғана жұмысшы табы өзіне жүктелген тарихи ұлы міндетті — өзін және бүкіл орыс халқын саяси және экономикалық құлдықтан азат ету міндетін — еш уақытта да орындай алмайды. Қозғалысты ұйымдастыру, оған басшылық ету қолынан келетін саяси көсемдерін, алдыңғы қатарлы өкілдерін шығармайынша, ешбір тап тарихта үстемдікке жете алған емес. Орыс жұмысшы табы да бұл сияқты адамдарды шығара алатынын әлден-ақ көрсетіп отыр: орыс жұмысшыларының соңғы 5—6 жылдарда кең өрістеген күресі жұмысшы табында қаншалықты революцияшыл күш қоры бар екенін көрсетті, үкіметтің барып тұрған сорақы қуғын-сүргіні социализмге, саяси санаға, саяси күреске артықша жігермен талпынған жұмысшылардың санын азайта алмағанын, қайта көбейтіп отырғанын көрсетті. Біздің жолдастарымыздың 1898 жылғы съезі міндетті дұрыс қой-

ды, басқалардың сөзіп қайталаған жоқ, «интеллигенттердің» жалғыз әуестенушілігін білдіріп қана қойған жоқ... Біз де партияның программасы, ұйымдасуы және тактикасы жөніндегі мәселені кезекке қойып, бұл міндеттерді орындауды батыл қолға алуға тиіспіз. Программамыздың негізгі ережелеріне қалай қарайтынымызды біз бұрын айтқанбыз, ал бұл жерде ол ережелерді тәптештеп айтып жатудың, әрине, орны жоқ. Ұйымдастыру мәселелеріне жақын арадағы номерлерде бірнеше мақала арнамақпыз. Бұл — біздің ең толғағы жеткен мәселелеріміздің бірі. Біз бұл ретте орыс революциялық қозғалысының ескі қайраткерлерінен көп артта қалдық; бұл кемшілігімізді тура мойындай отырып, жұмысты анағұрлым құпия жолмен жүргізу әдістерін белгілеуге, іс жүргізудің тәртібін, жандармдарды алдап кету, полицияның торына түспеу әдістерін үздіксіз насихаттауға күшімізді салуымыз керек. Революцияға тек қолы бос кешкі уақытын ғана емес, бүкіл өмірін сарп ететін адамдарды даярлау керек; жұмысымыздың барлық сан алуан түрлерінің арасында айқын еңбек бөлінісін жүргізуге болатындай ірі ұйымды дайындауымыз керек. Ең ақырында, тактика мәселелеріне келетін болсақ, ол жөнінде мынаны ғана айтамыз: социал-демократия күні бұрын жасалған қандай болса да бір жоспармен немесе саяси күрес әдісімен қолын байламайды, өз жұмысының шеңберін тарылтпайды; партияның қолда бар күшіне сәйкес келетін, белгілі бір жағдайда мүмкін болған неғұрлым жақсы нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін барлық күрес құралдарын дұрыс деп таниды. Берік ұйымдасқан партия бар жерде жеке стачка саяси демонстрацияға, үкіметті саяси жеңуге айналып кете алады. Берік ұйымдасқан партия бар жерде жеке бір жердегі көтеріліс жеңімпаз революцияға ұласып кете алады. Жеке тілектер үшін үкіметпен күресу, жеке жеңілдіктерді жеңіп алу — дұшпанмен болмашы ғана қақтығыс, алғы шептегі кіші-гірім шайқас екенін, ал шешуші шайқастар әлі алда екенін естен шығармауымыз керек. Біздің алдымызда барлық күшін бойына тас-түйін жинаған жау қамалы тұр; ол қамалдан бізге зеңбірек добы мен оқ жаңбырдай жауып, таңдаулы күрескерлерді арамыздан

жұлып кетіп жатыр. Біз бұл қамалды алуымыз керек, егер оянып келе жатқан пролетариаттың барлық күшін орыс революционерлерінің барлық күшімен біріктіріп, Россиядағы ынта-жігерлілердің, адал ниеттілердің бәрі қол созатын бір партияға қоссақ, сонда бұл қамалды біз аламыз да. Тек сонда ғана орыстың жұмысшы-революционері Петр Алексеевтің: «миллиондаған жұмысшы адамдардың құрыш қолы котерілер, сөйтіп солдат найзасымен қорғалған деспотизм бұғауы быт-шыт болар!» [135]— деген ұлы көрегендігі орындалады.

1900 ж. октябрьде—ноябрьдің бас кезінде жазылған

1900 ж. декабрьде «Искра» газетінің 1-номерінде басылған

Газет тексті бойынша басылып отыр

ҚЫТАЙ СОҒЫСЫ

Россия Қытаймен соғысты аяқтап келеді: бұған бірқатар соғыс округтері жұмылдырылды, жүздеген миллион сом ақша жұмсалды, ондаған мың әскер Қытайға жіберілді, әлденеше шайқастар болды, бірқатар жеңіске қол жетті,— рас, бұл жеңіс, жаудың тұрақты әскерлерін жеңуден гөрі, қытай көтерілісшілерін, одан да гөрі қарусыз қытайларды жеңу болды, сарайларды, үйлерді, дүкендерді талауды былай қоя тұрғанда, қарусыз жұртты суға батырып, соққыға жығудан, тіпті әйелдер мен балаларды да аяусыз қырып-жоюдан тартынбады. Сөйтіп, орыс үкіметі өзінің алдында малайлық қызметін атқаратын газеттермен бірігіп жеңісті тойлап жатыр, айбынды әскерлерінің жаңа ерліктерін айтып масайрауда, қытайлық тағылықтың европалық мәдениеттен жеңілгенін айтып масайрауда, орыстың «цивилизаторлық миссиясының» Қиыр Шығыстағы жаңа табыстарын айтып масайрауда.

Тек осынау масайраудың арасынан сан миллиондаған жұмысшы халықтың алдыңғы қатардағы өкілдері — саналы жұмысшылардың ғана дауысы естілмейді. Ал жаңа жеңімпаз жорықтардың барлық ауыртпалығын нақ осы жұмысшы халық көтереді: өйткені қайдағы бір қиырға жөнелту үшін осы жұмысшы халықтың қызметкерлерін алады, миллиондаған шығынды жабу үшін жұмысшы халықтан айрықша көтеріңкі алым-салық жинайды. Енді осы соғысқа социалистер қалай қарауға тиіс? ол кімнің мүддесі үшін жүргізіліп жатыр? орыс

үкіметінің жүргізіп отырған саясатының шын маңызы қандай? — деген мәселені зерттеп көруге әрекет жасалық.

Үкіметіміз, ең алдымен, тіпті Қытаймен соғыс жүргізіп жатқанымыз жоқ: тек көтерілісті басудамыз, бүлікшілерді басып жатырмыз, заңды Қытай үкіметіне заңды тәртіпті қалпына келтіруге көмектесіп отырмыз деп сендіреді. Рас, соғыс жарияланған жоқ, бірақ бұдан істің мәні ешбір өзгермейді, өйткені бәрібір соғыс жүріп жатыр. Қытайлар европалықтарға неге тиісті, ағылшындар, француздар, немістер, орыстар, жапондар, т. т. осыншама құлшынып күшпен басып-жаншып отырған бүлік неден туды? «Сары нәсілдің ақ нәсілге дұшпандығынан», «қытайлардың европалық мәдениет пен цивилизацияға өштігінен» — деп сендірмек болады соғысты жақтаушылар. Иә, қытайлар, шынында да, европалықтарды жек көреді, бірақ тек қандай европалықтарды және не үшін жек көреді? Қытайлар европалық халықтарды жек көрмейді — олармен қытайлар соқтығысқан емес,— қытайлар европалық капиталистерді және капиталистерге бағынышты европалық үкіметтерді жек көреді. Қытайға баю үшін ғана келген, өздерінің мақтаулы цивилизациясын алдау, тонау, зорлау үшін ғана пайдаланған, халықтың басын айналдыратын апиын саудасын істеуге право алу үшін Қытаймен соғыс ашқан (Англияның, Францияның Қытаймен 1856 жылғы соғысы), тонау саясатын христиан дінін тарату үшін деген екіжүзділікпен бүркеген адамдарды қытайлар жек көрмей тұра ала ма? Европаның буржуазиялық үкіметтері Қытай жөнінде мұндай тонау саясатын көптен бері жүргізіп келеді, ал енді бұл саясатқа орыс самодержавиелік үкіметі де келіп қосылып отыр. Бұл тонау саясатын отар саясаты деп атау дағдыға айналған. Капиталистік өнеркәсібі жылдам өсіп келе жатқан елдің қайсысы болса да көп кешікпей отар іздей бастайды, яғни өнеркәсіп өнімін өткізуге, сөйтіп сол арқылы көп ақша табуға болатын, өнеркәсібі нашар дамыған, белгілі бір дәрежеде патриархтық тұрмыс құратын елдерді іздестіреді. Сонымен, бір шоғыр капиталистердің баюы үшін буржуазиялық үкіметтер үздіксіз соғыс жүргізді, сол-

даттардың талай полктерін ауасы нашар тропиктік елдерге апарып қырды, халықтан жинаған миллиондаған ақшаны шашты, халықты жанталасқан көтерілістерге, аштан қырылуға дейін жеткізді. Индияның жергілікті халықтарының Англияға қарсы [136] көтерілісін, Индияда болған ашаршылықты, немесе ағылшындардың бурлармен [137] қазіргі соғысын еске түсіріңіздер.

Енді, міне, Европа капиталистерінің ашқарақ шеңгелі Қытайға жұмсалып отыр. Қазірде өзінің «арам ойының» жоқтығын айтып ант-су ішіп отырған орыс үкіметі де Қытайға бәрінен бұрын дерлік ұмтылды. Орыс үкіметі «арам ойсыз» Қытайдан Порт-Артурды алды, Маньчжурияға темір жол сала бастады, оны орыс әскерлері қорғамақшы. Европа үкіметтері бірінен соң бірі қытай жерін «арендаға алдым» дегенсіп, талауға құлшынып кіріскені сондай — Қытайды бөлісу жөніндегі әңгіме осыдан барып шықса керек. Егерде әр нәрсені өзінің атымен атайтын болсақ, европалық үкіметтер (соның ішінде, орыс үкіметін бірінші деуге де боларлық) қазірдің өзінде-ақ Қытайды бөліске салуды бастады деу керек болады. Бірақ олар бұл бөліске ашықтан-ашық кіріскен жоқ, ұрыларша бой тасалап кірісті. Олар Қытайды өлікті тонағандай тонауға кірісті, ал осы өлік болып көрінген ел қарсылық жасағысы келіп еді, олар тағы хайуандарша тап берді, бүтіндей деревняларды өртеп, Амур суына батырып, қарусыз халықты, олардың бала-шағаларын атып, найзаға шаншып қырғынға ұшыратты. Бұл христиандық ерліктің бәрі де мәдениетті европалықтарға батылы барып қол көтерген жабайы қытайларға қарсы жорық деген айқай-шумен жүргізіліп отыр. Россияның самодержавиелік үкіметі өзінің 1900 жылғы 12 августағы басқа мемлекеттерге жолдаған нұсқау нотасында: Ньючжуанды алу және орыс әскерін Маньчжурия жеріне енгізу — уақытша шаралар, бұл шаралар «тек қытай бүлікшілерінің агрессияшыл қимылына бөгет жасау керек болғандықтан істеліп отыр»; бұл «императорлық үкіметтің саясатына мүлдем жат арам оймен жасалған жоспар бар дегенге ешбір дәлел бола алмайды»,— дейді.

Сорлы императорлық үкімет! Ол христианша адал-ақ, ал оны нақақ ренжітеді-ау! Ол бұдан бірнеше жыл бұрын адал ниетпен Порт-Артурды тартып алды, енді адал ниетпен Маньчжурияны басып алып жатыр, адал ниетпен Россияға шектес Қытай облыстарына өзінің мердігерлерін, инженерлерін, офицерлерін толтырып отыр, олар өздерінің қылығымен көнбістігі әлемге әйгілі қытайларды да ашындырып отыр. Қытай темір жолын салып жатқан жұмысшы-қытайларға олардың күн көруіне күніне 10 тиыннан төледі,— Россияның адал ниеттілігі осы емес пе?

Әйтседе үкіметіміздің Қытайда осынша ақылға сыймайтын саясат жүргізуін немен түсіндіруге болады? Бұл саясат кімге пайдалы? Бұл саясат Қытаймен сауда жасасатын бір шоғыр шонжар капиталистерге пайдалы, Азия рыногында сатуға товар өндіріп отырған бір шоғыр фабриканттарға пайдалы, шұғыл соғыс заказдарынан қыруар ақша тауып отырған бір шоғыр мердігерлерге пайдалы (әскерге қару-жарақ, оқ-дәрі және т. с. жасап отырған бірқатар заводтар қазірде жанталаса жұмыс істеп, жүздеген күндікші жұмысшыларды үстемелеп жалдап отыр). Мұндай саясат азаматтық және әскери қызметтерде үлкен орында отырған бір шоғыр дворяндарға пайдалы. Оларға ғажайып оқиғалар саясаты керек, өйткені онда өздерін көрсетуге, мансап табуға, «ерлік» даңқ шығаруға болады. Осы бір шоғыр капиталистер мен чиновник жылпостардың мүддесі үшін біздің үкіметіміз бүйірі бүлк етпестен бүкіл халықтың мүддесін құрбан қылады. Самодержавиелік патша үкіметі бұл ретте де ірі капиталистер мен дворяндарға құлшылық ететін жауапсыз чиновниктердің үкіметі болып шығады, ол қашан да солай еді.

Орыс жұмысшы табы мен жалпы жұмысшы халқына Қытайдан жер жаулап алудан қандай пайда бар? Жұмыс істейтін адамдары соғысқа алынғандықтан азып-тозған мыңдаған семьялар, мемлекеттің борышы мен шығынының орасан өсуі, салықтың көбеюі, капиталистердің, жұмысшыларды қанаушылардың өктемдігінің күшеюі, жұмысшылардың тұрмыс жағдайының нашарлауы, шаруалар өлімінің бұрынғыдан да көбейе түсуі,

Сибирьдегі ашаршылық — міне, қытай соғысының не туғызатыны және туғызып отырған нәрселері осылар. Бүкіл орыс баспасөзі, барлық газеттер мен журналдар құлдықта отыр, үкімет чиновниктерінің рұқсатынсыз олар еш нәрсені де баса алмайды,— осы себептен де қытай соғысының халыққа қаншаға түсіп отырғаны жөнінде дәл мәліметіміз жоқ, бірақ соғыстың *талай жүздеген миллион сом* ақша шығынын керек қылатыны сөзсіз. Жарияланбаған указ бойынша, үкімет соғысқа бірден 150 миллион сом берді деген мағлұмат бар, ал оның үстіне, соғыстың күнделік шығындары әрбір үш немесе төрт күнде *бір миллион сомнан* жұтып тұрады деген мәліметтер бар. Ашыққан шаруаларға берілетін жәрдемді әр тиынға бола саудаласып үздіксіз қысқартып келген, халық ағарту ісіне ақша таба алмайтын, қазына заводтарындағы жұмысшыларды, почта және т. б. мекемелердегі ұсақ қызметшілерді нағыз кулакша сүліктей соратын үкімет осыншама көп ақшаны далаға шашуда!

Финанс министрі Витте 1900 жылдың 1 январына қазынада басы ашық 250 миллион сом бар дегенді мәлімдеген-ді,— қазірде ол ақша жоқ, оның бәрі соғысқа жұмсалып кетті, үкімет қарыз іздеп отыр, салықты арттырып отыр, ақшаның жоқтығынан керекті шығыннан бас тартып отыр, темір жол салу жұмыстарын тоқтатып отыр. Патша үкіметі банкрот болып қалу қаупі үстінде тұр, сонда да ол шапқыншылық саясатына ұмтылуда, бұл көп ақша қаражатын керек ететін ғана саясат емес, бұдан да қорқыныштырақ соғысқа тарту қаупі бар саясат. Қытайға жабыла ат қойған европалық мемлекеттер қазірдің өзінде-ақ олжаны бөлісуге байланысты өзара жанжалдаса бастады, бұл жанжалдың аяғы қалай болып бітетінін ешкім де айта алмайды.

Бірақ патша үкіметінің Қытайдағы саясаты тек халық мүддесін аяққа басу ғана емес, ол саясат халық бұқарасының саяси санасын аздыруға тырысады. Найзаның күшіне ғана сүйеніп тұрған үкіметтер, халықтың ашынуын ұдайы тежеп немесе күшпен басып тұрған үкіметтер халық наразылығын еш нәрсемен де жоюға болмайтыны ақиқат екенін әлдеқашан түсінген; бұл на-

разылықты үкіметтен басқа жаққа аударуға әрекет жасап көру керек. Мысалы, еврейлерге дұшпандықты қоздырады: капиталдың, полициялық үкіметтің езуінен орыс жұмысшылары сияқты еврей жұмысшылары да жәбірленіп отырмағандай, көше газеттері еврейлерге қарсы айдап салады. Қазіргі уақытта баспасөзде қытайларға қарсы жорық басталды, жабайы сары нәсіл жөнінде, оның цивилизацияға дұшпандығы жөнінде, Россияның ағартушылық міндеті жөнінде, орыс солдаттарының соғысқа қатты құлшынып баратындығы жөнінде және т. т. жөнінде шуылдасуда. Үкіметтің алдында, ақшалы қапшық алдында құрдай жорғалайтын журналистер халық арасында Қытайға өшпенділік туғызу үшін аянып жатқан жоқ. Бірақ қытай халқы орыс халқына еш уақытта, еш нәрсемен де қысым жасаған жоқ: қытай халқының өзі де орыс халқының діңкесін құртқан зұлымдықтан жапа шегіп отыр, ашыққан шаруалардан алым-салық алатын, азаттыққа қол созуды әскер күшімен жаныштайтын азиялық үкіметтен, Орта патшалыққа да өтіп алған капиталдың езуінен жапа шегіп отыр.

Орыс жұмысшы табы халық бұқарасының басындағы саяси жаншылудан, қараңғылықтан шыға бастап отыр. Сондықтан барлық саналы жұмысшылардың борышы — ұлт өшпенділігін қоздырып отырғандарға, жұмысшы халықтың назарын оның нағыз дұшпандарынан басқа жаққа аударып отырғандарға барлық күшімен қарсы шығу. Патша үкіметінің Қытайда жүргізіп отырған саясаты халықты бұрынғыдан бетер күйзелтетін, бұрынғыдан бетер бұза түсетін, езе түсетін қылмысты саясат болып табылады. Патша үкіметі тек біздің халқымызды құлдықта ұстап қана отырған жоқ,— орыс халқын өзінің құлдық жағдайына қарсы көтеріліске шыққан басқа халықтарды басуға да жұмсап отыр (1849 жылы орыс әскерлерінің Венгриядағы революцияны басқанындай). Патша үкіметі орыс капиталистерінің өз жұмысшыларын қанауына көмектесіп қана отырған жоқ, жұмысшылардың бірігуіне, өздерін-өздері қорғауына жол бермеу үшін қолдарын байлап қана отырған жоқ, бір шоғыр байлар мен шонжарлардың мүддесіне бола басқа халық-

тарды талауға әскер жұмсап отыр. Жұмысшы халыққа соғыс кигізгелі отырған жаңа қамыттан құтылу үшін жалғыз-ақ құрал бар, ол: үкіметтің озбырлығына тыйым салатын, оған тек патша сарайы маңындағы шайқаның мүддесімен ғана санасуды қойғызатын халық өкілдері жиналысын шақыру.

1900 ж. сентябрь — октябрьде жазылған

1900 ж. декабрьде «Искра» газетінің 1-номерінде басылған

Газет тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ОДАҒЫНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ [138]

Биылғы жылы көктемде Швейцарияда Орыс социал-демократтары одағы мүшелерінің съезі болып, оның аяғы жікке бөлінуге әкеліп соқты. Мүшелердің азшылығы, Одақты құрған және 1898 жылдың күзіне дейін Одақтың шығаратын басылымдарының редакторы болған «Еңбекті азат ету» тобын басшы етіп, Орыс революциялық «Социал-демократ» ұйымы деген атпен айрықша ұйым құрды. Көпшілік, соның ішінде «Рабочее Дело» органының редакциясы, өзін Одақ деп атауда. 1898 жылғы көктемде болған және «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын» құрған орыс социал-демократтарының съезі Одақты біздің партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Қазір, шетелдік Одақ екі бөлініп отырған жағдайда, өкілдік туралы мәселеге біз қалай карауға тиістіміз? Біз екі бөлінудің себептері туралы мәселені егжей-тегжейіне дейін қарап жатпаймыз. Плеханов Одақтың баспаханасын басып алып қойыпты-мыс деген соншалықты етек алған, соншалықты ауыр айыптың теріс екенін ғана атап көрсетеміз. Ал шынында екі бөлінген Одақтың бір жақ бөлігіне баспахананы тұтас беруден баспахана басқарушысы бас тартқан, сондықтан көп ұзамай екі жақ бірдей баспахананы өздері бөлісіп алған. Біздің тұрғыдан қарағанда, айтыстың мазмұны жағынан «Рабочее Делоныкі» дұрыс емес деген факт неғұрлым салмақтырақ: «Рабочее Дело» «экономикалық» бағыт болмады деп қателесті, ол бұл бағыттың ұшқары жақтары жайында үндемеу,

оларға қарсы ашық күресуден бас тарту тактикасын ұстап қателесті.

Осы себептен біз,— әдебиет басып шығару және ол әдебиетті жеткізіп беріп тұру жолында көп қызмет еткен «Рабочее Делоның» еңбектерін ешбір жоққа шығармай-ақ,— екі бөлінген ұйымның бір бөлегін партиямыздың шетелдік өкілі деп танудан бас тартамыз. Партияның келесі съезі шешкенге дейін бұл мәселе ашық күйінде қалуға тиіс. Орыс социал-демократиясының қазіргі уақыттағы ресми шетелдік өкілдері — осы жылдың күзінде Париждің халықаралық социалистік конгресі құрған тұрақты халықаралық комитеттің орыс мүшелері болып табылады [139]. Россиядан комитетке екі мүше сайланды: Г. В. Плеханов пен Б. Кричевский («Рабочее Дело» редакторларының бірі). Орыс социал-демократтарының екі фракциясының арасында бітім немесе келісім жасалғанға дейін біз Россияның өкілдігімен байланысты қатынастардың бәрін Г. В. Плеханов арқылы жүргізбекшіміз. Ақырында, тұрақты халықаралық комитетте Россиядан кімнің секретарь болуын қалайтынымыз туралы мәселе жөнінде де дауыс беруге тиістіміз. Қазіргі уақытта, «марксизмді сынау» туын ұстап, буржуазиялық идеологиямен және бақайшағына дейін қаруланған жауларға (буржуазиялық үкіметтерге) үнтүнсіз бой сұну саясатымен социал-демократияны аздыруға тырысушылық орын алып отырған кезде, осындай маңызды орын ағынға қарсы тұра алатын, ой-пікір солқылдақтығына қарсы ықпалды сөзін айта алатын адамға берілуі керек-ақ болып отыр. Осы себептен, сол сияқты жоғарыда айтылған жайтты ескере отырып, біз Г. В. Плехановты жақтап дауыс береміз.

1900 ж. кеш дегенде 25 ноябрьде (8 декабрьде) жазылған

1900 ж декабрьде «Искра» газетінің 1-номерінде басылған

Газет тексті бойынша басылып отыр

1900 ЖЫЛҒЫ 29 ДЕКАБРЬДЕГІ ЖАЗБА

29/XII. 1900. Сенбі, түнгі сағат 2.

Менің бүгін «егіздің сыңарымен» әңгімеден алған әсерімді жазып қойғым келеді. Бұл өзінше бір маңызды және «тарихи» жиналыс болды (Арсеньев, Велика, егіздің сыңары+әйелі+мен), басқасын қайдам, тап менің өміріmдегі бүкіл бір дәуірдің болмағанмен, өмір кезеңінің қорытындысын шығаратындай және ұзақ уақытқа мінез-құлық пен өмірлік жолды белгілеп берерліктей тарихи жиналыс болды.

Істің жайын бастапқыда, Арсеньевтің айтуына қаран, мен егіздің сыңары бізге бет түзеп келе жатыр ғой және өз тарапынан бізге қарай қадам жасағысы келеді екен деп түсініп едім — мұның нақ керісінше болып шықты. Бұл ғажайып қате, сірә, мынадан болды: егіздің сыңары «қызықтырған» нәрсені, атап айтқанда, саяси материалды, хат-хабарды etc. *, Арсеньев өте-мөте тілеген болса керек, ал «нені тілесең, соған сенерсің» деген, сондықтан Арсеньев егіздің сыңары қызықтырған нәрсеге сенді, егіздің сыңары адал ниетті, онымен тәп-тәуір modus vivendi ** мүмкін деп сенгісі келді.

Нақ осы жиналыс мұндай сенімнен біржолата және түпкілікті айырды. Егіздің сыңары өзін мүлдем жаңа қырынан танытты, өзінің барып тұрған «саясатшы», ең жаман мағынада саясатшы екенін, саясатшы-сымақ, алаяқ, уақ саудагер және арсыз адам екенін көрсетті. Ол келгенде, *бізді әлсіз деген толық сеніммен келген,*—

* — et cetera — тағысын-тағыларды. *Ред.*
** — ымыраласу әдісін табу. *Ред.*

келіссөздің нәтижелерін Арсеньевтің өзі осылай деп тұжырды және оның бұл тұжырымы әбден дұрыс еді. Егіздің сыңары бізді әлсіз деген сеніммен келді, бізге *берілу* шартын ұсынбаққа келді және ол мұны бір ауыз қатты сөз айтпастан, асқан шеберлікпен сездірді де, бірақ ең жаңа «сыншының» осы бір әсемсінген, мәдениетті пішіні қарапайым либералдың дөрекі, саудакүнем тұлғасын жасырып тұрғанын аңғартып алды.

Оның, егіздің сыңарының, жай қызметкер болып неге келгісі келмейтіні жөніндегі менің сауалыма (мәжілістің іске қатынасты бөлімі осыдан басталды) ол өзіне «бүйідей тиетін» (өзі тап осылай деді) журналға қызмет етуі психологиялық жағынан мүмкін еместігін үзілді-кесілді айтып салды, сіздер мені сынайды екенсіздер де, ал мен сіздерге «саяси мақалалар жазады» екен (тап осылай деді!) деп өздеріңіз де ойламайтын боларсыздар деді, толық тең праволылық (яғни сыншылар мен ортодокстардың тең праволылығы болса керек) жағдайында ғана бірге істесу туралы сөз болуы мүмкін, мәлімдемеден * кейін оның жолдасы және досы [140] тіпті Арсеньевпен жолығуға барғысы да келмеді, оның, егіздің сыңарының, көзқарасын белгілейтін нәрсе мәлімдеме емес, мүлдем мәлімдеме емес, қайта мына жағдай: ол бұрын «тілеулестікпен жәрдем ету» ролін атқарумен тынғысы келсе, енді мұнымен тынатын ойы жоқ, қайта редактор да болғысы келеді (егіздің сыңары осыған жуықтатып айтты да!!). Егіздің сыңары мұның бәрін бірден айтып салған жоқ, оның бірге қызмет істесуі туралы келіссөз едәуір ұзаққа (Арсеньев пен Веливаның пікірінше, тым ұзаққа) созылды, бұл джентльменмен тіл табыса алмайтынымыз маған осы келіссөздерден толық айқын болды.

Мұнан соң ол өз ұсынысын өткізуге тырысты: бірдей правомен 3-ші саяси орган неге құрмасқа, бұл оған да, бізге де тиімді (газетке материал болады, бұған берілетін қаржыдан ондай-мұндай «табыс табамыз»), ол орган мұқабасының сыртында социал-демократиялық ештеме болмауға тиіс, біздің фирмамызды көрсететін

* — Қараңыз: осы том, 384—390-беттер. *Ред.*

ештеме болмауға тиіс, біз бұл органға барлық жалпы саяси материалымызды да беруге тиістіміз (ресми емес, рухани тиістіміз) деген болжамын айтты.

Істің жайы айқын болды, сондықтан мен 3-ші орган құру туралы сөз болуы да мүмкін емес, бұл арада әңгіме саяси күресті социал-демократия жүргізуге тиісті ме немесе либералдар өздігінен және өздерінше жүргізуге тиісті ме деген мәселеге тіреледі деп турасын айттым (мен айқынырақ, тұжырымды, дәлірек айттым). Егіздің сыңары түсінді де, кейіді, мен anerkennenswerter Klarheit * (сөзбе-сөз айтқаны!) айтқаннан кейін, ол туралы сөз қылудың да керегі жоқ екенін айтты, заказдар туралы — жинақтардың заказдары туралы ғана айту керек деді: бұл нақ сол 3-ші түрдегі журнал ғой (деп сөйлей бастадым мен). Онда, *қолда бар* жалғыз кітапшаның ғана заказы — деді егіздің сыңары. Қандай? деп сұрадым мен. Мұны біліп не керек — деді әйелі, ұятты былай қойып. Егер принцип жағынан мақұл деп санайтын болсаңыз, онда біз шешеміз, ал егер олай болмаса, онда білудің де керегі жоқ. Мен басып шығару шарттарын сұрадым: NN басылымы делінеді, басқа түк болмайды, Сіздің фирмаңыз туралы айтылмайды, Сіздің фирмаңызбен Verlag, **-тан басқа байланыс болмасқа тиіс — деді егіздің сыңары. Мен біздің фирмамыздың көрсетілуін талап етіп, бұған да қарсы шығып таластым — Арсеньев маған қарсылық білдірді де, әңгіме осымен үзілді.

Қорытындысында — шешімді кейінге қалдыруға келістік,— егіздің сыңарын Арсеньев пен Велика тағы да тықсыра бастады, *одан* түсінік бер деп талап етті, айтысты, мен енді үндемедім, күліп отыра бердім (мұны егіздің сыңары анық көрді), сонымен әңгіме көпке бармай аяқталды.

Бірінші рет 1924 ж.
Лениннің I жинағында
басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

---

* — мойындауға тұрарлық айқындықпен. *Ред.*
** — баспадан. *Ред.*

СТРУВЕМЕН КЕЛІСІМНІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ [141]

«Заря» — «Искра» социал-демократиялық тобы мен «Бостандық» демократиялық оппозициясы тобының өкілдері өзара мынаған келісті:

1) «Заря» тобы осы аттас журналдың жанынан «Современное Обозрение» деп аталатын айрықша қосымша шығарады, оны редакциялауға «Бостандық» тобы қатысады.

2) Редакциялау мынадай негізге жүргізіледі: екі жақтың әрқайсысы екінші жақтың материалдары мен мақалалары жөнінде veto * правосымен пайдаланады.

3) Басылым программасы: а) үкіметтің **, үкімет қарауындағы, қоғамдық және сословиелік мекемелердің және т. с. қызметіне байланысты материалдар мен документтер.

b) Россияның ішкі қоғамдық өмірі, үкіметтің ішкі және сыртқы саясаты мәселелері жөніндегі мақалалар.

c) ішкі шолулар.

4) Екі жақ «Современное Обозрение» үшін материал жеткізіп беріп тұруға қамқорлық жасауға міндеттенеді. Бірақ «Заря» редакциясы 3-параграфта көрсетілген тақырыптар бойынша өзіне келіп түскен материалды өзінің арнайы басылымдарында тек сипаты жағынан неғұрлым лайықты деп табылған жағдайда ғана жариялай алады.

---

* — тыйым салу. *Ред.*

** Петитпен терілген текст А. Н. Потресовтың қолымен жазылған. *Ред.*

5) «Современное Обозрениені» шығару, тасымалдау және тарату жөніндегі барлық жұмысты «Заря» тобы өз міндетіне алады. Өз тарапынан X тобы мұнымен байланысты туатын шығынның бәрін көтереді.

6) Аталған кәсіп жойылған жағдайда «Современное Обозрениенің» қолда бар даналарын екі жақ тең бөліп алады.

Ескерту. «Заря» редакциясы «Современное Обозрениенің» мұқабасында өзінің басылымдары туралы хабарландырулар басуға праволы.

1901 ж. 17(30) январьдан ертерек жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

183 СТУДЕНТТІҢ СОЛДАТҚА БЕРІЛУІ *

11 январьда газеттерде Киев университетінің 183 студентінің «топтасып тәртіпсіздік істегені үшін» солдатқа берілгендігі туралы халық ағарту министрлігінен үкімет хабары жарияланды. Студенттерге де, қоғамға да қатер болып табылатын 1899 жылғы 29 июльдегі уақытша ереженің шыққанына жыл жарым толған жоқ, әйтсе де ол қолданылып отыр және де үкімет бүкіл бір айыптау актісін жазып, студенттердің зұлымдығын суреттеуге бояуды аямастан, адам айтқысыз жазалау шараларын қолданғандығы үшін ақталуға асыққандай болып отыр.

Зұлымдықтың бірінен-бірі асып түседі. Жазда Одессада жалпы студенттер съезі болады, оның программасы — оқу, қоғам және саясат тіршілігінің барлық жағдайлары жөнінде әр түрлі қарсылық білдіру үшін барлық орыс студенттерін ұйымдастыру болады. Осындай қылмысты саяси мақсаттары үшін барлық делегат-студенттер тұтқындалады, документтері тартып алынады. Бірақ толқу бәсеңсімейді, қайта күшейіп, *көптеген* жоғары оқу орындарында үсті-үстіне біліне бастайды. Студенттер өздерінің ортақ істерін емін-еркін, өздігінен талқылап, өздері басқаруды тілейді. Олардың бастықтары,— ежелден орыс чиновниктерінің өзгешелігі болған немқұрайдылық формализммен,— не болса соған тиісіп жауап береді, қарсылықты шегіне дейін жеткізеді, әлі буржуазиялық жігерсіздіктің батпағына бата қоймаған

* Үкімет хабары жарияланған кезде номер шығуға әзірленіп қойылған еді.

жастарды полициялық және чиновниктік өктемдіктің бүкіл жүйесіне қарсыласу пікіріне еріксіз итермелейді.

Киев студенттері кетіп қалған жолдастың орнын басып қалған профессордың аласталуын талап етеді. Бастықтар қарсы болады, жастарды «жиын мен демонстрацияға» дейін жеткізеді де... өздері шегінеді. Екі ақ жағалының бір қызды зорлауы сияқты (осындай лақап бар) пасықтықтың қалайша мүмкін болғандығын талқылау үшін студенттер жиын ашады. Бастықтар негізгі «айыптыларды» карцерге қамауға үкім етеді. Бұлар бағынудан бас тартады. Бұларды шығарады. Қалың нөпір адам қыр көрсетіп, шығарылғандарды вокзалға ұзатып салады. Жаңадан жиын шақырылады, студенттер ректор келгенше кетпейміз деп кешке дейін отырып алады. Бір отряд солдатты ертіп вице-губернатор мен жандармерия басқармасының бастығы келеді, солдаттар университетті қоршап алған соң, аудиторияға кіріп, ректорды шақыртады. Студенттер талап қояды — бәлкім, сіздер конституцияны талап етеді деп ойлайтын шығарсыздар? жоқ, олар карцерге қамау жазасы қолданылмауын, шығарылғандардың қайта алынуып талап етеді. Жиынға қатынасушыларды тіркеп жазып алып, үй-үйіне таратады.

Ойлап көріңіздерші: студенттер талабының жұпынылығы мен зиянсыздығы және үкіметтің үстемдік тірегіне біреу бейне бір балта шабайын деп тұрғандай абыржыған дүрмегі бір-бірімен таңғажайып үйлеспейді. Біздің «құдіретті» үкіметіміз осы дүрмегімен өзінің сырын ашып алды. Үкімет мүлдем тиянақсыз екенін өзі сезетіндігін, халықтың ашу-ызасынан қорғап отырған найза ұшы, қамшы күшіне ғана сенетіндігін осы қылығымен, қандай да болмасын «қылмысты үндеуде» айтылғаннан гөрі жақсырақ көрсетіп алды,— көрерге көзі, есітерге құлағы барлардың бәріне көрсетіп алды. Ондаған жыл тәжірибе алып ысылған үкіметтің: айналасы жанар май екеніне, титтей ұшқын шықса-ақ болғаны, карцерге қарсы наразылық болса болғаны — өрт лаулайтынына әбден көзі жеткен. Ал егер осылай болса, онда үлгі боларлық жаза керек: жүздеген студенттерді солдатқа беру керек! «Фельдфебельді Вольтерлікке беру керек!» [142] —

бұл формула ешбір ескірген жоқ. Қайта, тағдыр оның нағыз жүзеге асырылуын XX ғасырдың көруіне жазған.

Бұл жаңа жазалау шарасы, баяғыда өткен ескіні қайта туғызуға тырысқандығымен жаңа болып отырған шара, көп ой салады, көп теңеулерді еске түсіреді. Бұдан үш буын бұрын, Николай заманында, солдатқа беру орыстың крепостниктік қоғамының бүкіл құрылысына әбден сай келетін табиғи жаза болды. Дворян балаларын солдатқа бергенде дворяндық еркіндіктен айырып, қызмет еткізу, офицерлікке дейін қызмет еткізіп шығару үшін беретін еді. Шаруаны солдатқа бергенде адам айтқысыз «көк шыбық» [143] азабы және т. с. күтіп тұратын ұзақ жылдар каторгасына бергендей болатын еді. Ал енді бізде «жалпыға бірдей» әскери міндет қолданыла бастағанына ширек ғасырдан астам уақыт өтті, мұның қолданылуы бір кезде ұлы демократиялық реформа деп мадақталды. Тек қағаз жүзіндегі ғана емес, іс жүзіндегі әскери міндет сөзсіз демократиялық реформа болды: ол сословиеліктен қол үзіп, азаматтардың тең праволылығын енгізеді. Ал егер іс жүзінде осылай болса, онда солдатқа беру жаза бола алар ма еді? Егер де үкімет әскери міндетті жазаға айналдырып отырса, біздің *жалпыға бірдей* әскери міндеттен гөрі рекрутчинаға анағұрлым жақын тұрғанымызды ол осынысымен-ақ сипаттамай ма? 1899 жылдың уақытша ережелері европалық тәртіптерге бәрінен де көбірек ұқсас тәртіптеріміздің де екіжүзділік бүркеншігін жұлып тастайды және азиялық мазмұнын әшкерелейді. Шынына келгенде, бізде жалпыға бірдей әскери міндет болған емес және болмай отыр, өйткені атақты әулеттердің, байлардың артықшылықтары оларға орасан көп жеңілдік беріп отыр. Шынына келгенде, азаматтардың әскер қызметіндегі тең праволылығына ұқсас ештеме бізде болған емес, жоқ та. Қайта, казармада адам айтқысыз правосыздық рухы орасан мығым. Шаруалардан немесе жұмысшылардан шыққан солдат мүлдем қорғансыз, оның адамдық қасиеті аяққа тапталады, қорқытып пара алынады, үсті-үстіне ұру, соғу, сабау бар. Ал ықпалды байланыстары, ақшасы барлар жеңілдік алады, мұның біріне де ұшырамайды. Осындай озбырлық, зорлық-зомбылық

мектебіне берудің жаза бола алатыны және праводан айыруға шамалас келетін тіпті өте ауыр жаза бола алатыны таңқаларлық іс емес. Үкімет осы мектепте «бүлікшілерді» тәртіпке үйретпекші болады. Ол есебінен жаңылып отырған жоқ па екен? Орыстың әскери қызмет мектебі революцияға керекті әскери мектеп бола алмас па екен? Әрине, мұндай мектептің толық курсын өтуге барлық студенттердің бірдей күші жете бермейді. Біреулері ауыртпалыққа шыдамай титықтайды, әскери өкімет орындарымен соқтығыста қаза табады, енді біреулерін — әлсіздер мен жасықтарын — казарма шошытады, бірақ тағы біреулерін бұл мектеп шынықтырады, олардың ой-өрісін кеңейтеді, өздерінің азаттық талаптары жөнінде ойланып, сезінуіне мүмкіндік береді. Олар қазір өктемдіктің, езушіліктің барлық ауыртпалығын өз тәжірибесінен көріп отыр; олардың барлық адамгершілік қасиеті көбінесе «білімдіні» қасақана қорлайтын фельдфебельдің билігіне беріліп отыр. Олар іс жүзінде қарапайым халықтың жағдайы қандай екенін көреді, олар күн сайын өздері көріп, куә болатын қорлаушылық пен зорлық үшін қасірет шегеді, сөйтіп студенттердің көріп жүрген әділетсіздігі мен қиянаттары халық езілушілігі теңізінің тек бір тамшысы екенін олар түсініп шығады. Осыны түсінген адам әскер қызметінен шыққанда халықты деспотизмнен азат ету жолында халықтың алдыңғы қатарлы табымен бірге күресуге Аннибал антын [144] беріп шығады.

Бірақ жаңа жазаның қаталдығынан кем түспейтін оның қорлаушылығы да ашу-ыза тудырады. Үкімет айдаудағы стачкашы жұмысшыларды кесел мінезді адамдар деп жариялағаны сияқты, озбырлыққа қарсы наразылық білдірген студенттерді жай бұзақылар деп атап, әлі адалдық сезімінен айрылмаған адамдардың бәрін күреске итермелеп отыр. Үкімет хабарына көз жіберіңдерші: онда тәртіпсіздік, сотқарлық, бас-бұзарлық, ұятсыздық, жүгенсіздік деген сөздерден аяқ алып жүре алмайсыз. Бір жағынан, қылмысты саяси мақсат және саяси қарсылыққа ұмтылушылық бар деп тану; екінші жағынан — тәртіп сабағын үйретуді керек қылатын жай бұзақылар деп студенттерді кемсіту. Бұл — орыс жұрт-

шылық пікірінің бетіне шапалақпен соққандық, ал жұртшылық пікірінің студенттерге тілеулестігі үкіметке өте жақсы мәлім. Киевтіктердің айтқанын орындау, 1899 жылғы 29 июльдегі уақытша ережелердің өзгертілуін талап етіп, барлық жоғары дәрежелі оқу орындарында барлық оқушылардың ұстамды және табанды ереуілін жасау студенттердің бұған бірден-бір лайықты жауабы болар еді.

Бірақ үкіметке тек студенттер ғана жауап беруге міндетті емес. Бұл оқиғаның маңызын студенттер оқиғасынан анағұрлым артығырақ етіп көрсетуге үкіметтің өзі қам істеді. Өзінің жазалаудағы жігерлілігін мақтан еткендей-ақ, барлық азатшылдық талаптарды қорлағандай-ақ, үкімет қоғамдық пікірге үндеу тастайды. Халықтың барлық жіктеріндегі барлық саналы топтар құлдарша қорлық көруге үн-түнсіз төзе беретін көнбістердің жағдайына түскісі келмесе, үкіметтің бұл сұс көрсетуіне жауап беруге міндетті. Ал бұл саналы топтардың басшылығында алдыңғы қатарлы жұмысшылар және олармен тығыз байланысты социал-демократиялық ұйымдар тұр. Қазір студенттерге соншама қатты батып отырған полициялық өктемдіктен жұмысшы табының көріп отырған езілушілігі мен қорлығы өлшеусіз артық. Жұмысшы табы өзінің бостандығы жолында қазірдің өзінде-ақ күрес ашты. Сондықтан бұл ұлы күрес оған ұлы міндеттер жүктейтінін, бүкіл халықты деспотизмнен азат етпей тұрып өзін азат ете алмайтынын, қандай да болса саяси қарсылыққа бәрінен бұрын, бәрінен көбірек үн қосып, сол қарсылықты барынша қолдауға міндетті екенін ол есте ұстауға тиіс. Буржуазиялық қоғамның аяққа шырмалған қоқыр-соқырын сілкіп тастап, социалистердің қатарына қосылу қолынан келетінін, соған әзірлігін біздің білімді таптардың таңдаулы өкілдері дәлелдеді де, үкімет азаптап өлтірген мыңдаған революционерлердің қанымен есте қалдырды да. Сондықтан үкіметтің оқушы жастарға қарсы әскер жіберіп жатқандығына немқұрайды қарайтын жұмысшы социалист деген атаққа лайықты емес. Студент жұмысшыға жәрдемге келе жатты, енді жұмысшы студентке жәрдемдесуге тиіс. Үкімет халықты ақымақ қылғысы келіп,

саяси қарсылыққа талпыну тек бейбастақтық қана дегенді айтады. Бұл өтірік екенін, зорлық-зомбылықтың, бейбастақтықтың, жүгенсіздіктің нағыз ордасы — орыстың самодержавиелік үкіметі, полиция мен чиновниктердің октемдігі екенін жұмысшылар жұрт алдында айтып, қалың бұқарага түсіндіріп отыруға тиіс.

Ол қарсылықты қалай ұйымдастыру керек,— бұл арасын жергілікті социал-демократиялық ұйымдар мен жұмысшы топтары шешуге тиіс. Листок үлестіру, листок шашу, әр жерге листок жапсыру, жиналыс өткізіп, оған мүмкіндігінше қоғамның барлық таптарын шақыру — қарсылықтың ең қолайлы түрлері міне осындай. Бірақ аяғынан нық басқан мықты ұйымдары бар жерде жалпы жұрт демонстрациясын жасау арқылы неғұрлым кең, ашық қарсылық көрсету әрекетін істеген жөн болар еді. Харьковта өткен жылғы 1 декабрьде «Южный Край» редакциясының қарсы алдында болған демонстрация жақсы үлгі бола алады. Жарық сәулеге, бостандыққа талпынған қандай талапты болса да қудалайтын, біздің үкіметтің барлық айуандықтарын мадақтайтын бұл жексұрын газеттің мерекесі тойланып жатқан еді. Редакцияның алдына жұрт жиналып, «Южный Крайдың» бірнеше номерін салтанатты түрде парша-парша жыртты, газетті аттың құйрығына байлады, газетке ит орады, «сатылған баспасөз жоғалсын!» деп айқай салып, терезеге тас лақтырды, күкіртті сутегі толтырылған шыны лақтырды. Шынында, тек сатылған газеттердің редакциялары ғана емес, біздің барлық үкімет мекемелеріміз міне осылай құрметтелуге лайықты. Бастықтар рақым еткеп мерекені олар анда-санда бір тойлайды,— халық жазасының қызығын әрдайым көруге олар әбден-ақ лайық. Үкіметтің озбырлық пен зорлықтың қандай да болса белгісін көрсетуі әлгіндей демонстрация жасау үшін заңды сылтау болады. Енді студенттерді жазалау туралы үкіметтің ашық мәлімдемесі халық тарапынан ашық жауапсыз қалмайтын болсын!

1901 ж. январьда жазылған

1901 ж. февральда «Искра» газетінің 2-номерінде басылған

Газет тексті бойынша басылып отыр

КЕЗДЕЙСОҚ ЗАМЕТКАЛАР [145]

1901 ж. январьдың аяғында — февральдың басында жазылған

1901 ж. апрельде «Заря» журналының 1-номерінде басылған
Қол қойған: Т. Х.

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

№ 1

Апрѣль
1901-го г.



Die
Morgenrothe
Heft 1
April 1901

ЗАРЯ

Соціаль-демократическій научно-политическій журналъ. Издается при ближайшемъ участіи Г. В. Плеханова, В. И. Засуличъ и П. Б. Аксельрода.

Цѣна 2 руб.

Stuttgart
J. H W. Dietz Nachf. (G m. b H)
1901

«Заря» журналының 1-номерінің мұқабасы — Апрель, 1901 ж.

I. ҰРҒАНЫҢМЕН, ӨЛТІРМЕЙ ҰР

23 январьда Нижний Новгородта Москва сот палатасының айрықша коллегиясы *сословие өкілдерінің қатынасуымен* шаруа Тимофей Васильевич Воздуховтың өлтірілгендігі туралы істі қарады; Воздухов «айығу үшін» бөлімге жіберіледі де, онда полицияның төрт қызметкері: Шелеметьев, Шульпин, Шибаев, Ольховин және околотка надзирателі міндетін атқарушы Панов оны өлтіре сабайды — Воздухов ертеңіне-ақ ауруханада өледі.

Әдетте және ұдайы біздің полиция басқармаларында не істеліп жататынын айқын көрсететін бұл қарапайым істің түсінікті желісі осындай.

Өте қысқа жазылған газет хабарларына қарап топшылағанда, бүкіл оқиға мынадай болып шығады. 20 апрельде Воздухов арбакешпен губернатордың үйіне келеді. Губернатор үйінің бақылаушысы шығады, ол сотта берген жауабында Воздухов бөріксіз еді, арақ ішкен, бірақ мас емес еді, бір пароход пристані жол жүруге билет бермей қойды (?) деп шағым етіп еді деді. Бақылаушы күзетте тұрған городовой Шелеметьевке Воздуховты бөлімге апар деп бұйырады. Воздуховтың аз ішкендігі соншалық,—ол Шелеметьевпен сабырлы, тыныш сөйлеседі және бөлімге келгеннен кейін околотка надзирателі Пановқа өзінің аты-жөнін, атағын анықтап айтып береді. Осыған қарамастан, Шелеметьев — сірә, жаңа ғана Воздуховтан жауап алып болған Пановтың рұқсатымен болса керек,— Воздуховты бірнеше мас адам

отырған тұтқындар бөлмесіне апармай, тұтқындар бөлмесінің қатарындағы *«солдаттар бөлмесіне» «итермелеп кіргізеді»*. Итермелеп кіргізіп жатып ол қылышын есіктің ілгешегіне іліп алады да қолын сәл кесіп алады, қылышымды Воздухов ұстап тұр екен деп ойлайды, сонансоң қолымды кестің деп айқай салып, оған дүрсе қоя береді. Бар пәрменімен ұрады, бетіне соғады, кеудесіне, бүйіріне ұрады, ұрған сайын Воздухов етбетінен құлап, еденге басын соғып ала береді, кешірім сұрайды. «Не үшін ұрасыз?» — дейді ол, тұтқындар бөлмесінде отырған куәның (Семахиннің) айтуынша — «Кінәлы емеспін мен. Тәңір жарылқасын, кешіріңіз!». Нақ сол куәның айтуынша, Воздухов мас емес еді, қайта Шелеметьев мас еді. Шелеметьевтің Воздуховты «үйретіп жатқандығын» (айыптау актісінің сөзі!) оның жолдастары, пасханың алғашқы күнінен бастап (20 апрель — сейсенбі, пасханың үшінші күні) полицияда ылғи ішумен болған Шульпин, Шибаевтар біледі. Бұлар басқа бөлімнен келген Ольховинмен бірге солдаттар бөлмесіне барады, Воздуховты жұдырықтап ұрады, аяқтарымен таптайды. Околотка надзирателі Панов та келеді, ол кітаппен басына ұрады, жұдырығымен ұрады. «Сонша ұрды, сонша сабады,— дейді тұтқында отырған бір әйел,— менің қорыққаннан жүрегім ұшып кетті ме деп едім». «Үйрету» біткеннен кейін, околотка надзирателі таяқ жеушінің бетіндегі қанды жу деп Шибаевқа бұйрық береді,—өйткені таза болғаны сыпайырақ қой,—кім біледі бастықтар көріп қоя ма! Содан соң тұтқындар бөлмесіне апарып тық дейді. «Бауырлар! — дейді Воздухов басқа тұтқындарға — көрдіңдер ғой, полицияның қалай сабайтынын? Куә болыңдар, мен шағым етемін!» Бірақ ол шағым ете алмай кетеді: ертеңіне таңертең оның ессіз жатқан үстінен шығып ауруханаға жібереді, ауруханада ол есін жимастан, 8 сағаттан кейін өледі. Дәрігерлер ішін жарып қарағанда, он қабырғасының сынғанын, тұла-бойы қанталап кеткенін және миына қан құйылғанын анықтады.

Палата Шелеметьевті, Шульпинді, Шибаевты 4 жыл каторгаға, ал Ольховин мен Пановты тек «зәбір көрсетіп» кінәлы болды деп танып, *бір ай тұтқынға* кесті...

Бұл оқиғаны талдауымызды біз осы үкімнен бастайық. Каторгаға кесілгендер жаза туралы Заңдар жинағының 346-статьясы, 1490-статьясының 2-бөлімі бойынша айыпталды. 346-статья, өзінің қызметін атқару кезінде біреуді жарақаттаған немесе жарымжан еткен чиновникке «осындай қылмысы үшін белгіленген» ең жоғары жаза берілуге тиіс дейді. Ал, 1490-статьяның 2-бөлімі өлтіре сабағандық үшін 8 жылдан 10 жылға дейін каторга жазасын белгілейді. *Жоғары жазаның* орнына сословие өкілдері мен мемлекеттік судьялардың соты жазаны *екі саты төмендетеді* (6-саты: 8—10 жыл каторга; 7-саты — 4 жылдан 6 жылға дейін), яғни кінәны жеңілдететін жағдайлар болған күнде заң бойынша жол берілетін жазаны кеміту жолдарының бәрін барынша сарқа қолданады, оның үстіне сол төменгі сатыдағы *ең төменгі* жазаны тағайындайды. Қысқасы, айыпкерлердің тағдырын жеңілдету үшін сот қолынан келгенінің бәрін істеді, тіпті одан да артық істеп жіберді, өйткені «жоғары жаза» туралы заңнан бұлтарып кетті. «Жоғары әділеттік» төрт жыл емес, нақ он жыл каторга берілуін талап етсе екен деп біз, әрине, әсте айтпақшы емеспіз; маңыздысы — кісі өлтірушілердің кісі өлтіруші деп танылғандығы және каторгаға кесілгендігі. Бірақ мемлекеттік судьялар мен сословие өкілдері сотының өте-мөте бойына тән мына ниетін атап айтпай болмайды: бұлар полицияның қызмет адамдарын соттағанда оларға қандай да болса мархабаттық көрсетуге әзір; полицияға қарсы қылықтар үшін соттағанда бұлардың қасарысқан қаталдық істейтіні мәлім *.

* Біздің соттардың әр түрлі қылмыстар үшін беретін жазасы туралы сөз қозғау үшін тағы мына бір фактіні айта кетелік. Воздуховты өлтірушілерге сот болғанынан бірнеше күн кейін Москваның әскери округтік соты жергілікті артиллерия бригадасында қызмет ететін, цейхгаузға күзетке тұрған кезінде оның ішінен 50 шалбар, біраз етіктік былғары ұрлаған бір солдатты соттады. Үкім — төрт жыл *каторга*. Тағдыры полицияның қолына тапсырылған адамның құны күзеттегі солдатқа сеніп тапсырылған 50 шалбардың, бірнеше етіктік былғарының бағасымен бірдей болғаны. Бұл ерекше «теңеуден» біздің полициялық мемлекетіміздің бүкіл құрылысы айнадағыдай айқын көрінеді. Өкіметке қарағанда адамның жеке басы түк емес. Барлығы өкіметтің өз ішіндегі тәртіпте... бірақ, кешіріңіз: «барлығы» болғанда тек қарапайым ұсақ адамдар үшін ғана. Ұсақ ұры каторгаға жіберіледі, ал үлкен ұры, қазынаның мүлкін он мыңдап, жүз мыңдап соғып жүрген әлгі барлық шонжарлар, министрлер, банк директорлары, темір жол салушылар, инженерлер, мердігерлер және т. т. өте сирек ретте, ең оңбады дегенде шеткергі губернияларда тұруға жер аударылады, ал

Мәселен, околотка надзирателі мырзаға... ал, қалайша оған мархабаттық істемеске! Ол әкелінген Воздуховты қарсы алды, ол, сірә, Воздуховты тұтқындар бөлмесіне емес, әуелі — үйрету үшін — солдаттар бөлмесіне апаруға бұйырған болуы керек, ол жұдырық жұмсап та, кітап жұмсап та (заңдар жинағы болса керек) сабауға қатынасты, ол қылмыстың ізін құртуға (қанды жууға) бұйрық берді, ол 20 апрельде түнде қайтып келген осы бөлімнің приставы Мухановқа «сіздің қарамағыңыздағы бөлімде тегіс тыныштық» (сөзбе-сөз осылай!) деп рапорт берді,— бірақ оның кісі өлтірушілермен ешбір қатысы жоқ, ол тек ісімен реніш тудырғанына ғана, жай тек ісімен зәбір көрсеткеніне ғана, тұтқын жазасы берілетін дәрежеде ғана кінәлы. Кісі өлтіруде кінәсыз әлгі джентльменнің, Панов мырзаның, қазіргі уақытта да полицияда қызмет етіп, полиция уряднигінің орнын алып отырғандығы әбден табиғи нәрсе. Панов мырза тек қарапайым халықты «үйрету» жөніндегі өзінің пайдалы басқарушылық қызметін қаладан деревняға аударды. Ақиқатын айтшы, оқушы, урядник Панов палатаның үкімін: алдағы уақытта қылмыстың ізін жақсылап жасыр, «үйреткенде» із қалмайтындай ету керек деген ақыл деп қана түсінбей ме, бұдан басқаша түсіне ала ма. Сен өліп бара жатқан адамның бетінен қанды жуып тастаңдар деп бұйырған екенсің,— бұл өте жақсы, бірақ сен Воздуховтың өліп кетуіне жол бердің,— бұл, шырағым, абайсыздық; алдағы уақытта сағырақ бол және орыс Держимордасының: «ұр, бірақ өлтірмей ұр!» деген бірінші және ақырғы өсиетін мықтап жадыңда сақта.

Жалпы адамгершілік тұрғысынан қарағанда палатаның Пановқа шығарған үкімі әділетті сотты тура келемеж қылғандық; бұл барлық кінәны төменгі полиция қызметкерлеріне аудара салып, адам айтқысыз айуандықпен азаптауға рұқсат еткен, мұны мақұлдаған, өзі қолма-қол қатынасқан тікелей бастықты арашалап қалуға тек қана итаршылықпен ұмтылғандықты көрсете-

онда барып, ұрлық ақшаға рақат тұруға болады (Батыс Сибирьдегі банк ұрылары) және ол арадан оп-оңай тура шетелге тартып тұруға болады (жандарм полковнигі Мерапвиль де сен-Клэр).

ді. Заң тұрғысынан қарағанда, бұл үкім — өздері де околоткашыдан ұзап кете қоймаған чиновник-судьялардың ғана қолынан келетін арды сатушылықтың үлгісі. Тіл адамға ішіндегі ойын жасыру үшін берілген,— дейді дипломаттар. Заң кінәлылық пен жауаптылық ұғымын бұрмалау үшін берілген — дей алады біздің заңшыларымыз. Азаптап сабауға қатынасуды жай ісімен зәбірледі деп дәлелдеу үшін, шынында да, қаншалықты қуйтұрқы судьялық өнер керек десеңізші! Апрельдің 20-сы күні таңертең, бәлкім, Воздуховтың бөркін қағып түсірген жұмысшының жазығы, тіпті жазығы емес-ау, одан да гөрі жұмсақ: «тәртіп бұзушылығы» Пановтікімен бірдей көрінеді. Тіпті төбелеске жай қатынасқандық үшін (бейшара адамды сабағандық үшін емес), егер біреу-міреу өлімге ұшыраған болса, околоткашының қазір алып отырған жазасынан анағұрлым қатаң жаза беріледі екен. Істі қалайда шатастыруға тырысатын судьялар мына жағдайды пайдаланып кетті: біріншіден, қызмет үстінде азаптап кісі сабағандық үшін заң бірнеше жаза белгілейді, сөйтіп 2 ай түрмеге қамау жазасы мен Сибирьге жер аудару жазасына дейін, істің жағдайына қарай, соттың өзі қалап қолдануына мүмкіндік береді. Судьяны шамадан тыс ресми ережелермен шырмамау, оған белгілі кеңшілік беру — әрине, өте жақсы тәртіп, біздегі қылмыс правосының профессорлары мұның үшін орыс заңын талай рет мақтап, оның либералшылдығын атап айтып та жүр. Бұл арада олар мынадай ұсақ нәрсені ұмытады: дұрыс қаулыларды қолдану үшін жай чиновниктердің дәрежесіне түсірілмеген судьялар керек, сотқа — қоғамның өкілдері, істі қарауға — қоғам пікірінің өкілдері қатынасуы керек. Ал, екіншіден, бұл арада сотқа прокурордың жәрдемшісі көмектесті, ол Пановты (және Ольховинді) аяусыздық істеп азаптады деп айыптаудан *бас тартты,* олар зәбір көрсеткендігі үшін ғана жазалансын деп өтінді. Прокурордың жәрдемшісі Пановтың соққысы айрықша ауыр болған жоқ және зардабы ұзаққа барған жоқ деген сарапшылардың қорытындысын дәлел етті. Көріп отырсыздар, заң жөніндегі софизмде айрықша бір айла жоқ: Панов басқалардан аз ұрғандықтан, оның соққысы ай-

рықша ауыр тиген жоқ деп айтуға *болады;* ал егер оның соққысы айрықша ауыр тимеген болса, ол соққы «аяусыздық істеп азаптады» деуге жатпайды деген қорытынды шығаруға *болады;* ал егер ол соққы аяусыздық істеп азаптағандыққа жатпайтын болса, мұның жай, іспен зәбір көрсету болғандығы. Іс осылайша, баршаның көңілін тапқандай, жайғастырылады да, Панов мырза тәртіп пен әдептілікті сақтаушылардың қатарында қала береді *...

Біз әлгінде қоғам өкілдерінің сотқа қатынасы және қоғам пікірінің ролі туралы мәселені айттық. Жалпы бұл мәселеге осы істің өзі айқын мысал болады. Ең алдымен: істі присяжныйлар соты қарамай, сословие өкілдерінің қатынасуымен мемлекеттік соттың қарауына не себеп? Мұның себебі — III Александрдың үкіметі қоғамның бостандыққа, дербестікке талпынған талабының бәріне және қандайына болса да қарсы аяусыз күрес бастай отырып, көп ұзамай-ақ присяжныйлар сотын қауіпті деп тапты. Реакцияшыл баспасөз присяжныйлар сотын «көше соты» деп жариялады және оған жала жауып қудалады, сол қудалауын осы күнге дейін қойма-

* Соражы істерді сот алдында, қоғам алдында түгел сарқа әшкерелеудің орнына бізде сотта істі бүркегенді, түк мағынасыз көпірме сөздерге толы жарлықтар мен бұйрықтар беріп құтылғанды артық көретіндік бар. Мысалы, Орелдың полицмейстері жақында шығарған бұйрығында, бұрын берген әмірлерін қуаттай келіп, приставтардың өздері және өздерінің жәрдемшілері арқылы полицияның төменгі қызметкерлеріне қажымай-талмай мынаны ұғындырсын деп тапсырады: көшеден мастарды ұстағанда және оларды сауықтыру үшін бөлімге әкеліп кіргізгенде дөрекілік істеуге, ешбір күш жұмсауға әсте жол берілмесін, полицияның міндеті, басқасын былай қойғанда, мастарды да қорғау екені, өйткені мастарды өз бетімен қалдырса, оларға сөзсіз қауіп туатыны төменгі қызметкерлерге толық түсіндірілсін, сондықтан полицияның төменгі қызметкерлері, заң бойынша тоғышарлардың ең жақын қорғаушы, күзетшілері болғандықтан, мас адамды ұстап, бөлімге әкелерде ешқандай дөрекілік, айуандық істемеуге тиіс екені былай тұрсын, қайта сауыққанға дейін қамауға алу үшін әкелінген адамдарды қорғауға қолынан келген шаралардың бәрін істеуге тиіс, делінген. Бұйрықта полицияның төменгі қызметкерлеріне мынау ескертіледі: өздерінің қызмет жөніндегі міндеттеріне тек осылай саналы, заңды көзқарасымен ғана олар халыққа сенімді, қадірлі боламыз деп есептеуге праволы болады, ал мастарға қандай да болса озбырлық, қаталдық істеген, сол сияқты, әдептіліктің, жақсы мінездің үлгісін көрсетуге міндетті полиция қызметкерлерінің борышына сыйыспайтын қандай да болса күштеу әрекеттерін қолданған полиция қызметкерлері сөзсіз заңның қатты кәріне ұшырайды, сөйтіп ондай қылықтар істеген төменгі полиция қызметкерлері ешбір кешіргісіз сотқа беріледі.— Сықақ журналға салынатын суреттің жобасы: кісі өлтіргені үшін айыпталып ақталған околотка надзирателі өзінің әдептілік, жақсы мінез үлгілерін көрсетуге тиіс екендігі туралы бұйрықты оқып тұр!

ғандығын айта кету керек болады. Үкімет реакциялық программа қабылдады: 70-жылдардың революциялық қозғалысын жеңгеннен кейін үкімет ар-ұятты аулақ тастап қоғамның өкілдеріне, «көшедегісіңдер», қара бұқарасыңдар, сендердің заң шығаруға араласа алмайтындарың былай тұрсын, мемлекет басқаруға да қатынаса алмайсыңдар, орыс тоғышарларын Панов мырзалардың әдісімен соттап, жазалайтын қасиетті орыннан сендер қуылуға тиістісіңдер деп жариялады. 1887 жылы шығарылған заң бойынша қызмет адамдары істеген және қызмет адамдарына қарсы істелген қылмыс туралы істер присяжныйлар сотының қарауынан алынып, сословие өкілдері қатынасатын мемлекеттік судьялар сотына тапсырылды. Жалпыға мәлім, бұл сословие өкілдері чиновник-судьялармен бір коллегияға қосылғаннан кейін үн шығармас статистерге айналады, жай бишара куә ретінде отыра береді, сот мекемесінің чиновниктері қолайлы деп ұйғарған қаулыға қол қоя береді. Бұл заң — орыс тарихының ең жаңа реакциялық дәуірінде шығарылып келе жатқан көп заңдардың бірі; ол заңдар ортақ бір мақсатты: «қатаң билікті» қалпына келтіру мақсатын көздейді. Жағдайлардың қыспағымен өкімет XIX ғасырдың екінші жартысында «көшедегілермен» жанасуға мәжбүр болды, ал ол көшедегілердің құрамы таңқаларлықтай шапшаңдықпен өзгеріп отырды, сөйтіп қараңғы тоғышарлардың орнына өз праволарын ұға бастаған, сол праволары үшін күресетін адамдар шығара алатын азаматтар пайда бола бастады. Міне, осыны сезіп қалып, өкімет түршігіп кейін шегінді, енді айналасын қытай қорғанымен қоршап, қоғамдық талапкерліктің ешбір белгілері өте алмайтын қамалға бекініп алудың жанталасқан әрекеттерін істеп жатыр... Әйтсе де мен өз тақырыбымнан біраз аулақтап бара жатыр екенмін.

Сонымен, реакциялық заңның зардабынан, көше жұрты өкімет өкілдерін соттаудан аулақтатылды. Чиновниктерді чиновниктер соттайтын болды. Бұл үкімге әсерін тигізіп қана қойған жоқ, алдын ала тергеудің және сот тергеуінің бүкіл сипатына әсерін тигізді. Көше сотының бағалы жері сол — ол біздің үкімет мекемеле-

рінің әбден бойына сіңген кеңселік формализм рухына жаңа желпініс енгізеді. Көше жұрты істелген қылмыс зәбір көрсету болып таныла ма, сабағандық, немесе азаптағандық болып таныла ма, ол үшін қандай жөнмен жазаның қандай түрі белгіленеді деп қазбалаудан гөрі, қылмыстың барлық қоғамдық-саяси желісін, оның маңызын ақырына дейін ашып және жұртшылық алдында айқындап, сот залынан қоғамдық моральдың және практикалық саясаттың сабақтарын алып шығу жағына көбірек маңыз береді. Көше жұрты сотты мекеме адамдарының жаза туралы Заңдар жинағын белгілі жағдайларға лайықтап қолданып отыратын «қызмет атқару орны» деп білгісі келмейді, қайта қазіргі құрылыстың мерез ауруын ашатын және оны сынау үшін, демек, оны түзету үшін мағлұмат беретін жұртқа жария мекеме деп білгісі келеді. Көше жұрты өзінің сезгіштігінің, қоғам тұрмысы тәжірибесінің және саяси санасы артуының арқасында, қылмысқа қарсы күресте қоғамдық және саяси тәртіптерді өзгертудің маңызы жеке жазалар қолданудың маңызынан өлшеусіз артық деген ақиқатқа тез жетеді; ал біздің ресми-профессорлық юриспруденция өзінің схоластикалық шырмаулары арқылы бұл ақиқатқа үлкен қиындықпен, жүрексіздікпен әрең жетіп жүр. Осы себептен реакцияшыл публицистика мен реакцияшыл үкімет көше сотын жек көреді және жек көрмей тұра алмайды да. Осы себептен присяжныйлар сотының компетенциясын кеміту, жариялықты тежеу Россияның реформадан кейінгі бүкіл тарихының өн бойында орын алып келді, осының өзінде «реформадан кейінгі» дәуірдің реакциялық сипаты біздің «сот бөлімін» * өзгертіп жіберген 1864 жылғы заңның күшіне кірген күннің *ертеңіне-ақ* бадырайып көзге түседі. «Көше сотының» болмағандығы нақ осы істен

* Присяжныйлар сотын жақтаушы либералдар жария баспасөзде реакцияшылдармен айтыса келіп, кейде присяжныйлар сотының мүлдем саяси маңызы жоқ деп шығады, сотқа қоғам өкілдері қатынассын дегенде мүлдем саяси пікірлерге сүйенбейміз деп дәлелдеуге тырысады. Мұның, бір жағынан, «мемлекеттік» ғылымдармен әдейілеп шұғылданғанына қарамастан, нақ юристер жиі шалдығатын саяси саяздыққа байланысты болуы мүмкін; бұл күмәнсыз. Бірақ мұның басты себебі — астарлап айту керектігінен, конституцияға өзінің ықыласын ашық айту мүмкін еместігінен болып отыр.

айрықша айқын көрінеді. Осы сотта істің қоғамдық жағын білуге, оны барынша бадырайта көрсетуге тырысатын кім? Прокурор ма? Полицияға өте жақын қатынасы бар, тұтқындарды дұрыс ұстап, оларға дұрыс қарау үшін полициямен бірдей жауапты болатын чиновник пе, кейбір ретте тіпті полицияның бастығы ма? Біз прокурор жәрдемшісінің Пановты адамды азаптады деп айыптаудан мүлдем бас тартқанын кордік. Егер де сотта Воздуховтың куәсы болып жауап берген оның әйелі азаматтық талапкер болып, өлтірушілерге азаматтық талап қойса қайтер еді? Бірақ қылмысты істерді қарайтын сотта қайдағы бір азаматтық талап дейтіннің болатындығын ол, қарапайым қатын, қайдан білсін! Егер ол мұны білген күнде де адвокат жалдап алуға халі жетер ме еді? Егер халі жеткен күнде де кісі олтірушілік арқылы әшкереленетін бұл тәртіптерге жұртшылықтың наразын аудара алатын және жұртшылықтың назарын аударғысы келетін адвокат табыла қояр ма еді? Егер ондай адвокат табыла қойғанда да сословие окілдері сияқты қоғам «делегаттары» оның «азаматтық қызу сөзін» қолдай қояр ма еді? Мінеки, озінің деревнялық костюмынан ұялып, майлы етігін, докір қолын қоярға жер таба алмай, бір столдың жанында қатар отырған палата председателі тақсырға қорқа қарап отырған болыстық старшынды көресіз,— мен бұл арада провинцияның сотын айтып отырмын. Мінеки, дуан басы, месқарын дәу көпес отыр, оның мойнында шынжыр бауы бар, дағдыланбаған мундирі денесін қысып, ентіге дем алады, өзімен қатарлас отырған дворяндар басшысына, дворян мундиріп киген, мұнтаздай сыланған, аристократтық салтты ұстаған мырзаға еліктеуге ол барынша тырысады. Ал бұлардың қатарында — судьялар отыр, олар чиновниктік мектептің ұзақ жолынан өтіп болғандар, мекемеде отырумен шашы ағарған нағыз хатшылар, олар көше соты соттауға лайықсыз болған өкімет өкілдерін соттау міндеті өздеріне жүктелгеніне дардыяды. Бұл жағдай ең шешен адвокаттың сөзден тауын қайтарып тастамас па еді, «шошқаға маржан шашпаңыз» деген ескі нақыл сөзді оның есіне салмас па еді?

Сонда былай болып шықты: бұл істен жылдамырақ құтылуға тырысқандай-ақ *, мұндағы барлық жиіркенішті нәрселерді ашып алудан қорыққандай-ақ, істің аяғын жерге тигізбестен ала жөнелді; өйткені әжетхананың қасында тұрып оған үйреніп кетуге, байқамауға, дағдыланып кетуге болады, бірақ оны тазалай бастасаң-ақ болғаны — оның пісі осы бір үйді ғана емес, көршілес үйлердің де бәрін мүңкітіп ала жөнелмей ме.

Қараңыздаршы, өзінен-өзі туатын көп мәселелерді ешкім тіпті анықтауға да тырыспаған. Воздухов губернаторға неге барды? Айыптаушы өкімет органдарының барлық қылмысты толық ашуға талпынған талабын көрсететін документ болып табылатын айыптау актісінің бұл сұрауға жауап бермейтіні былай тұрсын, қайта мұны мүлдем елеусіз қалдырады, Воздуховты «мас күйінде губернатор үйінің шарбағында городовой Шелеметьев ұстаған» дейді. Бұл тіпті Воздухов бейбастақтық істеді екен деп ойлап қалуға жол береді және қайда десеңізші? губернатордың шарбағында! Ал шынында Воздухов *арбакешпен келіп губернаторға шағым етпек болған* — бұл анықталған факт. Ол не жайында шағым етпек еді? Губернатор үйінің бақылаушысы, Птицын, айтады: жол жүруіме билет бермей қойды деп Воздухов бір пароход пристанінің үстінен шағым етті дейді (?). Воздухов сабалған бөлімнің бұрынғы приставы (ал қазір Владимир қаласында губерниялық түрменің бастығы болып отырған) куә Муханов: күйеуім екеуміз ішіп мас болып едік, *бізді Нижнийде өзен полициясында да, Рождественск полиция бөлімінде де сабады, Воздухов осы сабалғандығының жайын губернаторға айтпақшы болып еді* дегенді Воздуховтың әйелінің аузынан естітім дейді. Бұл куәлардың жауаптары бір-біріне көрінеу қарама-қарсы болғандығына қарамастан, сот мәселені анықтау үшін мүлдем ешбір әрекет істемейді. Қайта соттың бұл мәселені *анықтағысы келмейді* деп қорытынды жасауға кімнің болса да хақы бар тәрізді. Воздухов-

* Істі жылдамырақ сотқа тапсырудың қамын ешкім ойлаған жоқ. Істің айтарлықтай түсінікті, айқын екендігіне қарамастан, 1899 жылдың 20 апреліндегі оқиға сотта 1901 жылдың 23 январында ғана қаралды. Әрі *шұғыл*, әрі әділетті, әрі рақымды сотыңыз осы!

тың әйелі сотта куә болды, бірақ өзіңді және күйеуіңді Нижнийдің бірнеше полиция бөлімінде сабағаны рас па? қандай жағдайда тұтқынға алындыңдар? қандай бөлмеге қамап ұрды? кім ұрды? күйеуіңнің губернаторға шағым еткісі келгені рас па? өзінің осы ойын күйсуің тағы біреуге айтқан жоқ па? деп сұрап білгісі келген ешкім жоқ. Куә Птицын, губернатор кеңсесінің чиновнигі болғандықтан, сау болса да сауықтырылуға тиісті болған Воздуховтың полиция үстінен айтқан шағымын тыңдағысы келмеген шығар, ал сол чиновник *мас* городовой Шелеметьевке шағым етушіні сауықтыру үшін бөлімге апаруды тапсырады, мінеки осындай қызық куәға тұс-тұстан сұрау қойылып жауап алынған жоқ. Воздуховты губернаторға алып келіп, кейін бөлімге алып барған арбакеш Крайновқа Воздухов неге бара жатқандығын саған айтпады ма? ол Птицынге не айтты? бұл әңгімені бөтен ешкім естіпеді ме? деген сұраулар тағы да қойылмайды. Сот келмей қалған (Воздухов мас емес еді, тек біраз ішкен еді деп куәландырған) Крайновтың қысқаша жауабын оқып шығумен қанағаттанады, ал прокурордың жәрдемшісі мұндай маңызды куәның келуін қамтамасыз етуді ешбір ойламайды да. Егер Воздуховтың запастағы унтер-офицер екендігін, олай болса, көпті көрген, заңды, тәртіпті біраз білетін адам екендігін, соңғы рет өлімші болып таяқ жегенінен кейін де жолдастарына: «мен шағым етемін» дейтінін еске алса,— онда оның губернаторға полицияның үстінен шағым етуге барғандығы, куә Птицынның полицияға араша түсіп, өтірік айтқандығы, судья малайлар мен прокурор малайдың бұл шатақ оқиғаны әшкерелегісі келмегені айқындалады.

Сонан соң, Воздуховты не себеппен және не үшін ұрды? Айыптау актісі мұны тағы да... сотталушылар үшін қалай да *қолайлы* етіп көрсетуге тырысады. «Азаптап сабауға сылтау» — Воздуховты солдаттар бөлмесіне итермелеп кіргізіп жатқанында Шелеметьевтің қолын кесіп алғандығы болыпты-мыс. Мәселе мынада: Шелеметьевпен де, Пановпен де тып-тыныш сөйлесіп тұрған Воздуховты тұтқындар бөлмесіне емес, әуелі солдаттар бөлмесіне итермелеп кіргізуге (айталық, қалай да *итер-*

мелеп кіргізу! керек болды деген күнде) себеп не? Ол сауықтыру үшін жіберіледі,— тұтқындар бөлмесінде сол кездің өзінде-ақ бірнеше мас адам отырады,— кейін Воздухов та сонда түседі, ал Шелеметьевтің оны Пановқа «тапыстырып алып», *солдаттар бөлмесіне* итермелейтіндігі неліктен? Тек сабау үшін ғана екені анық. Тұтқындар бөлмесінде адамдар бар, ал солдаттар бөлмесінде Воздухов жалғыз болады, Шелеметьевке жолдастары және сол шақта бірінші бөлім «сеніп тапсырылған» Панов мырза жәрдемге келеді. Ендеше, кездейсоқ сылтаумен сабамаған, күні бұрын әбден ойластырып алып сабаған. Тек екінің бірі деп болжауға болады: не сауықтыру үшін жіберілетіндердің бәрі (тіпті өзін өзі әбден әдепті, тыныш ұстағандар да) әуелі «үйрету» үшін солдаттар бөлмесіне жіберіледі, не Воздуховты *полицияның үстінен шағым етуге губернаторға барғандығы үшін ғана* сабауға алып кеткен. Бұл іс жайында газет хабарларының қысқалығы соншалық — соңғы болжауды үзілдікесілді жақтап шығу қиын (бұл болжаудың дұрыс болуы да ғажап емес), бірақ, әрине, алдын ала тергеу мен сот тергеуінің бұл мәселені анықтап ашуына болатын еді. Сот, әрине, бұл мәселеге ешбір көңіл бөлмеді. «Әрине» деймін, өйткені судьялардың немқұрайдылығы бұл арада чиновниктік формализмді көрсетіп қана қоймайды, орыс адамының нағыз тоғышарлық көзқарасын да көрсетеді. «Таңқалатын нәрсені тапқан екен! Мас мужикті бөлімде өлтіріп тастапты! Бізде мұның әкесіндей істер болмай ма!» Сөйтіп тоғышар бұдан анағұрлым асып түсетін, айыптылар ешбір жаза көрмей қала беретін ондаған мысалдарды келтіреді сізге. Тоғышардың бұл айтқандары әбден әділетті, бірақ сонда да оныкі мүлдем дұрыс емес, өзінің осы сөзімен ол барып тұрған тоғышарлық қараңғылығын ғана көрсетеді. Бізде полициялық зорлықтың анағұрлым жантүршігерлік түрлерінің мүмкін болып отырғандығы қай полиция бөлімінде болса да сол зорлықтың күнделікті, дағдылы практикаға айналып отырғандығынан емес пе? Елден ерекше оқиғаларға біздің ашу-ызамыздың әлсіздігі «қалыпты» оқиғаларды дағдылы немқұрайдылықпен байқап отыра беретіндігімізден емес пе?— мас «мужикті» (массың деп)

бөлімде сабау сияқты әдетке айналған, дағдылы іс сол мужиктің өзінің (дағдыланып алған адамның) қарсылығын тудырып отырғанына, губернаторға кішілікпен шағым беруге тәуекел еткендігі үшін оның өмірін беріп сазай тартқандығына біздің былқ етпейтіндігімізден емес пе?

Осындай, нағыз дағдылы оқиғаға соқпай кетуге мүмкіндік бермейтін тағы бір дәлел бар. Жазаның алдын ала сақтандыратын маңызы оның қаталдығында емес, қайта оның құтқармайтындығында екені көптен-ақ айтылып жүр. Маңыздысы — қылмыс үшін ауыр жаза тағайындалуы емес, *бірде-бір* қылмыстың ашылмай қалмауында. Осы жағынан қарағанда да бұл іс назар аудармайтындай емес. Полицияның ішінде заңға қарсы, айуандықпен сабаушылық Россия империясында күн сайын, сағат сайын болып жатады десек асырып айтқандық болмайды *. Ал мұндай сабаушылық аса ерекше жағдайларда және өте сирек реттерде ғана сотқа түседі. Мұның таңқаларлық ештемесі жоқ, өйткені бұл жерде қылмыс жасаушы Россияда қылмысты ашу сеніп тапсырылған полицияның өзі болып отыр. Ал бұл жағдай соттың жай істі қарап, ол істі бүркейтіп пердені ашуына тура келетін реттеріне біздің әдеттегіден тыс көбірек назар аударуымызды керек етеді.

---

* Осы сөздер жазылып біткеннен соң, газеттер бұл сөзіміздің дұрыстығын қуаттайтын тағы бір хабар әкелді. Россияның екінші шетінде, астана жағдайындағы қала — Одессада, околотка надзирателі Садуковтың протоколы бойынша тұтқынға алынған кезінде бөлімде сотқарлық істеді деп айыпталған М. Клинков дегенді бітістіруші судья ақтап жіберді. Сотта айыпталушы, сонымен қатар оның төрт куәсы жауаптарында мынаны айтқан: Садуков М. Клинковты мас күйінде ұстап, учаскеге алып барады. Айыққан соң Клинков мені босатыңдар деп талап етеді. Бұған жауап ретінде бір городовой оны жағасынан алып ұра бастайды, кейін тағы үш городовой келіп, төртеуі бірдей азаптайды, бетіне, басына, кеудесіне, бүйіріне ұрады. Түс-түстан төпелеген соққыдан қанға малынған Клинков еденге құлайды, содан соң оны жатқан күйінде бұрынғыдан бетер айуандықпен ұрады. Клинковтың және оның куәларының жауабына қарағанда, сабауды Садуков басқарып, городовойларға сол жөн берген. Таяқ жеген Клинков есінен айрылған, есін жиған кезінде ол учаскеден босатылған. Клинков дереу дәрігерге барып көрінген, дәрігер оның жарақаттарын куәландырған. Бітістіруші судья Клинковқа Садуковтың және городовойлардың үстінен прокурорға шағым ет деп ақыл айтқан, бұған Клинков прокурорға шағымды беріп қойдым, мені азаптап сабағандықтарына жиырма адам куә болады деп жауап қайтарған.

Азаптағандары үшін городовойларды М. Клинковтың сотқа беріп, жазаға кескізе алмайтындығын күні бұрын айту үшін әулиешіліктің керегі жоқ. Өлтіре ұрған жоқ қой,— егер күтпеген жерден жауап бере қалса да жеңіл-желпі құтылады.

Мәселен, полицейлердің қалай ұратындығына назар аударыңыздар. Олар бесеу не алтау болады, іске олар айуанша қаталдықпен кіріседі, көбі мас, бәрінің қылышы болады. Бірақ олардың бірде-біреуі құрбандығын қылышпен ұрмайды. Олар — тәжірибелі адамдар, қалай ұру керек екенін керемет жақсы біледі. Қылышпен ұру — қылмыстың куәсы болады, ал жұдырықпен ұрған екенсің — бар да полицияда ұрғандығын дәлелдеп көр. «Төбелесте таяқ жеді, таяқ жеген қалпында алынды» десе болғаны — іс бітті. Сабағанда байқамай өлтіріп алған осы істің өзінде де («жоқ жерде өле қалғанын қарашы; дәп-дәу мужик еді, мұны кім күткен?»), айыптаушылардың «Воздухов бөлімге жіберілгенге дейін сап-сау еді» деген куәлардың жауабымен дәлелдеуіне тура келді. Біз мүлдем ұрған жоқпыз дегенді әрқашан айта берген өлтірушілер, сірә, таяқ жеген қалпында әкелдік деген болса керек. Ал мұндай істе куә табу — адам айтқысыз қиын нәрсе. Кездейсоқ істің сәтіне болса керек, тұтқындар бөлмесі мен солдаттар бөлмесінің арасындағы кішкене терезе жөнді бітелмей қалыпты: рас, әйнектің орнына бұрғылап тескен қаңылтыр қойылыпты да, солдаттар бөлмесі жағынан былғарымен кептеліпті, бірақ бармағыңды сұғып жіберсең, былғары көтеріледі де, солдаттар бөлмесінде не болып жатқандығын тұтқындар бөлмесінен көруге болады. «Үйрету» жағдайы қалай болғандығын сотта тек осының арқасында ғана толық көзге елестетуге мүмкіндік туды. Бірақ терезені берік бітемеу тәрізді тәртіпсіздік, әрине, тек өткен ғасырда ғана болуы мүмкін нәрсе еді; XX ғасырда, әрине, Нижний Новгородтың бірінші қамал жақ бөлегінде тұтқындар бөлмесі мен солдаттар бөлмесінің арасындағы кішкене терезе әбден-ақ берік бекітілген шығар... Ал куә жоқ екен, онда солдаттар бөлмесіне тек адам түссін дей бер!

Нақ Россиядағыдай көп заң басқа бірде-бір елде жоқ. Бізде бәріне де заң бар. Тұтқында ұстау туралы айрықша устав бар, онда айрықша бақылапатын айрықша бөлмелерде ұстау ғана заңды болады деп толық түсіндіріліп жазылған. Көріп отырсыздар, заң сақталады екен: полицияның жанында айрықша «тұтқындар бөл-

месі» бар. Бірақ тұтқындар бөлмесінен *бұрын* «солдаттар бөлмесіне» «итермелеп кіргізу» «дағдыға енген». Нағыз азап орны болып табылатын солдаттар бөлмесінің қандай қызмет атқаратыны осы істің өн бойында әбден айқындалса да, сот орындары бұл жағдайға назар аударуды ойламады да. Шынында, біздегі полициялық өктемдіктің сорақылықтарын әшкерелеуді, оған қарсы күресуді прокурорлардан күтуге болар ма!

Біз мұндай істердегі куәлар туралы мәселеге тоқтадық. Ең оңдағанда полицияның қолындағы адамдар ғана куә бола алады; сырт адам бөлімдегі полициялық «үйретуді» мүлдем тосын жағдайларда ғана болмаса байқай алмайды. Ал полицияның қолындағы куәларға полицияның ықпал жасауы мүмкін. Ондай ықпал бұл істе де болды. Кісі өлтірілген кезде тұтқындар бөлмесінде болып, көзімен көрген куә Фролов алдын ала тергеуде бастапқы берген жауабында Воздуховты полицейлер де, околоткашы да ұрды деді; кейін околоткашы Панов жайында айтқанын қайтып алды; ал сотта берген жауабында Воздуховты полициядағылардан ешкім ұрған жоқ, оны полицияға қарсы сөйлеуге үйреткен Семахин мен Баринов (айыптаушылар жағының бас куәлары болған басқа тұтқындар) еді, полиция менің аузыма сөз салған жоқ, ештеме үйреткен жоқ дегенді айтты. Куә Фадеев пен Антонова солдаттар бөлмесінде Воздуховты ешкім маңдайға да шерткен жоқ: ондағылар момақандай тып-тыныш отырды, сонымен ешқандай ұрыс-керіс болған жоқ деп жауап берді.

Көріп отырсыздар, кәдімгі дағдылы жағдай. Сот орны бұл жағдайға тағы да үйреншікті немқұрайдылықпен қарады. Сот алдында жалған жауап бергендік үшін едәуір қатаң жазалайтын заң бар; әлгі екі жалған куәны қудалау ісі қозғалған болса, полицияның шеңгеліне түсіп сорлағандарды (ал мұндай сорға жүз мыңдаған «жай» халық әрқашан, үздіксіз ұшырап отырады) мүлдем қорғансыздыққа ұшырататын полиция жүгенсіздігінің одан әрі беті ашылған болар еді,— бірақ сот пәлендей статьяны қолдануды ғана ойлайды, бұл қорғансыздықты мүлдем ойламайды. Мұның қандай көпті шырмаған мықты тор, қандай ескі жара екені, бұдан

құтылу үшін полицияның толық өктемдігінің және халықтың теңсіздігінің бүкіл системасынан құтылу керек екені процестің барлық басқа жайлары сияқты осы бір ұсақ мысалынан да айқын көрінеді.

Бұдан отыз бес жылдай бұрын орыстың белгілі жазушысы Ф. М. Решетников келісімсіз жағдайға ұшыраған. Ол С.-Петербургте дворяндар жиналысында концерт беріледі екен деген жаңылыс хабар есітіп, сонда бармақшы болып шығады. Городовойлар оны жібермей, «Қайда кимелейсің? кімсің өзің?» деп айқай салады.— «Мастеровоймын!» — деп, дөрекі жауап қайтарады кейіген Ф. М. Решетников. Осы жауабының нәтижесінде — деп әңгімелейді Гл. Успенский — Решетников бөлімде қонып шықты, онда таяқ жеді, ақшасынан, сақинасынан айрылды. «Осы жөнінде сіздің биік мәртебеңізге хабарлаймын,— деп жазды Решетников С.-Петербургтің оберполицмейстеріне жолдаған өтінішінде.— Мен ештеме іздемеймін. Менің приставтар, кварталшылар, олардың жәрдемшілері, городовойлар *халықты сабамаса екен* деп қана сізден өтінуге батылым барады... Бұл халықтың онсыз да әлі талай көресінді көруіне тура келеді» [146].

Орыс жазушысының астапа полициясы бастығынан өтінуге батылы барып сұраған осы азын-аулақ тілегі осы уақытқа дейін орындалған жоқ және де біздің саяси тәртіптеріміздің тұсында *орындаларлық болмай* отыр. Бірақ айуандық пен озбырлықты көре-көре шаршаған әрбір адал ниетті адамның назары қазіргі кезде халық ішіндегі жаңа қуатты қозғалысқа ауып отыр; бұл қозғалыс орыс жерінің бетінен қандай айуандықты болса да жойып, адамзаттың ең ізгі арманын жүзеге асыру үшін күш жинауда. Жай халық бұқарасының арасында соңғы он жылдардың ішінде полицияға өшпенділік сан есе артып, күшейе түсті. Қала тұрмысының өркендеуі, өнеркәсіптің өсуі, сауаттылықтың таралуы,— мінеки, осының бәрі қараңғы бұқараны жақсы тұрмысқа, өздерінің адамгершілік қасиетін сезуге талаптандырды, ал полиция бұрынғысынша озбыр, айуандық қалпында қалып қойды. Оның айуандығына тағы мынау қосылды: ізге түсіп аңдуы бұрынғыдан да әккіленді және жаңадан пайда болған ең қатерлі жауы: халық бұқарасына

өз праволарын тану және өз күшіне сену сәулесін жеткізетіп нәрсенің бәріне өштесуі арта түсті. Әлгіндей сапамен, әлгіндей сеніммен рухтанған халық өшпенділігі айуандық кек алу арқылы емес, бостандық жолында күресу арқылы өзіне жол табады.

II. ЗАМАННЫҢ ҚИЯПАТЫН ТЕЗДЕТУДІҢ КЕРЕГІ НЕ?

Орелдың губерниялық дворяндар жиналысы қызық бір жоба қабылдады, бұл жоба жөнінде болған жарыссөз одан да қызық.

Істің жайы мынадай. Дворяндардың губерниялық жетекшісі,[s] М. А. Стахович, Орел дворяндарына ақша жинаушылардың қызметін беру туралы финанс мекемесімен шарт жасасуды ұсынып, баяндама тапсырды. Шарап монополиясын енгізгенде губернияда қазынаның шарап дүкендерінен ақша жинаушы 40 адамның қызмет орны болады. Ақша жинаушыларға төленетіні — жылына 2180 сом (900 сом жалақы, 600 сом жол шығындары, 680 сом — күзетшіге). Мінеки осы орындарды дворяндардың алып қойғаны жақсы болар еді, ал мұның үшін артель құрып, қазынамен шартқа отырған жөн болар еді. Керекті болатын кепілдің (3—5 мың сом) орнына алғашқы уақытта әрбір ақша жинаушыдан жылына 300 сомнан ұстап қалып, ол ақшадан ішімдік орнын қамтамасыз ететін дворяндар капиталын құрауға болар еді.

Көріп отырсыздар, жобаның өзгеше бір белгісі — оның аса қолайлылығы және ол қазынаның самсасын қай тұсынан көбірек үзіп алуға біздің жоғарғы сословиеміздің өте жетік екенін сипаттайды. Бірақ жобаның нақ осы аса қолайлылығы ізгісінген көп помещиктерге шамадан артық сөлекет, ыңғайсыз, дворян атағына лайықсыз көрінді. Қызу жарыссөз болып, мәселеге үш көзқарастың бар екендігі ерекше айқын анықталды.

Біріншісі — практицизм көзқарасы. Тамақ асырау керек, сословие мұқтаж,.. қанша айтқанмен табыс қой,.. бишара дворяндарға жәрдем бермей қоюға болмайды ғой? Оның үстіне, ақша жинаушылардың халықты айықтыруға көмектесулері мүмкін ғой! Екіншісі —

романтиктердің көзқарасы. Ішімдік жағына қызмет етіп, арақ сатушылардан сәл ғана артық тұру, кәдімгі қарапайым қойма басқарушылардың, «көбінесе төменгі сословие адамдарының» қол астында болу!? — делінуі-ақ мұң екен,— дворяндардың ұлы борышы туралы жалынды сөздер құйыла жөнелді. Біз нақ осы сөздерге тоқтамақшымыз, бірақ әуелі үшінші көзқарасты, мемлекет қайраткерлерінің көзқарасын, айта кетелік. Бір жағынан, ұят сияқты екенін мойындамауға болмайды, бірақ, екінші жағынан, пайдалы екенін де мойындау керек. Алайда капитал жинап алуға да, әдептілік сақтауға да болатын жол бар: акциз алымдарын басқарушы адам кепілсіз-ақ тағайындай алады, сонымен әлгі 40 дворян губерниялық дворяндар жетекшісінің өтінуі бойынша—ешқандай артельсіз-ақ, шартсыз-ақ орындарын ала алады, әйтпесе, «ішкі істер министрі жалпы мемлекеттік құрылыстың дұрыстығын сақтап, қаулыны тоқтатып тастауы» мүмкін. Бұл табылған ақылдың үстем болып кетуі ықтимал еді, бірақ дворяндар жетекшісі маңызды екі мәлімдеме жасады: 1-ден, шарт финанс министрінің кеңесіне тапсырылып қойды, кеңес шартты жарамды деп тауып, принципінде оған ризашылығын берді. Ал, 2-ден, «бұл орындарды тек губерниялық дворяндар жетекшісінің өтінішімен ғана алуға болмайды». Сонымен, баяндама қабылданды.

Бишара романтиктер-ай! Жеңіліп қалды-ау. Қандай жақсы сөйлеп еді олар.

«Бұл уақытқа дейін дворяндар өз арасынан тек басшылар ғана шығарып отырды. Ал баяндамада қайдағы бір артель құру ұсынылады. Мұның өзі дворяндардың өткендегісіне, осы күнгісіне, болашағына лайық па? Ақша жинаушылар туралы заң бойынша, арақ сатушыдан ақшаның орны толмай қалса, дворян арақ сатуға қойылуы тиіс. Мұндай орынға отырғаннан өлген артық!»

Апырмай, тәңірім-ай, адамда ізгілік деген неткен көп! Арақ сатқаннан да өлген артық! Ал астық сату — ізгі жұмыс, әсіресе егін шықпаған жылдары ашыққандардың есебінен байып қалуға болады. Ал бұдан да гөрі ізгі кәсіп — астықтан өсім түсіру, астықты қыстың күні аш шаруаларға жазғы жұмыс есебіне қарызға беріп

қойып, олардың жұмысына еркін бағадан үш есе арзан ақы төлеу. Орел губерниясы кіретін орталық қара топырақты аймақтың нақ өзінде біздің помещиктер өсімқорлықтың осындай аса ізгі түрімен әрқашан құлшына шұғылданды, әлі де шұғылданып жүр. Ал ізгі өсімқорлықты ізгі емес өсімқорлықтан жақсылап ажырату үшін, әрине, арақ сатушылық кәсіп дворянға лайықсыз деп мүмкіндігінше қаттырақ айқайлау керек.

«Белгілі жоғары мәртебелі манифесте айтылған борышымызды қатаң қорғау керек,— халыққа қара бастың қамын ойламай қызмет ету керек. Қара бастың қамын ойлап қызмет ету бұған қайшы келеді...» II Александр патшаның ұлы реформаларын өз мойнымен көтеріп шыққан ата-бабаларының жауынгерлік қызметі сияқты өткен заманда сіңірген еңбегі бар сословиенің мемлекет алдындағы оз міндеттерін болашақта да орындауына негіз бар».

Иә, қара бастың қамын ойламай қызмет ету десеңізші! Поместьелерді бөліп беру, атадан мирас қоныстарды адамымен бере салу, яғни мыңдаған десятина жерді және мыңдаған жан крепостнойды сыйға беру, жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған десятина жері бар ірі жер иелерінің табын құру және олардың миллиондаған шаруаларды қанап мүлдем қайыршылыққа жеткізуі — қара бастың қамын ойламаушылықтың белгілері міне осындай. Ал II Александрдың «ұлы» реформаларын сөз қылу әсіресе келіскен-ақ. Мысалы, шаруалардың азат етілуін алайық — біздің ізгі дворяндар қара басының қамын ойламастан шаруаларды жұрдай қылып шығарды: олардың өз жерін өзіне сатып алдырды, сол жер үшін оның шын бағасынан үш есе қымбат төлеттірді, қайдағы бір кесінділер түрінде шаруалардың жерін тонап өздеріне алды, өздерінің құмайттарын, сай-жыраларын, қу далаларын шаруалардың жақсы жерлеріне ауыстырып алды, ал енді келіп осындай ерліктерін мақтан етуге арсыздығы жетіп отыр!

«Ішімдік ісінің төңірегінде ешқандай патриоттық жоқ»... «Біздің дәстүрлеріміз ақшаға негізделмеген, мемлекеттік қызметке негізделген. Дворяндар биржаға айналып кетпеуге тиіс».

Піспеген жүзім! Дворяндар биржаға айналуға «тиісті емес», өйткені биржада күрделі капитал керек, ал кешегі құл иесі мырзалар жұрдай болып жұтап отыр. Олардың басым көпшілігінің биржаға айналуы емес, қайта биржаға бағынуы, ақшаға бағынуы көптен-ақ мәлім факт болып отыр. Ақшаның соңына түсіп алып, «жоғарғы сословие»: сасық арақ шығару, қант қайпататын және басқа заводтар салу, қайдағы бір жалған сауда-өнеркәсіп орындарына қатынасу сияқты, концессиялар табу және әлгіндей кәсіпорындарына үкіметтен кепілдіктер алу үшін, дворяндар банкісіне жеңілдіктер, қант тасығандыққа сыйлық алу, бір аумақ (мыңдаған десятина!) башқұрт жерін алу, қолайлы және тиімді «түсімді орындар» және т. с. түрінде бірдемелерді садақалап сұрап алу үшін патша төңірегіндегі жоғарғы топ өкілдерінің, ұлы князьдардың, министрлердің, т. с. босағасын тоздыру сияқты орасан патриоттық істермен көптен-ақ шұғылданып жүр.

«Дворяндар этикасында тарихтың, әлеуметтік дәреженің іздері бар...» — және де мужикті зәбірлеуге, қорлауға дворяндарды дағдыландырған ат қораның іздері бар. Ғасырлар бойы келе жатқан өктемдік жүргізу дағдысы дворяндарды пәзігірек бір нәрсеге де үйретті: қараңғы «қара халықты» ақымақ ету мақсатымен өздерінің қанаушылық мүдделерін көпірме сөздермен бүркемелеуге үйретті. Тағы тыңдаңыздар:

«Заманның қияпатын тездетудің керегі не? Бұл соқыр сенім-ақ бола қойсын, бірақ ескі дәстүрлер бұл өзгеруге көмек етуге мүмкіндік бермейді...»

Нарышкин мырзаның (мемлекет көзқарасын қорғаушы кеңес қайраткерлері бірінің) бұл сөздерінен таптық дәл сезгіштік байқалады. Әрине, ақша жинаушының (немесе тіпті арақ сатушының) қызмет орнынан шошыну қазіргі заманда соқыр сенім, бірақ біздің деревняда помещиктердің шаруаларды ар-ұятсыз қанауы шаруалардың қараңғы бұқарасының соқыр сенімін тірек етіп отырған жоқ па? Соқыр сенімдер онсыз да құрып бара жатыр; оны құртуды тездетудің, дворян мен арақ сатушыны ашықтан-ашық жақындатудың керегі не; сөйтіп деревняның алпауыты қандай өсімқор, тонаушы,

жыртқыш болса, ізгісінген помещик те нақ сондай, ол тек өлшеусіз күшті, өзінің жер иеленуімен, өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан артықшылықтарымен, өзінің патша өкіметіне жақындығымен, үстемдікке дағдыланғандығымен және өзінің Иудушкаға біткен ішкі дүниесін романтизмнің, мейірбандықтың бүкіл бір доктринасымен бүркей білетіндігімен күшті деген қарапайым ақиқатты осылайша салғастыру арқылы шаруаның түсіну процесін (онсыз да басталып келе жатқан процесс) жеңілдетудің керегі не?

Иә, Нарышкин мырзаның кеңес қайраткері екені сөзсіз, сондықтан оның аузынан мемлекеттік парасатты лебіздер шығады. Орел дворяндарының «маршалы» ағылшын лордына лайық келетін әсем сөздермен оған былай деп жауап беретініне мен таңқалмаймын:

«Егерде осындағы беделділердің пікіріне қарсы шығуым олардың түпкі көзқарастарына қарсы шыққандық болмайтынына менің көзім жетпеген болса, онда осында лебізін есіткен беделділерге қарсы шығу менің тарапымнан өжеттік болған болар еді».

Мінеки бұл дұрыс, дұрыс болғанда, шынында, байқамай дұрысын айтып салған Стахович мырзаның ойлағанынан анағұрлым кең мағынада дұрыс. Барлық дворян мырзалардың — практиктерден бастап аяғы романтиктерге дейін — түпкі көзқарастары бірдей. Ата-бабалары тонап алған, немесе топаушылар сыйлыққа тартқан жүздеген иә мыңдаған десятина жерді иемдену жөніндегі «қасиетті правосына», шаруаларды қанау және мемлекет ішінде үстемдік роль атқару правосына, қазына самсасының яғни халық қаражатының ең майлы, (мұқтаж болғанда майлы емес те) жағын иемдену правосына бәрі де берік сенеді. Олардың арасында жеке шаралардың қолайлы-қолайсыздығы туралы ғана пікір алалығы болады, сондықтан қанаушылар лагеріндегі әрбір үй-ішінің дауы пролетариат үшін қандай ғибратты болса, дворян мырзалардың әлгіндей пікірлерді талқылаудағы жарыссөздері де сондай ғибратты. Мұндай дауларда капиталистердің немесе жер иелерінің бүкіл табының ортақ мүдделері мен жеке адамдардың немесе жеке топтардың мүдделері арасындағы айырма айқын

көрінеді; жалпы айтқанда, мұқият жасырын сақталатын нәрселер мұндай дауларда кейде байқаусыз айтылып қалады.

Ал, мұнымен қатар, Орел оқиғасы атышулы ішімдік монополиясының сипатын да тағы біраз анықтайды. Бұдан біздің ресми және ресмилеу баспасөзіміздің күтпеген игілігі қалмап еді: қазынаның кірісі де көбейеді, өнім жақсарады, мастық азаяды деп күтіп еді-ау! Ал іс жүзінде кірістің көбеюінің орнына осы уақытқа дейін тек шарап қымбаттады, бюджет былықты, бүкіл операцияның финанс нәтижелерін дәл анықтау мүмкін болмады; өнім жақсаруының орнына нашарлап кетті, сондықтан жаңа «қазына арағының» «дәмін көру» нәтижелері көңілдегідей болды деп жақында барлық газеттерге басылған хабарымен үкімет жұрт алдында бедел ала қояр ма екен. Мастықтың азаюының орнына шарапты астыртын сататын орындар көбейді, ол орындардан полицияға түсетін кірістер молайды, халықтың шарап дүкендері ашылмасын деп өтінуіне қарамастан ондай дүкендер ашылды *, көшеде мастық күшейді **. Ал, бастысы мынау: сан миллион сомасы бар қазына шаруашылығының осындай жаңа саласының құрылуы, жаңа чиновниктердің бүкіл бір армиясының құрылуы чиновниктердің бассыздығы мен озбырлығына, жағымпаздығы мен қарақшылығына қандай жаңа жол салады десеңізші! Бұл жалаңдап жағымпазданушы, қулық-сұмдық істеушi, тонаушы, қайта-қайта телегей-теңіз сия мен үйме-үйме қағазды шығын қылушы шегірткедей қаптаған қа-

---

* Мысалы, жақында газеттер мынаны хабарлады: Архангельск губерниясында кейбір селендер бізде шарап дүкендері ашылмасын деп 1899 жылы-ақ үйғарынды шығарған. Онда қазір ішімдік монополиясын енгізіп жатқан үкімет, *әрине*, қабылдамай қалдырумен жауап берді: сірә, халықтың арақ ішпеуінің қамын ойласа керек!

** Қазына монополиясының себебінен шаруалар қоғамдарының қанша көп ақшадан айрылғандығын біз айтып та жатпаймыз. Бұрын олар шарап дүкенін ұстаушылардан ақы алатын. Қазына оларды бұл кірісінен қақты, бірақ оның орнына бір тиын төлеу төлеген жоқ! «Das hungernde Rußland» (Reiseeindrücke, Beobachtungen und Untersuchungen. Von C. Lehmann und Parvus. Stuttgart. Dietz Verlag. 1900) (К. Леман мен Парвус. «Ашығушы Россия» (Жол әсерлері, байқау және зерттеулер. Штутгарт. Дитцтің баспасы. 1900). *Ред.*) деген қызықты кітабында Парвус мұны *қауым кассаларын тонаушылық* деп әділетті айтады. Ол, Самара губерниялық земствосының есебінше, губернияның барлық шаруа қоғамдарының шарап монополиясын енгізуден болған шығыны үш жыл ішінде (1895—1897) *3 150 000 сом!* болыпты деп хабарлайды.

лың чиновник нөпірінің шабуылы. Орел жобасы қазына самсасының азды-көпті майлырақ жағын үзіп-жұлып алып қалуға тырысқан талапты заңды түрге келтіруге тырысқандықтан басқа түк те емес; ал ондай ниет біздің провинциямызды шарпып отыр және чиновник октемдігі мен қоғамның үндемеуі жағдайында озбырлық пен қарақшылықтың бұрынғыдан да күшейе түсу қаупін ел басына туғызып отыр. Мінеки, кішкене ғана мысал: күз кезінде-ақ газеттерде «шарап монополиясы саласындағы құрылыс анекдоты» туралы хабар басылып шықты. Москвада үш шарап қоймасы салынады; олар бүкіл губернияны қамтуға тиіс. Бұл қоймаларды салуға министрлік 1 637 000 сом бөлген. Енді мінеки, *«екі жарым миллион* мөлшерінде қосымша қаржы керектігі анықталған» * көрінеді. Бұл арада қазына мүлкі сеніп тапсырылған қызмет адамдарының 50 шалбар мен біраз етіктік товардан гөрі көбірек соғып жібергені анық!

III. ОБЪЕКТИВТІ СТАТИСТИКА

Біздің үкіметіміз өзінің дұшпандарын тенденцияшыл деп айыптауға дағдыланған — революционерлерді ғана емес, либералдарды да осылай айыптайды. Мысалы, сіздердің либералдық (әрине, жария) органдар туралы ресми баспасөзде пікір айтылғанын көргеніңіз бар ма? Финанс министрлігінің органы — «Вестник Финансов-та» [147] кейде баспасөзге шолу жазылады, осы шолуды жазушы чиновник біздің либералдық (қалың) журналдарымыздың бірінде бюджетке немесе аштыққа, иә болмаса үкімет шараларының біріне баға берілуі жайында айта келіп, әр жолы ашуменен бұл журналдардың «тенденцияшылдығын» көрсетеді, «күңгірт жақтарды» ғана емес, «сүйсінерлік істерді» де «объективтікпен» көрсетіп отыру керек дегенді көлденең тартады. Бұл, әрине, бар болғаны кішкентай ғана мысал, бірақ бұл үкіметтің дағдылы көзқарасын көрсетеді, оның өз «объективтілігін» мақтан етуге әрдайым тырысатындығын көрсетеді.

---

* Курсив автордікі. Қараңыз: «С.-Петербургские Ведомости», 1900, № 239, 1 сентябрь.

Бұл қатал және әділетті судьяларды бір риза етіп көрейік. Статистикаға жүгініп корейік. Біз, әрине, қоғам тіршілігінің белгілі бір фактілерінің статистикасын алмаймыз: фактілерді нақ әділдігі жоқ адамдардың тіркейтіні де, земство сияқты кейде мүлдем «тенденцияшыл» мекемелердің қорытатыны да мәлім. Жоқ, біз... заңдардың статистикасын аламыз. Заңдар статистикасынан яғни сөз бен істің, қаулы мен орындалуының арасындағы айырма және т. с. туралы қандай да болса пікірге мүлдем байланыстырмай, үкіметтің өзі қандай қаулы шығаратындығын жай есепке алудан объективтілігі мен әділеттігі артық нәрсе болады деп айтуға үкіметті жақтаушының ең барып тұрғаны да бел буа алмас деуге батылымыз барады.

Сонымен, іске кірісейік.

Үкімет сенатының жанында «Үкімет заңдары мен жарлықтарының жинағы» шығып тұратыны мәлім, ол үкіметтің әрбір шарасы жайында дүркін-дүркін хабарлап тұрады. Міне, осы мәліметтерді біз алайық та; үкіметтің *не туралы* заң шығарып, жарлық беретінін көрейік. Атап айтқанда: не туралы. Бастықтардың әмірін сынауға біз жол бермейміз,— белгілі бір саланы алып, соған қатынасы бар «сондайлардың» санын ғана есептеп шығарамыз. Январь газеттерінде жоғарыда аталған үкімет басылымынан өткен жылғы 2905-номерден 2929-номерге дейінгі, биылғы 1-номерден 66-номерге дейінгі заң-жарлықтардың мазмұны басылып шықты. 1900 жылғы 29 декабрьден 1901 жылғы 12 январьға дейін яғни екі ғасырдың шекарасында барлығы 91 заң мен жарлық шыққан. Бұл 91 заң «статистика» үшін сұрыптауға өзінің сипаты жағынан өте қолайлы: бұл заңдардың арасында ешбір айрықша көзге түсетін заңдар жоқ, барлығын кейін ығыстырып, ішкі басқарудың қазіргі дәуірінде ерекше белгі қалдыратындай ештеме жоқ. Бәрі де әрқашан, үздіксіз туып отыратын күнделікті тілекті қанағаттандыратын біршама ұсақ заңдар. Сонымен біз үкіметтің күнделікті жұмысын аламыз, ал бұл жағдай «статистиканың» объективті болуына мықты кепіл.

91 заңнан 34 заң, яғни үштен бір бөлегінен артығы-

рағы бір ғана нәрсені: әр түрлі акциялы сауда-өнеркәсіп қоғамдарының акциялары бойынша капитал төлеудің немесе акциялары үшін ақша жарнасын түсірудің мерзімін ұзарту туралы сөз қылады. Бұл заңдарды оқуды біздің өнеркәсіптегі өндірістердің тізімі мен әр түрлі фирмалардың аттарын ұмытпай есте ұстау үшін газет оқушыларына ұсынуға болады. Заңдардың екінші тобының — сауда-өнеркәсіп қоғамдарының уставтарын өзгерту туралы заңдардың мазмұны да осыған әбден ұқсас. Бұған қосылатыны 15 заң, олар ағайынды К. және С. Поповтардың шай саудасы серіктігінің, А. Науман және сыбайластары картон-толь өндірісі серіктігінің, былғары өндіретін және былғары, кендір, кенеп товарларын сататын И. А. Осипов және сыбайластары фирмасы серіктігінің және т. т. және т. т. ережелеріне өзгеріс енгізеді. Ақырында, нақ осы сияқты заңдарға тағы 11 заң қосылады, оның алтауы сауда мен өнеркәсіптің белгілі бір мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған (қоғамдық банк пен өзара қарыз беру қоғамын ашу, қазына подрядтарын берерде залогқа алынатын процент қағаздарына баға қою, жеке адамдардың қарамағындағы вагондардың темір жолдарда айналымының ережелері, Борисоглебск нан биржасының делдалдарына арналған нұсқау), енді бесеуі — төрт завод пен бір рудниктің жанында жаңадан алты городовойдың қызмет орнын және екі атты полиция урядлигінің қызмет орнын тағайындайды.

Сонымен, 91 заңнан 60 заң, яғни үштен екі бөлегі біздің капиталистердің әр түрлі практикалық мұқтаждарын мейлінше қолма-қол қанағаттандыруға және (ішінара) оларды жұмысшылардың ашынуынан қорғауға арналған. Бұлтартпайтын цифр мәліметтері мынаны көрсетеді: өзінің күнбе-күнгі заңдары мен жарлықтарының негізгі сипаты жағынан біздің үкімет капиталистердің сенімді қызметшісі, айталық, темір заводшылар съезінің тұрақты конторы немесе қант заводшылар синдикатының кеңсесі өндірістің жеке тарауларындағы капиталистерге қандай қызмет ететін болса, біздің үкімет бүкіл капиталистер табына нақ сондай қызмет етеді. Ал қайдағы бір серіктіктің уставын болымсыз өзгерту

немесе оның акциясын өтеу мерзімін ұзарту жайында айрықша заң шығарылуы, әрине, біздің мемлекеттік машинамыздың күрделілігіне ғана байланысты; біраз ғана «тетікті түзетіп жіберсе» болғаны, мұның бәрі жергілікті мекемелердің қарамағына көшеді. Бірақ, екінші жағынан, басқару тетігінің күрделілігі, бір орталыққа шамадан тыс бағынып кеткендік, барлық іске бірдей үкіметтің өзінің тұмсық сұғуы керек болып отырғандығы,— мінеки, осының бәрі әсте сауда мен өнеркәсіп саласында ғана емес, біздің бүкіл қоғамдық тіршілігімізде етек алып отырған жалпы жағдай. Сондықтан белгілі бір тектес заңдардың санын салыстырып қарау үкіметіміздің нені ойлап, қандай қам жейтінін, немен шұғылданатынын біршама толық көрсете алады.

Мысалы, егер жеке адамдардың қоғамдары мінез-құлық жағынан соншалық құрметті және саяси жағынан соншалық қауіпсіз мақсатты — пайда тауып баю мақсатын көздемесе, біздің үкіметіміз оларға өлшеусіз аз көңіл бөледі (егер кедергі жасауға, тыюға, жабуға ұмтылғандықты және т. т. көңіл бөлгендік деп санамайтын болсақ). «Есеп беріп отырған» дәуірдің ішінде — мұны жазушы кеңсе қызметіндегі адам, сондықтан ол өзінің бюрократтық терминдер қолдануын оқушының кешіретініне сенеді — екі қоғамның (Владикавказ еркектер гимназиясының мұқтаж оқушыларына жәрдемдесу қоғамы мен Владикавказ үйрену, тәрбие алу серуендері мен саяхаттары қоғамының) уставтары бекітілді және үш қоғамның (Людинов, Сукремль заводтарындағы және Мальцево темір жолындағы қызметшілер мен жұмысшылардың қарыз-сақтық және жәрдем кассаларының; бірінші құлмақ шаруашылығы қоғамының; әйел еңбегін ынталандырушы игілік қоғамының) уставтарын өзгертуге үлкен рақымдылықпен рұқсат етілді, сауда-өнеркәсіп қоғамдары туралы 55 заң және әр түрлі басқалары туралы 5 заң шықты. Сауда-өнеркәсіп мүдделері саласында «біз» міндеттердің дәрежесінде болуға тырысамыз, көпестер мен өнеркәсіпшілердің арасында одақ жасалуын жеңілдету үшін мүмкін болғанының бәрін істеуге тырысамыз (тырысамыз, бірақ істемейміз, өйткені басқару машинасының күрделілігі және шексіз

сергелдеңге салушылық полициялық мемлекет жағдайында «мүмкін нәрсені» өте тар шеңберге қояды). Ал коммерциялық емес одақтар саласында біз принциптілікпен гомеопатияны жақтаймыз. Айталық, құлмақ шаруашылығы қоғамы немесе әйел еңбегін ынталандыру қоғамы сонтама сөз қыларлық нәрсе емес. Ал, мінеки, үйрену-тәрбие алу серуендері деген... Серуенде олардың не айтып, не қоятынын бір тәңірінің өзі біледі және инспекция тарапынан үздіксіз бақылау қиындамай ма? Жоқ, білесіздер ме, отпен байқап ойнау керек.

Мектептер. Бақандай үш мектеп ашылды. Соның өзінде қандай мектептер десеңізші! Благодатное селосында императорлық мәртебелі ұлы князь Петр Николаевичтің имееньесінде малшылардың төменгі мектебі. Ұлы князьдардың селоларының бәрі берекелі болуға тиіс екеніне мен көптен-ақ күмәнданбайтын болғанмын. Енді мен өзінен жасы кішілерді оқыту ісімен ең мәртебесі жоғары адамдардың бар ықылас, шын жүрегімен шұғылдана алатындығына да күмәнданбайтын болдым. Бұдан соң: Дергачевтағы селолық қолөнер оқу шеберханасының және Асановтағы төменгі ауыл шаруашылық мектебінің уставтары бекітілді. Халық ағарту ісін және... помещик шаруашылығын соншалық жігермен жүргізіп отырған бұл берекелі селолар да әлде бір мәртебелі адамдардікі емес пе екен деп қарап білуге, әттең, қолымызда ешбір анықтаманың болмай отырғаны. Мен ондай анықтамалар санақшының міндеттеріне кірмейді ғой деп өзімді өзім жұбатам.

«Үкіметтің халыққа қамқорлығын» көрсететін барлық заңдар, міне, осылар. Бұл заңдарды топқа бөлгенде мен, көріп отырсыздар, мейлінше жеңілдік беру принципін ұстадым. Мысалы, құлмақ шаруашылығы қоғамы неліктен коммерция қоғамы емес? Бәлкім, онда кейде коммерциядан басқаны да сөз қылатындығынан шығар? Немесе малшылар мектебін алыңыз — бұл шынында мектеп пе не тек жақсы жайғастырылған мал қорасы ма — сайып келгенде, ол арасын кім айырып жатыр?

Заңдардың ақырғы тобы — үкіметтің өзіне қамқорлығын көрсететін заңдар қалды. Мұндай заңдардың саны біздің алғашқы екі топқа жатқызғандарымыздан үш

есе артық келеді (22). Мұнда бірінен-бірі асып түсетін бірқатар әкімшілік реформалары бар: Платонов селосының Николаев селосы болып аталуы; уставтардың, штаттардың, ережелердің, тізімдердің, мәжіліс ашылу мерзімінің (кейбір уездік съездердің) және т. т. өзгертілуі; Кавказ әскери округі әскер бөлімдерінде қызмет ететін әйел босандырушы дәрігер әйелдердің ақысын арттыру; казактардың әскери аттарын тағалауға және емдеуге босатылатын қаржының мөлшерін белгілеу; Москвада жекеше сауда мектебінің уставын өзгерту; Козлов коммерция училищесінде надворный советник Даниил Самуилович Поляковтың атындағы стипендия туралы ереже. Бұл арада мен соңғы заңдарды дұрыс жіктеген-жіктемегенімді білмеймін: бұл заңдар шынында үкіметтің өзіне өзінің қамқорлығын көрсете ме, әлде сауда-өнеркәсіп мүдделерін көздеп отырғанын көрсете ме? Оқушының кешірімділік етуін сұраймын — бұл заң статистикасының бірінші тәжірибесі ғой; білімнің бұл тарауын сындарлы ғылым сатысына көтеруге осы уақытқа дейін әлі ешкім тырысқан жоқ,— тіпті орыс мемлекеттік правосының профессорларын қоса айтқанда да ешкім тырысқан жоқ.

Ақырында, мазмұны жағынан да, үкіметтің жаңа ғасырдағы тұңғыш шарасы болғандықтан да айрықша дербес топқа бөлінуге тиісті бір заң бар, ол: «императордың аңшылығын дамытуға және жақсартуға арналған орман көлемін ұлғайту туралы». Ұлы мемлекетке лайық ұлы бастама!

Енді салыстыру қорытындысын шығару керек. Статистика онсыз болмайды.

Жеке сауда-өнеркәсіп бірлестіктері мен кәсіпорындарына арналған елу заң мен жарлық; жиырма жер аттарын ауыстыру мен өзгертулер; жаңадан құрылған екі, өзгертілген үш жекеше қоғамдар; помещикке қызметкерлер даярлайтын үш мектеп; заводтар жанынан алты городовой мен екі атты полиция урядникігінің тағайындалуы.— Осыншама кең көлемді және жан-жақты заң шығару-әкімшілік қызметі біздің отанымыздың XX ғасырда тез және үздіксіз алға басуына кепіл екендігіне күмәндануға бола ма?

ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР [148]

Шаруаларға азаттық болғаннан бері қырық жыл өтті. 19 февраль күнін — ескі, крепостниктік Россияның құлаған күнін, халыққа бостандық және игілікті тұрмыс бермекші болған заманның басталған күнін біздің қоғамның ерекше көтеріңкі көңілмен мейрамдауы әбден табиғи нәрсе. Бірақ мейрамдаушылардың мақтаныш сөздерінде крепостниктікке және оның барлық белгілеріне шын дұшпандық білдірумен қатар, екіжүзділік көп екенін естен шығармау керек. «Ұлы» реформаны: — «мемлекеттік сатып алу *жәрдемімен* шаруаларды жерімен қоса азат ету» деп бізде көп таралып жүрген баға барынша жалған, екіжүзді баға. Ал шынында бұл шаруаларды *жерден* босату болды, өйткені ғасырлар бойы шаруалардың иелігінде болған үлесті жерлерден көптеген кесінділер жасалды, ал жүз мыңдаған шаруалар мүлде жерсіз қалды,— ширек үлеспен немесе қайыршылық үлеспен отырып қалды [149]. Шынында, шаруалар екі жақтап тоналды: олардың жерін кесіп алғаны былай тұрсын, оның үстіне шаруаларға қалдырылған, әрқашан солардың иелігінде болып келген жер үшін тағы «ақы» төлеуге күштеп көндірді, соның өзінде ақы төленетін жердің бағасы оның шын бағасынан анағұрлым қымбат қойылды. Азаттық болған соң он жыл өткеннен кейін, шаруаларды өз жері үшін ғана емес, өзінің бостандығы үшін де ақы төлеуге күшпен көндірдік деп, ауыл шаруашылығының жайын зерттеген үкімет чиновниктерінің алдында помещиктердің өздері мойындады.

Сөйтіп, жеке басының азаттығы үшін ақы төлетіп алса да, шаруаларды ерікті адам етпеді: оларды жиырма жылға уақытша-міндеткер[150] етіп қалдырды, оларды дүре соғылатын, ерекше алым-салықтар төлейтін, жартылай крепостниктік қауымнан өз еркімен шығуға, өзінің жерін еркін билеуге, мемлекет ішінде тілеген жеріне өз еркінше қоныстануға шамасы жоқ төменгі сословие етіп қалдырды — олар осы күнге дейін солай қалып та келеді. Біздің шаруа реформасы үкіметтің мейірбандық істегенін көрсетпейді; қайта, қандай істің болса да самодержавиелік үкіметтің қолынан өте-мөте ластанып шығатындығына өте зор тарихи мысал болады. Соғыста жеңілудің, адам айтқысыз финанс қиыншылықтарының, аса күшті шаруа қарсылықтарының қысымынан үкімет шаруаларды азат етуге тура *мәжбүр* болды. Төменнен азат болып кетпей тұрып, жоғарыдан азат етудің керек екенін патшаның өзі де мойындады. Ал азат етуге кірісе тұрып, үкімет «жәбірленуші» крепостниктердің дүниеқорлығын қанағаттандыру үшін күллі мүмкін нәрсені де, мүмкін емес нәрсені де істеді; үкімет тіпті реформаны іске асыруға тиісті адамдарды,— ол адамдар дворяндардың ішінен шақырылса да,— сұрыптау сияқты жексұрын жұмыстан да тайынған жоқ! Алғашқы шақырылған бітістіруші делдалдар таратылып жіберілді, олардың орнына жерді межелеп бөлерде де шаруаларды алдап соғу жөнінде крепостниктердің бетін қайтармайтын адамдар алынды. Сонымен, уставтық грамотаны[151] қабылдаудан бас тартқан шаруаларға әскери жаза, ату жазасын қолданбайынша бұл ұлы реформа орындалмайтын болды. Цензура тұмылдырығымен тұншықтырылған, сол кездегі алдыңғы қатарлы адамдардың бұл ұлы реформаны іштен тынып, лағнет айтып қарсы алуы таңқаларлық нәрсе емес...

Барщинадан «азат етілген» шаруа реформасының шеңгелінен шыққанда сондай жапшылып, тоналып, жәбірленіп, өзінің үлесті жеріне басы байлаулы болып шықты, енді оның «өз ықтиярымен» барщинаға баруынан басқа еш нәрсе қалмады. Сөйтіп, мужик өзінің бұрынғы қожайынының жерін өңдейтін болды, өзінен кесіп алынған жерлерді сол қожайыннан «арендаға ал-

ды», ашығып жатқан семьясына қарызға астық алу үшін жазғы жұмысқа қыстыгүні жалданды. Екіжүзді поптың жазған манифесінде шаруаларды «құдайға тәуекел» етіп жұмылуға шақырған «еркін еңбегі» іс жүзінде жұмыспен өтеу, кіріптарлық болып шықты.

Ал реформаны әзірлеп, іске асырған чиновниктердің мейірбандығы арқасында ғана сақталған бұл помещиктік қанауға капиталдың қанауы келіп қосылды. Ақшаның күші, мәселен, жартымсыз, шала-шарпы реформа арқылы емес, күшті халық революциясы арқылы помещиктің өктемдігінен азат болған француз шаруаларының да жанына батқан болатын,— сол ақша күшінің барлық ауыртпалығы біздің жартылай крепостной мужиктерге түсіп отыр. Қайткен күнде де ақша табу керек болды: игілікті реформаның көбейтіп жіберген алым-салықтарып төлеуге де, жалға жер алуға да, шаруалардың үйінде әзірлейтін өнімдерін ығыстырып шығара бастаған фабрикалық өнеркәсіптің жартымсыз өнімдерін сатып алуға да, астық жәпе т. т. сатып алуға да ақша керек болды. Ақшаның күші шаруаларды жаншып қана қойған жоқ, оларды екіге де бөлді: бұқараның басым көпшілігі тоқтаусыз күйзеліп, пролетарларға айналды, азшылығы саны жағынан кем, бірақ іргесі берік бір шоғыр кулактар мен әлді мужиктерді шығарды, бұлар шаруалардың шаруашылығын жәпе шаруалардың жерлерін өзіне еңсеріп алды, туып келе жатқан село буржуазиясының ұйытқысы болды. Реформадан кейінгі қырық жыл уақыт түгелімен шаруаның осылайша ыдырау процесі, біртіндеп, азаппен құру процесі болды. Шаруалар қайыршылық тұрмысқа жеткізілді: ол малмен бірге жатты, кигені жалба-жұлба болды, қорегі алабота болды; тек кететін жер табылса болғаны, шаруа өзінің үлесті жерінен қашып жатты, тіпті одан *ақымен құтылу үшін,* алушы табылса, соған ақы төледі, өйткені үлесті жері үшін төлейтіні кірісінен артып отырды. Шаруалар үнемі аштыққа ұшырап отырды, егін шықпаған уақыттарда аштық пен аурудан он мыңдап қырылып жатты, егін шықпауы жиі-жиі қайталап отырды.

Қазірде де біздің деревняда істің жайы осындай. Шаруалардың ауыр халін оңдауға не істеу керек, қандай

амал табу керек? деген сұрақ туады. Ұсақ шаруалар жұмысшы қозғалысына қосылған күнде ғана, жұмысшылардың социалистік құрылыс жолындағы, жерді және басқа өндіріс құрал-жабдықтарын (фабрикаларды, заводтарды, машиналарды және т. т.) қоғам меншігіне айналдыру жолындағы күресіне көмектескен күнде ғана капиталдың езушілігінен құтыла алады. Ұсақ шаруашылықты және ұсақ меншікті қорғау арқылы шаруаларды капитализм тегеурінінен қорғап қалу әрекеті қоғамның дамуын босқа бөгегендік, капитализм тұсында да ауқатты тұрмыс болар деген бұлдыр қиялмен шаруаларды алдағандық, еңбекші таптардың арасын ашқандық болар еді, көпшіліктің есебінен азшылыққа артықша жағдай туғызғандық болар еді. Міне, сондықтан да социал-демократтар шаруалардың үлесті жерін қолдан шығармау, жаппай кепілдік, шаруа қауымынан еркін шығуды және оған қандай сословиенің адамын болса да еркін алуды тыю сияқты ешбір мағынасыз, зиянды шараларға қарсы әрқашан күресіп отырады! Ал біздің шаруа тек капитал езушілігінен ғана жапа шегіп отырған жоқ, ол, капитал езушілігінен жапа шегуінен гөрі, помещиктер езушілігінен, крепостниктік қалдықтардан көбірек жапа шегуде; мұны біз жоғарыда көрдік. Шаруалардың халін өлшеусіз пашарлататын және олардың қол-аяғын байлайтын бұл тұсауды жою жолында күресу әбден мүмкін, ол былай тұрсын, елдің бүкіл қоғамдық дамуының мүддесі үшін өте керек те, әйтпесе мужиктің үмітсіз қайыршылығы, қараңғылығы, правосыздығы және қорлық көруі біздің отанымыздың барлық тәртібіне азиаттық дақ салады. Сондықтан социал-демократия бұл күреске барлық жағынан, толық көмек көрсетпесе, өзінің борышын орындамаған болар еді. Ондай көмектің айқын белгісі, қысқасынан айтқанда, *деревняға тап күресін енгізу* болуы керек.

Біз қазіргі орыс деревнясында екі түрлі: біріншіден, село жұмысшылары мен село кәсіпкерлерінің арасында, екіншіден, барлық шаруалар мен барлық помещик табы арасында тап қарама-қарсылығы орын алғанын көреміз. Бірінші қарама-қарсылық ұлғайып, өсуде, екіншісі — біртіндеп бәсеңдеуде. Біріншісінің болашағы түгелімен

әлі алда, екіншісінің едәуір дәрежеде заманы өткен. Бұған қарамастан, қазіргі орыс социал-демократтары үшін нақ екінші қарама-қарсылықтың неғұрлым үлкен мәні, неғұрлым үлкен практикалық маңызы бар. Біз ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылардың таптық сана-сезімін күшейту үшін мүмкін болған барлық себептерді пайдалануға тиістіміз; сондықтан, біз қала жұмысшыларының (мәселен, бумен істейтін молотилканың механиктері және т. с.) деревняға көшуіне, ауыл шаруашылық жұмысшыларын жалдайтын рынокқа назар аударуға тиістіміз,— бұл өзінен-өзі түсінікті, бұл — әрбір социал-демократ үшін аксиома.

Бірақ біздің село жұмысшылары шаруалармен әлі өте мықты байланысты, жалпы шаруалар күйзелісі оларға әлі тым қатты батады, сондықтан да село жұмысшыларының қозғалысы қазірде де, таяу болашақта да жалпы ұлттық маңыз ала алмайды. Қайта, крепостниктіктің қалдықтарын сыпырып тастау туралы, сословиелік тең правосыздық, он миллиондаған «қара халықты» қорлау рухын орыс мемлекетінің барлық тәртібінен аластау туралы мәселе,— қазірдің өзінде жалпы ұлттық маңызы бар мәселе, сондықтан бостандық жолында алдыңғы қатарлы күрескер ролін атқаруды ниет еткен партия бұл мәселеден бойын аулақ сала алмайды.

Шаруаның күйзелгендігін қазір (аз болсын, көп болсын, жалпы түрде) жұрттың бәрі дерлік мойындап отыр, 1861 жылғы реформаның «кемшіліктері» туралы және мемлекеттік жәрдемнің керектігі туралы сөздер кім-көрінгеннің аузында айтылып жүр. Біздің борышымыз — бұл күйзелушілік шаруалардың нақ таптық езілуінен туатындығын, үкімет — езуші таптардың сенімді қорғаушысы екенін, кімде-кім шаруалардың халін түпкілікті оңдауды адал ниетпен шын тілесе, үкіметтен жәрдем күтпей, қайта оның езушілігінен құтылуға, саяси бостандықты жеңіп алуға тырысуы керектігін көрсетіп отыру. Жер құнын өтеу төлемдерінің шамадан тыс жоғарылығы, ол төлемдерді кеміту және мерзімін ұзарту арқылы үкіметтің тиімді шара жасағандығы айтылады. Бұған біздің айтарымыз: жер құнын өтеу төлемдерінің барлығы да — помещиктер мен үкіметтің шаруаларды

тонауын заң формасымен, чиновниктік созуарлықпен бүркегендік болады, одан бөтен түк емес, құлдарын азат еткені үшін крепостниктерге төленген төлем болады, одан бөтен түк емес. Біз жер үшін төленетін төлемдер мен оброк алымдарын тез және толық жою талабын қоямыз, құл иеленушілердің құлқынын қанағаттандыру үшін патша үкіметі әлденеше жылдар бойы күштеп жинаған жүздеген миллион ақшасын халыққа қайтаруын талап етеміз. Шаруалардың жері аз екені, шаруалардың жер иеленуін кеңейту үшін үкімет жәрдемі керектігі айтылады. Бұған біздің айтарымыз: дәл сол үкімет жәрдемі — әрине, помещиктерге берілген жәрдем,— *салдарынан* шаруалар өздеріне ете қажетті жерден осылайша жаппай айрылып отыр. Біздің қоятын талабымыз: еріксіз кіріптарлық, барщиналы, яғни іс жүзінде баяғы крепостниктік еңбектің сақталып қала беруіне себеп болып отырған кесіндіні шаруаларға қайтару талабын қоямыз. Біз патша өкіметі құрған дворян комитеттерінің азат болушы құлдарға істеген адам айтқысыз әділетсіздіктерін түзеу үшін шаруалар комитеттерін құру талабын қоямыз. Шаруалар халінің мүшкілдігін пайдаланып помещиктердің жер үшін алатын өлшеусіз қымбат ақысын кемітуге правосы бар соттар құрылуын талап етеміз,— кімде-кім біреудің аса мұқтаждығымен пайдаланып адамды кіріптар ететін келісім жасаса, оны сол соттардың алдында өсімқорлығы үшін айыптауға шаруалардың правосы болсын дейміз. Шаруаларға осы күнгі мемлекет қамқорлық істейді не болмаса жәрдем етеді деп айтушы адамдар не ақымақтар, не алаяқтар және шаруалардың қас жаулары, шаруаларға ең алдымен чиновниктер өкіметінің озбырлығынан, езушілігінен құтылу керек, ең алдымен шаруалардың барлық жағынан басқа сословиелердің бәрімен толық және сөзсіз тең праволылығы танылуы керек, жүріп-тұруға және қоныс аударуға толық еріктілігі, жерді еркін билеуге ықтиярлығы, барлық қауымдық істер мен қауымдық кірістерді билеу еркіндігі танылуы керек, деп біз әр уақытта және реті келген жердің бәрінде шаруаларға түсіндіруге тырысатын боламыз. Кез келген орыс деревнясының тұрмысындағы нағыз күнделікті фактілер жоғарғы ай-

тылған талаптар жөнінде үгіт жүргізу үшін әрқашан да мыңдаған дәлел бере алады. Бұл үгіт шаруалардың жергілікті, нақтылы, неғұрлым толғағы жеткен мұқтаждарына негізделуге тиіс; бірақ сол мұқтаждарымен шектеліп қалмай, қажымай-талмай шаруалардың ой-өрісін кеңейтуі керек, қажымай-талмай шаруалардың саяси сана-сезімін күшейтуі керек, помещиктер мен шаруалардың мемлекет ішінде айрықша орын алатынын көрсетуі керек, деревняның басынан кетпей тұрған озбырлық пен езушілік тепкісінен құтылудың бірден-бір құралы — халық өкілдерін шақыру, чиновниктердің өктемдігін құрту екенін ұғындыруы керек. Саяси бостандық жөніндегі әлгі талаптар жұмысшылардың санасына жетпейді-міс деу қисыны жоқ сорақы сөз болады: фабриканттармен және полициямен тікелей күрескен жылдарды басынан кешірген, өзінің қатарындағы таңдаулы адамдардың беталды тұтқынға алынып, қудалануын ылғи көзімен көріп отырған жұмысшылар ғана емес, осы күнде-ақ социализмге бой ұрған жұмысшылар ғана емес, айналасында не болып жатқанын аз да болса ойластыратын әрбір есті шаруа да жұмысшылардың не үшін күресіп жатқандығын аңғарып ұғына алады, бүкіл елді жексұрын чиновниктердің озбырлығынан азат ететін земство жиналысының идеясын ұғына алады. Сондықтан шаруалардың тікелей және нағыз толғағы жеткен мұқтаждарының негізінде жүргізілетін үгіт жұмысы «экономикалық» қырсықтың не ол, не бұл түрін әшкерелеген сайын, оны белгілі бір саяси талаптармен байланыстыра білген күнде ғана, өз міндетін — деревняға тап күресін енгізу міндетін,— орындай алатын болады.

Бірақ социал-демократиялық жұмысшы партиясы жоғарыда айтылғандай талаптарды өзінің программасына енгізе ала ма? Бұл партия шаруалар арасында үгіт жүргізуді өзінің міндетіне ала ала ма? Мұнымен біз өзіміздің революциялық күшімізді, онсыз да сан жағынан аз күшімізді, бытыратып, қозғалыстың ең басты және бірден-бір сенімді арнасынан басқа жаққа бұрып алмаймыз ба? деген сұрақ туады.

Мұндай қарсылықтар түсініспеушіліктен туады. Иә, біздің деревняны құлдықтың барлық қалдықтарынан

азат ету турасындағы талаптарды, шаруалардың таңдаулы бөлегін дербес саяси күреске аттандыра алмаған күнде, жұмысшы табының азаттық күресін саналы қолдауға ынталандыра алатын талаптарды біз өз программамызға сөзсіз кіргізуге тиістіміз. Егер біз қоғамның дамуын кідіртуге, немесе ұсақ шаруаларды капитализмнің өсуінен, ірі өндірістің өркендеуінен жасанды түрде қорғаштауға бағытталған шаралар үшін күресетін болсақ,— қате істеген болар едік; ал егер біз помещиктер мен чиновниктердің теріске бұрмалауы салдарынан 1861 ж. 19 февральдағы реформа орындамаған демократиялық талаптарды шаруалардың арасында тарату үшін жұмысшылар қозғалысын пайдалана алмасақ, онда қатеміз онан да гөрі орға жығарлық қате болар еді. Егер біздің партия самодержавиеге қарсы күресте бүкіл халықтың жетекшісі болғысы келсе, мұндай талаптарды программаға кіргізу біздің партия үшін қажетті іс болады *. Бірақ мұндай талаптарды программаға кіргізу белсенді революциялық күштерді қаладан деревняға шақыра бастаймыз дегендікті тіпті де көрсетпейді. Бұл туралы сөз болуы да мүмкін емес. Партияның барлық жауынгер элементтері қалалар мен фабрика-завод орталықтарына ұмтылуға тиіс екендігіне, самодержавиеге қарсы дәйекті, жаппай күрес жүргізу өнеркәсіп пролетариатының ғана қолынан келетіндігіне, ашық демонстрация жасау немесе дұрыс шығып, кеңінен таралатын *халықтық* саяси газетті жолға қою сияқты күрес құралдарын өз иығымен көтеріп шығу тек осы пролетариаттың ғана қолынан келетіндігіне ешбір күмән болмасқа керек. Біз шаруа талаптарын өзіміздің программамызға кіргізуге тиіс болғанда табанды социал-демократтарды қаладан деревняға шақырып алу үшін, оларды деревняға қадап бекітіп қою үшін кіргізбейміз,— жоқ, олай емес, деревнядан басқа жерде күшін жұмсауға орын таба *алмайтындардың* қызметіне басшылық ету үшін, социал-демократияға берілген бірсыпыра интеллигенттер

* Жоғарыда айтылған талаптар кіргізілген социал-демократиялық программаның жобасын біз жасап та қойдық. «Еңбекті азат ету» тобының көмегімен бұл жобаны талқылап, қайта түзеткеннен кейін біздің партия программасының жобасы ең таяу номерлердің бірінде жарияланар деп сенеміз.

мен жұмысшылардың өз жағдайлары себепті деревнямен жасаған байланыстарын, қажетіне қарай қозғалыстың өсуімен бірге өсіп, кеңейіп келе жатқан байланыстарын демократияның, бостандық жолындағы саяси күрестің ісіне пайдалану үшін біз бұл талаптарды программамызға кіргізуге тиістіміз. Бір кезде еріктілердің шағын отряды болған сатыдан, социал-демократиялық күштің барлық қоры түгелдей «жұмысшылар арасына барып жүрген» жастар үйірмелерімен шектелген сатыдан біз әлдеқашан асып, ер жеттік. Қазір біздің қозғалысымыздың толып жатқан армиясы бар, социализм үшін және бостандық үшін күреске құлшынған жұмысшылар армиясы бар,— қозғалысқа қатынасқан және қатынасып жүрген, қазірдің өзінде Россияның барлық түкпірлерінен табылатын интеллигенттер армиясы бар,— жұмысшылар қозғалысына ден қойып, сеніммен, үмітпен қарайтын және оған сан мың қызмет көрсетуге дайын отырған тілектестер армиясы бар. Сондықтан біздің алдымызда тұрған ұлы міндет: осы армиялардың бәрін ұйымдастыру, ұйымдастырғанда бұрқ ете түсетін болымсыз көтерілістер жасап қана қоймай, дұшпанға кездейсоқ, тиіп-қашты (сондықтан да қауіпті болмайтын) соққы беріп қана қоймай, үздіксіз, табанды және ұстамды күреспен жаудың барлық майданда ізіне түсе алатын болып, езушілік егіп, өшпенділік орып отырған самодержавие үкіметін қыр соңынан қалмай қудалай алатын болып ұйымдастыру. Ал сан миллиондаған шаруалар бұқарасының арасына тап күресі мен саяси саналылықтың ұрығын сеппейінше бұл мақсатқа жету, сірә, мүмкін бе? Ал мұндай ұрық себу мүмкін емес дегенді айтпай-ақ қойыңдар: оның мүмкін екені былай тұрсын, ол қазірдің өзінде-ақ істеліп жатыр, ол біздің көзімізге көрінбей, ықпалымызға ілікпей мыңдаған жолдармен істелуде. Әлгідей ықпал жүргізу үшін ұран тастап, орыс шаруаларын жексұрын крепостниктік правоның барлық қалдықтарынан азат ету туын көтере білген кезімізде бұл ұрық себілуі өлшеусіз кең көлемде, шапшаң болады. Қалаға келуші деревня адамдары өздеріне түсініксіз жұмысшы күресіне осы күнде-ақ өте құмартып, қызыға қарайды және бұл күрес туралы барлық

түкпірлерге хабар таратады. Біз, сырттан қараушылардың мұндай құмарлығы жұмысшылардың бүкіл халық қамы үшін күресіп жатқандығын толық ұғынбағанмен, шамамен сезетіндік дәрежесіне, жұмысшылардың күресіне бірте-бірте арта түсетін тілектестікке айналуына ұмтылуымыз керек және бұлай ету біздің қолымыздан келеді де. Міне, сонда революцияшыл жұмысшы партиясының полициялық үкіметті жеңетін күні біздің өзіміз күтпеген, өзіміз ойламаған шапшаңдықпен жақындай түседі.

1901 ж 19 февральдан (4 марттан) кешірек жазылған

1901 ж апрельде «Искра» газетінің 3-номерінде басылған

Газет тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(1898 — апрель 1901.)

1897—1898 жж.

А. А. МИКУЛИННІҢ КІТАБЫ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКА

А. А. Микулиннің кітабы (қандай кітап екені анықталмаған) туралы заметка, тегі, 1897 жылы немесе 1898 жылдың басында жазылған. Бұл заметка жөнінде Ленин 1898 жылдың 14(26) февралында М. Т. Елизаровқа жазған хатында айтады, «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 91-бет) жинағына бұл заметканы енгізудің қажеті жоқ екенін ескертеді.

Н. Е. ФЕДОСЕЕВКЕ ЕКІ ХАТ

Н. Е. Федосеевке жолдаған хаттар 1898 жылдың 24 январынан (5 февралынан) бұрын жазылған. Бұл хаттар жөнінде мағлұмат В. И. Лениннің 1898 жылы 24 январьда (5 февральда) А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында бар, онда былай делінген: «Н. Е. Ф-ға 2 хат жазғаныма қарамастан, ол маған хат жазбайды, тіпті жауап та қайтармайды» (Шығармалар, 37-том, 83-бет).

1898 ж.

ТВЕРЬ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЗЕМСТВО БАСҚАРМАСЫНЫҢ СТАТИСТИКА БӨЛІМІНЕ ХАТ

Бұл хат жөнінде Ленин 1898 жылдың 12(24) декабрінде А. И. Ульянова-Елизароваға хабарлайды (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 147-бет).

1898—1899 жж.

Л. МАРТОВҚА ХАТТАР

В. И. Лениннің Л. Мартовпен хат алысқаны жөнінде Лениннің өз туысқандарына жазған хатында айтылады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 190-бет)), сондай-ақ Л. Мартовтың естеліктерінде айтылады.

«В. И. хатында петербургтік орган — «Рабочая Мысльдің» бірқатар номерлерінде саяси күрестің міндеттерін елеусіз қалдыруға тырысушылық байқалатынын және шетелдегі жас эмигранттар (оның ішінде К. М. Тахтаревтің) Плехановқа және бүкіл «Еңбекті азат ету» тобына қарсы ұдайы жорық ашып отырғанын, ал бұл жорыққа өзінің сезікпен қарайтынын ғапа жазған еді» (Ю. Мартов. Социал-демократтың жазбалары. М., 1924, 400—401-беттер).

ФИЛОСОФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ Ф. В. ЛЕНГНИККЕ ЖАЗҒАН ХАТТАР

Сибирьге жер аударылған жылдары В. И. Ленин философия мәселелері жөнінде Ф. В. Ленгникпен хат алысқаны жөнінде Ф. В. Ленгник пен П. Н. Лепешинскийдің айтқанынан мәлім. «Өзінің жауап хаттарында,— деп жазды Ленгник,— Владимир Ильич, әлі есімде, өте сыпайы, бірақ әбден айқын түрде юмдық скептицизм мен канттық идеализмге өзінің үзілді-кесілді қарсы екендігін білдіре отырып, оларға Маркс пен Энгельстің өміршең философиясын қарсы қойды». Ф. В. Ленгник 1901 жылы Самарада болған тінту кезінде бұл хаттардан айрылып қалғанын есіне түсіреді (қараңыз: Лениннің I жинағы, 194—195-беттер). П. Н. Лепешинский өзінің естеліктерінде Лениннің Ленгникке жазған хаттары кейде тіпті философия жөніндегі көлемді трактат болып кететінін атап көрсетеді (қараңыз: П. Н. Лепешинский. Бұрылыс кезеңде. М., 1955, 114—115-беттер).

1899 ж.

ЛИБЕРАЛ ХАЛЫҚШЫЛ Н. В. ЛЕВИТСКИЙДІҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ СЫНАЛҒАН ЕКІ МАҚАЛА

Бұл мақалалар жөніндегі мағлұмат В. И. Лениннің 1899 жылдың 25 августында (6 сентябрінде) М. А. Ульяноваға жазған хатында бар (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 218-бет). Мақалалар, сірә, «Начало» журналына арналып жазылған болу керек, ал бұл журналды патша үкіметі 1899 жылдың июнінде жауып тастаған болатын.

«CREDO» ТУРАЛЫ МАРТОВҚА ХАТ

Бұл хат жөнінде Л. Мартовтың естеліктерінде айтылады (қараңыз: Ю. Мартов. Социал-демократтың жазбалары. М., 1924, 407—408-беттер).

А. Н. ПОТРЕСОВ пен Л. МАРТОВҚА ХАТТАР

Бұл хаттарында В. И. Ленин шетелде жалпы орыстық құпия маркстік газетті шығару жоспары жайында, орыс және халықаралық ревизионизммен күресудің қажеттігі жайында хабар-

лайды (қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 105—106-беттер; Ю. Мартов. Социал-демократтың жазбалары. М., 1924, 411-бет; «Каторга және Жер аудару», 1927, № 6 (35), 9-бет).

С. Н. ПРОКОПОВИЧТІҢ «БАТЫСТАҒЫ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ДЕГЕН КІТАБЫНА РЕЦЕНЗИЯНЫҢ БАСЫ ЖӘНЕ АЯҒЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде қолжазбаның тек қана 4—16-беттері сақтаулы.

«КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БІР БӨЛЕГІ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде қолжазбаның 5 парағының жартысы жетіспейді.

1900 ж.

1900 ж. КӨКТЕМДЕ БОЛМАЙ ҚАЛҒАН РСДРП-ның ЕКІНШІ СЪЕЗІНЕ «ИСКРАНЫҢ» БАЯНДАМАСЫ

Съезге арналған баяндаманы Ленин жазбаша түрде әзірлеген, өйткені «Искра» тобы өткелі тұрған съезге делегат жіберу мүмкіндігіне сенімді болмаған.

«Бұл баяндамада,— деп жазды В. И. Ленин «Не істеу керек?» деген еңбегінде,— тек Орталық Комитетті сайлаумен, осы күнгі біздегі толық ыдыраушылық уақытында, бірігу мәселесін шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайтадан тез және толық сәтсіздікке ұшырай қалған күнде партия құру жөніндегі ұлы идеяның бағасын түсіру қаупіне жолығуымыз мүмкін; қазіргі астыртын жұмыс жүргізе алмай отырған жағдайда мұндай сәтсіздіктің болуы әбден ықтимал нәрсе, сондықтан істі бастағанда барлық комитеттерді және барлық басқа ұйымдарды жаңғырылған ортақ органды қолдауға шақырудан бастау керек, бұл орган барлық комитеттерді *іс жүзінде нақтылы* байланыстыра алады, бүкіл қозғалысқа басшылық етушілер тобын *нақтылы* дайындай алады,— ал комитеттердің құрған мұндай тобын комитеттер мен партия, ондай топ өсіп-жетіліп, нығайып отырғандықтан, оп-оңай Орталық Комитетке айналдыра алады, деген пікір айтылады. Бірақ та бірқатар сәтсіздіктерге ұшыраудың салдарынан съезд болмай қалады, сонымен баяндама да тек бірнеше жолдастар, соның ішінде бір комитеттің өкілдері оқып шыққан-

нап кейін, құпиялықты сақтау керек деген оймен жойылып жіберіледі» (Шығармалар, 5-том, 538—539-беттер).

Кезінде баяндамадан көшірме жасалуы ықтимал.

1898—1901 ж. апрель

«ЕҢБЕКТІ АЗАТ ЕТУ» ТОБЫНА ХАТТАР

В. И. Лениннің «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері — Г. В. Плехановқа, П. Б. Аксельродқа, В. И. Засуличке жазған хаттары туралы мағлұматтарды мыналардан қараңыз: Шығармалар, 34-том, 37—38-беттер; 36-том, 33-бет; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 58-бет; Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельродтың хат алысуы. II том, М., 1925, 137-бет; Россиядағы социал-демократиялық қозғалыс. А. Н. Потресов пен Б. И. Николаевский редакциялаған материалдар. I том, М.—Л., 1928, 75—76-беттер.

ТУЫСҚАНДАРЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ:

М. А. Ульяноваға, М. И. Ульяноваға, А. И. Ульянова-Елизароваға, Д. И. Ульяновқа, Н. К. Крупскаяға, М. Т. Елизаровқа

В. И. Лениннің туысқандарына жазған, бірақ осы күнге дейін сақталмаған көптеген хаттары туралы В. И. Лениннің туысқандарына жазған, бүгінге дейін жеткен хаттарында, оның хаттарынан Москва жандарм басқармасының жасаған көшірмелерінде, сондай-ақ А. И. Ульянова-Елизарованың, М. И. Ульянованың және Н. К. Крупскаяның естеліктерінде айтылады (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 80, 82, 91, 94, 96, 98, 100, 110, 115, 124, 134, 135, 137, 141, 146, 186, 194, 204, 218, 225, 241, 489—490, 491, 493, 522, 524, 530, 532-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 51, 102—103, 234-беттер; Н. К. Крупская. Ленин — редактор және партиялық баспасөзді ұйымдастырушы. М., 1956, 20-бет).

ХАТТАРЫ

Е. В. Барамзинге, А. А. Ванеевке, М. Г. Григорьевке, В. А. Ионовқа, А. М. Калмыковаға, Л. М. және Н. М. Книповичтерге, Г. М. Кржижановскийге, В. К. Курнатовскийге, И. Х. Лалаянцқа, П. Н. Лепешинскийге, Я. М. Ляховскийге, С. И. Мицкевичке, А. Н. Потресовқа, М. А. Сильвинге, А. П. Скляренкоға, В. В. Старковқа, П. Б. Струвеге, М. М. Филипповқа, А. С. Шаповаловқа, А. А. Якубоваға

Осы аса кең көлемді хат алысулар жөнінде В. И. Лениннің туысқандарына жазған, осы күнге дейін жеткен хаттарында, Н. К. Крупскаяның, Г. М. Кржижановскийдің, П. Н. Лепешинскийдің, Л. Мартовтың және т. б. естеліктерінде айтылады.

«Аптасына екі рет почта келіп тұратын. Көп адамдармен хат жазысып тұратынбыз,— деп жазады Н. К. Крупская.— Россиядан хаттар мен кітаптар келіп жататын. Анна Ильинична барлық жай-жапсарды толық айтып хат жазып тұратын, Питерден де хаттар келіп жататын... Алыстағы айдаудан — Туруханскідегі Мартовтан, Вятка губерниясындағы Орлов қаласында тұратын Потресовтан хат алып тұрдық. Әсіресе, бізбен көршілес селоларда бытырап тұратын жолдастардан хат көп келетін. Минусинскіден (Шушенское селосы одан 50 шақырым жерде тұратын) Кржижановскийлер, Старков хат жазып тұрды; бізден 30 шақырым жердегі Ермак селосында Лепешинский, Ванеев, Сильвин, Оскардың жолдасы — Панин тұратын, 70 шақырым жердегі Тесиде — Ленгник, Шаповал, Барамзин тұрды, қант заводында Курнатовский тұратын. Барлық жай-жапсарды айтып — орыс өмірінің жаңалықтары туралы, болашақ істің жоспарлары туралы, оқыған кітаптарымыз туралы, жаңа ағымдар туралы, философия туралы пікір алысып, хат жазысып тұрдық. Шахмат істері жөнінде де хат жазысып тұрдық, әсіресе Лепешинскийден хатты көп алатынбыз...» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 32-бет; қараңыз, тағы да: Шығармалар, 37-том, 79, 82, 128, 135, 149, 196, 224, 246, 259, 517, 523-беттер; Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 181—182, 220—221-беттер; Н. Крупская. Өткен кезеңдерден. М.— Л., 1930, 40-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1898—1901 жылдың басы

[Крупская, Н. К.] Жұмысшы әйел. «Исқраның» басылымы, 1901 ж. февраль (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин — редактор және партиялық баспасөзді ұйымдастырушы. М., 1956, 20-бет).

1899—1900 жж.

С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының ағылшын тілінен орысша аудармасы. II том, Спб., 1901 (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 199, 221, 222, 225, 519-беттер).

1900—1901 ж. апрелі

«Искра» газетінің 1, 2 және 3-номерлеріне арналған мақалалар мен корреспонденциялар.

«Заря» журналының 1-номеріне арналған мақалалар (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 1—4, 9, 34-беттер; Н. К. Крупская. Ленин — редактор және партиялық баспасөзді ұйымдастырушы. М., 1956, 21-бет).

1900 жылдың аяғы

[Ерманский, О. А.] Харьковтағы май күндері. «Искраның» басылымы, 1901 ж. январь (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 9-бет).

В. И. ЛЕНИН АУДАРҒАН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1898, 1899–1900 жж.

С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының I томының және II томы текстінің едәуір бөлегінің ағылшын тілінен орысшаға аудармасы. Ленин кітаптың орысша аудармасы жайында бірқатар жолма-жол ескертулер жазды (қараңыз: С. және Б. Веббтер. Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы. I—II томдар. Ағылшын тілінен аударған Владимир Ильин. Спб., 1900—1901; Шығармалар, 37-том, 101, 103, 106, 115, 120, 122, 124, 126, 221. 222, 225, 519-беттер).

1899 ж.

К. Каутскийдің «Бернштейн және социал-демократиялық программа. Сынға сын» деген кітабының неміс тілінен орысшаға аудармасы (қараңыз: К. Каутский. Мақалалар жинағы. Спб., 1905. Кітаптың екінші басылуында (1906): «Аударған Ленин» деп жазылған; Шығармалар, 36-том, 36-бет. Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 101-бет).

1900 ж.

Г. Гайндманның «Социализм, тред-юнионизм және саяси күрес» деген мақаласының ағылшын тілінен орысшаға аудармасы. В. И. Лениннің қолжазбасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы. Гайндманның мақаласы автордан «Жұмысшы туы» тобының мүшесі В. П. Ногин арқылы алдырылған болатын (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 36—37-беттер).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Біздегі фабрика-завод статистикасы туралы мәселе жөнінде. Проф. Карышевтің статистика жөніндегі жаңа ерлігі» деген* мақаланы Ленин 1898 жылы августа жазған. 1898 жылы октябрьдің бірінші жартысында шыққан «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинақта басылды. «Біздегі фабрика-завод статистикасы туралы мәселе жөнінде» деген мақаланың материалдары мен қорытындыларын Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында кеңінен пайдаланды (V тарау: «Өнеркәсіптегі капитализмнің алғашқы сатылары»; VI тарау: «Капиталистік мануфактура және үйде істелетін капиталистік жұмыс»; және VII тарау: «Машиналы ірі индустрияның дамуы», екінші бөлім — «Біздің фабрика-завод статистикамыз»).— *1.*

[2] *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан бастап шықты, Россияны конституциялық монархияға айналдыруға тиісті реформалар қажеттігін талап етіп, баяу-либералдық интеллигенцияның көзқарастарын бейнеледі. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылып тұрды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырып отырды деп көрсетті (Шығармалар, 19-том, 120-бет). 1918 жылы басқа контрреволюциялық газеттермен бірге «Русские Ведомости» де жабылып тасталды.— *5.*

[3] *Топчакты двигатель* — аттың күшімен жұмыс істейтін қарапайым двигатель.— *10.*

[4] *Постав* — диірменнің астыңғы және үстіңгі тастары.— *12.*

[5] *«Юридический Вестник»* («Заң Хабаршысы») — либералдық-буржуазиялық бағыттағы айлық журнал; Москвада 1867

жылдан 1892 жылға дейін шығып тұрған. Журналда кейіннен кадеттер және октябристер болып кеткен публицистер қызмет істеді (Н. Кареев, В. Гольцев, М. Ковалевский, С. Муромцев және басқалар).

«Юридический Вестниктің» 1888 жылғы 10-номерінде Н. Михайловскийдің «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен Карл Маркс» деген мақаласына байланысты К. Маркстің «Отечественные Запискидің» редакциясына жазған хаты басылған.— *14.*

6 *«Мир Божий»* («Тәңір Дүниесі») — либералдық бағыттағы әрайлық әдеби және ғылыми-көпшілік журнал; Петербургте 1892 жылдан 1906 жылға дейін шығып тұрды. 1898 жылы журналда А. Богдановтың «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» деген кітабына Лениннің рецензиясы басылған (қараңыз: осы том, 40—49-беттер). 1906 жылдан 1918 жылға дейін журнал «Современный Мир» деген атпен шығып тұрды.— *18.*

7 Ленин өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабы туралы айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том.).— *19.*

8 Бұл кітаптың толық сипаттамасы В. И. Лениннің «Пермь губерниясындағы 1894/95 жылғы майдагерлер санағы және «майдагерлік» өнеркәсіптің жалпы мәселелері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 345—462-беттер).— *20.*

9 Россия империясы халқының 1897 жылғы 28 январьдағы (9 февральдағы) бірінші жаппай санағының мәліметтері жеке-жеке кітапшалар болып 1897 жылдан 1905 жылға дейін шығарылды; Ленин бұл мәліметтерді «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының екінші басылуында пайдаланып, бірқатар елді мекендердің халық санын дәлірек көрсетті.— *33.*

10 Ленин бұл арада Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдарды айтып отыр; бұл «мектептің» көзқарастарын Ленин ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі? («Русское Богатствоның» марксистерге қарсы мақалаларына жауап)» деген кітабында сынады.— *43.*

11 *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — әрайлық әдеби-саяси журнал; Москвада 1880 жылдан 1918 жылға дейін шықты, 1905 жылға дейін либералдық-халықшылдық бағытта болды (1885 жылға дейін — редакторы В. М. Лавров). 90-жылдарда, марксистер либерал халықшылдармен күрес жүргізгенде, журнал арагідік марксистердің мақалаларын басып тұрды. Осы кезеңде «Русская Мысльде» демократияшыл жазушы-

лардың: Д. Н. Мамин-Сибиряктың, Г. И. Успенскийдің, В. Г. Короленконың, А. М. Горькийдің, А. П. Чеховтың және т. б. шығармалары басылды. 1905 жылғы революциядан кейін — контрреволюциялық либерализмнің органы; П. Б. Струвенің редакциялауымен шығып тұрды. Ұлтшылдықты, «вехашылдықты», поппшылдықты уағыздап, помещиктік меншікті қорғады.

Ленин «Русская Мысльді» — «Черносотенная Мысль» деп атады (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 495-бет).— *44.*

12 Қараңыз: К. Маркс. Капитал, III том, «Қазақстан» баспасы, 1973. 781—782-беттер.— *47.*

13 *Колондар* — ежелгі Рим империясында ірі жер иелерінен кішігірім жер учаскелерін арендалаушылар. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін колондар ақшалай аренда ақысын және заттай да ақы төлейтін болған. Кейіннен олар борышқа батып, іс жүзінде жер иелеріне толық тәуелді жағдайға түсетін. Ф. Энгельстің анықтамасы бойынша, колондар «орта ғасыр крепостнойларынан бұрын дәурен сүргендер» болды. (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 307-бет).— *47.*

14 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973. 842—876-беттер.— *48.*

15 «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка (Туган-Барановский мен Булгаков мырзалардың айтысы жөнінде)» «Научное Обозрение» журналының 1899 жылғы 1-номерінде басылған.

«Научное Обозрение» («Ғылыми Шолу») — ғылыми (1903 жылдан жалпы әдеби) журнал; Петербургте 1894 жылдан 1903 жылға дейін шығып тұрды. Журнал өз жұмысына түрліше мектептерге және бағыттарға жататын публицистер мен ғалымдарды тартып отырды; либералдар және «жария марксистер» журналды кеңінен пайдаланды. Журналда К. Маркстің «Сауда еркіндігі туралы сөз» (1897, № 11), «Жалақы, баға және пайда» (1898, № 12) және т. б. және Ф. Энгельстің «Диалектика және метафизика» («Анти-Дюрингке» кіріспеден үзінді) (1897, № 5) және т. б. еңбектері басылды. 1900 жылға арналған хабарландыруда қызметкерлерінің қатарында В. Ильин (Ленин) бар. «Научное Обозрениеде» В. И. Лениннің «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметкасынан» басқа «Тағы да орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде» (1899, № 8) (қараңыз: осы том, 73—93-беттер) және «Сынға жанаспайтын сын» (1900, №№ 5, 6) (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том, 665—693-беттер) деген мақалалары басылған.— *50.*

16 *«Үстеме құн»* — қосымша құн. 1899 жылдың ортасына дейін Ленин «қосымша құн» деген терминмен қатар «үстеме құн»

деген терминмен де пайдаланып келді. Кейін тек қана «қосымша құн» терминін пайдаланды.

«Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка» бірінші рет басылған «Научное Обозрение» журналында редакция «құн» деген терминді «бағалы зат» деген терминмен ауыстырған. Ленин «бағалы зат» деген терминді дұрыс емес деп есептеді; «Тағы да орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласына берген ескертуінде ол әрқашан да «құн» деген терминді қолданам деп жазған (қараңыз: осы том, 74-бет).— *51.*

17 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 533-бет.— *52.*

18 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 329—330-беттер.— *53.*

19 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 264—265-беттер.— *53.*

20 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 330-бет.— *54.*

21 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 270—271-беттер.— *55.*

22 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 524-бет.— *55.*

23 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 362-бет.— *55.*

24 *«Новое Слово»* («Жаңа Сөз»)— айлық ғылыми-әдеби және саяси журнал; 1894 жылдан бастап Петербургте либерал халықшылдар шығарып тұрды. 1897 жылдың көктемінен А. М. Калмыкованың қатысуымен «жария марксистер» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский және басқалар) шығара бастады. «Новое Слово» Ф. Энгельстің «Құн заңы және пайда дәрежесі» деген тақырыппен «Капиталдың» III томына қосымшасы (1897, № 12) және басқа еңбектері, сондай-ақ Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және оз еліміздің сисмондишілдері», «Бір газет мақаласы жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 131—284 және 463—470-беттер) деген еңбектері басылды. Журналға Г. В. Плеханов, В. И. Засулич, А. М. Горький және басқалар қатысты. 1897 жылы декабрьде үкімет журналды жауып тастады.— *55.*

25 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 411—441-беттер.— *56.*

26 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 27-бет.— *60.*

27 Р. Гвоздевтің, Парвустың кітаптарына және «Сауда-өнеркәсіптік Россия» деген анықтамаға В. И. Лениннің рецензиялары «Начало» журналында басылған, 1899, № 3.

«Начало» («Бастама») — әрайлық ғылыми, әдеби-саяси журнал, «жария марксистердің» органы, Петербургте 1899 жылдың бірінші жартысында П. Б. Струвенің, М. И. Туган-Барановскийдің және басқалардың редакциялауымен шығып тұрды. Журналда Г. В. Плеханов, В. И. Засулич және басқалар қатысып тұрды. Журналдың 4-номерінде Ф. Энгельстің «Париждеи Бернге» деп аталатын 1848 жылға жататын жол жазбаларынан үзінділер басылды; «Началода» К. Каутскийдің «Аграрлық мәселе» дейтін кітабына В. И. Лениннің рецензиясы, В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабының III тарауының алты бөлімі «Қазіргі орыс егіншілігінде барщиналық шаруашылықты капиталистік шаруашылықтың ығыстырып шығаруы» деген тақырыппен және Гобсонның «Қазіргі заманғы капитализмнің эволюциясы» деген кітабына рецензиясы басылды.— *61.*

28 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 780—782-беттер.— *67.*

29 *Тоня* — балық аулау кәсіпшілігі.— *71.*

30 *Физиократтар* — буржуазиялық классикалық саяси экономиядағы бағыттардың бірі, оның өкілдері Францияда буржуазиялық революцияны идеялық жағынан әзірлеу дәуірінде (XVIII ғасырдың 50 және 60 жылдары) шыққан. Физиократтар мектебінің негізін қалаушы Ф. Кенэ болды. Физиократтар «laissez faire, laissez passer» («әрекетке толық бостандық берілсін») деген формулаға сай экономикалық саясатты талап етті; мұның өзі дамып келе жатқан буржуазиялық қатынастарға негұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған еді. Физиократтар жеке меншіктің шексіз үстемдік ету принципін жариялады, протекционизмді қабылдамады, цехтық томаға-тұйықтыққа қарсы күресті, еркін сауданы және бәсекені талап етті.

Физиократтар байлықтың және қосымша өнімнің шығатын көзін зерттеуді айналыс сферасынан өндіріс сферасына ауыстырды, бірақ осының өзін ауыл шаруашылығы саласынан асырмады. Бұлар экономикалық ақыл-ой тарихында ұдайы өндіріс және жиынтықталған қоғамдық өнімді бөлу заңын зерттеуге тұңғыш рет әрекет жасады. Кенэнің «Экономикалық кестесі» ұдайы өндірістің капиталистік процесін тұтас алып қараудың әрекеті болды. Алайда, құнның жаратылысын түсінбегендіктен, физиократтар қосымша құнды қосымша еңбектің бейнесі деп емес, табиғаттың өзінше бір сыйы («таза өнім») деп білді.— *74.*

[31] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1957, 237-бет. Ленин бұл арада «Сын тарихынан» деген тарауға сілтеп отыр. (қараңыз: екінші бөлім, X тарау).— *74.*

[32] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 602-бет.— *74.*

[33] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 408—409-беттер.— *75.*

[34] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 409—441-беттер.— *75.*

[35] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 441-бет.—*77.*

[36] *«Капиталдың» төртінші томы* деп Ленин, Энгельстің айтуынша, Маркстің 1862—1863 жылдары жазған «Қосымша құн теориялары» деген еңбегін айтып отыр. «Капиталдың» екінші томына жазған алғы сөзінде Энгельс былай деген: «Бұл қолжазбаның сын бөлімін «Капиталдың» IV кітабы түрінде жариялау правосын өзімде қалдырамын, оның бер жағында II және III кітаптарда толық айтылып кеткен көп жерлері ол қолжазбадан алынып тасталды» (К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 11-бет). Алайда Энгельс «Капиталдың» IV кітабын баспаға әзірлеп үлгермеді. «Қосымша құн теориялары» неміс тілінде тұңғыш рет К. Каутскийдің өңдеуімен 1905—1910 жылдары жарияланды. Бұл басылымда текстіні ғылыми ереже бойынша жариялаудың негізгі шарттары бұзылып, марксизмнің бірқатар қағидалары бұрмаланды.

Үш бөлімнен тұратын «Қосымша құн теорияларын» КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты 1862—1863 жылдардағы қолжазбамен шығарды (қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы), I бөлім, 1955, II бөлім, 1957).— *77.*

[37] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 905-бет.— *77.*

[38] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963. 601—602-беттер.— *78.*

[39] Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 904-бет.— *78.*

[40] *Неокантшылдық* — Германияда XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған буржуазиялық философиялық ағым. Неокантшылдық Кант философиясының неғұрлым реакцияшыл, идеалистік қағидаларын қайта жаңғыртып, ондағы материализм элементтерін жоққа шығарды. «Кантқа қайта оралу керек» деген ұранмен неокантшылдар канттық идеализмді қайта тудыруды уағыздады, диалектикалық және та-

рихи материализмге қарсы күрес жүргізді. Ф. Энгельс «Людвиг Фейербах және классикалық неміс философиясының ақыры» деген кітабында неокантшылдарды «теориядағы реакционерлер» деп, дәрменсіз эклектиктер және қалдық терушілер деп сипаттады.

Герман социал-демократиясының қатарындағы неокантшылдар (Э. Бернштейн, К. Шмидт және басқалар) маркстік философияны, Маркстің экономикалық теориясын және оның тап күресі мен пролетариат диктатурасы туралы ілімін ревизиялады. Россияда неокантшылдықтың өкілдері «жария марксистер» П. Б. Струве, С. Н. Булгаков және басқалар болды.

Ленин өзінің ертеректе жазған: «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)» (1895), «Сынға жанаспайтын сын» (1900) деген еңбектерінде неокантшылдықты орыс топырағына көшіріп әкелген «жария марксистерге» қарсы шықты және 90-жылдардың аяғында шетелдік әдебиетте неокантшылдарға қарсы жазылған Г. В. Плехановтың мақалаларын құттықтады, бұл мақалаларда Г. В. Плеханов Э. Бернштейннің және К. Шмидттің неокантшылдығын «реакцияшыл буржуазияның реакциялық теориясы» деп жариялады. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында неокантшылдық философияны жан-жақты сынады. Өзінің философиялық еңбектерінде Ленин неокантшылдардың субъективтік-идеалистік философиясының табиғат пен қоғамды ғылыми жолмен тануға қас философия екенін корсетті, буржуазиялық идеология ретіндегі оның таптық мәнін әшкереледі.

Қазіргі уақытта неокантшылдық идеяларды марксизм-ленинизмге қарсы күрес жүргізу мақсатымен империализмнің реакциялық философиясының өкілдері пайдаланады.— *80.*

41 Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың Н. Бельтов деген бүркеншік атпен 1895 жылы Петербургте жария түрде басылған «Тарихқа монистік козқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» деген кітабы және тағы да соның неміс тілінде басылған «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» деген кітабы туралы айтып отыр.— *81.*

42 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», II том, «Қазақстан» баспасы, 1968, 533-бет.— *85.*

43 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 895-бет.— *86.*

44 Ленин бұл арада «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы). П. Струвенің

«Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабы туралы. СПБ. 1894 ж.» деген өзінің еңбегі туралы айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 367—563-беттер).— *90.*

45 *Майораттар* — кейбір капиталистік елдерде феодализм заманынан сақталып қалған мұрагерлік тәртібі; бұл тәртіп бойынша ірі помещиктік имениелер бөлінбестен сол әулеттің жасы үлкеніне немесе жер иесі ұлдарының ішіндегі ең үлкеніне көшеді.— *97.*

46 1899 жылы «Научное Обозрениенің» 8-номерінде К. Каутскийдің «Аграрлық мәселе» деген кітабынан бір тарауының аудармасы «Қазіргі ауыл шаруашылығы» деген тақырыппен басылып шықты.— *100.*

47 Лениннің «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» деген мақаласы «Начало» журналына арналып жазылған еді, бірақ оның жабылып қалуына байланысты «Жизнь» журналында басылды.

«Жизнь» («Өмір») — әдеби, ғылыми және саяси журнал, Петербургте 1897 жылдан 1901 жылға дейін шығып тұрды. Журналға «жария марксистер» (М. И. Туган-Барановский, П. Б. Струве және басқалар), алдыңғы қатарлы жазушылар мен сыншылар (А. М. Горький, А. П. Чехов, В. В. Вересаев, С. Г. Скиталец, И. А. Бунин, Е. А. Соловьев) қатысты. «Жизньнің» беттерінде К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегі басылды. Журналда В. И. Лениннің «П. Нежданов мырзаға жауап» деген мақаласы да басылды (декабрь, 1899) (қараңыз: осы том, 167—173-беттер).

«Жизньді» үкімет 1901 жылы июньде жауып тастады; 1902 жылы апрельде «Жизнь» социал-демократиялық тобы (В. Д. Бонч-Бруевич, В. А. Поссе, В. М. Величкина, Г. А. және М. А. Куклиндер және басқалар) журналды шетелде қайта шығара бастады. Шетелде журналдың алты кітабы, «Листок «Жизнидің»» он екі номері және ««Жизнь» Кітапханасының» бірнеше жеке басылымдары шықты. «Жизнь» тобы социал-демократиялық көзқарастан және оның тактикасынан христиандық социализм мен анархизмге қарай ауытқып кетті. 1902 жылы декабрьде «Жизнь» тобы таратылып, баспа жабылды.— *101.*

48 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 663—664-беттер.— *113.*

49 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — Петербургте 1876 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған айлық журнал. 90-жылдардың бас кезінен Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті; 1893 жылы россиялық

социал-демократтарға қарсы жорықты бастаған ең басты халықшылдық орган болды. Марксизмді бұрмалап және өңін айналдырып, «Русское Богатство» батыс европалық ревизионистерге сүйенді. «Русское Богатствоның» төңірегіне кейін эсерлер, «халықшыл социалистер» партияларының және мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер жиналды. Журналдың әдеби бөлімінде прогресшіл жазушылардың — В. В. Вересаевтың, В. М. Гаршинның, А. А. Горькийдің, В. Г. Короленконың; А. И. Купринніц, Д. Н. Мамин-Сибирянтың, Г. И. Успенскийдің және басқалардың шығармалары басылды. 1906 жылдан «Русское Богатство» энестердің («халықшыл социалистердің») жартылай кадеттік партиясының органына айналды.

«Русское Богатство» өзінің атын бірнеше рет өзгертті («Современные Записки», «Современность», «Русские Записки»; ал 1917 жылдың апрелінен бастап қайтадан — «Русское Богатство» деп аталды).— *119.*

50 *Фритредерлер* — буржуазиялық саяси экономияның сауда бостандығын және жеке меншіктегі шаруашылық әрекеттеріне мемлекеттің қол сұқпауын талап еткен өкілдері. Фритредерлік XVIII ғасырдың екінші жартысында Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі дәуірінде туды; ол жұмысшылардың жалақысын төмендетуге мүмкіншілік беретін шеттен әкелінетін астық пен шикізатқа жоғары баж салығын жою, сондай-ақ сыртқы сауданы шек қоюсыз еркін өрістету, сөйтіп дүние жүзілік рыноктардан неғұрлым әлсіз бәсекелестерді ығыстырып шығару үшін сауда еркіндігін пайдалануды көздеген өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін бейнеледі. XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы Англияда фритредерліктің тірегі Манчестердің өнеркәсіпшілері болды, сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер» деп те атаған.

Фритредерлік А. Смиттің және Д. Рикардоның еңбектерінде теориялық жағынан негізделді.

Россияда фритредерлік көзқарас көбінесе дүние жүзілік рынокта астықты еркін сатуға мүдделі помещиктер тобының арасында тарады.

К. Маркс өзінің «Сауда еркіндігі туралы сөз» (1848) деген және басқа еңбектерінде фритредерліктің таптық мәнін ашып берді. Капитализмнің дамуын тездетіп, таптық қайшылықтарды шиеленістіретіні жағынан сауда еркіндігін талап етудің прогрестік маңызын теріске шығармастан, Маркс сонымен бірге буржуазия бұл ұранды әлеуметтік демагогия үшін және халықты алдау үшін пайдаланатынын, осыны бүркеніш етіп, пролетариатты шексіз қанауға, нашар дамыған елдерді экономикалық жағынан құлдануға және отаршылдық экспансияға ұмтылатынын көрсетті.

Фритредерліктің сипаттамасын В. И. Лениннің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және

оз еліміздің сисмондишілдері» деген еңбегінеп қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 2-том, 270—284-беттер).— *131.*

51 Бұл арада К. Маркстің Э. де Жирарденнің «Le socialisme et l'impôt» («Социализм және салық») деген шығармасын сынауға арналған мақаласы туралы айтылып отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 295—307-беттер.

Мақала 1850 жылы майда шыққан «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue» («Жаңа Рейн Газеті. Саяси-экономикалық шолу») деген журналдың 4-номерінде басылған. Журналды 1850 жылы Гамбургте К. Маркс шығарған, бұл журнал «Жаңа Рейн Газетінің» жалғасы болған.— *137.*

52 Бұл арада либералдық-буржуазиялық және халықшылдық бағыттағы бір топ автор құрастырған, проф. А. И. Чупровтың және А. С. Посниковтың редакциялауымен шыққан «Орыс халық шаруашылығының кейбір жақтарына егін шығымдылығы мен астық бағаларының әсері» (1897) деген екі томдық туралы айтылып отыр. Ленин бұл кітаппен айдауда жүргенде танысып, оны өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында сынаған.— *140.*

53 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 660—876-беттер.— *140.*

54 *Фидеикомисс* — ірі жер иеленудегі мұрагерлік жүйесі. Бұл жүйе бойынша иеліктегі жер мұра иесінің тұңғыш ұлына көшеді, оның жерді залогке салуына, бөлшектеуіне және тұтас немесе бөлшектеп сатуына правосы болмайды.

Anerbenrecht — мұраға алған жерді меншіктенуде біраз кеңірек еркіндік беретін, бірақ оны бөлуге нақ жаңағы сияқты рұқсат етпейтін фидеикомисстің шаруалар арасындағы бір түрі.— *148.*

55 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 684-бет.— *154.*

56 Бұл арада В. И. Лениннің «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка (Туган-Барановский мен Булгаков мырзалардың айтысы жөнінде)» деген мақаласы сөз болып отыр (қараңыз: осы том, 50—60-беттер).— *167.*

57 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 265-бет.— *170.*

58 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, «Қазақстан» баспасы, 1973, 330-бет.— *171.*

59 *«Россия социал-демократтарының наразылығы»* деген еңбегін В. И. Ленин 1899 жылы августа айдауда жүргенде, Петербургтегі А. И. Ульянова-Елизаровадан оның өзі ««Жастар» Credo»-сы деп атаған «экономистердің» документін алғаннан кейін жазған. «Credo»-ның авторы сол кезде шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» мүшесі Е. Д. Кускова болды. «Экономистер» тобының манифесі баспаға арналмаған болатын және, В. И. Лениннің айтуынша, «оның авторларының ықтиярынан тыс және, мүмкін, тіпті олардың ықтиярына қарсы» жарияланған, өйткені «экономистер» өздерінің оппортунистік көзқарастарының жұрт алдында ашық сыналуынан қорқатын.

Россиялық бернштейншілдердің документіне қарсы В. И. Ленин әзірлеген «Наразылықтың» жобасы Минусинск округіндегі жер аударылған он жеті марксистің Ермаковское селосында (А. А. Ванеевтің, П. Н. және О. Б. Лепешинскийлердің, М. А. Сильвиннің және басқалардың айдауда тұрған жері) өткен жиналысында талқыланды. «Наразылық» бір ауыздан қабылданып, оған В. И. Ленин, Н. К. Крупская, В. В. Старков, А. М. Старкова, Г. М. Кржижановский, З. П. Кржижановская-Невзорова, Ф. В. Ленгник, Е. В. Барамзин, А. А. Ванеев, Д. В. Ванеева, М. А. Сильвин, В. К. Курнатовский, П. Н. Лепешинский, О. Б. Лепешинская және Петербург жұмысшылары О. А. Энгберг, А. С. Шаповалов және Н. Н. Панин қол қойды. «Наразылыққа» сол жиналысқа қатыспаған И. Л. Проминский, М. Д. Ефимов, Чекальский мен Ковалевский, сондай-ақ Туруханскідегі айдаудағылар колониясы (Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум) және басқалар) қосылды. «Экономистердің» «Credo»-сына Вятка губерниясының Орлов қаласындағы жер аударылған он жеті социал-демократтың колониясы (В. В. Воровский, Н. Э. Бауман, А. Н. Потресов және т. б.) қарсы шықты.

«Наразылық» шетелге жіберілді, Г. В. Плеханов оны алған соң-ақ «Рабочее Делоның» кезектегі номеріне теруге тапсырды. Алайда «Рабочее Делоның» редакциясына енген шетелдік «Одақтың» «жас» мүшелері Г. В. Плехановтың рұқсатынсыз, 1899 жылдың декабрінде «Наразылықты» жеке листовка етіп шығарды, оған соңғы сөз жазды, мұнда олар «Credo» жеке адамдардың пікірін білдіреді, бұлардың позициясы россиялық жұмысшы қозғалысына қатер туғызбайды деп, шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағында» «экономизмнің» бар екенін жоққа шығарды. 1900 жылдың басында Г. В. Плеханов «экономизмге» қарсы бағытталған ««Рабочее Делоның» редакциясы үшін Vademecum (Жолнама. *Ред.)»* деген жинақта «Наразылықты» қайта бастырып шығарды. Г. В. Плеханов «Наразылықтың» пайда болуын құттықтады, ол «экономизмде» елеулі қауіп бар екенін россиялық социал-демократтардың көріп отырғанын және оған қарсы батыл күрес жариялап отырғанын көрсетеді.—*175.*

60 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы ісі») «экономистердің» журналы, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мерзімсіз органы. 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февраль айына дейін Женевада Б. Н. Кричевскийдің, П. Тепловтың, В. П. Иваншиннің, содан кейін А. С. Мартыновтың редакциялауымен шықты. Он екі номері (тоғыз кітабы) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» шетелдік орталығы болды. «Рабочее Дело» марксизмді «сынауға еркіндік берілсін» деген бернштейншілдік ұранды жақтады, орыс социал-демократиясының тактикалық мәселелері мен ұйымдық міндеттері жөнінде оппортунистік позицияда болды, шаруалардың революциялық мүмкіншіліктерін жоққа шығарды және т. с. «Рабочеделошылдар» пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеясын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялығы алдында бас иді және партияның басшылық ролін теріске шығарды. «Рабочее Делоның» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) «Рабочая Мысльді» — «Рабочее Дело» қолдап отырған, ашық «экономистердің» органын — редакциялауға қатысты. РСДРП-ның II съезінде «рабочеделошылдар» партияның нағыз оңшыл, оппортунистік қанатында болды.— *175.*

61 *«Еңбекті азат ету» тобы* — 1883 жылы Женевада Г. В. Плеханов құрған ең бірінші орыстың маркстік тобы. Бұл топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов енді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттауда зор жұмыс істеді. Бұл топ К. Маркс пен Ф. Энгельстің: «Коммунистік партияның манифесі», «Жалдамалы еңбек және капитал», «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген және басқа еңбектерін орыс тіліне аударды, оларды шетелде бастырып шығарып, Россияда таратты, сондай-ақ өздерінің басылымдарында марксизмді түсіндіріп отырды. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді тарату және социал-демократиялық қозғалыстың дамуы жолында басты кедергі болған халықшылдыққа елеулі соққы берді. «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885) және т. б. еңбектерінде Г. В. Плеханов реакциялық халықшылдық теорияларды (Россияның капиталистік емес жолмен дамуы туралы теорияны, революциялық қозғалыста пролетариаттың алдыңғы қатарлы ролін жоққа шығаруын, тарихта жеке адамдардың роліне халықшылдардың субъективтік-идеалистік көзқарасын және т. т.) маркстік тұрғыдан сынады. Г. В. Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885 жылдар) Россияда социал-демократиялық партияны даярлап, құруда маңызды қадам болды. Маркстік көзқарастарды таратуда, диалектикалық және тарихи материализмді қорғауда Плехановтың (Н. Бель-

товтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген кітабының, «орыс марксистерінің тұтас бір ұрпағын тәрбиелеп шығарған» (Ленин) кітабының маңызы әсіресе зор болды. Бұл топ «Социал-Демократ» жинағының 4 кітабын, сондай-ақ, жұмысшыларға арналған кітапшалар сериясын бастырып шығарып, Россияда таратты.

Ф. Энгельс «Маркстің экономикалық және тарихи ұлы теорияларын адал ниетімен және ешбір қалтқысыз қабылдаған» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 461-бет) «Еңбекті азат ету» тобының пайда болғанын құттықтады. Г. В. Плеханов пен В. И. Засулич Ф. Энгельспен достық қарым-қатынаста болды және ұзақ жылдар бойына онымен хат жазысып тұрды. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты және өзі өмір сүрген бүкіл кезең бойына II Интернационалдың 1889 жылғы бірінші конгресінен (Париж) бастап, оның барлық конгрестерінде россиялық социал-демократияның өкілі болды. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының елеулі қателіктері де болды: либералдық буржуазияның ролін асыра бағалау, пролетарлық революцияның резерві ретіндегі шаруалардың революцияшылдығын жете бағаламау. Осы қателер Плехановтың және топтың басқа мүшелерінің болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы болып шықты.

В. И. Ленин «Еңбекті азат ету» тобы «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет) деп көрсетті.

1903 жылы августа РСДРП-ның екінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдеді.— *177.*

62 Ленин бұл арада *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігін* — 1864 жылы 28 сентябрьде ағылшын және француз жұмысшылары шақырған Лондондағы халықаралық жұмысшы жиналысында негізі қаланған I Интернационалды, пролетариаттың тұңғыш халықаралық бұқаралық ұйымын айтып отыр. I Интернационалдың құрылуы — жұмысшы табының революцияшыл партиясын құру жолында К. Маркс пен Ф. Энгельстің ұзақ жылдар бойы жүргізген табанды күресінің нәтижесі. К. Маркс I Интернационалдың ұйымдастырушысы және басшысы, оның «Құрылтай манифесінің», Уставының және басқа программалық, тактикалық документтерінің авторы болды. В. И. Ленин атап көрсеткендей, I Интернационал «жұмысшылардың капиталға қарсы революциялық тегеурінін дайындау үшін олардың халықаралық ұйымының іргесін қалады», «социализм жолындағы пролетарлық, халықаралық күрестің іргесін қалады» (Шығармалар, 29-том, 302, 303-беттер).

I Интернационалдың орталық басшы органы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас советі болды. К. Маркс

оның ұдайы мүшесі болды. Сол кезде жұмысшы қозғалысында басым болған ұсақ буржуазиялық ықпалды және сектанттық тенденцияларды (Англияда тред-юнионизмді, роман елдерінде прудонизм мен анархизмді және Германияда лассальшілдікті) жеңе отырып, Маркс Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жұмысшыларын ғылыми социализм принциптері төңірегіне топтастыра берді. I Интернационал түрлі елдердің жұмысшыларының экономикалық және саяси күресіне басшылық етті, олардың халықаралық ынтымағын нығайта түсті. Марксизмді таратуда және социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіруде I Интернационалдың ролі өте зор.

Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін жұмысшы табының алдына I Интернационал ұсынған принциптер негізінде бұқаралық ұлттық партиялар құру міндеті қойылды. «Европадағы істің жайын ескере келіп,— деп жазды К. Маркс 1873 жылы,— Интернационалды формальды түрде ұйымдастыруды уақытша кейінгі қатарға жылжыту сөзсіз пайдалы деп есептеймін» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 310-бет). 1876 жылы Филадельфиядағы конференцияда I Интернационал ресми түрде таратылды.— *182.*

63 *«Бернштейншілдік»* — халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан ағым, ол XIX ғасырдың аягында Германияда пайда болды және герман социал-демократы Э. Бернштейннің есімімен аталды. Бернштейн герман социал-демократиясының ішіндегі оңшыл оппортунистік тенденциялардың ашық бейнелеушісі болды; бұл тенденциялар, әсіресе 1895 жылы Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін мейлінше айқын көрінді.

1896—1898 жылдарда герман социал-демократиялық партиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында Бернштейн «Социализм проблемалары» деген жалпы тақырыппен, марксизмді ашықтан-ашық ревизиялаған сериялы мақалалар бастырды. Герман социал-демократиялық партиясының сол қанаты өз газеттерінің бетінде Бернштейнге қарсы күресе бастады, бірақ партияның Орталық Комитеті Бернштейнге және бернштейншілдікке тойтарыс бермеді. «Die Neue Zeit» журналындағы айтыс 1898 жылы июльде Г. В. Плехановтың «Бернштейн және материализм» деген мақаласымен басталды.

1899 жылы мартта Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Герман партиясының оң қанаты мен II Интернационалдың басқа да партияларының оппортунистік элементтері кітапты мақұлдап қарсы алды. Бернштейншілдіктің «сын еркіндігі» деген ұранына россиялық «жария марксистер» мен «экономистер» де жармаса кетті. Орыс цензурасы Бернштейн кітабының үш рет

басылуына кеңшілік берді, ал Зубатов оны жұмысшылардың оқуына ұсынылған кітаптардың тізіміне енгізді.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде— Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ лидерлерінің көнгіштігінің ымырашылдық позициясына байланысты, партия Бернштейннен іргесін бөлмеді. Бернштейншілдер өздерінің теориялық органы «Sozialistische Monatshefte»-де («Социалистік Әрайлық») және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларын ашық насихаттауын тоқтатпады.

Тек В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана бернштейншілдікке, оның жақтастарына және оның ізбасарларына қарсы батыл күрес жүргізді.

Осы томға енгізілген шығармаларымен қатар, Ленин бернштейншілдікті өзінің «Не істеу керек?» (қараңыз: Шығармалар, 5-том, 375—379-беттер) деген еңбегінде, «Марксизм және ревизионизм» (15-том, 19—28-беттер), «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» (16-том, 365—370-беттер) деген мақалаларында да сынап, әшкерелейді.— *182.*

64 Қараңыз: К. Маркс. «Философия қайыршылығы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 178—185-беттер).— *183.*

65 Ленин бұл жерде лассальшілдердің жұмысшы табы жөнінен алғанда барлық басқа таптар кілең реакцияшыл тобыр болып табылады деген белгілі тезисін сынайды. Бұл тезис соған дейін дербес өмір сүріп келген екі герман социалистік партиясының — эйзенахшылдар мен лассальшілдердің бірігуі кезінде, 1875 жылы Гота съезінде қабылданған герман социал-демократтарының программасына енгізілген болатын.

К. Маркс «Гота программасына сынында» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 16—17-беттер) осы тезистің революцияға қарсы сипатын әшкереледі.— *184.*

66 *«Орыс жұмысшыларының солтүстік одағы»* — Россияда жұмысшы қозғалысының күшеюіне байланысты пайда болған жұмысшы табының алғашқы революциялық-саяси ұйымдарының бірі. «Одақ» 1878 жылдың аяғында Петербургте құрылды. Одақтың негізін қалаушылар Петербург жұмысшылары: слесарь Виктор Обнорский және столяр Степан Халтурин болды. 1878 жылғы 23 және 30 декабрьдегі жұмысшы жиналыстарында «Одақтың» программасы қабылданды, онда «Одақ» өзінің алдына қойған міндеттері жағынан Батыстың социал-демократиялық партияларына жақын делінді. Программа жұмысшы табының тарихи ролін анықтап, оны қоғамның алдыңғы қатарлы табы деп тани отырып, қанаудан азат етілуінің қажетті шарты ретінде жұмысшыларға саяси

право мен бостандық берілуін талап етті, Россия жұмысшыларын басқа елдердің пролетариатымен бірлесе отырып тап күресін жүргізуге шақырды. «Одақ» «мемлекеттің қазіргі саяси және экономикалық құрылысын мейлінше әділетсіз құрылыс ретінде құлатуды» өзінің түпкі мақсаты етіп алға қойды. Алайда «Одақтың» программасында халықшылдықтың ықпалының кейбір іздері болды.

1879 жылдың басында «Одақтың» 200-ге жуық мүшесі және сол шамалы тілектестері болды. «Одақтың» басшылары оны жалпы россиялық жұмысшы ұйымына айналдыру міндетін қойды. «Одақ» пролетариаттың стачкалық қозғалысына белсене қатысты. 1879 жылы Петербургте Жаңа мақта-тоқыма фабрикасында өткен аса ірі стачка басшыларының бірі «Одақ» мүшесі П. А. Моисеенко болды. «Одақ» жұмысшыларға арнап бірқатар прокламациялар шығарды, стачкашыларға ақшалай жәрдем көрсетті. 1879 жылы — 1880 жылдың басында патша үкіметі «Одақты» талқандады, «Одақ» мүшелері 1880 жылы 15 февральда Россиядағы бірінші жұмысшы газеті «Рабочая Заряның» бір номерін шығарып үлгерді, бірақ ол түгелдей дерлік конфискеленді.— *185.*

67 *«Жұмысшылардың оңтүстік россиялық одағы»* — 1875 жылы апрель-майда Одессада революционер-интеллигент Е. О. Заславский негізін қалаған Россиядағы тұңғыш революциялық-саяси жұмысшы ұйымы. «Одақ» қарыз-жинақ кассасын ашқан жұмысшы үйірмелерінен құрылды. «Одақтың» уставында орыс жұмысшы қозғалысының тарихында тұңғыш рет жұмысшылардың капитал езгісіне қарсы күресі туралы айтылады, жұмысшылар өздерінің праволарын «тек күшпен төңкеріс жасау арқылы ғана» мойындата алады деп көрсетілді.

«Одақтың» 60 белсенді мүшесі, сондай-ақ 150—200-дей оның қызметіне тілектес жұмысшылар болды. «Одақ» мүшелері жиындарға жиналып, революциялық-демократиялық кітаптарды оқыды, соларды таратты, стачкалар ұйымдастыруға белсене қатысты. «Одақ» өзінің ықпалын Россияның оңтүстігіндегі өнеркәсіпті қалалардың: Дондағы Ростовтың, Харьковтың, Таганрогтың және басқа қалалардың жұмысшыларына таратпақшы болды. Заславскийдің шәкірттері Дондағы Ростовта «Одақтың» бөлімшесін ұйымдастыра алды. 1875 жылы декабрьде, 8—9 ай өмір сүргеннен кейін, патша үкіметі «Одақты» талқандады. «Одақтың» аман қалған мүшелері революциялық қызметтерін одан әрі жүргізе берді.— *185.*

68 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде басылды; 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Вар-

шаваға көшірілді; соңғы 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

«Рабочая Мысльдің» көзқарастарын В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» (қараңыз: осы том, 260—297-беттер) деген мақаласында, «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында және «Не істеу керек?» деген кітабында сынады.— *186*.

69 *«С.-Петербургский Рабочий Листок»* («С.-Петербург Жұмысшы Листогы»)— жасырын газет, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» органы. Екі номері шыққан: № 1—1897 жылы февральда (январь деп көрсетілген), 300—400 дана болып мимеографта Россияда басылған және № 2 — 1897 жылы сентябрьде Женевада шыққан, баспаханада теріліп басылған.

Газет жұмысшы табының экономикалық күресін кең көлемді саяси талаптармен біріктіру міндетін алға қойып, жұмысшы партиясын құру қажеттігін атап көрсетті.— 186.

70 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — социал- демократтардың Киев тобының жасырын органы. Екі номері: № 1— 1897 жылы августа және № 2 — сол жылдың декабрінде (ноябрь деп көрсетілген) шықты. Редакция мүшесі П. Л. Тучапский редакцияның тапсырмасымен шетелге барғанда Г. В. Плехановты және «Еңбекті азат ету» тобының басқа да мүшелерін «Рабочая Газетаның» 1-номерімен таныстырып, газетке олардың қатынасуы жөнінде келісімдерін алған. Г. В. Плеханов «Рабочая Газета» редакциясының мүшелеріне жазған хатында жалпы орыстық социал-демократиялық орган ретінде газетке жақсы баға беріп, пролетариаттың саяси күресі мәселелеріне көбірек көңіл болу қажеттігін атап көрсеткен. «Еңбекті азат ету» тобының өкілдерімен байланыс жасалуының нәтижесінде «Рабочая Газетаның» екінші номері саяси сипаты анағұрлым айқын болып шықты. 1898 жылы мартта РСДРП-ның I съезі «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. Полиция баспахананы талқандап, Орталық Комитеттің съезд сайлаған мүшелерін қамауға алуы салдарынан газеттің теруге дайындалып қойған үшінші номері жарық көре алмады. 1899 жылы газетті қайта шығаруға әрекет жасалғаны жөнінде осы томның 193—195-беттерін, сондай-ақ «Не істеу керек?» деген еңбекті қараңыз (Шығармалар, 5-том, 537—538-беттер).— *186*.

71 *РСДРП-ның бірінші съезі* 1898 жылы 1—3 (13—15) мартта Минскіде жасырын өтті. Съезді шақыру қажеттігі туралы мәселені 1896 жылы Петербург түрмесінде жатқан кезінде Ленин қойды. Петербург «Күрес одағының» Ленин бастаған басшыларының тұтқындалып, Сибирьге айдалуы, одан соң «Одақтың» ішінде оппортунистік қанаттың бел алуы съезді шақыруға іс жүзінде мүмкіндік бермеген еді.

Съезге дайындық жұмыстарын полицияның талқандауынан аман қалған, жақсы конспирацияланған аппараты бар Киев социал-демократиялық ұйымы (1897 жылы мартта съезд алдындағы конференцияда бөлінген ерекше топ) жүргізді. Съезд социал-демократияның ішінде күшейіп бара жатқан оппортунистік бағытқа — «экономизмге» — қарсы күрес жағдайында шақырылды.

Съездің жұмысына 6 ұйымнан 9 делегат (Петербургтегі, Москвадағы, Киевтегі және Екатеринославтағы «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағынан» бір делегаттан, Киев «Рабочая Газетасынан» екі делегат және Бундтан үш делегат) қатысты.

Съезд жергілікті «Күрес одақтарын» және Бундты бірыңғай «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына» біріктіру туралы шешім қабылдады. Ұлт мәселесінде съезд әрбір ұлттың өзін өзі билеу правосы болуы керек деп есептеді. Орталық Комитетке Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» өкілі (С. И. Радченко), Киевтегі «Рабочая Газетаның» өкілі (Б. Л. Эйдельман) және Бундтың өкілі (А. А. Кремер) сайланды. «Рабочая Газета» партияның ресми органы деп танылды. Съезге қатысушылар Г. В. Плехановқа құттықтау жіберді.

Съездің артынша Орталық Комитет съездің атынан шығарған «РСДРП манифесі» саяси азаттық жолындағы күресті бірінші орынға қойды, абсолютизмге қарсы күрестің міндетін атап көрсетті және оны капитализм мен буржуазияға қарсы одан арғы күреспен байланыстырды. «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» партияның шетелдегі өкілі деп жарияланды.

Съезд Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізі қаланғанын жариялады, бірақ біртұтас партияны құра алмады. Съезден соң көп ұзамай Орталық Комитет тұтқынға алынды. Съезд программа жасай алмады, россиялық пролетариаттың тарихи міндеттерін белгілеуде оның саяси бағытының маркстік ұстамдылығы тиісті дәрежеде болмады. Алайда РСДРП-ның I съезі саяси өмірге оянған пролетариатты революциялық социал-демократияның төңірегіне топтастыруда бір қадам ілгері басқандық болды.— *187*.

72 *«Халық еркі»* — «Жер және ерік» деген халықшылдық ұйымның екіге бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болған халықшыл-террористердің құпия саяси ұйымы. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамында А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және басқалар болды. Халықшылдық утопиялық социализм позициясында болған халық ерікшілері самодержавиені құлатып, саяси бостандыққа жетуді ең маңызды міндет деп есептей отырып, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайлан-

ған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықты жариялауды, жерді халыққа беруді көздеді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына көшірудің шараларын белгіледі. «Халық ерікшілері — деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым алға басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар, 8-том, 61-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді. Бірақ белсенді «қаһармандар» мен енжар «тобыр» туралы қате теорияға сүйенген олар халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке террор жолымен, үкіметке үрей туғызу, береке қашыру жолымен қоғамды қайта құрмақшы болды. 1881 жылы 1 марттан кейін (II Александр өлтірілген күн) үкімет аяусыз қуғындау, атыпасу, арандату арқылы «Халық еркі» ұйымын жойып жіберді. 80-жылдар бойына «Халық еркін» қайта қалпына келтірмекші болған әрекеттер нәтиже берген жоқ. Мысалы, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) және П. Я. Шевырев бастаған, «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрды өлтіру әрекеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін бұл топ ұсталды да, оған белсене қатысушылар дарға асып өлтірілді.

Халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай келіп, В. И. Ленин «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметіне қарсы жанқиярлық күресі жайлы зор құрметпен пікір айтты, олардың конспирациялық техникасын және қатал орталықтанған ұйымын жоғары бағалады.— *188.*

73 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* Женевада 1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасымен құрылды және оның барлық мүшелеріне топтың программасын мойындау шарт етіп қойылды. «Одақтың басылымдарын редакциялау топқа жүктелді де, 1895 жылы март айында топ өзінің баспаханасын «Одақтың» пайдалануына берді. 1895 жылы, В. И. Ленин шетелде болған кезде, «Одақтың» «Работник» деген жинақтарын шығару туралы шешім қабылданды, мұның өзінде осы жинақтарды шығару жөнінде ұсыныс жасаған россиялық социал-демократтар бұл жинақтарды «Еңбекті азат ету» тобы редакциялайтын болсын деп шарт қойды. «Одақ» «Работниктің» 6 номерін, «Листок «Работниканың»» 10 номерін шығарып, В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1897) деген еңбегін, Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбегін және басқаларды бастырып шығарды.

1898 жылы мартта РСДРП-ның I съезі «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Одан ары «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер» немесе «жастар» дейтіндер — бел алып кетті. Олар съездің «Манифесіне» тілектестік білдіруден бас тартты, өйткені съезд саяси бос-

тандықты жеңіп алуды социал-демократияның таяудағы міндеті деп жариялаған болатын.

1898 жылы ноябрьде Цюрихте өткен «Одақтың» бірінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы «Работниктің» 5—6-номерін, В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері», «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларын шығаруды ғапа өз міндетіне алып, «Одақтың» бұдан басқа басылымдарын редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді. «Одақ» 1899 жылдың апрелінен «Рабочее Дело» журналын шығаруға кірісті, оның редакциясына экономистер Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин және басқалар енді. «Одақ» Э. Бернштейнге, мильеранщілдерге және т. с. тілектестік білдірген мәлімдемелер жасады.

«Одақ» ішіндегі күрес оның екінші съезіне дейін (апрель, 1900 жыл, Женева) және съездің өзінде де жалғаса берді. Осы күрестің нәтижесінде «Еңбекті азат ету» тобы және онымен пікірлестер съезді тастап шығып, өздерінің дербес «Социал-демократ» ұйымын құрды.

1903 жылы РСДРП-ның II съезінде «Одақтың» өкілдері («рабочеделошылдар») нағыз оппортунистік позицияда болып, съезд «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын» партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп таныганнан кейін съезді тастап шықты. Партияның екінші съезі «Одақты» таратылды деп жариялады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», қазақша 2-басылуы, I бөлім, «Қазақстан» баспасы, 1971, 851-бет).— ***189.***

74 *«Біздің программа», «Біздің таяудағы міндетіміз»* және *«Көкейтесті мәселе»* деген мақалаларын Ленин айдауда жүрген кезінде жазды. Бұлар РСДРП-ның I съезінде партияның ресми органы деп танылған «Рабочая Газетаға» арналып жазылған. 1899 жылы Бундтың Орталық Комитеті газетті қайта шығаруға әрекет жасап, редакторлар тобы газетті редакциялау жөнінде, ал кейіннен бірлесіп жұмыс істеу жөнінде Ленинге ұсыныс жасады. Ленин өзінің мақалаларын редакторлар тобына жазған хатымен бірге жіберді. Газетті қайта шығару мүмкін болмады да, мақалалар басылмай қалды. Осы мақалалары сақталған конверттің сыртына Ленин былай деп жазған: «Қайта шығатын Р. Г.-ға арналған мақалалар (1899). Бундтан 1901 ж. япв. алынды».— ***191.***

75 Э. Бернштейннің орыс социал-демократтарының көпшілігі оның көзқарастарына қосылатыны туралы мәлімдемесі («Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie» деген кітаптың немісше бірінші басылуының 170, 173-беттеріндегі ескертулер) Г. В. Плехановтың «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналындағы мақаласына жауап болатын; Бернштейннің кейіннен «Социализмнің алғы

шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітапқа кірген мақалалары жөніндегі айтыс Г. В. Плехановтың осы мақаласымен басталған-ды. Э. Бернштейн өзінің осы мәлімдемесімен эмиграцияда жүрген Г. В. Плеханов «Россияда жұмыс істейтін орыс с.-д.-ның» көзқарастарын бейнелей алмайды дегенді атап көрсеткісі келді.— *194.*

76 Бұл арада 1898 жылы Цюрихтегі бірінші съезде шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» жікке бөлінуі туралы айтылып отыр.— *194.*

77 *«Пролетарская борьбаның»* («Пролетарлық күрестің») 1-номері — Урал социал-демократиялық тобы шығарған жинақ; 1898—1899 жылдың қысында топтың баспаханасында басылды. Жинақтың авторлары «экономизм» позициясында болды, жұмысшы табының дербес саяси партиясын құру қажеттігін теріске шығарды, саяси революцияны жаппай стачка жолымен жүзеге асыруға болады деп есептеді. Жинақ авторларының көзқарастарының сипаттамасын және оларға берілген бағаны Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінің IV тарауынан қараңыз (Шығармалар, 5-том, 475-бет).— *194.*

78 Бұл арада «Біздің партия программасының жобасы» (қараңыз: осы том, 229—259-беттер) туралы сөз болып отыр.— *195.*

79 Бұл арада партия программасын, ұйымдық уставты қабылдап, партияның орталықтарын (Орталық Комитетті және Орталық Орган редакциясын) құруға тиісті РСДРП-ның II съезін шақыру туралы айтылып отыр. 1903 жылы июль-август айларында өткен съезге әзірлік жұмысын 1900—1903 жылдары «Искра» редакциясы және Россия мен шетелдегі искрашыл ұйымдар жүргізді. II съезді 1900 жылы шақыруға Бундтың және басшылық ісін «экономистер» өз қолына алған шетелдік «Орыс социал-демократтары одағының» қолдауымен Екатеринослав комитетінің инициативасы бойынша әрекет жасалған болатын. Съезд 1900 жылы көктемде Смоленскіде өтуге тиісті еді. Съезді ұйымдастыруға қатысқан Екатеринослав комитетінің өкілі И. Х. Лалаянц 1900 жылы февральда Москваға келіп, съездің «Рабочая Газетаны» қайта шығару туралы және редакцияның құрамына В. И. Ленинді, А. Н. Потресовты және Л. Мартовты (Ю. О. Цедербаумды) енгізу туралы Ленинмен келіссөз жүргізді. В. И. Ленин және «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері съезді шақыру ертерек деп есептеді (қараңыз: осы том, 352—353, 387-беттер); алайда «Еңбекті азат ету» тобы съезге қатысудан бас тарта алмады да, съезде өзінің өкілі болуды В. И. Ленинге тапсырып, оған шетелден мандат жіберді. Бірқатар социал-демократиялық ұйымдардың қатарынан 1900 жылғы апрель-майда көптеген адамдардың тұтқынға алынуы

салдарынан съезд болмай қалды (қараңыз: Шығармалар, 5-том, 538—539-беттер).— *195.*

80 Арадағы дәнекер адам Л. М. Книпович (Астрахань) немесе Бундтың Орталық Комитетінің «Рабочая Газетада» бірлесіп істеу туралы ұсынысын Ленинге жеткізген Л. Мартов (Туруханск) болуы мүмкін.— *195.*

81 Бұл арада 1898 жылы июльде герман социал-демократиясының органы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») 44-номерінде басылған Г. В. Плехановтың «Бернштейн және материализм» деген мақаласы туралы айтылып отыр, мақалаға редакцияның төмендегі ескертуі берілген: «Біз осымен Бернштейн ұсынған «Социализм проблемалары» туралы айтысты бастап отырмыз. Бернштейнге қарсы жазылатын бұдан кейінгі мақалалар жөнінде бізге берілген уәде бар». 1898 жылы октябрьдің аяғы — ноябрьдің басында Г. В. Плеханов «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») 253—255-номерлерінде «Біз оған не үшін алғыс айтамыз? Карл Каутскийге ашық хат» деген мақаласын бастырды; ол бұл мақаласында «кімнің жаназасын кім оқиды: *Бернштейн социал-демократияның ба, әлде социал-демократия Бернштейннің бе?»* деген мәселе сөз болып жатқан кезде, Каутский социализмнің дұшпанына ымырашылдық жасады деп жазды. «Сіздің көңіліңіз күні бұрын Бернштейн жағында, сондықтан да Сіздікі дұрыс емес»,— деп жазды Г. В. Плеханов К. Каутскийге. Ленин Г. В. Плехановтың мақалаларын естіген соң, 1899 жылы 1 сентябрьде сол мақалаларды сұратқан (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 220—221-беттер). Г. В. Плехановтың мақалалары. Қараңыз: Плеханов, Шығармалар, XI том, 1928, 13—39-беттер).— *197.*

82 *Герман социал-демократиясының Ганновер съезі* 1899 жылы 9—14 октябрьде (жаңаша) өтті. Күн тәртібінің басты мәселесі: «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына шабуыл» жөнінде А. Бебель баяндама жасады. Ленин оның сөзі туралы «марксистік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын-социалистік сипаты жолындағы күрестің» ұзақ уақытқа дейін «үлгісі болып қалады», деп жазды (Шығармалар, 19-том, 294-бет). Алайда Бернштейннің ревизионистік көзқарастарына қарсы шыққан съезд бернштейншілдікті кеңінен сынай алмады.— *197.*

83 Ленин бұл арада 1895 және әсіресе 1896 жылғы Петербург жұмысшыларының, көбінесе тоқымашылардың стачкалары туралы айтып отыр. 1896 жылғы стачка 23 майда Калинкин мануфактурасында басталды; бұған II Николайдың таққа отыруымен байланысты жұмыс істелмеген күндер үшін жұмысшыларға жалақыны толық төлеуден фабриканттардың бас тартуы себеп болды. Стачка Петербургтің барлық негізгі

жіп иіру және тоқыма кәсіпорындарына тез тарады да, содан кейін ірі машина жасау заводтарына, резина мануфактурасына, жазу қағазы фабрикасына және қант заводына ауысты. Петербург пролетариаты қанаушыларға қарсы тұңғыш рет кең майдан болып бас көтерді. 30 мыңнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Стачка Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығымен өтті, «Күрес одағы» жұмысшыларды өз праволарын бір ауыздылықпен және табанды түрде қорғауға шақырған листовкалар мен прокламациялар шығарды. «Күрес одағы» стачкашылардың: жұмыс күнін $10^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту, жұмыс ақысын көтеру, жалақыны мезгілінде төлеу және т. т. негізгі талаптарын бастырып, таратты.

Стачка туралы хабар шетелдерде зор әсер етті. Стачка жайында хабарлар «Vorwärts»-те («Алға») (Берлин) және «Arbeiter Zeitung»-те («Жұмысшы Газеті») (Вена) басылды. Барлық социалистік және кәсіподақтық ұйымдардың көсемдері қол қойған ағылшын жұмысшыларының хаты орыс тіліне аударылып, «Күрес одағы» оны Петербург жұмысшылары арасында таратты. Лондон тред-юниондарының митингісі стачка туралы В. И. Засуличтің хабарын және К. Маркстің қызы Элеонора Маркс-Эвелингтің сөзін зор шабытпен қарсы алды, митингке қатысушылар стачкашыларға жәрдемге ақша жинады, осындай ақша жинау науқаны тред-юниондарда да жарияланды. Сондай-ақ, Германияда, Австрияда және Польшада да жәрдем жиналды. 1896 жылы июльде болған II Интернационалдың Лондон конгресі Г. В. Плехановтың 1896 жылғы стачка туралы хабарын қуанышпен қарсы алып, «европалық реакцияның соңғы тіректерінің біріне» қарсы күрес жүргізіп жатқан орыс жұмысшыларына арнаулы құттықтау-қарар қабылдады.

Петербургтегі стачкалар Москвада және Россияның басқа да қалаларында жұмысшы қозғалысының дамуына жәрдемдесті, үкіметті фабрикалық заңдарды қайта қарауды тездетіп, фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін $11^1/_2$ сағатқа дейін қысқарту туралы 1897 жылғы 2(14) июньдегі заңды шығаруға мәжбүр етті. Бұл стачкалар, кейін В. И. Ленин жазғандай, «сонан кейін үздіксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының,— біздің бүкіл революцияның осы ең күшті факторының заманын ашты» (Шығармалар, 13-том, 84-бет).— *200.*

84 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 433-бет).— *203.*

85 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заңмен социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым са-

лынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғындалды, жер аударылды. Алайда қуғындау әрекеттері социал-демократиялық партияның жігерін жасыта алмады; оның қызметі жасырын өмір сүру жағдайына бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және мерзімді уақытында (1880, 1883 және 1887 жылдары) партия съездері шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларды жасырын жағдайдағы Орталық Комитет басқарды. Партия сонымен бірге бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіншіліктерді де кеңінен пайдаланды. Партияның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстагқа сайлауда социал-демократтарға берілген дауыс 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен артық өсті.

Неміс социал-демократтарына К. Маркс пен Ф. Энгельс зор көмек көрсетті. Бұқаралық қозғалыстың және барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының қысымымен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *211.*

86 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; партияның Галль съезінің қаулысы бойынша, 1884 жылдан бастап шыққан «Berliner Volksblatt»-тың («Берлин Халық Газеті») жалғасы ретінде «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен Берлинде 1891 жылдан шыға бастады. Осы газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тың редакциясы партияның оң қанатының қолында қалды, сөйтіп онда оппортунистердің мақалалары үзбей басылды. РСДРП-дағы оппортунизмге және ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді» қолдады, ал партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Ленин мен большевиктердің ол мақалаларды теріске шығаруына және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіншілік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *212.*

87 *«Zur Kritik»* — К. Маркстің «Zur Kritik der politischen Ökonomie» — «Саяси экономия сынына» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 1—167-беттер) деген кітабының қысқартылған аты. Ленин бұл арада кітаптың 1896 жылғы орысша басылымына сілтеме жасап отыр.— *217.*

88 *«Саясат, сауда және өнеркәсіп мәселелері жөніндегі Рейн газеті»* («Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe»)— күнделікті газет; Кельнде 1842 жылдың 1 январынан 1843 жылдың 31 мартына дейін шықты. Газеттің негізін қалаушы — пруссиялық абсолютизм жөнінде оппозициялық пиғылда болған Рейн буржуазиясының өкілдері. Газетке кейбір солшыл гегельшілдер де тартылды. 1842 жылдың апрелінен К. Маркс «Rheinische Zeitung»-тің қызметкері болды, ал сол жылдың октябрінен — оның редакторларының бірі. «Rheinische Zeitung»-те Ф. Энгельстің де бірқатар мақалалары басылды. Маркс редактор болып тұрған кезде газет белгілі бір айқын революциялық-демократиялық сипат ала бастады. Германияда жұртты барған сайын өзіне тарта түскен «Rheinische Zeitung»-тің бағыты үкімет төңірегінде абыржушылық және наразылық туғызды, реакциялық баспасөз газетті өшпенділікпен құдалады. 1843 жылы 19 январьда Пруссия үкіметі «Rheinische Zeitung» газетін 1843 жылғы 1 апрельден бастап жабу туралы қаулы алды, ал оған дейінгі уақыттың ішінде газетке ерекше қатал, екі қайтара цензурадан өткізу тәртібін енгізді. «Rheinische Zeitung» акционерлерінің газеттің бағытын тежеу арқылы үкімет қаулысын өзгертпекші болған ниетіне байланысты, 1843 жылғы 17 мартта Маркс өзінің редакциядан шығатыны жөнінде мәлімдеді.— *217.*

89 Ленин бұл арада К. Маркс пен Ф. Энгельс жазған және 1848 жылы басылып шыққан «Коммунистік партияның манифесі» туралы айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 419—459-беттер).— *218.*

90 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 8—9-беттер.— *218.*

91 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 9-бет.— *218.*

92 Karl Kautsky. «Bernstein und das sozial-demokratische Programm. Eine Antikritik» (Карл Каутский. «Бернштейн және социал-демократиялық программа. Сынға сын») деген кітаптың аудармасын Н. К. Крупскаяның қатысуымен В. И. Ленин жасаған; кейін Н. К. Крупская былай деп жазды: «Бір жолы Потресов екі апта мерзімге Каутскийдің Бернштейнге қарсы жазған кітапшасын жіберіпті, біз барлық жұмысты тастап, соны мерзімінде — екі аптаның ішінде аударып шықтық» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер, М., 1957, 30-бет). Аударманы ол кезде бастырып шығару жүзеге аспады.

1900 жылы «Рабочее знамя» тобының өкілі М. В. Смирнов Россияда «Искра» тобының бір мүшесіне осы аударманы бастыру жөнінде ұсыныс жасады. 1901 жылы 3 январьда

В. И. Ленин В. П. Ногинге жазған хатында «Искра» тобы Каутскийді «өз фирмасы атынан» шығаргысы келеді деп хабарлап, «Рабочее знамя» тобы оны бастырып шығаруға ішінара болса да қаржы болмес ие екен деп сұрады. Алайда бұл жолы да кітап басылмай қалды.

1905 жылы Львовичтің баспасында аударма «К. Каутский. Мақалалар жинағы» (тараулары: Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну.— Диалектика.— Құп.— Ірі және ұсақ өндіріс.— Дәулеттілер санының осуі.— Акционерлік қоғамдар.— Қосымша құнды қолдану.— Жаңа орташа сословие.— Дағдарыстар теориясы) деген атпен қысқартылып басылды. Бірінші басылуында аударушының аты-жөні көрсетілмеді; екінші басылуында (1906) «Ленин аударған» деп көрсетілген.— *227.*

93 *«Біздің партия программасының жобасын»* Ленин айдауда жүрген кезінде жазған. Мұны Лениннің қолжазбаға қойған белгісі «(1899)», сондай-ақ «Рабочая Газетаның» редакторлар тобына жазған хаты (қараңыз: осы том, 195-бет) дәлелдейді. Қолжазбаның текстіндегі 1900 жыл деген белгі, сірә, осы «Жоба» жариялануға тиісті «Рабочая Газетаның» номері 1900 жылы шығуга тиісті болғанынан болар. «Біздің партиямыз программасының жобасы» Лениннің 1895—1896 жылдарда түрмеде бастаган программалық мәселелер жөніндегі жұмысының жалғасы болып табылады (қараңыз: «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру». Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер).— *229.*

94 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 7-бет.— *231.*

95 Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 771-бет.— *236.*

96 *«Эрфурт программасы»* герман социал-демократиясының 1891 жылы октябрьде болған Эрфурт съезінде қабылданды. Эрфурт программасы Гота программасымен (1875 ж.) салыстырғанда бір адым ілгері басқандық еді; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз жойылатыны, оның социалистік өндіріс әдісімен ауыстырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; мұнда жұмысшы табы үшін саяси күрес жүргізудің қажеттігі атап көрсетілді, осы күрестің ұйымдастырушысы ретіндегі партияның ролі атап көрсетілді және т. с., бірақ Эрфурт программасының да бірқатар қателері болды. Ф. Энгельс программалық мәселелерде марксизмді оппортунистік бұрмалаулардан сақтандыра отырып, Эрфурт программасын кеңінен қамти сынады, программаның жеке пункттеріне бірқатар түзетулер енгізді («1891 жылғы социал-

демократиялық программа жобасына сын жөнінде» — Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 101—116-беттер); бұл шын мәнінде бүкіл II Интернационал оппортунизмін сынау еді. Бірақ герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал оның аса маңызды ескертулері программаның түпкілікті текстін әзірлегенде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының басты кемшілігі, оппортунизмнің алдында қорқақтықпен шегінуі пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы болды, деп есептеді.— *236.*

97 Ленин бұл арада 1896—1897 жылдардағы стачкалар кезінде үкімет таратқан листовкаларды еске салып отыр. 1896 жылғы 15 июньдегі листовкада финанс министрі С. Ю. Витте «ушықтырушыларды» (социалистерді) тыңдамаңдар, тұрмысты жақсартуды және жұмысты жеңілдетуді үкіметтен күтіңдер, үкімет үшін «фабриканттардың да, жұмысшылардың да ісі бірдей қымбат» деп жұмысшыларды үгіттеді. Витте жұмысты өз бетімен тоқтату «заңсыз әрекет» деп қаралады, бұл үшін жаза қолданылады, деп қорқытты.

«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» «лақтыра салған» листовкалар арқылы жұмысшыларды алдамақ болған үкімет әрекетіне 1896 жылы 27 июньде: «Тоқыма және жіп иіру фабрикаларының жұмысшыларына», «Петербург жұмысшыларына» және «Балтық заводының жұмысшыларына» деген үш листовкамен жауап берді. «Күрес одағы» Виттенің екіжүзділігін әшкереледі, жұмысшыларды өзінің ұлы мақсатына — жұмысшы табының азаттығына — жеткенше күресе беруге шақырды және бірқатар талаптар қоюды, олар қанағаттандырылмаған күнде үкіметті стачка жасау қаупімен қорқытуды ұсынды. Петербург тоқымашыларының тәжірибесін айта келіп, «Күрес одағы»: «Стачка біздің ең жақсы, ең сенімді құралымыз... стачкалар неғұрлым жиі болған сайын, бастықтар соғұрлым қорқатып болады, талаптарымызды қанағаттандыруға тезірек көнетін болады», деп жазды.—*239.*

98 Ленин бұл арада 1899 жылы 29 июльде (10 августа) бекітілген *«Топтасып тәртіпсіздік жасағаны үшін оқудан қуылатын жоғары оқу орындары тәрбиеленушілерінің әскери міндетті өтеуі туралы уақытша ереже»* жөнінде айтып отыр; бұл ережеде былай делінген: «1 ст. Оқу орындарында немесе онан тыс жерде топтасып тәртіпсіздік жасағаны үшін, осындай тәртіпсіздікті қоздырғаны үшін, басқаның азғыруымен сабақ оқудан қасарыса бас тартқаны үшін және оқуды тастауға басқаларды азғырғаны үшін, төменде айтылған ережелер бойынша, жоғары оқу орындарында тәрбиеленушілер оқу орнынан қуылып, семья жағдайы немесе білім дәрежесі бойынша жеңілдігі болуына қарамастан немесе әскерге шақырылу жасына жетпеуіне, немесе жеребе бойынша әскери қыз-

меттен босататын номер алуына қарамастан, әскери міндетті өтеу үшін әскерге алынады. Ескерту: бұл шара қазіргі қолданылып жүрген заңдар бойынша қуғындалуға тиісті қылмыскерлердің істеген қылмысы үшін белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылуынан құтқарып қалмайды... 8 ст. Әскерге шақырылуға тиісті адам.., медициналық куәландыруда сапқа тұрып әскери қызмет атқаруға жарамсыз болып шыққан күнде, сапта тұрмайтын әскери қызметке белгіленеді...» Армияда болу мерзімі бір жылдан үш жылға дейін деп белгіленді.

Россияның барлық жоғары оқу орындарының студенттері «Уақытша ережелерді» жоюды талап етіп, бас көтерді (Лениннің «183 студенттің солдатқа берілуі» деген мақаласын қараңыз, осы том, 422—427-беттер).— *239.*

99 *Сервитут* — бөтеннің меншігін пайдалану правосы. Бұл жерде Ленин Батыс өлкедегі крепостниктік қатынастардың қалдықтары туралы айтып отыр. 1861 жылғы реформадан кейін ортақ жолдарды, шабындықтарды, жайылымдарды, суаттарды және т. с. пайдалануға правосы болу үшін шаруалар помещиктердің пайдасына қосымша міндеткерлік өтеуге мәжбүр болған.— *249.*

100 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 208—209-беттер.— *251.*

101 1895 жылы күзде Ленин ұйымдастырған *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы»* Петербургтің жиырмаға таяу маркстік жұмысшы үйірмелерін біріктірді. «Күрес одағының» барлық жұмысы орталықтандыру және қатаң тәртіп принципінде құрылды. «Күрес одағын» басқарушы Орталық топ болды, оған В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум), М. А. Сильвин, В. В. Старков және т. б. енді. Тікелей басшылық топтың Ленин бастаған бес мүшесінің қолында болды. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов және т. б.) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды. Заводтарда хабарлар жинайтын және әдебиет тарататын ұйымдастырушылар болды; ірі кәсіпорындарда жұмысшы үйірмелері құрылды.

«Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіру ісін, марксизмді алдыңғы қатарлы жұмысшылардың азын-аулақ тобы арасында үйірмелерде насихаттаудан пролетариаттың қалың бұқарасы арасындағы саяси үгітке көшу ісін жүзеге асыра бастады. «Одақ» жұмысшылардың экономикалық талаптар үшін күресін патша өкіметіне қарсы саяси күреспен біріктіре отырып, жұмысшы қозғалысына басшылық етті. 1895 жылы ноябрьде «Күрес одағы» Торнтонның шұға фабрикасында стачка ұй-

ымдастырды. 1896 жылдың жазында «Одақтың» басшылығымен Петербург тоқымашыларының 30 мыңнан астам жұмысшы қатысқан атақты стачкасы болды. «Күрес одағы» жұмысшылар үшін листовкалар мен кітапшалар бастырып шығарды. «Күрес одағы» басылымдарының редакторы В. И. Ленин болды, оның басшылығымен «Рабочее Дело» саяси жұмысшы газетін шығару әзірленді. «Күрес одағы» Петербургтен тысқары жерлерге де ықпалын жүргізді. Оның бастауымен Москвада, Киевте, Екатеринославта, Россияның және басқа қалалары мен облыстарында жұмысшы үйірмелері «Күрес одақтарына» бірікті.

1895 жылы декабрьде патша үкіметі «Күрес одағына» қатты соққы берді: 1895 жылы декабрьдің 8-нен 9-на (20-нан 21-не) қараған түні «Одақтың» В. И. Ленин бастаған қайраткерлерінің едәуір бөлегі қамауға алынды; «Рабочее Делоның» теруге әзірлеп қойған бірінші номері де қолға түсті.

Қамаудан бірнеше күн кейін өткен топтың алғашқы жиналысында Петербург социал-демократтарының ұйымын «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп атауға шешім қабылданды. Лениннің және «Күрес одағының» басқа да мүшелерінің қамауға алынуына жауап ретінде «Одақтың» тұтқыннан аман қалған мүшелері саяси тақырыпқа жұмысшылар жазған листок бастырып шығарды.

В. И. Ленин түрмеде отырған кезінде де «Одаққа» басшылық етті, оған өзінің кеңестерімен көмектесті, қамаудан тыстағыларға шифрлы хаттар, листовкалар жіберіп тұрды, «Стачкалар туралы» деген кітапша (әлі күнге табылмаған), «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіруді» жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер).

Ленин құрған Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» маңызы мынада: ол, Лениннің сөзімен айтқанда, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның алғашқы ұрығы болды.

1897 жылдың февралында, айдауға жөнелтер алдында, «Одақтың» түрмеден босаған бұрынғы басшылары «қарттар» мен «жастардың» бірлескен жиналысын ұйымдастырды; осы жиналыста негізгі мәселе — Россиядағы социал-демократияның міндеттері туралы мәселе жөнінде алауыздық бар екені ашылды. «Қарттар» «Күрес одағын» жұмысшы табының саяси басшы ұйымы ретінде нығайта беруді талап етсе, «жастар» тред-юнионистік позицияны ұстап, жұмысшылардың стачкалық кассаларын және т. с. құруды талап етті. Сибирьде айдауда жүрген «Күрес одағының» негізін салушылардың, ең алдымен В. И. Лениннің ұзақ уақыт болмауы «жастардың» өз саясатын жүргізуін жеңілдетті. 1898 жылдың екінші жартысынан бастап «Күрес одағы» «Рабочая Мысль» газеті арқылы орыс топырағына тред-юнионизмнің, бернштейншілдіктің идеяларын сіңіруге тырысқан «эконо-

мистердің» қолына көшті. Алайда «Одақтың» қамаудан аман қалған ескі мүшелері, «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» лениндік дәстүрлерін ілгері жалғастыра отырып, 1898 жылы РСДРП-ның I съезін әзірлеуге, оны өткізуге және съезден кейін басылып шыққан «Манифесті» жазуға қатысты.— *263.*

102 Киевтегі *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы»* Петербургтегі «Күрес одағының» ықпалымен, барлық орыс социал-демократиялық ұйымдарына, Петербургтің үлгісі бойынша, «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп аталсын деп ұсынған Киев конференциясының шешімі бойынша, 1897 жылы мартта ұйымдастырылған. «Одақ» орыс және поляк социал-демократиялық топтарын және Поляк социалистер партиясы тобын, не бары 30-дан астам адамды біріктірді. Киевтегі «Күрес одағы» Петербургтегі «Күрес одағымен» байланысты болды (жүзбе-жүз жеке кездесулер, Петербургтегі «Одақтың» прокламацияларымен, Лениннің программалық еңбектерімен таныс болу. Қолжазба күйінде Киевте Петербург «Одағы» жіберген Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген еңбегі Киевтегі, социал-демократиялық ұйымның басшыларына белгілі болатын). Киевтегі «Одақтың» қызметі Россияның оңтүстік қалаларында кеңінен тараған 1897 жылғы май айындағы прокламацияларды басып шығарудан басталды. 1897 жылы «Одақ» 6500 дана прокламацияны Киевтің 25-тен астам фабрикасы мен заводына таратты. «Одақтың» ерекше тобы нақ сол жылы жалпы орыстық социал-демократиялық орган ретінде «Рабочая Газетаның» екі номерін шығарды. РСДРП-ның I съезі 1898 жылы мартта «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. «Одақтың» жасырын әдебиеті көбінесе Россияның оңтүстік қалаларына таратылды. «Одақ» үгіт жұмысымен бірге жұмысшы үйірмелерінде, жұмысшы жиналыстарында насихат жұмысын жүргізді. Киевтегі «Күрес одағы» РСДРП-ның I съезін әзірлеу, өткізу жөнінде көп жұмыс жүргізді. Съезден соң көп ұзамай «Одақты» полиция талқандады (Киевтен Екатеринославқа көшірілген «Рабочая Газетаның» баспаханасы және көптеген жасырын әдебиет қолға түсті). Тұтқындау әрекеті Киевті және Россияның көптеген ірі қалаларын қамтыды.

Революциялық маркстік партияны құру жолында Россияның жұмысшы табының дамуы ісінде және оны ұйымдастыруда Киевтегі «Күрес одағының» қызметі пайдалы роль атқарды. Қамаудан аман қалған социал-демократиялық топтардың мүшелері көп ұзамай «РСДРП-ның Киев комитеті» деп аталған астыртын ұйымды қалпына келтірді.— *263.*

103 *«Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы Одағы» («Бунд»)* 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай жиналысында Вильнода ұй-

ымдастырылды; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП-ның I съезінде (1898) Бунд «арнаулы еврей пролетариатына қатысты мәселелер жөнінде ғана дербестігі бар автономиялық ұйым ретінде» РСДРП-ның құрамына енді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», қазақша 2-басылуы, I бөлім, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россияның жұмысшы қозғалысында ұлтшылдықты және сепаратизмді таратушы болды. РСДРП-ның II съезі Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі ретінде танитын болсын деген талабын қабылдамай тастағаннан кейін Бунд партиядан шықты. 1906 жылы IV («Бірігу») съездің шешімі негізінде Бунд РСДРП құрамына жаңадан енді.

РСДРП-ның ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге, большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, партияға қарсы Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында бундшылдардың басшылары контрреволюциялық күштермен бірігіп кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасу жағына қарай бет бұру да байқалды. 1921 жылы Бунд өзін жойылды деп жариялады, кейін оның бірқатар мүшелері жалпы негізде РКП(б)-ға кірді.— *263.*

104 Ленин бұл арада Л. Мартовтың «Россиядағы қызыл ту» деген кітапшасының «Жұмысшы қозғалысының социализммен бірігуі. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының таяудағы міндеттері» деген тақырыппен берілген қорытынды бөлігін айтып отыр. Кітапша шетелде 1900 жылы октябрьде басылып шыққан.— *266.*

105 *«Социал-Демократ»* — жинақ (әдеби-саяси шолу); 1890—1892 жылдарда шетелде (Лондон — Женева) «Еңбекті азат ету» тобы шығарып тұрды; төрт кітабы шықты. Россияда марксизмді таратуда жинақ үлкен роль атқарды.

Ленин атаған «Н. Г. Чернышевский» деген жалпы тақырыппен берілген Г. В. Плехановтың мақалалары жинақтың 1890 жылғы 1—3-номерлерінде және 1892 жылғы 4-номерін-

де басылған. Ленин Г. В. Плехановтың еңбегін 1910 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шыққаннан («Шиповник» баспасы) кейін қайта талдады; кітапта Лениннің қолымен жазылған көптеген белгілер бар (қараңыз: Шығармалар, 38-том, 529—585-беттер).— *280.*

106 *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Современная идиллия» деген шығармасының кейіпкері; либерал даңгой, авантюрист және суайт.— *290.*

107 *«Стачкалар туралы»* деген мақаласын Ленин айдауда жүргенінде «Рабочая Газетаға» арнап жазған. В. И. Ленин оны үш бөлім етіп жазуға уйғарған: I — бұлардың маңызы; II — стачкалар туралы заңдар; III — соңғы жылдардағы кейбір стачкаларға шолу (қараңыз: осы том, 195-бет). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың бірінші бөлімі ғана сақтаулы. Қалған екі бөлімі жазылды ма, жоқ па — анықталмаған.— *313.*

108 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 449-бет.— *319.*

109 Ярославль Үлкен мануфактурасындағы стачка 1895 жылы апрель-май айларында болды. Стачкаға себеп әкімшіліктің жаңадан жұмыс нарқын енгізіп, жұмысшылардың жалақысын төмендетіп жібергендігі болды. Не бары 4000-нан астам адам ереуіл жасады. Ярославльге шақыртылған әскерлердің (Фанагорийлік полктің 10 ротасы) күшімен стачка басып тасталды. Қару қолданып жазалау нәтижесінде бір жұмысшы қаза тапты, 14 жұмысшы жаралы болды; 11 адам сотқа тартылды. Ярославль тоқыма-жіп иіру фабрикасындағы оқиға туралы патшаға жолданған баяндамаға II Николай: «Фабрикадағы тәртіп бұзушылық кезінде фанагорийлік жігіттердің табандылық, қайсарлық көрсеткені үшін рақмет» деп жазған.— *321.*

110 Ленин Пруссия ішкі істер министрі фон Путткамердің сөзін келтіріп отыр.— *321.*

111 С. Н. Прокоповичтің «Батыстағы жұмысшы қозғалысы. Сын көзімен зерттеу тәжірибесі. I том. Германия. Бельгия» (Спб., 1899) деген кітабына рецензиясын Ленин 1899 жылдың аяғында жазған. Қолжазбаның алғашқы үш беті және соңы сақталмаған; қолжазба, сірә, теруге әзірленген болу керек, өйткені онда Мартовтың шағын түзетулері бар. Бұл басылуында Лениннің тексті осы түзетулерсіз беріліп отыр. С. Прокоповичтің кітабын Петербург цензура комитеті 1899 жылғы 22 майда кідіртіп, ол 1900 жылғы январьдың аяғында ғана жарық көргендіктен, Лениннің рецензиясы дер кезінде басылмады.— *325.*

112 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шықты; бірнеше баспа иесінің қарамағына көшіп, өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгерткен. Алғашта баяу-либералдық газет, 1876 жылдан бастап, бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін, газет реакцияшыл-дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналып, ұлы державалық шовинизмді, антисемитизмді насихаттады, сөйтіп үкімет алдындағы жағымпаздығымен «Өміріңізге құлдық!» деген атаққа ие болды. 1905 жылдан — қаражүзділіктердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет контрреволюциялық позицияда болып, большевиктерге қарсы құтыра шабуыл жасады. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советінің жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жауып тастады.— *334.*

113 Мақала 1899 жылдың аяғында немесе 1900 жылдың басында жазылған, біз мұны «Рабочее Делоның» «Россия социал-демократтарының наразылығына» арналған «Соңғы сөзін» еске алудан көреміз. Ленин оның мазмұнымен «Рабочее Делоның» 4—5-номерінің жеке оттискісінен (1899 жылы декабрьде шыққан) немесе Г. В. Плехановтың ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum» (1900 жылдың басында шыққан) деген жинағынан танысуы мүмкін. Ленин өзінің мақаласында «Соңғы сөзді» айта келіп, осы документ ««жас экономистердің» көзқарастарын бүркеуге барынша тырысатын және ол көзқарастарды жеке адамдардың ауа жайылуы ғана деп танығысы келетін «Рабочее Дело» редакциясының әбден адасқандығын тағы да көрсетеді» деп жазған (осы том, 345-бет).

«Россия социал-демократтарынының наразылығында» «Credo»-ны және ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum» деген жинақта «экономистердің» бірқатар документтерін осылардың авторларының рұқсатынсыз жариялаудың салдарынан туған кіпәлаушылыққа байланысты, Ленин «Profession de foi»-ды осыған қарсы жазылған бекерге шығарумен бірге жариялауға Киев комитетінің келісімін сұраған. Киев комитеті келісімін бермеді. Лениннің мақаласы «Profession de foi»-мен бірге қолказба түрінде таратылды, мұны В. Акимовтың (Махновецтің) «Россияда социал-демократияның даму очеркі», Спб., 1906, 111 және 112-беттер, деген кітабында сол мақаладан келтірілген цитаттар дәлелдейді. В. Акимов «Profession de foi»-ды жарыққа шыққан соң жыл жарым өткеннен кейін, яғни 1900 жылдың аяғында «экономистердің» қарсыластары тарату үшін емес, сынау үшін жариялады, деп жазған.— *337.*

114 *«Московские Ведомости»* (Москва Ведомостары») — Москва университеті алғашында (1756 жылдан) шағын листок түрінде шығарып келген, ежелгі орыс газеті. 1863 жылдан га-

зет М. Н. Катковтың қолына көшіп, помещиктер мен дін басыларының неғұрлым реакцияшыл топтарының көзқарастарын бейнелеген монархистік-ұлтшылдық органға айналды. 1905 жылдан — қаражүзділіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шықты.— *341.*

115 *«Гражданин»* («Азамат») — реакциялық журнал; Петербургте 1872 жылдан 1914 жылға дейін шықты. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап — нағыз монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, үкімет қаржыландырып тұрды. Көп тарай қоймаған, бірақ чиновниктік-бюрократиялық топтарға ықпал жүргізді.— *341.*

116 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революцияшыл маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік жасырын газет.

Полициялық қуғындаудың салдарынан Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ мұндай газетті шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған болатын. Жер аудару мерзімі біткеннен кейін (1900 жылғы январь) Ленин осы жоспарын дереу жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылы февральда Петербургте Ленин шетелден жасырын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының газетті шығаруға қатысуы туралы сөйлесті. 1900 жылы марттың аяғы — апрельдің басында В. И. Лениннің, Л. Мартовтың (Ю. О. Цедербаумның), А. Н. Потресовтың, С. И. Радченконың «жария марксистермен» — П. Б. Струвемен, М. И. Туган-Барановскиймен — «Псков кеңесі» деп аталған кеңесі болды; мұнда жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журнал («Заря») редакцияларының программасы мен міндеттері туралы мәлімдеменің Ленин әзірлеген жобасы талқыланды. 1900 жылдың бірінші жартысында Ленин Россияның бірқатар қалаларын (Мәскеуді, Петербургті, Риганы, Смоленскіні, Нижний Новгородты, Уфаны, Самараны, Сызраньды) аралап, социал-демократиялық топтармен және жеке социал-демократтармен байланыс орнатты, болашақ «Искра» газетін қолдау туралы олармен келісті. 1900 жылы августа, Ленин Швейцарияға барғаннан кейін, газет пен журналдың программасы мен міндеттері туралы, олардың болашақ қызметкерлері, редакциялардың құрамы және оның шығатын жері туралы «Еңбекті азат ету» тобының мүшелер мен бірге В. И. Лениннің және А. Н. Потресовтың кеңесі болды; бұл кеңес қатынас үзумен аяқтала жаздады (қараңыз: осы том, 362—382-беттер), алайда келіссөздің аяғында барлық даулы мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылы

июльден бастап — Лондонда, ал 1903 жылдың көктемінен — Женевада шықты. Газетті жолға қоюда (құпия баспахана ұйымдастыру, орысша әріптер табу және т. с.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелде И. Г. Смидович-Леман болды, кейін, 1901 жылдың көктемінен, бір жағынан «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен хат жазысып тұру жағын да басқарған Н. К. Крупская секретарь болды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және жетекшісі болды. Ол «Искрада» партия құрылысының және Россиядағы пролетариат тап күресінің барлық мәселелері жөнінде мақалалар жазып, халықаралық өмірдің аса маңызды оқиғаларына үн қатып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинап, тәрбиелеудің орталығы болды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербургте, Москвада, Самарада және т. б.) лениндік-искралық бағыттағы РСДРП топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылдың январында Самарада өткен искрашылдардың съезінде «Искраның» орыс ұйымының негізі қаланды. Искрашыл ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және т. б. тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс атқарды.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын әзірледі («Искраның» 21-номерінде жарияланған) және 1903 жылы июль — августа өткен РСДРП II съезін даярлады. Съезді шақыру қарсаңында Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өзінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия жолындағы күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетіп, оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде редакция Ленин, Плеханов және Мартов енгізілген құрамда бекіді. Съездің шешіміне қарамастан, Мартов редакцияға енуден бас тартып, «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Кейіннен Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, «Искра» редакциясының құрамына съезд қабылдамай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторлардың бәрін енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады да, 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шығып, Орталық Комитеттің құрамына кооп-

тациялау жолымен өтті, сөйтіп осы жерден оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. 52-номер жалғыз Плехановтың редакциялауымен шықты. 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов съездің еркімен есептеспей, бір өзінің еркімен «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын енгізді. 52-номерінен бастап меньшевиктер «Искраны» өздерінің органына айналдырды.— *349.*

117 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; «Искра» редакциясы 1901—1902 жылдарда Штутгартта ашық шығарып тұрды. «Заряның не бары төрт номері (үш кітабы) шықты: 1-номері — 1901 жылы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта) шықты, 2—3-номері — 1901 жылы декабрьде, 4-номері — 1902 жылы августа шықты.

Журналдың міндеттері Россияда В. И. Ленин жазған «Искра» мен «Заряның» мәлімдемесі жобасында белгіленген. Сонан кейін бұл органдарды шетелде, «Еңбекті азат ету» тобымен бірлесіп шығару мәселесі талқыланғанда «Заряны» ашық, ал «Искраны» жасырын шығаратын болып келісілгендіктен, «Искра» редакциясының мәлімдемесінде «Заря» туралы ештеңе айтылмады. Бірінші номерге «Заря» редакциясының мәлімдемесін жазу П. Б. Аксельродқа тапсырылды. Алайда онда жасырын шығатын «Искра» туралы айтылғандықтан, Дитц баспасы мәлімдемені қабылдамай тастады. «Заряның» 1-номері «Оқушыларға» арналған қысқаша сөзбен ашылды; жариялылықты сақтау үшін журналдың мұқабасында Г. В. Плехановтың, В. И. Засуличтің және П. Б. Аксельродтың қатысуымен шығатыны жазылды; Лениннің есімі аталмады, «Заряны» редакциялаушы «Искра» редакциясы екені де көрсетілмеді. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде алауыздық және жанжал туған кезде, Плеханов журналды газеттен («Заряны» редакциялауды өз қолында қалдыру үшін) бөлу жобасын ұсынды, бірақ бұл ұсыныс қабылданбай, органдардың редакциялары үнемі ортақ редакция күйінде қалды.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін («жария марксизмді» және «экономизмді») сынады, марксизмнің теориялық негіздерін қорғады. Лениннің «Заряда» басылған: «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», ««Сыншы» мырзалар аграрлық мәселе жөнінде» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы», сондай-ақ Г. В. Плехановтың: «Біздің сыншыларға сын». 1-бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» және т. б. еңбектері осы мәселеге арналған.— *349.*

118 Ленин бұл арада 1900 жылдың басында Женевада Г. В. Плехановтың ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum» де-

ген жинағында жарияланған *««Еңбекті азат ету» тобы басылымдарын қайта шығару туралы хабарландыруды»* айтып отыр. 1899 жылы октябрьдің жиырмасы шамасында Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығын» алғаннан кейін бұл жарнаманы П. Б. Аксельрод жазып, Г. В. Плеханов редакциялаған болатын.

«Хабарландыруда» «Еңбекті азат ету» тобы «Наразылықтағы» россиялық және халықаралық социал-демократияның қатарындағы оппортунизмге қарсы батыл күреске шақыруды толығынан қолдайтынын мәлімдеді.— *352.*

119 Ленин бұл арада «Южный Рабочий» газетінің, Бундтың және сол кезде басшылық ету «Еңбекті азат ету» тобынан «жастардың» — «экономизмді» жақтаушылардың — қолына көшкен «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» айналасына топтасқан социал-демократтар туралы айтып отыр. Бұл ұйымдар партияның II съезін 1900 жылы көктемде Смоленскіде өткізбек болып белгіледі. Съезді әзірлеу жағдайлары туралы Ленин «Не істеу керек?» деген кітабының V тарауында жазады: Шығармалар, 5-том, 538—539-беттер).— *352.*

120 Ленин бұл жерде «Рабочая Газетаның» шықпай қалған номеріне арнап, 1899 жылдың аяғында өзі жазған *«Біздің партия программасының жобасы»* (қараңыз: осы том, 229—259-беттер) туралы айтып отыр. РСДРП-ның II съезіне әзірленген партия программасының жобасын Лениннің ұсынысы бойынша «Искра» мен «Заря» редакциясы жасады, ол жоба «Искраның» 1902 жылғы 1 июньдегі 21-номерінде басылды, ал кейін 1903 жылы августа РСДРП-ның II съезінде қабылданды.— *354.*

121 Ленин К. Маркс жазған «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жалпы уставының» (I Интернационалдың) негізгі қағидасын келтіреді (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 364-бет).— *357.*

122 Бұл арада 1900 жылы апрельде (Женевада) «Одақтың» ұйтқысы болған «Еңбекті азат ету» тобының және «Одаққа» қосылған «жастар» деп аталған «экономизмді» жақтаушылардың арасында осы «Одақтың» II съезінде болған «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» жікке бөлінуі туралы айтылып отыр.— *362.*

123 Г. В. Плеханов 1895 жылы П. Б. Струвеге «оқ атпа» деп маған «бұйрық» берілді-міс (бұл ретте ол А. Н. Потресовты меңзеп отыр) дегенде, «жария марксистердің» ревизионистік істеріне өзінің ымырашылдық жасағанын ақтамақшы болды. Ал іс жүзінде 1895 жылы, В. И. Ленин Женевада және Цюрихте болған кезде, либералдарға көзқарас мәселесі

жөнінде В. И. Ленин мен «Еңбекті азат ету» тобы арасында алауыздық бар екені білінген-ді. Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельрод социал-демократтардың россиялық либералдарды қолдауы позициясында болды да, либералдарды қатал сынағаны үшін Ленинді жазғырды. «Сіз либералдарға сыртыңызды бересіз, ал біз болсақ — жүзімізді береміз»,— деді Г. В. Плеханов В. И. Ленинге. Струвенің либералдық-буржуазиялық көзқарастарын сынамақ түрсып, қайта өзінің қорғауына алған Плехановтың қылығын Ленин дұрыс емес деп есептеді.— *365.*

124 Ленин бұл арада, сірә, «Новое Слово» журналының 1897 жылғы 8-номерінде басылған П. Б. Струвенің «Тағы да еріктілік және қажеттілік туралы» деген мақаласы жөнінде айтып отырған болу керек. В. И. Ленин 1899 жылы 27 июньде (9 июльде) А. Н. Потресовқа былай деп жазды: «Бір ғана нәрсені түсінбеймін: Струве мен Булгаковтың «Новое Слово»дағы» Энгельске қарсы жазылған мақалаларын Каменский (Плеханов. *Ред.)* қалайша жауапсыз *қалдыра алды!* Сіз маған осыны түсіндірмейсіз бе?» (Шығармалар, 34-том, 26—27-беттер).— *365.*

125 Бұл арада сөз ««Рабочее Делоның» редакциясы үшін Vademecum» (1900) деген материалдар мен документтер жинағы туралы болып отыр; Г. В. Плеханов осы жинақта басқа да документтермен бірге жеке адамдардың — бундшыл Ц. М. Копельзонның және «экономистердің» басшыларының бірі Е. Д. Кускованың — үш хатын жариялаған. «Экономизмге» қарсы күрес жариялаған Г. В. Плехановтың «Vademecum» жинағын Ленин жоғары бағалады. Ленин былай деп жазды: «Vademecum — бұл зар қағу, дөрекі экономизмге қарсы, социал-демократияның «ұяты мен масқаралығына» қарсы айтылып отырған түп-тура зар қағу... оның кітапшасының *бүкіл мәні* мынада — атап айтқанда «кредизм» мен «кусковашылдықтың» «масқаралық» принциптеріне қарсы соғыс жариялауында, атап айтқанда принциптік жіктелісте» (Шығармалар, 34-том, 34-бет).— *366.*

126 *«Біздің үшінші»* — Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум), В. И. Ленин мен А. Н. Потресов «Еңбекті азат ету» тобымен келіссөздер жүргізіп жатқан кезде ол Россияның оңтүстігінде болды, шетелге 1901 жылы мартта келді.— *367.*

127 Бұл арада, сірә, кейін меньшевик болған, философия мәселелері жөніндегі еңбектердің авторы Л. И. Аксельрод (Ортодокс) туралы айтылып отыр. «Заряда» оның ревизионистерге (Н. А. Бердяевке және П. Б. Струвеге) қарсы екі мақаласы басылды.— *369.*

128 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — герман социал-демократиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға

дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылдың октябріне дейін К. Каутский, содан кейін Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit» журналында К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірқатар мақалалары жарияланды. Энгельс өзінің кеңесімен журнал редакциясына үнемі көмектесіп, марксизмнен шегінгені үшін оны қатал сынап отырды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журнал оппортунистік көзқарастарды уағыздаушы болды, ревизионистердің мақалаларын үзбей басып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) іс жүзінде социал-шовинистерді жақтап, центристік позицияда болды.— *369.*

129 1900 жылы апрельде «Одақтың» II съезінде жікке бөлінуден кейін оның оппортунистік көпшілігінен қол үзіп, «Еңбекті азат ету» тобымен бірлесіп құрған «Социал-демократ» ұйымына енген «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» бұрынғы мүшелері туралы айтылып отыр.— *371.*

130 *«Аппарансты сақтау»*— сырт көзге әдеп сақтау.— *381.*

131 *N* — Нюрнберг қаласы; «Искра» тобының «Еңбекті азат ету» тобымен өткізген кеңесінен кейін Ленин Женевадан Мюнхенге бара жатып осы қалаға соққан.— *382.*

132 *«Ерекше келісім»,* сірә, кейінірек жазылған болу керек. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм Институтының Архивінде Н. К. Крупская конвертке салып, сыртына — «Ең алғашқы дәуірге жататын документтер. «Заря» мен «Искраны» шығару туралы келісім» деп жазған документ сақтаулы:

«1. «Заря» жинағын және «Искра» газетін орыс социал-демократтары тобы редакциялайды және шығарады, редакциялауға «Еңбекті азат ету» тобы да қатыстырылады.

2. Принциптік және ерекше елеулі маңызы бар мақалалардың бәрін, егер редакциялық-техникалық жағдайынан мүмкіншілік болмай қалмаса, редакция «Еңбекті азат ету» тобының барлық мүшелеріне хабарлайды.

3. «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері барлық редакциялық мәселелер бойынша редакцияның тұрған жерінде өзі болса — өзі тікелей қатысып, өзі онда болмағанда — бұларға мақаланы хабарлағаннан кейін хат арқылы дауыс береді.

4. «Еңбекті азат ету» тобымен алауыздық болған жағдайда редакция топтың немесе оның әрбір мүшесінің ерекше пікірін түгел басып шығарады.

5. Бұл келісімнің тек бірінші пункті ғана жариялауға жатады.

6 октябрь, 1900 жыл».

Документ машинкаға басылған, тақырыбы жоқ, қол қойылмаған.— *383.*

133 *«Жұмысшы табының өзін азат ету тобы»* — «экономистердің» кішi-гірім тобы, 1898 жылдың күзінде Петербургте пайда болып, бірнеше ай өмір сүрді. Топ өзінің мақсатын баяндаған үндеуді (1899 жылдың март айы деп көрсетілген, 1899 жылы июльде халықшылдардың Лондондағы «Накануне» журналында басылды), уставын және жұмысшыларға арналған бірнеше прокламация бастырып шығарды. Бұл топтың көзқарастарын Ленин «Не істеу керек?» деген кітабының II тарауында сынаған.— *386.*

134 Ленин К. Маркс жазған «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жалпы уставының» (I Интернационалдың) негізгі қағидасын келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 364-бет).— *403.*

135 *Петр Алексеевтің* сөзі тұңғыш рет 1877 жылы Лондонда «Вперед!» журналында (мерзімді емес шолу) басылған. Содан кейінгі уақытта бірнеше рет жасырын басылды және Россия жұмысшылары арасында кеңінен тарады.— *407.*

136 Бұл жерде 1857 жылы басталған Индиядағы көтеріліс туралы сөз болып отыр. Көтерілістің ұлт-азаттық сипаты болды; оны ағылшын әскерлері 1859 жылы басып тастады.— *410.*

137 *Ағылшын-бур соғысы* (1899 жылғы октябрь — 1902 жылғы май) — оңтүстік африкалық екі республикаға — Трансвааль және Оранжеваяға — қарсы Англияның отаршылдық, басқыншылық соғысы; осының нәтижесінде бұл республикалар дербестігін жоғалтып, Великобританияның отарларына айналды.— *410.*

138 В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының шетелдік одағының жікке бөлінуі» деген мақаласымен танысып, Г. В. Плеханов «Искра» редакциясының Мюнхен бөлімшесіне жазған хатында мақалаға кейбір өндеулер енгізуді, атап айтқанда, «Рабочее Делоның» сіңірген еңбегі туралы мәселеге соқпау керек деп өтінген. Ленин 1900 жылы 11 декабрьде «Искра» редакциясының женевалық бөлімшесіне (Аксельродқа) жауап бере отырып: «Сіз керек еткен түзетулерді енгіздім, тек бірақ «Рабочее Делоның» сіңірген еңбегі туралы айтылған сөздерді эсте алып тастай алмадым,—меніңше, мұның өзі социал-демократияның алдында тек айыбы ғана болып қоймаған қарсылас жөнінде әділетсіздік болар еді» деп жазған (Шығармалар, 36-том, 31-бет).— *415.*

139 *II Интернационалдың бесінші халықаралық конгресі* 1900 жылы 23—27 сентябрьде (жаңаша) Парижде болды. Орыс делегациясы 24 делегаттан құралды (соның ішінде 13 социал-демократ). Конгреске қатысу жөніндегі «Еңбекті азат

ету» тобының алты мандатынан төрт мандат В. И. Ленин арқылы алынды (үш мандат Урал «Социал-демократ» тобынан, бір мандат Уфа ұйымынан). Конгресте социал-демократтар делегациясы екіге бөлінді: Б. Н. Кричевский бастаған көпшілік жағы және Г. В. Плеханов бастаған азшылық жағы. Вальдек-Руссоның контрреволюциялық үкіметіне А. Мильеранның енуіне байланысты, «Саяси өкіметті жеңіп алу және буржуазиялық партиялармен одақ» туралы негізгі мәселе бойынша көпшілік К. Каутскийдің сағыз секілді созылмалы қарарын жақтап дауыс берді, азшылық — Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич, Д. Кольцов — мильеранизмді айыптаған Ж. Гедтің қарарына дауыс берді.

Париж конгресінде барлық елдердің социалистік партияларының өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро (ХСБ) құру туралы шешім қабылданды, оның секретариаты Брюссельде орналасатын болды. Конгрестің шешімі бойынша Халықаралық социалистік бюродағы делегациялар сайлаған өкілдерді әрбір елдің партия ұйымдары бекітуге тиісті болған; осылай бекітілгенге дейін бұлар уақытша деп есептелген.— *416*.

[140] П. Б. Струвенің *«жолдасы және досы»* — М. И. Туган-Барановский.— *418*.

[141] П. Б. Струвемен келісім жобасы 1900 жылы 29 декабрьде А. Н. Потресовтың инициативасымен басталған В. И. Лениннің, В. И. Засуличтің және А. Н. Потресовтың П. Б. Струвемен келіссөздерінің нәтижесінде жасалған (қараңыз: осы том, 417—419-беттер). «Жария марксизмнің» өкілдері (документте «Бостандық» атты «демократиялық оппозиция» тобы деп аталды) П. Б. Струве және М. И. Туган-Барановский шетелде «Искрамен» және «Зарямен» қатар шығатын, бірақ социал-демократиямен ашық байланысы болмайтын жасырын орган құруға мұқтаж еді (оны «Современное Обозрение» деп атауға ұйғарылды). «Искра» мен «Заря» редакциясы П. Б. Струве арқылы саяси материалдар және хаттар алып тұруды көздеп, осы органға қатысуға келісім берді, бірақ жаңа орган «Заряның» қосымшасы ретінде «Зарядан» жиі шығып тұрмайтын болсын деп шарт қойды. «Современное Обозрениенің» редакция құрамына тең праволылық негізінде «Искраның» редакциясы және «демократиялық оппозицияның» өкілдері — Струве мен Туган-Барановский — енуге тиісті болды.

Келіссөздің барысында «Искра» мен «Зараның» редакциясын П. Б. Струве «Современное Обозрениеге» қызмет етуші ретінде пайдаланғысы келетіні, көлемі, мазмұны, шығу жиілігі жағынан мұны «Искраның» бәсекешісіне айналдырғысы келетіні көрініп қалды. Келісім жобасын жасау үстінде Струве «Современное Обозрениеге» түсетін барлық саяси материалдарды «Искра» редакциясының емін-еркін пайдала-

нуы жөніндегі «Искра» мен «Заря» тобы ұсынған 7-пунктті қабылдамады. П. Б. Струвемен келіссөздің мазмұны жөнінде В. И. Ленин 1901 жылы 30 январьда Г. В. Плехановқа жіберген хатында баяндайды және осы хатта келіссөздерді тоқтатуды үзілді-кесілді жақтайды (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 41—43-беттер). Г. В. Плехановтың қойған талабы бойынша келіссөз күшіне енді; «Современное Обозрениенің» шығатыны туралы «Искра» мен «Заряның» атынан Г. В. Плеханов, «демократиялық оппозицияның» атынан П. Б. Струве жазған мәлімдеме әзірленді. Алайда мұны шығару жүзеге аспай қалды. Бұған цензура талабына жауап бермейді деп мәлімдемені басудан Дитц баспасының бас тартқандығы себеп болды (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 44-бет). «Искра» өкілдерінің Струвемен одан кейінгі келіссөздері біржола ажырасумен аяқталды.— *420.*

142 Ленин полковник Скалозубтың — А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» атты комедиясы кейіпкерінің сөзін келтіріп отыр (қараңыз: А. С. Грибоедов, Шығармалар, 1956, 114-бет).— *423.*

143 *«Көк көшенің» азаптары* — крепостниктік Россия армиясында қолданылған солдаттарды дүре соғып жазалау. Сотталған солдат мылтыққа байланып, «сап түзеген» солдаттардың арасынан өткізіп, оған таяқпен немесе көк шыбықпен (шпицрутенмен) дүре соғылады. Мұндай жаза әсіресе I Николайдың тұсында (1825—1855 жылдар) көп қолданылған.— *424.*

144 *«Аннибал анты»* — ақырына дейін қайтпастан күресуге бел байлағандықты көрсететін бейнелі сөз. Өмірінің ақырына дейін Римге қарсы күресін тоқтатпауға ант еткен Карфаген қолбасшысы Аннибалдың атынан туған сөз.— *425.*

145 *«Кездейсоқ заметкалар»* деген жалпы тақырыппен біріктірілген: *«Ұрғаныңмен, өлтірмей ұр», «Заманның қияпатын тездетудің керегі не?», «Объективті статистика»* деген мақалалар газет хабарлары негізінде жазылған. «Ұрғаныңмен, өлтірмей ұр» деген мақалаға материал болған полиция участкесінде городовойлардың шаруа Воздуховты өлтіргендері жөніндегі мәліметтер «Русские Ведомости» газетінің 1901 ж. 24 және 26 январьдағы 24 және 26-номерлерінде басылған. В. И. Ленин ескертулерде келтірген (қараңыз: осы том 435, 445-беттер) екі сот ісі туралы хабарлар «Московские Ведомости» газетінің 1901 ж. 31 январьдағы 31-номерінде; «Русские Ведомости» газетінің 1901 ж. 1 февральдағы 32-номерінде басылған. «Заманның қияпатын тездетудің керегі не?» деген мақаласы үшін В. И. Ленин «Санкт-Петербургские Ведомостидің» 1900 ж. 17 октябрьдегі 285-номерінде және «Орловский Вестниктің» 1900 ж. 11 октябрьдегі 273-номерінде жарияланған материалдарды пайдаланған. «Объективті статистика» деген мақаласында келтірген үкі-

мет заңдары мен жарлықтарын Ленин «Московские Ведомости» газетінің 1901 ж. 20—28 январьдағы 20—28-номерлерінен алған.— *429.*

[146] Ленин Глеб Успенскийдің «Федор Михайлович Решетников (Өмірбаяндық очерк)» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: Г. И. Успенский. Шығармаларының тоғыз томдығы, 9-том, 1957, 59-бет).— *448.*

[147] *«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли»* («Финанс, Өнеркәсіп және Сауда Хабаршысы») — финанс министрлігінің апталық журналы; 1883 жылғы ноябрьден 1917 жылға дейін Петербургте шыққан (1885 жылдың январына дейін «Указатель правительственных распоряжений по министерству финансов» деген атпен шықты). Журналда үкімет жарлықтары, экономикалық мақалалар және шолулар басылып тұрды.— *455.*

[148] *«Жұмысшы партиясы және шаруалар»* деген мақала «Искра» мен «Заря» редакциясының атынан 1902 жылдың жазында жарияланған; ол 1903 жылы РСДРП-ның II съезінде қабылданған РСДРП-ның аграрлық программасын әзірлеуге арналды.— *461.*

[149] *Ширек немесе қайыршылық үлес* — 1861 жылғы реформаны жүргізу кезінде «ең жоғарғы» немесе «указдық» деп аталған, яғни белгілі бір аймақ үшін заң жүзінде белгіленген шаруаның жер үлесінің төрттен бір бөлегі. Бұрынғы крепостной шаруалардың бір бөлегі осы қайыршылық үлесті тегін (өтеусіз) алған. Сондықтан мұны «сыйлық» үлес деп те атайтын, ал осыны алған шаруаларды «сыйлықтылар» дейтін.— *461.*

[150] *Уақытша міндеткер шаруалар* деп 1861 жылы крепостниктік право жойылғаннан кейін де жер үлесін пайдаланғаны үшін өз үлесін помещиктен сатып ала бастағанға дейін помещикке міндеткер болатын (оброк немесе барщина) бұрынғы помещиктің қарауындағы шаруаларды атаған.

Сатып алу келісімін жасаған кезден бастап шаруалар «уақытша міндеткер» болмай, «меншік иесі-шаруалар» қатарына көшетін.— *461.*

[151] *Уставтық грамоталар* — 1861 жылы крепостниктік правоның жойылуына байланысты, уақытша міндеткер шаруалар мен помещиктердің арасындағы жер жөніндегі қарым-қатынасты белгілейтін актілер. Уставтық грамотада шаруалардың реформаға дейін пайдаланып келген жер көлемі көрсетілген және «еркіндік алғаннан» кейін шаруаларда қалған жерлер мен жайылымдықтар белгіленген; грамотада помещик пайдасына шаруалардың өтейтін міндеткерлігі де тізіліп айтылады. Уставтық грамота негізінде шаруалардан алынатын төлем мөлшері де белгіленген.— *462.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрный вопрос и социальная демократия в России.— В кн.: Доклад, представленный делегацией русских социал-демократов Международному рабочему социалистическому конгрессу в Лондоне в 1896 г. Женева, изд. Союза русских социал-демократов, 1896, стр. 22—32.— *256.*

Аксельрод, П. Б. К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов. Женева. изд. Союза русских социал-демократов, 1898. 34 стр.— *185, 233—234, 245, 256, 257—258, 275, 276, 278, 279—280, 356, 389.*

— *Объявление о возобновлении изданий группы «Освобождение труда».* Конец 1899 г.— начало 1900 г.— *351—352, 389.*

— *Предисловие* [к брошюре В. И. Ленина «Задачи русских социал-демократов»].— В кн.: [Ленин, В. И.] Задачи русских социал-демократов. С предисл. П. Аксельрода. Женева, изд. РСДРП, 1898, стр. 1—5. Перед загл. кн. авт. не указан.— *203, 278, 358.*

Алексеев, П. А. Речь, [произнесенная 10 марта 1877 г. перед царским судом в Петербурге].— «Вперед!» Т. V. Лондон, 1877, стр. 30—35, в отд.: Что делается на родине?— *407.*

Бельтов, Н.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Ближайшие задачи русского рабочего движения. [Передовая].— «Рабочая Газета», Киев, 1897, № 2, ноябрь, стр. 1—4.— *186.*

Богданов, А. Краткий курс экономической науки. М., Муринова, 1897. VIII, 290 стр.— *40—49.*

Булгаков, С. Н. К вопросу о капиталистической эволюции земледелия.— «Начало», Спб., 1899, № 1—2, стр. 1—21; № 3, стр. 25—36.— *105—107, 108, 109, 110—116, 118, 120—125, 126—130, 131, 133, 134—135, 137—138, 139—140, 141, 142—146, 147, 148, 149, 150—154, 155, 157, 158—160, 221.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар жұлдызшамен белгіленді. Бұл кітаптар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

Мартов, Л. Красное знамя в России. Очерк истории русского рабочего движения. С предисл. П. Аксельрода. Женева, изд. революц. организации «Социал-Демократ», 1900. XII, 64 стр.— *265—266.*

— *Рабочее дело в России.* Женева, изд. Союза русских социал-демократов, 1899. 90 стр.— *358.*

Материалы к характеристике нашего хозяйственного развития. Сб. статей. Спб., тип. Сойкина, 1895. 232, 259, III стр.— *89.*

Микулин, А. А. Фабрично-заводская и ремесленная промышленность Одесского градоначальства Херсонской губернии и Николаевского военного губернаторства с приложением списка фабрик, заводов и сельскохозяйственных мельниц. Одесса, 1897. XIII, 76, 276 стр.— *4, 9, 22, 37.*

Мимоходом.— «Рабочая Мысль». Спб., 1899, № 7, июль, стр. 6.— *194.*

«Мир Божий», Спб., 1898, № 4, стр. 77—82.— *18, 25.*

— 1898, № 6, стр. 118—127.— *51—56, 57—58, 73.*

Михайловский, Н. К. Карл Маркс перед судом г. Ю. Жуковского.— «Отечественные Записки», Спб., 1877, № 10, стр. 321—356.— *217.*

— *Литература и жизнь.*— «Русское Богатство», Спб., 1893, № 10, стр. 108—141.— *217.*

— *Литература и жизнь.*— «Русское Богатство», Спб., 1899, № 1, стр. 76—99; № 2, стр. 83—100; № 7 (10), стр. 194—218.— *217.*

Мольер, Ж. Б. Лекарь поневоле.— *331.*

Москва. (От нашего корреспондента).— «С.-Петербургские Ведомости», 1900, № 239, 1(14) сентября, стр. 3.— *455.*

«Московские Ведомости».— *341.*

— 1901, № 20, 20 января (2 февраля), стр. 1.— *456—460.*

— 1901, № 22, 22 января (4 февраля), стр. 1.— *456—460.*

— 1901, № 23, 23 января (5 февраля), стр. 1.— *456—460.*

— 1901, № 24, 24 января (6 февраля), стр. 1.— *456—460.*

— 1901, № 25, 25 января (7 февраля), стр. 2.— *456—460.*

— 1901, № 27, 27 января (9 февраля), стр. 1.— *456—460.*

— 1901, № 28, 28 января (10 февраля), стр. 1.— *456—460.*

«Накануне», Лондон, 1899, № 7, стр. 79—80.— *386—387.*

«Научное Обозрение», [Спб.], 1899, № 1, стр. 37—45, 46—64.— *73—93, 167—168, 170, 171.*

— 1899, № 8, стр. 1564—1579.— *167, 329.*

«Начало», Спб., 1899, № 1—2, стр. 1—21, 292—316.— *105—107, 108—109, 110—116, 118, 119—125, 126—130, 131, 132, 133, 134—135, 137—138, 139—140, 141, 142—145, 221.*

— 1899, № 3, стр. 25—36, 117—118.— *146—147, 148, 149, 150—155, 156, 157, 158—160, 221.*

Нежданов, П. К вопросу о рынках при капиталистическом производстве. По поводу статей И. Ратнера, Ильина и Струве.— «Жизнь», Спб., 1899, № 4, стр. 297—317.— *167—173.*

Николай — он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

«Новое Время», Спб., 1899, № 8506, 1(13) ноября, стр. 3.— *334.*

«Новое Слово», Спб., 1897, № 7, апрель, стр. 25—50.— *55.*

— 1897, № 8, май, стр. 25—60, 200—208.— *55, 365.*

— 1897, № 9, июнь, стр. 26—53.— *55.*

— 1897, № 10, июль, стр. 18—32.— *55.*

Новые данные о нашей фабрично-заводской статистике. [Рецензия на книгу: Карышев, Н. А. Материалы по русскому народному хозяйству].— «Русские Ведомости», М., 1898, № 144, 27 июля, стр. 3.—*5.*

О продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности. 2 июня 1897 г.— «Собрание Узаконений и Распоряжений Правительства, изд. при Правительствующем Сенате», Спб., 1897, № 62, 13 июня, ст. 778, стр. 2135—2139.— *200, 238, 268, 311.*

**Обзор Пермского края.* Очерк состояния кустарной промышленности в Пермской губернии. Пермь, 1896. 609 стр.; XVI л. картогр. и диагр.; 1 карта.— *20.*

Первое мая. 18 апреля. Рабочим и работницам всей России ко дню рабочего праздника Первого мая Российская социал-демократическая рабочая партия шлет братский привет. Б. м., тип. «Южного Рабочего», [1901]. 2 стр.— *399.*

[*Передовая*].— «Рабочая Мысль», Спб., 1897, № 1, октябрь, стр. 1.— *186.*

Перечень фабрик и заводов. Фабрично-заводская промышленность России. Спб., 1897. 63, VI, 1047 стр. (М-во финансов Деп. торговли и мануфактур).— *1, 2—5, 8, 9—14, 15—16, 17, 18—23, 24—25, 26—27, 28—29, 30—33, 37, 38.*

Периодические издания. «Русское Богатство», сентябрь. «Новое Слово», сентябрь. «Мир Божий», октябрь.— «Русская Мысль». М., 1897, № 11, стр. 506—521.— *43—44.*

Плеханов, Г. В. К вопросу о развитии монистического взгляда на историю. Ответ гг. Михайловскому, Карееву и комп. Спб., 1895. 288 стр. Перед загл. авт.: Н. Бельтов.— *81.*

— *Н. Г. Чернышевский.*— «Социал-Демократ». Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 88—175; Женева, 1890, кн. 2, август, стр. 62—142; Женева, 1890, кн. 3, декабрь, стр. 71—110; Женева, 1892, кн. 4, стр. 144—194.— *280.*

— *Наши разногласия.* Женева, тип. группы «Освобождение труда», 1884. XXIV, 322 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. III). На обл. год изд.: 1885.— *272.*

— *О задачах социалистов в борьбе с голодом в России.* (Письма к молодым товарищам). Женева, тип. «Социал-Демократа», 1892. 89 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. 10).— *395.*

[*Плеханов, Г. В.*] *Проект программы русских социал-демократов.* 1885—1887 гг.— *233—234, 235—236, 237, 240—241, 242—243, 244, 245, 248, 250, 251, 254, 256—257, 273, 274—276, 296—297, 401.*

— *Проект программы русских социал-демократов.*— В кн.: Аксельрод, П. Б. К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов. Женева, изд. Союза русских социал-демократов, 1898, стр. 29—34.— *233—234, 275—276.*

— *Социализм и политическая борьба.* Женева, 1883. IV, 78 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. I).— *272, 338—339.*

— *Vademecum для редакции «Рабочего Дела».* Сборник материалов, изданный группой «Освобождение труда». Женева, 1900, LII, 67 стр.— *366.*

[1] Бірінші рет Лениннің VII жинағында жарияланған, 16—18-беттер.

— 1900, № 141, 31 декабря, ст. 2927—2929, стр. 6947—6960.— *456—460.*

— 1901, № 1, 2 января, ст. 1—5, стр. 3—8.— *456—460.*

— 1901, № 2, 5 января, ст. 6—13, стр. 5—36.— *456—460.*

— 1901, № 3, 9 января, ст. 14—60, стр. 37—44.— *456—460.*

— 1901, № 4, 12 января, ст. 61—66, стр. 45—46.— *456—460.*

«Социал-Демократ». Лондон, 1890, кн. 1, февраль, стр. 88—175.— *280.*

— Женева, 1890, кн. 2, август, стр. 62—142.— *280.*

— Женева, 1890, кн. 3, декабрь, стр. 71—110.— *280.*

— Женева, 1892, кн. 4, стр. 144—194.— *280.*

Статистика Российской империи. I. Сборник сведений по России за 1884—1885 гг. Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел, 1887. XVIII, 313 стр.; 2 л. картогр.— *17—18.*

Статистический временник Российской империи. Серия II. Вып. VI. Материалы для статистики заводско-фабричной промышленности в Европейской России за 1868 год. Обр. И. Боком. Спб., изд. Центр. стат. ком. м-ва внутренних дел, 1872. LXXVIII, 427 стр.— *7, 12.*

[*Струве, П. Б.*] *Внутреннее обозрение.*— «Начало», Спб., 1899, № 1—2, стр. 292—316.— *140.*

— *Еще о свободе и необходимости.* (Ответ на предыдущую статью С. Н. Булгакова).— «Новое Слово», Спб., 1897, № 8, май, стр. 200—208.— *365.*

— *К вопросу о рынках при капиталистическом производстве.* (По поводу книги Булгакова и статьи Ильина).— «Научное Обозрение», Спб., 1899, № 1, стр. 46—64.— *73—93, 167.*

Струве, П. Б. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Вып. I. Спб., 1894. X, 293 стр.— *89—90.*

Суворин, А. Маленькие письма.— «Новое Время», Спб., 1899, № 8506, 1 (13) ноября, стр. 3.— *134.*

Т — н, К. — қараңыз: Ленин, В. И.

Тимирязев, Д. А. Статистический атлас главнейших отраслей фабрично-заводской промышленности Европейской России с поименным списком фабрик и заводов. Сост. по офиц. сведениям деп, торговли и мануфактур за 1867 год. Труд, удост. медали на Парижской всемирной выставке 1867 г. и на Всероссийской мануфактурной выставке 1870 г. Вып. 1—3. Спб., 1869—1873. VI, VI, 132 стр.; 14 карт.— *6—7.*

Торгово-промышленная Россия. Справочная книга для купцов и фабрикантов. Под ред. А. А. Блау. Спб., тип. Суворина, 1899. 1318 стр., 2702 стб. (М-во финансов. Департамент торговли и мануфактур).— *69—72.*

Три знаменательных дня. [19 февраля, 1 марта и 19 апреля (1 мая) 1897 г.].— «С.-Петербургский Рабочий Листок», 1897, № 2, сентябрь стр. 1—3.— *186.*

Труды комиссии по исследованию кустарной промышленности в России. Вып. V, VI, IX. Спб., 1880, 1883. 3 т.— *27.*

Труды комиссии, учрежденной для пересмотра уставов фабричного и ремесленного. Ч. 1—5. Спб., 1863—1865. 5 т.— *309—311.*

Туган-Барановский, М. Капитализм и рынок. (По поводу книги С. Булгакова «О рынках при капиталистическом производстве». Москва. 1897 г.).— «Мир Божий», Спб., 1898, № 6, стр. 118—127.— *51—56, 57—58, 73.*

— *Письмо в редакцию.* (Ответ проф. Н. А. Карышеву).— «Мир Божий», Спб., 1898, № 4, стр. 77—82.— *18, 25.*

— *Промышленные кризисы в современной Англии, их причины и влияние на народную жизнь.* С прил. 12 диагр. Спб., тип. Скороходова, 1894. IV, 513 стр.— *50—51, 52, 56—58, 73, 89, 170.*

— *Русская фабрика в прошлом и настоящем.* Историко-экономическое исследование. Т. I. Историческое развитие русской фабрики в XIX веке. Спб., Пантелеев, 1898, XI, 497 стр.— *18, 25.*

Тулин, К.— қараңыз: Ленин, В. И.

[*Узаконения и распоряжения правительства*].— «Московские Ведомости», 1901, № 20, 20 января (2 февраля), стр. 1; № 22, 22 января (4 февраля), стр. 1; № 23, 23 января (5 февраля), стр. 1; № 24, 24 января (6 февраля), стр. 1; № 25, 25 января (7 февраля), стр. 2; № 27, 27 января (9 февраля), стр. 1; № 28, 28 января (10 февраля), стр. 1.— *456—460.*

Указатель фабрик и заводов Европейской России — қараңыз: Орлов П. А. и Будагов, С. Г.

Указатель фабрик и заводов Европейской России и Царства Польского; Указатель фабрик и заводов Европейской России с Царством Польским и вел. кн. Финляндским — қараңыз: Орлов, П. А.

Уложения о наказаниях уголовных и исправительных 1885 года. 8-е изд.: пересмотр. и доп. Спб., Таганцев, 1895. 892 стр.— *431—432, 440—441.*

Успенский, Г. И. Федор Михайлович Решетников.— 448—449.

Устав о промышленности.— В кн.: Свод законов Российской империи. Т. 11. Ч. II. Спб., 1887, стр. 1—125.— *2, 311.*

Циркуляр гг. начальникам губерний, областей и округов, градоначальникам и обер-полицмейстерам от 7 июня 1895 г. № 11451 и чинам фабричной инспекции и губернским (областным) механикам от 7 июня 1895 г. № 11.— В кн.: Кобеляцкий, А. Справочная книга для чинов фабричной инспекции, для фабрикантов и заводчиков. Полный сборник узаконений о найме рабочих на фабрики, заводы и мануфактуры; о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих; о фабричной инспекции; о надзоре за заведениями фабрично-заводской промышленности. Изд. 4-е. Спб., 1897, стр. 34—36.— *8—10, 12—13, 21.*

Циркулярная телеграмма управляющего Министерством иностранных дел 12 августа 1900 г. [российским представителям за границей для информации правительств соответствующих стран].— «Правительственный Вестник», Спб., 1900, № 188, 19 августа (1 сентября), стр 3.—*410.*

Чрезвычайное орловское дворянское собрание. — «Орловский Вестник», 1900, № 273, 11 октября, стр. 2.— *449—455.*

[*Шкловский, И. В.*] *Дионео. Из Англии.*— «Русское Богатство», Спб., 1899, № 2, стр. 118—140.— *119.*

Штейнберг, С. Новая книга об историческом материализме.— «Жизнь», Спб., 1899, № 3, стр. 358—371.— *222.*

Энгельс, Ф. Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии. Начало 1886 г.— *80—81.*

— *Положение рабочего класса в Англии.* По собственным наблюдениям и достоверным источникам. Сентябрь 1844 г.— март 1845 г.— *318—319.*

— *Предисловие к немецкому изданию 1890 года* [«Манифеста Коммунистической партии»]. 1 мая 1890 г.— *357, 403.*

«Южный Край». Харьков.— *427.*

«Юридический Вестник». М., 1889, № 9, стр. 38—67.— *14, 17.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *194, 215—227, 285, 329, 330, 351.*

Buch, L. Über die Elemente der politischen Ökonomie. T. 1. Intensität der Arbeit, Wert und Preis der Waren. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1896. 240 S.— *219—220.*

Compte-Rendu des Séances du congrès national ouvrier tenu à Bruxelles les 5 et 6 avril 1885. Bruxelles, Maheu, 1885. [2], 59 p.— *332.*

Dühring, E. Kursus der National- und Sozialökonomie einschließlich der Hauptpunkte der Finanzpolitik. 2-te, teilweise umgearb. Aufl. Leipzig, Fues (R. Reisland), 1876. XII, 557 S.— *152—153.*

— *Kritische Geschichte der Nationalökonomie und des Sozialismus.* 3-te Aufl. Leipzig, Fues (R. Reisland), 1879. XIV, 574 S.— *217.*

Engels, F. Die Differentialrente II.— Dritter Fall: Steigender Produktionspreis.— In: Marx, K. Das Kapital. Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III, T. 2, Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hamburg, Meißner, 1894, S. 246—271.— *67.*

— *Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft.* 3-te durchges, und verm. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1894. XX, 354 S.— *74.*

— *Vorwort* [zum 2-ten Band des «Kapitals» von K. Marx].— In: Marx, K. Das Kapital. Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeß des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885, S. III—XXIII.— *60.*

Final report of her majesty's commissioners appointed to inquire into the subject of agricultural depression. London, 1897. V, 370 p. (Royal commission on agriculture).— *129.*

The International working men's assotiation. Resolutions of the Congress of Geneva, 1866, and the Congress of Brussels, 1868. London, 1869. 15 p.— *182—183.*

Kärger, K. Die Sachsengängerei. Auf Grund persönlicher Ermittelungen und statistischer Erhebungen. Berlin, Parey, 1890. VIII, 284 S.— *145.*

**Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *80, 94—100, 105—106, 107, 108—162, 255.*

— *Bernstein und das sozialdemokratische Programm.* Eine Antikritik. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 195 S.— *215—227, 293—294, 330, 332.*

— *Finis Poloniae?*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525.— *252—253.*

— *Karl Marx's Ökonomische Lehren.* Stuttgart, Dietz, 1887. X, 259 S.— *44—45.*

— *Der Parlamentarismus, die Volksgesetzgebung und die Sozialdemokratie.* Stuttgart, Dietz, 1893. VIII, 139 S.— *240—241.*

Kolb, G. Handbuch der vergleichenden Statistik der Völkerzustands- und Staatenkunde. 7-te Aufl. Leipzig, Felix, 1875. XXIV, 886 S.— *223.*

Koenig, F. Die Lage der englischen Landwirtschaft unter dem Drucke der internationalen Konkurrenz der Gegenwart und Mittel und Wege zur Besserung derselben. Jena, Fischer, 1896. XI, 445 S.— *156.*

Labriola, A. A propos du livre de Bernstein. [Une lettre à Lagardelle 15 avril 1899].— «Le Mouvement Socialiste», Paris, 1899, N 8, 1 mai, p. 453—458.— *215.*

Lehmann, C. u. Parvus. Das hungernde Rußland. Reiseeindrücke, Beobachtungen und Untersuchungen. Stuttgart, Dietz, 1900. V, 536 S.— *454.*

Luxemburg, R. Neue Strömungen in der polnischen sozialistischen Bewegung in Deutschland und Österreich.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216.— *252—253.*

— *Der Sozialpatriotismus in Polen.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 41, S. 459—470.— *252—253.*

Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte. 3-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1885. VI, 108 S.— *250—251.*

— *Aus der «kritischen Geschichte».* [Kapitel X aus der Arbeit F. Engels': Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft].— In: Engels, F. Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft. 3-te durchges. und verm. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1894, S. 243—273.— *74.*

— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. Hamburg, Meißner, 1867. XII, 784 S.— *217, 218.*

— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I: Der Produktionsprozeß des Kapitals. 2-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1872. 830 S.— *74—75, 77.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. II. Buch II: Der Zirkulationsprozeß des Kapitals. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1885. XXVII, 526 S.— *52—53, 54, 55—56, 57, 60, 74—75, 77, 85.*

— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 1. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel I bis XXVIII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. XXVIII, 448 S.— *52—53, 54, 55—56, 59—60, 170—171.*

*— *Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. III. T. 2. Buch III: Der Gesamtprozeß der kapitalistischen Produktion. Kapitel XXIX bis LII. Hrsg. von F. Engels. Hamburg, Meißner, 1894. IV, 422 S.— *47, 55, 59—60, 67, 77—78, 86, 113, 154.*

— *Die Rezension des Buches:* Le Socialisme et l'impôt. Par Emile de Girardin. Paris, 1850.— In: «Neue Rheinische Zeitung», London, 1850, Hft. 4, April, S. 48—61.— *137.*

— *Vorwort* [zur Arbeit: «Zur Kritik der politischen Ökonomie»].— In: Marx, K. Zur Kritik der politischen Ökonomie. Hft. 1. Berlin, Duncker, 1859, S. III—VIII.— *217, 218.*

— *Zur Kritik der politischen Ökonomie.* Hft. 1. Berlin, Duncker, 1859. VIII, 170 S.— *217, 218.*

«Le Mouvement Socialiste», Paris, 1899, N 8, 1 mai, p. 453—458.— *215.*

«Neue Rheinische Zeitung», London, 1850, Hft. 4, April, S. 48—61.— *137.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart.— *369.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216; N 41, S. 459—470; N 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525.— *252—253.*

— 1897—1898, Jg. XVI, Bd. II, N 44, S. 545—555.— *197.*

Plechanow, G. Beiträge zur Geschichte des Materialismus. I. Holbach. II. Helvetius. III. Marx. Stuttgart, Dietz, 1896. VIII, 264 S.— *81.*

— *Bernstein und der Materialismus.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1897—1898, Jg. XVI, Bd. II, N. 44, S. 545—555.— *197.*

— *N. G. Tschernischewsky.* Eine literar-historische Studie. Stuttgart, Dietz, 1894. 388 S.— *274—275, 281.*

Programm der deutschen Arbeiterpartei.— In: Protokoll des Vereinigungs — Kongresses der Sozialdemokraten Deutschlands abgehalten zu Gotha, vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, verl. der Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875, S. 3—4.— *184—185.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, verl. der Exped. des «Vorwärts»..., 1891, S. 3—6.— *236, 237, 238, 242, 243, 253.*

Protokoll des Vereinigungs — Kongresses der Sozialdemokraten Deutschlands abgehalten zu Gotha , vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, verl. der Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875. 88 S.— *184—185.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, verl. der Exped. des «Vorwärts»..., 1891. 368 S.— *236, 237, 238, 242, 243, 253.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, verl.: Expedition der Buchhandlung Vorwärts, 1899. 304 S.— *197, 287—288.*

Ramsay, G. An essay on the distribution of wealth. Edinburgh — London, Black, 1836. XIII, 506 p.— *77.*

Resolutions of First Congress assembled at Geneva. September, 1866.— In: The International working men's association. Resolutions of the Congress of Geneva, 1866, and the Congress of Brussels, 1868. London, 1869, p. 3—9.— *182—183.*

«Rheinische Zeitung für Politik, Handel und Gewerbe», Köln.—*217.*

Quesnay, F. Tableau économique. First print. in 1758 and now reprod. in facs. for the Britich economic association. London, 1894. VIII, XII, 6 p.— *74.*

Sering, M. Die innere Kolonisation im östlichen Deutschland. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1893. IX, 330 S. (Schriften des Vereins für Sozialpolitik. LVI).— *133, 137.*

Sombart, W. Sozialismus und soziale Bewegung im 19. Jahrhundert. Bern, Steiger, 1897. 86 S. (Ethisch-sozialwissenschaftliche Vortragskurse, veranstaltet von den ethischen Gesellschaften in Deutschland, Österreich und der Schweiz, hrsg. von der Schweizerischen Gesellschaft für ethische Kultur. (Züricher Reden). Bd. IV).— *166.*

«Vorwärts», Leipzig — Berlin.— *212.*

Wolf, J. Sozialismus und kapitalistische Gesellschaftsordnung. Kritische Würdigung beider als Grundlegung einer Sozialpolitik. Stuttgart, Gotta, 1892. XIX, 620 S.— *217.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

циалистік жұмысшы партиясы, кейінірек социал-демократиялық партиясы болып аталды. Бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті. Француз-пруссак соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстады. Париж Коммунасын қолдады, парламент мінбесінен кайзерлік Германияның отаршылдық саясатын әшкереледі. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысына елеулі әсер етті. 90-жылдары маркстік теорияны Э. Бернштейн мен оның жақтастарының бұрмалауы мен тұрпайылауынан қорғап, реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. Ленин Бебельдің бернштейншілдерге қарсы сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қалады» (Шығармалар, 49-том, 294-бет) деп санады.

Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен жеткіліксіз күресу, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.).— *288, 291.*

Бельтов, Н.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Бём-Баверк (Böhm-Bawerk), *Евгений* (1851—1914) — буржуазиялық экономист, саяси экономиядағы «австриялық мектеп» деп аталатын ағым өкілдерінің бірі. Өзінің концепциясын негіздегенде пайдалылық шегі деген субъективтік-психологиялық теорияға сүйене отырып, капиталистік пайда жұмысшы табын қанаудың нәтижесі емес, қазіргі және болашақ игіліктерді «субъективті бағалаудан» туады деп дәлелдеді. Капитализмнің қайшылықтарын, капиталдың еңбекті қанауын бүркемелей отырып, Бём-Баверк жұмысшы табының назарын революциялық күрестің қажеттігінен басқа жаққа аударып әкетуге тырысты. Оның реакцияшыл көзқарастарын буржуазия капитализмді қорғау үшін пайдалануда.— *219, 220.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың ең оппортунистік қанатының лидері, ревизионизмнің және реформизмнің теоретигі. 1881 жылдан 1890 жылға дейін — герман социал-демократиясының жасырын орталық органы «Der Sozial-Demokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген жалпы тақырыппен сериялы мақалалары жарияланды, кейіннен бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітапқа енгізілді, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы

ілімді жоққа шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деді В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет).

Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күресу деп жариялады: «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Одан кейінгі жылдары Бернштейн марксизмге қарсы күресін одан әрі жүргізе берді, империалистік буржуазияның саясатын қолдауға шақырды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары, сондай-ақ, олардың іс жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүддесіне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның өзі II Интернационалдың масқаралық күйреуімен аяқталды. Қай елде болмасын және қандай түрде болмасын, қазіргі замандағы ревизионистер әйтеуір марксизмді бұрмалауда Бернштейннің сарынын қайталауда.— *194, 197, 215—222, 223—227, 236, 285, 287, 293, 329—330, 331, 332, 333—334, 351, 357—358, 386, 388.*

Блау, А. А. (1849 ж. туған) — статистик, экономист; Сауда және мануфактура департаментінің статистика бөлімінің бастығы, Мемлекеттік кәсіптік алым-салық ревизоры болды. Оның редакциялауымен бірқатар статистикалық еңбектер басылып шықты.— *69.*

Близнец — қараңыз: Струве, П. Б.

Бобо — қараңыз: Струве, П. Б.

Богданов, А. (Малиновский, А. А.) (1873—1928) — философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатынасты. РСДРП-ның II съезінен кейін большевиктерге қосылды. ККБ-ның (Көпшілік Комитеттері Бюросы) мүшесі ретінде Россияда партияның III съезін әзірлеу жолында жұмыс істеді, сол съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Большевиктік органдар — «Вперед» және «Пролетарий» редакцияларының құрамына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі. Реакцияның күшейген кезінде шақырымпаздарды бастады, Ленинге және партияға қарсы шыққан «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (эмпириокритицизмнің жалған маркстік терминологиямен бүркенген бір түрі) деп аталған өз жүйесін жасауға тырысты; Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде бұл жүйені сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының мәжілісінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткульт» басшыларының және

В

В. В.— қараңыз: Воронцов, В. П.

Вагнер (Wagner), *Адольф Генрих Готгильф* (1835—1917) — немістің буржуазияшыл экономисі және реакцияшыл саяси қайраткер. «Катедер-социализмнің» өкілі болған Вагнер буржуазиялық-либералдық реформизмді уағыздады, капиталистердің жұмысшыларды қанауын мемлекеттік заң шығару арқылы жоюға болады деп есептеді. Бисмаркке белсене қызмет көрсетті, христиандық-социалистік партия басшыларының бірі болды. Вагнердің реакцияшыл экономикалық көзқарастарын гитлершілдер өздерінің «социалистік» демагогиясында және фашистік мемлекетті мадақтауға пайдаланды.

Вагнердің негізгі еңбектері: «Халық шаруашылығы туралы жалпы немесе теориялық ілім» (1879), «Саяси экономия негіздері» (1892—1894).— *44.*

Вальян (Вайян), (Vaillant), *Эдуар Мари* (1840—1915) — француз социалисі, Бланкидің ізбасары, II Интернационалдың сол қанаты көсемдерінің бірі, Париж Коммунасы Атқару комиссиясының және I Интернационалдың Бас советінің мүшесі. Францияның Социалистік партиясын құруға инициатор болғандардың бірі (1901). 1905 жылы Социалистік партия Жорестің реформашыл француз партиясымен бірлескеннен кейін Вальян аса маңызды мәселелер жөнінде оппортунистік позицияда болды. Империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист.— *291.*

Вебб (Webb), *Беатриса* (1858—1943) және *Сидней* (1859—1947) — ағылшынның белгілі қоғам қайраткерлері. Ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөніндегі бірқатар еңбектерді бірлесіп жазды. Олардың бастысы — «Industrial Democracy» (Россияда «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген тақырыппен шықты). Осы еңбектің алғашқы томын аударған, ал екінші томының аудармасын редакциялаған В. И. Ленин. Кітап Россияда 1900—1901 жылдары шықты. Өздерінің еңбектерінде Вебтер жұмысшылар мәселесін буржуазиялық құрылыс жағдайында реформалар жасау жолымен шешу мүмкіндігін дәлелдеуге тырысты.

Сидней Вебб (кейіннен лорд Пасфилд) — реформистік «Фабиан қоғамының» негізін қалаушылардың бірі, парламент мүшесі (1922—1929), 1924 жылы сауда министрі және доминиондар мен отарлар министрі (1929—1931). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Вебтер социал-шовинистік позицияда болды. 1932 жылы олар СССР-ді аралады, Совет еліне өте іш тартты. Олардың «Советтік коммунизм: жаңа цивилизация?» (1935) және «Советтік Россия туралы шындық» (1942) деген еңбектері совет халқының тарихи табыстарын және ерлік істерін бейнелейді.— *163.*

Вейтлинг (Weitling), *Вильгельм* (1808—1871) — Германия жұ-

пікірді негіздеп, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уагыздады, марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. Воронцовтың көзқарастары В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде қатты сыналды.— *50, 51, 88—89, 90, 330, 331, 332, 335.*

Г

Гвоздев, Р. (Циммерман, Р. Э.) (1866—1900) -- жазушы, оның әңгімелері мен экономикалық мақалалары «Русское Богатствода», «Жизньде», «Научное Обозрениеде» жарияланып тұрды. 1896 жылы П. П. Масловпен, А. А. Санинмен, В. И. Португаловпен және т. б. бірге «Самарский Вестник» күнделікті газетінің жетекшісі болды. Гвоздевтің белгілі еңбегі — «Кулактық-өсімқорлық, оның қоғамдық-экономикалық маңызы».— *61, 62, 65.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективті идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы болды. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі идеалистік диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі еді. Гегельдің пайымдауына қарағанда, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта тууда және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, өмір шындығын абсолюттік рухтың, абсолюттік идеяның жемісі деп қарайды. В. И. Ленин абсолюттік идеяны идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен оның мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойы дамуының неғұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты еңбектері мыналар: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар, немесе өнер философиясы» (1836—1838).— *217.*

Геркнер (Herkner), *Генрих* (1863—1932) — немістің буржуазияшыл экономисі, профессор, «Әлеуметтік саясат одағының» вице-президенті.— *333.*

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — экономист, Москва ауыл шаруашылығы институтының профессоры, I Мемлекеттік дума-

пың мүшесі, орыс буржуазиясының басты партиясы — кадеттер партиясы лидерлерінің бірі және сол партияның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірген.— *59.*

Гладстон (Gladstone), *Уильям Юарт* (1809—1898) — ағылшынның саяси және мемлекет қайраткері; өзінің өсу жолында нағыз торизмнен либерализмге дейінгі жолдан өтті. Казначей канцлері (финанс министрі) (1852—1855, 1859—1866) және премьер-министр (1868—1874, 1880—1885, 1886, 1892—1894) болып тұрған кезінде Гладстон оппозициямен парламенттік күрес жүргізу мүддесін көздеп кейбір реформалар жасады, халықтың ұсақ буржуазиялық топтарын және жұмысшы табының аз ғана жоғарғы тобын өз жағына тарту үшін саяси демагогия құралдарын кеңінен пайдаланды. Басқыншылық отарлық саясат жүргізді, Ирландиядағы ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз жаныштады. Саяси қайраткер ретіндегі Гладстонның — «либерал буржуалар мен топас мещандардың осы батырының» (В. И. Ленин. Шығармалар, 20-том, 146-бет) ерекшелігі мейлінше принципсіздік, арсыздық және екіжүзділік болды. К. Маркс Гладстонды «барып тұрған екіжүзді және казуист» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 129-бет) деп атады.— *255.*

Гобсон (Hobson), *Джон Аткинсон* (1858—1940) — ағылшын экономисі, буржуазиялық реформизмнің және пацифизмнің нағыз өкілі, бірқатар кітаптардың авторы, олардың ішінен ең белгілілері: «Жарлылық проблемалары» (1891), «Қазіргі капитализмнің дамуы» (1894), «Империализм» (1902). Өмірінің аяқ кезінде Гобсон империализмді ашықтан-ашық қорғаштауға көшті, «әлемдік мемлекет теориясын» уағыздады.— *163—165, 166.*

Госсен (Gossen), *Герман* (1810—1858) — немістің буржуазияшыл экономисі, кейіннен «австриялық мектеп» дамытқан «пайдалылық шегі теориясы» авторларының бірі. «Адам арасындағы қарым-қатынастың және соның негізінде сауда ережелерінің дамуы» (1854) деген кітабында осы теорияға сипаттама берді.— *219.*

Д

Даниельсон, Н. Ф. (Н.— он) (1844—1918) — орыстың экономист-жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдық идеологтарының бірі; 60—70-жылдары революцияшыл әр текті жастар үйірмелерімен байланысты болды. Даниельсон К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастап қойған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады. Осыған байланысты К. Маркспен және Ф. Энгельспен хат жазысып тұрды, онда Россияның экономикалық даму проблемаларын да сөз етті. Алайда Даниель-

(1875), «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы» (1871), «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы» (1873).— *74, 152—153, 217.*

Е

Егор — қараңыз: Мартов, Л.

Ж

Жуковский, Ю. Г. (1822—1907) — буржуазияшыл экономист әрі публицист. «Современникке», «Вестник Европыға» жазып тұрды, «Космос» журналы редакторларының бірі. Өзінің еңбектерінде әр түрлі экономиялық теорияларды эклектикалық тұрғыдан ұштастыруға тырысты. Маркстік саяси экономияның дұшпаны болған Жуковский 1877 жылы «Вестник Европыдың» 9-номерінде марксизмге өшпенділікке толы «Карл Маркс және оның капитал туралы кітабы» деген мақала жариялады. Мақала Россияда «Капитал» төңірегінде қызу айтыс тудырды. Н. Михайловский «Отечественные Запискидің» 1877 жылғы октябрьдегі 10-номерінде «Ю. Жуковский мырзаның төрелігіне түскен Карл Маркс» деген мақала жазды. Мақала К. Маркстің «Отечественные Запискидің» редакциясына жолдаған белгілі хатына (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 336—339-беттер) түрткі болды. В. И. Ленин Жуковскийді «пасық-буржуазиялық» экономист деп атады.— *217.*

З

Засулич, В. И. (Велика) (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Засуличтің революциялық қызметі 1869 жылы басталды, ол «Жер және ерік» және «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарының мүшесі болды. Шетелге эмиграцияға кеткен Засулич 80-жылдардың басында халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын ұйымдастыруға қатысты. 80—90-жылдарда Засулич К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркін» және Ж. Ж. Руссо туралы еңбек жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына ат салысып, оларда бірқатар әдебисын мақалаларын жариялады. 1900 жылы Засулич лениндік «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

РСДРП-ның II съезінен кейін Засулич меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искра» газетінің редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды, реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды.

Засулич Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *366, 367—368, 369—370, 375, 376, 377, 379, 390, 417, 418, 419.*

Зеринг (Sering), *Макс* (1857—1939) — неміс экономисі, профессор; 1883 жылы Солтүстік Америкада ауыл шаруашылығын зерттеді. «Handwörterbuch der Staatswissenschaften» деген энциклопедиялық сөздікте басылған және орыс тіліне аударылған «Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағы астық саудасы» деген мақаланың авторы (қараңыз: «Жер иелену және ауыл шаруашылығы» деген жинақ. М., Водовозовтар баспасы, 1896). Аграрлық мәселе және дағдарыстар теориясы жөніндегі еңбектерінде атышулы «топырақ құнарлылығының кему заңын» насихаттап, ірі жер иелері мен кулактардың мүдделерін қорғады.— *133, 137.*

Зибер, Н. И. (1844—1888) — орыс экономисі, публицист, Киев университетінің саяси экономия және статистика кафедрасының профессоры; 80-жылдардағы бірқатар радикалдық және либералдық бағыттағы журналдарға қатысты. 1871 жылы ол «Ең соңғы толықтырулар мен түсініктемелерге байланысты Д. Рикардоның бағалы заттар және капитал теориясы» деген диссертация жазды; бұл диссертацияға К. Маркс «Капиталдың» бірінші томының 2-басылуына жазған соңғы сөзінде унамды пікір білдірді. Зибердің бұл еңбегі «Давид Рикардо мен Карл Маркс, олардың қоғамдық-экономикалық зерттеулері» деген атпен 1885 жылы қайта өңделіп және толықтырылып басылды. Сондай-ақ оның «Маркстің экономикалық теориясы» (1876—1878 жылдары «Знание» және «Слово» журналдарында жарияланды), «Алғашқы қауымдық экономикалық мәдениет очерктері» (1883) және басқа еңбектері де жұртқа белгілі болды. 1881 жылы Лондонда болған кезінде Зибер К. Маркспен және Ф. Энгельспен жүзбе-жүз танысты; ол К. Маркстің экономикалық еңбектерін Россияда таратып, насихаттаған алғашқы адамдардың бірі болды.

Алайда Зибердің өзі марксизмді сыңаржақ түсінді де, К. Маркстің революциялық ілімін жақтамады.— *57, 77.*

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің түрпайы буржуазияшыл экономисі, герман империализмінің басты идеологтарының бірі. Бреславль, соңынан Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің (В. И. Ленин, Шығармалар, 18-том, 57-бет) әдепкі идеологтарының бірі болды. Кейінірек капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнелеп, марксизмнің ашық жауына айналды. Өмірінің соңғы жылдарында ол фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың басты шығармалары мыналар: «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі замангы капитализм» (1902).— *166.*

И

Ильин, В.— қараңыз: Ленин, В. И.

Иоанн Кронштадтский — қараңыз: Сергеев, И. И.

К

Каблуков, Н. А. (1849—1919) — экономист және статистик, халықшыл, Москва университетінің профессоры. 1885 жылдан 1907 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының статистика бөлімшесін меңгерді, оның басшылығымен «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинағы» (1877—1879) құрастырылды. Сондай-ақ, оның «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897) және басқа көптеген еңбектері бар. Өзінің еңбектерінде ұсақ шаруалар шаруашылығының «тұрақтылығы» идеясын қорғады, жер қауымын шаруалардың жіктелуіне бейне бір жол бермейтін форма деп дәріптеді. Таптық бітімді уағыздай отырып, тап күресінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде де марксизмге қарсы шықты. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегінде Каблуковтың көзқарастарын өткір сынға алды. 1917 жылы Каблуков буржуазиялық Уақытша үкімет жанындағы Бас жер комитетінің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында (ОСБ) істеді, оқытушы болды және әдеби жұмыспен шұғылданды.— *111, 119, 137—138.*

Кант (Kant), *Иммануил* (1724—1804) — неміс философы, Кёнигсберг университетінің профессоры. Басты еңбегі — «Таза парасат сыны» 1781 жылы жарық көрді. «Канттың философиясының негізгі белгісі — материализмді идеализммен табыстыру, бұл екеуін бір-бірімен келістіру, философиядағы қарама-қарсы әр текті бағыттарды бір системаға біріктіріп ұштастыру» (В. И. Ленин. «Материализм және эмпириокритицизм»). Кантқа қайтып оралуға немесе Маркcті Кантпен табыстыруға тырысушылық ревизионистерге әрқашан тән қасиет болды.— *80.*

Карышев, Н. А. (1855—1905) — экономист және статистик, земство қайраткері. 1891 жылдан Юрьев (Тарту) университетінің, кейін Москваның ауыл шаруашылық институтының профессоры. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» және т. б. журналдарға қатынасты; Россиядағы шаруа шаруашылығының экономикасы мәселелері жөнінде көптеген кітаптар мен журнал мақалаларының авторы, оларда либерал халықшылдардың көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің реакцияшыл көзқарастарын қатты сынады.— *1—2, 6, 8, 13, 14, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25—28, 29—31, 32—33, 36—37.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, бастапқы кезде марксист, кейіннен марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Каутский 1874 жылдан социалистік қозғалысқа қатыса бастады. Ол кезде оның саяси көзқарастары лассальшілдіктің, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутский оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынға алған болатын. 80—90-жылдары Каутский маркстік теорияның жекелеген мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды, олар: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) және басқалар; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктеріне қарамастан, марксизмді насихаттау ісінде тәуір роль атқарады.

Кейінірек, кеңінен өрістеген революциялық қозғалыс кезеңінде Каутский оппортунизмге біржола көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында ол центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы жел сөздермен бүркемелей отырып, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне ауысты. Каутский әсіре империализм теориясын ұсынды; бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа шығармаларында әшкереледі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский советтік социалистік құрылысты, коммунизмді дұшпандықпен сынға алды.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіпті екендігін аша отырып, В. И. Ленин: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» — деп жазды (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *45, 80, 94, 95—96, 97—99, 100, 105—106, 107, 108—113, 114—116, 117—120, 121—122, 123—126, 127, 128—134, 135—139, 140—143, 144—147, 149—153, 154, 155—159, 160, 161, 162, 204, 215—220, 221—223, 224—226, 227, 236, 242, 253, 255, 293—294, 325—326, 330, 331, 332, 333, 369—370.*

Кениг (Koenig), *Ф.*— неміс экономисі, «Қазіргі халықаралық бәсекенің езгісіндегі ағылшын ауыл шаруашылығының жағдайы, оны жақсартудың құралдары мен жолдары» (1896) деген кітаптың авторы.— *156.*

Кенэ (Quesnay), *Франсуа* (1694—1774) — француз экономисі, физиократтар мектебінің негізін қалаушы, білімі жөнінен дәрі-

гер. 1758 жылы шыққан «Tableau économique»-нің («Экономикалық кесте») авторы, онда буржуазиялық саяси экономияның тарихында алғаш рет ұдайы өндірістің жылдық процесін бүтіндей және оның құрамды кезеңдерінің маңызын суреттеуге әрекет жасалды. Осы «Экономикалық кестеге» К. Маркс өзінің «Қосымша құн теорияларында» және Ф. Энгельстің «Анти-Дюрингі» үшін жазылған «Сын тарихынан» деген тарауда толық талдау жасады.— *74.*

Кергер (Kärger), *Карл* — неміс экономисі, «Саксонияға келгендер. Жеке зерттеулер мен статистикалық есептер негізінде» (1890) деген кітаптың авторы.— *145.*

Кирхман (Kirchmann), *Юлиус Герман* (1802—1884) — неміс философы және публицисі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі — Родбертустің пікірлесі. 1871 жылдан 1876 жылға дейін буржуазиялық «прогрессистік» партиядан рейхстагтың депутаты болды; право және философия саласындағы бірқатар еңбектердің авторы.— *56.*

Кобеляцкий, А. И. (1862—1907) — фабрика заңдары жөніндегі анықтамаларды құрастырушы, қатынас жолдары министрінің орынбасары. Ол «Фабрика инспекциясының қызметкерлеріне, фабриканттар мен завод иелеріне арналған анықтама кітаптың» (1897) авторы.— *8, 15.*

Кольб (Kolb), *Георг Фридрих* (1800—1884) — неміс статистигі, публицист. 1848 жылы — герман парламентінің мүшесі, 1863 жылдан — Бавария депутаттар палатасының мүшесі; «Халық жағдайының және мемлекетті зерттеудің салыстырмалы статистикасы жөнінде жетекші құрал» (1875) деген кітаптың авторы.— *223.*

Корсак, А. К. (1832—1874) — орыс экономисі және публицисі, «Батыс Европа мен Россиядағы жалпы өнеркәсіп формалары және үйдегі өндірістің (қолөнері және үйдегі өнеркәсіп) маңызы туралы» (1861) деген кітаптың авторы.— *46.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — орыс социал-демократы, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатынасты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатынасты. Кешікпей «Еңбекті азат ету» тобынан шығып кетті. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі, осы Одақтың органы «Рабочее Делоның» редакторы болды. РСДРП-ның II съезінен кейін социал-демократиялық қозғалыста ешқандай роль атқарған жоқ.— *416.*

Л

Лабриола (Labriola), *Антонио* (1843—1904) — итальян әдебиетшісі және философ; 80-жылдардың аягында буржуазиялық идеологиядан қол үзіп, марксист болды. 1895 жылы Лабриола ««Коммунистік партияның манифесін» еске алу» деген кітабын бастырып шығарды. Осы кітап және 1896 жылы шыққан «Тарихи материализм туралы» деген кітап «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну очерктерінің» алғашқы екі бөлімін құрады. Осы «Очерктерге» Г. В. Плеханов «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» деген мақаласында талдау жасады (қараңыз: Г. В. Плеханов. Таңдамалы философиялық шығармаларының бес томдығы, II том, 1956, 236—266-беттер).

Өзінің еңбектерінде Лабриола тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің негіздерін баяндады, Гартманның, Ницшенің, Кроченің реакцияшыл философиясын аяусыз сынады, марксизмнің буржуазиялық сыншылары мен ревизионистерге қарсы шықты.— *215.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшілдіктің негізін қалаушы.

Лассаль — Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін қалаушылардың бірі. Одақтың құрылуы жұмысшы қозғалысы үшін маңызды болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Өздерінің мақсатын бейбіт парламенттік қызмет үшін күреспен шектей отырып, лассальшілдер жалпыға бірдей сайлау правосы үшін ашық үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндіргіш ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшілдер оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда нағыз жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананың қалыптасуына бөгет жасады.

Лассальшілдердің теориялық және саяси қателіктері марксизм-ленинизм классиктерінің тарапынан қатты сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалары).— *182—225.*

Леман (Lehmann), *Карл* — медицина докторы, социал-демократ, герман социал-демократиясы Мюнхен ұйымының мүшесі, редакцияның Мюнхенде болған кезінде «Искраға» көмек көрсетті.— *454.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., В. Ильин, Вл. Ильин, Влад. Ильин, Владимир Ильин, Т. Х., Ф. П.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *19, 55, 60, 65, 68, 72, 73—74, 75, 76, 78, 82—*

етуге қатынасты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді, Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, бірнеше рет оның қателіктерін сынады (партияның ролі туралы, империализм туралы, ұлт-отар, шаруа мәселелері бойынша, перманенттік революция туралы және т. б.) сөйтіп дұрыс позицияға көшуіне көмектесті.— *253.*

М

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы, данышпан ойшыл, революциялық ғылымның корифейі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы (қараңыз: В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласы — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер).— *45, 46—47, 50, 51—54, 55—56, 57, 58, 59, 67, 73—75, 77—78, 79, 80, 81—82, 84, 86—87, 96, 98, 106, 107, 112, 113, 127, 135, 136, 137, 140, 152, 156, 159, 160, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171—172, 181, 182, 196, 197, 198, 203, 216, 217—218, 219, 220, 221, 224, 226, 231, 236, 251—252, 264—265, 268, 280—281, 325—326, 329, 330, 357, 388.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О., Егор) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдардан бастап социал-демократиялық қозғалысқа араласты. 1895 жылы Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастыруға қатынасты. 1896 жылы тұтқынға алынып, 3 жылға Туруханскіге жер аударылды. Одан оралғаннан кейін 1900 жылы «Искраны» шығаруды әзірлеуге қатынасты, редакция құрамына кірді. РСДРП-ның II съезінде «азшылықты» бастаушы болды, одан кейінгі жерде — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Реакция жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық «август» конференциясына (1912) қатынасты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды. Октябрь революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары жағына шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығаруды қолға алып, соның редакторы болды.— *266, 367, 382.*

Микулин, А. А.— инженер-механик, Владимир округінің фабрикалық инспекторы, ал кейіннен Херсон губерниясының фабрикалық аға инспекторы; «1886 жылдың 3 июніндегі заңды қолдану тарихынан очерктер» (1893), «Одесса қалалық басқармасының, Херсон губерниясы мен Николаев әскери губернаторлығының фабрика-завод және қолөнер өнеркәсібі...» (1897) деген және басқа еңбектердің авторы.— *4, 9, 22, 37.*

Милль (Mill), *Джон Стюарт* (1806—1873) — ағылшынның буржуазияшыл философы әрі экономисі, позитивизмнің көрнекті

өкілдерінің бірі. 1865—1868 жылдары ағылшын парламентінің төменгі палатасының мүшесі болды. Милльдің басты философиялық еңбектері: «Силлогистикалық және индуктивтік логиканың жүйесі» (1843) және «Сэр Вильям Гамильтонның философиясына шолу» (1865). Негізгі экономикалық еңбегі — «Саяси экономияның негіздері» (1848). Маркстің анықтамасы бойынша, Милль буржуазиялық саяси экономияның «капиталдың саяси экономиясын енді жерде елемей кетуге болмайтын пролетариаттың талаптарымен үйлестіруге тырысқан» («Капитал», Қаз. мемл. баспасы, I том, 1963, 23-бет) өкілдерінің бірі болды. Милль Д. Рикардомен салыстырғанда бір адым кері шегінді, ол еңбек құны теориясынан шеттеп кетіп, оны өндіріс шығындарының тұрпайы теориясымен ауыстырды. Милль капиталистердің табатын пайдасын ғылыми жағынан жалған тартыну теориясымен түсіндіруге тырысты; ол капиталистер тұтыну жөнінде тартынып отырады-мыс деді. Милль Мальтустің халық орналасуының адамды жек көрушілік теориясының жақтаушысы болды. Н. Г. Чернышевский Милльдің «Саяси экономияның негіздері» (1860—1861) деген кітабының аудармасына жазған ескертулерінде және «Саяси экономиядан очерктер (Милль бойынша)» (1861) деген еңбегінде Милльдің экономикалық көзқарастарын сынға алды.— *56, 164.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдардың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылдан басталды; 1868 жылы ол «Отечественные Записки» журналының қызметкері, кейінірек редакторларының бірі болды. 70-жылдардың аяғында «Халық еркі» партиясының басылымдарын құрастырып, соларды редакциялады. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксизмге қарсы қызу күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген және т. б. шығармаларында сыналған.— *217.*

Н

Н.— он — қараңыз: Даниельсон, Н. Ф.

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — 1852 жылдан 1870 жылға дейін Францияның императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция талқандалғаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасап, Францияның императоры болып жарияланды.

III Наполеон ірі буржуазияның мүддесін көздеп авантюристік сыртқы саясат жүргізді; III Наполеонның ішкі саясаты полицейлік террордың бұрын-соңды болып көрмеген озбырлығымен, бюрократияның күшеюімен және сонымен бірге жалған уәде беру, алдандыру және «еңбекші бұқараның мойнына са-

лынған тұзағын көп жылдар бойына» (В. И. Ленин. Шығармалар, 13-том, 135-бет) бекіткен ұсақ реформалар жасау жолымен жұмысшыларды ойыншық етудің демагогиялық айла-шарғыларымен сипатталды.— *213, 250—251.*

Нарышкин, А. А.— Орел губерниясының ірі помещигі, Біріккен дворяндар советінің мүшесі. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі; нағыз оңшылдардың лидері.— *452—453.*

Нежданов, П. (Липкин, Ф. А.) (1868 ж. туған) — публицист, «Маркстің сыншыларының» бірі, кейіннен меньшевик, нағыз жойымпаз. РСДРП-ның IV (Стокгольм) және V (Лондон) съездеріне қатынасты, жойымпаздық басылымдардың қызметкері, партияны жою туралы 16 меньшевиктің «Ашық хаты» авторларының бірі (1910); 1912 жылғы август конференциясынан кейін — меньшевиктік басқару орталығының (Ұйымдастыру Комитеті) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, 1917 жылы Петербургте шығып тұрған меньшевиктік «Рабочая Газета» редакторларының бірі.— *167—168, 169, 170, 172.*

О

Орлов, П. А.— «Европалық Россия фабрикалары мен заводтарының көрсеткішін» құрастырушы. Алғашқы басылымы 1881 жылы, екінші басылымы — 1887 жылы және үшінші басылымы— (С. Г. Будаговпен бірлесіп шығарған) — 1894 жылы шықты.— *2, 3, 5—6, 9, 14.*

Оуэн (Owen), *Роберт* (1771—1858) — ағылшынның ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылыстың негіздерін қатаң сынға алды, бірақ капитализм қайшылықтарының шын мәніндегі түп-тамырларын ашып көрсете алмады; әлеуметтік теңсіздіктің негізгі себебі капиталистік өндіріс әдісінің өзінде емес, ағарту ісінің жетімсіздігінен болып отыр, сондықтан ол теңсіздікті білім таратумен және әлеуметтік реформалармен жоюға болады деп санап, оның кең программасын ұсынды. Оуэн жұмыс күнін заң жүзінде шектеу жолында, еңбекті қорғау жолында, балаларға қоғамдық тәрбие беру жолында күресті.

Оуэн болашақ «рациональды» қоғам өзін өзі басқаратын шағын (мүшелерінің саны үш мыңнан аспайтын) коммуналардың ерікті федерациясы түрінде болады деп білді. Алайда Оуэннің өз идеяларын практикада іс жүзіне асырмақ болған әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. 30—40-жылдары Оуэн кәсіпшілік және кооператив қозғалыстарына белсене қатысты, жұмысшылардың сауатын ашу үшін өте көп нәрсе істеді. XIX ғасырдағы ағылшын жұмысшы қозғалысы үшін Оуэннің қызметінің маңызына баға бере келіп, Энгельс былай деп жазды: «Англияда жұмысшы табының мүдделерін көздеген барлық қоғамдық қозғалыстар және оның шын мәніндегі жетістіктерінің бәрі Оуэннің есімімен байланысты» («Анти-Дюринг», 1957, 248-бет).

Оуэннің негізгі еңбектері: «Адамның мінез-құлқының қалыптасуы туралы» (1813), «Қоғамдық күйзелістерді жеңілдетудің жоспары туралы Ленарк графтығына баяндама» (1820), «Жаңа адамгершілік дүниесі туралы кітап» (1836—1844) және т. т.— *119.*

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик; 80-жылдары Россиядан эмиграцияға кетті; 90-жылдардың аяғында және 900-жылдардың бас кезінде Герман социал-демократиялық партиясының жұмысына араласты, оның солшыл қанатына қосылды, «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды. Дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбек жазды, РСДРП-ның II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин думасына қатынасуға шақырды, кадеттермен кішігірім келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус «перманенттік революцияның» антимаркстік теориясын ұсынды, кейіннен оны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — нағыз шовинист, герман империализмінің агенті, «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың» (В. И. Ленин. Шығармалар, 21-том, 432-бет) органы болған «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарушы.— *62, 66—68, 161, 454.*

Петр Николаевич — қараңыз: Романов, П. Н.

Плеханов, Г. В. (Бельтов, Н.) (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, марксизмді Россияда тұңғыш насихаттаушы, материалистік дүниетаным үшін ымырасыз күрескер. 1875 жылы, студент кезінің өзінде Плеханов халықшылдармен, Петербург жұмысшыларымен байланыс орнатып, революциялық қызметке араласады, 1877 жылы «Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кіреді, ал 1879 жылы, ол екіге бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» ұйымына жетекшілік етеді. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кеткен Плеханов халықшылдықтан қол үзіп, 1883 жылы Женевада орыстың алғашқы маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында Плеханов В. И. Ленинмен бірге «Искра» газетін және «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП-ның II съезін әзірлеуге қатынасты. Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдер тарихы жөнінде, өнер және әдебиет теориясы мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, ол еңбектері ғылыми социализмнің қазынасына бағалы үлес болып қосылды.

Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Та-

мүліктер министрлігінде қызмет істеді, Ерікті экономикалық қоғамның мүшесі. «Оңтүстік орыс шаруаларының шаруашылығы» (1891) деген кітаптың авторы. В. И. Ленин өзінің «Шаруалар өміріндегі жаңа шаруашылық өзгерістер», «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы 1-том, 71—125-беттер), «Россияда капитализмнің дамуы» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 3-том), деген еңбектерінде Постниковтың кітабына талдау жасайды. Постниковтың кітабын жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин шаруашылық процестерін түсіндірген кезде автордың қайшылықтары мен методологиялық қателіктері болғанын атап көрсетті.— *125.*

Потресов, А. Н. (Арсеньев) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды. Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатынасқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетеді. «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатынасады. РСДРП-ның II съезінен кейін — меньшевик. Реакция жылдарында — жойымпаздардың идеологы, меньшевиктік «Возрождение»; «Наша Заря» және т. б. органдарда жетекшілік роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде баспасөз беттерінде Совет өкіметіне жала жауып. мақалалар жазды.— *362, 366, 367—375, 376—379, 417—418, 419.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист, «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. «Азаттық одағы» атты либералдық-монархиялық ұйымның белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері. Жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншіл-либералдық позициядан жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *221, 227, 325, 326—329, 330, 331—333, 334, 335—336.*

Прудон (Proudhon), *Пьер Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономисі және социологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі, ұсақ буржуазияның идеологы; ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуге тырысты және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық тұрғыдан сынады. «Тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құралдарын сатып алуына, сөйтіп ұсақ қожайындарға айналуына көмектесетін «халық банкін» ұйымдастырудың утопиялық жобаларын ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру туралы утопиясының да дәл осындай реакциялық сипаты болды, бұл банктердің көмегімен еңбекшілер өз еңбегінің өнімдерін «әділетті» түрде өткі-

Буржуазияның феодализм қалдықтарымен күресінде оның мүдделерін қорғай отырып, Рикардо еркін бәсеке принципін жақтады, капиталистік өндірістің дамуына кедергі болатын барлық шектеулерді жоюды талап етті. Рикардоның экономика ғылымы үшін тарихи маңызы ең алдымен оның еңбек құны теориясында, ол оны бүкіл саяси экономияның негізі етіп алуға тырысты. А. Смиттің құн теориясын дамыта келіп, Рикардо құн товарды өндіруге жұмсалған еңбекпен белгіленеді және жұмысшының жалақысы да, сондай-ақ еңбексіз табыстар — пайда мен рента да осы негізден шығады деп дәлелдеді. Ол жұмысшының жалақысы мен капиталистің пайдасы арасындағы қарама-қарсылықты ашты, яғни айналыс сферасында пролетариат пен буржуазия мүдделерінің қақтығысатынын аңғарды.

Алайда Рикардоның таптық тар өрістілігі оның капитализмге шын мәнінде ғылыми талдау жасауына, капиталистік қанаудың сырын ашуына бөгет жасады. Рикардо товар өндірісін қоғамдық өндірістің мәңгілік және табиғи формасы деп санады. Ол құнның әлеуметтік табиғатын ашқан жоқ, құн мен өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықты көрмеді және ақшаның шығу тегі мен мәнін түсіне алмады.

Рикардоның теориялық көзқарастарын К. Маркс «Капиталда», «Қосымша құн теорияларында» және басқа шығармаларында сынға алды.— *47, 57, 77—78, 82.*

Родбертус-Ягецов (Rodbertus-Jagetzow), *Иоганн Карл* (1805—1875) — немістің тұрпайы экономисі, Пруссияның ірі жер иеленушісі, «мемлекеттік социализм» теоретиктерінің бірі. Родбертус еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар Пруссияның юнкерлік мемлекеті жүргізген бірқатар реформалардың көмегімен шешілуі мүмкін деп есептеді; Энгельстің жазғанындай, «артықшылығы бар тапты кем дегенде ең таяу 500 жылға» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, 1-бөлім, 1937, 186-бет) сақтап қалуға үміттенді. Қосымша құнның шығуы мен капитализмнің негізгі қайшылығының мәнін түсінбеген Родбертус халық бұқарасының кем тұтынуын экономикалық дағдарыстардың себебі деп есептеді.

Родбертустың негізгі еңбектері: «Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысымызды тану жөнінде» (1842), «Фон Кирхманға арналған әлеуметтік хаттар» (1850—1851, 1884).— *58, 60, 225, 329.*

Романов, П. Н. (1864 ж. туған) — ұлы князь, орыстың соңғы патшасы II Николайдың туысы, III Александрдың немере туысының ұлы.— *459.*

С

Сергеев, И. И. (Иоанн Кронштадтский) (1829—1908) — Кронштадт соборының священнигі, «Орыс халқының одағы» атты монархиялық, қаражүздік ұйымның құрметті мүшесі, прогрестің

қас жауы, оның үстіне сәуегей және болжампаз деген аты шығып жүрді; патша сарайы маңындағы топтарда және халықтың қараңғы қауымдары арасында ықпалы зор болды, орыс емес ұлттарды бір-біріне айдап салып, өзара қырқыстырып қою жөнінен атағы шықты.— *343.*

Сисмонди (Sismondi), *Жан Шарль Леонар Симонд* (1773—1842) — Швейцария экономисі және тарихшысы. Өз қызметінің бас кезінде Сисмонди саяси экономияның буржуазиялық классикалық мектебіне қосылды, кейін ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі, ұсақ өндірушілердің көзқарастарын білдірген экономикалық романтизмнің негізін салушы ретінде көрінді. Капитализмнің қайшылықтарын көрсеткенде Сисмонди олардың негіздерін ашып бере алмады. Ол ірі капиталистік өндірістің прогрестік тенденцияларын түсінбеді, өндірістің цехтық ұйымын, өзгерген экономикалық жағдайларға мүлде сәйкес келмейтін патриархтық ауыл шаруашылығын мұрат деп жариялады.

Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 131—284-беттер) деген еңбегінде Сисмондидің ілімін егжей-тегжейлі сынады. Сисмондидің негізгі экономикалық еңбектері: «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халық санына шаққандағы байлық туралы» (1819) және «Саяси экономия жөніндегі этюдтер» (1837—1838).— *43, 82—83, 109.*

Скворцов, А. И. (1848—1914) — буржуазияшыл экономист, агроном, Новоалександрийск ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы институтының профессоры, саяси экономия және ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Скворцовтың көзқарастарын әлденеше рет сынға алды. Скворцовтың басты еңбектері: «Бумен жүретін транспорттың ауыл шаруашылығына ықпалы» (1890), «Экономикалық этюдтер» (1894), «Саяси экономия негіздері» (1898) және басқалар.— *84, 111.*

Смит (Smith), *Адам* (1723—1790) — ағылшын экономисі, буржуазиялық саяси экономияның классикалық мектебінің аса ірі өкілі. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» (1776) деген еңбегінде өндірістің қай саласына жұмсалса да, кез келген еңбек құнның қайнар көзі болады деп тұңғыш рет жариялады. Осы қағидаға сүйене отырып, ол жұмысшының жалақысы оның өнімінің бір бөлегі болып табылады және ол жұмысшының күнкөріс құралдарының құнымен анықталады, капиталистер мен жер иелері табыстарының қайнар көзі де жұмысшылардың еңбегі болып табылады деген өте маңызды қорытынды жасады. Смит капиталистік қоғамның үш таптан: жұмысшылардан, капиталистерден және жер иелерінен құралатынын тұңғыш рет атап көрсетті, алайда дүниеге бур-

берді. В. И. Ленин Успенскийді жоғары бағалап, оны «шаруа өмірін суреттеп берген таңдаулы жазушылардың» бірі деп есептеді, өзінің еңбектерінде Успенскийдің шығармаларына жиі-жиі сілтеме жасап отырды.— *119, 448.*

Ф

Ф. П. — қараңыз: Ленин, В. И.

Ч

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуді мүмкін деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «ол — цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруалар революциясының идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революцияшыл күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар» реформасының крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, содан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек әбден қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы болды. Чернышевскийдің материализмі революциялық, әрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатты сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта жасауға ұмтылды.

Саяси экономия, эстетика, тарих саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің шығармаларын зерттеген К. Маркс оларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін тұтас философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы... Бірақ орыс

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1898—1901 жылғы апрель)

1898

4(16) январь. Ленин Сибирьде, Шушенское селосында айдауда жүрген кезінде анасы Мария Александровна Ульяноваға жуықта Шушенское селосына Надежда Константиновна Крупскаяның келетінін хабарлайды.

Осы хатта М. Т. Елизаровтан өз еңбектерінің бірін (қай еңбегі екені анықталмаған) аударуға Лениннің келісетіні жөнінде Г. Браунға («Архив Социального Законодательства и Статистики» журналының редакторы және шығарушысы) хабарлауы туралы В. А. Ионовқа айтылды ма деп сұрайды.

8(20) январь. Ленин полиция департаментінің директорына жолдаған телеграммасында Н. К. Крупскаяның айдау мерзімін Шушенское селосында өтеуіне рұқсат сұрайды.

24 январьдан (5 февральдан) ертерек. Ленин жер аударылу мерзімін Верхоленскіде (Сибирь) өтеп жатқан, Қазандағы тұңғыш маркстік үйірмелердің ұйымдастырушысы және басшысы Н. Е. Федосеевке екі хат жазады.

24 январь (5 февраль). Анна Ильинична Ульянова-Елизаровадан Ленин өзінің мақалалар жинағын жеке кітап етіп шығару мүмкіндігі туралы сұрайды. Кейіннен жинақ «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген атпен шықты.

7 және 14 (19 және 26) февральдың аралығында. Ленин А. Богдановтың «Экономикалық ғылымның қысқаша курсы» деген кітабына рецензия жазады.

18 февраль (2 март).	Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде. Сисмонди және өз еліміздің сисмондишілдері» деген мақаласын кейбір түзетулерін енгізіп жинақта шығару үшін М. Т. Елизаровқа жібереді.
Февральдың аяғы — 16(28) август.	Ленин С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының I томын аударады, орысша аудармаға бірқатар жолма-жол ескертулер жасайды.
7(19) май.	Надежда Константиновна Крупская мен оның анасы Елизавета Васильевна Крупская Шушенское селосына В. И. Ленинге келеді.
10(22) май.	Ленин Н. К. Крупскаямен некелесу үшін қажетті документтерді жіберуі жөнінде Минусинск округінің исправнигіне өтініш береді.
Майдың аяғы.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Шушенское селосынан Минусинскіге барады. Ленин мен Крупская айдаудағы халық ерікшілері мен социал-демократтардың кеңесіне қатынасады, бұл кеңес саяси айыппен жер аударылған социал-демократ С. Г. Райчиннің айдау орнынан қашуына байланысты өткізілген болатын.
Көктем — жаз.	Ленин анасы М. А. Ульяновамен оның Шушенское селосына келуі жайында хат жазысады. Бірақ Дмитрий Ильич Ульяновтың тұтқындалуымен байланысты анасы келе алмайды.
30 июнь (12 июль).	Ленин Н. К. Крупскаямен некелесу үшін қажетті куәлік берілуін тездету жөнінде Енисей губернаторына өтініш жазады.
10(22) июль.	В. И. Ленин Н. К. Крупскаямен некеленеді.
	Ленин А. Д. Зырянов деген шаруаның пәтерінен П. А. Петрова деген шаруа әйелдің пәтеріне ауысады.
14(26) июль.	Ленин Н. Е. Федосеевтің қайтыс болғаны туралы хабарлаған Я. М. Ляховскийден хат алады.
9(21) август.	Ленин «Россияда капитализмнің дамуы. Ірі өнеркәсіп үшін ішкі рыноктың құрылу процесі» деген кітабының нұсқасын жазып бітіреді.

10—12 (22—24) август.	Ленин Минусинскіде болады, мұнда ол емделу үшін барған болатын.
12(24) август.	Ленин емделу үшін бір аптаға Красноярскіге барып қайтуына рұқсат сұрап Минусинскіден Енисей губернаторына өтініш жазады.
26 августан (7 сентябрьден) ертерек.	Ленин «Біздегі фабрика-завод статистикасы туралы мәселе жөнінде. Проф. Карышевтің статистика жөніндегі жаңа ерлігі» деген мақаласын жазады.
2(14) сентябрь.	Г. В. Плехановтың шетелдік баспасөзде Э. Бернштейнге және К. Шмидтке қарсы шыққаны туралы хабар алғаннан соң, Ленин А. Н. Потресовқа жазған хатында Г. В. Плехановтың орыс баспасөзінде неокантшылдыққа қарсы пікір айтуының өте-мөте қажет болып отырғанын айтады.
9—25 сентябрь (21 сентябрь — 7 октябрь).	Ленин Красноярскіге барады. Мұнда Ленин айдаудағы социал-демократ П. А. Красиковтың үйінде тұрады, Г. В. Юдиннің кітапханасында жұмыс істейді, красноярскілік социал-демократтармен кездеседі.
9 және 15(21 және 27) октябрь аралығында.	Россияда Лениннің «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген атпен шығармаларының тұңғыш жинағы шығады, оған Владимир Ильин деп қол қойылған.
11(23) октябрь.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Минусинск уезінің Ивановка деревнясындағы қант заводында инженер-химик болып істеп жүрген айдаудағы социал-демократ В. К. Курнатовскийге барады.
1(13) ноябрь.	Жер аударылу мерзімін Минусинскіде өтеп жатқан Г. М. Кржижановский үш күнге Ленинге келеді.
	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында А. И. Ульянова-Елизаровадан Петербургке барған кезінде «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітапты шығару жөнінде келісуді сұрайды.
11(23) ноябрь.	Брюссельге М. И. Ульяноваға жазған хатында Ленин парламенттердегі жарыссөздер туралы стенографиялық есептер басылған газет

номерлерін, сонымен бірге букинистердің және кітап магазиндерінің барлық тілдегі кітап каталогтерін жіберіп тұруын сұрайды.

15(27) ноябрь. Ленин туғандарына жазған хатында герман социал-демократиясының Штутгарт съезі жөнінде «Frankfurter Zeitung»-те («Франкфурт Газеті») жарияланған есепті оқығанын хабарлайды. Ленин М. Т. Елизаровтың жұмысшыларға арналған жексенбілік кешкі мектептеріндегі жұмысының жайын сұрайды.

22 ноябрь (4 декабрь). Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға жазған хатында ол үшін 1899 жылға «Русское Богатство», «Мир Божий», «Нива» «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik» («Әлеуметтік Заңдар және Статистика архиві») журналдарын және «Русские Ведомости», «Frankfurter Zeitung» газеттерін жаздырып алуын сұрайды.

Күз. Женевада Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасы шығады.

6(18) декабрь. Ленин А. И. және М. Т. Елизаровтарға жазған хатында өзінің «Экономикалық этюдтер мен мақалалар» деген жинағы туралы баспасөздегі пікірлерді жіберіп тұруды сұрайды.

24 декабрь — 1899 ж. 2 январь (5—14 январь). В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Минусинскіге барады. Ленин Минусинск округінің әр жерлерінен келген айдаудағы марксистердің жиналысына қатынасады.

Жылдың екінші жартысы. Ленин Н. Е. Федосеевтің қабіріне ескерткіш орнату үшін социал-демократтардан қаржы жинау жөнінде Я. М. Ляховскиймен хат алысады.

1898—1899 жылдардың қысы. Ленин Л. Мартовқа (Ю. О. Цедербаумға) жазған хатында Петербургтегі «Рабочая Мысль» газеті саяси күрестің міндеттері туралы ауыз ашпайтынын, сондай-ақ «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» «жас» мүшелері — «экономистердің» «Еңбекті азат ету» тобына қарсы ұдайы жорық ашып отырғанын хабарлайды.

1898—1899 жылдар. Ленин айдаудағы социал-демократ Ф. В. Ленгникпен философия мәселелері жөнінде хат жазысып, ол хаттарында К. Маркс пен Ф. Энгельстің философиялық көзқарастарын қорғады және субъективтік идеализмге батыл қарсы шықты.

Ленин Шушенское селосының және сол маңайдың шаруаларына заң жөніндегі консультацияларымен көмек көрсетеді.

1899

26 январь (7 февраль). Ленин А. Н. Потресовқа хатында өзінің «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаласында XIX ғасырдың 60-жылдарының идеялық «мұрасы» туралы сөз еткенде цензурадан сақтану үшін ғана буржуазиялық либерализмнің өкілі Скалдинге сілтеме жасағанын жазады. Ал шынында аталған «мұраның» басты өкілі деп Н. Г. Чернышевскийді сапайтынын айтады.

30 январь (11 февраль). Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабын баспаға әзірлеп бітіреді. Кітап көптеген әр түрлі әдеби еңбектер мен деректемелерді: кітаптарды, статистикалық анықтамаларды, шолуларды, орыс және шетел тілдеріндегі мақалаларды зерттеудің және пайдаланудың нәтижесінде жазылды.

30 январь мен 3 февральдың (11 және 15 февральдың) аралығында. Ленин Р. Гвоздевтің «Кулактық-өсімқорлық, оның қоғамдық-экономикалық маңызы» деген кітабына рецензия жазады.

Январь. «Научное Обозрение» журналының 1-номерінде Лениннің «Рыноктар теориясы туралы мәселе жөнінде заметка (Туган-Барановский мен Булгаков мырзалардың айтысы жөнінде)» деген мақаласы басылды.

3 және 7 (15 және 19) февраль аралығында. Ленин Парвустың «Дүние жүзілік рынок және ауыл шаруашылық дағдарысы» (немістеден аударылған) деген кітабына рецензия жазады.

15 және 18 февраль (27 февраль мен 2 март) аралығында.	Ленин айдаудағы социал-демократ В. В. Старковқа хатында Роза Люксембургтің кітабына (шамасы, «Әлеуметтік реформа және революция» деген кітабына болса керек) рецензия жазбақшы екенін хабарлайды.
21 февральдан (5 марттан) ертерек.	Ленин «Сауда-өнеркәсіпті Россия. Көпестер мен фабриканттарға арналған анықтама кітап» деген кітапқа рецензия жазады.
24 февраль (8 март).	Ленинге Г. М. және З. П. Кржижановскийлер, В. В. Старков және т. б. келеді.
Февраль — марттың басы.	Ленин: K. Kautsky. «Die Agrarfrage». Stuttgart, Dietz, 1899 (К. Каутский. «Аграрлық мәселе». Штутгарт, Дитц, 1899) деген кітаптың конспектісін жазады.
Марттың бірінші жартысы.	Ленин П. Б. Струвенің Маркстің орналастыру теориясына ревизия жасау әрекетіне қарсы бағытталған «Тағы да орналастыру теориясы туралы мәселе жөнінде» деген мақаласын жазады.
21 марттан (2 апрельден) ертерек.	Ленин: K. Kautsky. «Die Agrarfrage» деген кітапқа рецензия жазады.
24 және 31 март (5 және 12 апрель) аралығында.	Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы. Ірі өнеркәсіп үшін ішкі рыноктың құрылу процесі» деген кітабы басылып шығады; оған Владимир Ильин деп қол қойылған.
Март.	«Начало» журналының 3-номерінде «Россияда капитализмнің дамуының» III тарауының алғашқы алты параграфы «Қазіргі орыс егіншілігінде барщиналық шаруашылықты капиталистік шаруашылықтың ығыстырып шығаруы» деген тақырыппен жарияланады.
Апрельден ертерек.	Женевада Лениннің «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшасы шығады.
4(16) апрель мен 9(21) майдың аралығында.	Ленин «Ауыл шаруашылығындағы капитализм (Каутскийдің кітабы мен Булгаков мырзаның мақаласы туралы)» деген жалпы тақырыппен екі мақала жазады.
27 апрель (9 май).	Ленин А. Н. Потресовқа хатында К. Каутскийдің «Аграрлық мәселе» деген кітабын сы-

нағап болып (қараңыз: «Начало», 1899, № 1—2, № 3) марксизмді ревизиялаған «жария марксист» С. Н. Булгаковтың мақалаларын өте қатты сөкті.

Апрель. Ленин Д. Гобсонның «Қазіргі капитализмнің эволюциясы» деген кітабына рецензия жазады.

1(13) май. Ленин мен Н. К. Крупская айдаудағы жұмысшылар — О. А. Энгбергпен, И. Л. Проминскиймен және оның семьясымен бірге 1 Майды атап өтеді.

2(14) май. Лениннің айдаудағы социал-демократтармен хат алысып тұрғанын (атап айтқанда, Н. Е. Федосеевтің қабіріне ескерткіш орнату жөнінде Я. М. Ляховскиймен жазысқан хаттарын) полицияның анықтауына байланысты Шушенское селосында полиция Лениннің пәтерін тінтіп, одан жауап алады.

29 майдан (10 июньнен) ертерек. Ленин ревизионизмге қарсы бағытталған «П. Нежданов мырзаға жауап» деген мақаласын жазады.

Көктем — жаз. Ленин М. А. Ульянованың А. И. Ульянова-Елизаровамен бірге Шушенское селосына келуі туралы онымен тағы хат алысады. Бірақ М. А. Ульянованың науқастануына байланысты олар келе алмады.

18(30) июнь. Ленин Петербург социал-демократтарының арасында ревизионистік пікірлердің пайда болуы жайында А. Н. Потресовтан хабар алады.

20 июньнен (2 июльден) ертерек. Ленинге А. А. және Д. В. Ванеевтер, П. Н. және О. Б. Лепешинскийлер келеді.

20 июнь (2 июль). Ленин Д. И. Ульяновқа жазған хатында Г. В. Плехановтың Бернштейнге қарсы шығуын мақұлдайды.

27 июнь (9 июль). Ленин А. Н. Потресовқа хатында «экономизммен» және ревизионизммен күресу үшін шетелде ортодокстық маркстік органдар («3-ші текті әдебиет») құру қажеттігі туралы жазады.

Июль.	Ленин апасы А. И. Ульянова-Елизарова арқылы келген хатпен бірге химиялық әдіспен жазылған «экономистердің» манифесін де («Credo») алады.
1(13) август.	Ленинге М. А. және О. А. Сильвиндер келеді.
7 және 22 август (19 август пен 3 сентябрь) аралығында.	Ленин «экономистердің» манифесін талқылау үшін Минусинск округінде саяси айдауда жүрген марксистердің Ермаков селосында кеңесін ұйымдастырады. «Credo»-ны талқылауға арналған алдын ала кеңес П. Н. және О. Б. Лепешинскийлердің пәтерінде болды. А. А. Ванеевтің пәтерінде болған қорытынды мәжілісте саяси айдаудағы 17 марксист Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығын» қабылдады.
22 август (3 сентябрь).	Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында герман социал-демократиясының Ганновер съезі туралы есептер жарияланған газеттерді жіберуді сұрайды. Э. Бернштейннің ревизионистік пікірлер айтуына байланысты, бұл съездің күн тәртібіне «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына қарсы шабуылдар» деген мәселе қойылған болатын.
22 августан (3 сентябрьден) кешірек.	Ленин Л. Мартовқа (Ю. О. Цедербаумға) «экономистер» «Credo»-сының және Минусинск округінде айдауда жүрген социал-демократтардың кеңесінде қабылданған «Наразылықтың» көшірмелерін жібереді.
Жаз.	Ленин философия мәселелерімен көп шұғылданады: Плехановтың шығармаларын қайталап оқиды, француз материалистерін, сондайақ идеалист-философтарды, неокантшылдарды зерттейді.
	Ленин мен Н. К. Крупская Тесинское селосына барады, айдаудағы социал-демократ, жұмысшы А. С. Шаповаловта болады; Ленин Ф. В. Ленгникпен философия мәселелері жөнінде әңгімелескенде неокантшылдыққа үзілді-кесілді қарсы екенін айтады.
1(13) сентябрь.	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Э. Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітабын қатаң сынға алады, М. И. Улья-

новадан Г. В. Плехановтың «Біз оған не үшін алғыс айтамыз? Карл Каутскийге ашық хат» деген мақаласы жарияланған «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») номерлерін жіберуді сұрайды; бұл мақала Э. Бернштейнге қарсы және оған Каутскийдің ымырашылдық жасауына қарсы жазылған болатын.

9—15 (21—27) сентябрь. С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының I томы Лениннің аудармасында баспадан шығады.

10(22) сентябрь Ленин Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» айдауда жүріп қайтыс болған мүшесі А. А. Ванеевті Ермаков селосында жерлеуге қатынасып, оның қабірі басында сөз сөйлейді.

Сентябрьдің басы — 1900 ж. 19(31) январь. Ленин Петербургтен жіберілген С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабының II томының орысша аудармасын өңдеу жолында Н. К. Крупскаямен бірге жұмыс істейді, аударманы редакциялайды (текстінің едәуір бөлегін қайта аударады), бірқатар жолма-жол ескертулер жазады.

13(25) октябрь. В. И. Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығы» Женевада Г. В. Плехановтың қолына тиіп, ол оны «Рабочее Делоның» 4—5-номерінде басу үшін теруге тапсырады.

17(29) октябрьден ертерек. Шушенскоеға Ленинге В. К. Курнатовский келеді.

17(29) октябрь. Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында Ж. Лонгенің редакциялауымен шыққан жаңа француз журналы «Le Mouvement Socialiste»-ні («Социалистік Қозғалыс») алғанын хабарлайды.

27 октябрь (8 ноябрь). Ленин саяси жер аударылушы ретінде оған заң бойынша тиісті жәрдемнің мезгілінде беріліп тұруы үшін шара қолданылуын сұрап Енисей губернаторына өтініш жазады.

31 октябрь (12 ноябрь). Ленин доктор С. М. Аркановқа хат жазып, айдауда бірге жүрген жолдасы, науқастанып жатқан О. А. Энгбергті көруді сұрайды.

Ерте дегенде октябрьде. Ленин әуелі РСДРП-ның I съезі партияның ресми органы деп таныған «Рабочая Газетаны» редакциялау туралы, ал одан кейін осы газетке жазып тұру туралы Бунд Орталық Комитетінің ұсынысын қабыл алады. Ленин «Рабочая Газета» үшін: «Біздің программа», «Біздің таяудағы міндетіміз», «Көкейтесті мәселе» деген үш мақала жазады, сонымен бірге газетке қатысып тұру шарттары және мақалалардың тақырыптары туралы «Редакторлар тобына хатты» жазады.

Декабрь (жаңаша). Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығы» Женевада «Рабочее Делоның» 4—5 номерінің жеке оттискі болып шығады. «Рабочее Делоның» редакциясы «Наразылықты» Г. В. Плехановтың рұқсатынсыз шығарып, оған соңғы сөз жазған; бұл соңғы сөзде «экономистердің» көзқарастары жеке адамдардың ауытқуы ғана және социал-демократия үшін қауіпті емес деп мәлімдеген.

Жылдың аяғы. Ленин K. Kautsky. «Bernstein und sozialdemokratische Programm. Eine Antikritik» (К. Каутский. «Бернштейн және социал-демократиялық программа. Сынға сын» деген кітапқа рецензия жазады; Н. К. Крупскаямен бірге осы кітапты орыс тіліне аударады.

Ленин «Біздің партия программасының жобасы», «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», «Өнеркәсіптік соттар туралы», «Стачкалар туралы» деген мақалалар жазады.

Ленин С. Н. Прокоповичтің «Батыстағы жұмысшы қозғалысы. Сын көзімен зерттеу тәжірибесі» деген кітабына рецензия жазады.

1899 жыл. Ленин шетелде жалпы орыстық жасырын маркстік газетті шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырып жасайды, бұл жоспар жөнінде Л. Мартовқа (Ю. О. Цедербаумға) және А. Н. Потресовқа хабарлайды.

1899 жылдың аяғы немесе 1900 жылдың басы.	Ленин ««Profession de foi» жөнінде» деген мақала жазады.

1900

Январь — март.	Ленин «Сынға жапаспайтын сын («Научное Обозрениенің» 1899 жылғы 12-номерінде басылған П. Скворцов мырзаның «Товар фетишизмі» атты мақаласы жөнінде)» деген мақала жазады.
29 январь (10 февраль).	Лениннің жер аударылу мерзімі бітеді.
	Ленин мен Н. К. Крупская Шушенское селосынан Европалық Россияға шығады. Астаналық, университеті бар қалаларда және ірі жұмысшы орталықтарда тұруға тыйым салынуына байланысты, Ленин Петербургпен қатынас жасауға өте қолайлы болар деген ниетпен Псков қаласын тұрақты орын етіп таңдап алады.
Февральдың бірінші жартысы.	Ленин Сибирьден келе жатқан жолында Уфаға тоқтайды, Н. К. Крупская жер аударылу мерзімі аяқталғанға дейін осында қалады. Ленин Уфада айдауда жүрген социал-демократтармен (А. Д. Цюрупамен, А. И. Свидерскиймен және т. б.) жолығады.
Февральдың ортасы.	Ленин жасырын түрде Москваға келіп, өзінің туысқандарында болады.
17 февраль (1 март).	Ленин социал-демократ инженер Г. Б. Красинмен кездеседі.
19 февраль (3 март).	Ленин Екатеринослав комитетінің өкілі И. Х. Лалаянцтан РСДРП-ның II съезін шақыруға әзірлік жүріп жатқанын біледі. Ленинге съезге қатынасуға, сонымен қатар «Рабочая Газетаны» редакциялауға ұсыныс жасалады.
26 февральдан (10 марттан) ертерек.	Ленин И. Х. Лалаянцпен бірге Көркем театрға барады, Г. Гауптманның «Арбакеш Геншель» деген пьесасын көреді.

Ленин жасырын түрде Петербургке тоқтайды, Россияға келген В. И. Засуличпен кездеседі және шетелде жалпы орыстық маркстік газет пен ғылыми-саяси журнал шығаруға «Еңбекті азат ету» тобының қатынасуы туралы онымен сөйлеседі.

26 февраль (10 март). Ленин Псковқа келеді, мұнда полиция оны астыртын бақылауға алады.

10(23) март. Ленин Н. К. Крупскаяның жария түрде бақылауда болу мерзімін Уфа губерниясының орнына Псковта өтеуіне рұқсат етілуі туралы полиция департаментінің директорына өтініш жазады. Бірақ өтініш қабылданбады.

Көктем — жаз. Ленин Россияның түрлі қалаларындағы социал-демократиялық топтармен және жеке социал-демократтармен байланыс орнатады, келешекте «Искраға» олардың тарапынан қандай жәрдем берілетіні туралы сөйлеседі, хат алысады.

Көктем. Ленин губерниялық статистика басқармасынан жұмыс алады; қалалық кітапханаға барып тұрады, онда жергілікті социал-демократтармен кездеседі.

Ленин жергілікті революцияшыл және оппозицияшыл интеллигенцияның жиналыстарына қатынасады, ревизионизмді сынап сөз сөйлейді.

Ленин социал-демократтармен (А. М. Стопани, С. И. Радченко, Н. Н. Лохов және т. б.) «Искра» газетіне жәрдемдесу тобын ұйымдастыру жайында келіседі.

Ленин «Рабочая Мысльдің» ұстаған бағытымен принциптік жағынан келісе алмайтындығы себепті «экономистердің» осы газеті редакциясының оған қатынасу жөніндегі ұсынысынан біржола бас тартады.

Ленин «Искра» тобының атынан РСДРП-ның алдағы II съезіне баяндама жазады және съезге қатынасу үшін «Еңбекті азат ету» тобынан мандат алады.

Марттың аяғы — 4(17) ап- Ленин жалпы орыстық саяси газеттің («Искраның») және ғылыми-саяси журналдың («За-

рельден ертерек.	рының») программасы мен міндеттері туралы редакция мәлімдемесінің жобасын жазады.
	Ленин революцияшыл марксистердің «жария марксистермен» (П. Б. Струве, М. И. Туган-Барановский) бас қосқан кеңесін өткізеді, кеңес «Искра» мен «Заряның» шығарылуына «жария марксистердің» жәрдемдесуі туралы мәселеге арналады («Псков кеңесі»). Осы кеңесте Ленин ұсынған ««Искра» мен «Заря» редакциялары мәлімдемесінің жобасы» талқыланады.
Марттың аяғы немесе 4(17) апрельден ертерек.	Ленин жергілікті социал-демократтармен байланыс орнату үшін жасырын түрде Ригаға барады.
Кеш дегенде 6(19) апрель.	Ленин «Сынға жанаспайтын сын» деген мақаласына жазған ескертуін «Научное Обозрение» журналының редакциясына жолдайды. Бұл мақала П. Б. Струвенің «Жизнь» журналындағы (1899 ж. 10-номеріндегі және 1900 ж. 2-номеріндегі) және Туган-Барановскийдің «Научное Обозрение» журналындағы (1899 ж. 5-номеріндегі және 1900 ж. 3-номеріндегі) мақалаларына қарсы жазылған болатын. Лениннің мақаласы ескертуімен бірге «Научное Обозрениеде» 1900 ж. май — июнь айларында басылды.
6(19) апрель.	Ленин М. А. Ульяноваға хатында С. және Б. Веббтердің «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген кітабына берілетін көрсеткішті жазып жатқанын хабарлайды.
6(19) апрельден кешірек.	Ленин И. Давыдовтың «Экономикалық материализм дегеніміз не? Сын-методологиялық очерк» деген еңбегінде Маркстің философиялық материализмінің бұрмалануына байланысты осы кітапқа белгілер салып, сын ескертулер жасайды.
20 апрель (3 май).	Ленин Н. К. Крупскаяның науқастануына байланысты бір жарым ай уақыт Уфада тұруына рұқсат сұрап, полиция департаментінің директорына өтініш жазады. В. И. Лениннің өтініші қабылданбады; кейінірек М. А. Ульянованың өтінуі нәтижесінде оған рұқсат беріледі.

5(18) май.	Ленин Германияға бару үшін шетелдік паспорт алады.
20 май (2 июнь).	Ленин жергілікті социал-демократтармен кездесу және олармен шетелге кеткеннен кейінгі жерде байланыс жасау әдістерін келісу үшін жасырын түрде Петербургке келеді.
21 май (3 июнь).	Петербургте Ленин тұтқынға алынады.
23 май (5 июнь).	Петербург охранка бөлімінде Лениннен жауап алынады.
31 май (13 июнь)	Ленин тұтқыннан босатылып, полиция чиновнигінің бақылауымен Подольскіге жөнелтіледі.
1—7 (14—20) июнь.	Ленин Подольскіде (Москва түбінде) өзінің туысқандарында тұрады.
	Лениннің шақыруымен Подольскіге социал-демократтар (П. Н. Лепешинский, С. П. және С. П. Шестернинлер және т. б.) келеді, Ленин олармен «Искра» газетіне жәрдемдесу туралы келіседі.
7(20) июнь.	Ленин М. А. Ульяновамен және А. И. Ульянова-Елизаровамен бірге Нижний Новгород арқылы (осы күнгі Горький) Уфадағы Н. К. Крупскаяға бару үшін жолға шығады.
8 немесе 9 (21 немесе 22) июнь.	Ленин нижегородтық социал-демократтардың «Искраны» қолдауы және байланыс жасаудың әдістері жөнінде олармен келіседі.
15(28) июнь.	Ленин Уфаға келеді.
Июньнің екінші жартысы.	Ленин Уфада айдауда жүрген социал-демократтармен «Искраға» жәрдемдесуі туралы келіседі.
2(15) июльден кешірек.	Ленин Уфадан Подольскіге шығады.
2 және 10 (15 және 23) июль аралығында.	Ленин Самараға (осы күнгі Куйбышев) тоқтайды, онда «Искраға» жәрдемдесу туралы жергілікті социал-демократтармен келіседі.

	Ленин жергілікті социал-демократтарды «Искраны» шығаруға жәрдемдесу ісіне тарту мақсатымен Сызраньға тоқтайды.
10(23) июль.	Ленин Подольскіге оралады.
13—14 (26—27) июль.	В. И. Ленин Смоленскіде И. В. Бабушкинмен және В. Н. Розановпен кездеседі. Ленин И. В. Бабушкинмен астыртын байланыс үшін қажетті шифрлар жөнінде келіседі.
16(29) июль.	Ленин шетелге жүріп кетеді.
Августың басы.	Ленин Цюрихте екі күн болып, «Искра» мен «Заряны» шығару туралы П. Б. Аксельродпен әңгімелеседі.
	Ленин «Искра» мен «Заряны» шығару туралы Женевада Г. В. Плехановпен келіссөз жүргізеді; «Редакциядан» деген мәлімдеменің Ленин жазған жобасын талқылауға байланысты, сондай-ақ редакция жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша Плехановпен екі арада алауыздықтар туады.
	Ленин Бельривада (Женеваның қасында) «Искра» мен «Заряның» программасы туралы мәселе жөнінде Г. В. Плехановпен, А. Н. Потресовпен, В. И. Засуличпен, Н. Э. Бауманмен және Ю. М. Стекловпен өткізілген кеңеске қатысады.
11—15 (24—28) август.	Ленин Корсьеде (Женеваның қасында) «Искра» мен «Заряны» шығару және бірігіп редакциялау туралы мәселе жөнінде «Еңбекті азат ету» тобымен болған кеңеске қатынасады.
15(28) август.	Ленин Женевадан Мюнхенге жүріп кетеді.
20 август (2 сентябрь) және одан кешірек.	Ленин «Искраны» шығару жөнінде Плехановпен келіссөз жүргізген кездегі жағдайларды жазады («Искра» қалай өше жаздады?»).
22—24 август (4—6 сентябрь)	Ленин Мюнхенге бара жатқан жолында Нюрнбергте болып, «Искраны» шығаруға ұйымдастыру-техникалық жағынан жәрдемдесу жөнінде герман социал-демократы А. Браунмен келіссөз жүргізеді.

23 август (5 сентябрь) және 2(15) сентябрьден ертерек.	Ленин беймәлім орыс социал-демократымен жазысқан хаттарында «экономистердің» ұйымы саналатын «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағымен» ешбір келісім жасамайтынын үзілді-кесілді ашып айтады.
23 августан (5 сентябрьден) кешірек.	Ленин «Искра» редакциясының мәлімдемесін жазады.
24 август (6 сентябрь).	Ленин Нюрнбергтен Мюнхенге жүріп кетеді.
Августың екінші жартысы.	Ленин Ю. М. Стекловқа жазған хатында Д. Б. Рязановтың ««Рабочее Делоның» программасы жөнінде ескертулер» деген мақаласына сын пікірлер айтады.
Августың аяғы	Ленин «Искра» мен «Заряны» шығару туралы және осы органдардың редакциясында екі топтың өзара қарым-қатынасы туралы мәселе жөнінде «Искра» тобының «Еңбекті азат ету» тобымен шартының жобасын жазады.
	Ленин Женеваға «Еңбекті азат ету» тобына Парижде болатын Халықаралық социалистік конгреске қатысу үшін төрт мандат жібереді: оның үшеуі Уралдың «Социал-демократ» тобынан, біреуі Н. К. Крупская, А. Д. Цюрупа және т. б. жетекшілік роль атқарған Уфа социал-демократиялық ұйымынан.
Август.	Ленин «Одақтың» екіге бөлінуіне байланысты «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» материалдары мен документтерін зерттейді.
	Ленин «Рабочая Мысльға» (оны шығару шетелге көшірілген болатын) қатысудан бас тартады. Оған және Г. В. Плехановқа «Искраны» шығару жөніндегі ниеттерінен қайтару мақсатымен бұл ұсынысты К. М. Тахтарев әдейі жасаған болатын.
Август пен декабрь аралығында.	Ленин Мюнхенде тұрған поляк революционері Юлиан Мархлевскиймен кездеседі. Ол «Искраны» шығару ісін ұйымдастыру жөнінде жәрдем көрсетеді.

23 сентябрь (6 октябрь).	Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясының ішінде, редакциялық мәселелерді шешкен кезде, «Еңбекті азат ету» тобының праволарын қамтамасыз ететін қарым-қатынастар жөніндегі ерекше келісімді жасауға қатынасады.
Сентябрь.	Ленин Н. К. Крупскаяға хатында «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» ішіндегі екіге бөлінудің жағдайлары туралы жазады.
	Ленин Мюнхенде ағылшын тілін үйрену курсына кіреді.
27 сентябрь мен 5(10 және 18 октябрь) октябрь аралығында.	Ленин жазған ««Искра» редакциясының мәлімдемесі» бөлек листок болып шығады. Мәлімдеме социал-демократиялық ұйымдар мен жұмысшылар арасында тарату үшін Россияға жіберіледі.
27 сентябрь (10 октябрь) мен 11(24) декабрь аралығында.	Ленин «Искра» редакциясының мүшесі П. Б. Аксельродпен «Искра» газетінің бірінші номерін және «Заря» журналын баспаға әзірлеу мәселесі жөнінде хат алысады.
Сентябрь — октябрь.	Ленин елдің ішкі жағдайын баяндайтын газет материалдарын пайдаланып, «Қытай соғысы» деген мақаласын жазумен шұғылданады.
Сентябрь — 1901 ж. февраль.	Ленин социал-демократиялық «Күрес» тобымен (Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов және В. Даневич) хат алысады, онда осы топ мүшелерінің «Искра» мен «Заряға» істейтін әдеби қызметінің формалары туралы сөз болады.
5(18) октябрь мен 3(16) ноябрь аралығында.	Ленин «Харьковтағы май күндері» деген кітапшасын редакциялайды және оған алғы сөз жазады.
13(26) октябрь.	Ленин А. А. Якубоваға жазған хатында «экономистердің» органы «Рабочая Мысльға» қызмет етуден «Искра» тобының атынан үзілді-кесілді бас тартады.
20 октябрь (2 ноябрь).	Ленин Лондонға В. П. Ногинге жазған хатында «Искраны» тарату және Россиядағы жеке комитеттермен және топтармен байланыс орнату мақсатында оның шекарадан жасырын өтуін ұйымдастыруға мүмкіндік бар екенін

хабарлайды. «Біз сіздің қызметіңізге,— деп жазды В. И. Ленин,— әсіресе түрлі жерлердегі жұмысшылармен тікелей байланыс жасау ісінде, үлкен үміт артамыз».

24 октябрь (6 ноябрь). Ленин Мюнхеннен М. И. Ульяноваға жазған хатында неміс тілін үйренумен шұғылданып жатқанын, кітапханаға барып жүргенін хабарлайды.

27 октябрь (9 ноябрь). Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында Потресовтың және т. б. «Заря» журналының 1-номеріне арналған мақалаларын оған жібергенін хабарлайды.

Октябрь — ноябрьдің басы. Ленин «Біздің қозғалысымыздың көкейтесті міндеттері» («Искраның» 1-номеріндегі бас мақала) деген мақала жазады.

Кеш дегенде 25 ноябрь (8 декабрь). Ленин «Орыс социал-демократтарының шетелдік одағының жікке бөлінуі» деген мақала жазады.

Ноябрь. Ленин жергілікті жерлердегі тілшілермен хат алысады, заметкалар мен мақалаларды редакциялайды, «Искраның» бірінші номерін теруге әзірлейді.

Ноябрьдің аяғы. Ленин Штутгартта «Заря» журналының бірінші номерін әзірлеуді және басып шығаруды ұйымдастырады.

1 және 10 (14 және 23) декабрь аралығында. «Искраның» бірінші номерін ақырғы рет редакциялау үшін Ленин Мюнхеннен Лейпцигке барады.

10(23) декабрь. Ленин Лейпцигтен Мюнхенге қайтып оралады.

11(24) декабрь. Ленин П. Б. Аксельродқа жазған хатында «Искраның» бірінші номері терілді, енді жарыққа шығуы қалды деп хабарлайды.

1900 ж. декабрьдің бірінші жартысы. Ленин Н. К. Крупскаяға жазған хатында К. Каутскийдің «Бернштейн және социал-демократиялық программа» деген кітабының аудармасын жіберуді сұрайды; бұл кітапты ол шетелде бастырып шығармақ болып, өзі айдауда жүрген кезінде аударған болатын. Бұл кезде аударма Астраханьда, шамасы, Л. М. Книповичтің қолында болу керек.

1900 ж. 16(29) декабрь мен 1901 ж. февральдың орта кезі аралығында.	Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясының Мюнхенге келген П. Б. Струвемен («Бостандық» атты «демократиялық оппозиция» тобының өкілі) шетелдегі бірлескен баспа қызметінің формалары туралы мәселе жөнінде жүргізген келіссөздеріне қатынасады. Ленин «Заряның» жалпы саяси қосымшасы «Современное Обозрениені» шығару кезіндегі екі топтың өзара қарым-қатынасын белгілейтін келісімнің — «Искра» мен «Заря» тобының «Бостандық» тобымен келісімінің жобасын жазады. Алайда келіссөздің барысында П. Б. Струве социал-демократиялық баспаның атын либералдық буржуазияның мүддесіне пайдалануға тырысқандықтан Ленин келіссөзді үзуді талап етті.
16(29) декабрь.	Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясы өкілдерінің П. Б. Струвемен кеңесінен оралғаннан кейін келіссөздердің барысын жазып қояды.
1900 ж. 21 декабрьден (1901 ж. 3 январьдан) ертерек.	Ленин Г.-М. Гайндманның «Социализм, тред-юнионизм және саяси күрес» деген мақаласын аударады. Бұл мақала автордан Петербургтегі «Жұмысшы туы» тобының мүшесі В. П. Ногин арқылы алынған болатын.
21 декабрь (1901 ж. 3 январь).	Ленин В. П. Ногинге жазған хатында К. Каутскийдің «Бернштейн және социал-демократиялық программа» деген кітабының өзі жасаған аудармасын басып шығару жөніндегі М. В. Смирновтың («Жұмысшы туы» тобының мүшесі) ұсынысын қабылдай алмайтынын, өйткені оны «Искраның» басылымы ретінде шығармақшы екенін хабарлайды; В. П. Ногиннен осы басылымды тым болмаса ішінара қаржыландыруға «Жұмысшы туы» тобы келіспес пе екен деп сұрайды.
Декабрьдің аяғы.	Лениннің «Біздің қозғалысымыздың көкейтесті міндеттері» (бас мақала), «Қытай соғысы» және «Орыс социал-демократтарының шетелдік одағының жікке бөлінуі» деген мақалалары басылған «Искраның» бірінші номері шығады.
1900 жылдың аяғы — 1901 жылдың басы.	Ленин «Искрада» жариялау үшін бірқатар хат-хабарларды қарап шығады және әзірлейді, олардың ішінде: жұмысшылардың халі және жұмысшы қозғалысы (Петербургтегі, Мо-

сквадағы, Ригадағы, Уралдағы, Красноярскідегі, Екатеринославтағы, Одессадағы, Киевтегі) туралы, студенттер қозғалысы (Петербургтегі, Москвадағы, Киевтегі, Харьковтегі) туралы хат-хабарлар, сондай-ақ бірқатар әшкерелеуші документтер (соның ішінде Л. Н. Толстой қайтыс болған жағдайда оның жаназасына синодтың тыйым салу жөніндегі құпия документ) бар.

1901

Январь — март. Ленинніқ басшылығымен «Искраға» жәрдемдесуші топтар және газеттің Россиядағы агенттері (Петербургтегі, Москвадағы, Псковтағы, Полтавадағы, Самарадағы, Россияның оңтүстігіндегі және т. б.) өздерінің жұмысын өрістетеді.

11(24) январь. Ленин В. П. Ногинге жазған хатында оған «Искраның» бірінші номері жіберілгенін хабарлайды, бұл номер туралы пікірін жазып жіберуді, әдебиетті Россияга жеткізіп тұру міндетін оның ұдайы өз мойнына алуға келісім беруін сұрайды.

17(30) январь. Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында жасырын органды бірлесіп шығару жайында П. Б. Струвемен жүргізілген келіссөздің мазмұнын егжей-тегжейлі баяндайды, келіссөздің тоқтатылуын үзілді-кесілді жақтайды.

Январь. Ленин «183 студенттің солдатқа берілуі» деген мақала жазады.

Январьдың аяғы — февральдың басы. Ленин «Кездейсоқ заметкалар» деген жалпы тақырыппен біріктіріп: «Ұрғаныңмен, өлтірмей ұр», «Заманның қияпатын тездетудің керегі не?», «Объективті статистика» деген үш мақала жазады.

Февральдың бірінші жартысы Лениннің «183 студенттің солдатқа берілуі» деген мақаласы басылған «Искраның» екінші номері шығады.

15—20 февраль (28 февраль — 5 март). Н. К. Крупскаяның шетелге келуін ұйымдастыру үшін Ленин Прагаға және Венаға барады. Прагада Ленин чех социал-демократы Ф. Модрачекпен танысады; хат-хабарларды Россиядан алып тұру және Россияға жөнелтіп тұру осы кісі арқылы іске асырылды.

19 февральдан (4 марттан) кешірек.	Ленин «Жұмысшы партиясы және шаруалар» деген мақала жазады.
Февральдың аяғы — марттың бірінші жартысы.	Ленин Полтавадан шақырып алынған социал-демократ Л. И. Гольдманмен Кишиневте «Искраның» құпия баспаханасын құру туралы сөйлеседі.
7(20) март.	Ленин П. Б. Аксельродқа хатында «Заря» журналының бірінші номеріне арнап жазған редакциялық мәлімдемесін онда жасырын шығатын «Искраға» сілтеме жасалуы себепті Дитц баспасының қабылдамай қойғанын хабарлайды.
10(23) март.	Лениннің үш мақаласын «Кездейсоқ заметкалар» деген бір тақырыппен біріктіріп басқан «Заряның» бірінші номері шығады.
24 март (6 апрель).	Ленин В. П. Ногинге жазған хатында «Заряның» бірінші номері туралы айтқан егжей-тегжейлі пікірі үшін оған алғыс айтады.
Март.	Полиция департаменті «Искраға» В. И. Ленин басшылық ететінін анықтайды, сөйтіп, 26 мартта (8 апрельде) Минскінің генерал-губернаторына «шекаралық пункттер арқылы жеткізіліп жүрген газеттің таралуына бақылау жасау» тапсырылады.
2(15) апрель.	Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында Н. К. Михайловскийдің 40 жылдығына арналған «Даңқты орында» деген жинақты сынауды ұсынады; Лениннің өзі В. Черновтың мақаласын сынамақшы екенін айтады, Плехановқа С. Н. Южаковтың және М. Рафаиловтың мақалаларын сынауға кеңес береді.
6(19) апрель.	К.-Я. Брантингке (швед с.-д. партиясының органы — «Social-Demokraten»-нің редакторына) жазған хатында «Заря» редакциясының атынан Ленин мынаны: Финляндиядағы саяси жағдай жөнінде, патша самодержавиесінің озбырлығына қарсы финндердің күресі жөнінде «Заря» мен «Искра» үшін әдеби материалдар алып тұру мақсатында швед және финн социал-демократтарымен байланыс орнатуға көмектесуді сұрайды.

8(21) апрель.	Ленин таяу уақыт ішінде «Искра» мен «Заря» редакциясының кеңесін өткізу қажеттігі туралы Г. В. Плехановқа хат жазады.
12(25) апрель.	Ленин «Еңбекті азат ету» тобына шетелдегі революцияшыл орыс социал-демократиялық ұйымдарын «Революциялық орыс социал-демократиясының шетелдік лигасына» біріктірудің жоспарын ұсынады.
14(27) апрель.	Ленин «Искраның» агенті Л. Н. Радченкоға жазған хатында оған ««Искраның» орыстық ұйымының неғұрлым көп адамдар мен орындарды қамтуына» бағытталған «Искраның» шетелдегі тобының жұмысы жөнінде хабарлайды, сондай-ақ нақ қазіргі кезеңде РСДРП-ның II съезін шақырудың тиімді еместігін айтады, съезді шақыруға «Рабочее Дело» «Искра» ұйымынан бөлек өз бетімен әрекет жасаған болатын.
Апрельдің ортасы.	Мюнхенге Н. К. Крупская келеді.
	Ленин С. И. Радченкоға жазған хатында Бірінші майға арналған екі листоктің — «Искра» листогінің және «Бірінші май» листогінің жарыққа шыққанын хабарлайды; соңғы «Бірінші май» листогін «Искра» редакциясы бірнеше оңтүстік комитеттерінің атынан, сондай-ақ «Южный рабочий» ұйымы мен «Искраның» атынан шығарған болатын. Ленин Берлиндегі М. Г. Вечесловқа жазған хатында Бірінші май листоктері салынған чемоданды Петербургке (Псков арқылы) жөнелтуі жайында нұсқау береді.
19 апрель (2 май).	«Искраның» үшінші номері шығады, онда Лениннің «Жұмысшы партиясы және шаруалар» деген мақаласы басылады.
24 және 29 апрель (7 және 12 май) аралығында.	Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясының кеңесіне қатынасады, бұл кеңесте «Заря» журналының 2—3-номерінің мазмұны, «Революциялық орыс социал-демократиясының шетелдік лигасын» ұйымдастырудың Ленин ұсынған жоспары және ол ұйымның үлгі уставы, сондай-ақ шетелдегі барлық орыс со-

циал-демократиялық ұйымдарын біріктіру жөніндегі «Күрес» тобының ұсынысы талқыланады.

29 апрель (12 май). «Күрес» тобына жазған хатында Ленин «Искра» редакциясының атынан Россия социал-демократиясының шетелдік ұйымдарын біріктіру жөніндегі келіссөздерді жалғастыруға және барлық социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің алдын-ала өтетін конференциясын шақыруға келісім береді.

МАЗМҰНЫ

1900 ж.

1901 ж.

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді. *Ред.*

СУРЕТТЕР

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.

Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1974.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 4. 1898 — апрель 1901.
604 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Н. И. Крутикова және *С. Ф. Буточникова*,
сонымен бірге *И. М. Бутулова* да қатысты.

Редакторлар: *К. А. Остроухова* және *В. Я. Зевин*

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Т. М. Зеленов

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. Д. Шахновская

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 29/XI 1973 г. Подписано к печати 15/VIII 1974 г.
Формат 84×108¹/₃₂— 19,5+ 4 вклейки 1 печ. лист=33,6 усл. п. л.
(31,3 уч.-изд. л.). Бумага тип. № 1. Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан, г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 75. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного
комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии
и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.